

Ақселеу
Сейдімбек

ҚАЗАҚ ӘЛСІМІ

Этномадени пайындау



Ақселеу Сейгімбек

ҚАЗАҚ ӘЛЕМІ

Этномәдени пайымдау



АЛМАТЫ «САНАТ» 1997

ББК 63.5 (5 каз) я 72
С 31

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ
ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ, МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ —
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Сейдімбек А.

С 31 Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құра-
лы.— Алматы, „Санат“ 1997.—464 бет.
ISBN 5-7090-0312-3

Ақселеу Сейдімбек қазақтың этникалық мәдениетіне, фольклоры мен этнографиясына ден қоя зерттеп жүрген белгілі қаламгер-ғалым. Оның қаламынан туған „Күңгір-күңгір күмбездер“, „Сонар“, „Мың бір маржан“, „Күй шежіре“ атты кітаптары оқырман қауымның ықылас-ілтпатына бөленген еңбектер. Автор „Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау“ атты жаңа кітабында өзіне етене тақырыпты одан әрі өрбіте отырып, қазақтың дәстүрлі мәдениетіне, фольклоры мен этнографиясына қатысты соны пайымдаулар жасаған.

Кітап студенттерге, қазақ тарихы мен мәдениетіне ықылас қойып жүрген мамандарға, оқырман көпшілікке арналған.

С ~~4702250000 - 037~~ 38 — 07
~~416 (05) - 97~~

БББ 63.5 (5 каз) я 72

ISBN 5-7090-0312-3

© Сейдімбек Ақселеу, 1997

СОНАРЛАУ

Айтар ойдың орамын кейде бейнелі сөз, бедерлі теңеу арқылы жеткізуге де болады.

Қазақ тілінде „сонар” деген сөз бар. Жаңа жауған, аязға ілігіп, қата қоймаған қар осылай аталады. Сонарда жортқан аңның ізі қарға мөрдей болып түседі де, көзі қарақты кісіге сол ізді қалдырған қандай аң екенін, оның бағыт-бағдарын, тіптен мінез-бітімі мен жыныс-тегіне дейін әйгілеп жатады.

Аңшы-саятшылар сонарды үшке бөледі. Бірінші, ұзақ сонар — жауған қар іңірде немесе түн ортасы ауа тоқтайды да, таң атқанша жортқан аңның ізі ұзап үлгереді. Сондықтан ұзақ сонар дейді. Мұндай іздің ұшығына шығып, аңның бойын көру мейлінше қиын. Бірақ, қиын да болса тәуекел етіп тер төгіп, олжалы оралатын аңшылар болады. Екінші, келте сонар — жауған қар таң алдында тоқтайды да, алакөбеден аттанған аңшы жортқан аңның ұзай қоймаған, келте ізіне тап болады. Жан қинамай қанжыға майлайды. Үшінші, қан сонар — аңшының армандап, тықырши күтетіні де осы. Қан сонарда қар күміс ұлла шашқандай қылаулап тұрады. Мұндайда аңшы алдынан кезіккен із мөлдіреп, аңның қашан жүріп өткенін, қайда бет түзегенін, мінез-бітімін, жыныс-тегін әйгілеп жатады. Қан сонарда кезіккен ізге қарап дұрыс болжам жасап, белгілі бір әрекетке көшу үшін кәнігі аңшылар пәлендей қиналмайды.

Осы бір, қысқа-қайырым этнографиялық мысал этностың (халықтың) рухани болмысы мен таным зердесін пайымдауға дәнекер болғандай. Халықтың рухани әлемі де шимайлы ізге толы сонар секілді. Оның да ұзақ сонары, келте сонары немесе қан сонары бар. Уақыт арасы ұзаған сайын, ұзақ сонардағы із сияқты, халық болмысының да байыбын бажайлау қиындай береді. Сорабы үзілген шұбырынды із былай тұрсын, аңшының көзі қарақты болмаса иегінің астында моншақтай тізіліп жатқан іздің өзі қайдан шығып, қайда бара жатқанын білдіртпей дал

қылады. Осы орайда, қилы-қилы заманның бораны мен бұрқағын, сырмасы мен борасынын бастан өткерген рухани шежірелердің қадыр-қасиетін тануда зерделі зерттеуші сол шимайлы шиырдың сырын білетін қапысыз саятшыны елестететіндей. Зерттеуші-саятшы, сөз жоқ, сонардың үш түрімен де (ұзақ сонар, келте сонар, қан сонар) беттеседі. Жай беттесіп қою емес, соның үшеуін де жазбай танып, төл қасиеттерін тамыршыдай тап басып, дұрыс тұжырым жасай білуге міндетті де.

Бұл орайда, тарихтың тұңғыш тереңінен бастауы алатын рухани үрдістер ұзақ сонарды елестетеді. Халықтың тарихи болмысына бойлай сүңгіген ұзақ сонардағы іздің ұшығына оңайлықпен шыға алмайсың. Бұл орайда мәдениет пен өнер, салт пен дәстүр, парасат пен кісілік, тіл мен таным, ұлттық психология т. б. туралы алыс кезеңнің деректері ұзақ сонардың ізіндегі бұлдырап, бастауын танытпай, барар жерін болжатпай әлек етеді. Бастауы мен барар бағытын білген соң, бітімі мен болмысын, парқы мен нарқын білу қажет. Өйткені, алтайы қызыл дегенің өлі жүні түспеген қарсақ болуы немесе асыл өнер дегенің жүрегіндегі тоздырып, жаныңды аздыратын әсіре қызыл даңғаза болуы мүмкін. Алайда, кәнігі зерттеуші-саятшы сонар бетіндегі ізге үңілуін сонда да қоймайды. білмекке құмарлық, мәдени-рухани текті (гене-зис) тануға деген іңкәрлік тыным таптырмайды.

Ал енді, келте сонарға келсек, ұзақ сонардай емес, әрі-бері жорттып, мойын созса, қашқан аңның қарасын көруге болады. Яғни, халықтың рухани болмысынан нобай-нышаңдарды емес, нақтылы айғақтарды танудың мүмкіндіктері бар. Ізі суып үлгермеген тарихи оқиғалар, сараланған өнер түрлері, орныққан салт-дәстүрлер, парасат-кісіліктер, талғам-танымдар көз алдында өтіп жатады. Зерттеуші-саятшыны бұл жағдай әсте бейтарап қалдырмайды. Бірақ, құр ынтығып, тамсану зерттеушіге де, саятшыға да жараспайды. Сондықтан, жортқан аңды өкшелей қуып жету бар — зерттеушінің шұқшия зерттеп тануы деген сол; олжаны қарға соғып, сүйсіне сілкіп, ләззатқа бату бар — зерттеуші танымының әрекет-тұжырымға айналуы деген сол...

Қан сонардың жөні бөлектеу. Көз алдында көлбең еткен қызыл түлкі саятшының дегбірін алып, соңынан ілестіріп жөнеледі. Мұндайда саятшы келесі бір бұрылыста қандай күй кешерін біле бермеуі мүмкін. Дәл сол сияқты, зерттеуші де халық болмысына енді сырттай қарай алмайды, сол құбылыстың бір бөлшегі сияқты ор-

тасында жүреді. Халықтың мың сан көріністегі өмір тіршілігімен бірге тыныстап, нағыз қан сонар қиқудың арасында келе жатады.

Халық болмысының өткенін, бүгінін және болашағын біртұтас құбылыс ретінде қарағанда ғана шындықтың шоқтығына қол тигізуге болады. Халық — біртұтас феномен. Оның шынайы болмыс-бітімі сол тұтас қалпында қарастыру арқылы танылады.

Яғни, халық болмысының ұзақ сонары, келте сонары, қан сонары болғанымен мұның үшеуі де сол халықтың біртұтас ғұмырнамасы. Өмірдің сабақтастығы дейтін құдірет — осы. Бұл сабақтастықты терең сезіне отырып, қайдан шыққаныңды, қай өрістерді шиырлап жүргеніңді, енді қайда баратыныңды пайымдауға болады.

Ой-ниет осылай өрбіген соң, өзінен-өзі еңбектің „тарихшылдығы“ (историзм) басым болмақ. Мұның өзі белгілі дәрежеде, оқырман үшін де сын. Себебі, тарих туралы айтылар ойдың парқын бажайлау үшін жалаң деректерді білу жеткіліксіз. Сонымен бірге, сол деректер туралы әр кезде айтылған ой-тұжырымдардан (концепция) да хабардар болу қажет. Онсыз кез келген тарих туралы еңбек өзінен-өзі белгілі оқиғалар мен хронологиялық деректерді қайталау сияқты болып көрінеді. Әрине, гәп белгілі бір тарихи оқиғалар мен хронологиялық деректердің қайталануында емес, сол белгілі деректерден әрбір зерттеушінің өзінше ой-тұжырым жасай білуінде болса керек. Бұл тұрғыдан келгенде, өмірдің тарихы мен танымның тарихының қадыр-қасиеті ойлай білетіндер үшін бірдей қымбат.

Бұған қоса, еңбектің бітім-қасиеті де белгілі бір жанрлық үлгінің аясына сия бермейтінін айтқан жөн. Көңілдегі көрікті ой жанрдың қадыр-қасиетін орнықтыру үшін жазылмайды, керісінше сол ой-толғамның жосығы жаңаша жанрлық үлгіні дүниеге әкелуі бек мүмкін.



ҰЗАҚ БОНАР

I тарау. ӨТКЕННІҢ БӘРІ — ӨМІРБАЯН

1. **ТАРИХҚА КӨЗҚАРАС.** Қазақ халқы осы уақытқа дейін, дәлірек айтқанда, XVIII, XIX, XX ғасырлардың ұзына бойында тарихқа империялық Ресейдің көзімен қарап келгеніне мән бере бермейді. Осы уақытқа дейін қазақ халқы оқыған адамзат тарихының парқы мен нарқы негізінен тоталитарлық системаның идеологиясы тұрғысынан жазылып келді. Бүгінгі ұрпақ сол талғам-танымнан тәрбие алып өскен. Қазіргі жер басып жүрген қазақтар Батыстан Шығысқа қарай аттанғандардың бәрін ұлы қолбасшылар ретінде танып, олардың үрім-бұтақ зәузатына дейін жаттап өсті. Ал, Шығыстан Батысқа қарай жорық жасағандар шетінен жабайылар, қанішерлер ретінде санаға сіңді. Мүйізі қарағайдай Ескендір Зұлқарнайынның (Александр Македонский) Шығысты бетке алғанда 30-ақ мың жаяу әскерінің, 5-ақ мың атты әскерінің болғанына, ал Күлтегін Батысты бетке алғанда мұздай құрсаңған 600 мың атты әскерінің болғанына тым болмаса тарихи салғастыру тұрғысында мән беріліп көрді ме екен?! Ескендірдің билік құрған аймақтары негізінен Азия құрлығының Жерорта теңізіне шектес шалғайлары ғана болса, оның өзі патшасы көз жұмған күні-ақ быжтыж болған еді. Ал, түркінің Тәңірі тектес қағандары Қытай қорғанынан бастап Жерорта теңізіне дейінгі аралықта бірнеше ғасырлар бойы қағанаттың асығын алшысынан түсіріп, түркі тілдес халықтардың біртұтас этникалық мәдениетін орнықтырды. Күні бүгінге дейін араларын 8—10 мың шақырымдық құрлықтар бөліп жатқан Шынжаң қазақтары мен Анадолы түріктерінің аудармасыз түсінісетіні сондықтан. Әрине, әділдікке дес берер болса, үш мың жыл бойы салтанат құрған салт атты көшпелілер әлемі адамзат тарихының ортақ шежіресі ретінде танылуға тиіс. Өкінішке орай, олай болмай келеді. Сайып келгенде, мұның өзі жалпы адамзаттық дамудың

тарихына объективті ғылыми тұжырымдар жасауға нұқсан келтіруде. Сөз жоқ, оның зардабы әділдік сүйетіндер мен әділ ойлай білетіндердің бәріне ортақ.

Тағыда мысалдарға жүгінейік. Бүгінгі ұрпақ көзін тырнап ашқаннан бері Америка үндістерін қанға бөктіріп, ғажайып мәдениетін мүлде жойып жіберген конкистадорларды „Американы ашушылар“ деп келді. Немесе, Ресейдің отаршыл саясатына қолшоқпар болғандарды шетінен „Орта Азияны жабайылықтан құтқарушылар“, „Сібірдің қараңғылығын нұрландырушылар“ деп оқытты. Дәл осылай ортаазиялықтардың, сібірліктердің бірнеше ұрпағы өз бабаларын өздері тілдеуге, өз аталарын өздері қорлауға мәжбүр болды. Өйткені, дүниеге тек қана әрісі еуропалықтардың, берісі империялық Ресейдің көзімен қарау өмір заңы еді. Ең сұмдығы, мұндай сорақылық тек қана тарих пәнінің еншісі болып қойған жоқ. Сонымен бірге көркем әдебиет, кино, театр, бейнелеу өнері сияқты рухани өрістердің баршасына улы тамырын жая орнықты.

Әрине, империялық кеудемсоқтықтың ғұмырының қысқа екенін, түптің түбінде объективті ғылыми ақиқаттың салтанат құратынын көңілге жұбаныш етуге болар. Бірақ, қаншама ұрпақтың санасы уланды, қаншама ұрпақ әлі де рухаи жарымжан десеңізші!

Сананың улануы дегеннен шығады, қарапайым топонимдерге ден қойып көріңіз. Әбден орныққан „Жерорта теңізі“ „Таяу Шығыс“, „Орал сырты“ „Еділдің арғы жағы“ „Каспийдің арғы жағы“ деген жүздеген географиялық атаулар бар. Рас, топонимдерде белгілі дәрежеде шарттылық болады. Алайда, бірінші кезекте кім-кімге де танымдық мәні қымбат, танымның объективтілігі шарт. Бұл тұрғыда, жаңағы топонимдердің танымдық мәні салыстырмалы түрде ғана дұрыс екенін аңғару қиын емес. Тек байырғы Грекия тұрғындары ғана емес, кез келген адам өзі басып тұрған мекенді „жердің ортасы“ десе қателеспес еді. Немесе, „Таяу Шығыс“ таяу болса еуропалықтарға таяу. Ал, Қиыр Шығыстағылар үшін ит өлген жер. Сондай-ақ, „Орал сырты“, „Еділдің арғы жағы“, „Каспийдің арғы жағы“ деген атаулар да еуропалықтардың бағдарлауы бойынша ғана дұрыс. Бергі жақтағылар үшін рухани қиянат. Яғни, адамзатқа ортақ болуға тиісті ақиқат пен таным өзінің объективтілігінен айырылып, тек қана еуропалықтарша ойлаудың немесе елестетудің сойылын соғып отыр. Мұның өзі сайып келгенде, ақиқаттың монополиялануы ғана емес, сонымен бірге ақиқаттың жартыкештенуі де.

Мұндай құбылыс еш уақытта өзімен өзі бола алмайды. Бір сәт елестетіп көруге болады: егер сол ақиқатқа деген монополиялық өктемдік төсіңе өрлеп, басыңа шықса; саған ойлау хұқын бұйыртпай, тек қана орындау хұқын бұйыртса; тек қана „мен жазған ішірткіні рухани дәру ет“ десе; Батысқа ұқсаған бір жерің болса іске татып, ұқсамағанның бәрі жабайылықтың айғағы ретінде миыңа құйылса... Міне, осындай сұмдықтан кейін не болар еді?! Не болатынын бір ұлт білсе, қазақ білуге тиіс. Түптеп келгенде, этникалық мәңгүрттенудің тетігі де осылар. Нәтижесінде, мұндай этностың әрбір субъектісі екі ұдай сезімде болып, мәңгілік өз жүрегі өзіне шабуыл жасаумен ғұмыр кешеді. Оның емі — рухани азаттық және рухани жаңғыру. Ұлт үшін азаттық дегеніміз — өз еңбегінің өзіне бұйырып, өз жүрегіндегіні жасқанбай айта алуы. Өзгенің сені түсінбегені — жаман, ал өзіңді өзің түсінбегенің — қасірет. Бұрынырақта „Өзіңді өзің сыйласаң — жат жаныңнан түңілер“ дейтін еді. Енді „Өзіңді өзің түсінсең, — жат жаныңнан түңілер“ десе тарихтың сұранымына сай келетіндей. Қазақ тіліндегі ғылыми кітаптар әлі күнге: „Қазақтар көшпелі тұрмыспен, мал шаруашылығымен шұғылданады... деп санаған Россия ғалымдары“ деген сөйлемдермен басталады. Ау, сонда, Ресей ғалымдары олай айтпаса, көшпелі өмір салтта болғанымызды білмес пе едік?! Әрине, білеміз. Бірақ, қарапайым ақиқаттың өзін өз атымен айтуға ыңғайсызданатын психология қия бастырмай тұр ғой. Тәннің емес, жанның, дәлірек айтқанда, сананың құлдығы деген осы.

Ал, сырт көздің ұлттық қасиетті — ұлттық дүниетанымды, ұлттық эстетиканы, ұлттық мораль мен этиканы, ұлттық дәстүрді біле бермейтіні өз алдына, ең мәндісі, сырт көздің таным мен талғам үлгісі бөлек болады. Ғылымның айнымас қағидасы бар, кез келген ғылыми тұжырым ең алдымен зерттеп отырған объектісіне саймаса (аналог) болуы керек. Онсыз, домбырам не дейді, мен не дейміннің кебін кию оп-оңай. Ондай кептен, әсіресе, гуманитария саласындағы ой-жосықтың ажырамай келе жатқанына үш-төрт ұрпақтың санасы куә.

Әрине, ойдың ұзын-ұрғасы дұрыс түсінілуге тиіс. Мәселе, өзгенің ғылыми ізденісін тәрк етіп, шынайы ғылыми ойдың адамзатқа ортақ игіліктеріне сырт бергендік емес. Әсте! Әңгіме таным-түсініктің объектіге аналог болуына қатысты. Бұл принцип, әсіресе, этнологияда айрықша шамшыл, „Әрбір этностың өзіндік ішкі құрылымы және өзіндік қайталанбас қасиет-бітімі болады“

(Л. Н. Гумилев). Жұмыр жердің бетіндегі жалпы адамзаттық мәні бар этикалық қалыптарды (норма), моральдық қасиеттерді, рухани мұраларды бағалау үшін бір ғана жұмыр басты пенде былай тұрсын, тұтас бір елдің талғам-түсінігі еш уақытта бедел бола алмайды. Нағыз ұлт болып қалыптасқан елдің өмір салтынан бастап, рухани болмысына дейін төлтума (самобытный) қасиетімен дараланады. Яғни, нағыз мәдениет ешкімді қайталамайды, ешкімге еліктемейді. Еліктеудің шын аты — қайталау. Рухани сұғанақ (плагиат) болған ел, біріншіден, өзінің болашағынан айырылса, екіншіден, өзгенің асылын малшылайды.

Адамзат баласы мәдениеттердің әртүрлілігімен және әртектілігімен бай. Ендігі жерде адамзат баласын жаңа биікке көтеретін таным мен талғам — мәдениеттердің әртектілігі үшін мақтанатын сезім болу керек.

Сөз жоқ, қазақ халқының да ғасырлар қойнауынан бастау алатын тек-тамыры, мәдени-руани болмысы жалпы адамзаттық тарихтың, жалпы адамзаттық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Осы орайда, Орта және Орталық Азия тарихының өзіндік түйінді мәселелерінің бар екенін айта кеткен жөн. Әсіресе, этникалық тарихы зерттелген сайын түйінін шештірудің орнына шиеленісіп бара жатқан сияқты.

Неге осы уақытқа дейін Шығысында Сарыөзен (Хуанхэ), батысында Жерорта теңізі — осынау байтақ аралықтағы түркі тілінде сөйлейтін отыз шақты халық бірін-бірі аудармашысыз түсінеді? Осынау отыз шақты халықтың Түркі Қағанатынан (VI—VIII ғғ.) кейін басының бірікпегені белгілі ғой. Сонда осы халықтар мың жарым жыл оқшаулықты бастан кеше отырып, этникалық тектестігін тілінде, дәстүрінде, наным-сенімінде, символдық (нысандық) белгілерінде сақтап қалу үшін Түркі Қағанатының арғы жағында қанша уақыт тұтастықта ғұмыр кешу керек еді? Немесе, топонимдерге ден қойып көруге болады. Неге жаңаша жыл санауға дейін Еуразияның батысындағы Кипр аралы „Алаш“ деп, шығысындағы Тибет алабы „Түбіт“ деп аталды? Неге Кавказ төңірегіндегі үш өзен бірдей „Қазақ“ деп аталса, Қазақ даласында „Аспара“ (Аспарух) деген тау мен өзен кездеседі? „Қазақ“ демекші, Тубаның өлкетану музейінде тұрған сынтастағы „қазақ қызы“ деген рун жазуында не мән бар? Неге парсының ұлы ақыны Фирдоуси туындысында, Ұрым (Византия) императоры Константин Порфиродный жазбасында (X ғ.) Шыңғыс ханның „Құпия шежіресінде“ (XIII ғ.), Орыс жылнамасында (968 ж.)

„қазақ“ „қазахия“ „қазақы арба“, „косоғ“ деген этнонимді көрсек те көрмеген боламыз? Неге, біздің жыл санауымызға дейінгі II ғасырда белгілі болған үйсін, қаңлы руларын бүгінгі үйсін, қаңлылармен жан-жақты шендестіріп зерттеп көрмеске? Неге, Байкал төңірегінде, Монғолия жерінде „Беріш“, „Шеркеш“, „Алшын“, „Кете“, „Арғын“, деп аталатын өзен-көлдер бар? Тіптен, қазақтың әйгілі „Мұңлық-Зарлық“ қисасын Байкал маңындағы халықтар бүгінгі таңда айтпаса да, сол өңірдегі екі шыңның Мұңлық, зарлық деп аталуы қалай?

Иә болмаса, түркілік этнонимдердің бір парасына ғана назар аударып көрелік. Сонау алыс замандағы, Түркі Қағанаты кезінде-ақ, әр елдің жазбаларында әр түрлі үндестікте хатқа түскен рулар: адьенің — адай, алишенің — алаша, байырқудың — байұлы, берчтің — беріш, кидариттің — кердері, сығыйенің — ыст, танның — тана, теленің — телеу, тобаның — табын, чикидің — шекті, чумугунның — шөмекей, хитаның — кете сияқты қазақ руларын еске түсіретін үндестігіне неге назар аудармасқа? „Халықтық этимология ғой!“ деп, миықтан күліп ысыра салу оңайдың оңайы. Ал, біреу емес, екеу емес, ондаған үндестік-ұқсастықпен беттескенде елемеу ғылымның көсегесін көгерте қояр ма екен? Оның үстіне әлгі келтірген түркі руларының атаулары түркілік дыбыстардан жүрдай болып, жатжұрттық дыбыстар мен әріптердің мүмкіндігінде хатқа түскенін ескерсек, көп жайды белден басып, төспен қағып жүргеніміз байқалмай ма? Қазақ тіліндегі „жуанымсу“, „тоба“, „әлімсақтан бері“, „бесенеден белгілі“ „сақпанның оғындай“ „сақадай сай“ деп келетін тұрақты сөз тіркестері исі түркі тарихындағы „жуан-жуан“, „тоба“, „әлім“, „сақ“ „печенег“ сияқты рутайпаларды еске түсірмей ме? Сол сияқты, бүгінгі тіліміздегі „шат-шадыман“ „шанию“ „хан“, „қара“, „би“ „төре“, „қатын-қалаш“, „тұтқа“, „бұйрық“, „бек“, „жабғы“ „құл“, „күң“ деп келетін сөздердің Түркі Қағанаты кезінде атақ-лауазымды, әлеуметтік орынды білдіретінін бүгінгі ұрпақ қай деңгейде бажайлай алып жүр?

Ал, салт-дәстүрдегі, наным-сенідегі, зат-бұйымдардағы екі-үш мың жылдың ұзына бойында өзгермей сабақтасқан тектестікті қалай түсіндіруге болады? Пазырық қорғанынан (б. з. д. V ғ.) табылған мүліктерді көргенде өз әке-шешеміз тұтынған ер-тұрманды, тоқымды, текеметті көргендей толқитынымыз өтірік пе? Яғни, рухани және материалдық мәдениетті диахронды-типологиялық зерде-

мен тану қай деңгейде? Қытай, араб, иран, грек жазбаларында Еуразияның Ұлы Даласы сөз болуы-ақ мұң екен, ондағы жұрттың ең басты белгісі ретінде киіз үй тігіп, қымыз ішіп, көшіп-қонып жүретінін алдымен баяндай жөнеледі. Егер осынау шаруашылық-мәдени сүлесі (типі) сақталып қалған, тіптен бір кездері сондай шаруашылық-мәдени сүлесін бастан кешкен жер бетінде түркі халықтарынан басқа халық болса бір сәрі, сонда „олар бүгінгі түркі тілдес халықтар емес еді“ деген кеудемсоқ тұжырым кімге керек?

Батыс пен Шығыстың жазба деректерін айтамыз-ау, қазақтың аузын ашса, ақтарылған ас та төк бай фольклоры, біле білсек, ең алдымен тарихи дерек көзі ретінде қанағаттанарлық деңгейде зерттеліп отыр ма? Неге, қазақтың ең бай циклды қыса-дастандары „Қырымның қырық батыры“ немесе „Ноғайлы жыры“ деп аталады? Неге, дана Қорқыттың есімін иісі түркі халықтары өздерінің рухани әкесіндей қастерлеп, ұрпақтан-ұрпақтың құлағына құйып келе жатыр? Неге, башқұрт пен қазақ арасында отызға тарта қыса-дастандар ортақ? Неге осы кезге дейін Орта Азия мен Қазақстандағы, Кавказ бен Азау (Азов) маңындағы түркі тілдес халықтардың біразы өздерінің деректі әдебиетін Асанқайғы (XV ғ.), Қазтуғаннан (XV ғ.) бастайды? Неге, әйгілі „Манас“ эпосында исі түркі халықтарына ортақ батырлар негізгі кейіпкерлер болып жүр? Ал, „Қорқыт“, „Ақсақ құлан“, „Ел айрылған“ сияқты күйлердің қазақта да, қырғызда да, қарақалпақта да, түркіменде де тартылатынын бүгінгі ұрпаққа қалай түсіндіріп беруге болар еді?..

Қазір ғой, дүниежүзілік рухани үрдісте „Латын Америкасының әдебиеті“, „Африка өнері“, „Еуропа мәдениеті“ деген эстетикалық категориялардың орныққаны белгілі. Жәнеден мұның өзі бірнеше ұлттардың материалдық және рухани мәдениетін жинақтап көрсететін құбылыс ретінде қабылданады. Ал, дүние дидарында түркі тілдес халықтар бар екенін мойындай отырып, олардың тіліндегі, дәстүріндегі, наным-сенімдеріндегі, мәдени-рухани үрдістеріндегі тарихи тектестікті ғана емес, қазіргі сабақтастығын көріп-біле отырып, тұтастықта тани алмауға не жорық? Түркілік мәдениет әлдекімнің қалап-қолдауын немесе мүсіркеуін қажет ете ме? Ол — тарихи бар ақиқат емес пе? Тарихи ақиқат құбылысты кемел ғылыми зерде ғана жеріне жеткізе тани алса керек. Өкінішке орай, әзірше әрісі шығыстануда, берісі түркологияда шешімін күткен проблемалар шаш етекпен.

Әрбір ұлтты даралық қадыр-қасиетімен өркендетудің орынына, ондаған ұлттар мен ұлыстарды бір ғана саяси-идеологиялық қалыпқа қуып тыққан тоталитарлық социалистік система үшін жеке ұлттардың тек-тамырына үңілудің қажеті де болмады. Көптеген ұлттар өздерінің этногенетикалық тек-тамырынан көз жазып, сырттан зорлап таңылған „бұрынғы жабайы жұрт“ „бұрығы ру-тайпалық тобыр“ „бұрын ұлт болып қалыптаспаған“ деп келетін теориясымақты өздерінің өмірбаяндық қасиеті ретінде жатқа айтуға мәжбүр болды. Бұл сияқты идеологиялық өктемдіктің зардабын әсіресе түркі тілдес халықтар қатты тартты. Себебі, түркі тілдес халықтардың бір кездегі этногенездік, саяси-әлеуметтік және рухани тұтастығын мойындау деген сөз, түптеп келгенде Еуразия құрлығындағы мыңдаған жылдық тарихы бар ұлы мәдениетті мойындау болар еді. Мұның өзі ең алдымен түркілік тұтастықты ұрпақтар санасында жаңғыртып, сонан соң социалистік системаның тірегі болып келген панславяндық гегемондықты әлсірететін ой-тұжырым еді. Соңдықтан да, мұндай ой-тұжырымға барар жолдың бәріне тосқауылдар қойылып отырды. Бір ғана түркология тағдырына ден қойып көруге болады. XIX ғасырдың өзінде-ақ әлемдік ауқымда жетекші орынды еншілеп үлгерген Ресейдегі түркология XX ғасырдың ортасына қарай ғылыми ақиқатқа жетуден гөрі социалистік идеологияның қызметшісі болуға көбірек бой алдырғанын аңғаруға болады. Бұл орайда түркі тілдес халықтардың тарихи-мәдени болмысын біртұтас құбылыс ретінде қарастырмай, бөлшектеп зерттеуге баса ден қойған идеологияшыл методологияны алдымен айтуға болады. Мұндай тенденция біртұтас түркілік мәдениеттің болғанын, қазір де бар екенін жоққа шығарып қана қойған жоқ, сонымен бірге объективті ақиқатқа жетудің ғылыми тәсілін тұйыққа тіреді. Мұның өзі түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасын бөлшектеуге немесе сол ортақ мұраны жатсынуға себепші болды. Аз ғана уақыт аясында түркологтар қатары қанша өссе, түркі тілдес халықтардың тарихы мен мәдениетіне қатысты кереғар тұжырымдар сонша молая түсті. Нәтижесінде советтік түркология шындыққа жетуден гөрі, шындықты күрделендіруге көбірек ықпал етті. Тек қана шындықтың күрделенуі емес, ғылымдағы кереғар тұжырымдардың көбейуі бара-бара әрбір түркі тілдес ұлттардың өз „түркологиясын“ қалыптастырып, түркі тілдес ұлттардың арасын алшақтата түсті. Сөйтіп, бір кездегі айырмашылығынан гөрі тектестігі басым, жатығынан

гөрі жақындығы басым түркі тілдес халықтар соңғы бірер ұрпақтың көз алдында түпкі тұтастығын тану арқылы ғана даралығын тануға болатын мүмкіндіктерін әлсіретіп алды. Бұл жағдайды түркі тілдес халықтардың бүгінгі таңдағы дифференцияланған тарихынан, фольклорлық мұрасынан, алфавит қалыптастыру және термин жасау үрдістерінен айқын аңғаруға болады. Осы орайда Г. Сельенің сөзі еске түседі: „егер, тышқанның неменеге ұқсас екенін білу үшін әрбір клеткасын микроскоппен қарайтын болсаңыз, оны еш уақытта тани алмайсыз. Дәл сол сияқты, әрбір тасын химиялық анализден өткізу арқылы готика ғибадатханасының таңғажайып бітімін танып-білуіңіз де мүмкін емес“ депті. Ендеше, түркі тілдес халықтардың этногенезін комплексті тұтастықта қарамай тұрып, бүгінгі өз алдына жеке-жеке отау тігіп шыққан түркі тілдес халықтардың тарихи тұлғасын тану мүмкін емес. Өкінішке орай күні бүгінге дейін түркі тілдес халықтардың этногенезін зерттеу жаңағы готика ғибадатханасының бөлшек-тенген жайын еске салады.

Сөз жоқ, мұндай үрдіс исі түркілік мәдениеттің біртұтас тарихи құбылыс екенін көмескілеп, оны тереңдете тану жолында салқынын тигізіп келеді. Әрине, ақиқатқа дес берер болсақ, бүгінгі түркі тілдес ұлттардың мәдени-рухани тек-тамыры түркілік тұтастыққа ұласып, мұның өзі ғылыми-методологиялық аксиома ретінде қарастырылуы керек. Онсыз тарихи ақиқаттың бетіне тура қарай алмаймыз.

Әрине, ұлттың мәдени-рухани әлемі мейлінше кең ұғым, өмірдің барлық саласымен сабақтас. Бұл ретте империялық саясат қалыптастырған тарихи санамыздағы методологиялық қайшылықты атап өтпей болмайды. Олар мыналар: біртұтас халықты бірнеше жікке бөліп, үй ішінен үй тіктіріп, өзімен өзін қырқыстырған таптық көзқарас ой-тұжырымының өмір шыңдығына аналог еместігі; жұмысшы табына әлеуметтік ақсүйектікті қолдан бұйыртып, шаруа мен интеллигенцияға қарсы қоюшылық; тарих пен идеологияға біртұтас құбылыс ретінде қарау; тарих дегеніміз өткенге мойын бұрған саясат деп келетін тезистер; адамзат баласының дамуына қатысты экономикалық фактордан басқасының бәрін тәрк ету немесе оларға сау-сақ сыртынан қарау; объективті ақиқатқа коммунистік партиялықты қарсы қою; ең соңында, Еуразиядағы түркі халықтарының тарихын біртұтас құбылыс ретінде және әлемдік тарихтың бір бөлшегі ретінде қарастырмау, сол арқылы жалпы түркілік мәдениетті тәрк ету...

Тарихи таным-түсінікке қатысты осынау методологиялық қайшылықтар біздің санамызға өмір шындығын көп ретте кері мағнасында орнықтырып отырды. Дәлірек айтқанда, тарихтың объективті шындығы империялық саясаттың сойылын соға бұрмалап, нәтижесінде бодандықтағы ұлттар өз тарихын жатсынуға, өзінің өткенінен жиренуге мәжбүр болды. Қазақ сияқты бодандықтың бұғауында болған ұлттар тарихи даму үрдісіндегі өзінің ақиқат болмысын парықтау қабілетінен айрылып, сапалық сұрыпталу мен жетіліп отыру қабілеті жансызданды. Асылын аяқ асты етіп, жасыққа малданатын, жатқа жалтақтайтын болды. Бұл дегеніңіз, этникалық таным мен талғамның дертті болуы, яғни сапасыздануы еді.

Әрине, таным жолы қашанда даңғыл болмаған. Алайда, бұл жолдағы талпыныс атаулы ақиқат шындықты нысана етуден айныған емес. Осы орайда, бір шындықтың басы ашық. Ол — адамзат баласының барша болмысы өткен өмірдің аясында қалыптасатыны. Қазіргі дегеніміз қасқағым сәт, оның өзі іле-шала өткенге айналып үлгереді. Ал, болашақ туралы ой-аңсарымыз үміт пен қиялдан ғана тұрады. Соңдықтан да, не болары белгісіз болашақ туралы сөз қозғау жай ғана болжам болып шығады. Демек, адамзат әулетінің барша болмысы өткеннен тұрады, барша шындық өткен өмірдің өн бойында шашылып жатыр. Яғни, өмір шындығы туралы әңгіме өзінен-өзі өткен өмірге қатысты, тарих туралы әңгіме болып шығады.

2. ШОЛУ. Еуразия жапсарында керіліп жатқан Ұлы Даланың өзіндік терең тарихы бар. Ол тарих әрісі жұмыр Жердің, берісі адамзат әулетінің шежірелі тарихымен шендесіп жатыр. Сол шежіреге ден қойсақ, жалпы адамзаттық дамудың ширағырақ ілгерілеуіне далалықтар ықпалының аз болмағанын көреміз.

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы қиян дәуірлер шежіресі тек қана археологиялық деректер арқылы тіл қатады. Адам баласының тіршілік hareketіне айғақ боларлық сол деректерді үшке бөліп қарау тарихи зерденің орныққан дәстүрі. Бұл дәстүр бойынша адамзат тарихы тас дәуірі, мыс немесе қола дәуірі, темір дәуірі болып әйгілі үштік дәуірге бөлінеді. Рас, бұлайша бөлу адамзат тарихының даму жолдарын елестетуге ұрымтал болғанымен, уақыт аясында хронологиялық ретпен саралауда барлық өңірлердің тарихымен бірдей сәйкес келе бермейді. Соңдықтан да, бүгінгі тарих ғылымы адам баласының пайда

болу, даму кезеңдерін уақыт аясында елестету үшін геологиялық хронологияға арқа сүйейді.

Геологиялық зерде бойынша Жер тарихы жалпы галактикалық жаралым заңдылықтарымен сабақтасып жатыр. Бұдан 4,6 миллиард жыл бұрын сансыз жұлдыздар арасында ұйтқыған бу (газ) мен тохаңнан Жер жаралған. Жер төсін деңдей жапқан су айдындарында алғаш тіршілік нышаны бұдан 4 миллиард жыл бұрын пайда болыпты. Алғашқы клеткалы организмдер бұдан үш миллиард жыл бұрын жаратылса, алғашқы аталық және аналық жынысқа бөліну үрдісі бұдан 2 миллиард жыл бұрын болған. Мұнан бері қарай дамудың ең бір ұзақ сонар кезеңі созылып жатыр.

Геологиялық таным жұмыр Жердің тарихын төрт дәуірге (эра) бөледі. Әрбір дәуір өз ішінде кезеңдерге, әрбір кезең дәуірлерге, замандарға және ғасырларға бөлінеді. Жер бетіндегі тіршілік сілемін уақыт аясында елестету үшін кайназой заманынан бері қарай зерделей қараса жетіп жатыр. Кайназой өз ішінде екі кезеңге бөлінеді. Бірі — шамамен 60 миллион жылға созылған геологиялық үштік кезең. Екіншісі — шамамен 1 миллион жыл ұрын басталып, бүгінгі күнге дейін жетіп отырған ширектік кезең. Осы ширектік кезеңнің өзі екі дәуірге бөлінеді. Біріншісі, плейстоцен — дүниені мұз басқан дәуір. Екіншісі, голоцен — мұздақтан кейінгі дәуір.

Алғашқы адам тақылеттес тіршілік иелерінің (хомо habilis) өмір сүрген кезі геологиялық антропоген дәуірі. Ал, Жер бетін соңғы рет жапқан мұздақтан кейінгі дәуірдің адамын бүгінгі ғылыми пайымдаулар „саналы адам“ (хомо sapiens) деп атап жүр. Қазіргі адамдар тақылеттес осынау саналы адамға бұдан 30—40 мың жыл бұрын өмір сүрген неонтроптар жатады.

Міне, осы саналы адамның тіршілік-харекетінен жеткен белгі — солар тұтынған тастар ғана. Әлгі „тас дәуірі“ дейтін шартты атаудың дүниеге келуі де осы тас құралдарға байланысты. Адамзат баласының ең ұзаққа созылған азапты жолы да осы тас дәуірінің еншісінде. Ғылыми таным тас дәуірін өз ішінде үш кезеңге бөліп қарайды. Бірінші, палеолит — ең ежелгі кезең. Екінші, мезолит — орталық кезең. Үшінші, неолит — ең соңғы кезең.

Қазақстан мен Орта Азияны бұдан миллион жылдай бұрын тұрақ еткен ең ежелгі адамдардың айғағы қазір Кіші Қаратаудың солтүстік шығыс өңіріндегі Шарбақты, Тәңірқазған, Бөріқазған, Ақкөл, Қазанғап деп аталатын жерлерден табылған. Ғалымдар мұны ежелгі палеолиттің

белгісі ретінде шель-ашель дәуіріне жатқызады. Бұл осыдан 800 мың жыл бұрынғы уақыттан бастап, 100 мың жыл бұрынға дейінгі уақыт аралығын қамтып жатыр. Ежелгі палеолиттің адамдары Орталық Қазақстан өңірін, байтақ жатқан Сарыарқаны да тұрақ еткен. Оның археологиялық айғақтары Қарағанды облысындағы Обалысай, Мұзбел, Талдысай, Жаман Айбат, Қосмола, Қызылжар деп аталатын жерлерден табылған. Көптеген зерттеушілер бұл айғақтарды осыдан 40—100 мың жыл бұрынғы орталық палеолит немесе мустьер дәуірінің адамдары тұтынған дейді. Ғылым тілінде „неандерталь” деп аталатын адамдар, міне, осылар. Бұл атау 1856 жылы Германиядағы Неандерталь алабынан табылған байырғы адам сүйегіне орай орныққан.

Қазақстандағы мезолит кезеңі біздің заманымызға дейінгі XII—X мыңжылдықтарға дейін созылса, неолит кезеңі біздің заманымызға дейінгі III мыңжылдықпен ұштасып жатыр. Бұдан 8 мың жыл бұрын Жайық өзенінің шүйгін алқаптарында мамонттың соңғы үйірлері тіршілік құрды. Бұл кезеңдердің Қазақстанда 400-дей ескерткіш-айғағы табылған. Ондай ескерткіш-айғақтар рулық, тайпалық нышандардың белгі бере бастағанын аңғартады. Әрине, тобыр тіршілікті артқа тастап, этникалық даралық қалыптастыру жолында бұл кезеңдер жалпы дамудың елеулі белестері еді.

Бұл кездегі байтақ қазақ даласының географиялық жағдайы да өзгеше еді. Соңғы мұз дәуірінің сірескен сеңгір мұздары серпіліп барып солтүстігінде Сібір жазығына жеткен. Ал Жоңғар Алатауынан бастап Алтай, Саян тауларына ұласқан мұз оңтүстік, шығыс өңірін құрсап жатты. Батысында Оралдың мұз жалдары кескестеді. Сонда Қазақстанның кең даласы осынау серпіле түрілген мұз құрсауың ортасында көктем кезіндегі қары тесілген құба жон сияқты еді. Ал мұз құрсаудан төгіле аққан Обь, Ертіс, Есіл өзендері Сарыарқаны шыр айналып отырып, Торғай ойпаты арқылы Арал мен Каспийге құятын (Машанов А., Машанова Ж. Ғажайып от ошағында. А-А., 1978. 8-бет). Отын-суы мол дала төсінде мамонттар мен жүнді мүйіз тұмсықтар, үңгір аюлары мен барыстар, құландар мен тарпандар, тау текелері мен киіктер сияқты алуан түрлі аң жосып жүрді. (Баженов В. С., Костенко Н. Н. Атлас руководящих форм млекопитающих антропогена Казахстана. А-А., 1962. 54-бет). Осылардың ортасында бірін азық етіп, енді біріне өзі жем болып, тастан басқа қаруы жоқ адамдар да тіршілік құрды. Қатал та-

биғат аясында тіршілігін үзіп алмаудың ең бір күйкі әрекеттерімен тырбанған палеолиттің адамдары мезолит, одан кейінгі неолит дәуірлеріндегі сана деңгейіне жеткенше дамудың ең ұзақ, ең қиын-қыстау жолын бастан кешті. Бір ғажабы сол, жерден бауырын көтерген адамзат әулеті дәуірден дәуір, заманнан заман, ғасырдан ғасыр озған сайын жалпы даму қарқынын ұдайы үдетіп келеді. „Әлем тарихының ұзақ-ұзақ дәуірлерінде акселерация (дамудың жеделдеуі) айрықша айқын байқалды. “Тас дәуірі қола дәуірінен ұзақ, ал қола дәуірі машина пайда болған дәуірден ұзақ. Тас дәуірінің аясындағы жоғары палеолит мезолиттен, мезолит неолиттен ұзақ. Сондай-ақ қоланы тұтынған ғасырлар темірді тұтынған ғасырлардан әлдеқайда ұзақ. Одан да беріге зер салсақ, ерте дүние тарихы орта ғасырдан ұзақ, орта ғасыр — жаңа заманнан, жаңа заман — ең жаңа заманнан ұзақ. Осынау бөліктердің әрқайсысының өз ішінде де акселерация апайқын байқалады” (Поршнев Б. Ф. О начале человеческой истории. М., 1974. 28-бет).

Геологиялық ширектік кезеңде пайда болып, тасты қару еткен адамнан бастап, бүгінгі ядролық реактордың тұтқасын ұстаған адамға дейінгі аралықтағы дамудың ұзақ жолын елестету үшін мынандай бір қарапайым шартты мысал келтіруге болады. Адамзат баласы дамуының осынау қияннан басталған қиын жолын мың шақырым деп алар болсақ, соның 990 шақырымы табанын тасқа тілдіріп, маңдайын күнге күйдіріп, аш-жалаңаш, жаяу шұбырғандардың еншісіне тиер еді. Мұнан кейінгі 9 шақырымды бірі ит пен бұғы жегіп, бірі түйе мен өгіз мініп, санаулылары ғана атқа тақымын тигізіп жүріп өткендей. Ал, ХХ ғасырдың ең жүрдек көлігін мінген замандастарымыздың жүрген жолы жаңағы мың шақырымның ең соңғы бір шақырымы ғана болып шығады. Міне, адамзат баласының жалпы даму жолына ой зерделеткенде, әрі жан түршіктірер, әрі шүкірлік еткізер ащы шындық осы. Бұл — өмір үшін басты бәйгеге тіккен күрес жолы, зорлық пен қорлықтың, ізденіс пен шындалудың жолы. Тек қана жеке адамдардың шындалуы емес, тұтас қоғамдардың, байтақ құрлықтардың формациялық алмасуларының, тарихи-әлеуметтік дамуларының айғағы. Ең бастысы адам сияқты тіршілік иесінің адам құдіретке айналып, тілі мен наным-сенімін, салт-дәстүрі мен моральдық-этикалық қалыптарын, ақыл-ойы кисел - тарихи тәжірибесін шындалудың шытырман жолдары: Дәстүр, мәдениет атты

ұлы құбылыстың тегін тектеп, тамырына бойлау үшін осынау шытырман жолды шарламай болмайды.

Біздің заманымызға дейінгі XII мың жылдықтан бастап III мың жылдық арасында Еуразияның Ұлы Даласы қазіргі қалпын, табиғи бітімін қалыптастырып үлгерді. Сол даланың төсіндегі адамдар да бұрынғыдай табиғаттың „дайын“ азығын тұтынудан гөрі, қолға мал ұстап, жерге дән сіңіріп, тау-кен жұмыстарына бейімделіп, өрмек тоқуға ойысады. Яғни, Хинган мен Карпат тауларының арасында, 40—50 ендікті (параллельді) деңдей қамтып жатқан ең далада этностардың пайда бола бастаған кезеңі осы.

Этникалық нышан пайда бола бастағаннан бергі кезеңді зерттеп-зерделеуде тарихи-этнологиялық ой жүйесі ұрымтал. Яғни, аса кең уақыт аясындағы өмірдің мың сан ұсақ оқиғаларын тәптіштеп тізбелемей, дәуірлік ауқымда, заманалық қарымда кең аяны қарпып ой түйген жөн.

Бұл орайда айрықша мән бере кетуді қажет ететін бір жағдай бар. Ол — байтақ дала тарихтың өн бойында қандай бір тарихи күрделі кездерді бастан өткерсе де, небір зобалаң-зұлматқа тап болса да, төсіндегі ұрпағының сабақтастығын үзбегені. Мұнда небір қан-қасап қырғын соғыс та, ұрпақтарды қынадай қырған індет те, жалмап-жайпап кеткен ашаршылық-жұт та болып баққан. Сонда да ұрпақтар сабақтастығы үзілмеген. Мұның айғағы мың сан археологиялық дерек түрінде, тарихи жазбалар нұсқасында, этнографиялық сәйкестік күйінде, нәсілдік бітім, тілдік үйлесім тұрғысында — зер сала білсек берісі қазақ халқының, әрісі даланы мекен еткен көшпелілер әулетінің ғасырлар қойнауынан бері қарай үзілмей жалғасқан сабақтастығын көруге болады.

Ұлы Дала тұрғындарының тарихи тәжірибесі кешікпей-ақ бұл далада тек көшпелі өмір салттан ғана бақыт табуға болатынына көз жеткізді. Жыл құсы сияқты ұдайы табиғаттың көктеміне ілесіп, бойлық бойынша шырқай көшіп-қону далалықтардың шаруашылық-мәдени сүлесін (типін) саралап, дара болмысын қалыптастыруға себепші болды. Біздің жыл санауымызға дейінгі III мың жылдықтың өзінде-ақ көш-қонға қолайлы мал түлігінің түрлері қолға үйретіліп, сұрыпталып үлгерді. Бұған Балқаштың солтүстік шығысындағы сексеуілді тұрағынан, Солтүстік Қазақстандағы Ботай қыстағынан табылған мал сүйектері айғақ бола алады. Еуразияның апайтөс даласындағы көшпелі мал шаруашылығы біздің жыл санауымызға дейінгі IX—VIII ғасырларда толық қалыптасып, төрт

түліктің тұяғына ілескен көшпелілердің маусымдық қоныстары, көш жолдары сараланып үлгерді.

Адамзат тарихындағы ең тапшы деректер қалдырған, ең шытырман жұмбақтай елес беретін, ең ұзақ формацияны бастан өткерген қоғам — көшпелілер қоғамы. Шығысында Хуанхэ өзенінен бастап батысы Карпат тауларына дейін созылған Еуразияның жойдасыз кең даласын жайлаған ру-тайпалардың дамылсыз көшіп-қонуы, көшпелі өмір салт қалыптастыруы, сөйтіп көшпелілер атануы — олардың бойындағы туа біткен қасиет емес, осынау табиғи ортаға бейімделіп, тіршілік құрудың бұлтартпас қажеттілігі болатын. Сол бұлтартпас қажеттілік өзіндік дара қасиеті бар көшпелі өмір салтты дүниеге әкелді. Сол өмір салт аясындағы ру-тайпалар күнделікті тұтынатын заттарынан бастап, тіршілік туралы ұғым-түсініктеріне дейін, моральдық-этикалық қарым-қатынастарынан бастап қоғамдық-элеуметтік қалыптарына дейін көшпелі өмір ырғағымен үндес болмысын даралады. Және бұл өмір салт іштей шыңдалуды бастан кешкенімен, соңғы үш мың жыл бойында тұрақты қалыбын сақтауда болды. Орта Азия, Қазақстан, Оңтүстік Сібірден бастап Шығыс Еуропаға дейінгі байтақ алапта үш мың жыл бойы көшпелілер әлемі үстемдік құрды.

„Ескі және Жаңа Әлем мемлекеттері ұланғайыр өзгерістерді бастан кешіп жатты, ал дала, ондағы көшпелі халықтардың өмір салты мейлінше баяу өзгерді“ (Марков Г. Е. Кочевничество. Историческая энциклопедия. 7 том. М., 1966. 4-бет). „Көшпелі мал шаруашылығы — шын мәнінде шаруашылықтың ең бір тұрақты формасы еді“ (Гумилев Л. Н. Древние тюрки. М., 1967. 4-бет). Ұлы Дала төсінде неолит дәуірінің өзінде-ақ даралық сипат ала бастаған өмір салт біздің заманымыздан бұрынғы II мың жылдықта малшылық пен егіншілікті қатар дамыта отырып, жоғары дамыған металлургиясын қалыптастырып үлгерді. Өнім өндіру машығы ру-тайпа өміріндегі жағдайды түбірінен өзгертті. Сөйтіп, олар ұсақ-ұсақ ру-тайпалардың қуатты бірлестіктеріне ұласты. Осынау алыс кезеңнен бастап, тарих кезеңінде отты қару пайда болғанға дейін көшпелілер әлемі адамзат баласының тарихындағы ең қуатты да құдіретті күштердің бірі болып қалды. Бұл орайда Шығыстан салынған Ұлы Қытай қорғаны, Александр Македонскийдің осы даладан сансырап шегінуі, Вавилонға тізе бүктірген Дарийдің бұл даладан тауы шағылып қайтуы, кек қуалап келген Кирдің қанға тұншығып өлуі, әйгілі Рим империясының көшпелілер шапқыншылығынан соң

құлауы сияқты кесек, кесек мысалдармен шектелуге болады. Ахамен әулетінің аузынан жалын шашқан ұлдары да, ұлтарағына дейін темірмен құрсанған македондық гректер де, Қытай империясының жер қабырғасын қайыстырған жауынгерлері де, діни сенім жолында басын бәйгіге тіккен арабтар да көшпелілер қоныс еткен байтақ даладан тоқымдай жер ала алмағаны — тарихтың шығар күндей шындығы.

Ұлы Даланың Геродот заманынан бері қарайғы тарихын тарихшылар тым батыл таратады. Қаратеңіз жағалауына скифтер жыл санауымызға дейінгі VIII ғасырда келіпті-міс. Егер Геродот сегіз ғасыр кейін өмір сүрсе, онда тарихшылардың скифтерді Қаратеңіз жағалауына I ғасырда келді деуі де кәдік. Сол скифтер жергілікті кемерліктерді ығыстырады. Сонсоң орманға бауыр басқан, қашуды білмейтін жергілікті елді басып алған скифтер 500 жыл дәурен сүреді. Олар осы кезде Элада мен сауда жасасып, құдандалы болып үлгіреді. Содан, біздің жыл санауымызға дейінгі III ғасырда скифтерді сарматтар тықсырады. Енді сол кездің тарихшысы Страбонның айтуында скифтерге сарматтар қырғидай тиген. Сарматтар бел алып, орныққан соң, табандатқан 700 жыл мұңсызқамсыз дәурен сүреді. Олардың көзешілікпен даңқы шығып, Ұрымға (византия) астық сатады, салт атты әскерлер ұстайды. Мұздай құрсанған салт атты әскерлерді ұстау дәстүрі кейін Еуропада етек алған рыцарлық дәстүрге мұрындық болады. Күндердің бір күнінде, яғни, біздің заманымыздың III ғасырында сол сарматтарды ғұндар ығыстырады. Ғұндар аттай бір ғасыр (370—463) дәурен сүреді. Ғұндарды бұлғарлар жеңеді. Олар екі жүз жыл (463—660) асығын алшысынан түсіреді. Бұлғарларды хазарлар мүйіздейді. Хазарларды XIII ғасырда қыпшақтар (половцылар) жайпап өтіп, төңірегін өзіне еліттіре де, еліктете де білген әйгілі Дешті-Қыпшақ мемлекеті қанат жаяды. Мұнан кейін Шыңғысханның шулыған шабуылы, Жошының жорықтары, Батудың батпан қимылдары, Темірдің тепкілері, қалмақтың қанды қырғындары жаңағы қыпшақтардың жойқын қанатын топшысынан майырып кетті. Жай ғана майырылған жоқ, қауырсыны дудырай шашылып, Еуразияның байтақ даласына ақжоңқа болып жайылды да, ондаған халықтың ділі мен тіліндегі бойтұмарына айналды...

Міне, Еуразия жапсарындағы керме иық далада өткен үш мың жылға жуық тарихты осылайша көктей шолып өтуге болады. Тарихи дерекке дау айту қиын сияқты.

Өйткені мұнан басқа дерек жоқ. „Кодекс-куманикус“ айтқандай, ондай дерек „қыпшақта да жоқ“.

Сонда осынау қолмен қойғандай қат-қатымен түскен тарихи жүйеге күмәнсіз сеніп, мына даланы алуан түрлі халықтың судай сапырылысқан, баянсыз мекені деп қабылдауымыз керек пе? Бұрынғы жұрты қайда кетті, кейінгі жұрты қайдан келді? Олардың ділі мен тілінде дәстүрі мен өмір салтында қандай айырмашылық бар деген мәселеге қай деңгейде ден қойып жүрміз? Ең бастысы осы далада сабақтасқан дәстүр, шыңдалған мәдениет, орныққан кісілік болмады, себебі жаңа қалыптаса бастаса сырт күштің құрбаны болып отырды деген ұғым әлгіндей тарихи сараптан соң өзінен өзі бел алмай ма?

Біздіңше мұндай дерек қуалаушылық көшпелілер әлемінің тарихи ақиқат болмысын таныта алмайды. Бұл орайда арналы-арналы үш жағдайға ден қою қажет: бірінші — әлеуметтік-экономикалық негіз, екінші — әлеуметтік-саяси құрылым, үшінші — рухани дәстүр. Бір ғажабы, осы жағдайлардың қай-қайсысы да сөз болып отырған тарихи кең аяда іштей шыңдалу арқылы өзгеріссіз қалып отырған.

Далалықтар үшін көшпелі өмір салты табиғи-географиялық дара бітімдегі ортаға бірден-бір үйлесетін, аз күш жұмсау арқылы мол өнім алатын ең ұрымтал базистік негіз болған. Көшпелілердің өмір салты табиғатты жатсынбаған, табиғатты болмыс-тіршілігінің құрамдас бір бөлігі деп қараған. Мыңдаған жылдарға созылған биосферамен үндес өмір ырғағы табиғаттың өзіндей табиғи-мәдени ортаны дүниеге әкелген. Сондықтан да бұл даланың тарихи тағдырына қатысты дара бітімдегі барша құбылыстардың тек-тамырын көшпелі өмір салтымен сабақтастыра қарастырған абзал. Саяси, әлеуметтік, мәдени, рухани, идеологиялық бітім-болмыстың баршасының ұлы үйлестірушісі болып көшпелі өмір салты алдыңнан шығып отырады. Мәселен, көшпелі өмір салтының бірінші белгісі табиғаттың табиғи жаратылысымен санаса отырып, ілкімді қозғалыс арқылы тіршілікке қажетті игіліктерге ие болу. Мұның өзі мейлінше кең аяда этникалық тектестіктің орнығуына мұрындық болып отырған. Рулық пәтуа бірлікті тірек ете алмаған жерде көшпелі өмір салтының баянды болуы мүмкін емес еді. Себебі, әрбір ру маңдайына жазылған қоныс-тұрағымен шектелсе, әрбір ру бәсеке-бақас болып, бірінің жерін екіншісіне бастырмаса, онда мыңдаған шақырым жерге созылатын көш жолдары да, көшпелі өмір салты да болмас еді. Төрт түлік мал ха-

лықтың тіршілік-тірегі болудан қалып, күнкөрістің басқаша жолы таңдалар еді. Ақыр аяғында төлтума тегі бір көшпелілер мәдениеті мен өнері туралы ұғым да болмас еді.

Көшпелі өмір салтының этникалық тектес болу себебін тек қана ілкімді көш-қоңнан деп тоқтауға тағы болмайды. Өмір бар жерде күрес бар, қайшылық бар, даму бар. Демек, көшпелілердің толысып, шарасынан асып-төгіліп отыратын дәулеті өз ішінде қайшылықтарды тудырып отырғаны сөзсіз. Бір ғажабы, табиғаттың қаталдығы, жұт, тосын індеттер, сыртқы жаудың шабуылы, ішкі барымтасырымта, пендешілік бәсеке-бақастық сияқты нәубеттердің ешқайсысы көшпелі өмір салтын да, сонымен кіндіктес рулық-этникалық құрылымды да өзгерте алмаған. Әлгіндей тосын нәубеттер әрі кетсе, үлкен рулардың жинақталуына, әлсіз рулардың көп ретте өзімен тектес әлді рулардың құрамына кірігуіне себепші болып отырған. Мұның өзі көшпелі өмір салтының классикалық құрылымын әлсіретудің орнына ұдайы нығайтып, этникалық тұтастықты ұдайы орнықтырып отырған. Мәселен, қазақ халқының құрамындағы үш жүз руларының бірінен-біріне ауысып-кірігіп кету көріністері — бұл пікірдің жарқын дәлелі. Бір кездері Еділ, Жайық өзендерінің бойын ен жайлаған Тама, Табын, Жағалбайлы рулары патша отаршылары мен қоныс аударушы қалмақтардан қысым көрген кезде бөліне көшіп, Ұлытау төңірегіндегі Сарысу, Атасу өзендерінің бойынан қоныс алды. Қоныс алды да көшпелі өмір салтынан жаңылмай, Бетбақдала арқылы Шу бойына қыстап қайтатын жаңа көш-қон ырғағына бейімделе білді. Сол сияқты қоңырат арасындағы Ашамайлы руы, найман арасындағы Қаракерей руы, Кіші жүздегі Тілеу руының құрамындағы Керей деп аталатын атасы, — ежелгі Керей тайпасының тарихи жағдайлар арқылы ауысқан бұтақтары екені мәлім. Немесе Орта жүздегі Қаракесек руының Кіші жүз құрамынан, Тарақты руының Ұлы жүз құрамынан кездесуі көшпелі өмір салтының ғажайып заңымен байланысты. Мұндай мысалдарды келтіре беруге болады. Мәселенің түйіні, көшпелі өмір салтының ұлы заңдылығы қалыптастырған тарихи-әлеуметтік қалыптарында болып отыр. Бұл қалыптың ат байлар діндегі этникалық сезім тұтастығына келіп саяды. Демек, рулардың ауыс-түйісі көшпелілердің әлеуметтік-экономикалық құрылымын нығайта түскен, этникалық тұтастығын орнықтырып отырған.

Көшпелілер өзінің ұзына тарихында қуатты да қаһарлы

мемлекеттер, ұлыстар, қағанаттар болғаны тарихтан белгілі. Аяусыз күрес, алаяқ сатқындық, қанішер мейірімсіздіктердің небір сорақы үлгілері тақ таласы үшін болып отырды. Бір ғажабы, осының бәрі де сарай төңкерісі тұрғысында өтіп, көшпелі өмірдің базистік құрылымына мейлінше аз өзгеріс енгізіп отырған.

Тіптен, бай мен байдың, хан мен ханның тіресуі де көшпелі тайпалардың базистік негізіне, этникалық құрылымына нұқсан келтіре алмаған. Бұл орайда көшпелілердің рулық құрылымы тарихи-элеуметтік, экономикалық-географиялық жағдайға орай үлкейіп-кішірейіп отыратын қасиетіне таң қалмасқа болмайды. Көшпелілердің үш мың жылдай ұзақ ғұмырлы өмір салтын бастан кешуінің өзекті бір себебі осында. Демек, жоғарыдағы кемерліктер, скифтер, сарматтар, ғұндар, бұлғарлар, хазарлар, қыпшақтар деп атап өткен этнонимдердің элеуметтік-экономикалық тектес екенін, өмір салттарының бір болғанын, қоныс-тұрағының ортақтығын, ділі мен тілінің тұтастығын ең алдымен қаперде ұстаған жөн. Мұның өзі түптеп келгенде байтақ дала төсінің шыншыл тарихи этникалық тұтастығын ғана зерделетіп қоймайды. Сонымен бірге рухани үзілмеген сабақтастықтың да болғанын зерделетеді. Элеуметтік-экономикалық өмір салты баянды болған, этникалық автохтондылығы сақталған ортада рухани сабақтастықтың болатыны аян. Осы тұста рухани сабақтастықтың көшпелі өмір салтымен тамырлас төл сипатты болмысына ден қоймай болмайды.

Бр сәт мынандай бір қиялға ерік беріп көрелік. Дүниені тегіс радиоактивті сәуле шарпып не болмаса жойқын бір аласапыран болып, жер бетінде селдіреп қана тіршілік нышаны қалды деңіз. Арада шамалы уақыт өткенде ең алдымен табиғи орта — биосфера қалпына келер еді. Яғни тіршілік қайтадан бауыр көтере бастамақ. Бірақ оның есесіне қағаз атаулы, ақша атаулы, дүние-мүлік шіріп үлгерер еді. Жаңа, жас ұрпаққа қарттардың айтқаны аңыздай болып қана әсер етпек. Осы жағдай жүздеген, мыңдаған жылдарға ұласқанда бетондалған ғимараттар төмпешікке айналып, қазіргі Сығанақтың немесе Топыраққаланың жұрнағынан да аз белгісі қалуға тиіс. Өйткені, көне қалалардың қыш тақталары қазіргі құрылыс материалдарынан төзімді екені аян. Сонымен арада он екі мың жыл өткенде металлургия заводтарының бір кездегі темір үйінділері мен өрмекші торындай теміржолдардан жұрнақ қалмас еді. Ал, тас жолдарды қау шөп тесіп, үгіндіге айналдырар еді...

Сол кезде ұрпақ қайта тәжірибе жинақтап, өсіп-өркендеп келгенде „бізге дейін тек жабайылық жайлаған” десе, дау айтуға болар ма еді?! Сонда тарихты танығысы келіп, дала кезген пақырдың күйі не болмақ?! (Л. Н. Гумилев).

Міне, көшпелі өмір салтын тіршілік тірегі еткен Ұлы Дала ұрпақтарының бастан кешкен рухани ғұмырнамасы осыған ұқсас.

Ең бастысы көшпелілер өмірінен рухани мұра ретінде заттық айғақ іздеуді бірінші шарт етіп қою қателікке ұрындырады. Көшпелі қоғамның ең құдірет мүлкі киіз үй болса, оның сақталу мерзімі бір адамның ғұмырынан аз. Осы орайда, рухани әлемдегі, өмірлік тәжірибедегі ұрпақ аралық сабақтастықтың сақталуы көшпелілер әлемінің тұрақтылығына кепіл болып отыратыны айырықша қасиет ретінде ден қойдырады.

Демек, оқшау бітімді көшпелілер мәдениетін тану үшін, көшпелілердің рухани әлемін саралау үшін өзгеше танымдық тәсіл мен талғам қажет. Бұл орайда ең басты объект, қателестірмейтін басты айғақ көшпелілер қоғамындағы адамның өзі болуға тиіс. Өйткені кез келген қоғамның түпкі нәтижесі, рухани өресі, гуманистік құдіреті адамның сан-садалы әрекет болмысы арқылы көрініс табады. Яғни, адамның сан-сала әрекет-болмысы сол адам өмір сүрген қоғамның тарихи-мәдени ахуалына айна бола алады.

Көшпелі мал шаруашылығының даму жолы өз ішінде екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезең — біздің жыл санауымызға дейінгі XVII—XV ғасырлар. Мұны тарих ғылымында андрон мәдениетінің федоров-нұра кезеңі деп атайды. Бұл — қола дәуірінің алғашқы кезеңімен тұстас. Алғашқы кезеңде көшпелілер әлі бойлық бағытында шырқап көшуге бара қоймаған. Төрт түліктің ішінде сиыр малын көбірек ұстап, қыстауды қарайлап көшіп-қону дәстүрі басым болған. Екінші кезең — біздің жыл санауымызға дейінгі XIV—XI ғасырлар. Мұны андрон мәдениетінің, яғни соңғы қола дәуірінің алакөл-атасу кезеңі дейді. Бұл кезде көшпелілер малының ішінде жылқы, түйе, қой түлігі көбейіп, шырқай көшуге қалыптасу, өзін-өзі бағып, өз аяғымен жүретін төрт түлікті аз күш жұмсап, мол өнім беретін шаруашылық көзіне айналдыра білу, түптеп келгенде, салт атты көшпелілердің төлтума таным-түсінігі мен мәдениетінің қалыптасуына, уақыт пен кеңістік туралы дүниетанымының кеңеюіне, сөйтіп этномәдени болмысының даралануына себепші болды. Көшпелілер сол кездегі өзінің отырықшы замандастарына

қарағанда әлеуметтік-мәдени деңгейі жөнінен әлдеқайда биік, әлдеқайда қуатты еді.

Қос құрлықтың жапсарын алып жатқан қазақ даласында, табиғи географиялық бітіміне орай, үш түрлі шаруашылық аймағы қалыптасты (Қ. Ақышев). Оның біріншісі — Батыс және Орталық Қазақстанның қуаң даласында қалыптасқан экстенсивті көшпелі шаруашылық. Бұл аймақта жыл он екі айда төрт түлік мал аяғымен жайылып, бойлық бағытында жүздеген шақырымға шырқай көшіп-қону өмір салт өзегі болды. Екінші — Шығыс және Оңтүстік Шығыс аймағы, Еренқабырға (Тянь-Шань) мен Алтай тауларында қалыптасқан көшпелі шаруашылық тәсілі. Мұнда жартылай отырықшылық, таулы жерлерде вертикальды көшпелілік қалыптасты. Үшінші — Оңтүстік Қазақстандағы Сырдария, Шу, Талас, Арыс сияқты өзендердің құнарлы алқаптарындағы жартылай көшпелі, жартылай отырықшы өмір салты. Бұл өңірлерде егіс егу, суармалы жер шаруашылығы, қалалық мәдениет жақсы дамып, біздің жыл санауымызға дейінгі VI—IV ғасырлардақ моншақтай тізілген елді мекендер бой көтеріп үлгерді, зәулім ғибадатханалар салу дәстүрі қалыптасты. Кейін сол елді мекендердің күлі қалыңдап, аясы кеңейіп Отырар, Тараз, Сығанақ, Испиджаб, Асы (Ясы), Сауран сияқты қалалар Еуропа мен Азия аралығындағы трансконтинентальды жол торабының үстінде бой көтеріп, жалпы адамзаттық дамуға баспалдақ болды.

Орта және Орталық Азияда шаңырақ көтерген мемлекеттер соңғы екі мың жыл аясында әртүрлі атаулармен белгілі. Бұл орайда біз „дәулет“, „ұлыс“, „қағанат“ „ел“, „хандық“, „сұлтандық“, „орда“, „әулет“ сияқты дәстүрлі атаулардың әдетте мемлекеттікті білдіріп отырғанына айрықша ден қоюымыз керек. Бұл атаулар, белгілі дәрежеде, орыс тілі арқылы жеткен „страна“, „держава“, „империя“, „государство“, „царство“, „княжество“, „отечество“, „династия“ деген атаулармен мағыналас.

Өкінішке орай, осы уақытқа дейін көшпелілер тарихын тұтастықта қарамай, бөлшектеп, түркі тектес халықтардың біртұтас текті тарихы өзінің сабақтастығынан айырылып, судай сапырылысқан ру-тайпалар арасындағы кездейсоқ оқиғалардың жиынтығы сияқты қарастырылып келді. Әрине, бұл сияқты әрі қарау, әрі қате методологиялық сүрлеу көшпелілер әлемін шыншыл қалпымен танып-түсінуге кедергі жасап қана қоймайды, ең өкініштісі, жалпы адамзаттық тарихтың объективті ақиқатын танып-түсінуге нұқсан келтіреді. Сондықтан да біз Ұлы Дала та-

рихын көктей шолғанның өзінде, оған біртұтас объектінің тарихы ретінде ден қоямыз. Түптеп келгенде, мұндай та-ным тәсілі ақиқат шындықты өзінің болған қалпында та-нуға дес береді.

3. САҚ ДӘУЛЕТІ. Біздің жыл санауымызға дейінгі VII ғасырда еңсе көтеріп, біздің заманымыздың II ғасырына дейін дәурен сүрді. Дәулеттің іргесін қалаушы — Алып-Ер Тұңға (Афрасияб) Діні — Тәңірлік дін. Яғни, Көк тәңіріне табынып, табиғатпен тіл-табысуды өмір сүрудің кепілі, та-биғилықты өмір сүрудің мұраты деп білген. Жазуы — қазіргі ғылым тілінде айтылып жүрген рун жазуы немесе түркі жазуы болған. Сөйлеу тілі — алтай тілдік тобынан өрбіген Түркі тілі. Сақтарды үнді-иран тілдес деп келген (Г. Ю. Клапрот, В. Ф. Миллер, В. И. Абаев, т. б.) тұжырым-ның дәрменсіз екеніне соңғы жылдардың ғылыми ізденістері толық көз жеткізді (И. М. Мизиев. История ря-дом. Нальчик, 1990).

Сақтардың мекен тұрағы — Орта Азия мен Қазақстан, Шығыс Түркістан өңірі. Шаруашылық-мәдени сүлесінің (типінің) негізі — көшпелі мал шаруашылығы мен жарты-лай отырықшылық. Байырғы Грек, Рим, Ахемендік Иран жазбаларында сақтар „скиф“ деген атпен белгілі. Сақтардың әйгілі даналық өрнектері (скифский звериный стиль) жалпы адамзаттық мәдениеттің асыл нұсқасы бо-лып табылады. Даналық өрнектің айтулы үлгілері — Алтай-дағы Пазырық қорғанынан, Алматы түбіндегі Есік қорғанынан табылған олжалар.

Сақтардың мұздай құрсаңған қаһарлы жауынгер-лерінен Ахемен әулетінің патшалары — бірінші Дарий күйрей жеңіліп, Екінші Кир басынан айырылған. Қазақстанмен жапсарлас жатқан Иран, Ауғанстан, Па-кистан, Үндістан сияқты елдердің өмірінен сақтардың мәдени-рухани ықпалының ізін күні бүгінге дейін аңғаруға болады.

4. ҒҰН ҰЛЫСЫ. Біздің жыл санауымызға дейінгі 204 жылы бой көтеріп, біздің заманымыздың 216 жылына дейін дәурен сүрді. Шаңырағын көтеруші әйгілі Мөде (Боғда) батыр. Тәңірлік дінді ұстанып, түркі жазуын тұтынған. Сөйлеу тілі де түркі тілі болған. Мекен-тұрағы — Орта Азия, оның ішінде негізінен қазіргі қазақ даласы. Шаруашылық-мәдени сүлесінің негізі — көшпелі мал ша-руашылығы. Өз кезінде 24 тайпалық одақтан құралған ғұндармен бүкіл Еуразия қос құрлығында иық теңес-тіретін бірде-бір ел болған емес. Махмұд Қашғаридің

„Түркі тілдерінің сөздігі“ атты әйгілі еңбегінде аталатын 24 тайпаның, сол сияқты қазақ фольклорында күні бүгінге дейін айтылатын „24 баулы елдің“ Ғұн заманынан жеткен жаңғырық екені назар аударады. Ғұндардың қаһарлы тегеуріні шығысында Ұлы Қытай қорғанының салынуына, батысында Рим мемлекетінің құлауына себепші болды. Қытайдың „Жырнама“ атты байырғы кітабында мынандай өлеңдер бар (Мұқтархан Оразбайұлының аудармасы):

„Тұрағы жоқ, үйі жоқ,
Ғұндар бәле болды ғой...“
„Іргесін еш жерге көмбеген
Ғұндар апат әкелді ғой...“
„Терістікке қорған соғуға
Жарлық келді патшадан...“

Қазіргі тарихи үрдістегі Азиялық Ғұн ұлысы (48—156 жж.), Батыс Ғұн ұлысы (350—469 жж.), Ақ Ғұн ұлысы (367—560 жж.), Табғаш дәулеті (386—557 жж.) деп жүргеннің бәрі де Ғұн ұлысының аясынан шаңырақ көтерген. Олардың еңсесін көтеріп, ел еткендер: Түмен, Мөде (Боғда), Баләмір, Жұлдыз, Қаратүн, Айбарыс, Оқтар, Атыл (Аттила), Теңізек, Күн-хан, Шама-хан сияқты Ғұнның біртуар ерлері еді. Тек жеке тұлғалар ғана емес, иісі Орта Азиядағы Үйсін, Арғын, Алшын, Қаңлы, Ұйғыр, Қыпшақ, Қырғыз, Оғыз, Қарлық сияқты тайпалар мен ел-жұрттар да Ғұнның бауырынан өрбіген үрім-бұтақ.

5. ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫ. Қағанаттың Тәңірі тектес ұлдары аттай екі ғасыр аясында (552—744 жж.) ат үстінде жүріп, мемлекеттің даңқын дүниенің төрт тарабына жайды. Басынан бақ тайған Ғұндардың жұртындағы шашыраған елдің басын қосқан бірінші тұлға Бұмын қаған (Елтеріс қаған) еді. Мұнан кейін Түркі қағанатынан Тоң Жабғы, Тарду, Үстем (Истеми) қаған, Құтты қаған, Қапаған қаған, Бұғы тархан, Білге қаған, Күлтегін, Тоңұқық, Жолды тегін сияқты туасы бөлек әйгілі ерлер, ақылгөй даналар шықты. Тәңірлік дін Түркі Қағанатының мемлекеттік діні болды. Қағанаттың халқы түркі жазуын тұтынып, түркі тілінде сөйледі. Сол тілдегі әйгілі тас қашау жазуларын қалдырды. Шығысында Қытай қорғаны мен батысында Темір қақпа (Дербент) арасында біртұтас мемлекет құрған түркінің даңқты ерлері: „Басы барды — идірдік, тізесі барды — бүктірдік“ деген сөздерді тасқа қашап қалдырды. Ол жазуларды аудармасыз-ақ түсінетін

бүтінгі қазақ оқырманы өзінің Тәңірі тектес бабаларымен сырласқандай сезімде болады.

Түркі қағанатындағы саяси-әлеуметтік өмір мен наным-сенімнің біртұтас болғандығы соншалық, күні бүгінге дейін Шығыс Түркістаннан бастап Жерорта теңізіне дейінгі түркі тілдес отызға тарта ұлт бір-бірімен аудармашысыз түсінісе алады. Олардың моральдық-этикалық қалыптары мен мінез-құлықтарында да айырмашылық жоққа тән.

Түркі қағанаты өзінің екі ғасырлық тарихында Қытай, Рүм (Византия), Араб елдерімен бәсекеге түсіп, бірде майдан даласында бақ сынасса, енді бірде ақ ордада мәмлеге келіп отырған. Кейін өз алдына отау тігіп, ел болған Батыс Түркі қағанаты (582—630 жж.), Шығыс Түркі қағанаты (582—630 жж.), Түркеш хандығы (658—766 жж.) Қарлуқ жабғылығы сияқты мемлекеттердің бәрі де әйгілі Түркі қағанатының сынықтары болатын.

6. ҰЙҒЫР ҚАҒАНАТЫ. Шығыс Түркі қағанатының жұртында 745 жылы шаңырақ көтеріп, 840 жылға дейін аттай бір ғасыр дәурен сүрді. Мекен-тұрағы, иісі түркіге кіндік жұрт болған Селенгі, Орхон, Толы өзендерінің бойы еді. Қағанаттың шаңырағын Құтлық Білге күл қаған көтеріп, елдің шекарасын солтүстігінде Алтай тауларынан Манжұрға дейін, оңтүстігінде Гоби шөліне дейін кеңейтті. Мемлекеттік тілі түркі тілі болды, Түркі жазуын тұтынып, Тәңіріге тәу етті. Сонымен бірге, Иранның шығысынан, Үндістанның солтүстігінен шыққан тақуа-діндарлардың әсер-ықпалымен ақсүйектер арасында манихейлік, пұтқа табынушылық әуезе болған. Бұл жағдай ұйғыр жазуының дүниеге келуіне де ықпал еткен. Сол кезде Орта Азияға арабтардың дендей кіруі қағанатта ислам дінінің бел алуына себепші болды. Ұйғыр қағанаты көшпелі өмір салтта болғанымен, Орда-Балық (Жарбалғас) сияқты гүлденген астанасы болған. Ел басындағы ақсүйектер арасындағы өзара қырқысу салдарынан қағанат әлсіреп, IX ғасырдың орта тұсында биліктің тізгінін Қырғыз, Қарлық тайпалары алды.

7. ХАЗАР ҚАҒАНАТЫ. Еуразияның қос құрлығын дендей қамтыған Түркі қағанатынан соң, оның жұртында бірнеше мемлекет бой көтерген. Соның бірі — Еділ (Волга) бойы мен Солтүстік Кавказдың шығыс бөлігін қамтып, 651 жылы ірге көтерген Хазар қағанаты. Кейін күшейіп, кемеліне келген кезде шекарасын Солтүстік Кавказдан бастап, Азау (Азов) теңізі мен Қырымның біраз жерін қамтып, Днепрге дейінгі өңірді иемденді. Алғаш рет

қағанаттың шаңырағын көтеруші түркі жабғыларының бірі. Семендер (Дағыстанда), Еділ (Еділдің төменгі сағасында) деп аталатын қалалар қағанатқа астана болды. Негізінен Тәңірлік дінді ұстанғанымен, шекаралық өңірлерде Рұмның (Византия) әсерімен христиан дінін, Дағыстан жағында яхуда (иудей) дінін ұстанғандар болды. Кейін арабтардың бел алуына орай ислам діні күшейді.

Хазар қағанаты Шығыс еуропадағы ең алғашқы феодалдық мемлекет болды. Қағанат халқының басым көпшілігі әрісі Ғұн ұлысынан, берісі Түркі қағанатынан қалған жартылай көшпелі ру-тайпалар болғандықтан негізінен түркі тілінде сөйлеп, түркі жазуын тұтынды. Алайда, алашабыр халқы яхуда, араб жазуларын да тұтынып, сол тілдерде сөйлейтіндері де болған.

Хазар қағанатының құлауын (1015 ж.) араб шапқыншылығынан да бұрын, орыс кнәзі Святослав Игоревичтің қанқасап жорығынан да бұрын, ең алдымен қағанат қол астындағы халықтың әр тектілігінен, мақсат-мұраттарының әр түрлілігінен іздеген дұрыс болар.

Сөз орайында, Хазар қағанатының әміршісі Жүсіп қағанның кордовалық Хасдайға жазған хатында „Қаса елі“ деген сөздердің кездесетінін айта кеткен жөн.

8. АУАР ҚАҒАНАТЫ. Ол кезде Түркі тайпасы Алтайдың алыс түкпірінде темір қорытып, өздерінің әміршісі Жуан-жуан тайпасына қару-жарақ соғатын. Күндердің күнінде түркілердің маңдайына Бұмын (Елтеріс) сияқты ер бітіп, Жуан-жуандарды күйрете жеңеді (551—555 жж.). Түркілерге қыз беруді өздеріне ар санайтын Жуан-жуандар тоз-тоз болып батысқа ауады. Алғашқыда Батыс Түркі қағанатының құрамында болған Жуан-жуандар мұнда көп тұрақтай алмай, одан әрі жылыстайды. Ата жұртынан ашынып шыққан, алыс жолда ширап алған Жуан-жуандар Каспийдің батысын, Қара теңіздің солтүстігін, Дунай бойын, одан әрі Карпат тауына дейінгі елді жаулап алып, 558 жылы тарихқа Ауар деген атпен енген қағанат құрды. Қағанаттың шаңырағын көтерген Баян қаған. Шаңырақ көтерген кездегі діні — Тәңірлік дін, тілі — түркі тілі, жазуы — түркі жазуы болғанымен, кейін славян, грузин, франк, рұм жұртына жасаған жорықтардан кейін, қағанат ішінде христиан дінін ұстанып, славян, грек, латын тілінде сөйлеп-жазатындар пайда болған. 790 жылы Ұлы Карлдың франктерінен күйрей жеңілген ауарлардың басынан бақ таяды. Ақыры, 807 жылы қағанаттың шаңырағы шайқалып, дербес ел болудан қалады.

9. БҰЛҒАР ҚАҒАНАТЫ. Заманында Еуразияның қос құрлығына көсіле жайғасқан әйгілі Ғұн ұлысының шашырап түскен бір тамшысындай болып, 630 жылы Бұлғар қағанаты құрылды. Мекен еткен жері Еділ, Кама өзендерінің бойы, оңтүстігі Кавказ бен Днепр өзеніне дейінгі өңір. Шаңырақ көтерген кезде Тәңірлік дінді ұстанғанымен, IX—X ғасырларға қарай саяси-әлеуметтік жағдайлар ықпалымен христиан, ислам діндеріне ойысады. Дәл сол сияқты, алғашқыда түркі жазуын тұтынып, кейін қағанат екіге бөлінген кезде Батыс Бұлғар хандығы грек және кирил жазуларын, Еділ Бұлғар дәулеті араб жазуын қолдана бастаған.

Бұлғар қағанаты 1236 жылы, яғни монғол шапқыншылығына орай дербес елдігін жойды. Қазіргі чуваш, болғар, башқұрт, татар, венгр сияқты халықтардың тілі мен мәдениетінде қағанат кезінен сақталған айғақтар аз емес.

10. ҚАРАХАН ҚАҒАНАТЫ. Баяғы, біздің жыл санауымыздан бұрынғы Ғұн заманынан белгілі Қаңлы тайпасы қара шаңырақ болып, оған Қарлық, Шикіл, Яғма, Түргеш тайпалары уықтарын шаншып, 840 жылы Қарахан қағанаты дүниеге келді. Хандықтың іргесін көтеріп, мәртебесін асырғандар Білге Күл Қадыр хан, Әбдүлкәрім, Салтұқ Қарахан, Сүлеймен Жүсіп, Мұхаммед Насыр, Ыбрахым Арыстан, Қылыш Арыстан сияқты ақылына қайраты сай біртуар ерлер болған. Олар Шығыс Түркістан, Жетісу, Сырдария, Талас, Шу өңірін құтты қоныс етіп, Ордакент (Қашғар), Тараз, Үзген, Баласағұн, Мерке, Құлан сияқты қалаларда салтанат құрды. Бұл қалалардан шыққан керуен жолдары дүниенің төрт тарабына қан тамырындай тарап жатты. Күні бүтінге дейін қазақ даласында күңгірлеп тұрған Қарахан, Айша бибі, Бабәже қатын, Аяққамыр, Алаша хан, Сырлытам сияқты күмбездер сол қарахан заманының көзі. Қазақ даласына ислам дінінің деңдей енуі де — осы Қарахан қағанатының тұсы. Сөйлеу тілі түркіше болғанымен, жазуға келгенде түркіше, ұйғырша, арабша тілдерді қатар қолданған. Бирунидің „Минерология“, Жүсіп Баласағұнның „Құтты білік“, Махмұд Қашғаридің „Түркі тілдерінің сөздігі“ сияқты дүние жүзіне белгілі еңбектер де Қарахан қағанатында жазылды.

Қағанаттың түбіне сол баяғы алауыздық, тақ тартысы жетті. Алдымен Батыс және Шығыс Қағанаты болып екіге бөлінді (1069—1070 жж.). „Бөлінгенді бәрі алады“ деген

рас, Батыс Қарахан қағанаты алдымен Салжұқ сұлтандарының айтқанына көніп, айдауына жүрді. Кешікпей-ақ, қидандардың шабуылына ұшырады. Бара-бара қағанаттың шығысы түркі, батысы тәжік тілінде сөйлеуге көшіп, бірін-бірі түсінбейтін күйге жетті. Ақыры, 1212 жылы екі қағанат та дербестіктерінен айрылды.

Бүгінгі Орта Азия мен Қазақстандағы түркі тілдес халықтардың тарихи тағдырына Қарахан заманының ізі өшпестей болып қалған.

11. ҒАЗНАУИ СҰЛТАНДЫҒЫ. Орта Азияға тұяғын іліктіріп, қожа-моллаларын жерсіндіріп үлгерген арабтар ІХ—Х ғасырларға қарай жергілікті халықтарды бір-біріне айдап сала алатын деңгейге жетеді. Осындай шарпысулардың бірі 806—810 жылдары Амударияның оңтүстік қапталында Рафи Лейс пен Саман әулетінің арасында болады. Ислам жағындағы Саман әулеті жеңеді. Оның артында тұрған араб жаулаушылары Саман әулетіне ризашылығының белгісі ретінде Орта Азияның оңтүстігіндегі қалаларды өз қотанындағы қойдай үлестіреді. Саманның балалары Самарқан, Ферғана, Шаш (Тәшкент), Қорасан, Мауараннахр (Сырдария мен Амударияның ортасы) сияқты елді мекендердің иесі болып шыға келді. Алайда, жаттың сойылын соғып, бөтен елдің мүддесін қорғайтын билеушілерге жергілікті тұрғындар оңайлықпен бас ие қоймайтыны белгілі ғой. 962 жылы Ғазни қаласында Алып-Тегін бастаған күш Саман әулетінің билеушісін тақтан тайдырады. Осыдан кейін-ақ, Себук-Тегін (977—999 жж.), Махмұд Ғазнауи (998—1030 жж.), Маудұт (1041—1048 жж.) сияқты ақыл-қайраты кемел ерлер билігінің шекарасын кеңейтіп, Ғазнауи сұлтандығының іргесін орнықтырды. Орта Азияның біраз бөлігі, Ауғанстан, Иран, Үндістанның солтүстігі сұлтандықтың иелігіне қарайды.

Ғазнауи сұлтандығы ислам дінін ұстанып, араб жазуын тұтынған. Жазба тілі түрікше, арабша, парсыша болған. Бируни, Үтби, Әбіл Фазыл Байхаки, Гардизи, Фирдоуси сияқты әлемге әйгілі ғұламалар мен шайырлар осы ғазнауи сұлтандығында өлмес мұраларын дүниеге әкелген.

Ғазнауи сұлтандығы сырт күштің әсерінсіз-ақ, ХІІ ғасырдың соңына қарай жеке-жеке иеліктерге бөлініп, өзінен-өзі ыдырай бастады.

12. САЛЖҰҚ СҰЛТАНДЫҒЫ. Ұлы Даланы өз үйінде жайлаған түркі тайпаларының бірі — Қыпшақтар ХІ ғасырда Орта Азияға қанат жайып, алдымен оғыздарды

ығыстырады. Бір кездері Қорқыт ата бастап араб экспансиясына қарсы тұрған Оғыздар дүниенің төрт тарабына шашырай көшіп, бір бөлігі Еділ бойының татарларымен, келесі бөлігі Оралдың оңтүстігіндегі башқұрттармен сіңісіп кетті. Тіптен орыс княздіктері мен Рұмға (Византия) сіңген оғыздар да аз емес. Осы күнгі Болгария, Молдавия, Украина жеріндегі түркі тілдес гагауздар сол кезде шашыраған оғыздардың ұрпақтары.

Рас, Оғыздың ең көп бөлігі ата жұрты — Сырдария бойында қалды да, келесі бір мол бөлігі Иранның солтүстік шығысында байырқалап, болашақ түрікмен халқына ұйтқы болды. Міне, дәл осы жерде 1040 жылы әйгілі Салжұқ батыр сұлтандықтың іргетасын қалады. Аз уақыт ішінде Салжұқ сұлтандығы Орта Азияның оңтүстігінен бастап, бүкіл Иран, Ирак, Сирия, Әзірбайжан жеріне билігін жүргізді. Тіптен, 1071 жылы Рұмға тізе бүктіріп, Анадолыны толық иемденді. Тарихқа Түрік немесе Осман түріктері деген атпен еніп отырған Анадолы халқының тарихы осылай басталған. Салжұқтар басып алған жерлерінде Ирак сұлтандығы, Сирия сұлтандығы, Анадолы сұлтандығы сияқты иеліктер құрылды.

Салжұқ сұлтандығы Ислам дінін ұстанып, түркі, парсы, араб тілдерінде жазба мұралар қалдырды. Аса бай фольклорлық мұра ұрпақ жады арқылы бүгінге жетті. Соның ең айтулылары Қорқыт ата, Алпамыс батыр, Алдар көсе сияқты аяулы бейнелерге айналған. Қазақ халқы — оғыз заманынан жеткен күйлерді тартатын бірден-бір түркі тілдес халық.

XII ғасырдың орта тұсына қарай бытырап кеткен Салжұқ сұлтандығының орнында еңсе көтерген ел — түріктер болды. Олар кешікпей-ақ Осман түріктері деген атпен төңірегіне мойын бұрғыза бастады.

13. ХОРЕЗМШАХТАР МЕМЛЕКЕТІ. Орта Азияның оңтүстік өңірінде X—XII ғасырларда дәурен сүрген Ғазнауи сұлтандығы өз ішінде жеке-жеке иеліктерге бөлінген кезде, сол иеліктердің бірінің басында отырған Мұхаммед Ғазнауи өзгеден мойын оздырып, болашақ Хорезмшахтар атанған әулеттің негізін қалап, 951 жылдан бастап саяси-әлеуметтік дербестікте өмір сүре бастады. Мұнан кейін таққа отырған Алтыншаш, Аңуштегін, Гүршах, Атсыз сияқты әулет ұрпақтары Хорезмшах мемлекетінің даңқын көтеріп, Салжұқтардың билігінен біржолата азат болып, шекарасын Каспийдің солтүстік жағалауынан бастап Парсы шығанағына дейін, Кавказдан

бастап Гиндукушке дейін кеңейтті. Өмір салтында ішінара көшпелілік сақталғанымен, негізінен отырықшылық, суармалы егіс шаруашылығы бел алып жатты. Қалалық өмір халықтың біраз бөлігін қамтыды. Ислам дінін ұстанып, парсы жазуын тұтынды. Жазу тілінде түрікшені, парсышаны, арабшаны қатар қолданды. Монғол шапқыншылығына дейін Хорезмшахтар қоластындағы елдің аузында мынандай мәтел болған: „Бесқаладан (Аралдың жағалауы) Таразға дейін қашқан лақ тек қана үйдің үстімен жүгіріп жетеді“ „Сырдың басынан сағасына дейін ұшқан бұлбұл тек қана гүлге қонып жетеді...“

Хорезмшах мемлекетті XIII ғасыр басында Шыңғыс хан әскерінің шабуылынан ыдырап, XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда хандығының қол астына қарады. Мұнан соң 1388 жылы Ақсақ Темір Үргенішті талқандап, Хорезмді өзіне қаратты. Алайда, Алтын Орда хандығы да қол астындағы елді оңайлықпен уысынан шығарғысы келмей, мұндай талас-тартыстың зардабын Хорезм аттай бір ғасыр тартты. Осы күнгі Әмудария мен Сырдарияның арасында тарыдай шашылып жатқан Топырақ қала, Қойқырылған қала, Қырыққыз қала сияқты құм басқан қалалардың сан ғасырлық гүлденген өмірі сол кезден бері өлі қалпында жатыр. Хорезмді 1505—1512 жылдар аралығында аз ғана уақыт Шайбани хан биледі де, мұнан әрі Жошыдан тараған Өзбек әулеті иелік етті. Алайда, негізгі биліктің тізгіні Қоңырат тайпасының ақылына қайраты сай ерлерінің қолында болды.

Хорезм мемлекеті XVII ғасырдан бастап сырт күштің әсерінсіз-ақ бірте-бірте Хиуа хандығы болып таныла бастады.

14. КЕРЕЙ-НАЙМАН ОДАҒЫ. Көшпелілер тарихын түбегейлі танып-түсіну үшін, сөз жоқ, ру-тайпалар тарихы алдымен мойын бүрғызады. Ал, Еуразияның Ұлы Даласындағы тарыдай шашылған ру-тайпалар тарихын танып-түсіну үшін тарихи-этнографиялық терең біліктілікке қоса айрықша методологиялық зерде қажет. Саяси-әлеуметтік тағдыры ұқсас, мәдени-рухани қалыбы тектес көшпелі өмір салтағы ру-тайпаларға типологиялық тұтастықта ден қойған жөн. Әрбір ру-тайпаны бөлек-бөлек этнос сияқты қарастыру, түптеп келгенде, ең бір салиқалы ғылыми ізденістердің өзін қате тұжырымдарға ұрындырады. Өкінішке орай, біртұтас көшпелілер әлемін судай сапырылысқан ру-тайпалардың жеке-жеке тарихы сияқты қарастыру үрдісі әлі де тоқтамай келеді. Мұндай жаңсақ

методологиялық әдеттен құтылу үшін көшпелілердің әлеуметтік-этникалық құрылымындағы екі қасиетке айрықша назар аудару қажет. Ол, біріншіден — көшпелілердің әр түрлі жағдайға орай өз ішінен сараланып (этнодифференцирующие) отыратын қасиеті болса, екіншіден — кірігіп (этноинтегрирующие) отыратын қасиеті. Мәсе-лен, кез келген ру-тайпа ішіндегі жеті атаға толған әулеттер өз алдына ұраны мен таңбасын белгілеп, ұдайы оқшау ру болып шығып жатады. Алайда, мың жерден ру болып оқшауланып, дербес саяси-әлеуметтік ахуалға (статус) ие болғанымен, олар өзінің ата тегін, өсіп-өнген тайпасын әсте ұмытпайды. Толып жатқан салт-дәстүр арқылы сабақтасқан ру аралық байланыс нәтижесінде көшпелілердің этномәдени тұтастығы қамтамасыз етіліп отырады. Демек, көшпелілердің саралануы бір қарағанда олардың ру-руға бөлшектенуі сияқты болып көрінгенімен, шын мәнінде саяси-әлеуметтік аясын кеңейту болып шығады.

Ал, өзара кірігу қасиетін қалай түсінуге болады? Өмір ұдайы мамыражай, шуақты болып тұрмайды. Шабатын жау бар, ақсүйек жұт бар, тірі жанды отап кететін індет бар. Міне, осындай жағдайда селдіреп қалған рулар өздерінің этникалық жады (память) бойынша түп тегіне, бір кездері енші алып шыққан тайпасына қайта кірігіп отырады.

Яғни, көшпелілер әлемі бейнебір жанды организм сияқты, әр түрлі тарихи-әлеуметтік жағдайға орай бірде шарасынан асып төгіле ұлғайып отырса, енді бірде қайта тоғысып, өзара кірігіп отырады. Мұның өзі Еуразия көшпелілерінің кеңістік пен уақыт аясында өмір сүруінің кепілі болып отырған. Түптеп келгенде, көшпелілер тарихы дегеніміздің өзі осынау мың сан ру-тайпалардың өзара саралану немесе өзара кірігу тарихы болып шығады.

Олай болса, жеке рулар шежіресіне ден қойғанда олардың ұзына тарихындағы талай рет енші алып сараланған немесе талай рет қайта кіріккен жағдайын ескерер болсақ, кез келген руды бір ғана кіндіктен өрбіген ұрпақ деп елестетудің еш қисыны жоқ. Рас, далалық ауызша тарихнама (ДАТ) бойынша 20—30 атаға дейін көз жазбай, жіліктеп тарататын шежірешілдік дәстүрдің бар екеніне күмән жоқ. Мұны ұлттың тарихи зердесінің ерекше қасиеті ретінде мақтан тұтуға болады. Алайда мұндай қасиет кез келген руды бір кіндіктен тарады деп есептеуге айғақ бола алмайды. Көшпелілер дәстүрінде ағайын арасындағы балалардың бір-біріне ауысып жататынын былай

қойғанда, басқа рудан ауысқан адамның немесе жаугершілікте қолға түскен тұтқынның өзі ру ішіне сіңіп, солрудың құрамдас бір атасына айналып кетуі үйреншікті жағдай болған. Оған қазақтың ауызша шежіресінен де, жазбаша шежіресінен де мың сан мысал келтіруге болады. Бұлай болуының мәнісі, біріншіден — көшпелілер қоғамындағы әлеуметтік өмірдің біртұтастығы себепші болса, екіншіден — туыстық сезімге ұйтқы болатын рулық ұжым таптық жікке жол бермейді. Шаруашылық-мәдени типі біртұтас рулы елдің қам-харекеті бір, көші-қоны тұтас, көрер игілігі мен көтерер қиындығы ортақ. Демек, рулы елді тұтастандыратын қандас туыстықтан да бұрын, олардың әлеуметтік тағдырының ортақтастығы деуге негіз мол.

Мұндай ойдың жосығы Азияның апайтөсін ерте заманнан қоныс еткен Керей мен Найман тайпасына да тікелей қатысты.

Қытай мен монғолдың жазба деректері бойынша түркі тектес байырғы тайпалардың бірі — Найман. Қоныс еткен мекені — Хинганның таулы алабы, Алтайдың қос қапталы, Қара Ертістің шүйгін алқабы мен Зайсан көлі. Олар шығысында — Керейлермен, солтүстігінде — Қырғыз-Хақастармен, батысында — Қаңлылармен, оңтүстігінде — Ұйғырлармен шектескен (Г. Е. Грумм-Гржимайло. Западная Монголия и Урянхайский край. 2-том. Ы., 1926. 411-бет). Наймандардың төрт құбыласын бірдей түркі тектес тайпалардың қоршап жатуы, оларды монғол тектес тайпа еді деп келетін пікірдің қисынсыз екеніне дәлел болса керек. Н. Аристов, Г. Ховорс, П. Пауха, С. Мураяма, С. Аманжолов, Л. Л. Викторова, М. Мұқанов, Қ. Сартқожаұлы сияқты ғалым-зерттеушілер Найманның түркі тектес екенін бұлтартпас айғақтармен дәлелдеп берді. Әйгілі тарихшы Рашид-ад-дин Найман, Керей, Меркіт, Қырғыз, Қыпшақ сияқты тайпалардың дербес мемлекет құрғанын, олардың монғолдарға мүлде қатысы жоқ түркі тектес тайпалар екенін ашық жазады (Рашид-ад-дин. Сборник летописей. I-том. I-бөлім. М.-Л., 1952. 126-бет). 1246 жылы күйік ханның ордасында болған белгілі саяхатшы Плано Карпини Монғол империясынан көп бұрын монғол тектес тайпалардың Найман мемлекетіне салық төлеп тұрғанын жазған (Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука. М., 1957. 38-бет.).

Белгілі тарихшы Қаржаубай Сартқожаұлы Найманның түп төркінін VI—VIII ғасырларда тасы өрге домалаған Түркі қағанаты кезіндегі белді тайпалардың бірі Байырқулармен сабақтастырады. Ал, I—II ғасырларда Бай-

ырқулар әйгілі ғұндардың құрамында Дин-ли, Үн-ли деген атпен белгілі болғанын, содан II—VI ғасырларда Уху, Уге, Гао-гюн (биік арбалылар), Ти-ле, Те-ле деген атаулармен мәлім болғанын дәлелдейді. Сөз орайында, бұл атаулардың қытай тіліндегі мән-мағынамен жазылғанын ескерте кеткен жөн. Демек, Қытай жылнамасындағы мағыналық иероглифтерге қарап, ол кезде Наймандар өздерін солай атаған екен деп тұжырым жасауға болмайды. Алайда, Қытай жазбаларындағы ру-тайпалардың мекен-тұрағын, саяси-әлеуметтік тарихын, әр кезеңдегі атауларын қуалай қарастыру арқылы бүтінгі көптеген белгілі ру-тайпалардың тек-тамырын танып-түсінуге болады.

Міне, осы тәсілмен тарих қатпарларына үңілсек, бір кездегі Байырқулардың VII ғасырдың алғашқы жартысында біресе Түркі Қағанатына қарсы, енді бірде Тан империясына қарсы күресе жүріп, ақыры өзі тектес оғыз тайпаларымен бірігеді де, Тоғыз-Оғыз деген тайпалық атауға ие болады (Н. Я. Бичурин. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. I-том. М.-Л., 1951. 253-бет). Тоғыз-Оғыз тайпалық одағының ең белді руы Байырқулар болған. Олардың астанасы Тоғу (Тоғу-Тула) деп аталған. Бұл қала жөнінде Күлтегін, Білге-қаған, Тоңұқық құрметіне қойылған тасқашау (рун) жазуларында сөз болады. Улан-Батор қаласының оңтүстік-батысындағы Толы өзенінің бойында күні бүгінге дейін қаңқасы көрініп жатқан Тоғу қаласын Монғол империясына дейін Керейлер астана еткен (Рашид-ад-дин. Сборник летописей. I-том. I-бөлім. М.-Л., 1952. 127-бет).

Тоғыз-Оғыздар өзінің ұзына тарихында Түркі қағанатымен тіресіп өткен. Тектес тайпаларды бір-біріне айдап салуда Қытай саясатшылары да икемділік көрсетіп отырған. Бұған VIII ғасырдың бас кезінде Байырқулардың Қапаған қағанды өлтіріп, басын Тан империясының тыңшысы Хэ-Лунь-Цуаньға беріп жіберуі айқын дәлел (Н. Я. Бичурин. Көрсетілген еңбек. 273-бет). Түркі қағанатына қарсы күресте Байырқулар (Тоғыз-Оғыздар) Он-Ұйғырлармен тізе қосты. Кейін, Түркі қағанатының басынан бақ тайып, оның орнына Ұйғыр қағанаты шаңырақ көтергенде, қағанаттың бас қолбасшылары (Бас бұйрық) ұдайы Байырқу тайпасынан тағайындалып отырған.

Ұйғыр қағанаты кезінде Байырқулар өз ішінен екіге бөлініп, Сегіз-Байырқу және Тоғыз-Байырқу деп аталған. Сегіз-Байырқулар қағанаттың оң (Тардуш) қанатына,

Тоғыз-Байырқулар сол (Төлес) қанатына ие болған. Кейін Ұйғыр қағанатының билігі бүтіндей Тоғыз-Оғыздардың (Байырқулардың) қолына көшті. Бұл жағдайларды тұңғыш рет Қ. Сартқожаұлы әйгілі Терх жазуын дұрыс оқу арқылы бұлтартпай дәлелдеп берді.

Бұрынғы Байырқулар мен Он-Ұйғырлардың басын қосып қағанат құрған Тоғыз-Оғыздар 795—840 жылдары тақ үшін таласта өздерін өздері титықтатты. „Бөлінгенді бөрі алады“ дегендей, дәл осы тұста оңтүстігіндегі шоталардың, түстігіндегі қырғыздардың жойқын шабуылына ұшырады. Он-Ұйғырлар Наньшан, Қашғар жағына бытырай қашты. Қағанат құрамындағы едіз тайпасы Бесбалық, Тұрфан жағына ауды. Ал, Сегіз-Байырқулар мен Тоғыз-Байырқулар басқа түскен қиындыққа төзіп, сол ата жұртында қалды. Яғни, Хангай, Алтай, Тарбағатай, Кентай таулы аймақтарын қоныс етті. Кейін, 918—924 жылдары қидандар еңсе көтеріп, Енесай (Енисей) қырғыздарын басып алған соң, олар іргелес жатқан Сегіз-Оғыздарды „Найман аймағ“ („Сегіз тайпа“) деп атай бастаған. Алайда, сегіз-оғыздар X ғасырдан бастап „Найман“ деп аталғанымен, олардың „Сегіз“ деген сандық атауы XIII ғасырға дейін қосақтала айтылып келген.

Осы тұста, Тоғыз-Байырқулардың тағдыры не болды деген заңды сұрақ туады. Бұлар кейін керей тайпасы деген атауды еншілеген. Яғни, біздің жыл санауымыздың алғашқы ғасырларында жазба деректерде атала бастаған Байырқу тайпасы алдымен өз ішінде Сегіз-Байырқу және Тоғыз-Байырқу деген атаумен екіге бөлініп, кейін XII—XIII ғасырлардан бастап ру-тайпаның сандық атаулары нақтылы этникалық атауға ұласқан кезде олардың Найман және Керей тайпалары болып тарих сахнасына шыққанын аңғарамыз.

Найман тайпасының өз алдына мемлекеттік тұтастық құрып, төңірегін атақ-абыроймен жасқаған кезі — XII ғасыр. Бұл кезде ақылына қайраты сай Инан Білге (Бұқа хан) қаған билік құрды.

Өкінішке орай, дәл осы кезде, дәлірек айтсақ 1189 жылы әйгілі Шыңғыс (Темірші) тарыдай шашылған монғолдардың ханы болып, алысты, нысана еткен ақ қаптал саясатын жүзеге асыра бастайды. Өзін жер тәңіріне балаған Шыңғыс ханның сұңғыла саясатын жүзеге асыру жолында әрі ең негізгі тірек болған, әрі ең қиын кедергі болған Найман мен Керей тайпалары еді. Себебі алдында ғана Еуразияның байтақ даласына билігін жүргізген Түркі, Ұйғыр, Қырғыз қағанаттарының жұртын-

дағы ең күшті тайпалық одақ осы Наймандар мен Керейлер болатын. Шыңғысты (Теміршіні) шашыраған монғолдардың бас иесі етуде сол кездегі Найман ханы Инан Білге мен Керей ханы Тоғырұлдың (Уаң хан) ықпалы аз болмаған. Мұны Тұғырұлдың Шыңғысқа айтқан мына сөзінен айқын аңғаруға болады:

„Қара бұлғын ішігің,
Қор болып текке кетпесін.
Тозғындаған еліңді
Топтастырып берейін.
Бытыраған еліңді
Біріктіріп берейін.
Ай, дейтін болсын атасы,
Қой, дейтін болсын қожасы”

„Монғолдың құпия шежіресі” Өлгий. 1979. 40-бет).

Сөйткен Шыңғыс Монғол жұртына хан болған соң, кешікпей-ақ Найман мен Керейдің оңайлықпен асу бермес күш екенін біліп, әлді тайпаларды бір-біріне айдап салу саясатына көшеді. Мұны түптен болжап, тереңнен сезетін Инан білге қағанның былай дегені бар: „Күншығыстағы аз монғол қыр көрсеткенді шығарды... Күн мен Ай аспанды үнемі жарық ету үшін жаралған болар. Ал, жерде екі хақан болуға бола ма?.. Енді сол аздаған монғолды иеленіп алайық”. Сонда ақылгөй Гүрбесу: „Қайтесің сол монғолдарды, қоңырсыған иісті, қомыт-қомыт киімді емес пе?”—деп менсінбеген екен. („Монғолдың құпия шежіресі” Өлгий. 1979. 91-бет).

„Жауды аяған — жаралы” деген рас, Шыңғыс ханның астыртын әрекеттері алдымен Тұғырұлы ханның түбіне жетті. Кешікпей-ақ Инан білге қаған да дүние салды. Осыдан кейін керей мемлекеті үш хандыққа, Найман мемлекеті екі хандыққа бөлініп, Тұғырұлдың баласы Сенген мен бауыры Ерке Қараның арасы, Инан білгенің балалары Таян хан мен Бұйрық ханның арасы тақ үшін тартыс барысында бітеспестей болып алшақтап кетті. Оның есесіне Шыңғыс ханның асығы алшысынан түсіп, киіз туырлықты көшпелілер тізгінін жеке дара ұстауға мүмкіндік алды. Нәтижесінде бір кездері киіздей тұтасып жатқан қалың Найманның әр әулеті бас сауғалап, осы күнгі Алакөл, Балқаш, Жетісу, Есіл, Сырдария, Ұлытау аймағына қоныс аударды. Көпшілігі басқа түскен ауырлық-тауқыметке көніп, Алтай өңірі мен Ертіс алқабындағы ата жұртында қалды.

Бір кездері Ақбалық, Найман сүме, Тарсакент сияқты

қалалары болған, байырғы рун жазуынан бастап, кейінгі ұйғыр жазуына дейінгі жазуларды меңгеріп-дамытқан ғұламалары шыққан, сөйтіп көшпелілер арасында білік-дегдарлығымен даңқы жайылған Найман тайпасына Шыңғыс ханның шаңды жорығы қаншалықты аласапыран күй кештіргенімен, оларды жойып жібере алмады. Арада әлденеше ғасыр өтіп, қоныс-тұрағы мыңдаған шақырымдық аймаққа жайылып жатса да Найман тайпасы өзінің тарихи жадын көмескілеместен, текті мәдениеті мен тарихи дәстүріне қылау түсірместен Қазақ хандығы шаңырақ көтерген кезде орнықты бір керегесіндей болып іргесін бекітті.

Мінеки, Найман мен Керей тайпасы туралы көнеден жеткен жазба мұраларды, тарихи деректерді көктей шолып, түйіндей айтқан ойдың жосығы осындай.

Осы ретте, тарихи нақтылы айғақ-дерек пен ауызша шежіренің арасында сәйкес келе бермейтін тұстардың бар екенін ескерте кеткіміз келеді. Мәселен, тарихи айғақ-деректе „Найман“ сөзі нақтылы кісінің есімі емес, тайпаның атауы болса, ауызша шежіре Найманды тарихи адам ретінде таратады. мұндай мысалдарға далалық ауызша тарихнаманың (ДАТ) төл ерекшелігі ретінде қараған жөн. Ауызша әңгіменің және оны тыңдаушылардың көбінесе нақтылы адам өмірін бірінші кезекке шығарып отыратын өз дәстүрі бар. Сондай-ақ, шежіре сөздің көп вариантты болып келуі де — табиғи құбылыс. Яғни, нақтылы айғақ-дерек пен ауызша шежірені шендестіре отырып, шын тарихымызды тану — ғылыми зерденің міндеті.

Рас, ауызша жеткен шежірелердің де берер дерегі айрықша бағалы. Ондай деректер көбінесе тарихи тұлғаларымыздың өміріне, мінез-бітіміне, айтқан сөздеріне, әрекет-тірлігіне, араласқан ортасына қатысты болып келеді. Сонымен бірге, ғасырлар қойнауында қалған оқиғалардың эмоциялық әсері суымастан, тарихи шындығы бұрмаланбастан (себебі этностың жады жеке адамдарға өтірік айтқызбайды) ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырған. Сөз жоқ, мұндай қасиет көшпелілер мәдениетінің ерекше айғағы ретінде ден қойғызуға тиіс.

15. МОҒОЛ ӘУЛЕТІ. Түркі тайпалары әр түрлі тарихи жағдайларға орай бірде шарықтап, бірде құлдырап, тайпа көсемдерінің өзара бәсеке бақастығы әлсін-әлсін тайпа аралық шарпысуларға себепші болып отырғанымен, ақ бас тарихтың ұзына бойында иісі түркілік әлем тұтастыққа үмтылу пиғылынан ешқашан айныған емес. Бұған соңғы үш

мың жыл аясында Еуразияның апайтөс даласын дендей қамтып, еңсе көтерген қағанаттар, ұлыстар, дәулеттер, елдер, ордалар, хандықтар, сұлтандықтар, әулеттер куә. Осынау иісі түркілік тұтастыққа ұмтылушылық түркі тектес тайпалардың кіндік мекені Орта Азияда айрықша белсенділікпен жүзеге асып отырған. Мұның өзі XIII ғасырдың бас кезінде айқын бел алып, Шығыс Түркістаннан бастап, бүкіл Жетісу өңірі мен Оңтүстік Сібірге дейінгі байтақ алапта ежелден мекен еткен түркі тайпалары қайтадан тұтастана бастады. Олар тарих сахнасына „Моғолдар” деген атпен шығып, мемлекетін „Моғолстан” деп атады. Моғолдар атауын монғолдармен шатастыруға болмайтынын, Моғолстанның түркі тектес тайпалардан құралған мемлекет екенін Жалайыр Қадырғали би Қосымұлы, Мұхаммед Хайдар Дулат, Шоқан Уәлиханов, В. В. Григорьев сияқты білікті ғалымдар бір ауыздан мойындайды. Әрине, бұған ең алдымен, сол Моғолстан өңірін ежелден түркі тектес тайпалардың мекен етіп, күні бүгінге дейін кіндік үзбестен өмір сүріп келе жатқаны күмәнсіз айғақ болса керек.

Моғолстан мемлекетінің іргетасын 1206 жылы Жеңісхан қалады. Табиғи географиялық жағдайға орай көшпелі өмір салт пен қалалық өмір қатар өркендеді. Негізінен Тәңірілік дінді ұстанғанымен, оңтүстігіндегі қалалық өңірде христиан, ислам діндерін ұстанушылар да болды. Ұйғыр жазуын тұтынды. Жазу тілі түрікше еді. Кейін бұл кезеңнен жеткен мұралардың тілін шағатай тілі деп атайтын ұғым қалыптасты.

Моғолстанның алғаш еңсе көтерген кездегі территориялық тұтастығына монғол шапқыншылығы көп өзгеріс енгізді. Шыңғыс ханның кіндігінен тараған ұрпақ Моғолстан жерін 1207—1228 жылдар аралығында өз қалауларынан бөлшектеп, жеке-жеке иеліктерге айналдырды. Моғолстанның солтүстік өңірі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханның ұлысына қарады. Оңтүстік Алтайдан бастап Әмударияның оң қапталына дейінгі өңір Шыңғыс ханның екінші баласы Шағатайға тиіп, ордасын Іле бойына тікті. Иелігін Шағатай ұлысы деп атады. Жергілікті Қоңырат руынан шыққан Мәуке би, Барлас руынан шыққан Қарашар би Шағатайдың оң тізесі мен сол тізесін басып отыратын кеңесшілері болды.

Ертістің жоғарғы ағысы мен Алтайдың қалың қатпар таулы аймағы Шыңғыс ханның үшінші ұлы Үгедейдің еншісіне тиді. Ғұн заманынан келе жатқан көшпелілердің дәстүрі бойынша Шыңғыс хан шаңырағына (ата жұрты

Монғолияға) кіші баласы Төле ие болды. Кейін Төленің балалары Мөңке мен Құбылай билік құрған тұста Үгедей ұлысын өздеріне қосып алып, шығысындағы қалың қытайға үстемдігін жүргізді. Дәл осы тұста, Шыңғыс ханның тағы да бір немересі Хұлағу хан Моғолстанның оңтүстік батысынан бастап, Иран мен Ирак елдеріне дейін басып алып, Хұлағу әулетінің негізін қалады. Сөз орайында, Бабыр бастап барып Үндістанды билеген Ұлы моғол әулетінің де атауы Моғолстанмен байланысты екенін айта кеткен жөн.

Міне, Моғолстан мемлекеті осылай бөлшектенді. Алайда, Моғолстан атауы көпке дейін жойылған жоқ. Шағатай әулетінен шыққан Тоғлұқ Темір 1348 жылы хан болып сайланған соң, өз иелігін Моғолстан деп атады. Бұл осы күнгі Қазақстанның оңтүстік шығыс өңірі мен Қырғызстан жері еді.

Бір жағынан Ақсақ темірдің шаңды жорығы, бір жағынан қалмақтардың қанды жорығы, ол аз дегендей өз ішіндегі ақсүйектердің тақ үшін таласы, ақыры XVI ғасырдың бас кезінде Моғолстан мемлекетінің біржолата ыдырауына әкеп соқты. Сырдария бойындағы қалалар Әбілқайыр ханның иелігіне (1446 ж.) көшті. Жетісу мен Қырғызстанға Есенбұға хан ие болып қалды.

Осы кезде Алтын Орда мен Ақсақ Темір арасындағы бітпес текетірестен әбден ығыр болған көшпелі тайпаларды Жәнібек хан мен Керей хан бастап әкеліп, Есенбұға ханға қосылды. Болашақ Қазақ хандығының дербес шаңырақ көтеруіне осынау тарихи ұлы көш бірден-бір себеп болды.

16. АЛТЫН ОРДА. Шыңғыс ханның тау суындай қарқынды жорығы XIII ғасырдың 40-жылдарына дейін, бір ұрпақтың көз алдында Еуразияның Ұлы даласына толық үстемдік жасап үлгерді. Алғашқыда Жошы ұлысы деген атпен шаңырақ көтерген мемлекет кешікпей-ақ қанатын кеңейтіп, Алтын Орда атанды. Шығысында Балқаш көлі мен Ертіс бойынан бастап, батысында Қара теңіз бен Дунай өзеніне дейінгі өңір Алтын Орданың иелігінде болды. Әсіресе, Жошының бел баласы Бату ханның (1236—1256) батыл қимылдары Алтын Орданың мемлекеттігін біржолата орнықтырып, батысында Венгрия мен Польшаға дейінгі жерді, оңтүстігінде Кавказдың біраз бөлігін қол астына қаратты. Бату ханнан кейін Берке (1257-66 жж.), Мөңке-Темір (1266-80 жж.), Туда-Мөңке (1280-87 жж.), Төле-Бұқа (1287-91 жж.), Тоқты

(1291—1312 жж.), Өзбек (1312-42 жж.), Жәнібек (1342-57 жж.) сияқты хандардың тұсында Алтын Орданың даңқы аспандап, аяқ жетер жердегі елдерді ықтырып отырды.

Найзаның үші, қылыштың жүзімен шаңырақ көтерген Алтын Орданың халқы мейлінше алашабыр еді. Олар ислам, христиан және Тәңірлік дінді ұстанып, ұйғыр жазуын тұтынды. Жазу тілі негізінен шағатай тілінде жүргізілді. Алтын Орданың астанасы Берке сарайында, ақ Бату сарайы. Үргеніш, Хорезм, Сығанақ сияқты қалаларында ғылыми ізденістер, қолөнері және әдебиет айтарлықтай дамыды. Ғалымдар ілгеріде өткен Фараби, Ибн Сина, Бируни, Сығанаки, Иассауи, Бақырғани сияқты ғұламалардың асыл мұрасына ден қойып, ілгері дамытса, ақын-жазушылардың ең көрнектілері: Рабғузи „Қиссасу-л-анбия“, Әли „Қисса Жүсіп“, Сайф Сарай „Гүлстан“, Саһди „Бустан“, Хорезми „Мұхаббатнама“, Хұсам Катиб „Жұм-жұма“, Құтб „Хисрау Шырын“, „Фархад-Шырын“ Сейдахмет „Таһшшукнама“, „Салнама“ Дүрбек „Жүсіп — Зылиха“ сияқты әдеби мұраларын дүниеге әкелді.

Алтын Орда халқының этникалық құрамы әр текті болғандықтан да олардың шаруашылық-мәдени сүлелері (типтері) де алуан түрлі болды. Солардың ішінде Дешті Қыпшақ деп аталған далалық өңірін Қыпшақ, Арғын, Қоңырат, Керей, Уақ, Қаңлы, Найман сияқты түркі тілдес тайпалар қоныс етіп, олар негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысты.

Алтын Орданың мемлекеттігін әлсіретіп, ақыр аяғында ыдырауға соқтырған себептер: бірінші — этникалық әртектіліктен туған сепарациялық ұмтылыстар, екінші — ақсүйектер арасындағы билікке таласушылық, үшінші — сырт күштің бел алуы. Бұрын славян әскерін „сәнге“ жеңетін көшпелілер 1380 жылы әйгілі Куликово даласында Мәскеудің князі Дмитрий Донскойдың әскерімен болған шайқаста итжығыс түсті. Жығылған үстіне жұдырық дегендей 1391 және 1399 жылдары Ақсақ Темірдің әскері алтын Орданы есеңгірете екі дүркін соққы берді. Ол аз болғандай, өз ішінде Тоқтамыс хан мен Едіге хан бірінің түбіне бірі жеткенше қырқысты. Нәтижесінде XV ғасырдың соңын ала Алтын Орда өз ішінде Қазан, Қырым, Астрахан (Ноғай), Қазақ, Өзбек хандықтарына бөлініп тынды.

17. ҰЛЫ ТЕМІР ҰЛЫСЫ. Шыңғыс ханның алақұйын жорығынан кейін Алтын Орда тұсында Ұлы Даланың

тұрғындарының ес жинап, еңсе көтеріп, түркілік тұтастықтарын қайта жаңдандыратын мүмкіндіктері де, ынтасы да бар еді. Алайда, иісі түркі тектес халықтардың сорына тарих сахнасына Темір шықты. Тарағай бектің баласы Темірдің шыққан тегі монғолдың түріктенген Барлас тайпасы болатын. Ұлы Далада бұл сияқты түріктенген дүбаралар мейлінше көп еді. Олардың ар-иманын сатып көксейтіні — ел қамы, халық тағдыры емес, биліктің тізгінін ұстау ғана болатын. Сондағысы, берісі монғол екенін, әрісі Шыңғыс хан ұрпағы екенін бұлдайтын. Ал, олардың төрелік ындыны ел мен елді, тайпа мен тайпаны қырқыстырып, жазықсыз жұрттың қанын төгуге себепші болып отырды. Сол кездегі Алтын Орда, Моғолстан, Шағатай ұлысы, Ирандағы Хұлағу әулетінің тарихы билік үшін қырқысқан мың сан сатқындықтан тұрады. Өзінің әскери қызметін бір шоғыр (отряд) ғана салт аттылардың басшысы болып бастаған Темір осынау қанқасап тақ тартысының ортасында өсті. Ол Шыңғыс ханның кіндігінен тараған ұрпақ болмағандықтан, мұрагерлік жолмен биліктің тимейтінін жақсы білген. Сондықтан да биліктің тізігіне қулығын асырып қана қол жеткізуге болатынын жақсы түсінген. Түсінгендіктен де өзінің мүдделес жорықтасы, Балқы мен Самарқанның әмірі туған жездесі Хусейнді 1370 жылы дарға асып, Мауараннахрдың билігіне ие болды. Осыдан кейінгі 35 жыл бойында (1370—1405) басқан ізінен қан шұбырып жүріп, аттың тұяғы жетер жердің бәріне билігін жүргізбекші болды. Қарсылық көрсеткен елдің жауынгерлерін 2 мыңнан 4 мыңға дейін топтап, тірідей көму жазасын соғыс тарихында алғаш рет Темір қолданды.

Ұлы Темір ұлысы Орта Азия мен Иранға қанат жайғанымен, түптеп келгенде, түркі тектес халықтардың тарихи тағдырына зор кесел келтірді. Ол түркі халықтарынан әскер жасақтай отырып, өздерімен өздерін қырқыстырды. Көктей шолып өтуге болады: әйгілі Үргенішке бес рет шабуыл жасап, ақыры жермен-жексен етті, Хорезмді шапты, Түрікменстанды басып алды, Алтын Орданың құлауына себепші болды, Қазақ даласын, бүкіл Дешті Қыпшақты, Жетісу бойын талай рет қанға бөктірді, Қазақстанның оңтүстігіндегі Отырар, Сауран, Асы (Түркістан), Сайрам қалаларын күшпен алды, Еділ бойындағы Сарай Берке, Астрахан сияқты қалаларын қиратты, Түрік сұлтаны Баязидті Анкара түбінде күйрете жеңді, Әзірбайжанды аяусыз қырғынға ұшыратты, Ақ Орданың ханы Тоқтамыстың түбіне жетті... Қысқасы, Үндіні, Иран

мен Иракты тонап қайтатын жорықтарынан басқасының бәрі, түптеп келгенде, түркі әлеміне қарсы соғыс болды. Нәтижесінде түркі тектес халықтар өркениетінің тарихи дамуына жойдасыз нұқсан келіп, оның зардабы ғасырларға созылды.

Рас, Ақсақ Темірдің тұсында Орта Азияның санаулы-ақ қалаларында құрылыс жұмыстары, қолөнері өркендеді. Иран, Ирак, Үнді сияқты елдерден сүзіп әкелген қыруар байлық пен сол елдерден қойдай айдап келген әйгілі құрылысшыларға Самарқандағы Бибі ханым мешітін, Шах-и Зинда және Гөр Әмір кешенін, Түркістандағы Ахмед Иассауи мазарын салдырды. Перен ұсталарға әсем мүліктер соқтырды. Мұның бәрі де, түптеп келгенде, Ақсақ темірдің өз мақсатын жүзеге асырып, өз даңқын арттыру үшін жасалған жұмыстар еді.

Темірдің қол астындағы ел ислам дінін ұстанды. Ұйғыр мен араб жазуын тұтынды. Жазу тілі көбінесе шағатайша, парсыша болды.

Темір ұлысының ішкі құрылымы өктем күшке сүйенген жеке-жеке феодалдық әмірліктерге бөлінді. Олардың әрқайсысының басында тархан дәрежесін алған жер иеленушілер отырып, бір мезгілде 10 мың жауынгер шығарып беруге міндеттенді. Өз әмірлігіндегі биліктің тізгінін өз қолына алған тархандар Темірдің тірі кезінің өзінде-ақ бір орталыққа бағынуға құлықсыз болды. Темірдің көзі жұмылысымен, әскердің күшімен құрылған империя ыдырап, жеке-жеке әулетке, хандыққа, дәулетке бөлініп кетті.

18. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ. Біздің жыл санауымыздың екінші мың жылдығы бұған дейінгі иісі түркілік тұтастықтың енді түркілік бөлшектенуге ұласып, Еуразия қос құрлығында түркі тектес ұлттардың өзіңдік этникалық тұлғасын даралай бастаған кезі еді. Орта ғасырдағы Ұлттық дараланулар, этностенудің (этнизация) шындалуы жалпы адамзаттық дамумен байланысты болғандықтан, бұл процесс тек түркі тектес халықтарға ғана емес, әлемнің басқа халықтары үшін де ортақ болды. Осынау тарихи ұлы саралану барысында өзінің ата жұртында қазақ халқы да ел болып іргесін айырып, ұлт болып шаңырақ көтерді.

Монғолдардың жойқын шабуылынан кейін, Шыңғыс ханның кіндігінен тараған ұрпақты ел басына отырғызу Тәңірінің жазуындай заңдылыққа айналды. Мұндай

үрдісті қазақ халқы еш қарсылықсыз қабыл алды. Оның өзіндік сыр-себебі бар еді.

Біріншіден, „Жер — төбесіз, ел — төресіз болмас“ деп келетін дәстүр Шыңғыс ханнан арғы замандардан келе жатқан үрдіс болатын. Сақ, Скиф, Ғұн, Түркі қағанаты заманынан бастап ел билейтін рулар дараланып отырған. Жеті жұрттың тілін біліп, Қытайда жеті жыл оқып келген дана Тонұқыққа қаған бол дегенде, „Жоқ, мен аналық — Ашиде руынан шықтым, ата салты бойынша қаған болу аталық — ашына руынан шыққандардың жолы“ деп жауап беретіні сондықтан. Яғни, дәстүрлі ұғым бойынша елдің төресінің болуы атақ та емес, лауазым да емес, ең алдымен этникалық статус, елдік рәсімнің елеулі бір айғағы болған. Тіптен, „төре“ сөзінің мән-мағынасы түркі тіліндегі „төр ие“ „төрдің иесі“ деген ұғымды білдіретінін айта кеткен жөн. Шыңғыс ханның ұрпақтарын монғол болғандықтан „төре“ демеген, қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен өктемдік көрсеткеніне қарамастан, ел басында болған соң „төре“ деп атаған. Бұл дәстүрдің ел санасындағы беріктігі сонша, кейін орыстың отаршыл әкімдерін де „төре“ деп атайтын болды.

Екіншіден, Шыңғыс хан ұрпағының ел басына отыруын қазақтардың шам алмауының себебі монғолдар да көшпелі өмір салтағы жапсар ел еді. Кісілік қалыптарында қазақтармен көп ортақ қасиеттері болды. Тіптен, қазақ пен монғол тайпалары ежелден тығыз араласып, құда-андалы болып, бірінің тілін екіншісі жақсы меңгеріп алған. XV ғасырдан жеткен „Түркі шежіресі“ („Шаджарат ал-атрак“) атты еңбекте Шыңғыс ханның қазақ тілінде еркін сөйлеп, ойын өлеңмен жеткізе алатыны айтылады (В. Г. Тизенгаузен. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. 2- том. М.-Л., 1941. 203—204, 263—264 беттер). Шыңғыс хан қазаққа әрі жиен, әрі күйеу болса, қиын-қыстау кезде Керейдің Оң (Тоғырұл) ханы сияқты ірі тұлғаның қолдауын көріп, онымен анда болса, дүниеге Жошы, Шағатай, Үгедей, Төле сияқты төрт ұл келтірген Бөрте ханым Қоңыраттың қызы болса, ең соңында әлемді ат тұяғымен таптаған әскерінің сапында қазақ жауынгерлері болса, Шыңғыс ханның қазақша сөйлегеніне емес, монғолша сөйлегеніне таң қалу керек шығар. Қысқасы, осы сияқты жағдайларға байланысты, Шыңғыс ханның әулеті қазақ даласына үстемдік құрғаннан кейін бірер ұрпақ алмаспай-ақ жергілікті халықтың тілі мен дініне бүтіндей бой ұсынып үлгерді. Ол былай тұрсын, арада бірер ғасыр өткенде

Шыңғыс хан әулетінен тараған төрелер қазақ халқының тәуелсіздігі үшін, басқаны былай қойғанда, монғол-қалмақтармен соғысып, сол жолда қанын төгіп, жанын берді.

Міне, қазақ хандығының тарихын қыдыра шолып, хандары туралы сөз қозғағанда осы жағдайлардың қаперде болғаны жөн.

Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының кіндігінен тараған ұрпақтың жазба деректерде кездесетіні мыналар: Орда-Ежен, Бату (Сайын), Тоқай-Темір, Берке, Беркешар, Шайбан, Танғұт, Буал (Татар), Шыладкүн, Сұңқар, Шымпай, Ұдұр, Мұхаммед (Төбел), Шынкұм, т. б. Осылардың Тоқай-Темірінен Өз-Темір туады. Одан Қожа, одан — Орыс хан, одан — Құйыршық хан, одан — Барақ хан туады. Міне, осы Барақ ханның тұсында астанасы Сығанақ қаласы болып, Қазақ хандығының шаңырағы көтеріледі. Осынау ел болу жолындағы ұлы дүмпуге Жәнібек (Әбу-Сағит) хан мен Керей хан қолдаса дем беріп (1456—1477 жж.), Қазақ хандығының іргесін біржолата орнықтырды. Жәнібек хан Барақ ханның бел баласы, Керей хан болса Барақ ханның ағасы Болат сұлтанның баласы еді. Яғни, Жәнібек пен Керей — немере.

Ол кезде Алтын орданың сынықтары сияқты Ақ Орда, Көк Орда, Сары Орда (Сырлы Орда) атанған хандықтардың бәрінде де осы күнгі қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалар болды. Олар негізінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын. Жеке-жеке хандықтар арасындағы бәсеке-бақастық өз алдына, бір хандықтың ішіндегі талас-тартыстың өзі әбден шегіне жете ширыққан түс еді. Әрине, мұндай ауырлық-тауқыметті алдымен тартатын қара халық екені аян. Міне, дәл осы аласапыранда Жәнібек пен Керейдің батыл қимылдап, Әбілқайыр ханмен ат құйрығын кесісіп, Шудың солтүстік қапталындағы Қозыбасы деген жерге орда тігуі, ең алдымен көшпелі қазақтардың ел болып, еңсе көтерсек деген ынтасын оятты. Бірер желпініп қонса солтүстігінде керіліп Сарыарқа жатыр, оңтүстігінде — Шу мен Сыр бойының жолбарыс жортқан қалың нуы. Жазы — шүйгін жайлау, саумал самал, қысы — панасы мол шұрайлы жыныс. Жалпақ қазақ өзінің әлімсақтан бергі стихиясымен қайта табысқандай болады. Ол кезде Моғолстанның жұртын күзеткендей болып Есенбұға ханның (1432—1464 жж.) шалажансар хандығы Жетісуды мекен ететін. Бір шеті Дешті Қыпшақ даласынан (дұрысы көшпелілер даласынан), келесі шеті Өзбек хандығынан түріле көшкен ел, Есенбұғаның иелігін

баса-көктеп келіп, Жәнібек пен Керейдің маңына шоғырланды. Осы күнгі ғылым тілінде „көшпелі өзбектер“ деп жүргендердің бәрі көшпелі қазақтар болатын. Оған XV ғасырдың 50—70 жылдар арасында Әбілқайыр ханның қол астынан 200 мыңдай адамның қотарыла көшіп, Жәнібек хан мен Керей ханның қол астына келуі, сөйтіп Қазақ хандығының күш-қуатын еселеп арттырып, мәртебе-мерейін аспандата көтеріп тастауы дәлел болса керек.

Осы орайда, айта кетуді қажет ететін бір мәселе, Жәнібек пен Керейден көп бұрын өзінің „қазақ“ этнонимін орнықтырып үлгерген, сөйтіп этникалық тұтастығын сезініп үлгерген көшпелі ру-тайпалардың бәрі бірдей Қазақ хандығының шаңырағы көтерілісімен Қозыбасына тайлы-тұяғы қалмай көшіп келді деген ұғым тумасқа керек. Көшпелі қазақтардың басым көпшілігі атамекенінде отырып-ақ Қазақ хандығының шаңырағын көтерісіп, уығын шаншысты. Мұның айғағын, сол кездің өзінде-ақ Қазақ даласының батыс шалғайында Астрахан хандығына қарсы, оңтүстігінде Әбілқайыр мұрагерлеріне қарсы күрескен қазақ руларының әрекетінен айқын көруге болады.

Қазақ хандығының тақ иесі жасы үлкен Керей хан болса, ақыл иесі Әз-Жәнібек болды. Екеуі қолдаса қимылдап жүріп, елдің көсегесін көгертті.

Қазақ хандығының тізгіні Керей ханнан кейін оның баласы Мұрындық ханның (1480—1511 жж.) қолына тиді. „Ит ұяласынан қорықпайды“ дегендей, кеше ғана қазақ-өзбек болып қақ бөлінген елдің жапсары әлі де ара-дара күйде еді. Әсіресе, Сыр бойының жүйеленген суармалы алқабы мен қалалары үшін болған талас-тартыс әлсін-әлсін қан төгіске де ұласып отырды. Әбілқайырдан өрбіген Шайбани әулеті бір жағынан, Керей мен Жәнібектен өрбіген ұрпақ екінші жағынан текетірес күй кешті. Алайда, туыстас ел-жұрт өкпеге қиса да өлімге қимайтын принципті көбірек ұстаңды. Мұрындық тұсында Қазақ хандығының іргесі Созақ, Сығанақ, Сауран қалаларын біржолата иеленіп, Шайбани ханды қос өзен арасына ығыстыру арқылы едәуір кеңейді.

Алайда, еңсесін жаңа көтерген елдің ішкі-сыртқы саясатын ұршықтай үйіріп, тарихтың қиын өткелінен тайдырмай алып шығу үшін Мұрындық ханнан да гөрі тегеурінділеу әрі көрегендеу көш басшы керек болды. Ондай хан Қазақ халқының тарихында ақыл-қайратымен ұмтылмастай із қалдырған Қасым хан (1511—1523 жж.)

еді. Ол кешегі ақылгөй Әз-Жәнібектің баласы болатын. Шешесі жағынан Мұхаммед Шайбани ханмен сүйектес.

Бәлкім, әкесінен дарыған қасиет болар немесе сол кездің жай жағдайына байланысты ма екен, әйтеуір Қасым хан мейлінше қанды аз төгіп, ұпайды көп жинау саясатын ұстанды. Ол мақсатына белгілі дәрежеде жетті де. Қазақ халқы өзінің осы күнгі мекен-тұрағын негізінен Қасым ханның кезінде орнықтырды. Тек мекен-тұрақ қана емес, елдік жөн-жоралғылар, билік-заң үрдістері, көш-қонның жол-жобалары, ру-тайпаның қоныс жайлаулары біртұтас елдік қалпымен осы кезде сараланды. Қысқасы, Еуразияның Ұлы Даласында мыңдаған жылдар бойы классикалық көшпелілікті өмір салты еткен ел-жұрт тарихи аласапыран кезеңдерді бастан кеше жүріп, киіз туырлықтылар қайта тұтастанды. Қасым билеген Қазақ хандығы өзінің дербес тұлғасымен алыс шет елдерге танылып, Еуропа жұртына мәлім бола бастады. Австрия дипломаты Зигмунд Герберштейннің „Мәскеу істері жөніндегі жазбалар“ деген белгілі еңбегінде Қасым хандығының жай-жапсары, ол хандықты құрап отырған қазақ халқы туралы құнды ойлар жазылған.

Қасым ханның ел үшін еткен еңбегін, төккен терін халқы „Қасым салған қасқа жол“ деп атап, ұрпаққа өнеге етіп қалдырды. Қасым ханға топырақ Сарайшық қаласынан бұйырды.

Қасым хан дүние салған соң, оның баласы Ақназар ер жетіп, ел тізгінін қолына алғанға дейінгі он бес жылда Қазақ хандығы өзінің ішкі-сыртқы саясатында біраз тоқырауды бастан өткерді. Хандықтың тағына Мамыш (1523—1524 жж.), Тайыр (1524—1529 жж.), Бұйдаш (1529—1533 жж.), Ақымет (1533—1537 жж.), Тоғым (1537 ж.) сияқты Қасым ханның ағайын-тумалары бір-бір отырып шықты. Алайда бұлар хандықтың саяси-әлеуметтік өміріне айта қаларлықтай жаңғыру дарыта алмады. Соған қарамастан, бір кездегі Керей мен Жәнібек негізін салып, Мұрындық пен Қасым әрі қарай шыңдаған елдік қасиет өзінің көшелі арнасынан жаңыла қойған жоқ.

Қазақ халқының бағына, кешікпей-ақ ел тізгінін Ақназар хан (1538—1580 жж.) ұстады. Қазақ хандығын аттай 42 жыл басқарған Ақназар ханның барша іс-әрекетінен бір қасиет айқын аңғарылады. Ол — тек қана көшпелі қазақтар емес, иісі түркі халықтарының ендігі даму болашағы сол иісі түркі халықтарының бірлігінде, мүдделестігінде екенін терең сезінді. Мұны батыстағы

Ноғай Ордасы үшін, оңтүстігіндегі қырғыз ағайындар үшін, солтүстігіндегі Сібір хандығы үшін бел шешіп араласқан шешімді әрекеттерінен айқын аңғаруға болады. Әсіресе, іргесіндегі Шайбани әулеті билеген Түркістан уалаятымен арада шын мәнінде туыстық сенімге негізделген қарым-қатынас орнатуға қол жеткізді. Қазақ хандығына қарайтын көшпелі ру-тайпалардың Еділ мен Жайықты еңдей жайлап, Қызылқұм мен Сыр бойын көсіле қыстай бастауы да осы кезден басталған. Нәтижесінде әлі де болса ел шетінде шашырап жүрген қазақтың ру-тайпалары бұрынғыдан да гөрі хандықтың қуатын арттырады.

Түркі тектес халықтардың қандастық аралас-құраластығы әлі де жалғасын тауып, туыстық сезімдері әлі де суымағанымен, Орта Азиядағы қаптаған хандықтар мен уалаяттар арасындағы тақ тартысы, билік таласы төре әулеттерінің арасында толастамаған. „Таста тамыр жоқ, төреде бауыр жоқ“ дегендей, Тәшкенттің билеушісі Баба Сұлтанның жансыздары 1580 жылы Ақназар ханға у беріп өлтірді. Баба сұлтан Шағатай әулетінен, Наурыз-Ахметтің немересі, әкесі Халел сұлтан. Бұл әулет өмір бойы Шайбани ұрпақтарымен қырқысып өткен. Шайбанидің немересі, Бұхар ханы Абдолла мен Ақназар арасы жақсарып бара жатқанынан қауіптенген Баба сұлтанның Ақназарға у бергізуінде осындай гәп бар.

Ақназардан кейін Қазақ хандығының басына Шығай хан (1580—1582 жж.) отырды. Әз-Жәнібектен туатын Жәдіктің баласы Шығай бұл кезде жасы біразға келіп қалған. Алайда ол өзінің баласы Тәуекелді саяси істерге ерте араластырып, әрі әскери жорықтарға қатыстырып, ел ісіне көз қанықтырып үлгерген. Баба сұлтанның Ақназарды өлтірткен әрекетінен кейін, Шығай өзінің баласы Тәуекелді ертіп Бұхар ханы Абдұллаға келеді. Абдұлла Шығай хан мен Тәуекелді құшақ жая қарсы алып, Ходжентті сыйға тартады. Ондағы ойы, ата дауы Баба сұлтанға қарсы Шығай ханмен тізе қосып күресу еді. Ақназарды өлтірткен Баба сұлтанға қарсы Шығай ханның да атарға оғы болмайтын. Ниет бір болған соң, 1582 жылы Абдұлла мен Шығай тізе қосып, Баба сұлтанға қарсы Ұлытау жорығына аттанады. Осы жорықта Шығай хан қайтыс болып, сүйегі Бұхар мағындағы Құмышкент деген жерге қойылады.

Қазақ хандығының ендігі бас иесі де, мұрагері де Тәуекел еді. Тәуекел хан (1582—1598 жж.) таққа отырысымен ата жауы Баба сұлтанды Сауранда қолға түсіріп,

басын кесіп, кесілген басты Абдулла ханға беріп жібереді.

Тәуекел хан билік құрған кезде оңтүстіктегі қалалы өңірлердің есебінен Қазақ хандығының іргесі едәуір кеңейді. Бірде, дипломатиялық икемділік көрсете жүріп, енді бірде әскери орамдылықтың арқасында Ташкент, Әндіжан, Ақси, Самарқанд сияқты қалаларды Қазақ хандығының иелігіне қаратты. Шығыстан бас көтере бастаған жоңғар-қалмақтардың (ойраттар) қомағай ындынына тойтарыс беріп отырды. Тәуекел хан тұсында Ресеймен арада елшілік байланыс орнап, мемлекет басшыларының арасында ресми хат-хабар жолдау қалыптасты.

Осының бәрінде де бұрынғы өткен хандар мен қағандардың дәстүріне бағып, елдің шеті, жаудың бетінде Тәуекел ханның өзі бас болып жүрді. Содан да болар, Тәуекел хан фәни жалғанмен тақ үстінде отырып қоштасқан жоқ, Самарқанд пен Бұхара қалалары үшін болған қанды шайқаста қатты жараланып, кешікпей дүние салды.

Мұнан кейін қазақ хандығының тағына Тәуекелдің інісі Есім сұлтан (1598—1628 жж.) отырды. Әрине, Есім сұлтан кездейсоқ хан болған адам емес еді. Мұрагерлік жолмен келсе де, ақыл-қайратына жүгінсе де, сол кезге кейін қазақ халқы үшін еткен еңбегі мен төккен терін сараласа да, хан болуға бірден-бір лайық адам болатын. Қазақтың „Еңсегей бойлы ер Есім“ деп ерлігіне сүйінетін адамы, „Есім салған ескі жол“ деп даналығын тәу ететін адамы осы Есім хан.

Есім ханның хандық құрған тұсында Жоңғар хандығы қаһарлы күшке айналып үлгерген еді. Күні кешелер дүниені тітіреткен Шыңғыс хан ордасының сол қанаты осы жоңғарлар болатын. Әлемдік билікке ұмтылған ашкөздіктен кейін Монғол империясы шілдің қиындай шашырап, ата жұртының өзінен береке-бірлік қашқан. Екі-үш ғасырға созылған осынау ара-дара аласапыраннан кейін тірліктің негізі бірлікте екеніне көздері жетіп, XVI—XVII ғасырлар жапсарында Монғолияның батыс аймағынан Жоңғар мемлекетінің іргесі қалаңды. Осынау шешуші қадамға ұйтқы болған билеушілердің бірі Қара Құланның баласы Батыр қонтайшы (1635—1653 жж.) Жоңғар хандығының еңсесін көтеріп кетті.

Жоңғар хандығының қазақтар үшін қаһарлы күш болатын себебі, олар да өмір салты бір, салт атты көшпелілер еді. Сол кезге дейінгі мыңдаған жылдық тарихта шығысында Қытайды, батысында Еуропаны ықтырып кел-

ген көшпелілер мекенінен іргелес екі мемлекеттің — Қазақ хандығы мен Жоңғар хандығының тарих сахнасына шығуы, әсіресе Ресей мен Қытайды бейтарап қалдырмады. Олар қайтсе де, осынау тау суындай екпінді екі мемлекетті бір-біріне айдап салып, ғасырлар бойы бүйірлеріне қадалған „шаншудан“ құтылуды ойластырды. Бұл мақсатты жүзеге асыру жолындағы қулық-сұмдықтары жөнінен Ресей мен Қытай бірінен-бірі асып түсті. Әсіресе, Ресей жоңғарлармен елшілік байланыс орнатып, отты қарулармен астыртын жасақтап, оларды қайтсе Қазақ хандығымен арандатудың неше түрлі зымыян шараларын жасады. Ресей патшалығы ойластырған осы шаралардың ішінде, Жоңғар мемлекетінің Торғауыт; Дүрбіт, Хошауыт сияқты іргелі тайпаларына Еділ бойынан қоныс беруі қазақ пен қалмақ арасындағы жүз жылдық соғыстың отын тұтатуға себепші болды. Екіге бөлінген жоңғар-қалмақтың ортасында керіліп жатқан қазақ даласы кешікпей-ақ қанды шайқастар алаңына айналды. Осынау жүз жылдық қантөгіс салдарынан салт атты көшпелілердің үш мың жылдық өркениеті біржолата күйреп, ол өркениеттің соңғы тұяғы Ресей патшалығына бодан болғаны, ал Жоңғарлардың ата жұртынан жойылып кеткені тарихтан аян.

Міне, осы сияқты жойқын өзгерістің, қатерлі дауылдың алғашқы дүмпуімен Есім хан беттесті. Қазақтың қалмақ басқыншыларына қарсы алғашқы шайқастарының бірі Ыстықкөл үшін болған еді. Бұл соғыста әскерді Есім ханның өзі бастады.

Жоңғар-қалмақтың тегеурінін сезген Есім хан Бұхардағы, Тұрфандағы, Қашғардағы, Қырғыздағы ел-жұртпен тіл табысуда икемділік көрсетті. Ташкент қаласында қырғыздың Көкім биінің құрметіне әйдіңгер күмбез соқтырды. Есім хан өз інісі Күшік сұлтанның қызын Тұрфан билеушісі Абд ар-Рахимге беріп, өзі оның қызына үйленді. Сөйтіп, жоңғар-қалмақ шабуылына алаңсыз қарсы тұруға жағдай жасай білді.

Тек сыртқы саясатта ғана емес, елдің ішкі жағдайында да Есім хан орнықтырған жөн-жоралғылар, тәртіп-талғамдар аз емес. Түптеп келгенде, „Есім салған ескі жол“ деген сөздің мәні де Есім ханның тұсында жасалған далалық заңдарға байланысты айтылған. Қоныс-тұраққа, мал-мүлікке, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа қатысты туындайтын дау-шардың шешімдері осы кезде сараланды. Мұның өзі кейін Тәукенің әйгілі „Жеті жарғысына“ негіз болып, қазақ халқының мәдени-рухани

және салт-дәстүр қалыптарының төлтумалығын шыңдай түсуге ықпал етті. Әсіресе, жаугершілік заманда елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға бағытталған заңдары Есім ханның шын мәнінде мемлекет тұрғысындағы ірі қайраткер екенін көрсетеді.

Қай кезде де ел бағына біткен ақылды басшы өз тұсындағы әрекет-тірліктің игі нәтижесін келер күндерге ұластыра білген ғой. Опасыз жалғанға аз күнгі қонақ екенін жақсы білген Есім хан да өзінен кейінгі тақтың мұрагерін от пен судан өткізіп, қапысыз дайындағандай. Ол — Есім ханның өз кіндігінен туған Жәңгір болатын. Есім хан 1645 жылы дүние салған соң, Қазақ хандығының тағына Жәңгір хан (1645—1652 жж.) отырды. Халық оны ел үшін еңіреп туған ерлігіне бола „Салқам Жәңгір“ деп атаған. таққа отырмай тұрып-ақ, оның ғажайып ерлігі жалпақ қазақ арасы былай тұрсын, көрші елдерге аңыз болып тараған. Бұл орайда, Жәңгір ханның 1644 жылы 600 жанкешті сарбаздарымен жоңғардың 50 мың әскеріне қарсы тұрып, жеңіске жетуі жалпы соғыс тарихында сирек кездесетін оқиға екенін айта кеткен жөн. Жер жағдайын ұрымтал пайдаланып, Жоңғар тауының бел кезеңіне ұрымтал бекінген Жәңгірдің санаулы-ақ сарбазы жоңғардың 50 мың әскеріне қасқайып қарсы тұрады. Аз қолды таптап өтпек болып, қиын қияға ұмтылған дұшпан әскері 10 мыңдай адамын шығындайды. Осы кезде, жорыққа аттанарда, жаушы арқылы хабар салған Жәңгірдің сәлеміне құлақ асып, іле атқа қонған Алшын Жалаңтөс батыр 20 мың әскерімен жоңғар жауынгерлерінің ту сыртынан тиеді. Бұл соғыста күйрей жеңілген жоңғарлар көпке дейін үлкен қайрат көрсете алмады.

Қазақ пен жоңғар арасындағы жағдайды қапысыз бақылап отырған Ресей патшалығы көшпелі екі елдің арасындағы өшпенділік отын осы кезде үрлей түсіп, жоңғарларға Сібір арқылы отты қару сата бастайды. Отты қарумен жарақтанған жоңғарлар 1652 жылы қазақтарды ойсырата жеңеді. Осы соғыста Жәңгір хан қаза тапты.

Хан ордасын Түркістан қаласының басында ұстау Жәңгір хан тұсында басталды.

Жәңгір өлгенде оның балалары Тәуке мен Апақ жастау болатын. Содан да болар, 1680 жылы Тәуке хан таққа отырғанға дейін қазақ хандығының тізгіні Жәңгірмен мүдделес сұлтандардың қолында болды. Ел билігіне жастайынан көзі қанып өскен Тәуке хан (1680—1718) таққа отырысымен ел бірлігіне тірек болатын шараларды батыл

жүзеге асыра бастайды. Бұл орайда, Тәуке ханның ел үшін сіңірген ерен еңбегі екі қырымен айрықша назар аударады. Бірі, елдің іргесін аман сақтауда сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізіп, сырттан анталаған көп дұшпанға бел алдырмағаны. Екіншісі, елдің ішкі жағдайын реттеудегі саяси-праволық тәртіпті орнықтыруы.

Сыртқы саясатта Тәуке хан қазақ елінің терезесін көрші елдермен тең ұстады. Ресей патшалығымен елшілік алмасып, екі жаққа да пайдалы сауда істерін жүргізуге ден қойды. Түрік сұлтаны мен Қызылбас (парсы) шахы туралы „олардың менен несі артық“ деп, өзінің ақыл-парасаты мен хандығының күш-қуатын өрелестіреді. Әйгілі „Алты алаш“ сөзі Тәуке ханның тұсында мемлекеттің ішкі құрылымына байланысты айтылған. Атап айтқанда: 1. Ұлы жүз (Төле би), 2. Орта жүз (Қазыбек би), 3. Кіші жүз (Әйтеке би), 4. Қырғыз (Қоқым би), 5. Қарақалпақ (Сасық би), 6. Қият, Қатаған, Жүз сияқты рулар. Мұндай құрылым, әсіресе жоңғарлардың басқыншылық әрекетіне ілкімді қарсылық көрсету үшін қажет болды. Осы орайда, Тәуке ханның шын мәнінде көреген қолбасшы, ақылды реформатор ретінде танылғанын атап өткен жоқ. Әсіресе, әскери стратегиясы мен тактикасы жөнінен салт атты көшпелілердің сан ғасырлық соғыс және қорғаныс тәжірибесін одан әрі шыңдай түсті деуге болады. Күні бүгінге дейін қазақ даласының еңселі биіктерінде мүлгіп тұрған мұнаралар сол Тәуке хан заманынан жеткен ескерткіштер. Аралары бес-он шақырымдық мұндай мұнараларды қырағы қарауылшылар күзетіп, жау қарасы көрінсе ұран отын жағатын болған. Отынына байланысты шығатын түтіннің түсі, мұнара мойнынан бөліп-бөліп шығаратын түтін будағының үзіктері сырттан келе жатқан жаудың санына қатысты, қашықтығына қатысты, жүріс жылдамдығына қатысты деректерді білдірген. Одан гөрі нақты деректі мұнара қарауылшысы ат үстінде тұрып білдіре алған, ат үстінде алуан түрлі қимыл жасап, ары-бері қозғалу арқылы алыстан хабар беретін мұндай тәсілді „атой салу“ деп атаған. Осынау қысқа-қайырым деректің өзі-ақ Тәуке хан тұсында Қазақ хандығының мемлекеттігін қорғауға бағытталған шекаралық қызметтің бір жүйеге түскенін көрсетеді.

Тәуке ханның ел ішіндегі тәртіпті реттеуге қатысты жүргізген саяси-праволық шаралары қазақ тарихында „Тәукенің жеті жарғысы“ деген атпен белгілі. Ойдың орайында айта кету қажет, „Жеті жарғы“ сөз болғанда заңның небәрі жеті түрі болған екен немесе бар-жоғы

жеті жарлық екен деп тұжырымдауға болмас. Сондай-ақ Тәукенің айналасында жеті би болып еді, солардан қалған бір-бір өсиет қой деудің де қисыны жоқ. Мұндай топшылаулар, сөз жоқ, қазақ халқының тарихындағы аса құнды праволық ескерткіштің мәнін түсінбегендік болып шығар еді. „Жеті жарғы“ сөзі, біздің ойымызша, „киелі жарғы“ деген мағынада қолданылған. Қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде орныққан „жеті ата“ „жеті жұрт“, „жеті су“, „жеті қат көк“, „жеті қат жер“ „жеті ата жау“ „жеті басты дәу“ „жеті безбүйрек“, „жеті дария“, „жеті кент“, „жеті қазына“, „жеті тылсым“, „жеті шәріп“, „жеті нан“, т. б. деп келетін тұрақты тіркестер бар. Мұның бәрі де „ең киелі“, „ең шегіне жеткен“, „ең үлкен“, „ең күшті“, деген мағынада қолданылады. Демек, „жеті жарғы“ сөзі сандық мағынаны емес, мәндік мағынаны білдіріп, „киелі жарғы“ дегенге саяды.

Шын мәнінде Тәуке ханның „жеті жарғысы“ қазақ халқының этникалық болмысымен санасу арқылы, шаруашылық-мәдени сүлесін ескеру арқылы және елдің географиялық орналасу ерекшелігіне орай жасаған мемлекеттің саяси-праволық заңы болатын. „Жеті жарғы“ арқылы далалық демократия, дәлірек айтсақ, көшпелілер демократиясы, өзінің ұзына тарихында шырқау биікке көтерілді. Бұған дейінгі үш мың жылдық тарихта хан мен қағанды тәңіріге балап келген халық өзі тап болатын бақты да, сорды да сол хан мен қағанның қылық-қасиетінен көріп келсе, Тәукенің „Жеті жарғысынан“ кейін біртұтас қазақ халқы өз тағдырының тізгіні өз қолында екенін сезінді. Халық өз ішіндегі тәртіп пен сыртқы қорғанысқа ең алдымен өзі жауапты екеніне мойын ұсынды. Тәуке хан мұндай демократиялық үрдіске „Билер кеңесін“ құру арқылы қол жеткізді. Тәукенің төңірегіндегі Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты әйгілі билер халық өкілі болғандықтан, ой-әрекеттерін өрелестіретін шешуші сәттерде ханды басып кетіп отырды. Себебі мемлекеттің заң шығаратын, шешім қабылдайтын билігі билердің қолында болса, ханның міндеті сол шыққан заң мен қабылданған шешімді мүлтіксіз жүзеге асыру болды. Рас, бұл жерде заң шығару, шешім қабылдау ісіне хан мүлде араласпайды деген ұғым тумады. Тәуке хан енізген демократиялық биліктің икемділігі сонда, ел тағдырына қатысты істе тек қана ақыл мен қайратқа алдымен жол беріліп отырды. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Бұқар жырау, Махамбет ақын, Сүйінбай ақын сияқты ұлы тұлғалардың тіреп тұрған әскері болмаса да, шалқып жатқан дәулеті болмаса да,

қарсы келген ханға қасқайып тұрып сын айтып, кемшілігін бетіне шыжғырып басқандай ететіні, сонсымен мәртебе-мерейінің аспандай түсетіні, ең алдымен халқының сөзін сөйлеп, халқына арқа сүйегендіктен. Даланың бұл сияқты демократиялық үрдісі ел ішінен шын мәнінде дана бидің, тапқыр шешеннің, көреген қолбасшылардың сұрыпталып шығып отыруына себепші болды. Әрине, мұндай үрдістен көшпелілер қоғамы Тәуке ханға дейінгі өзінің ұзына тарихында мүлде құралақан болып еді деп, ауызды қу шөппен сұртудің қисыны жоқ. Тәуке ханның тарихи еңбегі, өзіне дейінгі сан ғасырдың өмір тәжірибесін, көшпелілердің демократиялық үрдістерін жинақтап қорыта келіп, елдің бірлік-пәтуасына қызмет ететін тетікті таба білуінде. Сондықтан да, халқы оның есімін „Әз-Тәуке“ деп қастерлеп атады.

Тәуке хан дүние салған соң Болат хан (1718—1726 жж.) таққа отырды. Бұл Тәуке ханның бел баласы еді. „Жақсыдан жаман туар бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туар адам айтса нанғысыз“ дегендей, ханның аты „Болат“ болғанымен, заты болжыр болды. Дәл осы Болат ханның тұсында орталық хандық билік әлсіреп, әр жүздің өз ханы дербес билікті күйттеген жаман дәстүр бел алады. Дәл осы Болат ханның тұсында Жоңғар хандығы өзінің ең жойқын шабуылын жүзеге асырып, қазақ халқы „ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаға“ ұрынды. Бұл қазақ халқының басына қасірет бұлтын үйірген, ең бір жойқын қырғынға ұшыратқан, елді ата жұртынан бездірген сұрапыл кезең еді.

1718 жылғы Аякөз түбінде қазақ пен жоңғар ит-жығыс түскен қанды қырғыннан кейін Жоңғар хандығы шешуші шайқасқа қапысыз дайындалады. 1723 жылы қазақ даласын әйгілі „ақ мешін“ жұты шарпыды. Сол жылдың ерте көктемінде жұттан тұралап шыққан елге жоңғардың 70 мың әскері тұтқиылдан лап қойды. Бұл шабуылдың жалпы әскери басшылығы жоңғар ханы Суан Рабданның інісі Шоны Дабаға сеніп тапсырылды. Шоны Даба қазақ даласын тұтастай жайпап өту үшін 70 мың әскерін жеті шепке бөліп, олардың бір мезгілде әрі ширақ, әрі аяусыз қимылдауына жарлық береді.

Бірінші шепті Суан Рабданның өзі бастап, Іле өзенінің батысын бетке алды.

Екінші шепті Суан Рабданның баласы Қалдан Серен бастап, Балқаш көлі арқылы Қаратауға беттеді.

Үшінші шепті Суан Рабданның інісі Құлан Бату бастап, Алтай мен Еміл арқылы Көкталға шүйлікті.

Төртінші шепті Суан Рабданның немересі Әмірсана бастап, Нұра өзенінің алабын сыдырып өтті.

Бесінші шепті Қалдан Сереннің 18 жесар ұлы Серен Доржы бастап, Шелек өзеніне шеру тартты.

Алтыншы шепті Қалдан Сереннің тағы бір ұлы Лама Доржы бастап, Ыстықкөл өңіріне құлдиы.

Жетінші шепті Суан Рабданның ағайыны Даба Доржы бастап, Шу бойын қыстап шыққан қалың елге қырғидай тиді.

Жоңғарлардың осынау сүргін шабуылы қазақ халқының үштен екісін қырып жіберді. Бұл сияқты ұлы шығын қазақ халқының мұнан кейінгі ғасырларда беттескен нәубеттеріне себепші болумен бірге, сол нәубеттерге қарсы тұру қабілетін солғындатты.

Жоңғарлардың 1723 жылғы ірі жеңісінен кейін Қазақ хандығының оңтүстік шығыс өңірі жаудың иелігінде қалды. Орта жүз бен кіші жүздің көшпелі өміріндегі аралас-құраласы үзілмегенімен, өз алдарына бөлек-сөлек хандарын көтеріп алды. Әз-Жәнібектен туатын Жәдік сұлтанның ұрпағы Тәуке болғанда, сол Тәукенің бір баласы Сәмеке еді. Міне, осы Сәмеке (1726—1734 жж.) Орта жүзге хан болып, Ордасын Түркістанда ұстады. Қазақ жауынгерлерінің басын құрап, жоңғарлардың шабуылына қарсылық көрсете жүріп, сыртқы саясатта Ресейге арқа сүйеуге ден қойды.

Сәмекеден кейін Орта жүздің ханы Болаттың баласы Әбілмәмбет (1734—1771 жж.) болды. Тарих сахнасына Абылай (Әбілмәнсүр) сұлтан шыққанға дейін, Әбілмәмбет айта қаларлықтай тегеурінді қимылдармен көзге түсе алмады. Бұл кезде Әскен (Әжі) сұлтанның баласы Әбілқайыр Кіші жүзге хан (1731—1748 жж.) болып, Ресей патшалығының қол астына қарау жөнінде ант (1731 ж.) қабылдап үлгерген. Рас, ол кездегі қазақ халқының тарихи тағдыры қыл үстінде тұрғаны ақиқат. „Ақтабан шұбырындыда“ тоз-тозы шыққан Қазақ хандығының байтақ мекенін жоңғар қалмағы бар, Бұхар мен Хиуасы бар, Қытай мен Ресейі бар тұс-тұстан анталап, пышақ үстінен бөлісіп алуға әзір еді. „Қашқан жауға қатын ер“ дегендей, ең арғысы Еділ қалмақтары мен башқұрттар да балақтан тартып, берекені кетіріп тұрған кез. Осындай қиынқыстау кезеңде Әбілқайыр ханның ықпал етуімен Орта жүзден он екі би мен сұлтан, Кіші жүзден он екі би мен сұлтан шығып, Ресей патшалығына бодан болуға мойын ұсынды. Қазақ халқының қоң еті ойылғандай болып, бай-

тақ жатқан Кіші жүз елі жат жұртқа бодан болып кете барды.

Әрине, болар іс болды. Өткен іске өкініп, „бәлкім, олай болмай, былай болғанда қайтер еді, сонда отаршылықтың тұқымымызды құртуға айналған қыл тұзағынан аман қалар ма едік“ деп, құмалақ ашудың қисыны жоқ. Өйткені, орысқа бодан болмаған күнде не күй кешетінімізді ешбір әулие ешқандай көріпкел айтып бере алмас еді. Ал, орысқа бодан болудың нәтижесін көзіміз көріп, басымыздан кешіп отырмыз.

Сөз орайында, сол кездегі Қазақ хандығының саяси, әлеуметтік және әскери өміріне белсене араласқан екі Әбілқайырдың болғанын айта кеткен жөн. Оның бірі — Кіші жүздің ханы, Ресей патшалығына бодан болатын Әбілқайыр (1693—1748 жж.). Бұл Әбілқайыр тарихи әдебиеттерде Қазақ хандығының негізін салған Әз-Жәнібектен тарайтын Өсек сұлтанның ұрпағы Әскен (Әжі) сұлтанның баласы деп жазылып жүр. Қазақ хандығының дәстүр-талабы бойынша Өсектің ұрпағы қазақ сұлтандарының кіші буыны деп есептеліп, оларға хан тағына мұрагер болу хұқы берілмеген. Ауызша шежіре де, тарихи деректер де Барақ сұлтанның Әбілқайырды өлтіру себебін, өлтірген соң билер талқысында ақталып шығу себебін осыдан деп айтады (В. В. Вельяминов-Зернов. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Часть вторая. СПб. 1864. 368—370-беттер).

Сол кездегі төре тұқымын бір адамдай білетін Шоқан Уәлиханов Әбілқайырдың тегін мүлде басқаша таратады. Шоқан бойынша: Барақ хан, одан Жәнібек, одан Сүйік (ең кіші баласы), одан Бөлекей-Қоян, одан Батыр хан, одан Айшуақ сұлтан, одан Ырыс, одан Хажы сұлтан, одан Әбілқайыр хан. Әбілқайырдың тұсына Шоқан: „1730ншысында ол Русияға табыс болған, 1748ншысында өлген“ деп жазған (Ч. Ч. Валиханов. Собрание сочинений. А.-А., 1964. 3-том 185-бет).

Бұл екі дерек те, мейлі Өсектің ұрпағы болсын немесе Сүйіктің тарайтын тұқымы болсын, Кіші жүзге хан болатын Әбілқайырға келіп тіреледі.

Ал, екінші Әбілқайыр — Абдолла сұлтанның баласы. Мұны даланың ауызша шежіресі де, тарихшылар да „қарт Әбілқайыр“ дейді. Абдолла сұлтан Тәшкентке хан болатын Тұрсынның баласы. Ақназар ханның немере інісі Тұрсын Мұхаммед Ташкентке хан болып тұрған кезінде ант аттап, ағасы Ер Есімнің қолынан қаза тапқан. Бұл жөнінде Есім ханның маңында болған Марғасқа жыраудың „Ей,

Қатағанның хан Тұрсын, кім арамды ант ұрсын...’ деп келетін белгілі өлеңі бар.

Есім хан інісі Тұрсынды өлтіруін өлтіргенімен, оның баласы Абдолланы далаға тастамайды. Есім хан жас Абдолланы өз баласы Жәңгірдің тәрбиесіне береді. Жәңгірден туатын Тәуке үш жүздің ханы болған кезінде, Абдолла Ұлы жүзге хан болады. Осы Абдолладан Әбілқайыр мен Жолбарыс туады. Жоңғар қоңтажысы Сыбан Рабдан қазақтарға қарсы соғысу ниетін ашық білдіріп, 1711 жылы Тәуке хан Қарақұмда құрылтай шақырғанда, бүкіл қазақ әскерінің ханы (мүкәддама ләшари) болатын — осы Әбілқайыр. Бұл кезде Кіші жүзге хан болатын Әбілқайырдың жасы небәрі 17-де ғана. Осы құрылтайда Қанжығалы Бөгенбай қазақ әскерінің бас қолбасшысы болып, „сардар“ атанады. Ұлы жүздің ханы Абдолла өлген соң, 1721 жылы әкесінің орынына хан сайланатын да осы „қарт Әбілқайыр“, Кейін „ақтабан шұбырынды“ болып, Ұлы жүздің халқы ауа көшкенде, бұл Әбілқайыр өзінің әскери тәжірибесін бүтіндей елдің азаттық үшін күресіне арнайды.

Абдолланың Әбілқайырын 1652 жылы өлген Жәңгір хан асырап алғанда, өзінен-өзі 1731 жылдары „қарт Әбілқайыр“ атанады ғой. Ал, бұл кезде Кіші жүзге хан болатын Әбілқайыр небірә 38 жаста. Белгілі тарихшы М. Тынышбаевтың „...Үш жүздің қазақтары (1730 жылдың бас кезінде) ортақ жауға қарсы үзеңгі қағыса жүріп, тас түйін бірлікпен соғыса білді. Ол кезде “бас қолбасшы қарт Әбілқайырдың өзі еді” деп жазуында осындай гәп бар. Қарт Әбілқайыр 1730 жылдардың қанды шайқасында мерт болып, сүйегі Ахмет Иассауи ғимаратына қойылды. Бұл күндері Иассауи ғимаратының қазандық бөлмесінде тұрған көк тас, кезінде осы Әбілқайырдың басына қойылған.

Абдолла сұлтанның Әбілқайырмен бірге туған Жолбарыс дейтін баласы бар еді ғой. Ол „ақтабан шұбырынды“ кезінде Орта жүздің ханы Әбілмәмбеттің, кейін Абылай ханның маңында болды. Шоқанның Абылай туралы тарихи очеркінде 1759 жылы Абылай орыс сарайына өзінің туысқаны Жолбарыс сұлтанды жұмсап, оған награда сұрады...” деп жазатын адамы осы Жолбарыс.

Болса да Әбілқайыр сөз болған соң, Дешті Қыпшақ атанған байтақ қазақ даласындағы көшпелі бабаларымыздың әйгілі хандарының бірі Дәулет Шайхының баласы Әбілқайырды (1412—1468 жж.) да айта кеткен жөн. Бұл Әбілқайыр Жошы ханның кенжесі Шайбаниден тарайды.

Кейін осы Әбілқайырдың немересі Шах Бұдақ сұлтаннан туатын Мұхаммед Шайбани Мауараннахрда өз алдына хандық құрып, Шайбани мемлекетінің шаңырағын көтерді. Осыдан кейін шежіре жүзіне де, ғылым тіліне де Жошының Шайбанинен тарайтын ұрпақ „Шайбанилер әулеті“ болып орнықты. Алғашқыда Хиуа мен Бұхар хандығына, кейін Өзбекстанға негіз болған осы Шайбанилер әулеті құрған мемлекет.

Ресейге бодандықты мойындап, Кіші жүзге хан болатын Әбілқайырды 1748 жылы Қабырға өзенінің бойында Барақ сұлтан өлтірген соң, Әбілқайыр кіндігінен өрбіген Нұралы, Ерәлі, Есім, Айшуақ сияқты ұрпақтары бірінен соң бірі таққа отырып келіп, ақыры ХІХ ғасырдың бас кезінде хандық тізгіннен біржолата айырылды. Ресей патшалығына Кіші жүздің бодан болуы, әсіресе ішкі Бөкей ордасының құрылуы орыс отаршылдары үшін көшпелілерге билігін жүргізудің саяси-элеуметтік сынақ алаңы сияқты болды.

Қазақ халқының бағына ХVІІІ ғасырдың отызыншы жылдарында тарих сахнасына Абылай (Әбілмансұр) шықты. Әйгілі „ақтабан шұбырындыдан“ кейін қазақтың хан-қара, би-төре, бай-батырлары ел болудың жалғыз ғана жолы күш біріктіру екеніне көз жеткізген. Көз жеткізіп қана қоймай, ашынып атқа қонып, ақырып жауға аттанғандай болып бас қосқан. Нәтижесінде, 1726, 1727, 1729, 1730 жылдары үш жүздің де ішінен тіленіп шыққан жауынгерлердің күшімен жоңғарларға есінен тандыра бірнеше дүркін соққы берілді. Қазақ халқының халық болып қалуына кепіл болған әйгілі шайқастар Бұланты, Сілеті өзендерінің бойында, Қарасире (Қарасиыр) алабында, Аңырақай даласында өтті. Бұл жеңістердің ақырын қайырлы етуді ойлап, ел ұжымының баянды болуын көксеген қазақтың Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты дана билері осы жылдардың бірінде Қарасире мен Сарысу өзенінің арасында тұрған киелі тасқа үш жүздің таңбасын басты. „Таңбалы тас“ аталып кеткен осынау қасиетті белгі Қарағанды облысындағы „Сарысу“ кеңшарының орталығынан 35 шақырым, Қызылжар станциясынан 10 шақырым жерде тұр. Таңбалы тасан 4 шақырым жерде Кіші жүзден шыққан Қабанбай батырдың сүйегі жерленген соң „Қабанбай қорымы“ аталып кеткен қалың зират бар. Таңбалы тастың оңтүстік-батысынан бұл күндері Қалмаққырылған деп аталатын өзен ағады.

Жоңғар қалмақтың жүз жылға созылған қанды жо-

рығына біржолата тойтарыс берілген осынау сыны мол кезеңде тарих сахнасынан Абылай хан (1711—1781 жж.) көрінді. Абылай ата даңқын жамылып немесе мұрагерлік жолын бұлдап көрінген жоқ. Ол елі үшін қар жастанып, мұз төсеніп жүріп, қан майданда қанды көбік жұтып жүріп, ерен ерлігімен танылды, ақыл-парасатымен мойындалды. Орта жүздің ханы Әбілмәмбет 1739 жылы өз еркімен хан тағынан түсіп, Жасыбай көлінің жағасында ақ киіздің шетін ұстасып, Абылайды хан көтерді. Дәл сол жылы Қалдан Серен Қытаймен бітімге келіп, қазақ даласына қайтадан шабуыл жасауға қамданған кезде Абылай елдің амаңдығын ойлап, Ресейге ант беру үшін 1740 жылы Орынборға келеді.

Рас, жазба деректерде, әсіресе Ресейдің ресми құжаттарында Абылайдың хан болған мерзімін Әбілмәмбет өлетін 1771 жылдан бастайды. Бұл түсінікті де, Ресей отаршылары үшін Абылай сияқты ақылына қайраты сай адамды хан деп мойындамау, сол арқылы тақтан дәмелі төрелердің қолтығына су бүркіп, алауыздық тудыру негізгі мақсат болатын. Демек аққаптал саясат ұстанған жат жұрттың саяси-дипломатиялық тәсіліне иланып, тарихи шындықты тәрк етудің еш қисыны жоқ.

Тарихи шежірелік деректер бойынша Абылай хан — Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы. Шыңғыс ханның бір баласы — Жошы, одан Тоқай-Темір, одан Өз-Темір, одан Қожа, одан Бадақ-Ұлан, одан Орыс хан, одан Құйыршық хан, одан Барақ хан, одан Әз-Жәнібек, одан Жәдік, одан Шығай хан, одан Есім хан, одан Жәңгір хан, одан Уәли сұлтан, одан қанішер Абылай сұлтан, одан Көркем Уәли, одан Абылай (Әбілмансұр) хан болып келеді (Әбілғазы Баһадүр хан бойынша).

Абылай хан өзінің бүкіл саналы өмірін, ақыл-ойы мен қажыр-қайратын қазақ халқының елдік мұратына сарқа жұмсады. Бұл жолда ол өзінің алдында өткен Мөде (Боғда), Бұмын (Елтеріс), Күлтегін, Керей, Жәнібек, Есім, Қасым, Тәуке қағандар мен хандар сияқты, алмағайып заманның қиын-қыстау сәттерінде ұдайы жеке басымен үлгі-өнеге бола білді. Бұл ретте оны көшпелілер көсемінің соңғы тұяғы десе де болады. Қазақ халқының елдік тұтастығы мен дербестігін сақтап қалуда сіңірген еңбегі жөнінен Абылай ханның алар орны айрықша.

Абылай заманы тек қана сыртқы жаудың басқыншылық саясатының қабындап тұрған кезі емес еді. Ел басына түскен ауырлық-тауқыметтің одан да үлкен себепін жалпы адамзаттық дамудың шеңберінде

қарастырып, системалардың шарпысуынан іздеген жөн. Түптеп келгенде, Еуразияның Ұлы Даласында мыңдаған жылдар бойы текетірес күй кешкен отырықшылар мен көшпелілер арасындағы қарсылық XVIII ғасырда өзінің шырқау шыңына жетіп еді. Нәтижесінде көшпелілер жеңілді. Жоқ, жеңілген көшпелілер емес, жеңілген көшпелілер системасы болатын. Технократтық даму бел алды. Бейнелеп айтсақ, қалың жауға қаймықпай қарсы шабатын Алпамысты қолында тапаншасы бар шибұт самогоншы тырс еткізіп атып тастайтын заман туды. Салт атты көшпелілер өркениетінің басынан бақыт құсы осылай ұшты. Олар тарих сахнасына атпен шығып, ат үстінен түспеген қалпы тарихтың еншісіне айналды.

Абылай хан көз жұмған соң Қазақ хандығы өзінің бір орталыққа бағынған билігінен айрылып, біртұтас қазақ халқын Ресей отаршылдары бөлшектеп билеуге көшті. Абылайдан кейін таққа отырған Уәлидің сөзі Орта жүздің өзіне бірде өтіп, бірде өтпейтін болды. Уәлиден соң ел тізгінін қолына алған Айғаным хандық мөрге көз жасы тамып жатып дүниеден өтті.

Тарихи еңбектерде жазылып жүргендей, қазақ хандығының жойылуын Ресей өкіметінің 1822 жылғы „Сібір қазақтары туралы Уставымен“ байланыстырып, үзілді-кесілді тындыра салудың қисыны жоқ. Шындыққа дес берсек, Қазақ хандығының соңғы тұяқ серпуі ретінде Кенесары хандық құрған (1841—1847 жж.) кезеңді айтуға болады. Үш жүзден жасақ жинап, Ресей отаршылдығына қарсы арпалыспен өмірін өткізген Кенесары Қасымұлы өзінің негізгі мақсаты хандық билікті қалпына келтіріп, қазақ халқының дербестігіне қол жеткізу екенін Николай біріншіге жазған хатында ашық айтқан.

Қазақ хандығының ұзына тарихы, түптеп келгенде, ел болу жолындағы күрестің тарихы. Бірде шарықтап, бірде құлдырағанына қарамастан, Қазақ хандығы дәурен сүрген заманда қазақ халқы өзінің ұлттық тәулiмалығын біржолата орнықтырып үлгерді. Соңғы екі ғасырда ұлтты жоюға бағытталған отаршылдықтың ең бір сүрқия әрекеттеріне төтеп берген жеке тұлғалардың табанды қарсылықтарынан да бұрын, ұлттық арқауы берік тәулiма мәдениеті болатын. Қазақ хандығы кезінде қазақ халқы ұлт ретінде өзінің моральдық-этикалық қалыптарын біржолата даралап алды. Дәл осы кезеңде Тәңірінің өзі

тілеулес болғандай арқалы өнер түрлері төлтума болмысын қалыптастырды. Бұл орайда, көшпелілер мәдениетінің дара болмысына айғақ болатын сөз өнерін, музыка өнерін және қолөнерін айрықша атап өткен жөн. Асанқайғыдан бастап Махамбетке дейінгі, Жиреншеден бастап Сырымға дейінгі тау суындай тасқындап, таңғы шықтай мөлдіреген сөз өнерінің, арқалы поэзияның қадыр-қасиетін адамзаттың рухани игілігі десек әсіре сөз емес. Қазақ хандығы тұсында бес мыңдай күй (аспапты музыка) дүниеге келіпті. Күйдің тілін түсініп, аңызын тыңдаған жан ұлттың дыбысқа айналған шежірелі тарихына куә болар еді. Тағы да сол, қазақ хандығы кезінде баяғы Сақ, Скиф, Ғұн заманындағы қолөнері қайта жаңғырып, алтын үзікті, жез құрсаулы киіз үйлер жасала бастады. Әсіресе, сақтардың (скифтердің) даналық өрнегі (звериный стиль) ғасырлар тұңғығынан қайтып оралғандай болып, көшпелі қазақтардың күнделікті тұтынатын заттарынан бастап, молалық құрылыстарына дейін мүлде жаңаша сапасымен, төлтума қасиетімен көріне бастады.

Ең кереметі — көшпелілер мәдениеті алдымен қоғамдық-әлеуметтік өмірді реттеуге қызмет етті. Материалдық және рухани мәдениеттің қандай түрі болсын тек қана қоғамдық-әлеуметтік өмірдің сұранымына орай, белгілі бір ситуацияға байланысты дүниеге келіп отырды. Асанқайғылар айтар сөзін, ағытар жырын хан-қара, би-төреге арнап айтты. Ақан серілер ең бір жүрек жарды әнін Құлагерінің басын құшақтап отырып шығарды. Бармағы майысқан перен ұсталардың қолынан шыққан қайталанбас өнер туындылары күнделікті тұтынатын затқа айналып отырды. Көшпелілердің бұл сияқты рухани болмысына осы уақытқа дейін жат жұрттық талғам қалыбымен қарап келдік. Ондай қалыптың үлгісі белгілі, көшпелілер феноменіне айғақ болар рухани құбылысты, әрі кетсе „утилитарлы, алғашқы қауымдық өнер“ деп бағалау орныққан. Ал, шын мәнінде көшпелілерді өнер деңгейінде өмір сүрген деп ойлау ешкімнің де қаперіне келген жоқ. Салт атты көшпелілер өркениетінің дәл осы қасиеті, дәл осы мазмұны жалпы адамзаттық өркениет аясында ерекше құбылыс ретінде зерттеліп, танылуға лайық.

Әрі-беріден соң тарих талқысында „мың өліп, мың тірілген“ қазақтың күні бүгінге дейін қазақ болып жер басып жүргені осынау арқауы берік рухани мәдениетінің арқасы.

II тарау. КӨШПЕЛІЛЕР ӘЛЕМІ

19. ТЕРМИНДІ САРАЛАУ. Ой орнықты, тұжырым тегеурінді болу үшін қолданатын „құралдарды“ яғни терминдерді саралап алмай болмайды. Сондықтан да сөз болар тақырыпқа тікелей қатысы бар „этнос“, „мәдениет“ „фольклор“ „этнография“ терминдерінің ұғымдық деңгейлерін, қолдану аясын және өзара категориялық-ұғымдық шеңдесу мәселесін алдымен анықтап алған жөн. Мұның өзі, түптеп келгенде, халықтың мәдени-рухани әлемін қалыптастырған тарихи-әлеуметтік ортаның ерекшелігін тануға және сол ортаға сай қалыптасқан этномәдени төлтумалықты танып-түсінуге септігін тигізеді.

20. ЭТНОС. „Этнос“ термині байырғы грек тілінде сөз орайына байланысты „үйір“, „топ“, „тайпа“, „халық“ мағынасында қолданылғанымен, ғылыми әдебиет жүзінде XVIII ғасырдан бергі кезеңде көріне бастады. Алғашқы кезде ғалым-зерттеушілер „этнос“ сөзін „тайпа“, „ұлт“, тіптен „нәсіл“ мағынасында қолданды. Әсіресе, „этникалық“ деп келетін туынды сөздің мән-мағынасы XIX ғасырдың соңына дейінгі ғылыми еңбектерде бір ізге түсе қойған жоқ. Мәселен, ғылыми-зерттеу еңбектердің бірінде адамзат тарихының дамуындағы алғашқы кезеңді (Л. Г. Морган) білдірсе, келесісінде тарихи-мәдени шет аймақты (А. Бастиан) меңзейтін болған, енді бірде мәдени даралықты (Ж. В. Ляпуж) аңғартып жатты.

„Этнос“ сөзінің бүтінгі мағынасына жуық тұжырымдар XX ғасырдың бас кезіндегі ғылыми еңбектерде (Ж. Деникер, Н. М. Могилянский, М. Вебер, С. М. Широкогоров, Ә. Бөкейханов, т. б.) көріне бастады. „Этникалық топ“ ретінде тілі, өмір салты, мінез-құлқы әр түрлі „халықты“, „ұлтты“, „тайпаны“ атау керек деп келетін ойды алғаш айтқан ғалымдардың бірі француз антропологи Ж. Деникер болатын.

XX ғасырдың екінші жартысында әр салалы этнологиялық зерттеулер „этнос“ сөзінің аясын едәуір кеңейтті. Атап айтқанда, этностардың тарихи типологиясы (С. А. Токарев), этникалық сана-сезім (М. Г. Левин), этностың биологиялық даралығы (Л. Н. Гумилев), этностың мәдени ерекшелігі (Н. Н. Чебоксаров), этнос мүшелерінің эндогамиялық тектестігі (Ю. В. Бромлей), этностың территориялық және экономикалық байланысы (В. И. Козлов), этнос аралық синхронды және диахронды байланыстардың маңызы (С. А. Арутюнов), этнос аралық кірігу немесе ас-

симияция (В. К. Гарданов, И. С. Гурвич) т. б. тақырып өрістері „этнос“ сөзінің мән-мағынасын анағұрлым тереңдетті.

„Этнос“ сөзінің қазіргі ғылыми айналымдағы мән-мағынасын былайша тұжырымдауға болады: белгілі бір мекенде тарихи өсіп-өнген, ортақ және орныққан тілі, мәдениеті, психикасы бар, сондай-ақ өздерінің әрі біртұтастығын, әрі өзгелерден ерекшелігін сезінетін сана-сезімі қалыптасқан, өзіндік атауға (этноним) ие адамдар қауымын „этнос“ дейді.

Этностың анықтамасы бір жайлы болған соң ғана мәдениет туралы, одан әрі этникалық мәдениет жөнінде ой өрбітуге мүмкіндік туады.

21. МӘДЕНИЕТ. („Мәдениет“ терминінің де ғылыми еңбектерде анықтамасы алуан түрлі. Әсіресе, мәдениеттің жергілікті, аймақтық, ұлттық және халықаралық аядағы мәні мен болмысы туралы пікірлер сан сала. Тек қана ағылшын тіліндегі әдебиеттерде 50-ші жылдардың бас кезінде „мәдениетке“ 160-тан астам анықтама беріліпті. Ал, жалпы батыс еуропалық әдебиеттерде мәдениеттің 250-ден астам анықтамасы бар екені айтылады. (Моль. Социодинамика культуры. М., 1973, 35-бет.) мәдениет терминінің көп мәнді, алуан мағыналы екені сонша, жарық жалған, кең дүниені құшағына сыйдырғандай ұғымдардан бастап, басы жұмыр пенденің тал бойындағы қасиетке дейін қамтитын алуан түрлі тұжырымдарды білдіреді.) Мәдениет дегеніміз „адамзат әрекетінің құралы“ деп келетін жиынтық пікірлер, немесе „табиғаттың бергені емес, адам қолынан шыққанның бәрі“ деген қарапайым анықтамалар, я болмаса „қоғамдағы адамның қоршаған ортаға бейімделуі тудырған биологиядан тыс құралдар мен механизмдер жиынтығы“ дейтін таза абстракциялық тұжырымдар еріксіз ойды алуан өрістерге алып қашады.

Мәдениеттің мәніне қатысты ізденістерге мұрындық болған шет елдік ғалымдардың, соның ішінде еуропалық антропологтар мен социологтардың (Э. Тэйлор, Э. Эванс-Притчард, А. Кребер, Т. Парсонс т. б.) іргелі еңбектері алдымен назар аударады. Олар қоғам өмірінің әр түрлі құрылымдық бөлігін анықтай отырып, кейбір салаларына ғана рухани құбылыс ретінде ден қояды. Сонан соң әрбір әлеуметтік құбылыстың қызмет ету (функциональнй) мәнін саралау арқылы мәдениеттің анықтамасын береді. Мәселен, Э. Тэйлордың тұжырымы бойынша „адам қабілеті игерген білімнің жиынтығы, діни сенім, өнер, па-

расаттылық, заң, салт-дәстүр, әдет-ғұрып т. б. мәдениеттің аясына жатады" (Э. Тэйлор. Первобытная культура, М., 1989, 18-бет). Дәл сол сияқты әлеуметтік антропологиямен айналысқан ағылшын ғалымы А. Рэдклифф Браун да мәдениет санатына „тілді, діни сенімді, эстетикалық талғамды, кәсіби шеберлікті және әр түрлі салт-дәстүрді“ жатқызады.

Мәдениет туралы танымды едәуір алға оздырған ғалымдардың бірі — америкалық мәдениеттанушы Л. Уайт. Ол мәдениетті біртұтас система ретінде қарап, оның ішінен үш саланы таратады. Бірінші, технологиялық сала. Яғни, материалдық игіліктер мен оны жасайтын құралдар арқылы адам мен адам, адам мен табиғат араласқа түседі. Екінші, әлеуметтік сала. Мұнда адамдар арасындағы қарым-қатынас өзінен-өзі туыстық, экономикалық, саяси, этикалық, әскери, кәсіби т. б. қасиеттер қалыптастырады. Үшінші, идеологиялық сала. Бұған идея, діни сенім, білім, нысанның (символ) түрлері, мифология, ғылым, халық даналығы т. б. жатады. Бұл сияқты жүйелеу бойынша, мәдениет дегеніміз материалдық айғақтар мен сезім-әрекеттің жиынтығы болып шығады.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйесі әр тектес, даму деңгейлері әр түрлі елдердің мәдениет туралы ұғымдарына ден қойған ЮНЕСКО мәдениеттанушылары мынандай гәпті анықтаған: жапондардың ұғымынша мәдениеттің шырқау шыңы шай беру рәсімінен көрінеді екен, польшалықтар мәдениеттілікті бауырсақ пісіру арқылы да танытуға болады деп есептеген, ал танзаниялықтардың ұғымынша мәдениеттің ең жарқын үлгісі — жақсы жасалған татуировка. Сөз жоқ, мұндай жауаптар мәдениеттің тек қана ұлттық қасиеттер аясында көрініс табатынын пайымдатады. Мұның сыртында, көркемөнер мәдениеті, ғылым мәдениеті, әлеуметтік мәдениет, оқу мәдениеті, экономикалық мәдениет, экологиялық мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдарының мәдениеті т. б. деп, мәдениетті біртұтас әлеуметтік-экономикалық қоғам аясында жіліктеп қарауды ұсынатындар да бар. Этнографтардың пікірі бойынша, табиғат сиынан тыс, адам қолынан шыққанның бәрі де мәдениет айғағы бола алады. Ал, археологтар болса, материалдық мұралардың рухани қайырымының болуына көбірек ден қояды. Тарихшылардың талабы да еріксіз назар аударады. Олар, ең алдымен „мәдениеттен“ қоғамның рухани белсенділігін іздейді.

Ғалым-зерттеушілер арасында 60-шы жылдарға дейінгі кезеңде „мәдениет“ ұғымын жинақтап тұжырымдаушылар

да болды (Г. Г. Карпов, А. А. Зворькин, Г. П. Францев т. б.). Мұндай тұжырымға ден қоюшылар — алуан түрлі идеяларды, жаңалық атаулыны, қол өнері мен көркем өнерді, нысандар мен бағалы заттарды, наным-сенімдерді, өнер туындыларын, ауыз әдебиетін, барша экономикалық системаларды, әлеуметтік құрылымдар мен салт-дәстүрлерді, кісілік пен парасат үлгілерін, идеологияны, хұқықтық кодекс қалыптарын (норма) — қысқасы, адамның ақыл ойы мен қодынан шыққанның бәрін мәдениеттің жемісі деп таныды. Яғни, бұл тұжырым бойынша адам ақыл-ойының нәтижесі ретінде иезуиттік, фашистік идеология да немесе адам қолынан шыққан атом бомбасы да мәдениеттің айғағы болу керек еді. Әрине, мұндай жалпақшешейлікке деген жұртшылықтың сенімінен гөрі күдігі басымдау болды. Осы орайда, кейінгі ғылыми еңбектерде „мәдениет“ пен „өркениет“ ұғымдарын айырып қарайтын дәстүрдің орныққанын айта кеткен жөн.

Бұрынғы Совет Одағы аясындағы мәдениет тануда 60-шы жылдардың соңына қарай аксиологиялық және дезаксиологиялық көзқарастар бел алды. Жеке адамнан бастап, тұтас қоғамға дейін „мәдениетті“ немесе „мәдениетсіз“ деп қарабайыр бөлікке салу әдісі сол кездегі үстемдік құрған социалистік идеологияның пиғыл-болмысына сай келді. „Социализм салтанаты“, „ұлттардың жаңа типті қауымдастығы“, „Совет халқы“ деп келетін құйтырқы идеология социалистік қоғамнаң басқаның бәріне күдік-күмәнмен қарауды талап етті. Әсіресе, шаруашылық мәдени сүлесі еуропалық даму үлгісіне сай келмейтін халықтар бірден „мәдениетсіздер“ санатына жатқызылды. Мұндай жіктеуден кейін барша мәдени-рухани болмысы көшпелі өмір салтта қалыптасқан қазақ халқы да өзінен-өзі „бұрынғы жабайы жұрт“ „бұрын мәдениеті дамымаған ел“ деп есептеліп, „социализмнің арқасында ғана мәдениеттене бастаған“ болып шықты. Бұл жай ғана империялық өктемдіктен туған саяси көзбояушылық немесе идеологиялық құйтырқылық емес еді. Ең сұмдығы — мұндай тұжырымдар ғылымның күмән тудырмас ақиқаты ретінде ұрпақтар санасына сіңірілді. Төлтума қасиеті айқын мәдени рухани игіліктің баршасы „жабайы“ кездің айғағы ретінде екінші кезекке ығыстырылды немесе ондай айғақтардың насихатталынуына тыйым салынды... Мұндай пайымдаулар ғылыми ортаны ғана емес, қарапайым өмір талқысының өзінде-ақ дәрменсіздік танытқанын көп кешікпей уақыттың өзі дәлелдеп берді.

Соңғы жылдарда жалпы мәдениетке қатысты, соның

ішінде этникалық мәдениетке қатысты мәдениеттанушылар мен этнографтар (Ю. В. Бромлей, Н. Н. Чебоксаров, С. А. Токарев, Э. С. Маркарян, С. А. Арутюнов, Ю. И. Мкртумян, В. И. Козлов т. б.) кең көлемде зерттеулер жүргізуде. Олардың зерттеулері мәдениеттің әр түрлі аспектісін қаузап қарастырып, өзіндік тұжырымдар жасағанымен, жалпы теориялық мәселелерге келгенде бір-бірінен онша алшақтамайды. Бұл орайда мәдениет туралы адамның биологиялық жолмен жасалмаған, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын, өзіндік ерекшелігі бар қызмет тәсілі мен сол қызметінің нәтижесі деп келетін тұжырым ден қойдырады (Э. С. Маркарян. Очерки теории культуры. Теория культуры и современная наука. М., 1983). Э. С. Маркарян „қоғам“ мен „мәдениет“ „этнос мәдениеті“ мен „этникалық мәдениет“ ұғымдарының өзіндік мән-мағынасын саралайды. Қоғам мен мәдениетке біртұтас әлеуметтік системаның әр түрлі аспектілері ретінде қарайды. Сол сияқты этнос мәдениеті деп әлеуметтік организм ретінде этностың дамуын қамтамасыз ететін институттанған адам қызметі мен адам қызметінің тәсілін атаса, этникалық мәдениет ретінде барша этнос атаулыға немесе кейбір этностарға ортақ мәдениет айғақтарын пайымдайды. Жалпы мәдениеттің парқын бажайлауда бұл сияқты саралаудың методологиялық мәні зор.

Сөз жоқ, мәдениетті қоғамдық құндылық деуге болады. Яғни, адамсыз, адам қоғамынсыз мәдениетті елестету мүмкін емес. Сондықтан да, жетекші мәдениеттанушылар мәдениетке, ең алдымен, қызмет үрдісінің өзі және нәтижесі (М. С. Каган), қызметтің құрылымдық қасиетке ұласатын тәсілі (Э. С. Маркарян), қоғамдық үрдісті айқындайтын адам қызметінің мәні (В. М. Межуев) ретінде қарайды. Демек, мәдениет дегеніміз қоғамның өмір сүруінің міндетті қызметі екенін аңғарамыз. Мәдениет қоғаммен диалектикалық байланыста. Былайша айтқанда, мәдениеттің өзі адамға ғана тән қоғамдық қатынастарға түсудің тәсілі болып шығады. Бұл тұрғыдан келгенде, мәдениет — қоғам дамуының көрсеткіші, сонымен бірге қоғамдағы өзгерістерге тәуелді де.

Осы орайда, материалдық өндіріс пен мәдени дамудың өзара байланысы бір-біріне үнемі сай келе бермейтінін атап өткен жөн. Мұның өзі, төлтума мәдениетін көшпелі өмір салтта қалыптастырған қазақ халқының мәдени-рухани әлемін парықтауда айрықша қажет. Бұл ойдың орамын тарихи-типологиялық мысалдармен орнықтыра зерделеп өтуге болады.

Еуропалық үлгідегі классикалық мәдениеттің орнығуы құлдық қоғаммен ұру-бару келсе, дәл сол ортадағы рухани ұлы сілкіністер (ренессанс) діни мистиканың қанды шеңгелінде жүзеге асты. Германияның тасы өрге домалап, Еуропаның маңдай алды державасы болған кездегі немістердің тарихи санасы әлі ұйқылы-ояу күйде еді. Дәл сол елдің Наполеон билігіне кіріптар болған қорлықтағы кезеңінде классикалық философиясы мен өнері әлемді тәнті етті. Бұл ахуалды ұлы Гегель „тарихтың тәлкегі“ деп атаған.

Мұндай мысалдарды Шығыс елдерінің де даму үрдісінен келтіруге болады. Қытай сияқты байырғы елдің төлтума мәдениеті, түптеп келгенде, біздің жыл санауымызға дейінгі VIII—III ғасырлар аралығындағы Цинь, Чу, Вэй, Цзинь, Чжао, Хань хандықтарының арасындағы қанқасап соғыстар кезеңінде қалыптасты. Ал, байырғы үнділердің философиясы мен мәдени-рухани үрдісінің даралық сипат алуы адамдарды шегіне жеткізе алалайтын варндық, касталық жүйе үстемдік құрып тұрған кезеңге дөп келеді.

Дәл сол сияқты, адамзат тарихындағы ең соңғы классикалық құлдық қоғам — крепостниктік Ресей болса, сол Ресейдің XIX ғасыры мәдени-рухани болмысы жөнінен „алтын ғасыр“ атанды.

Осындай „тарих тәлкегін“ қазақ халқы да бастан кешті. патшалық Ресейдің қазақ даласындағы отаршылдық саясаты XIX ғасырдың жуан ортасында толық үстемдік құрса, дәл сол кезеңде ұлттың мәдени-рухани әлемінде ренессанстық сілкініс болып, қазақ халқының даралық қасиетін біржолата орнықтырған ұлы тұлғалар дүркірей көрінді.

Немесе, XX ғасырдың басындағы саяси-әлеуметтік сүргін (катаклизм) кезінде „алыптар тобының“ тұлға танытуы, ал 60-70-ші жылдарда социалистік идеология өзінің мистикалық апогейіне көтерілген кезде қазақ халқының төл тарихына деген ынтасының оянуы, сөйтіп өнердің барлық саласында тарихи тақырыптың бел алуы шын мәнінде әлеуметтік-экономикалық немесе саяси-идеологиялық ахуалдың мәдени-рухани ахуалмен үнемі үндесе бермейтінін аңғартады...

Біз үшін мұндай мысалдардың тағылымы қымбат. Қоғамның шаруашылық мәдени сүлесіне немесе формациялық жағдайына қарап белгілі бір этностың мәдени-рухани өресіне баға беру, әдетте ақиқатқа сай келе бермейді. Демек, қазақ халқының төлтума мәдени-рухани болмысы

оның қандай өмір салтты бастан кешкенімен өлшенбеуге тиіс, керісінше сол өмір салт аясында қандай мәдени-рухани үрдісті қалыптастыра алғанына орай анықталуы қажет.

Материалдық өндірістің деңгейі мен рухани мәдениет өресінің сай келе бермейтінін кейбір келеңсіз көріністерін бүгінгі өмірден де байқауға болады. Бұл орайда, туындатудан гөрі тұтынуға бейім қомағай психология, өзімшіл практикашылдық, адам қабілетінің тар аядағы мамандықпен шектеліп қалушылығы, мәдени-рухани ұқыпсыздық, мәдениетті дамытудың мемлекеттік деңгейдегі дәрменсіздігі т. б. Осы сияқты келеңсіздіктер өкінішке орай, бүгінгі өміріміздің шындығы қалпында сақталып отыр. Бұған әлі де болса екіпінін тоқтата қоймаған идеологиялық әміршілдікті де қосуға болады. Өйткені бұл да мәдениеттің элементі болып табылады. Белгілі бір топтың немесе сыртқы өктем күштің мүддесі тұтас этнос өміріне зорлықпен таңылса, мәдениетке мұның да кері ықпал ететінін қазақ халқы жақсы біледі.

Қазақстанның дербес мемлекет болуы саяси-әлеуметтік өмірде ғана емес, адам санасына да елеулі өзгерістер жасауда. Осы ретте, Қазақстанда жеке ғалым-зерттеушілердің ғана емес, мемлекеттік деңгейдегі ойтұжырымдарда (концепция) мәдениет туралы екі түрлі түсінік бар. Бірі-мәдениет пен өркениетті (цивилизация) біртұтас құбылыс деп қабылдаушылық. Екіншісі — мәдениет санатына тек қана рухани-эстетикалық саланы жатқызушылық.

Мұның екеуі де жаңсақ ұғым, қате үрдіс (тенденция). Әбзелі, қоғам мен мәдениетке біртұтас әлеуметтік системаның әртүрлі аспектілері ретінде қараған жөн. Былайша айтқанда, мәдениет дегеніміз қоғамның өмір сүруінің міндетті қызметі болуы керек. Одан да нақтылай түссе, мәдениет дегеніміз әлеуметтік организм ретінде этностың дамуын қамтамасыз ететін институттанған адам қызметінің тәсіліне айналу қажет. Демек, интернационалдық мәдениет болмайды. Интернационалдық өркениет болуы бек мүмкін. Нағыз мәдениеттің болмысы тек қана ұлттық-этникалық төлтумалықта (самобытный) жаралады да, оның арман-аңсары (идеал) ғана интернационалдық болады. „Елім-ай“ әнінің бірінші жолы ағылшынша болуы мүмкін емес. Әсіресе, өнер болмысынан ұлттық-этникалық төлтумалықтан тыс интернационалдық үрдісті (внеациональный интернационализм культуры) іздеу, түптеп келгенде, мәдениетсіздік болып шығады.

Сайып келгенде, осының бәрі мәдениеттің біртұтас болмысын танытумен бірге, оның алуан арналы қоғамдық қатынастар жүйесінде көрініс табатынын аңғартады. Ойдың орамын былай түйіндеуге болады:

1. Мәдениет дегеніміз — қоғам өмірінің дара бөлігі немесе оқшау саласы емес, керісінше сол қоғам өмірінің біртұтас қалпындағы мәнді де құнды айғағы;

2. Мәдениет адам қызметінің тәсілі мен нәтижесі арқылы көрініс табады;

3. Мәдениет — материалдық өндіріс пен қоғамдық сананың, білім мен тәрбиенің, ғылым мен өнердің белгілі сатыдағы даму дәрежесін бейнелейді.

4. Мәдениет арқылы этностың тарихи, мекендік, мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік, этнографиялық болмыс-бейнесі көрініс табады және кез келген мәдениетті қоғам осы талаптардың мүлтіксіз жүзеге асу тетіктерін (механизм) заң жүзінде қамтамасыз етуі керек.

Осы тұжырымдардың қай-қайсысы да мәдениеттің ұлттық формада өмір сүретінін аңғартады. Сондықтан да мәдениет арқылы этностың тарихи, мекендік, мемлекеттік, экономикалық, әлеуметтік, этнографиялық болмыс-бейнесі көрініс табады деуге әбден болады. /

Мұнан әрі фольклорды да мәдениеттің өзекті бір айғағы ретінде қарастыруға жол ашылады. Әрине, ол үшін, алдымен „фольклор“ ұғымының мәнін саралап, оған қандай мағына жүктелетінін орнықтырып алу керек.

22. ФОЛЬКЛОР. „Фольклор“ терминінің мән-мағнасы туралы да бірауыздан мойындалған анықтама жоқ деуге болады. Бұл жөнінде ғалымдар арасында дүркін-дүркін орбитін пікір-таластар да толас таппай келеді.

Әу баста ағылшын тарихшысы Уильям Томс ұсынған (1846) „фольклор“ ұғымы кешікпей-ақ Франция (1875), Испания (1883), Италия (1888), Ресей (1889) ғалымдарының арасында қолдау тапты. Алайда, фольклордың анықтамасына қатысты ғалымдардың пікір-тұжырымы бір арнаға тоғыса қоймады.

Фольклорды халық мәдениетінің „жұқанасы“, „қарабайыр“ көрінісі деп келетін тұжырым Англия мен Германияда етек алды. Мұндай тұжырымды қолдаушылар (Дж.-Л. Гомм, Ш. Бен, Ю. Швитеринг, А. Краппе т. б.) халықтық атаулының бәрін фольклордың санатына жатқызуға бейім болды. Франция ғалымдары фольклорды этнографиямен шендестіре қарауға (А. Ван Геннеп, П. Сантив, А. Вараньяк, П. Куаро т. б.) ден қояды. Мұның

өзі фольклорға „көпшілікқолды мәдениет“ деген мағына дарытып, оны „азшылықтың“ немесе „зиялылардың“ мәдениетіне кереғар ұғым ретінде қолданды. Фольклорды „халықтың ауызша ақындық шығармашылығы“ деп келетін ұғым Америка ғалымдарының (Р. Уотермен, У. Беском, Д. Фостер, М. Херсковитц т. б.) арасында кең қолданылды. Мұндай анықтаманы 30-шы жылдары Кеңес фольклошылары да (В. М. Жирмунский, О. М. Фрейденберг, М. Винер, Ю. М. Соколов, А. П. Андреев, М. К. Азатовский т. б.) қолдана бастады. Алайда, соңғы кездерге дейін Кеңес фольклоршыларының арасында бір тоқтамға келген анықтама бола қойған жоқ. Кейінгі жылдары фольклорды „халық білімінің“, „халық дәстүрінің“ эмбебап (универсальный) айғағы ретінде қарау үрдісі латынамерикалық ғалымдар (А. Вараньяк, А. Мариню т. б.) арасында социологиялық бағдардың орнығуына мұрындық болды. Бұл көзқарас бойынша „фольклор“ термині белгілі бір халық мәдениетінің кешенді құбылысын қамтиды. Қазіргі кезде мұндай тұжырымға дүние жүзінің жетекші ғалымдары ден қоя бастаған сияқты.

Дүние жүзінің ең бір дуалы ауыз мәдениет зерттеушілері 1985 жылы ЮНЕСКО-ның мәртебелі мінбесінен фольклор туралы былай деп пәтуалы тұжырым айтты: „Фольклор дегеніміз, алысты шола айтқанда, халықтың дәстүрлі мәдениеті; қоғамның арман-аңсары (идеал) тудырған, сол қоғамның мәдени және әлеуметтік төлтума жағдайымен үндесе көрініс тапқан, дәстүрді тұғыр еткен топтар мен жеке адамдардың ұжымдық шығармашылығы, фольклордың үлгілері мен бағалы нұсқалары ұрпақтан-ұрпаққа ауызша, еліктеп үйрену арқылы және басқа да тәсілдермен ауысып отырады; өзгесі сияқты фольклордың да санатына тіл, әдебиет, музыка, би, ойындар, әфсаналар, әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, қолөнер кәсібі, архитектура және басқа өнер түрлері жатады“ (ЮНЕСКО и сохранение фольклора.//Курьер. 1985, № 5.). Бұл ой-тұжырым өзінің кең қамтыған ауқымды объективтілігімен ден қойдырады.

Соңғы жылдары бұрынғы Кеңес Одағы аясындағы ғалымдар (В. Я. Пропп, Е. М. Мелетинский, В. Е. Гусев, К. В. Чистов т. б.) арасында „фольклор“ терминінің анықтамасы біршама орныққандай. Осы орайда халық мұрасын зерттеуші ғалымдардың біразына ден қойдырған бірер анықтаманы келтіре кету қажет.

В. Я. Пропп фольклор деп „дамудың қандай деңгейде болғанына қарамастан, барлық халықтардың әлеуметтік

төменгі сатыдағыларына тән шығармашылықты" атайды. Ал, таптық қоғамға дейінгі халықтарға қатысты фольклор болса, ол барлық халықтар шығармашылығының жиынтығын білдіреді дейді (В. Я. Пропп, *Фольклор и действительность*. М., 1976, с. 19).

„Біз бұхара халықтың практикалық-рухани қызметін, яғни өз табиғаты бойынша шындықты образды-көркемік жолмен игеруін және сол шындыққа деген қатынасын халықтың заттық айғақсыз, образбен білдіруін фольклор деп атаймыз“,— дейді В. Е. Гусев (В. Е. Гусев. *Эстетика фольклора*. Л., 1967. с. 77).

Ал, К. В. Чистов: „Фольклор дегеніміз — белгілі бір этностың немесе белгілі бір аядағы конфессиональды (діни сенімдегі), кәсіби, яки өзара бастапқы байланысы бар топтың тұрмыс-тіршілігінде көрініс табатын (немесе көрініс тапқан) ауызша сөз текстерінің жиынтығы“,— дейді. (К. В. Чистов. *Народные традиции и фольклор*. 1986., с. 6.).

Фольклор және фольклортану туралы ғылыми таным-түсінік қазақ арасында да өткен ғасырдан бастап қалыптаса бастады (Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин т. б.). Ал, ХХ ғасырдың бас кезіндегі зерттеу еңбектерде „ауыз шығарған сөз“ (А. Байтұрсынов), „ауыз әдебиеті“, „ел әдебиеті“ (С. Сейфуллин), „ауызша әдебиет“, „ел ақындығы“, (М. Әуезов) түрінде қолданылған сөз тіркестері өзінің мән-мағыналық салмағы жөнінен „фольклор“ терминінің орынына қолданылды. Бертін келе социалистік системаның моноидеологиялық саясатына орай Кеңес Одағы бойынша ғылыми-теориялық унификация бел алды да, өзгелер сияқты қазақ фольклоршылары да Орталықтағы жетекші ғалымдарға сын көзімен қарауға құлықты болмады. Сөйтіп, фольклорлық материалдардың негізіне қарамастан, фольклоры туындаған немесе туындайтын ортадағы тарихи-әлеуметтік өмір салттың әртектілігіне қарамастан Кеңес Одағындағы фольклортану ғылымы туралы бір үлгілі таным-түсінік үстемдік құрды...

Осынау „фольклор“ терминіне қатысты ойдың орамынан аңғарарымыз: фольклор біртектес, бірқалыпты құбылыс емес екен, әр түрлі ортадағы, әр қилы кезеңдегі рухани мәдениеттің даму үрдісіне орай фольклордың да түрі мен формасы, қызметі мен құрылымы өзгеріп отыратынын, жаңадан туындап немесе шыңдалып отыратынын байқаймыз, сондықтан да, белгілі бір мәдени системаның тарихи сүлесіне орай этнос өміріндегі фольклордың қызметі мен орыны де өзгеріп отырады.

Міне, „фольклор“ термині туралы тұжырымның әр тектес болуының негізгі бір себебін осыдан іздеген абзал.

23. ЭТНОГРАФИЯ. Халық туралы жазу — этнографияның көне грек тіліндегі мәні осы. Алайда бұл тарих та емес, археологиялық зерттеу де емес, өнердің мәнін де сараламайды, әлеуметтік даму мен этногенездік текті де талдап бере алмайды. Сөйте тұра, осылардың бірде-бірі этнографияны берік тірек етпей тұрып шын ғылыми ойдың тұғырына тұяқ іліктіруі мүмкін емес.

Адамзат әулеті жерден бауырын көтеріп, оң-солына мойын бұрып қарағалы адам мен адам, топ пен топ, қауым мен қауым, тайпа мен тайпа, ру мен ру, ел мен ел бір-бірімен аралас-құралас болмай, байланыс жасамай қалған кезі жоқ. Бұл жай ғана жүз көрісу емес, ғасырлар, кезеңдер, дәуірлер, заманалар сілемі белгілі бір географиялық ортаға лайық этностарды қалыптастырды. Ал, әрбір этностың өзіндік ішкі құрылымы және өзіндік қайталанбас қасиет-бітімі болады. Міне, осы түрлі құрылымдағы, түрлі қасиет-бітімдегі этностардың бір өкілі екіншісінің арасында болған соң өзінің руластарына көрген-білгенін жыр ғылып айтып келеді. Айтушының көрген-білгені өзіне де, тыңдаушысына да әрі қызық, әрі таңсық, әрі соншалықты жат, тіптен кейде тұрпайы болып көрінеді. Міне, адамзат әулетімен бірге жалғасып келе жатқан этнография деген ғылымымыздың түпкі тегі осылай басталған (Л. Н. Гумилев. Этногенез и биосфера земли. Үш том. А., 1979. I-том. 118-бет).

Алайда этнография бұл қалпында ғылым емес. Әрі кетсе бір ғана рудың, тіптен тұтас бір елдің ғана талғам-түсінігі болып қалар еді. Ал жұмыр жердің бетіндегі мыңдаған ұлттар мен жұрттардың (народность) талғам-түсінігін, салт-дәстүрін, мәдени-рухани мұрасын саралау үшін бір ғана елдің талғам-түсінігі еш бедел бола алмайды.

Шаруашылық-мәдени типі де, саяси-әлеуметтік құрылымы да, мәдени-рухани қасиеті де әр түрлі бітімдегі этностар болмысын сорт-сортқа бөлу, сөйтіп, әлем халықтарының әр текті және әр түрлі бітімдегі жаратылысын спорт жарысының нәтижесін анықтағандай әр түрлі деңгейдегі сатыға шығарып зерделеу, сыпайылап айтқанда, методологиялық жағынан да, қоғамдық харекеттің жосығы тұрғысынан да мүлдем мәнсіз пайымдау болып шығар еді. Гәп этностың рухани күш-қуатының, ерік-жігерінің тарихи парқын пайымдауда „материя сананы анықтайды“ деп келетін сыңаржақ парадигмамен сара-

лауға болмайтындығында. Кез келген дәстүрлі мәдениеттің өз болмысынан ғана туындайтын бағыттаушылық, ұйымдастырушылық, үйлестірушілік мәні бар. Сондықтан да этностар мәдениетінің парқы өзара салғастырудан немесе бір-бірімен өрелестіруден гөрі, әрқайсысын дара феномен ретінде саралап тануды қажет етеді.

Кез келген тарихи-әлеуметтік, мәдени-рухани болмысы дара этностың парқы экономикалық үстемдіктен, саяси алаяқтықтан, ұлттық менмендіктен ада ғылыми зерденің сарабында ғана анықталады. Этнография сонда қиялға жайып әңгімелер жиынтығынан ғылымға айналады. Сонда ғана этнография ғылымының ел-жұрт туралы, оның өнері мен салты туралы сөйлер сөзінде пәтуа болады.

Мысалдар еске түседі. Адамзат әулетінің арасындағы семьяның, некенің түрлеріне қараңыз: моногамиялық семья, полигамиялық семья, полиандриялық семья, топтасып некелесу, уақытша некелесу, әмеңгерлік жолымен некелесу (левират), нәпсінің толық еркіндігі т. б. Осының бәрі де белгілі бір кезеңдегі, белгілі бір ортаның еш әбестігі жоқ моралдық-этикалық қалыбы. Некелік адалдықты аттаған әйелді кейбір халықтар өлім жазасына дейін бұйырады, келесі бір халықтар үшін еш әбестігі жоқ, керісінше „іскерлік“ деп есептейді. Тянь-Шанның оңтүстік және солтүстік қос қапталын басып Ұлы жібек жолы өтеді. Орта ғасырларда жолдың үстіндегі Хами алқабын мекендеген халықтың әйелдері керуеншілерге қызмет көрсету үшін күйеулерінен толық еркіндік алған. Мұның өзі бара-бара сол елдің күн көріс көзіне айналған. Кейін монғол шапқыншылығы кезінде бұл өңірді Үгедей хан жаулап алғанда, әйелдерінің керуеншілерге қызмет көрсетуіне тыйым салмауын халқы ең бірінші тілегі ретінде өтінген (Книга Марко Поло. М., 1956, 81—82 беттер).

Этнографияның тағы бір қырынан мысал, көне афиналықтар көшпелі скифтер туралы „қалап салған үйі жоқ, тамағының дені мас қылатын сүт“ деп жағаларын ұстаған. Ал сол скифтер гректердің Вакка құрметіне өткізетін тойларын көргенде жын ойнағын көргендей шошынған. Тіптен, Ольвияға қонаққа барған патшасын той шеруіндегі элиндер арасынан көріп, ойланбастан өлтіріп тастаған. Яһуди (иудей) дініндегілер римдіктерді шошқа етін жегені үшін жек көрсе, римдіктер олардың сұңдетке отыратын дәстүрін ақымақтық деп есептеген. Палеститаны басып алған рыцарлар арабтардың көп әйел алатынына әрі таңдана, әрі шошына қараған. Ал арабтар болса, француз

әйелінің бетін ашып жүруін шектен шыққан көргенсіздік деп есептеген. Қысқасы, мұндай кереғар мысалдарды санап тауысу мүмкін емес. Тізіп шығу міндет те емес. Алайда, осының өзінен бір ерекшелік айқын көрінеді. Әрбір ел өзінің қылық-қасиетін, ұғым-түсінігін ең озық, ең адамгершілік, ең үлгілісі деп есептеген. Сондықтан да Еуропа отаршылары үндістерді, африкалықтарды, монғолдарды, орыстарды жабайылар деп атаған. Бұл жағдайға салыстырмалы тұрғыда қараса, керісінше болуы да әбден ықтимал.

Артта қалған барлық дәуірге, барлық елдерге тән қасиет — өзі мен „өзінікін“ жөн санаушылық, өзгенің бәрін өзі мен „өзінікіне қарсы қоюшылық. „Элиндер мен варварлар, яһудилер мен сүндетке отырмағандар, қытайлар (Орталық мемлекет адамдары), мен хулар (шет аймақ варварлары, оның ішінде орыстар да бар), алғашқы халифтер кезіндегі мұсылман-арабтар мен “кәпірлер” Орта ғасырдағы Еуропа католиктері (“христиан әлемі” атанған тұтастық) мен арсыздар, оның ішінде гректер мен орыстар да бар, „православтар” (сол дәуірдегі) мен „дінсіздер” католиктер де, туарегтер мен туарег еместер, цығандар мен басқаның бәрі т. б. Бұл сияқты етек алған қайшылықтардың тамыры, әрине, тым тереңде: Алайда осының бәрі де айдын бетіндегі көпіршіктей ғана көріністер, соның мәнін бажайлап тану — біздің міндетіміз (Л. Н. Гумилев. Көрсетілген еңбек. I-том. 43—44, 119—120 беттер).

Этнография сөз болғанда мораль, этика, талғам, түсінік туралы алуан түрлі парықтаушылықты кезіктіруге болады. „Әр елді салты басқа, иттері қара қасқа” дейді қазақтың халық мәтелі. Өзге ел талғамы мен дәстүрінің өзіне ұқсауы шарт емес екендігін мойындау бар. Мейлінше кісілікті тұжырым. Алайда, барлық уақытта, барлық жерде мұндай талғам табыла бермеген. XVI ғасыр еуропалық саяхатшылар үшін географиялық жаңалықтар ашудың етек алған кезі (әрине, индиялықтар, австралиялықтар немесе үндістер үшін бұл жаңалық емес еді. Өйткені, бірі Үндістанды, екіншісі Австралияны, үшіншісі қазіргі Американы тұрақ ететінін олар жақсы білетін). Еуропа саяхатшылары „жаңа жерлерден” өздерінің өмір салтына ұқсас жағдайды күткен. Испан конкистадорлары шоқынды касиктерді үндістердің ақсүйегі санап „дон” деп, ал негрлердің ру басыларын „король” деп атаған. Әрине, қандай ат қойып, айдар таққанмен, „жаңа жердегі” жағдай конкистадорлар көксегендей болып өзгере қоймайды ғой.

Міне, бұл — қайшылықтың, түсінбеушіліктің басы. Австралияның сауатты аборигені Вайпуданьяның айтуынша темекі тартқан ақ нәсілді адамды ішіне от толтырған рух деп, аборигендер өлтіріп тастаған. Екінші бір ақ адам қалта сағатына қарай бергенде найза келіп қадалған. Сөйтсе, оны да қалтасына күн салып жүрген рух деп қабылдаған. Осы білместіктері үшін бір тайпа абориген жазалау экспедициясының құрбаны болған (Д. Ловкуд. Я — абориген М., 1971, 142—145-беттер).

Қысқасы, белгілі бір халықтың екінші бір халықтан тілі мен сенімі, мекен-тұрағы ғана бөлек емес, сонымен бірге мінез-бітімі, салт-дәстүрі де өз ерекшеліктерімен дараланады. Ондай ерекшелікті елемей тұрып этнос туралы белгілі бір тұжырым жасау мүмкін емес. Осылайша этникалық ерекшелікке ден қоятын этнография ғылымы дүниеге келген.

Кейде белгілі бір ортадағы өндіріс тәсіліне қарап баға берудің қателікке ұрындыратын кездері бар. Мәселен, еуропалықтар алғаш келгенде Полинезия тұрғындары металл балқытудың, көзешіліктің (гончарство), тоқымашылықтың, садақ пен жебенің не екенін білмеген. Материалдық мәдениеттің бұл түрлерінің дамымауы металдың, көзелік саздың жоқтығынан еді. Оның есесіне бұл елде суармалы жер шаруашылығы, қол өнерінің басқа түрлері, қайық-кеме жасау, теңізшілік сияқты өмірлік тәжірибе айрықша дамыған. Демек, садақ жебесі мен құмыра жасай алмағаны үшін полинезиялықтарды мәдени-тарихи дамудың төменгі сатысында деп есептеу, сөз жоқ, қателікке ұрындырар еді.

Осы мысалды көшпелілер өмір салтымен салыстыра ой зерделетудің де мәні айрықша. Адамзат дамуы ХІХ ғасырдың ғылыми-техникалық жетістіктеріне түяк іліктіргенге дейін географиялық ортаға лайық өндіріс тәсілі қалыптасты, өндіріс тәсіліне лайық әр елдің өмір салты, өзіндік мәдениеті, өнері, моральдық-этикалық қарым-қатынасы қалыптасты. Демек, күн көріс, тіршілік қажеттілігіне орай отырықшының алтын үзікті киіз үйде тұрмайтыны үшін сол отырықшыларды жабайы деудің немесе көшпелілерді мәрмар сарайда тұрмағаны үшін жабайы деудің еш қисыны жоқ.

Жалпы адамзаттық өркениет қана емес, жеке халықтардың мәдениетін, өнерінің парқын, моральдық-этикалық қарым-қатынасын бажайлау үшін бір халықтың

бітім-болмысын екінші бір халыққа өлшем, баға етіп таңу, сөз жоқ, қателікке ұрындырады.

Этнографияның мағлұматтары халықтың этникалық тегін, рухани болмысын, мәдени талғамын, моральдық-этикалық қалыптарын саралауға көмектеседі. Этнографиялық деректерге ғылыми ойдың сәулесі түспесе, „информациялық архив“ немесе „этнографиялық коллекция“ түрінде қаттала бермек.

Этнографиялық деректерге арқа сүйей отырып, халықтың өткендегі өмір салтын, мәдени болмысын (өркениетін емес), өнерінің сипатын, моральдық-этикалық қасиеттерін саралап тануға болады.

24.ЕҢ БИІК БАСПАЛДАҚ. Археологиялық және тарихи деректерге сүйенсек, еуразиялық байтақ дала алабында (солтүстік ендіктерде шамамен 35 және 55 градус аралығы, Аравия жарты аралын басып өтетін 15 градусқа дейін) біздің жыл санауымызға дейінгі II мыңжылдық пен I мыңжылдық шамасында таулы-далалы аймақ көшпелілері қалыптаса бастаған. Осынау көшпелі өмір салттың XX ғасырға тұяқ іліктіргені де тарихи шындық. (К. А. Акишев. К проблеме происхождения номадизма в аридной зоне древнего Казахстана. Мына кітапта: Поиски и раскопки в Казахстане. А—А., 1972, 31-бет). Әрине, небір аласапыран тарихи оқиғалар, өмір тәжірибесінің жинақталуы көшпелі өмір салтын мыңдаған жылдар бойы бірде шарықтатып, бірде ауыздықтап дегендей, іштей неше түрлі сапалық өзгерістерге түсіріп отырғаны аян. Бірақ, қандай күй кешсе де бұл даланың базистік негізі, тіршілік кұру тәсілі көшпелі болып жалғаса берді. Әрине, бұл адамзат баласының тарихындағы айрықша жағдай. Десек те, мәселенің түйіні ерекшелікті бөліп көрсетуде немесе соған таңданып қана қоюда емес, соның себебін ұғынып, түсінуде болса керек. Көшпелі өмір салттың осынша ұзақ уақыт тұрақты болуының себебі не? Ең бастысы, сол „тұрақтылықтың“ шапағаты қайсы? Кесірі қандай?

Көшпелілердің өмір салты, тіршілік көзі өздері ғұмыр кешкен даламен тамырлас. Қара жерден қарыс көтерілсе қауқары құритын Антей сияқты, осынау Ұлы Даладан көз жазған ұрпақ көшпелі өмір салтын сол далаға қалдырып кететін болған. Бұл дала, дәлірек айтсақ, төсіндегі ұрпағынан айрылса да, келесі ұрпақтың ғұмыр-тіршілігін тек қана көшпелі етіп бастап отырған. 155—158 жылдарғы ғұндардың Еділ бойына, Оралдан арғы атырапқа ұлы

босқыны басталады. Одан кейінгі ғасырларда да дәл осы даладан шыққан „нөкерлердің“ кейде ру-тайпалардың бірі арабтар мен парсыларға, бірі Рум (Византия) мен Еуропаға, ат ойнатып барып, сол жақта талайының аяғы тұсалып қалғаны тарихтан аян. Оның бәрі де Ұлы Даладан кіндігін үзген соң көшпелі өмір салтын ғана жоғалтып қойған жоқ, сонымен бірге құмға сіңген су сияқты далалық болмыс-бітімдерін де жоғалтты. Бірер ұрпақ алмаспай жатып-ақ отырықшы болып шыға келді.

Мұның себебі, адамзат баласының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жиырмамыншы ғасырға тұяқ іліктіргенге дейін, дәлірек айтсақ технократтық өмір салт бел алғанға дейін бұл далада игілік атаулыны тек қана малдың тұяғымен жасауға болатын еді. Қысы қатты, жазы ыстық байтақ дала, суы тұщы, шөбі шүйгін иен дала тек малдың тісіне ере білсең ғана құт мекен болған. Күн көрістің басқа жолын таңдау — тылсым табиғатқа адамдардың кіріптар қалпында қалумен пара-пар болды. Көне заманның өзінде-ақ бұл далада отырықшы елді мекендер болған, егін егіп, металл өндіру де таңсық емес еді ("Киргизская степная газета" Омск. 1897. №№13, 14, 18; А. Х. Маргулан, К. А. Акишев, М. К. Кадырбаев. Древняя культура Центрального Казахстана. А-А., 1966; А. Х. Маргулан. Джекказган — древний металлургический центр. Мына кітапта: Археологические исследования в Казахстане. А—А., 1973). Алайда, металл өндіру, егіс егу күнкөрістің негізгі тірегі болмағандықтан мұндай әрекеттің аужайы тірлік емес, тырбаныс сияқты болатын. Көк жиекке сұғына жол шегіп, оң-солын тани бастаған ұрпақ көшпелі ғұмырға біржола ден қойды. Сөйтіп, Ұлы Дала көшпелілердің тіршілік тірегі ғана емес, рухани әдеміне де айналды.

Адам баласы қоғамдық-өндірістік қатынастардың қандай тарихи қалыбында (форма) өмір сүрсе де ол үшін бірден-бір тіршілік көзі — еңбек. Ал көшпелілер үшін тіршілік көзі — байтақ дала болды. Егер кең мағынада елестетер болсақ, көшпелілер үшін дала еңбек құралы есептес. К. Маркстің сөзімен айтқанда жер-ана төсінен алынар не қажеттің бәрі де табиғаттың тарту еткен еңбек құралдары. Мәселен, өзеннен ауланған балық, орманнан кесілген ағаш, жерден қазылған кен — міне, мұның бәрі де адам өміріне қажет еңбек құралдары (К. Маркс, Ф. Энгельс. Шығармалары, 23-том. 189-бет). Ал көшпелілер

үшін өмір-тіршіліктің ең негізгі қайнар көзі байтақ дала еді.

Адамзат баласының тарихындағы ең ұзақ жасаған әлеуметтік-тарихи формацияны көшпелілер бастан өткерді. Біздің жыл санауымыздан көп бұрын көшпелі өмір салтын қалыптастырып үлгерген далалық ру-тайпалар сол өмір салтымен жиырмасыншы ғасырға аяқ басты. „Біздің заманымызға дейінгі XI ғасырдан бастап біздің заманымыздың XVIII ғасырына дейін еуразиялық далادا бір ғана өндіріс тәсілі болды, ол — көшпелі мал бағушылық еді“ — деп жазады Л. Н. Гумилев (Л. Н. Гумилев. Этногенез и биосфера земли. Үш томдық. Л., 1979. 2-том, 5-бет). Осынау бір өмір салттың көшпелілер әлемі үшін зиянды да, пайдалы да жағы болды. Зияны — көшпелілермен жапсар жатқан, бір кездері әлеуметтік-экономикалық негізі тектес болған Азияның, Шығыс Еуропаның, Солтүстік Африканың елдері дамудың әр түрлі тарихи кезеңдерін бастан өткізіп үлгерді. Бұл сияқты ұлы өзгерістер қоғам дамуын жаңа сападағы әлеуметтік-экономикалық сатыға шығарып отырумен бірге, тұтас халықтардың идеологиялық, моральдық-этикалық болмыс-бітімдерінің, эстетикалық таным-түсініктерінің әр текті өрістерді шиырлауына мәжбүр етті. Жаңа Әлем мен Ескі Әлем мемлекеттерінің тарихи даму жолында мұның ізі сайрап жатыр. Әлеуметтік-экономикалық негізі жеке адамды құлданудан бастап тұтас халықты отарлауға дейін созылған елдер арада ұзақ-ұзақ ғасырлар өткенде бір ырғақты тіршілік, яғни көшпелі болмысынан, өмір салтынан танбай келе жатқан көшпелілерге енді экономикалық үстемдігін, саяси алаяқтығын, рухани мардымсуын көрсететін болды. Бұл, әрине, бұл кездері еуразия тарихының шежіресін тарланның тұяғымен жазысқан көшпелілер дәуренінің күні өткендігінің нышаны еді.

Ал енді, мыңдаған жылға созылған көшпелілер өмір салтының пайдасы дегенде — әлеуметтік-экономикалық болмысы көшпелі бола отырып, рухани біртектілікте шырдалуы, іштей ұдайы сапалық жетігуін тоқтатпаған. „Көшпелілер мәдениеті өзінің 3000 жылдық ғұмырында Жерорта теңізі мен Қиыр Шығыс елдеріне қарағанда творчестволық эволюцияны бастан өткерді (Л. Н. Гумилев. Көрсетілген еңбек. 2-том, 5-бет). Сан ғасырға созылған біртектілік көшпелілер үшін мал жаюдың тәсілдерін ғана шыңдап қойған жоқ, күнделікті тұтынатын заттары мен құралдарынан бастап моральдық-этикалық таным-

түсініктеріне дейін, мейлінше көне ән-күйлерінен бастап, тіліне дейін шыңдаумен болды. Біздің жыл санауымыздан бес ғасыр бұрын өмір сүрген Геродот жазбаларындағы дәстүрлер, тіршілік құралдары, өмір салттары негізінен өзгерместен жиырмамыншы ғасырға дейін жеткені тайға таңба басқандай. “Қос мүйізді Ескендір” атты күй бүгінгі ұрпақ үшін көне сарын қалпында ғана жеткен жоқ, күйдің шежіре аңызы біздің жыл санауымызға дейінгі үшінші ғасырға алып барады. Сол сияқты осыдан аттай мың жыл бұрынғы Қорқыттың қыруар күйлерін, сегіз жүз жыл бұрынғы „Ақсақ құлан” күйін бүгінгі ұрпақ өзіне рухани азық етіп отыр. Домбыра мен қобыз ұстаған екінің бірі, бұл күйлерді ойнай жөнеледі. Немесе, VI—XIII ғасырлар мұрасы болып саналатын Орхон тастарындағы Күл-Тегін ескерткішінің тілін, XIII-XIV ғасырда жазылған көне қыпшақ тілінің әйгілі ескерткіші „Кодекс-куманикус” кітабындағы сөздерді бүгінгі мектеп оқушыларының өздері-ақ ешқандай аудармасыз түсіне алады. Сөз жоқ, мұның бәрі де кездейсоқ мысалдар емес. Мұндай мысалдарды жер бетіндегі кез келген ел жайып сала алмайды. Шоқан Уәлихановтың мына бір сөзі еске түседі: “Далалық орданың тұрғыны — қырғыз (қазақ — А. С.) өзінің моральдық қасиеті ақыл-ой қабілеті жөнінен отырықшы татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлдеқайда жоғары тұр... Осынау дала көшпелілерінің ақынжанды болып келетіні, ой-қиялының жүйрік болып бітетіні мұңсыз-қамсыз көшпелі тіршіліктің арқасы болу керек немесе ұдайы ашық аспан астында, шет-шегі жоқ шүйгін дала құшағында ғұмыр кешкен соң табиғат шіркінді тәңірі тұтқандықтан да болар... Татар атаулы халықтар арасында өзінің ақындық қабілет-дарыны жөнінен қырғыздар (қазақтар — А. С.) бірінші орында болса керек” (Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч. в пяти томах. А. А. 1961-72, I-том. 390-бет). Дамудың біртектілігі — көшпелілердің рухани болмысын айлап, жылдап емес, ғасырлап шыңдап отыруы үшін ең негізгі фактор болған. Сондықтан да тарихтың небір аласапыран кезеңінде, қайғы мен қуанышта көшпелілер әлемі творчестволық тұғырынан бір сәт түсіп көрген емес. Халықтың ғажайып өнері үн қоспаған тарихи кезең жоқ деп сеніммен айтуға болады.

Адамзат атаулы нақты материалдық жағдайлар мен мүмкіндіктерге орай өзінің тарихын жасайды. Халық өмірі тек қана экономикалық, әлеуметтік, рухани әрекеті арқылы қалыптасып қоймайды, сонымен бірге материал-

дық және рухани әрекеттің бөлінбес сыңары сияқты эстетикалық таным-түсінігі де шыңдалып отырады. Сол қоғамдық тарихи тәжірибе аясына өтетін саналы әрекеттің арқасында адамдар өзін өзі түлетеді.

Ал көшпелілердің тарихи-әлеуметтік дамуындағы ұзақ ғасырларға созылған бір тектілік (әрине, дамудың іштей сапалық сатыларын жоққа шығаруға болмайды), даланың табиғи ерекшеліктерін шебер пайдалана білудің арқасында жинақталған материалдық игілік, шағын ауылдардан бастап байтақ, көшпелілер әлемін қамтып жатқан қарға тамырлы рулық пәтуа — міне, мұның бәрі де сол қоғамда дүниеге келген адамдардың өмірлік арман-аңсарына (идеал) әсер етпей қойған жоқ. Жай ғана әсер ету емес, өмірлік арман-аңсардың ұдайы шыңдалып отыруына ықпал етті. Өйткені көшпелілердің нақтылы өмірі мен арман-аңсарының арасында айырмашылық жоққа тән еді. Экономикалық және әлеуметтік дамудың қарабайырлығы, тарихи шектелушілік әрбір жеке адам мен көшпелі өмірдің кіндігін жалғастырып тұрды. Демек, мұндай ортада нақтылы өмірдің өзі әрбір жеке адам мақсат-мұратының жүзеге асуымен пара-пар болған. Басқаша айтсақ, көшпелілердің арман-аңсары өмір шындығын жатсынбаған.

Бұл ойдың әлі де болса түсінікті бола түсуі үшін көне Грекиядағы полис-мамлекеттерді тарихи-әлеуметтік тұрғыда көшпелілер әлемімен салғастыра кетудің артықтығы жоқ.

25. МЫСАЛ ҮШІН. Көшпелілер әлемі секілді көне Грекиядағы полис-мамлекеттердің де экономикалық және әлеуметтік дамуы мейлінше қарабайыр болған. Шағыншағын жекеменшік иелерінің өз еріктерімен пәтуашыл полистерге бірігуін көшпелілердің ру-тайпа одақтарына теңеуге болады. Сол полис-мамлекеттер дүниеге әкелген ғажайып өнер туындылары күні бүгінге дейін сұлулықтың тәңіріндей табындырып келе жатыр. Мұның себебін ғылыми таным-түсінік — көне дүниедегі адамдар діни, саяси, экономикалық қарабайыр тірліктеріне қарамастан өздерін қоғамдық өндірістің мақсаты ретінде көрсетіп отырды деп түсіндіреді. Яғни, Грекияның сұлулық идеялына тұғыр болған себеп — жалпы және жалқы мақсаттардың бір-бірімен біте қайнасып жатқандығы, жеке тұлға мен қоғам өмірінің қойындасқан үйлесімі (*К. Маркс, Ф. Энгельс. Из ранних произведений. М., 1956. 468-бет*).

Мұндай үйлесім-үндестік біздің жыл санауымыздан бұрынғы V ғасырға дейін сақталып келгені, сонсоң көне грек демократиясының шаңырағы шайқалғаны, оның салқыны классикалық өнерге де тигені тарихтан мәлім. Сөз орайында айта кетелік, көне дүниенің әлеуметтік-экономикалық жағдайы қаншалықты қарабайыр болса да, жеке адамның рухы кейінгі тарихи кезеңдердің қай-қайсысынан да әлдеқайда асқақ көрінеді. Өйткені көне Грекиядан кейінгі тарихи кезеңдердегі дамудың тарихи-әлеуметтік үлгілерінен жеке адамның болмысымен қойындасып жатқан үйлесімді табу қиын. „Өмірдің рахаты еңбектен ажыраған, күн көріс әрекеті мақсаттан бөлінген, қажыр-қайратың ескеріп-есіркеусіз қалған“ (Ф.Шиллер. Собрание сочинений, Жеті томдық, М., 1955-57. 6-том 265-бет). Ұлы ойшылдың сөзі еске түседі.

Демек, көне дүниедегі сұлулық туралы арман-аңсар — қоғам дамуының тарихи шектеулі аясында жеке адамның жан-жақты үйлесімділікте дамуы, жеке тұлға ретінде қалыптасуы деген ойлармен сабақтасып жатыр. Сондықтан да көне дүниенің сұлулық туралы арман-аңсары күні бүгінге дейін адамзат атаулыға асқақ үлгі болудан танбай келеді. Міне, полис-мемлекет бітімі мен көшпелі өмір болмысы арасындағы сәйкестікті осынау ой сорабынан іздеу керек. Рас, көшпелілер даласынан Пелледегі ақ мәрмәр асқақ сарайларды, Пергамдағы Зевстің құрбандық шалатын тұғырын, Афинадағы ғибадатханаларды немесе апталап отырып ойын көретін Римдегі амфитеатрды таба алмайсыз. Неге жоқ?! деп сұрақ қоюға да болады. Ондай сұрақ, сөз жоқ, сырттай ұқсастық іздеуге, үстірттікке алып келеді. Көшпелілер әлемі мен полис-мемлекеттер сәйкестігі материалдық мұралардың ұқсастығында емес, тарихи-әлеуметтік болмысының тектестігінде, заттық игіліктердің қандай ауқымда жасалғандығында емес, заттық игіліктерді адамдардың қандай қоғамдық қарым-қатынаста игергендігінде. Көшпелілердің әлеуметтік қажеттілігі тудырған мұралардың көне Грекия мұраларына ұқсамауының себебі де осында. Сондықтан да сыртқы ұқсастықты іздеу — көне Грекияның классикалық өнерінен кигіз үйді, алтын киімді адамды, даналық өрнегіндегі (звериный стиль) ғажайып өнер туындыларын іздеумен пара-пар болып шығар еді.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайы сан ғасырлар бойы бір текті дамыған көшпелілердің рухани әлеміндегі ұдайы шыңдалып отыруды осынау пайымдаулар орнықтыра түссе

керек. Орнықтырып қана қоймайды, осы уақытқа дейін тарих ғылымының етегіне шеңгелдей жабысып қалмай келе жатқан „мәдениетті отырықшы ел жасайды“ деген пікірдің (К. В. Базилевич. Дофеодалные державы и развитие феодальных отношений в Сибири, Средней Азии и Закавказье в I-VI вв. Мына кітапта: История СССР. Б. Д. Грековтың редакциясы. М., 1947. 36-бет. С. А. Плетнева. От кочевий к городам. М., 1967. 190-бет) тайғанақтығын зерделетеді. Мұның өзі мәдени-рухани дәстүрді тарихи сабақтастықта қарауға салқынын тигізеді. Көшпелілердің тарихы мен мәдениетіне қатысты небір желбуаз, нәуетек пікірді де, көзсіз келсімпаздықты да, мүсіркеушілікті де, тіптен „еуропалық үлгіге“ тартып тырбандаушылықты да тарих ғылымы жақсы біледі. Белгілі тарихшы Л. Н. Гумилев айтпақшы: „Он тоғызыншы ғасырдың бізге мұра етіп қалдырған концепциясы бойынша прогрессивті өркениетті (цивилизация — А. С.) жасаушы тек қана отырықшы елдер, ал Орталық Азияда бейне бір тапжылмас тоқырау немесе варварлық пен жабайылық шөгіп жатқандай. Бұл концепцияның сорақылығы қате екендігінде болса бір сәрі болар еді, мәселе мұндай сорақылық ғылымның күмән тудырмас жетістігі ретінде ұсынылып отыр ғой. Көлеңкеге тон пішкен кез келген пікірдің хауіптілігі де осында болса керек“ (Л. Н. Гумилев. Хунны в Китае. М., 1974. 8-бет):

Тарих пен мәдениетке қатысты жинақталған сан-сала дерек көзіне жалтақсыз ғылыми зердемен қарау бүгінгі таңда халқымыздың дәстүрлі өнерін, тарихи сабақтастықта зерттеуге, тек-тамырын танып-білуге мүмкіндік тудырып отыр. Қазақ этносы өзінің этнонимінің кеш қалыптасқанына қарамастан түпкі тегі Еуразия халықтарының ішіндегі ең көне халықтардың бірі екені, толып жатқан тарихи-этникалық бірігулердің арқасында пайда болғаны, дала әлемінің тарихында белсенді ғұмыр кешкені — бүгінгі тарих ғылымының пәтуаға келген байламы. Мұның өзі көшпелілер өмірінің ұзақ тарихына айғақ болар мәдени мұраларды қазақ халқына да тікелей қатысы бар дап қарауымызға дес береді. Демек, халықтық мәдениеттің тек-тамырын сол халықтың этнонимі басталған кезден бергі жерден іздеу — дауыс жетер жерден арғыны танып-білмеу болып шығады. Бүгінгі өркен жайып гүлденіп-көркейген мәдениетіміздің тарихи тамыры көне заманалардан бері қарай желі тартып жатыр. Өйткені мына тұрған орта ғасырда тарих сахнасында аты

аталған қазақ халқы бір күнде көктен түскен жоқ, өзіне дейінгі ұзақ тарихтың әлеуметтік-саяси толғауларының арқасында пайда болған. Халықтың дәстүрлі өнерін тарихи сабақтастықта қарай алмау, сөз жоқ, сол халықтың мәдени-рухани болмысына нәр беріп тұрған қайнар бұлақтың көзін бітегенмен пара-пар. Тарихи пайымдаулардағы методологиялық қысқа бақайлық, өткенге топырақ шашушылық, түптеп келгенде, ғылыми ақиқат танымға ғана қиянат емес, сонымен бірге бүгінгі жер басып жүргендердің мәдени-рухани дамуына өлшеусіз зиян.

Халықтың тарихи шежіресін, этногенетикалық арқауын, рухани дәстүрін тереңнен тартып, сабақтастықта қарау, прогрессивті мұраларын бүгінгі дамуымыздың ұлы керуеніне теңдей білу — болашақтан үміті бар мәдениеттің тұғыр тасын орнықтыру деген сөз. Ал, қазақ халқының бүгінгі таңдағы жаңғыра түлеген төлтума (самобытный) мәдениеті кезінде небір кертартпа нигилистік пікірлер тудырған психологиялық тосқауылдарды жеңе отырып, жарқын болашаққа үдере тартып бара жатқанын көз көріп отыр.

26.ҮШ ЖҮЗДІК ҚҰРЫЛЫМ. Қазақ халқының үш жүздік құрылымын сөз етпес бұрын, жалпы этностену (этнизация) туралы, соның ішінде қазақ этногенезіне қатысты кейбір пайымдауларға тоқталып өту қажет. Себебі үш жүздік құрылымның өзі ру, тайпа, ел, ұлт болып қалыптасу процесімен тікелей байланысты. Бұл орайда, басы ашық мәселе, қазақ этногенезін танып-түсіну дегеніміз, ұлттың кеңістік аясындағы орны мен уақыт аясындағы мерзімін анықтаумен әсте шешілмейді. Керек десеңіз, қазақ этногенезі сол қазақ атауының (этнонимінің) мән-мағынасын тап басып саралаумен де шешіле қоятын түйін емес. Себебі халықтың пайда болу тарихы мен сол халық атауының пайда болу тарихының арасында бөлек-бөлек сыр-себептер бар. Сондықтан да, тек қазақ емес, кез келген халықтың тарих тұңғығынан бастау алатын тек-тамырын одан көп кейін пайда болатын этникалық атау тарихымен шатастыру ғылыми солақайлық болып шығар еді. Дүние дидарында жат румен, бөтен тайпамен, тіптен басқа нәсілмен қаны араласпаған ұлт жоқ деуге болады. Бір сәт логикаға дес берсек, адамзат баласы Адам ата мен Хауа-анадан өрбіді деп келетін мифке илануға тура келер еді. Неге десеңіз, ру-тайпалар мен ұлттарды былай қойғанда, егер нәсілдер (раса) бір-біріне қатыссыз,

дербес пайда болды десек, онда барша адамзат баласы биологикалық қасиеттері жөнінен неге бір тектес? Әр түрлі нәсілдер бөлек-бөлек пайда болса, бөлек-бөлек пайда болған жылқы мен түйе сияқты бір-біріне неге ұқсамай жаратылмаған? Бұл жалпы адамзаттың тек-тамарын танып-түсінуге қатысты ойдың жосығы.

Ал, этногенез проблемасы — берідегі мәселе. Дәлірек айтсақ, этногенез мәселесі адамдардың белгілі бір тарихи-географиялық ортаға орай өмір салты қалыптасып, сол өмір салтпен байланысты этникалық нысандарының төбе көрсетуімен тікелей байланысты үрдіс. Бұл орайда, Еуразияның Ұлы Даласындағы өмір-тіршіліктің қозғалысы, аралас-құраласы өзге өңірлерге қарағанда анағұрлым ширақ болғаны көз бен көңіл жетер тарихтан аян. Мұның өзі әрісі көшпелілердің, берісі қазақ халқының этникалық сабақтастығын танып-түсінуде қыруар қиындықтармен беттестіретін жағдай. Бұл қиындықтардан жол тауып шығу үшін, ең алдымен этногенетикалық процестің тетігін (механизм) танып-түсінуге мүмкіндік беретін методологиялық дұрыс зерде, кемел теория қалыптасу қажет. Онсыз мың сан эмпирикалық айғақтың шылауынан шыға алмай, қанша ауыз болса сонша субъективті пікірлер нөпірінің астында тұншығамыз. Әзірше, қазақ халқының тарихы мұндай дерттен айыға алмай отыр.

Қазір әлемдік ғылыми ойдың ағымында этностену (этнизация) теориясы біршама сараланып, белгілі дәрежеде пәтуалы тұжырымға келді деуге болады. Осы орайда, белгілі этнолог Р. Капо-Рейдің пікірін көлденең тартумен шектелуге болады. „Аяқ аттаған сайын ұшырасатын қайшылық нәсілдер арасынан шықпайды, керек десеңіз әртүрлі әлеуметтік қауымдар арасынан да кезікпейді, қайшылықтың қайнар көзі әр түрлі өмір салты бар қауымдар арасында, — дейді Р. Капо-Рей. — Демек, өмір салт дегеніміз — нәсілдік қасиет емес, керісінше, ұрпақтан-ұрпаққа ұласу арқылы адамдардың бойына белгілі бір қасиет дарытатын, этникалық қауымдардың ұйтқысы" (Р. Капо-Рей. Французская Сахара. М., 1958, 191-192-беттер). Яғни, этногенез мәселесін саралауда белгілі бір этникалық қауымдардың өмір салтына, шаруашылық-мәдени типіне алдымен ден қою қажет. Ал, кез келген өмір салт, кез келген шаруашылық-мәдени сүле өз болмысымен үндес этникалық қасиеттерді қалыптастырады. Бұл орайда, нақтылы шаруашылық-мәдени сүлесін этноіріктеуші (этнодифференцирующие) және этнотоғыс-

тырушы (этноинтегрирующие) қасиеттердің ұйтқысы деуге болады. Түптеп келгенде, этностенудің тетігі осы принциптерді терең саралап тануға саяды. Нақтылы бір өмір салтың, нақтылы бір шаруашылық-мәдени типтің әсерықпалы қоғам өмірінің барлық саласын қамтиды. Жай ғана қамтып қоймайды, сол өмір салтпен, сол шаруашылық-мәдени сүле мен үндес төлтума /самобытний)қасиет қалыптастырады. Мұндай төлтума қасиет белгілі бір әлеуметтік қауымды өзгеге ұқсамайтын, өзіндік болмысымен даралай бастайды. Демек, этностену дегеннің өзі, түптеп келгенде, белгілі бір әлеуметтік қауымның мәдениетте, шаруашылықта, дүниетанымда, кісілік қарым-қатынаста өзінің басқадан өзгешелігін терең сезініп, „мынау — біз“ „мынау — олар“ деген ұғымның орнығуы болып шығады. Мұнан шығар қорытынды, этногенез процесі белгілі бір әлеуметтік-экономикалық укладтар аясында бір сүлелі этникалық қасиеттерді қалыптастыратынын көреміз. Этногенетикалық процесс әбден шыңдалып, этноәлеуметтік процесс әбден орныққан кезде ұлттық дара қасиеттер, төлтума сана-сезімдер бел алады. Бұл сияқты даралық пен төлтумалықты сол ұлттың өзі де, басқа көршілері де белгілі бір атаумен атай бастайды. Яғни, ұлт атауының (этнонимінің) орнығуына түрткі болатын негізгі себеп осы. Рас, этногенездік процесс толық аяқталып, ұлт болып біржолата даралану үшін бұл қасиеттер де жеткіліксіз. Мұнан әрі біртұтас әлеуметтік-экономикалық мүдде біртұтас саяси мүддеге ұласуы қажет. Осы орайда, „ұлт болып қалыптасу үшін таптық қоғамды бастан өткеріп, капиталистік немесе социалистік экономикалық қатынасқа тұяқ іліктіру керек“ деп келетін қағиданың көшпелілер қоғамындағы этногенездік процеске сай келе бермейтінін ескеру қажет. Әрі-беріден соң, басқа өмір салттағы, басқа әлеуметтік-экономикалық қатынастағы, басқа шаруашылық-мәдени сүледегі қоғамдарды бір-бірімен шартты түрде шеңдестіріп, олардан ортақ этногенездік үлгіні (модель) талап ету, сыпайылап айтқанда методологиядық орашолақтық болады. Бұл ретте, көшпелілер ғұмыр кешкен табиғи орта мен әлеуметтік-экономикалық процестердің өзара байланысына байсалдылықпен ден қою арқылы көшпелілер этностенуінің төл ерекшелігін танып-түсінуге болады. Көшпелілердің бүкіл этникалық тарихы да, қоғамдық өміріндегі барша әрекеттірлігі де ең алдымен табиғи орта мен әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзара біте қайнасқан байланысы

Чұлымның сол қанатындағы сағаларының бірі Беріш деп аталады. Оның батысын ала 40 шақырымдай жерге Берішкөлі орналасқан. Сол көлден 70—80 шақырымдай жерде Томь өзенінің бойында су жайылған кезде кеме мен салға қауіпті Бүріш деп аталатын су асты жартастары бар. Берішкөлдің батысын ала 50 шақырымдай жерден Алшедат өзені басталады. Обь өзеніне құятын Қатын өзенінің оң жағындағы сағаларының бірі Шеркиш деп аталады. Ачинскіден солтүстікке қарай 100 шақырымдай жерден Үлкен және Кіші Кеть деп аталатын өзендер бастау алады (мұнда XVII ғасырда Кеть естектері өмір сүрген).

Чұлым өзенінің бойында және Томь өзенінің батысынан бастап, жаңағы айтқан Беріш өзені, Беріш көлі, Бүріш жартасы, Алшедат өзеніне дейінгі аймақта Қызыл деп аталатын түркі тайпасы тұрады. Оның құрамында Үлкен Алшын және Кіші Алшын деген рулар бар. Ачинск қаласының атауы да осыған байланысты. Беріш, Берішкөл, Бүріш деген атаулардың бәрі де біздің Алшын ішіндегі қалың Беріш руын еске салады. Үлкен және Кіші Алшын деген рулар да „л“ әрпі түсіп қалған біздің Алшынды еске түсіреді. „Л“ әрпін қалдырып сөйлеу қазақтарға тән. Мәселен, „алшы“ деудің орнына „ашы“, „алып кел“ деудің орнына „әккел“ т. б. деп айта береді. Егер, „Алшедат“ сөзінің „т“ түрінде айтылатын көптік жалғауын алып тастаса „Алшед“ болып шығар еді. Бұл да біздің — „Алшынға“ жуық. Шеркиш атауы да біздің Алшынның құрамындағы Шеркеш руын еске салады. Кеть атауы да сол Алшынның құрамындағы Кете руын еске түсіреді.

Осы өңірлерде „алтын“ сөзі жиі-жиі ұшырасады. Көптеген географиялық атаулар біздің рулармен үндес болғандықтан, бұл сөзді де Алшын ішіндегі Алтын руымен шендестіруге болады. Бір мән беретін жай, осы өңірлерде Ұлы жүз Орта жүздің руларын (бір ғана Арғыннан басқа) еске салатын атау мүлде кездеспейді. Оның есесіне сөз болған атаулардың бәрі де тек қана Кіші жүздің руларымен үндес” (М. Тынышбаев. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925, 21-бет).

Осынау, қысқа-қайырым лингвистикалық, этнографиялық және тарихи айғақтар бір кездегі Ұлы жүздің бұл күнде Кіші жүз болып отырғанын ғана көңілге қонақтатып қоймайды. Одан да гөрі мәндірек ойларға жетелеп, үш жүздің құрылымның (одақ емес) жалпы байырғы дүние мен орта ғасыр аясында қалыптасқан қоғамдарға, мемлекеттерге тән заңдылық екені назар аударады. Бұл орайда,

Тәңірлік наным-сенімнен де бұрын, табиғи-географиялық ерекшеліктен де бұрын, сол табиғи-географиялық ерекшелікке бейімделген шаруашылық-мәдени сүледен де бұрын, үштік құрылымның кез келген қоғам үшін, ең алдымен демократиялық ұмтылыстар үшін қажет болғанына мән беру керек. Себебі, нағыз үндестік, шыншыл мәмле, шынайы демократия үштіктен басталады. Жік-жұптық қарсыластардан шығады. Жақсы-жаман, өмір-өлім, қуаныш-қайғы, жарық-қараңғы, ыстық-суық сияқты өмірдің жұптық текетіресін үшінші күш ғана реттейді. Ақ бас тарихтың ұзына бойына зер салсақ Әбілді (Авель) Қайын (Каин) өлтіргеннен бері қарай, жұптық қарсыластардың өліспей беріспейтініне мың сан қанқасап мысалдар куә. „Табиғатта үшінші күш кереғар екі күштің бірін-бірі құртуына жол бермей, теңестіріп тұрады, төртінші күш онсыз да тайталас дүниені одан сайын өршітіп жібереді“, — дейді Әбіш Кекілбаев (Ә. Кекілбаев. Әйтеке би. „Егеменді Қазақстан“ 1991. 23-қараша). Сон-дықтан да, адамзат баласының ең көне тарихы өткен Еуразия құрылығындағы байырғы және ортағасырлық қоғамдардың, мемлекеттердің баршасы үштік құрылымдарға табан тіреу арқылы ілгері басып, үштік құрылымдарға арқа сүйеу арқылы күш алып отырған. Бұл қасиет әсіресе, көшпелі өмір заңына айналған. Мәселен, Ғұндардың иелігі үшке бөлініп, оның кіндік ортасын әйгілі Мөде (Боғда) хан басқарса, батысын — Ұлы төрелер, шығысын — Шұжық төрелер басқарып отырған. Бір таң қаларлық жай, тақтың мұрагері міндетті түрде күннің шығысына орналасқан Шұжық төрелерден болып отырған. Дәл осы сияқты, сақтар да өз ішінде хаумаварға (қымыз ашытатындар), тиграхауда (шошақ бөріктілер) және тьяй-парадарая (дарияның арғы жағындағылар) болып үшке бөлінген. Мұнан кейінгі Түркі Қағанатында да үш жүздік құрылым қатаң сақталған. Міне, осынау Ғұн, Сақ, Түркі құрамындағы ру-тайпалардың тек қана биологиялық жалғасы емес, сонымен бірге рухани мұрагері болып табылатын қазақ халқының үш жүздік құрылымына көне заманнан келе жатқан ата салт ретінде қараған жөн.

Енді, мұнан да әрірек ой жүгіртіп, үш жүздік құрылымның нәтижесіне ден қойып көру қажет. Түптеп келгенде, осынау әмбебап үштік құрылым ұзақ мерзімді экосистемалық адаптациядан кейін үш түрлі мүдде-міндет қалыптастыратынын, ол мүдде-міндет, біріншіден — қоғамның қорғаныс мұқтажына, екіншіден — материал-

дық мұқтажына, үшіншіден — рухани мұқтажына ұйтқы болатынын көреміз. Бұл жөнінде белгілі этнолог Дж. В. Дрэпер былай дейді: „Ұлттық типті әлдекім біржолата белгілеп берген деп ойлаудың мүлде қисыны жоқ, ал оның қалпының тұрақты болып көрінетін себебі өзін қоршаған ортаға, өзіне ықпал ететін ортаға әлдеқашан бейімделіп болғандығының нәтижесі. Жағдайды өзгертсең-ақ болды, сол сәттен бастап тип те өзгере бастайды“.

Дж. В. Дрэперден тағы да бір үзінді алу қажет: „Осыдан үш жүз жыл бұрын Республика туралы еңбегін жариялаған Боденнің заманынан бері қарай ол ұстанған мынандай принцип мойындалып келеді: табиғат заңы адам еркіне бағына алмайды, өкімет болса табиғатпен санасып отыруы қажет. Ол өзінің осы тұжырымынан кейін, солтүстіктің тұрғындарына — күш-қуат тән, ортаңғы тұрғындарына — ақыл-ой, оңтүстік тұрғындарына — наным-сенім тән деген қорытындыға келген“ (Дж. В. Дрэпер. История умственного развития Европы. Киев-Харьков, 1896. 5-8 беттер). Бұл сияқты таным-тұжырымды „Ұлы жүзді қолына қауға беріп малға қой, Орта жүзді қолына қамшы беріп дауға қой, Кіші жүзді қолына найза беріп жауға қой“ деп қазақ та айтқан. Айырмашылығы, эмпирикалық таным арқылы қазақтың Боденнен көп бұрын айтқанында ғана.

Жүз туралы ой жүйесін түйіндейік. Тарихи тәжірибені саралап келгенде, қазақ халқының үш жүздік құрылымы эсте этникалық айырмашылықтың айғағы емес. Күні кешеге дейін көшпелі өмір салт пен жеті аталық үрдісті өмір тірегі етіп келгендіктен үш жүздік құрылым этно-мәдени айырмашылыққа да айғақ бола алмайды. Қазақтың үш жүздік құрылымы байырғы Тәңірлік наным-сенімнен бастау алып, кейін классикалық көшпелі өмір салт бел алған кезде, сол көшпелілер қоғамының табиғи-географиялық, әкімшілік-территориялық және шаруашылық-мәдени ерекшеліктеріне орай қалыптасқан құрылым деп білуіміз керек.

Үш жүздік құрылымның тарихи қадір-қасиеті бұл айтқандармен де шектелмейді. Ең бастысы, үш жүздік құрылым саяси-әлеуметтік тұтастықтың, мемлекеттік бірліктің, далалық демократияның үлгісі (моделі) еді. Бұл орайда, үш жүздік құрылым көшпелі өмір салт аясында тарих сахнасына шыққан мемлекеттердің төл-бітім болмысын танып-түсінуге, төл ерекшелігін саралауға мүмкіндік береді. Яғни, осы уақытқа дейін, еуропалық үлгідегі мем-

лекеттік құрылымдарға ұқсамағандықтан Еуразия көшпелілерін тек қана тайпалық одақтар бірлестігі деп қарап келген ой-тұжырымдардың, жұмсартып айтқанда, методологиялық сыңаржақтық екенін аңғартады.

27. ДАЛАЛЫҚ АУЫЗША ТАРИХНАМА. Тарих өткен өмірді сөз еткенімен бүгінге және болашаққа қызмет етеді. Кез келген тарихи танымның өзегінде белгілі бір ұлттың, тайпаның, рудың, тіптен жеке адамның өмір тәжірибесі, мақсат-мұраты, моральдық-этикалық нормалары жатады. Түптеп келгенде, тарих дегеніміздің өзі өмір танудың, қоғам танудың, адамтанудың ұлы мектебі. Осы орайда, жалпы шежіре тарату дәстүрі, оның ішінде қазақтың далалық ауызша тарихнамасы (ДАТ) тарихи танымның елеулі бір арнасы болып табылады.

Қазақтың шежірешілдігін, дәлірек айтсақ, қазақтың тарихшылығын ұлттық қасиет деуге болады. Бұл, әрине, ерекше артық жаралғандықтан немесе артта қалған жабайылықтан емес. Қазақ халқының шежірешілдігін, тарихи санасының сергектігін, ең алдымен, оның ұзақ ғасырлар аясында көшпелі өмір салтта болуымен сабақтастырған жөн. Ал, салт атты көшпелілер өркениетінің (цивилизациясының) Еуразия ойкуменінде үш мың жылдық тарихи бар. Біздің заманымызға дейінгі XI ғасырдан бастап, біздің заманымыздың XVIII ғасырына дейін еуразиялық далада бір ғана өндіріс тәсілі болды. Ол — көшпелі мал бағушылық еді. Мұндай өмір салтпен қазақ халқы XX ғасырдың табалдырығын аттады. Яғни, адамзат тарихындағы ең ұзақ базистік өмір салтты, ең ұзақ формацияны Еуразия көшпелілері бастан кешті. Мұның өзі, ең алдымен бір тектес өмір салттың шыңдалуына, бірыңғай моральдық-этикалық қалыптардың (нормалардың) қалыптасуына мұрындық болды. Өзге жұрт наным-сенімдерін, моральдық-этикалық қалыптарын, эстетикалық таным-түсініктерін құбылтып, жеке адамды қанаудан бастап, тұтас халықты отарлауға дейінгі тарихи-элеуметтік өрістерді шырылап жүргенде, көшпелілер тек қана іштей шыңдалу үрдісін бастан кешті. „Көшпелілер мәдениеті өзінің 3 мың жылдық ғұмырында Жерорта теңізі мен Қиыр Шығыс елдеріне қарағанда творчестволық эволюцияны бастан өткерді“ (Л. Н. Гумилев. Этногенез и биосфера земли. Үш томдық. Л., 1979, 2-том, 5 бет). Яғни, көптеген қоғамтанушылардың айтып жүргеніндей, элеуметтік-экономикалық формациялардың алмасуы, соған орай адамдардың

танымдық, мәндік көзқарастарының (ценностные ориентации) өзгеруі мәдени-рухани шыңдалуға жағымды ықпал етті ме, жоқ әлде жағымсыз әсері болды ма, бұл әлі пәтуалы тұжырымы жоқ даулы мәселе. Рас, Еуразияның апайтөс даласында өркен жайған көшпелі өмір салтты Тәңірдің сыйына балауға болмас. Алайда, табиғатпен тіл табысу арқылы, экосистемаға бейімделудің арқасында шыңдалған шаруашылық-мәдени сүлесі екеніне күмән болмауға тиіс. Алтай мен Карпат тауларының арасында керіліп жатқан Ұлы Далада технократтық даму төбе көрсеткенге дейін тек қана бақташылықтан бақыт табуға болатын еді. Ұлы Даланың тұрғындары ондай бақыттың қызығын армансыз көрді. Отты қару пайда болғанға дейінгі мыңдаған жылдық адамзат тарихында ат жалында өскен көшпелілер ең қаһарлы күш болғаны күмән тудырмайды. В. О. Ключевскийдің бейнелі сөзімен айтқанда, мылтық пайда болғанға дейін „көшпелілер тарихтың дырау қамшысы болды“.

Еуразия көшпелілері сөз болғанда олардың көшпелі өмір салтынан да бұрын, сол өмір салт дүниеге әкелген төлтума мәдениетінен де бұрын, алдымен адамзат тарихының қозғаушы күші болғанына назар аудару керек. Материалдық және рухани мәдениеттің халықтар арасындағы ауыс-түйістігі адамзат өркениетінің бірден-бір кепілі болса, осынау тарихи қажеттіліктің бірінші арбакеші көшпелілер еді. Күні бүгінге дейін Алтай мен Карпат арасында тарыдай шашылған Скиф қорғандарынан Мысырдың (Египет), Грекияның, Иранның, Ассирияның, Урартудың, Қытайдың, Үндінің өнері мен тұрмыстық заттарының ұшырасуы тегін емес. Қос құрлықты көктей өтетін Ұлы жібек жолын алғаш игерген Қытайдағы тұт ағашын түптеген жаяу шаруа емес, желмен жарысқан салт аттылар екенін мойындау үшін архивтік айғаққа жүгінудің қажеті жоқ. Осы орайда, жалпы адамзат өркениетіндегі әйгілі мәдени ошақтардың ұдайы көшпелілер мекенімен жапсар өңірлерде дүниеге келіп отырғанын кездейсоқтық деуге болмас. Басқасын былай қойғанда, Зәрдеш (зороастризм), Будда (буддизм), Яхуда (иудаизм), Мұхаммед (ислам) бастаған әлемдік діндердің көшпелілер мекенімен шекаралас өңірлерде дүниеге келгенін қалайша кездейсоқтық деуге болар? Және осынау әлемдік діндердің бастау тегіне Тәңірлік діннің (Тенгрианство) өзекті қағидаларының арқау болғанын қайтерсіз? Ал, Тәңірлік дін дегеніміз, түптеп келгенде, уақыт пен кеңістікті игеруге талпынған, қоршаған ортамен тіл табысуға ұмтылған адам баласының

алғашқы таным-түсінігі еді. Бұл орайда, Тәңірлік дін көшпелілердің өмір сүруінің кепілі болды, өмір салтына айналды. Еуразия көшпелілерінің соңғы тұяғы болып табылатын қазақтар күні бүгінге дейін таңның атуы мен күннің батуына дейінгі уақытты беске бөледі: таң, сәске, түс, екінді, ақшам, Осы дәстүр Сырдария бойында туған Зәрдөш діні арқылы Яхуда дініне ауысты, одан ислам дініндегі бес уақыт намаздың орнығуына себепші болды. (Авеста. Душанбе. „Адаб“. 1990, 149-бет). Уақыт пен кеңістік туралы белгілі бір таным-түсінік қалыптастырмай тұрып, көшпелі өмір салтқа ойысу мүмкін емес еді. Бір жыл ішінде күн мен түннің теңесетін мерзімдерін білу, сол бір жылдың төрт маусымының ерекшеліктерімен санасу көшпелілер үшін өмір сүрудің қажеттілігі болған. Осы орайда, отырықшылардың негізінен жаз бен күзге ғана тәуелді екенін айта кетуге болады. Күні бүгінге дейін қазақтар әрбір маусымды өз ішінде үшке бөледі: қоңыр күз, сары ала күз, қара күз немесе қыстың басы, қыстың ортасы, қыстың аяғы т. б. Осынау өмір салттың өзегінен бір жылды он екі айға бөлетін таным-түсініктің бастау тегі аңғарылады.

Көшпелілер уақыт пен кеңістікті игеру арқылы, танып-түсіну арқылы бойлық бойынша шырқай көшіп, жыл құсы сияқты ұдайы табиғаттың қолайлы белдеулерінде болып отырды. Тіршілігінің тірегі — төрт түлік малын мәңгілік көктемге ілестіріп, қайырымы мол Жер-ананы тіршілікке қолайлы „өндіріс құралы“ ете білді. Уақыт пен кеңістіктің тылсым сырын қыпысыз игеру, төрт түліктің бабын экосистемамен мінсіз үйлестіре білу, соған сай келетін материалдық және рухани игіліктер қалыптастыру, түптеп келгенде көшпелілердің төлтума (самобытный) мәдениетін орнықтырды. Мейлінше аз күш жұмсау арқылы мол өнім алатын мал шаруашылығы, Л. Н. Гумилевтің сөзімен айтқанда, „әрі қарай шыңдауға көнбейтін биікке көтерілді“. Әрине, шыңдалған тек қана шаруашылығы емес еді. Ең алдымен шыңдалған „адам сапасы“ (Аурелио Печчей. Человеческие качества. М., 1985.) болатын. Кез келген өркениетті қоғамның түпкі нәтижесі сол қоғамдағы адам сапасымен анықталатын болса, көшпелілердің қабілет-күші мен ақыл-парасатының өзара үндесе кемелденуі, сөз жоқ, сол ортадағы өмір салттың әбден реттеле орнығуының нәтижесі еді. Бұл жөнінде Шоқан Уәлиханов былай дейді: „Далалық орданың тұрғыны — қазақ өзінің моральдық қасиеті, ақыл ой қабілеті жөнінен отырықшы

татар немесе түркі шаруаларына қарағанда әлдеқайда жоғары тұр... Осынау дала көшпелілерінің ақынжанды болып келетіні, ой-қиялының жүйрік болып бітетіні мұңсыз-қамсыз көшпелі тіршіліктің арқасы болу керек немесе ұдайы ашық аспан астында, шет-шегі жоқ шүйгін дала құшағында ғұмыр кешкен соң табиғат шіркінді Тәңірі тұтқандықтан да болар... Татар атаулы халықтар арасында өзінің ақындық қабілет-дарыны жөнінен қазақтар бірінші орында болса керек" (Ч. Ч. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. А. А. 1961—72. I-том. 390-бет)

Көшпелілердің осы қасиетін байырғы жиһанкездерден бастап, бүгінгі этнологтарға дейін, барлығы да бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай тамсана мойындайды. Алайда, көшпелілер қоғамындағы адам сапасының тарихи-элеуметтік сыр-себебі, қоғамдық тетігі арнайы зерттеудің объектісі болған емес. Расында, мал шаруашылығын әрі қарай шыңдауға көнбейтін биікке көтерген қоғамда, аз күш жұмсау арқылы мол өнім алатын қоғамда, бақташылықпен санаулы-ақ адам айналысып, оның өзі бақташылықты өмірнің мағынасына балайтын қоғамда, ал адамдардың басым көпшілігі, Шоқан айтқандай „мұңсыз-қамсыз" ғұмыр кешкен қоғамда, қалайша жүгенсіздік (анархия) бел алып кетпеген? Қалайша азаттығы — алаңғасарлыққа, еркіндігі-егесуге ұласып кетпеген? Қалайша далалықтардың арасында өлім жазасы, тән жазасы, абақтысы болмаған? Қалайша мыңдаған шақырымдық байтақ далаға қанат жайған көшпелілер өздерінің этномәдени тұтастығын сақтай білді? Неге әрбір көшпелі өзінің дәулет-мұрасын „өкше басар ұрпағы" — іштен шыққан балалары мен „бөлінбеген еншісі бар" — үйіне келетін қонағына тең бөліп қалдырады? Неге сал-серілерін төбесіне шығарып еркелетеді? Неге домбырасынан басқа дымы жоқ ақын-жырау ханына қасқайып қарсы келіп, қабырғасын сөккендей етіп сын айтады? Неге көшпелілер қоғамындағы адамдар тек қана өздерінің қабілетіне орай еңбек етіп, тірлік жасайды? Неге адам мен қоғам тағдырын шешетін бас тұлға — билер тағайындалып қойылмай, халық арасынан сұрыпталып шығады? Ең соңында, неге әрбір көшпелі өзінің жеті атасына дейін біліп, жеті атаға дейін қыз алыспайды?.. Міне, көшпелілер мәдениеті, көшпелілер болмысы, көшпелілер феномені деген мәселе осы сияқты қасиеттерді танып-түсінгенде ғана өзінің сыр-себебін ашуға тиіс. Алайда, бір шындыққа күмәнсіз ден қоюға болады. Ол — көшпелілер қоғамы

үшін ғасырлар сынынан өткен салт дәстүрі мен әдет-ғұрыпының сол қоғам өмірін реттеуде, үйлестіруде ұлы міндет атқарғандығы. Түптеп келгенде, кез-келген қоғамның, кез келген ұлттың мәдени-рухани өресі салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың орнықтылығымен өлшенуге тиіс. Бұл орайда, көшпелілердің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары ұдайы қоғам мүддесімен үндесіп, ұдайы өмір салтты шыңдауға қызмет етіп отырғандығын көреміз. Міне, қазақтың шежірешілдігі мен тарихи санасының сергектігін осы қасиеттердің аясында танып-түсінуге болады.

Шежірешілдік көшпелі қоғамдағы әрбір қазақ үшін теңізшінің қолындағы компас сияқты қажеттілік болған. Сары даланы өмір сахнасы етіп, ат үстінде айшылық жерге сапар шегетін қазақтың жолшыбай ұшырасқан адаммен туысындай шұрқырасып табысып, жолшыбай кездескен ауылға өз үйіндей еркінсіп түсуі, ең алдымен сол далада тіршілік құрудың кепілі болған. Сондықтан да, бұл далада адам жатсынбау, бауырмал болу — көшпелі өмір салттың бұлжымас заңына, бұзылмас әдет-ғұрпына айналған. Мұндай әдет-ғұрыпсыз осынау байтақ даланы игеріп, тіршілік құру мүмкін емес еді. Мұның сыртында, жаңағы жапан түзде кездейсоқ ұшырасып, шұрқырап табысатын адамы шынында да да туысы болып шығатыны, жолшыбай кездескен ауылдың шынында да сүйек-шатыс болып шығатыны рас. „Қарға тамырлы қазақ“ дейтін тұрақты сөз тіркесінің мәні сонда. Және, бұл сөзде ешқандай әсіре бопсаның жоқтығына да күмән болмауға тиіс.

Осы орайда: „Сонда қалай, тұтас бір ұлттың адамдары бір әулет сияқты өзара қандас туыс болғаны ма?!“ деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Дәл солай! Бір ғажабы, бұл әрісі көшпелілердің, берісі қазақ ұлтының ғана бойына біткен ерекше қасиет емес. Мұндай қасиет дүние жүзіндегі үлкенді-кішілі ұлттар мен ұлыстардың баршасына тән. Себебі, кез келген ұлттың өмірінде ұдайы этнобиологиялық тұтастану процесі тоқтаусыз жүріп жатады. Тек, бұл процеске көптеген ұлттар мән бермейді немесе отырықшылыққа байланысты этноинтеграциялық процесс шын мәнінде солғын өтеді. Ал, көшпелілер арасында экстенсивті мал шаруашылығына байланысты этноинтеграциялық процесс мейлінше қарқынды өтеді және ол процесті әрбір көшпелі қапысыз есіне сақтайды. Міне, көшпелілердің тарихи санасының сергектігінің сыры осында.

Рас, белгілі бір тарихи, әлеуметтік, саяси жағдайға

орай ұлттық тұтастықтың шырқының бұзылуы немесе ұлттың құрамына мүлде бөтен ұлттың, тіптен басқа нәсілдің (раса) қосылуы мүмкін. Бәрібір, этнобиологиялық, этномәдени тұтастану процесі сонда да тоқтаусыз жүзеге асып жатады. Ой орамын мысалмен орнықтыруға болады.

Мысал үшін КСРО кезінде 60 миллион адамның әр түрлі ұлт өкілдерімен некелесуі қандай аласапыран жағдайда да этноинтеграциялық процестің тоқтамайтынын көрсетеді. Тек, бұл жерде тоталитарлы социалистік система мұндай процесті бір ғана орыс ұлтының пайдасына шешіп, мәдени-рухани ассимиляцияны мемлекеттің саяси-идеологиялық негізіне айналдырғанын да айта кету керек. Соның салдарынан саны аз, әлеуметтік-экономикалық қарымы әлсіз ұлттар зардап шегіп, өзінен әлдеқайда қуатты өктем ұлтқа жұтылды. Яғни, еш уақытта тоқтамайтын этнобиологиялық тұтастану процесі тек қана орыстық үлгіні тудырып, орыс болып жазылатын тобырдың санын көбейтті. Рас, бір ұлттың екінші ұлтқа жасайтын зорлық-зомбылығы, биомәдени экспансиясы өз алдына бөлек арналы мәселе. Бұл жерде, әңгіме адам қоғамындағы этнобиологиялық тұтастанудың еш уақытта тоқтамайтын процесс екенінде болып отыр. Демек, кез келген адам қоғамының этнобиологиялық тұтастыққа, дәлірек айтсақ, қаңдастыққа ұмтылуы ұлттық тұтастыққа ұласудың алғы шарттарының бірі.

Енді осынау қасиет барлық ұлтқа бірдей тән болса, онда әрісі көшпелілердің, берісі қазақтың елден ерек шежіреші болуының сыры неде? Ол шежірешілдігі қандай қажеттіліктен туған? Міне, гәп осында жатыр.

Ұлы Дала, қуаң табиғат, көшпелі өмір салт маңдайға жазылған соң, сол жазмышқа көңдігудің бірден-бір кепілі — адамдар бірін-бірі жатсынбай, біріне-бірі арқа сүйеп қана өмір сүруі қажет. Бұл қажеттілікті терең сезінген көшпелілер „адамның күні — адаммен“ дерен принципті тіршіліктеріне тірек еткен. Сондықтан да әрбір көшпелі қазақ туыстық-қаңдастық жүйені тарата білуді өмір сүрудің нормасы, моральдық-этикалық критеріі деп білген. Мұндай дәстүрдің бұлжымай сақталуына жеті аталық үрдіс ұйтқы болып отырған. Бұл орайда, жеті аталық үрдіске ұлттың этнобиологиялық және этномәдени тұтастығын қамтамасыз ететін ғажайып тетік (механизм) ретінде ден қоюға тура келеді. Әрісі көшпелілердің, берісі қазақтың орныққан дәстүрі бойынша жеті атаға дейін ту-

ысқандар арасында қыз алысуға немесе қыз берісуге болмайды. Бұл дәстүрді бұзған адам ұлттың қорғаныс тетігіне нұқсан келтіруші ретінде қатаң жазаланып отырған. Аралары төрт-бес аталық ғашықтар Еңлік пен Кебектің, Қалқаман мен Мамырдың өлім жазасына келісіп, қатаң жазалануы — далалықтар үшін жеті аталық дәстүрді сақтаудың бұлжымас заң екеніне айғақ. Яғни, қазақтың шежірешілдігі, тарихи зердесінің ұшқырлығы далалықтар үшін өмір сүрудің „құралына“ айналған қажеттілік. Бойлық бағытта көшіп-қону, кеңістікті игеру далалықтар үшін өмір сүрудің тәсілі болған соң, кез келген көшпелі жеті атасын білу арқылы, одан әрі руын, сонан соң жүзін білу арқылы мыңдаған шақырымдық кеңістікте еркін жүріп-тұрған, ұдайы өз қандастарының ортасында екенін терең сезінген. Жеті аталық үрдістің құрылымы мейлінше қарапайым, сонымен бірге этникалық тұтастыққа ұйтқы болу ықпалы мейлінше күшті. Бір кіндіктен тараған ұрпақ жетінші буынға жеткенде рулы елге ұласып отырған. Бұған, әрине, көп әйел алу, жесірге ие болу, әменгерлік, құдандалық, сүйек жаңғырту сияқты дәстүрлердің де ықпалы аз емес. XVIII ғасырдың әйгілі батыры Қанжығалы Қарт Бөгенбайдың өз кіндігінен тараған ұрпақ 1932 жылғы аштыққа дейін 552 шаңырақ болған. Сол кездің жанұялық (семьялық) құрамы бойынша 4 мыңдай адам. Бұл — екі ғасырдың аясында өсіп-өнген жеті буынның ұрпақтары. Яғни, жеті атадан әріге ұзатылатын қыз өзінен-өзі ру аралық қандастыққа жол ашып, өзінен-өзі жалпақ қазақтың этникалық тұтастығына ұласады деген сөз. Қазақ шежіресінің кез келгені жүз бен жүздің, тайпа мен тайпаның, ру мен рудың арасындағы қандастықтың, құдандалықтың мың сан мысалына куә. Осы орайда, жеті аталық үрдіс бүкіл ұлт ауқымында тек қана қарға тамырлы қандастыққа себепші болып қоймайтынын, ең мәндісі мәдени-рухани тұтастықты қамтамасыз ететінін атап өткен жөн. Әрбір ұзатылған қыз өзі шыққан ортаның тілін, дәстүрін, ән-күйін, аңыз-әңгімесін, қолөнерін, тағам дайындау тәсілін, моральдық-этикалық нормаларын т. б. келін болып түскен ортаға дарытып отырған. Бұл ретте, қазақ халқы өзінің этно-мәдени тұтастығы үшін ең алдымен қыздарына қарыздар. Қазақ жігіттері елінің амандығын, жерінің бүтіндігін ат жалында жүріп қорғаса, қазақ қыздары тал бесікке асылып отырып-ақ ұлттың мәдени-рухани тұтастығын қамтамасыз еткен.

Қазақтың жеті аталық үрдісін тек қана жеті буын

ұрпақты есте сақтай білу, одан әрі қыз алысып, қыз берісу деп жалаң түсінуге болмайды. Жеті аталық үрдістен туындайтын қаңдастық мың-сан жөн-жоралғы, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, моральдық-этикалық нормалар түрінде ұлттық өмір салттың төлтумалығын орнықтырып отырған. Мұны туысқан аралық қарым-қатынас нормаларынан айқын аңғаруға болады. Біздің бұл шағын еңбегіміз қазақтың туысқан аралық қарым-қатынас нормаларын тәптіштеп жазуды көтермейді. Ол өз алдына бөлек, арналы әңгіме. Сондықтан туыстық атауларды көктей шолып өтумен ғана шектелеміз. Бұл орайда, қазақ арасындағы туыстық атаулардың молдығы мен қазақ шежірешілдігінің арасында тікелей байланыстың бар екенін атап өткен жөн. Шежірешілдік — құрғақ хронология немесе адам аттарының жалаң тізімі емес. Қазақ шежіресінің тарихи концепциясы туыстық байланыстарды саралауға негізделген. Демек, туыстық атауларды белгілі дәрежеде шежірелік термин деуге болады.

Қазақтың туыстық атаулары негізінен үш жұрт бойынша сараланады: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Мұның сыртында жиен жақ бойынша, неке құруға байланысты, құда-құдандалыққа қатысты туыстық атаулар бар. Сондай-ақ, салт-дәстүрге байланысты адамдар арасында орнығатын кісілікті қарым-қатынас атауларын да өз алдына бөлек топтастырып қарастыруға болады.

Өз жұрты бойынша туыстық атаулар: әке, бел бала, немере, шөбере, шөпшек, шөбелек, немене, жүрежат. Жеті ата дегеніміздің атауы осы. Мұнан әрі туажат, тумайжат, немелтай, шөбелтай, жамағайын, қабырға ағайын, жұрағат, қаймана деп те атайтын дәстүр бар. Сондай-ақ, ұлы баба, баба, ата, әже, көке, шеше, өгей шеше, тоқал шеше, апа, аға, әпке, іні, қарындас, ұл, қыз, немере аға, немере апа, немере іні, немере қарындас, шөбере аға, шөбере апа, шөбере іні, шөбере қарындас, тұңғыш, ортаншы, кенже, өгей әке, өгей бала т. б. деген атаулар да өз жұрты бойынша таратылатын туыстық атауларға жатады.

Нағашы жұрты бойынша туыстық атаулар: нағашы, нағашы ата, нағашы әже, нағашы апа, нағашы іні, нағашы қарындас, нағашы сіңілі, нағашы жеңге, нағашы келін т. б.

Қайын жұрты бойынша туыстық атаулар: қайын ата, қайын ене, қайын аға, қайын іні, қайын бике, қайын сіңілі, қайын жеңге, немере қайын аға, немере қайын бике, немере қайын, немере қайын сіңілі т. б.

Жиен жақ бойынша атаулар: жиен, жиеншар, жиен келін, жиен күйеу т.б.

Неке құруға байланысты атаулар: ер, бай, күйеу, жұбай, әйел, қатын, зайып, бәйбіше, тоқал, күйеу бала, күшік күйеу, жезде, балдыз, келін, жеңге, әмеңгер, жеңеше, абысын, ажын, бажа, бөле т. б.

Құда-құдаңдалыққа байланысты атаулар: құда, бел құда, бесік құда, аяқ құда, бауыздау құда, жанама құда, құданың құдасы, құдағи, құдаша келін, құда бала, қызыл құда, жекжат, ілік жекжат т. б.

Салт-дәстүрге байланысты орныққан кісілікті қарым-қатынас атаулары: дос, құрдас, жолдас, тамыр, кіндік шеше, кіндік әке, анда, өкіл ата, сүңдет ата, пір ата, қарулас, табақтас, дәмдес, көршілес, қоныстас, бастас, үзеңгілес, ойнас, көңілдес т. б.

Осынау туыстық атауларды таратуда әрбір адам орталық тұлға болып, туыстық атауларды үнемі өзіне теліп, өзіне қатысты бағдарлап тергейді. Қазақ арасындағы әрбір адамның өзін жалғыз сезінбеуінің, берісі ру-тайпа арасынан, әрісі иісі қазақ арасынан туыс табатынына сенімді болуының бір тетігі осында. Ең ғажабы, осынша мол құрылымдағы туыстардың әрқайсысы бір-бірімен қарым-қатынас жасауда өз алдына бөлек-бөлек моральдық этикалық қалыптар (нормалар) орнықтырған. Ол қалыптардың көшпелі қоғамда сұрыпталып, шыңдалғандығы сонша, сол қоғамдағы барша өмір салтты қапысыз реттеп отыруға қызмет еткен. Бұл ретте, туыстық қарым-қатынастар қалыбы таза моральдық-этикалық категория шеңберінен шығып, қоғамдық өмірді реттейтін заң, кодекс деңгейіне көтерілген. Сондықтан да туыстық қарым-қатынас қалыбын бұзған адамды ұрмай-соқпай-ақ, атып-аспай-ақ, сол өз ортасы жатсынып, оған „елден шыққан“, „ата салтын аттаған“, „қара бет“, „жетесіз“, „мәңгүрт“ деген айып ат тағылатын болған. Көшпелілер қоғамының тәрбиесін көрген дені дұрыс адам үшін мұнан ауыр жаза жоқ. „Құдайдың қарғысына ұшырасаң да, халықтың қарғысына ұшырама“, „Малым — жанымның садақасы, жаным — арымның садақасы“ деген мәтелдер көшпелілер қоғамында өмір сүрген әрбір субъектінің идеялы. Демек, туыстық қарым-қатынастар қалыбын қатаң сақтау, ол үшін жеті атаңды біліп, шежіре тарата білу қазақ дәстүрінде өмірлік қажеттілік болған. „Жеті атасын білмеген ұл жетесіз“ немесе „Жеті атасын білген ұл жеті

жұрттің қамын жер, өзін ғана білген ұл құлағы мен жағын жер" деген сөз сол өмірлік қажеттіліктің айғағы.

Аралары жеті атаға толып, өсіп-өнген аталар рулы елге ұласу рәсімін атап өтетін дәстүр бар. Ол үшін жеті жұртты куәге тартып, яғни, жеті рудан кісі шақырып, ала арқан керіп, ала жіп аттап, боз бие шалып, аталастығымызды ұмытпайық деп бармақтарын қанға малып, елдік ұран мен таңба белгілесетін болған. Мұндай рәсімді, далалықтардың заңы бойынша, жеті атаға толған ұрпақтың рулық статус алуы деп білеміз. Рулық статус алып, рулы ел атанған соң, тарихи-әлеуметтік субъект ретінде өзінен өзі қалың елдің, тұтас ұлттың мемлекет ретінде гүлденіп-көркеюіне мүдделі болады. Себебі жеті атаға толғанға дейін әрбір рудың генологиялық тамыры иісі қазақтың өзі сияқты руларымен сабақтасып үлгереді. Яғни, елдің амандығы — өзінен-өзі рудың амандығы болып, сол сияқты рудың амандығы — өзінен-өзі елдің амандығы болып шығады.

Міне, бұл сияқты қоғамдық құрылымда жеті ата ғана емес, тұтас елді саралап танып, сабақтап тарата білу кез келген қазақ үшін әрі өмір салтына, әрі өмірлік қажеттілігіне, әрі кісілік қалыбына айналған. Оның үстіне, апайтөс құрлықты көктей көшіп, аралас-құралас болу, қандастық жөн-жоралғы бойынша дидактасып отыру әрбір қазақтың тарихи танымын ұдайы кеңейтіп отыруына, шежірелік зердесін ұдайы шыңдап отыруына себепші болған. Мұның өзі далалық ауызша тарихнаманың (ДАТ), біріншіден — ұзақ есте сақталуына, екіншіден — өзара салғастыру мүмкіндігінің молдығына байланысты көп өзгеріске ұшырамауына, үшіншіден — субъективизмге ұрынбауына, яғни өтіріктің айтылмауына себепші болып отырған. Бұл жөнінде Шоқан Уәлиханов былай дейді: „Қазақ өздерінің көне аңыздары мен наным-сенімдерін қайран қаларлық тазалықта сақтай білген. Одан да өткен ғажабы сол, байтақ даланың әр шалғайындағы, әсіресе өлең-жырлар еш өзгеріссіз, бір қолдан шыққандай қайталанатынын қайтерсіз. Көшпелі сауатсыз ордадағы ауызша тараған осынау үлгілердің бір-бірінен қылдай ауытқымайтыны адам айтса нанғысыз қасиет, алайда күмән келтіруге болмайтын шындық” (Ч. Валиханов. Көрсетілген кітап, 391-бет).

ДАТ дәстүрінің арқасында халықтың тарихи жады мейлінше көне заман естеліктерін әлі күнге есте сақтай алып отыр. Қазақ тілінде күні бүгінге дейін „әлім-сақтан бері“ „сақпанның оғындай“, „бесенеден белгілі“ деп

айтылатын тұрақты сөз тіркестері бар. Осынау атаулардың мағынасы Еуразия даласында әрісі үш мың жыл бұрын, берісі мың жыл бұрын өмір сүрген сақ, дай (адай, әлім), печенег сияқты ру-тайпалармен тікелей байланысты екеніне күмән жоқ. Немесе күні бүгінге дейін қазақ балаларына Мәди, Боғда, Тұмар, Тұман, Таян, Бұйрық, Сартақ, Шыңғыс, Жошы, Абылай деген есімдердің қойылуы, ең алдымен халықтың тарихи жадының байырғылығына айғақ болса керек. Қазақ даласынан соңғы бірер мың жыл бойында өзгеріссіз сақталған топонимдерді аяқ атаған сайын кездестіруге болады. Осы жолдардың авторы алпысыншы жылдары ұлытаулық Тай Тілегенов ақсақалдан әйгілі Жошы ханның (бейіті Ұлытауда) өліміне қатысты естірту жырын жазып алған еді. Кейін осы жырды XV ғасырдан жеткен „Түркі шежіресі“ („Шаджарат аттрак“) атты еңбектегі (В. Г. Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. М.-Л., 1941, 203—204-беттер) жырмен салыстырғанда екі-ақ сөзде айырмашылықтың барын көріп, қайран қалғанымыз бар. Сөз орайында айта кету қажет, бұл жырдың айтылуына себепші болған Найман Кетбұға жыраудың ұрпақтары күні бүгінге дейін сол Ұлытау төңірегінде тұрады және олар Кетбұғадан бері қарай бір атасын ұмыт қалдырмай таратып бере алады. Ең ғажабы, мың жылдай бұрын ғұмыр кешкен бабаларының жай ғана есімін атап шығумен шектелмейді, олардың өмірі мен өнегелі істері туралы, сырт тұлғасы мен мінез-қылықтары жайында, замандастары жөнінде небір ғажайып әңгімелерді айтып отыруды кісіліктің шыңына балайды.

Міне, ДАТ дәстүрінің, шежірешілдіктің қоғамдық өмірді реттеуші міндет атқаратынын, ұлттың мәдени-рухани болмысын орнықтыруға ықпал ететінін осы мысалдардан аңғаруға болады.

Белгілі бір идеологиялық күрзінің астында жазылған жылнамаларға қарағанда, ДАТ өзінің объективтілігімен де ден қойдырады. Жылнама дегеннен еске түседі, соңғы мың жыл аясында Орта Азияда тарихи әдебиеттер мектебінің қалыптасуына ДАТ дәстүрі тікелей ықпал еткені күмән тудырмайды. Әйгілі „Моңғолдың құпия шежіресі“, Рашид-ад-диннің „Жылнамалар жинағы“, Захираддин Бабырдың „Бабырнамасы“, Мұхаммед Хайдар Дулаттың „Тарих-и Рашиди“, Әбілғазы Баһадүр-ханның „Түрік шежіресі“, Ұлықбектің „Сұлтандар шежіресі“, Жалайыр Қадырғали би Қосымұлының „Шежірелер жинағы“ (бұл

еңбек Р. Сыздықова мен М. Қойгелдиевтің нанымды дәлелдері бойынша „Тарих-и Ораз-Мұхаммед“ деп аталған), Шәкәрім Құдайбердіұлының „Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі“ сияқты ондаған тарихи еңбектердің баршасы бір ғана үлгімен — ДАТ үлгісімен жазылған. Яғни, жазба шежірелердің жазылуына ауызша айтылатын шежірелердің дерегі арқау болып отырған. Бұл жөнінде өзінің әйгілі еңбегіне ауызша шежірені тірек еткен Рашид-ад-дин былай дейді: „...монғол-түркілердің көнеден жеткен салт дәстүрі бойынша, олар өздерінің ата-тегін, ру шежіресін есте сақтауға айрықша мән беріп отырады. Олар балаларына өзге жұрт сияқты тәрбие беру үшін тілі шығысымен-ақ құлағына ру туралы, ру шежіресі туралы аңыз-әңгімелерді құйып қояды. Бұл дәстүрден олар бұрын да, қазір де қылдай ауытқыған емес...“ (Рашид-ад-дин. Сборник летописей. I-том, 2-кітап. М.-Л., 1952, 29-бет).

Өкінішке орай, әсіресе соңғы ғасырларда жазба шежіренің көбеюі, ол шежірелерді көбінесе қожа-моллалардың жүргізуі бұрынғы ДАТ арқылы жеткен таза түркілік тарихтың ислам тарихымен шұбарлануына себепші болды. XVIII-XIX ғасырға дейін қазақ арасында „ақсүйектік“ („элитарный“) деңгейде ғана сақталып, санаулы ғана қожа әулеті тұтынған ислам діні патшалық Ресейдің демеуімен күшейе түскен. Жыл сайын татардың ондаған миссионер моллалары қазақ даласына ағылып келе бастайды. Олар желдей еркін қазақты бір-ақ ауыз сөзбен тұқыртып, сенім-санасына отаршылдықтың тұзағын тастайды. Ислам дінінің каноны „Құдай — бір, пайғамбар — хақ“ десе, татар моллалары „Құдай — бір, патшаникі — уәжіп“ деп сұңқылдады. Яғни, „Құдайдың бар екені рас болса, патшаның айтқаны заң“ деген насихат еді. Кешікпей-ақ, көк тәңірі мен аруақтан басқаны мойындамайтын қазақ, „Ақ патша“ десе селк ете қалатын күйге жетті.

Халық санасын неғұрлым діни сенім кеулеп, исламға ден қою етек алған сайын қожадан шыққан моллалар мен татардан шыққан моллалардың арасында бәсеке-бақастық өрістейді. Өздерінің қазақпен қандас екенін қайсысы төндіре дәлелдесе, сонысының ел ішінде мәртебесі биік, мерейі үстем. Осылайша, қазақ арасында моллалардың жазып таратуы арқылы Адам-атадан басталатын, Нух пайғамбардан басталатын. Әнес сахабадан басталатын алуан түрлі шежірелер пайда болған. Бұл

шежірелерде тарих сахнасына ислам дінінен көп бұрын шыққан аталардың есіміне „қожа“, „сопы“, „сахаба“, „молла“ деген атаулардың қосылып жүретіні сондықтан.

Рас, ел ішінде нәсілдік, тектілік ақиқат сүйеніп жазылған шежіре де баршылық. Осы арайда, біртұтас қазақ ұлтының ДАТ дәстүрінде өз алдына бөлек-бөлек таратылатын шежірелерінің бар екенін атап өткен жөн. Олар: үш жүздің шежіресі, төлеңгіттің шежіресі, сунақтың шежіресі, кәлегеннің шежіресі, ноғайдың шежіресі. Біртұтас ұлттың аясындағы қазақ шежірешілдігінің осынау қасиеті тарихқа адалдықтың айғағы болумен бірге тарихи зерденің шыншылдығын, объективтілігін аңғартса керек.

Қазақ халқы мыңдаған жылдар бойы өзінің этникалық болмысын қалыптастырған көшпелі өмір салтан ХХ ғасырдың аясында ғана біржолата кіндік үзді. Көшпелі өмір салтпен шендесіп жатқан рулық құрылым да тарихтың еншісіне айналды. Халқымыз біртұтас ұлттық сезіммен дамудың жаңа сатысына қадам басты. Алайда, ата-бабамыздың шежірелі өмірі төл тарихымыз болғандықтан, бізді әсте бейтарап қалдырмайды. Керісінше, біз енді көшпелі өмір салттағы рулық құрылымды, жеті аталық үрдісті жабайылыққа балауды қойып, оның тарихи-әлеуметтік, мәдени-рухани сырын аша түсуге ұмтылудамыз.

Осы орайда, айрықша атап өтетін бір жай, қазақтың жеті аталық үрдісі көшпелі өмір салттағы мемлекеттік құрылымның алғы шарты болған. Бұған қазақ қоғамындағы мемлекеттік биліктің ұдайы рулық, тайпалық, жүздік құрылым бойынша жүргізіліп отырғандығы дәлел бола алады. Сондықтан қазақ халқының рулық дәстүрін осыдан мыңдаған жыл бұрын тарихтың еншісіне айналған алғашқы қауымдық құрылыстың наным-сеніміне теліп, экзогамиялық үрдістің қалдығы десек, онда көшпелілер қоғамының ең бір мәнді тетігін тани алмаған болар едік. Нәтижесінде тұтас формациялық-қоғамдық құрылымның төл сипатын шатастырған болар едік. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін көптеген этнологтар көшпелілердің жеті аталық дәстүрін экзогамиялық үрдіс деп қайыра салуға бейім. Бұл орайда, көшпелілерді бөлшектеу арқылы білгенін істеуге болатын тетікті қапысыз аңғарған Ресей патшалығының отаршылдары бүгінгі этнологтарға қарағанда сұңғылалау болғанға ұқсайды. Империялық өктемдіктің сойылын соққан отаршылдар қазақ даласын билеп-төстеудің тетігі орталық

өкімет билігін жою деп білді де, 1822 жылы арнайы жарлық шығарып, хандық билікті таратты. Бірақ қазақтың этномәдени тұтастығына сонда да тосқауыл бола алмады. Исатай, Махамбет көтерілісі бір жағынан, Кенесары, Наурызбай көтерілісі екінші жағынан үдеп соғып, 1916 жылғы Қарқара көтерілісіне дейін аттай жүз жыл бойы отаршылдыққа қарсы күрескен қазақ халқы елдік мінез таныта білді. Елдік мінезді жоюдың тетігі — ел билігін ұсақтату деп білген отаршыл саясат аға сұлтандықтың өзін көп көріп, 1867 жылы қазақ халқын қалжаға сойған қойдың жілігіндей бұтарлап, болыс-болысқа бөліп жіберді. Мәселен, бір қап, бір саптан шықтық дейтін Орта жүздегі Қаракесек руы 25 болысқа бөлінді. Басқа рулардың да көрген күні осы болды. Алайда, қазақтың қарға тамырлы туыстық сезімі ұлттың этномәдени тұтастығын ғана емес, этносаяси тұтастығын сақтауға себепші болуын сонда да жоғалтпады. Мұндай әлеуметтік-саяси сынақтардан кейін, көшпелілер қоғамының іргетасы рулық құрылым екенін патша отаршылдары қапысыз түсінді. Қапысыз түсінгендіктен де рулық дәстүрді ұрпақ санасынан өшіруге бағытталған зымиян жарлықтар шығара бастайды. Сол кезге дейін ру атымен аталатын болыстардың бәрі де топоним атымен ауыстырылады. Жаңағы Қаракесек руының әйгілі аталарының атымен аталатын болыстар „Тоқырауын болысы“, „Қызыларай болысы“ т. б. болып, жер аттарына өзгертіледі. Болыс аралық дау-дамай бұрынғыдай ата жолымен би алдында емес, ақ желке аяздың алдында шешілетін болады. Сөз жоқ, бұл шаралар ең алдымен халықтың этникалық жадын (память) өшіруге бағытталған шаралар болатын. Осыдан кейін-ақ қай қазақ қай қазақтан асырып оязға пара берсе, қай қазақ ақты — қара, қараны — ақ деп бірінің үстінен бірі төндіріп арызшағым жазса, қай қазақ майлы қасықтай жылпылдаған жағымпаз болса, соның асығы алшысынан түсіп, айы оңынан туатын болды. Бұрын „У ішсең — руыңмен“ дейтін қазақ, „Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын“ дейтін қазақ, „Көппен көрген — ұлы той“ дейтін қазақ, ең арғысы іштен шыққан баласына „Сен ел болмайсың, жұрт болмайсың“ деп ұрысатын қазақ, сөйтіп тек қана елдік пен бірлікті идеал еткен қазақ, әлгіндегі сойқан шаралардан кейін әулие болса қарақан басындық қана болып қалды. Даланың этносты тұтастандырғыш заңының, ұлтты біріктіргіш дәстүрінің шырқы осылай бұзылуы мұң екен, кешікпей-ақ өзінің жағымсыз нәтижесін көрсете бастады. Бара-бара Абайын са-

бап, Шоқанын сүріндіріп, Махамбетін қылыштап, Мәдиін ататын күйге жетті. Топ құру, үйірге бөліну, арын сату, жанын жалдап өмір сүрудің тәсіліне айналды. Міне, осынау сұмдық үрдіс қазақ даласын екі ғасыр бойы індеттей жайлап, жегідей кеміріп, бірнеше ұрпақтың өмірін өксітіп, соңғы жылдарға дейін жалғасты. Қазақ халқы сансырап, титықтап, есеңгіреп, рухани реанимацияға түскенде барып азаттықтың нышанын көрді. Шүкір, әйтеуір сансырағанымен санасын жоғалта қойған жоқ, титықтағанымен тұралай қойған жоқ, есең-гірегенімен есінен адаса қойған жоқ. Тарихи санасы әлі сергек, шежіреге әлі де елендеп құлақ түреді, әлі де жеті аталық дәстүрді тәу етіп келеді. Басы жұмыр пендеге қарағанда салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың өмірі әлдеқайда ұзақ екенін тарих тағы да дәлелдеді. Бұл заңды да. Адам қоғамындағы ілгері дамудың бәрі де өткен өмірдің тәжірибисінің нәтижесі. Соңдықтан тарихқа мойын бұру, ата-бабаның өмір-тіршілігін ұмытпау — тірілердің адамгершілік міндеті ғана емес, сонымен бірге ілгері дамудың кепілі де. Ата текті, ру шежіресін сөз етсе, рушылдық қозады деп ойлау, бейнелеп айтсақ, атом ғасырындағы адамды мезазой заманында өмір сүрген динозаврмен қорқытқандай әбестік. Егер арамызда жікшілдік сияқты жаман дәстүр төбе көрсетсе, оның себебін күні өткен рулық қоғамнан іздемеу керек, сол жаман дәстүрді тудырған бүгінгі өмірімізден іздеу керек. Ата тегін білушілік адамдарды жікке бөлсе, онда қазақ халқы ұлт болып қалыптасып үлгірмей-ақ құрып кеткен болар еді. Бірақ олай емес қой. Өкінішке орай, қоғамның рулық құрылымы ыдырап, адамдардың шежірелік санасы солғын тартқан кезеңде жікшілдік деген пәле өрістеген жоқ па?! Ең ғажабы, мұндай жікшілдіктің, протекцияшылдықтың ұлт таңдамайтыны күні кеше ғана социалистік системадан көрінген жоқ па? Демек, сол социалистік системадағы “құдіреті күшті Орталықтың” бұратана халықтарға тастаған сүйек-саяғына таласып, ырылдасқан тірлікті рушылдықпен шатастырудың еш қисыны жоқ. Мұның сыртында, дүние жүзіне белгілі іргелі елдердің тарихи жадында күні бүгінге дейін рулық белгінің сақталып келе жетқанын еске сала кетуге болады. Қиыр Шығыстағы елдердің азаматтары Мао Цзе Дун, Ден Сяо Пин, Ким Ир Сен деп аталса, осындағы „Мао“, „Ден“, „Ким“ деген сөздер ата тегін білдіреді. Дәл сол сияқты, грузиндердің аты-жөніндегі „идзе“ „швили“ жалғаулары, үндінің аты-жөніндегі „синх“

қосымшалары ең алдымен этникалық нышан болып табылады. Мұндай дәстүр ол елдерде ата-баба аруағына құрмет көрсетудің, төл тарихын сыйлаудың айғағы ретінде қабылданады.

Тарих дегеннің өзі тек қана өткеннен тұратынын ескерсек, онда қазақ халқының тарихын тану үшін, қазақ халқының бір анадан туғандай этникалық тұтастығын білу үшін ру шежіресін терең зерттеп білмей тұрып белгілі бір ой түйіндеу мүмкін емес. Бұл орайда шежіре пәні қазақ тарихының бас оқулығы ретінде Республикада оқу орындарының бәрінде оқытылуы шарт. Түптеп келгенде, мұның өзі мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі болу керек. Себебі, тарихын білмеген адамның рухы солғын, патриоттық сезімі төмен, идеалы күйкі болады. Сөз жоқ, мұндай тобырдан құралған мемлекеттің ғұмыры ұзаққа бармайды. Бұрын „Жеті атасын білмейтін ұл жетесіз“ десе, бүгін „Жеті ғасырын білмейтін ел жетесіз“ дейтін заманда өмір сүріп отырмыз.





ҚАН БОНАР

III тарау. ҰЛЫ ДАЛА.

28. ДАЛАЛЫҚ ӨҢІР. Ағылшын энциклопедисі Алланың есептеуі бойынша ғылыми әдебиеттерде „дала“ сөзінің 54 мағынасы бар көрінеді. Ал, О. С. Гребенщиковтың „Геоботаникалық сөздігінде“ дала өзінің бітім-қасиеті жөнінен 23 категорияға бөлінген. Дүние жүзіндегі ең ірі дала Еуразия құрлығында — Хинган таулары мен Карпат тауларының арасында керіліп жатыр. Ұзындығы 7500 шақырым, ені 150-600 шақырым болатын байтақ әлем. Адамзат өркениетінде өзіндік лайықты орыны бар көшпелілердің тербеліп өскен „тал бесігі“ осынау Ұлы Дала (Л. Н. Гумилев). Бұл даланың ең еңді тұсы бойлық бойынша мың шақырымнан астам байтақ алапқа ұласып жатыр. Табиғи қоршаған ортамен кіндіктес өмір салт қалыптарын, өзіндік дара бітімдегі шаруашылық-мәдени сүлесін орнықтырған салт атты көшпелілер өркениетінің кіндік жұрты — осы мекен.

Биосферадағы басқа экосистемаға қарағанда, далалық өңірді табиғаттың „кенже баласы“ деуге болады. Соған қарамастан, Жер бетінің қиян қиырларына тарап жатқан ең бір қуатты заттық және энергиялық тасқынның қайнар көзі — далалық өңір. Далалық өңірден әлемнің басқа экосистемасына тек қана астық арқылы жыл сайын 8 миллион тонна азот пен 160 миллион тонна көміртегі тарайды (В. Г. Моргкович. Степные экосистемы. Новосибирск, 1982, 10-бет).

Жалпы адамзаттық дамуда далалық өңірдің алар орыны айрықша. Уақыт пен кеңістік туралы бай тәжірибенің байсалды танымға ұласуы, діни наным-сенімдердің алғаш қалыптасуы және соған байланысты таным-түсініктердің

орнығуы, діни наным сенімдердің моральдық-этикалық қалыптардың (норма) қалыптасуына себепші болуы, кеңістікті игерудің қолқанаты болған жылқыны қолға үйрету, қолға үйретілген малдардың тұқымын сұрыптау арқылы жетілдіру, металл өндірісін қалыптастыру, дөңгелек пен арба, үзеңгі мен қайқы қылыш айлап табу т.б. — міне, мұның қай-қайсысы да алғаш рет далалық өңірлерде игеріліп, одан әрі жалпы адамзаттық дамуға ықпал еткен өз заманының кезеңдік мәні бар жаңалықтары болды.

Шексіздікпен астасқан далалық өңір өз төсінде ғұмыр кешкен адамның жанарын ғана емес, сезімді де алысқа сүйрейді, даланың құбымалы табиғаты танымды ғана емес, сезімді де байытады, дала төсіндегі кең аспан, көлеңкесі жоқ жарық нұр адам қиялын шарықтатып қана қоймайды, сол қиял ұшынан Тәңірілік құдіретті іздетеді, ең соңында далалық өңірдің экологиялық қалыпсыз (аритмичный) жағдайында ғұмыр кешкен адамдар табиғатпен тіл табысып қана тіршілік құруға болатынын өмір сүрудің кепіліне балайды. Егер тіршілік атаулыны өзі ғұмыр кешкен экосистеманың нәтижесі деп келетін тұжырымға дес берілер болса, онда далалық өңірлерде қалыптасқан этностардың да барша болмысын сол қоршаған ортасымен шендестіре отырып қана тереңірек тануға болады. Түптеп келгенде, далалық төлтумалықтың да қайнар көзі сол далалық өңірдің өзі болып шығады.

Шамамен алғанда біздің жыл санауымыздан 10 мың жыл бұрын Қызақстанның қазіргі табиғаты қалыптасып үлгерді. Кез келген экосистема аясында өзіне лайықты шаруашылық-мәдени сүленің қалыптасатыны, сонымен бірге белгілі бір шаруашылық-мәдени сүлесімен үндес ру-тайпалардың да қалыптасатыны белгілі. Біздің жыл санауымызға дейінгі X және III мың жылдықтар аралығында Қазақстан жеріндегі адамдар ру-тайпаға біріге бастаған. Тарихи кезеңдер неғұрлым жақындаған сайын, оның айғақ-белгілері де молыға түседі. Қазақстанда ру-тайпалардың біріге бастаған кезеңін танытатын жүздеген айғақ-белгілер бар.

Біздің жыл санауымыздан бұрынғы II мың жылдықта Қазақ даласын мекен еткен адамдар бұрынғыдай табиғаттың „дайын“ азығын тұтынып қоймай, енді жерге дән сіңіріп, қолға мал ұстап, өрмек тоқып, қоладан бұйым жасауға машықтанған. Осы кезеңді ғылым тілінде Андрон мәдениеті дейді. Бұл атау Ачинск түбіндегі Андрон селосынан табылған археологиялық олжаға орай қалыптасқан.

Осынау мәдени айғақтың тараған өңірлері — Батыс Сібір ойпаты, Қазақстан даласы, Оралдың оңтүстігі.

Еуразияның Ұлы Даласында біздің жыл санауымызға дейінгі II мың жылдық бітіп, I мың жылдық басталған тұста аса елеулі тарихи-әлеуметтік өзгеріс белгі береді. Ол — жалпы адамзаттық дамуға түбегейлі ықпал етіп, соңғы үш мың жыл бойында Еуразия тарихына ұйтқы болған көшпелі өмір салттың пайда бола бастауы еді. Осы уақытқа дейін көшпелі өмір салттың пайда болған Отаны туралы ғылымда бір пәтуаға келген тұжырым жоқ. Бұл ретте ғалымдардың бір тобы көшпелілердің отанын Алтай маңы деп есептеп, мұндай өмір салт негізінен батысқа қарай жайылды, шығысында іргелес жатқан монғолдар мен шүршіттерді (Маньчжурия) ғана шарпыды дейді. Тарихшы ғалымдардың келесі бір тобы көшпелі өмір салт батыстан шығысқа қарай жайылды деген пікірді орнықтырғысы келеді. Бұлардың ойынша, дамудың бір саты жоғары үлгісі болып табылатын, көшпелі өмір салты байырғы үндіеуропалықтардың „мәдени тегеурінінің (\"культурный натиск\") нәтижесі көрінеді. Олар „түрік\" этнонимінің өзі иран тілінен ауысыпты-мыс (тур — тюр — тюрк) деген болжамды ұсынады.

Әрине, мұндай кереғар көзқарастардың астарында үлкен мән бар. Еуразия ойкуменінде соңғы үш мың жыл бойы үстемдік құрған салт атты көшпелілер өркениеті, олардың мейлінше жарқын әрі төлтума мәдениеті, адамдарының айрықша сапалы кісілік қалыптары, өмірлік талаптармен тіл табыса орныққан тамаша салт-дәстүрлері... сияқты қасиеттердің қай-қайсысы да ең алдымен бүгінгі Жер басып жүрген ұрпақты бейтарап қалдырмайтыны белгілі. Соңдықтан да көшпелілер ұрпағы болу — бүгінгі кез келген этнос үшін мерей-мәртебе. Ал, көшпелі өмір салттың кіндік мекені деген мәселеде, Еуразияны көктей өтіп жатқан Ұлы Далаға, оның табиғи-географиялық бітім-қасиетіне алдымен мән беру керек. Еуразияны көктей өтіп керіліп жатқан Ұлы Даланың ең енді тұсы — Сарыарқа — солтүстігі Батыс Сібір ойпатынан бастап, оңтүстігі Балқаш-Алакөл ойпатына дейінгі аралықта 2 мың шақырым алапты алып жатыр. Осынау байтақ алап атам заманнан бері ең алдымен аяқты аңың, сонан соң ол аңның ізін баққан адам әулетінің бойлық бойынша жойқын көшкініне, сол арқылы табиғаттың мәңгілік көктеміне ілесіп әрі-бері тербеле көшіп жүруіне ең қолайлы өңір еді. Нәтижесінде көшпелілер аз күш жұмсау арқылы мол өнім алатын өмір салтқа отырықшылардан көп бұрын қол жеткізіп, табиғат

туралы, қоршаған орта туралы, уақыт пен кеңістік туралы таным-түсінігі отырықшылардан анағұрлым ертерек жетілді де, үш мың жылдық ұзына тарихында Еуразиядағы ең қаһарлы күшке, ең ықпалды этникалық қауымдастыққа айналды. Мұның белес-белес жарқын айғақтары адамзат тарихында ең бедерлі іздерін қалдырған. Еуразияның жуан ортасында керілген байтақ даланың батысында Геродот сияқты ғұлама ғалым көшпелілерді „жеңілуді білмейтін ел“ деп мойын ұсынған кезде, сол даланың шығысында мыңдаған шақырымға созылған Ұлы Қытай қорғанының құрылысы салына бастады. Осынау далалық өңірде сап түзеген салт атты жауынгерлер батысында Рим империясына тізе бүктірсе, оңтүстігіндегі ахемендер әулетінің құдай тектес көсемі Кирдің басын қанжығасына бөктеріп, Дарийді тентіретіп жіберді. Құдай болмаса да, Құдайдан былай емеспін деп өңмендеп келген мүйізі қарағайдай Ескендір Зұлқарнайынның (Александр Македонский) да аптығын басқан осы дала болатын. Басқасы басқа-ау, күні кешегі XV-XVI ғасырға дейін киіздей тұтасқан славян жұртынан шөпке дәрет сындырар бір ұл туса, алдымен көшпелілердің батасын алмай тұрып өзін кнэз сөзіне алмайтын болған.

Сөз жоқ, жауынгерлік — көшпелілер қасиетінің бір ғана қыры болатын. Даланың шарасынан асып төгілген көшпелі ру-тайпалары төңірегіне мәдени-рухани шапағатын да тигізіп бақты. Бұл орайда ең алдымен яхуда, христиан, мұсылман, будда сияқты әлемдік діндердің көшпелілер ойкуменімен жапсар өңірлерде дүниеге келгенін, ол діндердің ең өзекті қағида-постулаттары көшпелілер ортасында пайда болған Тәңірлік дүние таным — Зәрдеш (Зороастр) дінінен алынғанын алдымен айту керек. Көшпелілердің қоршаған орта туралы таным-түсініктері, бай тәжірибесі, орныққан салт дәстүрі, кісілік салты, нақтылы өмірмен қойындасқан қанатты өнері төңірегінде отырықшы ел-жұрттар үшін үлгі-өнеге болып отырды. Скиф даналарының өмірлік тәжірибемен астасып жататын даналықтары байырғы грек ойшылдарын тәнті етіп отырған. Металл қорыту, төл жазуын ойлап табу, жағалы киімдер мен шалбар тігу, қайқы қылыш, үзеңгі, дөңгелек жасау, жыл мезгілін маусымға бөліп, осы күнгі календарьлық дүние танымды орнықтыру, мемлекеттік және әскери құрылымның негізін қалыптастыру сияқты өркениетті қадамдарға ең алдымен көшпелілер мұрындық бола білді. Байтақ Еуропаның саяси және рухани тарихына жарқын беттер болып жазылған рыцарлық дәстүр,

түптеп зерделенгенде сарматтар арқылы көшпелілерден жұғысты болған сал-серілік дәстүр екені ден қойдырады. Бір сәт бейнелі сөзге дес берер болсақ, бір кездері көшпелілер ойлап тапқан дөңгелек күні бүгінге дейін адамзаттық прогресті өрге сүйреп келе жатқан сияқты.

Мәдениеттің ең бір озық айғағы жазу-сызу болса, бұл далада біздің жыл санауымыздан көп бұрын дыбысты әріптер пайда болып, V-VIII ғасырдағы әйгілі Түркі қағанаты кезінде дыбысты әріп танымдық қызмет атқаратын деңгейге жетті. Жазу-сызу да ең алдымен байтақ даладағы саяси және этникалық тұтастықтың өз ішінде хабар-ошарға зәрулігінен, коммуникациялық ілкімділік мемлекеттік мұқтаждық болғандықтан, осыған үндес мәдениеттің сабақтаса шыңдалуынан туған еді. V-VIII ғасырдағы тасқашау жазудың (руна жазуы) сөздерін сол даланың қазіргі ұрпағы аудармасыз түсінсе, оның басты себебін үзілмей жалғасқан мәдени-рухани сабақтастықтан іздеу керек.

Мәдениет еш уақытта жалғыз-жарым болып кезікпейді. Еуразияның керме иық даласындағы тұрғындар алғашқылардың бірі болып металды тұтына бастады. Белгілі геолог С. Х. Болмдың мағлұматы бойынша бір ғана Жезқазған төңірегінде біздің жыл санауымызға дейінгі кездің өзінде-ақ миллион тоннадан астам кен қазылып алынған. Есік қорғанынан табылған алтын киімді адам, оның өн бойындағы шыңдалған өнер туындылары немесе скифтердің „жануарлар стилі“ атанған ғажайып үлгідегі даналық өрнектері, сөз жоқ, металдың тілін білген елдің ғана қолынан келуге тиісті еді.

Осы мысалдардың қай-қайысы да жалаң мысал үшін немесе әлдеқашан тарих сахнасынан көшкен өркениеттерді өрелестіру үшін қажет емес, ең алдымен тарихи ақиқатпен табысу үшін, сонан соң бүгінгі таңда қырыққа тарта мемлекет болып отырған көшпелілер ұрпағының жүзін жарқын, кеудесін жоғары ұстап, болашаққа шабытты жігермен қадам басуы үшін керек.

Тарихи ақиқатқа жүгінгенде көшпелі өмір салттың бастау алған діңгек мекені Сарыарқаның сайын даласы мен Үстірттің сағымды белдері екені, Алтайдың сауырлы алаптары мен Жетісудың жаннат алқаптары екені күмән тудырмайды. Мұның жарқын мысалы ретінде сол өңірлерден көптеп кездесетін монументті құрылыстар мен бейіт-қорымдарды, археологиялық айғақтарды айтуға болады. Бұлардың бәрі біздің жыл санауымызға дейінгі II мың жылдықпен аяқталатын Андрон мәдениетінен кейінгі

тұтас мың жылдықты алып жатқан тарихи кезеңнің куәлары. Көшпелі өмір салтты өркениетті жүйе (система) ретінде орнықтырған осынау мың жылдықтың ең бір жарқын айғағы — "Бегазы-Дәндібай мәдениеті. Тарих ғылымында „Бегазы-Дәндібай мәдениеті“ деген атау Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы Бегазы тауының етегінен табылған аса ірі қалақ тастардан тұратын монументті бейіт қорымдарға байланысты орныққан. Биіктігі 3 метрге дейін жететін, ені 1,5-2 метр болатын, салмағы 1-2 тонналық қалақ тастардан тұрғызылған жойқын құрылыстар, шынында да тарихи-әлеуметтік ұлы серпілістің, Тәңірді тірек еткен құдірет сенімнің айғағы сияқты.

Бегазы-Дәндібай мәдениетінің ғылым жүзіне жария болуына академик Әлкей Хақанұлы Марғұланның сіңірген еңбегі айрықша. Ә. Марғұланның басшылық етуімен Бегазында 1947 жылы 4-қоршау, 1948 жылы 2,3 қоршау, 1952 жылы 5,6-қоршау қазылды. Ең үлкен 1-қоршауға, тоналғанына қарамастан, 1960 жылы қазба жұмысы жүргізілді. Нәтижесінде ескі қола мәдениетінен түбегейлі өзгешелігі бар жаңа өмір салттың, жаңа шаруашылық-мәдени сүленің бұлтартпас айғақтарын тауып, Орталық Қазақстанда біздің жыл санауымызға дейінгі IX-VIII ғасырлардың өзінде-ақ көшпелі мал шаруашылығына батыл батбұрыс жасалғанын ғылым жүзінде дәлелдеп берді. Кейін Бегазы-Дәндібай мәдениетінің қанатын кеңге жайған айғақтарын Ә. Марғұланның бастаған археологиялық экспедиция Бұғылы (1952), Саңғыру (1955), Қойшоқы (1967) сияқты жерлерде жүргізілген қазба жұмыстарында одан әрі орнықтыра түсті. Осылайша адамзат өркениетінің тарихындағы ең ұзақ формация — көшпелі өмір салттың бастау тегі ғылым әлеміне жария болып, дала тарихының мың жылдық ақтаңдақ бетіне құнды деректер түсті.

Сөз орайында, Бегазы атауына қатысты ойды да ортаға сала кеткен артық емес. Әлкей Марғұланның айтуында Бегазы атауы көне түркі тіліндегі „биік“ және „аз“ деген екі сөздің бірігуінен шыққан. Мұндағы „биік“ сөзі дыбыс үндестігінің әсерімен „бек“, „бегі“ болып өзгерген. Ал „аз“ сөзі сол кездегі тайпаның атауын білдіреді. Сонда Бегазы атауы „Аздардың биігі“ деген мағына береді. (А. Х. Марғұланның Отчет о работах Центрально-Казахстанской археологической экспедиции 1947 года. „Известия АН КазССР, № 67. серия археологическая“, 1949, вып. 2). Бұл пікірді

белгілі ғалым, Қазақстан жер-су атауларының сөздігін жасаушы Е. Қойшыбаев та қуаттайды.

Біздің ойымызша Бегазы атауының басқаша мәні бар сияқты. Географиялық бітімі бойынша Ұлытау Қазақстанның дәл орталығына орналасса, Қызыларай — Сарыарқаның кіндігі. Арқа тауларының ішіндегі ең биігі де Қызыларай тауы. Осы төңіректе Бесқазылық деп жинақталып айтылатын бес тау бар. Олар: Қызыларай, Қарқаралы, Кент, Балқан (Қу), Бақты. Бұл таулар жөнінде халық ақыны Нарманбет Орманбет ұлының (1869-1918):

„Қарқаралы-Қазылық,
Жатушы едің жазылып“ — деп келетін өлеңі бар.

Бегазы болса, осы Бесқазылық атанған таулардың ортасында тұрған көрнекті биіктерінің бірі. Демек, Бегазы атауы Бесқазылықтың ең бір „Бек қазысы“ деген ұғымды білдіреді. Тілімізде „бек“ сөзі лауазымға қоса „өте“, „нағыз“ деген де мағына береді. Бұған „бек жақсы“ деп келетін тіркес дәлел. Демек, „бек қазы“ — „нағыз қазы“ мағынасын еншілеп, Бегазы тауы Бесқазылықтың ішіндегі ең көрнектісі деген ұғымды білдіріп тұр.

Бұл күндері Бегазы тауы өзінің сұлу көркімен, шұрайлы баурай-беткейімен, әсем сазды атауымен ғана назар аударып қоймайды. Сонымен бірге тұтас бір тарихи мәдени кезеңнің атауы ретінде дүние жүзіне мәлім.

29. ЖЕРДІҢ ТІЛІ. Жұмыр жер адамзат баласының ғұмыр-шежіресін қаза жіберместен өн бойына қаттап жатады. Тек оны тани білер көз, түсіне білер көкірек керек. Үңгірді тұрақ еткен полеолит дәуірінің адамы сол үңгірден ұзап шығып, көз алдында көлбеп жатқан сеңгір таудан асып түсу үшін, немесе күркіреп ағып жатқан ақ жал толқынды өзенді кесіп өту үшін, яки сыңсыған қара орманның келесі шетіне шығу үшін, тіпті болмаса, бұдыры жоқ сайын даланың бір шалғайындағы өзі тектес адам әулетімен ұшырасу үшін қанша мыңдаған жыл бойы тірнектеп тәжірибе жинады десеңізші. Сөз жоқ, сол тәжірибе ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, сананың шыңдалуына ықпал етті. Көз көрім жердегі ербиген бұтаға қорғаншақтап әзер тақалатын ұрпақ бара-бара күндік жерді, апталық өңірді, айлық алапты көңіл көзімен шолатын халге жетті. Қысқасы, дәл қазіргі жұмыр жердің тұтас құрылықтарын жіліктеп білетіндей халге жетудің оңай болмағаны анық...

Археологтар Италия территориясынан тасқа қашалған қызық суретке тап болған. Тас бетіне адамдар мен

андардың бейнесіне қоса түрлі сызықтар салынған. Біздің заманымыздан бұрынғы екінші мың жылдықтан жеткен бұл тасты ғалымдар ең алғашқы карталардың бірі деп біледі. Әлгі сызықшалар арқылы бұлақтар мен жолдардың, ағаштар мен төбелердің нобайы бейнеленген.

Майкопқа жақын жерден табылған күміс құмыраның да сыры талайды таң қалдырған. Бұл құмыраның бүйіріне тау сілемінің суреті салынған. Таудың беткей-бауырындағы иін тірескен ағашқа қарағанда бұл бір шұрайлы өңір болу керек. Етекке қарай жарыса аққан қос өзен айна көлге жетіп құйып жатыр. Көлдің төңірегі мен таудың беткейінен түрлі аңдар көрінеді. Әрине, бұл да қоршаған ортаны картаға түсірудің алғашқы нышаны екені анық.

Египеттен, Тигр мен Евфрат өзендерінің алқабынан табылған қыш тақтаға басылған карталар да төңіректі танып-білуге талпынудың тамаша айғақтары.

Ал Геродоттан мынандай жолдарды оқимыз: „Сонымен, Милеттің әміршісі Аристагор Спартаға Клеомен патшалық құрған кезде келеді. Патшамен әңгіме жүргізерде, лакедемондықтардың айтуына қарағанда, Аристагор бүткіл жер бетінің картасы сызылған, сондай-ақ „небір теңіздер мен өзендер бейнеленген “мыс тақтаны өзімен бірге ала келеді”, — деп жазады ұлы тарихшы (Геродот. История. В девяти книгах. Л., 1972, 5-кітап, 251-бет). Ал көне Римде әскери жорықтар кезінде, қол астындағы елді басқару үшін арнайы сызылған карталар пайдаланыла бастаған. Мұндай картаның бірі бүгінгі күнге дейін жеткен. Ұзындығы жеті метр, ені отыз сантиметр бұл картада Британ аралдарынан бастап Ганга өзеніне дейінгі байтақ алап бейнеленген.

Карта жасауда арабтардың өзіндік қолтаңба ізденістері де назар аударады. Олар теңіз атаулыны геометриялық түзу бітімде бейнелеген. Сондай-ақ өзендер мен жолдар да түзу сызықтармен көрсетілген. Ал елдер мен қалалар дөңгелек немесе көп бұрышты шеңбер түрінде белгіленген.

Қайта өрлеу дәуірінде теңіз жағалауларын тәптіштеп сызып көрсететін су жолдарының картасы пайда бола бастады. Мұндай карталардың айрықша мәнді екенін олардың сапалы пергаментке сызылғанынан-ақ байқауға болады.

XV ғасырға қарай кітап басу әдісі пайда болды да, енді картаны қағазға басып шығару өріс алды. Бұл кездің карталары мейлінше әсем безендіріліп, түрлі жолдарға лайық көліктердің суреті, теңіз құдайларының бейнесі салына-

тын болған. Тіптен айрықша әсем жасалғандары салтанатты сарайлардың қабырғаларына көшіріліп салынған.

Бұл күнде ше? Қазір географиялық карталарға қоса ауа райының, ел-жұрт құрамының, орман-тоғайдың, пайдалы қазбалардың, ауыл шаруашылығының, өсімдіктердің тағы басқа да халық шаруашылығына қажет салалардың карталары сараланып жасалатын болды.

Картаның даму кезеңдері адамзат әулетінің жұмыр жерді танып-білудегі ізденістерінен елес бергендей. Жай ғана көзбен көріп өтіп кете бермеген, әрине. Адамдар апталық-айлық жер былай тұрсын, көз көрім жердің өзіне ат қойып, айдар тағып, естеріне сақтаған. Топонимия дегеніміз де осыдан бастау алып, дамыды. Грек тілінде топос-мекен-жай, онома — атауы деген мағана береді. Сонда, топонимия — географиялық атаулардың шығу тегі туралы ілім болып шығады. Бұдан түрлі атауларды (географиялық, космостық, мифологиялық, жеке атаулар т. б.) зерттейтін лексикологияның бір саласы — ономастика өрбиді...

Сонымен, жер бетінен атауы жоқ белгі-бедер таба алмайтынымыз ақиқат. Өйткені адамзат қоғамының ілгері дамуы үшін географиялық атаулардың мәні айрықша болған, бола да бермек. Бір мемлекет ішіндегі, тұтас халықтар арасындағы саяси-элеуметтік өмір ырғағын былай қойғанда, ең елеусіз деген хабардың өзін белгілі бір мекен-жайын айтып алмаса түсіну мүмкін болмас еді. Демек, топоним атаулы тарихи, географиялық және лингвистикалық мәннен хабар беріп тұрады деген сөз. Мұның өзі белгілі бір өңірдің топониміне қарап сол өңірді мекен еткен ұрпақтың тарихы туралы, тіршілік көзі жайында, ой-өресі хақында, тіптен сезім сұлулығына дейін тамаша хабардар болып, белгілі бір қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Ең бір елеусіз деген географиялық атаудың астарында тұтас романға бергісіз шытырман тарих тұнып жатуы кәдік. Тарих болғанда қандай, әлдеқашан ұмыт болған ұрпақтың тіршілік-тынысынан жеткен жалғыз ғана жаңғырық болса қайтерсіз. Себепсіз, мәнсіз-мағынасыз кездейсоқ қойыла салатын географиялық атау болмайды. Ал егер бір ғана тауды немесе бір ғана өзен-көлді әр ел өзінше атап, өзінше айдар тақса ше? Ел мен елдің байланысын білуге, тарихи себептердің сілемін тануға мұның да айрықша септігі тиеді. Көне гректер Амударияны — Окс, Аракс деп атаған. Ал бір ғана Каспий теңізінің алуан түрлі атауы кезігеді. Олар: Хвалын, Гиркан, Хазар, Хорасан, Дербент т. б. Неге бұлай? Немесе Еділ, Жайық, Тарбағатай, Қарқаралы сияқты атауларға зер салып көріңіз.

Тілді ең бір терең білетін жанның өзі бірден бұл атаулардың мәнін саралап бере алмайды. Өйткені, топонимия — жердің тілі, оның төсін тұрақ еткен ұрпақтардың ұғым-түсінігінен, тіршілік-тынысынан қалған мұра. Ендеше тілдік мәнге қоса тарихи зердеге жүгінбей тұрып географиялық атаулардың мағынасын айыру оңай болмайды. Әріге бойламай-ақ, осы көз алдымызда пайда болған мекен-жай атауларын қараңыз: Теміртау, Жезқазған, Ынтымақ, Жеңіс т. б. Осы атауларда өзіміз куә болған тарихи-әлеуметтік әсер-ықпалдың лебі есіп тұрған жоқ па?! Демек, әрбір тарихи кезең жер бетіне топоним түрінде де өзінің белгісін қалдырып отырады екен.

Байтақ даланы жыл маусымдарының жағдайына орай күнкөріс көзі ете білген көшпелілер әлемі үшін географиялық атаулардың мәні айрықша болған. Шығыс зерттеушісі әйгілі ғалым, академик В. В. Бартольдтың айтқанындай, Орта Азияда, оның ішінде түркі халықтарының арасында топоним атаулы өзінің қарапайдылығымен, айқын да түсініктілігімен, мейлінше ұрымталдығымен және тарихи деректілігімен таң қалдырады. Адамзат баласының күнкөріс жағдайы жерге қаншалықты тәуелді болса, сол жердің бітім-қасиетін соншалықты терең білген. Ал көшпелілер көкті тәңірі тұтса, жерді Ана деп таныған. Өйткені олардың бүкіл тіршілік-тынысы: қуаныш-қызығы, күнкөріс жағдайы тек қана туған жерімен тамырлас еді. Сондықтан да көшпелілер „ұлдарына қоймайтын жақсы аттарды жерлеріне қойып баққан“ (Ә. Кекілбаев). Халқына жерұйық іздеген Асанқайғының сөздерінде қаншама терең мән, мағыналы географиялық зерде, ақын жаңды нәзік талғам тұнып тұр десеңізші. Бұл ретте жер атауларына халық шығармашылығының (творчествосының) тарихи айғағы ретінде қарау қажет. Жер атауларында халықтың тек қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы, сол орта туралы ұғым-түсінігі ғана емес, сонымен бірге жеке адамдарынан бастап тұтас ру, тайпа, ел өміріне қатысты алуан түрлі шежіре-сырдың жаңғырығын сезуге болады. Туған жер төсіндегі алыс заманалардан бері қарай тартылған ұрпақтар сабақтастығы, олардың дүние дидарына қандай талғаммен қарай білгені, табиғат сұлулығының алуан қырын қалай танып сүйсінгендігі географиялық атауларда тайға таңба басқандай сайрап жатыр. Көне түркі жазуы қашалған Орхон ескерткіштеріндегі (VIII ғасыр) Ертіс, Селенгі, Қарақұм, Бұкар, Қаракөл, Көміртау сияқты жер-су атаулары бүгінгі күнімізге еш өзгерместен жетіп отыр. Соңу V-VIII ғасырдан жіпшырғасы шықпастан тоз-

бай жеткен топонимдерге тарихи „ескерткіш“ ретінде мән беріп, қамқорлықпен қарау қажет.

Ұзақ ғасырлар бойы қазақ халқының өмір салты көшпелі болғанымен, оның рухани болмысы отырықшы еді. Қазақтың мәдени-рухани отырықшылығы өзін қоршаған экосистемамен біте-қайнасып жатыр.

Осынау ойлардың орамын нақтылы айғақ-деректермен, эмпирикалық мысалдармен орнықтыруға да болады. Мұның өзі, түптеп келгенде, ойдың орамын орнықтыру үшін ғана қажет емес, сонымен бірге ойдың өрісін нақтылы айғақ-мысалдармен одан әрі ұзарту үшін де қажет.

30. САРЫАРҚА. Бұл даланың бітім-болмысы тұтас бір құрлықтық ұғыммен шендескендей байтақ мекен. Егер Қазақстанның географиялық картасына зер салсаңыз, жуан ортасында атжалданып жатқан адырлы аймақ көрінеді. Қыран құстың қанатын талдырардай осынау сары жон мыңдаған шақырым жерге созылып жатыр. Солтүстігі — Батыс-Сібір ойпатынан басталып, оңтүстігі — Балқаш-Алакөл құйылымына дейін созылған, шығысы Алтай, Сауыр, Тарбағатай сілемдерінен басталып, батысы — Торғай жазығына дейін созылған алып жонды ертеден-ақ халқымыз Сарыарқа деп атаған. Еуразия сияқты қойындасып жатқан қос құрылықтың апай төсінде жатқан ұлы дала осы.

Ең алдымен осы даланың мейлінше ұрымтал қойылған атауы назар аударады. Шоқтық сілемі көзге түсер тау емес, қолтық қойнауын аралап көрер көл емес, көкжиекпен астасып керіліп жатқан байтақ „құрылықтың“ дөңес жон екенін көкке көтерілмей-ақ жазықта жүріп елестете білу географиялық ұғым-түсініктің ерекше сезімталдығына айғақ. Бүгінгі география ғылымы Сарыарқаның мыңдаған шақырым жерге созылған қоянжон дөңес екенін тайға таңба басқандай қағазға түсіріп беріп отыр. Шынында да, Арқа десе арқа екен. Осынау сұлап жатқан ұзын жалдың, дөңес белдің қос қапталындағы өзен атаулы екі жаққа айырыла ағып жатыр. Бір сәт, шығысында — құс тұмсықтана біткен Тарбағатай сілемінен бастап, батысында — керіліп жатқан Торғай ойпатына дейінгі аралықтағы Сарыарқаның апай төсіне зер салыңыз. Алып жонның өзендері екі жаққа ағады. Солтүстік қапталынан төгіле аққан Шар, Шаған, Ащысу, Түндік, Көктал, Жарлы, Талды, Өлеңті, Шідерті, Сілеті, Есіл, Нұра, Құланөтпес, Терісаққан, сияқты арналы өзендер маңдайын

солтүстікке қаратқан. Ал енді осы өзендермен бастауы бір, шыққан жері ортақ Аякөз, Бақанас, Тоқырауын, Былқылдақ, Каратал, Қаршығалы, Жіңішке, Жәмші, Мойынты, Сарысу, Сарыкеңгір, Қаракеңгір сияқты жылғасы мол, суы тұщы өзендер кереғар бағытта, оңтүстікке қарай жамырай ағып жатыр. Міне осы келтірген мысалдардан-ақ Сарыарқаның алып су айырығы екенін, ағын су атаулы сол қоянжон дөңестің қос қапталынан төгіле ағатынын көреміз. Мұндай байтақ жонды Арқа демеске болмайтын да секілді. Басқаша атау көкейге қонбайтындай, көңілге орнықпайтындай.

Көңіл зеректігіне қоса кең ауқымдағы сұлулықты сезіп білудің дәлдігі де қайран қалдырады. Саржон емес, Сарыжазық емес, Сарыдала емес... Сарыарқа! Сары десе дегендей, бұл байтақ өлкенің мың сан өсімдігінен бастап, тау-тасына дейін сарғыш тартып жатады. Сондықтанда дендей біткен өсімдіктерін боз бетеге, боз жусан, сары көде, ақ селеу, ақ ши, шұбар тарлау, ақ қайыңды ақтоғай, боз тораңғы, боз тал деп атайды. Ал жұмыр жердің өзімен құрдас дерлік әбден мүжіле тозған тауларын көбінесе Ақтау, Сарытау, Қызылтау, Қызылжал, Ақсеңгір, Ақсоран, Қызыларай, Ақшатау деп атаса, жазық далаларын Сарыжазық, Ақдала, Бозжазық, Жосалы деп атайды. Арқа тауларындағы мүжілген жартастар мен қақырайған күз қияларына дейін қатпар-қатпар қызғылт сары құмқайрақ тас (песчаник) болып келеді. Ең арғысы бұл өлкенің қойдай өрген киігі мен түлкісі де қызғылт сары, арқары сарғыш, қасқыры көкшулан болып кездеседі.

Сарыарқаның алып жон, суайырығы екені алғаш рет географиялық картаға XVIII ғасырда түсті. Ресей империясы шығысқа қанат жаюына байланысты Сібір арқылы Қазақ даласына да көңіл боліп, деректер жинай бастады. 1697 жылы 14 ақпанда Тобыл қаласының воеводасына жолданған патша грамотасында қазақ ордасына бойлай кіретін және одан әрі Хиуа мен Бұхараға дейін баратын жолды анықтап, толық „чертеж“ сызу тапсырылды. Осы нұсқаудың негізінде 1697 жылы Тобыл қаласының тұрғыны „бояр ұлы“ Семен Ремезов „Бүкіл сусыз, жолсыз, тастақ даланың сызбасы“ („Чертеж земли всей водной, малопроездной каменной степи“) деген атпен алғаш қазақ даласының картасын сызып шықты. Бұл еңбек кейін (1812 ж.) „Сібірдің сызба кітабы“ (Чертежная книга Сибири“) атты атласты шығаруға пайдаланылды (Д. М. Лебедев. География в России XVII века. М. — Л., 1942).

С. Ремезовтың сызба-картасында шығысында Сауыр,

Тарбағатай таулары мен батысында Торғай ойпатына дейінгі аралықта созылып жатқан Сарыарқаның алып жоны „Арқа“ деп көрсетілген. Сондай-ақ, Сарыарқаның Торғай, Есіл, Ертіс, Сарысу сияқты арналы өзендері де біршама дәл берілген.

Сарыарқаның табиғаты да өзіндік ерекшелігімен қайран қалдырады. Мүлгіген қара орман, мөддіреген айна көлдері, көкмайса шалғынды алқаптары, көдесі ұйысқан сары жазықтары мен қарағайлы таулары Арқаның өн бойында ұшырасып отырады. Әсіресе, талы мен шілігі, қайыңы мен терегі, мойылы мен қарағашы күлтелене біткен ұсақ өзендері Сарыарқаның реңін келістіріп, көрер көзді қуантқандай. Әрине, суы тұщы, қос қапталының оты мол мұндай өзендер ең алдымен төрт түлік малға қолайлы. Мына бір мысалды қараңыз, бір ғана Қарағанды, облысының жерінде 5500 өзен мен өзен сағалары бар екен. Олардың жалпы ұзындығы 34 мың шақырым. Ал, үлкенді-кішілі көлдерінің саны 5 мыңнан астам. (П. П. Филоненко, Т. Р. Омаров. Озера Карагандинской области. А.-А., 1969. 8-бет).

Сарыарқаның қысқа қайырым тілмен айтылған осынау бітім-болмысы „Көшпелілер“ атты тарихи-этникалық атаумен қойындасып жатыр. (А. Х. Маргулан. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана. А. А., 1979; С. Т. Толыбеков, Кочевое общество казахов в XVIII — начале XX века. А. А., 1971.). Байтақ дала өзінің географиялық орналасуымен ғана Қазақстанның барлық өңірімен жалғасып жатқан жоқ, оның шежірелі тарихы да төңірегіне сұғына сабақтасып жатыр. Жалпы тарихты, әсіресе көшпелілер тарихын географиялық картаға түскен сызықтар аясында алып қарауға болмайды. Мұның өзі Азияның апайтөсін алыс заманалардан бері тұрақ еткен көшпелі ру-тайпалардың конгломераты — қазақ сияқты елдің тарихын да, рухани дәстүрін де терең танып білуге тосқауыл болатын үрдіс (тенденция). Демек, Сарыарқаның болмыс-бітімін тілге тиек еткенде тарихи-мәдени мұралардың алыс заманалардан бүгінгі күнге дейін жалғасып жатқан сабақтастығын ескере отырып, Сарыарқа алабын (регион) төңірегіндегі байтақ далалармен, көршілес ел-жұртпен, олардың тарихымен тығыз байланыста қарау керек.

Ел тарихы, жер тарихы, сол жер бетіндегі тарихи-мәдени мұралар тарихы бір-бірімен тығыз бірлікте. Бұларды ешуақытта бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Бірін

сөз етіп отырып, екіншісін қаперге ілмеу таным-түсінікті жартыкеш етер еді.

31. ҰЛЫТАУ. Әрісі Еуразия көшпелілерінің, берісі қазақ халқының ғұмыр-шежіресінде Ұлытаудың өзіндік тарихи орыны бар. Әсіресе, қазақ халқының тұтастығына, үш жүздің бірлігіне ұйытқы болған кіндік мекен. Бұл таудың арғы-бергі тарихы — бүкіл қазақ халқының тарихымен шеңдес. Соңдықтан да, осынау байырғы мекенді қасиет тұтқан халық оны Ұлытау деп атайды.

Ұлытаудың бітім-тұрқы шағын ғана: биіктігі 1134 метр; маңайындағы шоқтық-сілемдерін қамтып есептегенде 3.876 332 гектар жерді алып жатыр; шығысы мен батыс шалғайының арасы 350 шақырым; оңтүстігі мен солтүстік шалғайының арасы 210 шақырым, қолтық-қойнауында 21 дара, 91 бұлақ, 21 көл бар; оты-суы мол, шөбі төрт түлікке жұғымды мейлінше құт мекен. Бұл таудың сыртқы бітім-тұрқы шағын көрінгенімен ірге тұғыры еңселі. Бұған төрт тарапқа бірдей төгіле аққан өзендері айғақ: Солтүстік Мұзды мұхитына құйып жатқан әйгілі Обь өзені Ұлытаудан бастау алады — Терісаққан Есілге, есіл Обь өзеніне құйып жатыр; оңтүстікке қарай Қаракеңгір, Сарыкеңгір өзендері жарыса ағып шығып, Бетбақтың шөліне жете бере Сарысуға қосылады; Шығысқа қарай Жақсыкөң өзені ағып жатыр, ол Теңіз көліне құяды; ал батысқа қарай ағатын Қараторғай, Сарыторғай, Улыжыланшық сияқты арналы өзендер Торғай ойпатына құлайды. Ұлытаудың осынау төрт тарапқа нәр құйған құнарлы қасиеті де атына затын сай етіп тұрғандай.

Ұлытаудың қолтық-қойнауын, құз-қиясын, төңірегін ерінбей шарлаған жан ашық аспан астында жатқан тарихи музейді аралағандай күй кешер еді. Ғасырлар құпиясының куәгеріндей болып күндік жерден қақырая көрінетін мазарлар, әсем мавзолейлер, мәңгі тыныштыққа шомған ақсұр бейіттер, тарих соққысынан қалған ісік сияқты дөңкип-дөнкіп жатқан алып құрылыс қалдықтары, шежіре сырды ішіне бүгіп қатып қалған сәукелелі тас қыздар мен бес қаруын асынған тас батырлар, осынау тылсым тыныштыққа жан бітіріп сөйлетіп жіберетін кілт сияқты беймәлім жазулар мен ғажайып ою-өрнектер, қиырдағыны көңіл көзімен болжап тартқан жолдар, күні бүгінге дейін аңыз-әңгімемен қойындасқан үңгір-оқаптар... Міне, осының бәрі де өзінің бүткіл бітім-болмысымен, ғажайып, етжақын ерекшелігімен халық тарихын үн-түнсіз мәлім еткендей.

Ұлытау тарихының небір қалың қатпары арғы заманалар еншісінде жатыр. Соның ең бір көне, ерекше мәнді айғағы Сарысу өзенінің төменгі сағасындағы „Таңбалы тас”. Бұл тас Жетіқоңыр құмын бетке алып жүргенде кезігетін Қарақойын атты тұзды көлдің іргесінде тұр. Мың сан ру таңбасы басылған жартастың түбінен бұлақ ағып жатыр. Таңбалы тасқа зер салып қараған жан арғынның көз таңбасын, найманның бақан таңбасын, жалайыр мен тарақтының тарақ таңбасын, шапыраштының ай таңбасын, ыстының көсеу таңбасын, қоңыраттың босаға таңбасын, адайдың оқ таңбасын, жағалбайлының балға таңбасын көрер еді. Әрине, бәрін атау мүмкін емес... Осы мысалдың өзі-ақ, мына Таңбалы тас көшпелі дала руларының бірлік-пәтуасына айғақ, тұтастығына белгі, ант беріп ауыз біріктірген орыны екенін аңғартады. Жай аңғартып қоймайды, далалық көшпелі рулардың ерте заманда-ақ топтасып біріге бастағаны, ел болып бас құрағаны көрінеді. Әрине, бұл сияқты пәтуа-бірлікке тұғыр болған мекенді, сол өңірдегі көзге түсер биікті Ұлытау демеске болмайтын сияқты.

Археологиялық және тарихи зерттеулер Ұлытау төңірегінде қайнаған өмірдің, гүлденген мәдениеттің, талғампаз өнердің көне заманнан бері қарай үзілмей жалғасып жатқанын әйгілеп беріп отыр. Біздің заманымыздан көп бұрын Ұлытау өңірінде кен-қазба жұмыстарының айрықша дамығанына нақтылы айғақ-дәлелдер бар. Арабтың белгілі географы Әл-Бідырисидің (Идириси) жазуы бойынша Ұлытау төңірегінен өндірілетін алтын, күміс, жез сияқты тауарларды Шаштың (Ташкент) саудагерлері кірелеп тартып, әйгілі Ұлы Жібек жолының бойындағы керуеншілерге еселеп сататын болған. Бұл тауарлар одан әрі Батыс пен Шығыстың елдеріне тарап отырған (Материалы по истории туркмен и Туркмении. М.-Л., 1939, I-том, 221-222-беттер). Геродотты тамсандыратын массагеттердің мол алтын күмісі мен олардың тіршілік-тынысы туралы қиял-ғажайып әңгімелер осы ізбен тарамдады ма екен деген ой келеді.

Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған адам сүйектері мен мал сүйектерінің өзі бұл өлке тарихының қызық беттеріне куә. Мәселен, ертедегі Римнің айбынды атты әскерінің шоқтық биіктігі 136-140 сантиметр ғана болғаны тарихтан мәлім. Ал, осыдан үш мың жыл бұрын Ұлытау маңындағы жылқылардың шоқтық биіктігі 150 сантиметрге дейін жеткен. Сол сияқты, біздің заманымызға дейінгі Элада дәрігерлерінің қояншық (эпи-

лепсия) сияқты ауруларды емдеу үшін бас сүйекті трепанациялайтынын тарих айтады. Ал, Қарабие зиратынан табылған жас жігіттің бас сүйегіндегі тесікті мұқият зерттеу барысында қазақ даласының ертедегі емшілері емдеудің мұндай қиын түрін біздің заманымызға дайінгі X-III ғасырдың өзінде-ақ игергені анықталған (А. Х. Марғұлан, К. А. Акишев, М. К. Қадырбаев, М. А. Оразбаев. Древняя культура Центрального Казахстана А-А., 1966. 432-433-беттер).

Көне Иран эпосында турандардың әйгілі көсемі Афрасиябтың (Тоң Алып) солтүстіктегі алыс елде, „Жез қамал“ деген жерде өлгенін айтады. (В. В. Бартольд. Сочинения. М., 1971, 7-том. 397-бет). Ал, Махмұд Қашқаридің (XI ғ.) Тарих дерегі бойынша „Жез қамал“ Сырдария бойында деп көрсетеді. Осы деректерді қорыта келіп академик Әлкей Марғұлан былай деп жазады: „Егер Сырдарияның төменгі алқабында жез кенінің жоқ екенін ескерер болсақ, онда Махмұд Қашқаридің айтып кеткенінің Жаңакентпен бір аймақ құрайтын көне Жезқазған кен орыны екені өзінен өзі айқындалады. Оның үстіне оғыздар, одан соң қыпшақтар Сыр бойын қыстап, жаз шыға Жезқазған төңірегіндегі Ұлытау мен Кішітаудағы жайлауға шығып отырған“ (А. Х. Марғұлан. Джебқазған — древний металлургический центр. Мына кітапта: Археологические исследования в Казахстане. А-А., 1973. 9-бет).

Тарихи деректерге көз салғанда, VIII ғасырдың өзінде-ақ Инжу мен Харчук беткейінен бастап, Балқаш көлі мен Құлынды даласына дейінгі ұлан-байтақ жерде мол сулы Есіл, Ертіс бойында Хорезм мен Абескун (ертедегі Каспий жағасындағы хазарлардың қаласы) аймағында әрі көшпелі, әрі отырықшы үйсін, оғыз, қаңлы, найман, адай, арғын тайпалары болған. Бұлар өз заманындағы айтулы Дешті Қыпшақ (VII-XII ғғ.) мемлекетін құрап, батысында бұлғарлармен, түстігінде Сібірмен, шығысында Моғолыстан, Жоңғармен, оңтүстігінде Хорезм, Қараханидтермен іргелесіп жатқан. Сонда, байқаған жанға Ұлытау географиялық орналасуымен ғана кіндік мекен емес, көшпелілер тарихының бастау алған ордалы ортасы да екені аңғарылады. Ұлытау сөзінің мән-мағнасын бұл жағдай да айқындай түседі.

1627 жылы жарық көрген „Үлкен сызба кітабы“ („Книга большому чертежу“) деп аталатын еңбекте Ұлытауға ерекше мән берілген. „Үлкен сызба“ картасы бүгінгі күнге жеткен жоқ. Алайда, сызба-карта бетіне түскен топонимдер мен этнографиялық деректерге жан-жақты

түсінік берген жазба сақталған. Осы жазбаға қарағанда „Үлкен сызбада“ Қазақ даласының Есіл мен Сарысудан батысқа қарайғы өңірі толық қамтылған сияқты. Тіптен, осынау сызба-картада өзіне дейінгі еуропалық деректерге түзету енгізілгенін де айта кетуге болады. Батыс еуропалықтар XVIII ғасырға дейін Арал теңізін білмеген Амудария мен Сырдария Каспийге құяды деп есептеген. Ал, „Үлкен сызба кітабы“: „Хвалын теңізінен Көгілдір теңізге дейін шығысқа қарай 250 шақырым“ деп жазады. Ол кезде орыстар Каспийді — Хвалын теңізі, Аралды — Көгілдір теңіз деп атаған.

Міне, осы „Үлкен сызба кітабында“ Қаратау, Мұғалжар тауларымен қатар Ұлытау да аталады. Жай аталмайды, Ұлытауда қалайы кентінің бары атап көрсетіледі. Сондай-ақ, „Үлкен сызба кітабындағы“: „Ұлытаудан Кеңгір (Кендирлик) өзені екі сала болып ағады... Кеңгір өзенінің сағасынан 150 шақырым жерде, Сыр өзенінің сол жақ жағасында Қаратауға қарама-қарсы Сунақ қаласы бар... Ұлытаудан Кеңгір атты үш өзен және Жыланшық өзені ағады, олардың жағалауы қызғылт-сары топырақты... Кеңгір өзені Сарысу өзеніне құяды... Кеңгір мен Сарысу өзендерінің бойы Қазақ ордасының мекені“ деп келетін деректер де тарихи шындықтан алшақ емес.

Осынау деректер бұл өлкеге әр тілдегі, әр ниеттегі түрлі экспедициялардың, зерттеуші саяхатшылардың ағылып келе бастауына да себепші болған. Олардың ішінде бүгінгі ұрпақ үшін небір құнды жазба мағлұмат қалдырған жолаушылар да болды. Мәселен, 1771 жылы осы маңға келіп қайтқан орыс натуралісі Н. Рычковтың жазбалары күні бүгінге дейін тарихшы-зерттеушілердің ерекше назарын аударып келеді.

Ұлытау маңында кездесетін ескерткіш белгілердің басым көпшілігі монғол шапқыншылығы мен жоңғар шапқыншылығы заманының еншісіне қатысты. Үнсіз мүлгіген мазарлар, үңірейген қорғандар, төбе болып жатқан құрылыс үйінділері, жер-су атаулары сол заманнан қалған жараның орыны, басылмаған ісігі, бітпеген тыртығы іспеттес.

„Дүние жаралғаннан бері адамзат үшін мұнан өткен аласапыран болған жоқ, ақыр заманның арсы-күрзісіне дейін мұндай сұмдықтың болуы мүмкін емес,“— деп жазды монғол шапқыншылығы туралы араб тарихшысы Ибн-аль-Асир. Міне, осы сұмдыққа алдымен кеудесін төсеген Ұлытаудың сары белдері мен сағымды далалары. Содан да болу керек, Шыңғыс хан жорығына қатысты, оның әулет

бұтағына қатысты ең мол белгі Ұлытау төңірегінде кездеседі. Шыңғыс хан ойранынан кейін Жошының жорықтары, Темірдің тепкілері, Бату мен Бабырдың батпан қимылдары, қалмақтардың қанды қырғындары туралы да белгі-бедер, аңыз-шежіре Ұлытау төңірегінде тұнып тұр. Солардың ішіндегі ең әйгілісі, арада сегіз ғасырдай уақыт өтсе де сәңгіреп тұрған Жошы хан мазары. Сол заманның барлық алапат-айбарын, қасірет-қайғысын тал бойына жинақтаған қалпы бүгінгі күнімізге жеткен ескерткіш-белгі.

Ал, Темірдің сарай шежірешісі Шарафуддин Язидің „Даңқ кітабынан“ мынандай жолдарды оқуға болады: „Темір Ұлытауға келгенде алдымен сол таудың басына шығып, төңірегіндегі көк жасыл дала мен сеңгір тауларға ұзақты күнге телміре қараумен болды. Сонсоң әскерін жинап, сол жерден үлкен құлыптас орнатуға бұйрық берді. Бармағы майысқан шеберлер осынау сәтті оқиғаның болған күнін тасқа қашап жазып, ұзақ жылдарға жететін мәңгілік ескерткіш қалдырды“.

Бұл тас Ұлытаудағы Алтыншоқы биігіне орнатылған. Оны алғаш тауып, жария еткен адам — академик Қаныш Сәтбаев. Бұл тас қазір Петербургте Эрмитажда тұр. Одан мынандай жазуды оқуға болады: „Тарихтың жеті жүз тоқсан екінші қой жылы. Жаздың ара (шілде — А. С.) айы. Туранның сұлтаны Темірбек жүз мың әскерімен Тоқтамыс ханға соғыспаққа жүрді. Бұл жерден өтіп бара жатып, белгі болсын деп осы жазуды қалдырды. Тәңірі несіп берсін. Іншалла, Тәңірі бұл кісіге рахым қылып, барша адам есіне алып жүрсін“.

Бұл жазуды профессор Поппэ мен Марғұлан шешіп оқыған. Жазудың түпнұсқасындағы тілі әрісі түркі тектес халықтардың, берісі қазақтың тіліне ұқсас.

Алтыншоқыға Ақсақ Темір орнаттырған осынау жазулы тасты 1927 жылы Петербургтен арнайы келген кісілер алып кеткен. Бұл оқиғаны көзімен көріп, басы-қасында болған ұлытаулық Тай Тілегенов ақсақал осы жолдардың авторына 1982 жылы жазған хатында былай дейді: „Ленинградтағы (Петербургтегі — А. С.) тасты мен 1926 жылы Қаныш Сәтбаевке келіп айттым, Алтыншоқыдан жазуы бар тасты көрдім деп...“

Келесі жылы менің начальнигім Әбікен Жалмағамбетов: „Сіздерді райсовет Байсалиев шақырады, соған бар“ деді. Барсам, Байсалиев, Сәтбаев және бір орыс отыр екен. Байсалиев „Тілегенов осы“ деп мені таныстырды. Орыс тұрып: „Мен Семенов“ деп қолын берді, мен де қолымды бердім.

Сәтбаев: „Ертең бір машина беремін, мына Семеновпен барып, Алтыншоқыдағы тасты алып кел” деді. Ертеңіне жеті адам болып, тақтай алып, сол тасты алып, Қарсақбайға әкеліп түсірдік. Семенов жәшік істеп, дәкемен орап, машинаға салып, Жосалы темір жолына әкетті.

1931 жылы „тасты көрсеткен ақын” деп 40 сом ақша жіберіпті... 40 сом сол жылдары бір аттың құны...”

Жер тарихы — ел тарихы. Оның бетіндегі белгі-бедер адам әрекетінің ізі. Сол белгі-бедер ішінде бүгінгі, ертеңгі ұрпақ үшін, тарих үшін ең қымбаты материалдық белгілер, адам қолымен жасалған ескерткіштер. Қазірдің өзінде бір ғана Жезқазған облысында көне заманнан бастап, бүгінгі күнімізге дейінгі аралыққа айғақ боларлық үш жүзден астам ескерткіш тіркеуге алынған. Солардың кейбіреулерін ғана көктей шолып өтуге болады: Сарысу, кеңгір өзендерінің бойындағы неолит заманының тұрақтары, қола дәуіріндегі мыс ошақтарының кеніштері, байырғы көшпелілер дүниетанымы мен өмір салтының айғағы қорғантастар, сынтастар, балбалтастар, Зыңғыртау мен Теректі сияқты еңселі биіктердың өнбойына салынған иероглифтер, таңбалар, Күн қозғалысын бақылайтын нысана белгілер, тәңірілік наным-сенім мен далалық сәулет өнерінің тоғысындай Аяққамыр (XI ғ.) сағанасы, атына заты сай әулие белгі — Алаша хан мазары (XII ғ.), Шыңғыс хан заманының ұлы бақсысы Домбауылға (XII ғ.) созылған тас күмбез, Алтын Орда мемлекетінің шаңырағын көтерген әйгілі хан, Шыңғыс ханның бел баласы Жошы ханның (XIII ғ.) ғажайып мавзолейі, аңыз-шежіре бойынша есімдері тағы да сол Шыңғыс хан төңірегімен сабақтасып жатқан Болған-ана (XIII ғ.) мен Жұбанана (XIII ғ.) мазарлары, Алтын Орда заманының әйгілі тұлғасы Едіге бидің (XV ғ.) бейіті, жергілікті халық Асанқайғының бәйбішесі Тананың қабірі деп атайтын Ұлытаудың шың басындағы Ақмешіт әулие (XVI ғ.) бейіті, далалық сәулет өнерінің сабақтаса дамып, шыңдала жетілген дәстүрінің белгісіндей Бескүмбез (XVIII ғ.) бен Дүзен (XIX ғ.) мазарлары т. б. міне, осылардың қай-қайсысы да бұл өңірдегі үзілмей жалғасқан тарихи-әлеуметтік және мәдени-рухани өмірдің айғақ-белгілері ретінде ден қойдырады.

Ұлытау өзінің географиялық орын-тұрағымен әрісі далалық көшпелілер әлемінің, берісі Қазақ хандығының шаңырақ көтерген кезінен бастап-ақ табиғи және стратегиялық кіндік жұрт болған. Даланың ауызша тарихнамасы да, кейбір жазба деректер де Ұлытау төңірегіндегі топо-

нимдермен, айғақ-белгілермен Шыңғыс, Жошы, Алаша, Темір Құтлық, Едіге, Тоқтамыс, Ақсақ Темір, Керей, Жәнібек, Қасым, Тәуке, Болат, Абылай, Әбілқайыр, Кенесары сияқты хандардың есімдерін сабақтастыра сөз етеді. Әсіресе, Қазақ хандығы құрылған соң хан ордасы қысқа қарай Сырдария мен Шу бойын қоныс етсе, жаз шыға Сарыарқаға қарай желпіне көшіп, Ұлытау төңірегін, одан да арғы оты-суы мол қоңыржай алапты бойлай жайлап қайтатын болған. Фазлаллах ибн Рузбехан өзінің „Бұхара мейманының жазбалары“ („Михман-наме-й Бұхара“) атты еңбегінде Қазақ хандығындағы ру-тайпалардың Сейхун (Сырдария) жағалауы мен Қарақұмды қыстап, жаз шыға байтақ жатқан Дешті-Қыпшақ даласын көктей өтіп, Итиль (Еділ) өзеніне дейін жайлап отыратынын жазады (Салье. М. А., Малоизвестный источник по истории Узбекистана. „Михман-наме-й Бухара“, „Труды ИВ АН Узбекской ССР“, в.3. Ташкент, 1954). Ал, орыс саяхатшысы Д. И. Рычков өз еңбегінде Кіші жүз ханының ордасын Ұлытаудағы Кеңгір өзенінің бойынан көргенін сөз етеді. Күні бүгінге дейін „Таңбалы тас“, „Хан көтерген“, „Дабыл қорасы“, „Топырақ суырған“, „Алтыншоқы“, „Хан ордасы“, „Хан қыстағы“, „Хан Аралы“, „Хан Басы“, „Ордабазар“, „Едіге тауы“, т. б. деп аталатын жер-су атаулары және олармен қосақтасып жеткен аңыз-әңгімелер хандардың әрекет-тірлігіне қатысты небір шежіре-сырға толы.

Ұлытау ел тағдырымен қойындас кіндік мекен болған соң, сол елдің жоғын жоқтап, мұңын мұндаған тарихи тұлғалардың есімдері де бұл өңірдің шежіре сырымен сабақтаса айтылады. Ұлытаудың батысындағы Сарын шоқысы, Ырғыз бен Торғай өзендерінің суын жұтып жатқан Қорқыт көлі, Қорқыт суы (Құрдым), оңтүстігіндегі Тарғылдың тауы, шығысындағы Өгіз тау, міне мұның бәрі де ұлы бақсы Қорқыт атаның есімімен байланысты топонимдер. Әйгілі Шыңғыс ханның оң тізесін басқан ақылгөй, найманнан шыққан жырау көкірек күйші Кетбұғадан тарайтын ұрпақ бұл күнде Ұлытау халқының денін құрайды. Олар Кетбұғадан бергі аталарының есімдерін бармақ бүте атап шығып, әйгілі бабаларының ұлағатты өмірлерін жыр ғып айтып отырады. Ал, Кетбұғадан жеткен „Ақсаққұлан“ (XIII ғ.) күйі қазақ халқының музыкалық мәдениетінің ең бір шоқтықты үлгісі екені ден қойдырады. Сондай-ақ, халқына Жерұйық іздеген Асанқайғының баға берген жерлері бұл өңірде көптеп ұшырасады. Әсіресе, Асанқайғының өз өміріне байланысты, туған-туысына қатысты жер-су атау-

ларын (Үлкенқайғы, Кішіқайғы өзендері), бейіт-қорымдарды (Ақмешіт әулие) жергілікті халық күні бүгінге дейін құрмет тұтады. Немесе, Қобыланды батырдың Дайырқожаны осы Ұлытау маңында өлтіргенін, сонда қаза болған ұлын Қодан жыраудың жоқтап:

„Қара Қыпшақ Қобыландыда,
Нең бар еді, құлыным!
Сексен асып, таянғанда тоқсанға,
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным!
Адасқанын жолға салдық,
Бұл ноғайлы ұлының.
Аққан бұлақ, жанған шырақ,
Жалғыз күнде құрыдың,
Қара Қыпшақ Қобыландыда,
Нең бар еді, құлыным!—

деп зарлаған қайғылы жырын бұл өңірдің көне көз қарттары қазірге дейін айтып отырады.

Сол Қобыланды батырдың бейіті Ұлытаудың солтүстік-шығысында, Жаңаарқа ауданын қапталдап ағып жатқан Сарыөзеннің жағасында тұр. Бұл бейітті кезінде Ш. Уәлиханов көріп, суреттеп жазып кеткен. Ал. Сарыөзенге қатысты „Саймақтың Сарыөзені“ деген күй ел ішінде күні бүгінге дейін тартылады. Сөз орайында айта кетуге болады, Қобыланды батырға қатысты белгі-айғақтар қазақ даласында мол ұшырасады. Орал облысының жерінде Илецк — Защита темір жолының бойында Қобыланды мазарының бар екенін И. А. Кастанье жазады. Ақтөбе облысындағы Мұғалжар тау сілемінің ішінде Қобыланды деген жер бар. Семей облысындағы Абыралы тауының ішінде Қобылан бұлағы ағып жатыр. Бұлақ жағасындағы тақта тастың бетінде ат тұяғының ізі түскен. Ол ізді жергілікті халық „Тайбурылдың ізі“ дейді.

Қазақ халқы қазіргі атамекенінің шек-шекарасын әйгілі Қасым ханның тұсында біржола белгілеп, ірге бекіткені тарихтан аян. Еуразияның Ұлы Даласындағы байтақ алапты еншілеген мемлекетінің этникалық тұтастығын ең ұлы мұраты тұтқан Қасым хан бірде Шу-Іле бойындағы таулардың оңтүстік-шығыс сілеміндегі Хантаудың етегіне, Қаратал өзенінің бойына, Арқадағы Ұлытау баурайына, енді бірде Еділ-Жайық алабына өзінің алтын үзікті Хан Ордасын тігіп, халықтың бірлік-пәтуасына ұйтқы болып отырған. Қасым хан бір жағынан байтақ Қазақ Ордасының стратегиялық кіндік мекені болғаны үшін, екінші жағынан мал-жанға жайлы салқын-сабат самалы мен оты-

суы мол шұрайлы өңір болған соң Ұлытау баурайын көп жайлаған. Ол өзінің Ордасын баяғы түркі қағандарының дәстүрімен „шыт“ деп аталатын еңселі биік шым қорғанның үстіне тігетін болған. Үсті алаңқай жазық болып біткен мұндай шым қорғанды терең ұра-өзекпен айнала морлап отырған. Мұның өзі хан ордасының алапат-айбарын арттырып, алаңсыз болу үшін ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақ халқының тағдыр талайы туралы небір алқалы басқосулар болып, „Қасымның қасқа жолы“ атанған талай-талай ұлағатты шешімдер Хан Ордасынан байтақ қазақ сахарасына тарап жатқан. Осынау ұлы жұрттың еңселі сұлбасы күні бүгінге дейін сайрап жатыр. Тұрғылықты халық бұл орынды әлі күнге дейін „Хан Ордасы“ деп атайды.

Қасым хан сұлтан кезінің өзінде-ақ Ұлытау төңірегінде ат ойнатып, ақырып жауға тиісіп, ерлігін танытқан. Қазақ Ордасы еңсе көтеріп, қазақ халқы ел болған кезеңде көршілес жатқан Шайбани мемлекетімен көп тіресіп, талай-талай қанды шайқастарды бастан өткергені тарихтан белгілі. Сол көп соғыстың бірі Шайбани ханның (1451—1510) тұсында болған. Мұнан бұрынғы соғыстарда бір жеңіп, бір жеңіліп текетірес болып жүрген Шайбани хан 1509—10 жылдары мұқият әзірленіп, Қазақ Ордасына екі дүркін жойқын шабуыл жасайды. Алғашқысында Жаныш сұлтан мен Таныш сұлтанның ұлыстарын жайпап өтіп, қазақтарды қыруар шығынға ұшыратады. Сол жеңістің бұймен жер қатып, қыс басталар шақта Ұбайдулла сұлтан мен Темір сұлтан бастаған Шайбани ханның мұздай құрсанған жүз мыңдай әскері тағы да Сырдария бойының қазақтарын жайпап өтіп, Қазақ Ордасын біржолата күйрету үшін Сарыарқаға лап қояды. Қаһарлы жаудың осынау қанды жорығына тойтарыс беру үшін қазақ әскерін Қасым сұлтан бастап шығады. Екі жақтың әскері Ұлытаумен сілемдесіп жатқан Кішітаудың етегінде түйісіп, Шайбани ханның әскері тас-талқан болып жеңіледі. Қасым сұлтанның Ұлытаудағы жеңісі оның даңқын табанды батыр, тапқыр қолбасшы ретінде жалпақ жатқан қазақ сахарасына жайып қана қойған жоқ, сонымен бірге сол қазақ сахарасындағы алакөңіл халықтың болашаққа деген сенімін орнықтырып, этникалық сана-сезімін тұтастандыра түсті.

Ұлытау төңірегінде бұл сияқты ел тағдыры сынға түскен оқиғалардың шежіресі мейлінше мол. Оның өзі, түптеп келгенде, қазақ тарихының ең бір кезеңдік мәні болған оқиғаларын құрайды.

Ел тағдырымен кіндіктес киелі жұртты бұрынырақта Тәңірімен тілдес бақсылар шырғалайтын болған. Ұлытау төңірегінде бақсы, молалардың молдығы назар аударады. Кішітаудан бас алатын Ащылы өзенінің Дулығалы өзеніне құяр тұсындағы дөң үстінде қыпшақтан шыққан әйгілі Қойлыбай бақсының ақ сұпы моласы тұр, Сарысу өзенінің төменгі сағасында Бесбаладан шыққан Малақай бақсының моласы тұр, тағы да сол Сарысу бойында, Манадыр ішінде үйсіннен шыққан Айдарлы бақсының бейіті тұр, Атанбұлақ сайындағы қорым ішінде, Белгібай моласының шығыс жағында бағаналыдан шыққан Барлыбай бақсының моласы тұр, Кеңгір бойында „көктен тоқбақ түсіп бақсылық қонған“ әйгілі Тоқбақ (Асан) бақсының бейіті тұр, Ұлытаудың солтүстік-шығысында қалмақтың қыз бақсысына қарағайдан қиып салған әсем мұнара әлі де жақсы сақталған қалпында тұр.

Ұлытау төңірегін берідегі тарихи тұлғалармен ұштастыра сөз қозғаса, берідегі тарихи-әлеуметтік ақиқаттан ой өрбітсе шежіре сыр қоюлай түседі. Міне, мұның бәрі де қазақ халқының ғұмырнамасында елеусіз қалдыруға болмайтын айғақ-деректер.

Ойдың орамын И. А. Кастаньенің сөзімен түйіндеуге болады: „Орта Азияның оңтүстік жарымының (Үстірттен оңтүстікке қарай) ежелгі ескерткіштері сән-салтанатымен, айбарлы ауқымымен (Самарқан мешіттері және басқалары) терістіктің қоңыртөбел, қарапайым ескерткіштерін көлегейлеп кететіні хақ. Солай десекте, терістік ескерткіштерінің көптігі мен көнелігі оңтүстік өңіріне қарағанда өзіне айрықша назар аудартпай қоймайды“ (И. А. Кастанье. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. Оренбург, 1910).

32. ЖАУЫРТАУ... ЖОҚ, ТЕМІРТАУ. Қарағанды қаласының солтүстік қанатынан шығатын қос тілді тас жолмен жүріп кеткен машина сүт пісірім уақытта Жауыр-тау деп аталатын жатаған қырқаға тұмсық тірейді. Бұл — кәдулгі, Сарыарқаның сиыртаңдайланып, жататын қызыл-күрең, қоян жон қырқалары. Қайран қалдырар „мені көрдіңбесі“ жоқ үйреншікті мекен.

Жатаған боз бетеге мен алкүрең көдесі ден болған соң осынау адырлы дала көрер көзге сарғыш тартып, бірегей көрінеді. Теңіз толқынындай мың-сан сары адырлардан Жауыртаудың еңсесі болар-болмас көтеріңкі. Беткей-бауырына әредік-әредік біткен қараған, тобылғылар қарая ереуілдеп, қыдырған көзге аз сәт алданыш болғандай. Бұл

жердің мұнан басқа „мен Жауыртаумын!“ дейтіндей көзге ұрып тұрған белгісі жоқ. Ендеше Жауыртауы несі?

Бұл жердің Жауыртау дегізетіндей айқайлап тұрған белгісі әу бастан-ақ болмапты. Атадан балаға ауысып отыратын халық аңызы Жауыртау деген атауды „Қозы Көрпеш — Баян сұлу“ жырымен сабақтастырады...

Кәдуелгі „жетпіс жыл баққан малының жеті жапырақ етін тісіне басуға қимайтын“-Қарабай әкесі өлген Қозыны қомсынып қаша көшетін аңыз бар емес пе. Сол бір асыға көшкен абыр-сабырда Қарабайдың сабасы жарылып, қымызы төгілген жер „Ақкөл“ „Жайылма“ атаныпты.

Ұзақ көш жолында қырық нары арып өліп, Қарабай Аякөзге келгенде ноғайлы Шақшақ байдың баласы Қодар Баянға ғашық болады ғой. Кешікпей-ақ тоқсан мырзасын жалшылыққа берген Қодар Қарабаймен әмпей болып алады. Сонда әбден шарасы таусылған Баян Айбас деген жігітті қанатты қара биеден туған Бақа айғырға мінгізіп, алыста қалған ғашығы Қозыға жібереді. Сәлемдеме деп алтын сандыққа домбырасы мен моншағын, басындағы қарқара қадаған топысын салып берген екен.

Қарабайдың қырық нарын жалмаған ұзақ жол Айбастың арғымағына да оңай тимепті. Шексіз-шетсіз сары дала Айбастың өзін де, астындағы тоқпақ жал Бақа айғырды да титықтатса керек. Сол бір қатал табиғат ортасында сенделіп келе жатқанда ол Баянның сәлемдемеге берген моншағы мен домбырасын түсіріп алыпты. Сол себепті ол жерлер „Домбыралы“, „Моншақты“ атанған екен дейді. Мұнан әрі сандық ішіндегі қарқарасы бар топы да түсіп қалыпты. Ол жер содан Қарқаралы атанған дейді. Ең сонында алтын сандықтың өзі бір тоқтаған жерінде қалып қойса керек. Қазіргі „Алтын сандық“, „Ақшатау“ деп аталатын жер атаулары содан қалыпты дейді.

Алайда, қаншалықты қалжырап, қажыса да Айбас Баянның өтінішін орындау үшін Қозы Көрпештің елін бетке алып жүре берсе керек. Бірақ, амал қанша, елсіз-күнсіз сары дала астындағы аттың титығына жетіп, бір жерлерге келгенде болдырып, тоқырап тұрып қалыпты. Содан бұл жер „Тоқырауын-Жәмші“ деп атанған екен (Қазір Тоқырауын өзені Қарағанды облысына қарасты Ақтоғай ауданының жерімен ағып келіп, Балқаш көліне құйып жатыр).

Айбас алған бетінен сонда да қайтпайды. Бақа айғырды Тоқырауын бойының сонысына тынықтырып алып, тағы да жүріп кетеді ғой. Ай жүреді, апта жүреді, бір жерлерге келгенде мінген атының тұяғы сөгіліп, арқасы ошақтай жауыр болып, мүлдем міністен қалған екен. Осы-

нау жауыр аттың қалған жері содан бері „Жауыртау“ атаныпты дейді қыр аңызы.

Әрине, аңыздың аты аңыз. Оның айтарынан аңғартары мол болатыны аян. Десе де, халықтың қиялы мен тарихтың шындығын саралай танып, қиял ішіндегі шындықтың дәнін аршып ала білу қажет. Әрі-беріден соң қиялдың өзі халықтың рухани тарихының бір парасы.

Шу бойындағы Ақкөл, Жайылма көлдері, Бетбақдала мен Аякөздегі Қодар құдықтары, Бетбақдаланың өзі, Арқадағы Бұғылы-Тағылы тауларынан бастау алып Балқашқа құятын Тоқырауын өзені, сол өзеннің бойындағы Алтынсаңдық, Ақшатау таулары, одан арғы Жауыртау, Қарқаралы, Баян таулары, сол таулардың арасындағы Домбыралы, Моншақты, Шідерті, Ай, Таңсық өзендері, ең соңында Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың күні бүгінге дейін сақталған мазары... Міне, мұның бәрі қазақ халқының „Қозы Көрпеш — Баян сұлу“ атты ғажайып ғашықтық жырымен тікелей сабақтасып жатқан атау-белгілер, сонымен бірге күні бүгінге дейін сақталған топонимдер.

Осы тұста, назар аударатын басты мәселе қиял мен шындықтың ара-жігі болмасқа керек. Мәселенің мәні, көшпелілер үшін қоршаған орта, табиғат тек қана күнкөріс көзі, тек қана „өндіріс құралы“ емес, сонымен бірге, көшпелілер үшін қоршаған орта — рухани игілік, сұлулық туралы таным-түсініктің негізі, арман-қиялының қайнар көзі. Ал, этнос ретінде көшпелі өмір салтта қалыптасқан қазақ халқы үшін „дала“, „атамекен“ ұғымдары ең алдымен мәдени-рухани болмысымен біте-қайнасып жатады. Дала — қазақ халқының рухани отырықшылығының айғағы.

...Кезінде Жауыртаудың жатаған жонын дүбірлетіп Темірланның мың сан әскері өтіпті; қазақ даласын індеттей жайлап, халқын „ақтабан шұбырынды“ еткен Жоңғар хунтайшылары да осы төбенің басында талай рет ат ойнатыпты; XIX ғасырда азаттық үшін арпалысқан Кенесарының қалың қолы да Жауыртаудың бауыздау алқымындағы Нұра өзенінен талай рет ат суарыпты; босаболмаса патшалық Ресей көпестері мен ағылшын, француз капиталистері бұл Жауыртаудың иығына шығып алып, төңірегіне тімтіне көз тастағаны да белгілі... Соның бәріңде де халық жадында осы бір жатаған адыр Жауыртау болып қала беріпті.

Ер жігіттің атын арытқан, қыран құстың қанатын талдырған Жауыртауды қазір Теміртау деп атайды. Халық

жүрегінен шыққан атау өміршең болады. Шынында да Теміртау дегеніңіз — ел өміріндегі тарихи-әлеуметтік өзгерістерімен біте қайнасқан атау. Теміртау десе Теміртау. Кәдуелгі „тау-тау темір“ деген сөзден шыққан қарапайым атау.

Бұрынғы Жауыртау қазір көкке қол созған бойшаң трубалардың алқымында қалған. Ал Нұра аңғарына құлай берістегі күндік жерге созылған ойпаңға Теміртау қаласы қанат жайған. Мұнда темірден түйін түйіп, болатты майша балқытқан еңбекқор қауым тұрады.

Міне, елмен бірге жер атауларының да осылайша жаңғырып отыратыны болады.

33. ҚЫЗЫЛКЕНІШ САРАЙЫ: АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ.

Арқаның алтын айдары сияқты Қарқаралы тауын артқа тастап, көксеңгір Кент тауының қос өркеші — Доғал мен Қоңыр биіктің қақ ортасын бетке алып жүргенде, бұл өңірде күні бүгінге дейін аңыз болып айтылатын Қызылкеніш сарайының үйінді төмпешігі көрінеді.

Қызылкеніш сарайының қоныс тепкен жері көрер көзді тұсап, көңілді қиял-ғажайып дүниесіне жетелейді. Сылдырап аққан бұлақтары бар, күлтелең көгерген шоқ-шоқ тал-терегі, мойыл-қайыңы бар, көкорай шалғынға оранған ауыл орынындай жазық ортасына Қызылкеніш сарайы салынған. Сол жазықты шырқ айнала құж-құж жақпар тасты тау қоршаған. Ұшқан құстан басқаның осынау қорған таудан асып түсуі мүмкін емес. Қорған таудан шығар жер біреу-ақ. Ол — әлгі бұлақтар жиылып келіп, жарып өткен терең сай ғана. Сай табанының ені жиырмаотыз аттылы тізе тиістіріп қатар өткендей.

Табиғаттың өзі жасаған осынау тау-қорған ішіндегі Қызылкеніш сарайының салынуы ойға қалдырады. Әрі тыныштық-рахатты көксеген, әрі тығылып-қорғануды ескерген, әрі тіршілік күйбеңінен кіндік үзіп, тақуалыққа (аскетизм) біржола мойын ұсынған соң таңдалған тұрақ сияқты.

Қызылкеніш сарайының құрылыс-жобасы әлі де сайрап жатыр. Бұл — әу баста айқыш (крест) тәріздес үлгімен екі қабат етіп салынған, 20 бөлмелі әсем ғимарат болған. Құрылыс материалына негізінен осы өңірдің қызыл тасын қашап пайдаланған. Ғимараттың үш бүйірінен іргелестіре салынған қосымша бөлмелер ортадағы негізгі бөлмемен ішкі есіктер арқылы байланысқан. Сарайдың оңтүстікке қараған сыртқы есігінің алдында алты бағаналы күнқағары (навес) болған. Күнқағардың үсті балкон тәріздес әсем

айшықты ұя болып біткен. Осы бітімі үстіміздегі ғасырдың бас кезіне дейін сақталыпты. Отызыншы жылдары социалистік системаның сойылын соққан шолақ белсенділер сарайдың біраз бөлігін бұздырып, қой қора салдыртқан...

Қызылкеніш сарайы туралы жазба деректер ХІХ ғасырдың бас кезінен бермен қарай ұшырасады. Бұл орайда алғаш қазба жұмысын жүргізген немесе бітім-құрылысын суреттеп жазған С. Б. Броневский, А. И. Левшин, А. Красовский, В. Никитин, Н. Коншин, А. Жолды сияқты зерттеушілердің, әскери адамдардың жазбалары, сондай-ақ ресми экспедиция материалдары назар аударады (С. Б. Броневский. Записки Генерала-майора Броневского о киргиз-кайсаках Средней Орды. — "Отечественные записки", СПб., 1830. 43 басылым, 247-248 беттер; А. И. Левшин. Описание киргиз-казачих или киргиз-кайсацких орд и степей. 1-том. СПб., 1832, 204—205-беттер; А. Красовский. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. 3-бөлім. Область сибирских киргизов. СПб., 1868. 260-бет; В. Никитин. Кызыл-Кенчский дворец.— "Семипалатинские областные ведомости" №6. 1898. 11-бет; Н. Коншин. От Павлодара до Каркаралинска.— "Памятная книжка Семипалатинской области" Семипалатинск, 1901. 5-басылым; А. Жолды. Мына кітапта: Материалы по киргизскому землепользованию, собранные экспедицией по исследованию степных областей. 6-том. Семипалатинская обл. Каркаралинский уезд. СПб., 1905. 98-бет).

Тек сарайдың соқа басы туралы ғана емес, сонымен бірге осынау „күпия“ ғимаратқа қатысты жарық көрген далалық аңыз-әңгімелер де кездеседі (Байжұмыр Дөкей. Қызылкеніш ордасы. „Дала уәлаятының газеті“. 1900. 25, 27-сандары; Л. К. Чермак. Кызыл-Кенч. Киргизская легенда.— "Записки И. Русского Географического общества. Отделение Этнография. 34-том. СПб., 1909. 211—218-беттер). Мұнан кейін Қызылкеніш сарайы туралы 1928 жылы И. Чеканинский, 1960 жылы С. Чермак зерттеу мақалаларын жариялады. Сондай-ақ, Қазақстанның Археологиялық картасын жасау барысында Қазақ ССР Ғылым академиясының экспедициясы (1960) зерттеу жұмыстарын жүргізді (И. А. Чеканинский. Развалины Кызыл-Кенч в Каркаралинском округе Казахской АССР.— "Записки Семипалатинского отдела Общества изучения Казахстана" 1-том. Семипалатинск. 1929. 89—103-беттер; С. С. Чермак. Памятники архитектуры ойрат-калмыков.— "Записки Калмыцкого НИИЯЛИ" 1-басылым. Элиста. 1960. 133-

134-беттер: Археологическая карта Казахстана. А—А., 1960).

Соңғы рет Қызылкеніш сарайының қалдығына түбегейлі қазба жұмысын 1986—1987 жылдары археологтар Ж. Смаилов пен А. Бейсеновтың жетекшілігімен Қарағанды Мемлекеттік Университетінің экспедициясы жүргізді. Бұл экспедиция мұқият жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесін тарихи деректермен ұштастыра зерделеу барысында Қызылкеніш сарайының бітім-құрылысы мен салыну тарихына байланысты байсалды тұжырым жасай алды.

Қызылкеніш сарайына қатысты осы уақытқа дейін жүргізілген зерттеу жұмыстарын, тарихи деректерді және далалық аңыз-әңгімелерді зерделей келгенде, осынау ғимарат XVII ғасырда салынған жоңғар (қалмақ) ламаларының ғибадатханасы екенін аңғартады. Бұл орайда Қызылкеніш сарайы қазақ-жоңғар қарым қатынасына байланысты сирек сөз болып келген діни-миссионерлік айғақ ретінде алдымен назар аударады.

Орта Азия халықтарына, соның ішінде көшпелілерге де будда діні (буддизм) байырғы заманнан-ақ белгілі болған. Жаңаша жыл санаудың I ғасырында Қытайға тарай бастаған будда діні IV—VII ғасырларда бұл елде мықты орнығып, тіптен саяси және экономикалық тізгінге де ие болды. Бұл кезең Орта Азиядағы түркі тілдес тайпалардың қуатты мемлекеттер құрып, Қытайдан басталатын Ұлы Жібек жолының өнбойын билеп-төстеп тұрған кезі. Ал, Жібек жолы Батыс пен Шығыс арасындағы байлықтың ғана емес, сонымен бірге ақыл ойдың да алмасуына дәнекер болған. Әсіресе, діндар-миссионерлердің „ізі“ бұл жолдың өнбойында күні бүгінге дейін сайрап жатыр. Қазір Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан жерлеріндегі V—VIII ғасырлардан жеткен буддалық ғибадатханалар бұған жарқын айғақ (А. Н. Кочетов. Буддизм. М., 1983. 113-бет). Кейін Шыңғыс ханның шаңды жорығы мен ислам дінінің экспанциясына байланысты Орта Азияда будда діні біршама тежелгенімен, XVI ғасырдан бері қарай Жоңғар мемлекетінің бой көтеруіне байланысты буддалық діннің ламалық үлгісі қайтадан белгі бере бастайды (А. Н. Кочетов. Ламаизм. М., 1973. 42—61-беттер).

Бұл үрдістің (тенденция) бел алуына сол кезде Еділ бойына қоныс аударған ойраттар — қазіргі қалмақтардың арғы бабалары одан әрі себепші болды. Мұның айғақтары әсіресе қазақ даласында көптеп кездеседі. Будда-ламалық (буддо-ламаизм) ғибадатханалар, жартасқа салынған суреттер мен буддаға табынғанда айтылатын мінәжат ("ом-

мани-пад-мекум") жазулар, будданың тас мүсіндері мен металдан құйып жасаған бейнелер сияқты заттық айғақтарды Қазақстанның барлық өңірлерінен ұшыратуға болады. Жоңғар мемлекетінің шаңырағын көтерісуде ықпалын жүргізген хошауыт Абылай-тайшы салдыртқан ғибадатхананың қаңқасы Шығыс Қазақстандағы Қалба тауының ішінде күні бүгінге дейін тұр. Жергілікті халық бұл ғимаратты „Абылай-кит“ деп атайды. 1657 жылы Абылай-кит ғибадатханасының ашылу салтанатына Жоңғария мен Шығыс Монғолияда буддалық дінді уағыздаушы, монғол жазуын жаңғыртқан әйгілі ағартушы Зая-Пандита (1699—1662) қатысып, батасын берген (Г. И Слесарчук. Жоңғар хандығындағы қалалар туралы тың деректер. Мына кітапта; Олон улсын монғолч эрдэмтний II их хурал. II боть. Улан-Батор. 1973. 114-бет). Абылай-кит ғибадатханасының қабырғасына салынған көп дидарлы және көп қолды будда суретін кезінде профессор Г. Ф. Миллер көрген.

Қалба тауымен сілемдесіп жатқан Шыңғыс тауындағы „Қоңырәулие“ үңгірінің ішінде жатқан будда мүсіні де қазақ даласындағы будда-ламалық белгілердің елеулісі. Тек қана тас мүсін емес, бұл үңгірден табылған будда-ламалық күміс пайза да белгілі (А. Сейдімбеков. Поющие купола. А—А., 1985. 42—43-суреттер). „Қоңырәулие“ үңгірінің ішкі қабырғасына салынған бояулы сурет те болған.

Қазақстанда буддалық діндарлар қалдырған жартас суреттері де көптеп кездеседі. Оның тамаша үлгісін Іле бойындағы Таңбалы тас бұйратынан кезінде Шоқан Уәлиханов көшіріп салған (Ч. Ч. Валиханов. Собр. Соч. в пяти томах. V-том. А—А., 1972. 86—87-беттер). Бұл сурет жөнінде Әлкей Марғұлан былай дейді: „Суреттің өзекті арқауы — үш будданың мінәжат етіп отырған қалпы. Ортада — көп дидарлы және көп қолды будда Чанрай-Чик. Ол тағдырға ту еткен қалпында бейнеленген: кісен салынған қолын көтеріп, халыққа өсиет айтып отыр. Сол жағында — будда Шакья-Муни, оң жағында — Ман-Ла. Буддалардың астыңғы жағына тибеттің мінәжат сөздері жазылған...“

Бұл айғақ-деректердің бәрі де, яғни будда бейнесі мен Тибеттің мінәжат жазулары да Жоңғария мен Шығыс Түркістанда жоңғарлар үстемдік құрған кезден (XVII—XVIII ғғ.) қалған” (А. Х. Маргулан. О художественном наследии Чокана Валиханова. Мына Кітапта: Ч. Ч. Валиханов. Собр. Соч. в пяти томах. V-том. А—А., 1972 23-бет).

Міне, қазақ даласындағы осы сияқты будда-ламалық айғақ-белгілердің бірі Қызылкеніш сарайы. Бұл сарайдың дүниеге келу тарихы қазақ-жонғар қарым-қатынасының нақтылы көрінісі ретінде ден қойдырады.

Жоңғарлар арасына ламалық діннің орнығуы XVII ғасырдың бас кезінде басталған 1616 жылы далай-ламаның арнайы жіберген өкілі Цаган-номун-хан қатынасқан алқалы жиында дәрбіт Далай-тайшы, шор Қара-Құла, торғауыт Хо-Үрлүк, хошауыт Хүндүлен, шор Шохұр бастаған ойраттың ықпалды билеушілері бір-бір баласын тойындыққа ұсынып, бұдан былай өз тұқымдарында ақсүйек-ламаның болуын мәртебе санаған. Мұның өзі түптеп келгенде, ойрат алпауыттарының ламалық дінді ресими мойындауы еді. Ал, ламалық діннің табиғаты тек қана мінәжатшыл-идеологиямен шектелмеген, сонымен бірге экономикалық және әскери күштің де тізгінін ұстаған. Сондықтан да ламалық дін кешікпей-ақ Жоңғар мемлекетінің тұтастығы мен күш-қуатын ойлағандардың ықпалына бөленеді. Нәтижесінде Орталық Азияда қаһарлы күшке айналған Жоңғар билеушілері құрығы жеткен жерлерге ламалық ғибадатханалар салдыруды дәстүр ете бастайды. Мәселен Батыр-хұнтайшы аз уақыт ішінде төрт ғибадатхана-қалашық салдырып үлгерген. Мұндай ғибадатхана қалашықтар тек қана мінәжат орыны емес, сонымен бірге басып алған өңірлерге әрі діни ықпал ететін, әрі соғыс кезінде қорған болатын орталыққа айналып отырған.

XVI—XVII ғасырлардың жапсарында Жоңғарияда Байбағас хан бастаған хошауыт әулеті мен Қара-Құла бастаған шор әулетінің арасында билік үшін бітіспес күрестің болғаны тарихтан мәлім. Бұл күресте Байбағас хан орталық өкімет билігін қаламай, өз тізгінін өзі ұстаған алпауыт феодалдар жағында болса, Қара Құла керісінше Жоңғарияның тұтастығын қамтамасыз ететін қуатты орталық өкімет билігін құруды қолдайды (И. Я. Златкин. История Джунгарского ханства. М., 1983. 103-бет). Ақырында билік тізгіні Қара-Құланың баласы Батыр-хұнтайшының қолына тиіп, 1635 жылы Жоңғар хандығының біртұтастығын жариялады. Ал, үміті ақталмаған хошауыт ақсүйектері Кукунордан асып, Тарбағатай сілемдерін құлдап түріле көшеді. Осыған байланысты, Байбағыс ханның туған інісі, хошауыт жұртының билеушісі Хүндүлен-Ұбашының Ертістен өтіп, Көбік Сауырдан асып, Зайсан мен Үліңгір көлдерінің оңтүстігінде көшіп-қонып жүргенін Тобыл воеводы Г. С. Куракиннің 1644 жылы Сібір приказына

жазған хатынан оқуға болады (Материалы по истории русско-монгольских отношений. М., 1974. 239-бет). Демек, Хүндүлен-Ұбабының жаз жайлауы Орталық Қазақстанның салқын сабат шүйгін даласы болған. Бұл деректі Зая-Пандитаның өмірбаяны туралы еңбектегі Зая-Пандита қой жылы (1643) қыс айларын Хасулук тауында көшіп жүрген Хүндүлен Ұбайшымен бірге өткерді" деген сөздер орнықтыра түседі. (Биография Зая-Пандиты. Мына кітапта: Калмыцкие историко-литературные памятники в русском переводе. Элиста. 1969. 163-бет). Осындағы „Хасулук тауы“ деп отырғаны Арқадағы Қазылық таулары екені күмән келтірмейді. Күні бүгінге дейін жергілікті халық Қызыларай, Қарқаралы, Кент, Балқан (Қу), Бақты тауларын жинақтап „Бесқазылық“ деп атайды. Сөз болып отырған будда-ламалық ғибадатхана — Қызылкеніш сарайы Бесқазылықтың бір Қазылығы — Кент тауының ішінде салынған. Қызылкеніш сарайын алғаш суреттеп жазған С. Б. Броневский де сарайдың тұрған жерін „Кент-Қазылық“ деп атайды. (С. Б. Броневский. Көрсетілген еңбек. 247-бет.)

Әрине, Хүндүлен-Ұбашының қазақ даласына бойлай еніп, тұрғылықты халықтармен тіл табысуы — сол кездегі қазақ-жоңғар арасындағы әскери-саяси жағдайларға тікелей байланысты. Алдымен, қазақ Есім хан мен ойрат Қара-құла хан билік құрған кезде басталған еларалық текетірес, кейін олардың мұрагерлері Жәңгір хан мен Батыр-хұнтайшы таққа отырған кезде одан әрі өрши түсті. Демек, Батыр-хұнтайшы үстемдік құрған кезде оның бәсекелесі Хүндүлен-Ұбашының өз жұртынан шеттетілуі де, қазақ жұртымен тіл табысуы да заңды еді. Батыр-хұнтайшымен қырбай болып, қазақ арасына ығысқан жалғыз ғана Хүндүлен-Ұбашы емес, сонмен бірге дәрбіт Далай-тайшы, хошауыт Абылай-тайшы сияқты көптеген ықпалды ақсүйектер де сол кезде қазақ хандығының тізгінін ұстағандармен әмпей болды. Тіптен, Хүндүлен-Ұбашы алшын Жалаңтөс батырмен дос болып, Жәңгір ханды өзіне өкіл әке тұтқан (Материалы по истории... 234, 239, 306-беттер).

Міне, осынау тарихи деректер Кент-Қазылық тауындағы Қызылкеніш сарайын XVII ғасырдың алғашқы жартысында шор Хүндүлен-Ұбашы салдыртты деген тұжырымға дес бергізеді. Мұндай ойдың жосығын Хүндүлен есімінің „Ұбашы“ деген қосымшасы да орнықтыра түседі. Ұбашы (үбүшы сөзі) қазіргі қазақ тіліндегі

„діндар“, „тақуа“ деген сөздермен мағыналас. Яғни, Қызылкеніш сарайы қазақ-жоңғар қарым-қатынасы кезінде қалыптасқан жағдайға байланысты жоңғарлар тарапынан діни-миссионерлік мақсатта салынған будда-ламалық ғибадатхана еді деуге негіз мол.

Ойдың орайында Хүндүлен-Ұбашының кейінгі тағдырын айта кетуге болады. XVII ғасырдың екінші жартысында қазақ ханы Жәңгірдің майдан даласында қаза болуы (1652), жоңғар ханы Батыр-хұнтайшының бел алуы қазақ даласын пана тұтқан Хүндүлен-Ұбашыға жайсыз тиеді. Ақыры 1663 жылы Хүндүлен-Ұбашы Еділ бойындағы қалмақ ағайындарына біржола көшіп кетеді (Г. О. Авляев. Об основных этапах этногенеза калмыков. Мына кітапта: Историческая динамика расовой и этнической дифференциации населения Азии. М., 1987. 113-бет).

Кейін қазақ даласынан жоңғар-қалмақтың тұяғы сиреген кезде Қарқаралы мен Кент төңірегіне төрелік билігін жүргізген Барақ сұлтанның ұрпақтары Қызылкеніш сарайына иелік етті. Бұл — әйгілі Әбілқайыр ханды өлтіретін Көкжал Барақ. Одан туған Бөкей XIX ғасырдың бас кезінде Орталық Қазақстан жұртына хан болған кезінде қысқа қарай осы Қызылкеніш сарайын қыстап отырған. Бөкей хан мен әйгілі Жанақ ақынның сүйегі бір бейіттің ішіне жерленген. Ол бейіт Қарағандыдан Ақмолаға қарай шыға берісте Нұра өзенінің жағасында тұр. Әлихан Бөкейханов осы Бөкейдің шөпшегі. Бөкей, одан Батыр сұлтан, одан — Мырзатай, одан — Нұрмұхамбет, одан — Әлихан...

Кейін Қызылкеніш сарайына Бөкей ханнан тараған Жамантай, Шыңғыс, Жолды, Ақбай сияқты ұрпақтары иелік еткен. XIX ғасырдың соңына қарай әбден тозығы жеткен Қызылкеніш сарайына мал қамайтын болған (Байжұмыр Дөкей. Көрсетілген еңбек).

Қызылкеніш сарайы туралы сөзді осымен түйіндеуге де болар еді. Алайда, осынау ғимаратқа қатысты айтылатын, қазақ арасына кең тараған аңыз-әңгімелерді де тарихи шындықпен шендестіре қарастырып өтпесе ойдың орамы бүтін болмайды.

Қызылкеніш сарайына қатысты айтылатын аңыз-әңгімелер В. Никитин (1896, 1898), Б. Дөкей (1900), Н. Коншин (1901), А. Жолды (1905), Л. Чермак (1909), И. Чеканинский (1928) сияқты зерттеушілердің жазбаларында кездеседі (Көрсетілген еңбектер). Бұл аңыз-әңгімелердің хатқа түсуі әр түрлі деңгейде болғанмен, олардың бәріне ортақ бір желі бар. Еділ бойындағы қалмақ ханының

қызы шығыстағы жоңғар ханына ұзатылып, 40 қыз, 40 нөкерімен жолға шығыпты-мыс. Жол көрсетуші болып қазақ батыры ереді. Сол жылы қыс ерте түсіп, жолшыбай Кент тауын қыстауға мәжбүр болады. Хан қызының көңілін аулаған нөкерлері сол жерге әйдіңгер сарай салады. Арқаның алты ай қысында алаңсыз сайран салған хан қызы қазақ батырымен көңіл қосып, жүкті болады. Кейін жоңғар ханы қалыңдығының ішінде келген балаға көп қорлық көрсетеді. Өсе келе жауыққандай болса зиянын тигізбесін, садақ тарта алмасын деп, баланың жауырын шеміршегін сылып тастайды. Бірақ, қазақ батырынан туған бала ер болып өсіп, жоңғарлардан кегін алып, ақыры қанатты тұлпармен еліне жетеді...

Аңыз-әңгімелерде қалмақ ханы — Қалдан-Серен, қалмақ батырлары — Айда, Тілеуке, хан қызы — Лауке, Елеуке болып әр түрлі аталады.

Қызылкеніш сарайына қатысты аңыз-әңгіменің ең бір дерегі толық қызықты нұсқасын 1986 жылы осы Кент тауының төңірегінде туып-өскен 82 жастағы Ғабдолла Сәрсенбайұлының аузынан тарихшы-ғалымдар Ж. Смаилов пен А. Бейсенов жазып алған (Қарағанды Мемлекеттік университетінің архиві, 1986—1987 жылдардағы археологиялық экспедицияның есебі). Бұрын жарық көрмегендіктен, бұл аңыз-әңгімені толық келтіруге болады.

„Аңыз айтады, ерте-ерте ертеде қазақ пен қалмақтың ауылдары аралас, қойлары қоралас, қоңсы болыпты дейді. Күндердің бір күнінде қазақтың Аюке деген ханы өзінің әлпештеп өсірген Етрежеп атты ару қызын қалмақтың Қоңтажы деген ханына ұзатпақ болады. Ол кезде Аюке хан Еділ бойын еңдей жайлап жатады екен. Уәделі уақыты жетіп, келіскен мерзімі келген кезде Қоңтажы хан өзінің қалыңдығын алып келу үшін Қабыл-зайсан деген бас батырын Аюке ханға аттандырыпты. Кешікпей-ақ, Қабыл-зайсан қырық жігітімен Аюке ханның еліне жетеді.

Аюке хан қияндағы жат жұртқа бұйырған жалғыз қызының ұзатылу тойын аста-төк етіп өткізеді. Той өткен соң Аюке хан Едіге атты батырын басшы етіп, қырық қыз бен қырық жігітті қосшы етіп, қызы Етрежептің көшін жолға салады. Ата жұрты мен ардақты ағайынын артқа қалдырған Етрежеп қош-қошын айтып, жат жұртқа кете барады.

Содан Етрежептің көш-керуені талай күндерді өткеріп, Кент тауына жеткенде Арқаның қысы ерте түсіп, даланы көк кіреуке мұз құрсап қалады. Мінген аттарының шашасын мұз қиып, жүк артқан атандарының табаны тайып,

көш-керуен амалсыз тізгін тартады. Қазақ батыры Едіге мен қалмақ батыры Қабыл-зайсан ақылдаса келіп, Кент тауының ішінен тебін-қорығы қалың, ықтасыны мол қойнауды таңдайды да, сол жерді қыстап шықпақшы болады. Жай ғана қос тігіп, қотан жасап қыстап шығуды місе тұтпайды. Ел-жұртынан ажырап, аңырап келе жатқан хан қызының көңілін аулау үшін Кент тауының қызыл тасынан қырық жігітке сарай соқтыртады. Күні бүгінге дейін сол сарай „Қызәулие“ деп аталады.

Содан қырық қыз жанында, қырық нөкер маңында ханның қызы Етрежеп кең сарайда сайран салып, Арқаның ұзақты қысын өткеріп жатады. Сонарлы күнді құр жібермей Кент тауының қойдай еріп жүрген аңын аулайды. Ашық күндерде сейіл-серуен құрады. Сөйтіп жүргенде Етрежеп пен Едіге бірін-бірі ұнатып, көңіл қосады. Етрежеп содан жүкті болады.

Мерзімді уақыты жеткенде Арқаның көктемі туып, жол ашылады. Хан қызының көш-керуені Қонтажының елін бетке алып жолға шығады. Ай жүріп, апта жүріп, күндердің бір күнінде Етрежептің көш-керуені Қоңтажы ханның еліне жетеді. Елге келген соң, айы-күні толғанда Етрежеп босанып, алпамсадай ұл табады. Ұлдың атын Сына деп қояды.

Жаттан жаралып, іште келген Сынаны Қоңтажы хан жек көреді. Бойы өсіп, бұғанасы қатпай-ақ қаршадай Сынаны қой соңына салады. Бірақ, жастайынан пісіп-қатып, қиындықтан ширап өскен Сына ерте есейеді. Сегіз жасында жақ тартып, садақ иеді. Оның иген садаған өзінен бесқа ешкім тарта алмайтын болады. Жойқын күшіне таңырқаған жұрт оны Сына батыр деп атайды.

Бір күні Сына батыр ауыл шетінде қыдырып жүріп, өзі жасаған сегіз қырлы оғын атып көреді. Шырқай шығандап, зырқырай ұшқан жебе Қоңтажы хан отырған киіз үйдің есігіне келіп қадалады. Қоңтажы хан бұл оқиғадан секем алады да, ордасына көріпкел ақылгөйлерін жинап жөн сұрайды. Олар сегіз қырлы оқтың Сына батырдың оғы екенін танып, оның қылығын жаман ырымға балайды да, түптің-түбінде бұл жау болып шығады екен деп жориды.

Сол жерде Қоңтажы хан Сына батырды алдыртады да, қол аяғын байлатып, бұдан былай садақ тарта алмауы үшін жауырын шеміршегін сылдыртып тастайды.

Сына батыр Қоңтажы ханның бұл қиянатын кек тұтып, іштей жауығып алады. Мұның бәрін көзі көріп, біліп

жүрген Етрежеп ханым бір күні оңашада баласы Сынаға ақыл береді: „Сенің түбің қазақ еді, бұл бетінде жат жұрттың ортасында жазым боларсың, есін барда еліңді тап,“— дейді. Анасының ақылына құлақ асқан Сына батыр орайын тауып, Қонтажы ханның қанатты қара тұлпарына мінеді де, қазақ даласын бетке алып тартып кетеді.

Содан, Сына батыр аман-есен ел-жұртымен табысады. Жан аяспас достар тауып, ер азамат болып өседі. Жасақ жиып қол бастап, жауды жеңіп кек алып, батырлығымен даңқы шығады”

...Міне, аңыздың айтары осы. Енді аңызға ұласқан тарихи шындық қандай еді?

Аюке хан (1642—1724) — тарихта болған адам. Тек, аңызда айтылғандай „қазақ ханы“ емес, 1672 жылы таққа отырған Еділ қалмақтарының ханы. Аюке өз кезінде Еділ қалмақтарының хандығын нығайтып, дербестігін сақтай білген саясаткер.

Аюке ханның Сетержаб деген қызының болғаны да, ол қызының 1697 жылы жоңғар хунтайшысы Себан-Рабданға (Цеван-Рабдан) ұзатылғаны да рас (И. Я. Златкин. Көрсетілген еңбек. 215-бет). Қазақ аңызында айтылатын Етрежептің түп сүлесі (түп сүле — прототип, сүле — тип) Аюке ханның қызы Сетержаб екені де күмән келтірмейді. Сондай-ақ Сетержабқа үйленген Себан Рабданның қазақ арасында „Қонтажы хан“ деп аталғаны да — тарихи шындық. Яғни, қазақ аңызындағы Етрежепке үйленетін Қонтажы ханның түп сүлесі — Себан-Рабдан. Себан-Рабдан мен Сетержабтың арасынан туған Шоно-Лоузан да тарихта белгілі адам. Жай ғана қатардағы көп тайшының (тайджи) бірі емес, әділдік-ерлігімен жұртқа жаққан, хан тағына лайық мұрагерлердің бірі (В. А. Моисеев. Дело Шоно-Лоузана). К истории посольства из цинского Китая в Россию в 30-е гг. XVIII в. Мына кітапта: Четырнадцатая научная конференция „Общество и государство в Китае“. Тезисы и доклады. 2-бөлім. М., 1993. 98-бет).

Осы тұста қазақ аңызындағы Етрежептен туатын Сына — өмірдегі Сетержабтан туған Шоно екені де ден қойдырады. Шоно-Лоузанның қазақ арасына Сына (Сна) батыр деген атпен белгілі екенін кезінде Ш. Ш. Уәлиханов жазған: „Ресей құзырындағы байтақ даланың барлық өңірінде Шонаны біледі, ол туралы жыр түрінде айтылатын естеліктер алтай қалмақтары мен қырғыздардың (қазақтардың — А. С.), сондай-ақ Еділ қалмақтарының арасында сақталған, Қазақтар Сына (Сна) батырдың мейлінше қатты керілген серпінді садағын ұдайы сөз

етеді...' (Ч. Ч. Валиханов. Көрсетілген еңбек. 1-том. А—А., 1961. 432-бет). Бұл ойды XIX ғасырдың соңында В. Вербицкий де қайталайды. В. И. Вербицкий. Алтайские инородцы. Сборник этнографических статей и исследований. М., 1893. 120-бет.)

Қызылкеніш сарайына қатысты айтылатын қазақ аңыздарының кейіпкерлері ғана емес, сонымен бірге сол аңыздарға арқау болған оқиғалардың сілемі де тарихи шындықпен шендесіп жатады. Тарихтан белгілі, Себан-Рабдан өзінің көзінің тірісінде Жоңғар хандығының тағына мұрагер болады деп хошауыт Күнше бәйбішеден туған баласы Қалдан Серенді ұйғарған. Ал, тоқалы торғауыт Сетержабтан туған баласы Шоно-Лоузан болса түптің түбінде мұрагерлікке таласып, ел бірлігінің шырқын бұзар деген оймен оның еншісіндегі ұлысты Қалдан-Сереннің иелігіне берген. Әрине, хандықтың тағы бұйырмағанымен қоймай, қол астындағы ұлысынан айырылатын болған соң Шоно-Лоузан қарсылық білдіреді. Сонда мемлекет тұтастығын бәрінен де жоғары қойған болып Себан-Рабдан Шоно-Лоузанды өзгеге көз қылып аяусыз жазалайды. Қол-аяғын байлап, жауырынына дүре соқтырады. Кім білсін, өсек сөздің де шындықтан өрбитін тұстары болады. Себан-Рабдан Шононың өз баласы екеніне күмәні де болған сияқты...

Мұнан әрі Шоно-Лоузанды санаулы ғана малшы-қосшыларымен ел шетіне көшіріп тастайды. Мұндай қиянатқа қатты қапа болған Шоно-Лоузан Еділ бойына көшіп барып, сол жақта 1732 жылы дүние салады.

Ал, жазықсыз жапа шеккен Шоно-Лоузанның артта қалған ата жұрты оның есімін аңызға айналдырады (В. А. Моисеев. Көрсетілген еңбек. 97—102-беттер).

Өмір шындығын аңыз-әңгіме өзінше өңдеп, өз „тіліне“ түсіреді. Халық қиялында Шоно-Лоузан бейнесі зұлымдыққа қарсы күресетін батырға айналған. Кейін Жоңғар хандығы жойылып, халықтың тоз-тозы шыққан соң, бас сауғалап қашқан ойраттар барған жерлеріне Шоно-Лоузан туралы аңызды да жеткізген. Жай ғана жеткізбеген, ел жұртынан айырылған шерменделер аңызды арманға ұластырып, Шона-батырды қайғыларына медет, қасіреттеріне араша түсетіндей деңгейге көтерген. Сөз жоқ, қазақ арасында айтылатын Сына, Сна, Шона батырлардың, алтайлықтар айтатын Шунудың, хақастардағы Суну-Матырдың, тувалардағы Шуноның, қалмақтардағы Шуна-батырдың түп сүлесі (прототипі) Шоно-Лоузан екені

анық. Ал, ол туралы қиялмен астасқан аңыз-әңгімеге далалықтар күмәнсіз сенген.

Бұл жөнінде Шоқан Уәлиханов қызық дерек қалдырған. 1740 жылы Башқұртстанда патша өкіметіне қарсы жасалған ереуілдің басшысы Қарасақал (1705—1749) жеңіліс тапқан соң, қазақ даласына қашқан. Байтақ далада Қарасақалдың тоқтаған жері Қызылкеніш сарайы тұрған Қарқаралы, Кент таулары болған. Сол төңіректі қоныс еткен әйгілі Қазыбек биді Қарасақал пана тұтқан. Бір таң қаларлығы, осы өңірге келген соң Қарасақал өз есімін жасырып, Қызылкеніш сарайына қатысты аңыздың арқауына айналған Шона батырдың есімін алған. Қарасақалдың өзін Шона батырмын деп жариялағанына қиянда жатқан Қалдан-Серен нанып, бәсекелес „інісінен“ қорыққандықтан, оны өлтіру үшін Барақ сұлтанға қолқа салған (Ч. Ч. Валиханов. Көрсетілген еңбек. 1-том. А—А., 1961. 432-бет). Тіптен, бұл оқиғадан құлағдар болған жергілікті қазақтар „шынымен-ақ Шона батырдың басына қауып төнсе, біз соңғы тұяғымыз қалғанша қорғаймыз“ деп дүрліккен (Казахско-русские отношения в XVI—XVIII вв. Сборник документов и материалов. А—А., 1961. 140-бет).

Міне, Қызылкеніш сарайына қатысты ақиқат пен аңыздан өрбитін деректердің қысқа-қайырым желісі осындай.

...Арқаның алтын айдары сияқты Қарқаралы тауын артқа тастап, көксеңгір Кент тауының қос өркеші — Доғал мен Қоңыр биіктің қақ ортасын бетке алып жүргенде, бұл өңірде күні бүгінге дейін аңыз болып айтылатын Қызылкеніш сарайының үйінді төмпешігі кезігеді... Мау-жыр табиғат, мүлгіген орман, үн-түнсіз үңірейе үңілген күз-жартас... Шырт тыныштық... Атамекен өз төсінде өткен шежіре сырды шашау шығармай жадына тоқып жатқан сияқты...

34. ТІЗЕ БҮККЕН. Арқада осылай аталатын бұлақ бар.

...Сарыарқаның түйе өркеш шоқылары мен сиыр таңдай қырқалары оңтүстікті бетке алған сайын селдіреп, сирей береді. Сонан соң Бетбақдала деп аталатын көз сүрінер бұдыры жоқ сұрқай дала басталады. Бұл даланың оңтүстік шалғайын Шу өңірі көмкеріп жатыр.

Осы Шу өңірінен шығып, Бетбақдала арқылы „Арқа, қайдасың“ деп сапар шеккен жолаушы қу медиен даладан әбден зерігіп, титықтаған кезде қалың шаңыт, буалдыр сағым арасынан Азат, Жуантөбе, Ағашжайлау, Болат, Тай-

атқан, Шұнақ, Айғырұшқан деп аталатын таулардың сілемді сұлдерін көрер еді. Қөрер еді де: „Беу, қайран Сарыарқа-ай, көріндің бе, жоқ па!“—деп, құлазып келе жатқан көңілің бір демдер еді. Шынында да бұл таулар Арқа мен Бетбақдала арасын бөліп тұрған белгі іспеттес.

Жуантөбенің Бетбақдала жақ бөктерінде „Тізебүккен“ атты ботаның көзіндей мөп-мөлдір бұлақ бар. Әрі өтіп, бері өтіп жүргенде „не себепті“ Тізебүккен „атанды екен?!“ деп қайран қалушы едік. Бірде осы өңірдің көне көз бір қариясынан бұлақтың не себепті „Тізебүккен“ атанғанын сұрадық. Сонда көне көз қарт ойлы жүзін Бетбақтың меңіреу жазығына бұрып тұрып былай деп еді:

— Қарашаның бұлтындай жалғаса шұбаған қалың көшті көз алдыңа келтір, шырағым. Көштің маңдайы Сарыарқаға қараған... Түн түнегі түріліп, шөже торғайдың әлсіз шырылы „таң келедіні“ мәлімдеген шақта моншақтай тізілген түйе керуені тағы да жолға шығады. Алды-артында үміт болып елес берер бұдыры жоқ ессіз дала, бетбақ дала осынау тіршіліктің қамышысы айдап келе жатқан керуеншілерге қырыстанып, міз бақпастан сазара түседі. Керуеншілер тілін тістеген үнсіздікте зарыққан үмітпен дамыл-дамыл алға қарайды. Маңдай тіреп, тізгін тартар мекенді, тізе бүгер орынды сағынышпен еске түсіреді. Тағаты таусыла асығады, аңсайды... Бірақ өмірдің өзі сияқты мына жол, мынау дала жеткізер ме! Тіршілік атаулының діңкесін құртып, таңдырын кептіріп, қайратын сарқа түседі. Керуеншілердің емешесі құрып, ентелеп сонда да алға ұмтылады. Осылайша қажыған көңілді әлсіз үмітпен жұбатып, жылға бергісіз ұзын сары көктемнің бір күнін тағы да батырады. Мұндай сәтте діңкесі құрып титақтаған керуен жер бетінде ұмыт қалғандай құлазып тағы да елсіз, күнсіз сары даланы түнек етеді. Ұзақ жүріп келіп дамыл алады. Түйелердің бұйдасын тартып, тізесін бүктіреді. Міне, шырағым, аттың жалы; түйенің қомында ғұмыр кешкен қазақ атаңның осындай бір тыныс алып, тізе бүккен жері болар бұл бұлақ,— деп қария сөзін аяқтады.

Шынында да, бір тізе бүтетін жер осындай-ақ болар.

35. ШАЖАҒАЙ. Арқаның Ор, Аба деп аталатын тауларынан бастау алатын шағын ғана қыз бұрым өзен Шажағай деп аталады. Неге екенін кім білсін, осы Шажағай деген атау естір құлаққа ерекше жағымды естіліп, сылдырлап ағып жатқан үнінде ғажап бір сыр бардай көрінетін. Ол сыр, сыр емес-ау, сырлы атау халқымыздың әдемі бір қасиетін емеурін еткендей әсерге бөлеуші еді.

Бірде осы өзеннің сырлы атауын сол төңіректің ақ сақалды, сары тісті қариясынан сұрағанымызда, өзен жағасындағы батырдың дулығасы тәрізді еңселі молаға мойын бұра тұрып айтқаны ғой:

— Е, шырағым, бұл сонау ертедегі ноғайлы деп аталатын заманнан бері де, „Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама“ заманынан әріде болса керек. Ұлы жүз, Жетісу бойының Шажы деген өндірдей жас жігіті сүйгеніне қосыла алмай, төңірегінен түрткі көрген соң, өкпелеп Арқадағы нағашыларына көшіп келіпті ғой. Арқа елі Ұлы жүздің жүдеп, жабырақап келген бір жігітін жалғыз екен деп бетке қақпай, жарлы екен деп қомсынбай, қолтығынан пана, қойнауынан мекен жай беріпті. Көп түкірсе көл емес пе, Шажы аз жылда-ақ ақтөбедей үй тігіп, ақ бөкендей қой айдап, Арқаның бір аруымен жарасқан екен. Өзі де, халыққа қадыры артып, ел-жұрт санасатындай ақыл-парасаты мол азамат болып есейсе керек. Ол бітістірген рулар мәңгіге дос болып, айтқан төреліктері жүйесін тауып, естіген құлаққа өнеге болып дариды екен.

Күндердің бір күнінде Шажының атақ-даңқын естіген Ұлы жүздің ер-азаматтары аяққа жығыла келіп, Шажыдан елге қайтуын өгінеді ғой. Сонда Шажы: „Мен өз елімде отырмын, туған жердің сауыры тарлық етіп еді, арқасына жылжып қоныс тепкен екенмін, оның несі айып!“ депті ғой жарықтық...

Шажы ұзақ жасап, сексеннен асып дүние салғанда Орта жүз, Ұлы жүз болып күңіреніп, осы өзеннің бойына арулап қойған екен. Халықтың қалауымен, ел ақсақалдарының пәтуасымен ардақты азаматтың есімін ұрпақтың есінде қалдыру үшін осы өзенді Шажы деп атапты. Алайда, қадірлі қарияның есімін баттитып атай салудан қымсынған кейінгі ұрпақ „Шажы-ағай“ деп кетсе керек. Бұл өзеннің Шажағай аталуы содан,-деп, көпті көрген қарт сөзін аяқтады.

36. НҰРАЛЫ НҰРА. Қазақстанда Нұра деп аталатын бірнеше жер-су атаулары бар. Қызылорда облысында көсіліп жатқан даланы Нұра дейді. Шығыс. Қазақстан облысында бір терең сай Нұра деп атанған. Алматы облысында Алатаудың етегіндегі шағындау бір төбешікті Нұра дейді. Қарағанды, Ақмола облыстарында Нұра деп аталатын өзен бар. Біздің сөз етеріміз — осы Нұра өзені.

Ғалымдар Нұра атауының мәнін әр түрлі жориды. Соның бірі — монғолдың „көл“ деген мағына беретін „нуур“

сөзінен ауысқан деген жорамал. Алайда, сол монғол тіліндегі „Алтайн-Нуур“ атауымен кәдуілгі Алтай тауы да аталады ғой. Өзге тілдегі дыбыстық ұқсастыққа ден қою ұдайы үмітті ақтай бермейді. Бұл орайда, „нуур“ атауы көне түркі тілінен монғол тіліне ауысуы кәдік деген ойға да дес беруге болады. Мұның өзі ғылыми ізденістің аясын кеңейте түсер еді.

Тіліміздегі „нұр“, „нұрлы“, „нұр шашқан“, „нұры тайған“ деп келетін сөздер мен сөз тіркестері осы ұғымның төл тума қасиетін зерделеткендей. Нұра өзенінің бойында ғұмырын өткізген бір қарттан осы өзен атауының мағынасын сұрағанымызда: „ой, шырақтарым-ай, бұл жарықтық „Нұр-ә?“ деп өз атын өзі айтып жатқан жоқ па!—“ деген еді. Мұнан сенімді этимологияға мойын ұсыну қиын. Шынында да бұл өзенді көрген жан „Мынау өзен емес, нұр ғой, ә!“ деп таңдай қаққандай. Арқа төсінде көз жасындай мөлдіреп аққан салқын сабат, қыз бұрым өзенді Нұра десе нұр-ақ!

Нұра өзенінің табиғи бітімін елестету үшін ежелден Сарыарқа деп аталған географиялық байтақ мекенге ден қоймай болмайды. Қазақстанның жуан ортасында шағыстан батысқа қарай созылған алып қоян жон жатыр. Осынау алып жон — Сарыарқаның суайырық жотасы.

Сарыарқадағы еңселі таулар Қызыларай, Қарқаралы, Көкшетау, Баян, Ұлытау болса, солармен еңсесі деңгейлес таудың бірі Қарақұс биігінің бір бүйірінен Нұра бастау алып солтүстікке қарай ағып жатыр. Келесі бүйірінен Тоқырауын өзені бастау алып оңтүстікті бетке алған. Осы екі өзеннің бастау бұлақтарының арасы жеті-сегіз шақырымнан аса қоймас. Міне, Сарыарқаның суайырық болып жатқан алып жон сияқты ғажайып бітімі осындай.

Қарақұс, Қушоқы, Қызылтас тауларынан тарамданып бастау алатын Нұра өзенінің ұзындығы 978 шақырым. Оның 400 шақырымы Қарағанды облысының шекарасынан шығып, Ақмола облысының жерімен Қорғалжын, Теңіз көлдеріне құйып жатыр. Нұра өзенінің жалпы су айдыны 58100 шаршы шақырым. Ал ең ірі сағалары Шерубайнұра (248 км.), Үлкен Құндызды (117 км.), Ащысу (92 км.), Көкбекті (78 км.) деп аталады. Сағаларымен қосып есептегенде Нұра өзенінің ұзындығы 8680 шақырым. Қазыр Нұра өзенінің суынан Қарағанды облысының жерінде Самарқан, Жартас, Самар су бөгендері салынып, Ақмола облысының жерінде Шалқар, Кеңбидайық, Ленин жолы, Қожа мола, Қорғалжын су бөгендері салынып, мол берекеге ұйытқы болып отыр.

Мәселен, бір ғана Самарқан су бөгені Қарағанды, Теміртау сияқты қуатты өндірісті қалаларды сумен қамтамасыз етуде. Бұл күндері Ертіс-Қарағанды каналы арқылы Сібірдің мол суы Нұраға жалғасып, береке молая түскен.

Қашанда цифр тілінің айтарынан аңғартары мол. Осынау мол цифрдың әрбір иіріміндегі, әрбір шақырымындағы ақ шаңқан үйлерін тігіп, ақтылы қой, алалы жылқысын өргізіп отырған берекелі ауылдар, қанатын кеңге жайып көсіліп жатқан қалалар шын мәнінде Нұра өзенінің ырыс арнасы екенін аңғартады. Бір кездері Нұра бойын көргенде: „Алты күнде ат семіртіп мінетін жер екен!“ деп тамсанған Асанқайғының сөзінде қақас жоқ.

Тек биыл емес, былтыр емес, өткен ғасырда немесе одан арғы ғасырда емес, ежелден-ақ Нұра өзені қазақ халқының төлтума мәдениетінің бір бесігі болған нұрлы арна. Нұра бойында ең алғашқы адамдар ежелгі палеолит заманында, шель-ашель дәуірінің соңын ала ғұмыр кеше бастаған. Бұл, осыдан 800 мың жыл бұрынғы уақыттан бастап 100 мың жыл бұрынғыға дейінгі уақыт аралығын қамтып жатыр. Одан берідегі неолит дәуірінің, одан да бергі тас ғасырларының, қола заманының деңгейіне жеткенше жерден бауырын көтерген адам әулетінің қандай азапты жолдарды бастан кешкені мәлім. Академик Әлкей Марғұлан осы өңірдегі адам тіршілігінің мәдени айғақтарын алғашқы қола дәуірінен бастап бүгінгі күнімізге дейін хронологиялық сабақтастықта үзбей көрсетіп берген болатын. Ә. Марғұлан зерттеулерінде бұл өңірдегі алғашқы қола дәуірін шартты түрде Нұра кезеңі деп атап, тарихи танымның бір атауы ретінде орнықтырып кетті.

Қарағанды облысындағы Шет ауданның жерінде Шерубайнұранның Тасшоқы деп аталатын бір сағасы бар. Нұра өзенімен жалғасатын осынау шолақ сайдың жағасында туған жер тарихының қызықты бір айғағы ретінде белгілі болған Тесіктас үңгірі бар. Тесіктас үңгірінің Қазақстан спелеологиясы үшін айрықша мәні — оның ішіндегі қызыл-қоңыр бояумен салынған суретіне байланысты. Көз алдында, мүлгіген тыныштықта күйіс қайырып тұрған сиырдаң суретіне қарап тұрып, сол суреттің тас дәуірінде салынғанын ойласақ, мына үңгір ішін сонда іңгәлаған нәресте дауысы жаңғыртты-ау деп елестетсең бір түрлі басың айналғандай болады. Қазіргі ашық аспан, бақытты өмір, бейбіт тіршілік адам баласының сан мыңдаған жыл-

дар бойғы азапты жолының жемісі сияқты елестеп, тәубеңе келгендей күй кешесің.

Міне, мұндай мысалдар бұл даладағы өмір-тіршіліктің сабақтастығына ғана куә болып қоймайды. Ең мәндісі ежелден үзілмей жалғасқан мәдени, рухани сабақтастықты зерделетеді.

Егер бергі заман ғасырларының бұлдыр сағымына көңіл көзімен үңілер болсақ, Тәңірі тектес қағандардың жойқын жортуылдары, Дешті Қыпшақ билеушілерінің асқақ дәстүрлері Нұра өзенінің ұзына бойында қорған-қорым түрінде, бал-бал тас түрінде аяқ аттаған сайын кезігеді.

„Қозы Көрпеш — Баян сұлу“ эпосында Айбас мінген Бақа айғырдың тұяғы сөгіліп, арқасы ошақтай жауыр болып, бір төбенің басында қалатын еді ғой. Сол жауыр ат қалып, Жауыртау атанған төбе Нұра өзенінің дәл жағасында тұр. Жауыртаудың алқымына Теміртау қаласы бауыр басқан.

Нұра бойының ең бір қызықты тарихы халқымыздың мәртебесін көтерген аяулы ұл-қыздарының есімімен байланысып жатыр. Тым әріге бармай-ақ, берідегі көз жетер жерді көктей шолуға болады. Жоңғар шапқыншылығы кезінде ұлт азаттық соғысының туын ұстап шыққан Алтай Нияз батыр, Қарт батыр, Әлтеке Жидебай батыр, Тұрақты Байғозы батыр осы Нұраның суын ішіп, арғымақ аттарымен талай кешіп өткен. Елге қорған, жұртқа пана болған батырларына деген халқының құрметі де алабөтен. Күні бүгінге дейін Нұра өзенінің сол қапталындағы сілемді тау Нияз тауы деп аталады да, оң қапталындағы Аюлы және Қара көлдерін жергілікті халық Нияз көлі деп атайды.

Ботаның көзіндей мөддіреген Нияз көлін осы ғасырдың басында әрі ақын, әрі балуан, әрі әнші Иманжүсіп:

Абылай аспас Арқаның сары-ай белі,
Қуандық пен Сүйіндік жайлайды елі,
Қырық мың жылқы жалдаса лайланбас,
Нияздың Аюлы мен Қара-ай көлі! —

деп әнге қосқан.

Күні бүгінге дейін Нұра ауданының жеріндегі жылқыға тебін болғандай қара отты жонды Қарттың Қара адыры деп атайды. Ал, Жидебай бейіті Шерубайнұраның бас жағында Шет ауданының жерінде болса, Байғозы батырдың бейіті осы өзеннің батысындағы Жарық станциясы-

ның маңында тұр. Қазірге дейін бұл батырлардың ұрпақтарын осы өңірден кездестіруге болады.

1928 жылға дейін Нұраның шығыс қапталында жыл сайын өтетін әйгілі Қоянды жәрменкесіне Арқаның Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Жарылғапберді, Тәттімбет, Жаяу Мұса, Әсет, Балуан Шолақ, Қажымұқан сияқты саңлақ әншілері мен дәулескер күйшілерінің, жауырыны жер иіскемес балуандарының арнайы келетіні тарихтан аян. Олардың Нұра суына мейір қандырып, жағасындағы балауса құрағына тізе бүккеніне күмән жоқ.

Нұра бойының төлтума әнші-күйшілері — әйгілі Файзоллаұлы Ғазиз ақын мен Дайрабай күйші. Жоғарыда аты аталған Иманжүсіп Құтпанұлы Ақмоладан оңтүстікке қарай шыққанда кездесетін Нұра мен Есіл өзендерінің арасындағы Күйгенжар деген жерде туып-өскен. Ал, халық ақыны Доскей Әлімбаев осы Нұра бойының тумасы. Бұлардың қай-қайсысы да қазақ өнерінде өзіндік қолтаңбалары бар біртуар өнерпаздар, қазақ музыкасын „Ғазиздің әні“ мен „Дайрабай“ күйінсіз елестету қиын.

Өткеннің бәрі — өмірбаян. Ұрпақ сабақтастығы рухани сабақтастық үзілсе мән-мағынадан айырылады.

Қарағандыдан Ақмолаға қарай шыға берісте Нұра өзенінің бойында Бөкей ханның бейіті тұр. Бұл, баяғы Әбілқайыр ханды өлтіретін Көкжал Барақтың баласы Бөкей хан. XIX ғасырдың бас кезінде осы Нұра өзенінің бойындағы елге хан болған.

Бөкейден тоғыз ұл туған. Үлкені — Шыңғыс, одан Жамантай туады. Ол Қарқаралы төңірегіне аға сұлтан болып, „Хан Жамантай“ атанған. Бейіті Қарқаралы ауданындағы Нүркен Әбдіров ауылының маңында. Бөкейдің бір баласы Қазы (Сұлтанқазы), одан Құдайменде, Дайыр төрелер туады. Құдайменде Кенесарымен досжар, үзеңгілес болған. Құдаймендеден Дінмұхамбет туады. „Дала уәлаятының газетіне“ Сұлтанғазы Абылайхановтан кейін, 1897 жылы екінші редактор болған осы Дінмұхамбет Сұлтанғазин. Ал, алғашқы редакторы Сұлтанғазы болса, ол Абылай ханның ұрпағы. Абылай, одан - Уәли, одан - Ғұбайдолла, одан - Болат, одан Сұлтанғазы. Бұл кісі, Кадет корпусын бітіріп, полковник шенін алған адам. Кадетте жүргенде өзінің хан тұқымы, ақсүйек дәулетінен екенін таныту үшін Абылайханов деген фамилия алған.

Бөкей ханнан туған тоғыз ұлдың тағыда бірі — Батыр-Сұлтан. Одан — Мырзатай, Рүстем туған. Рүстем Жанақ ақынмен айтысқа түскен. Мырзатайдан Нұрмағамбет туады. Төңірегі оны Мықан деп атаған. Нұрмағамбеттен

Әлихан Бөкейханов туады. Сонда, Әлихан төртінші әкесі Бөкей ханның есімі мен лауазымын фамилия етіп алған.

Сөздің ретінде айта кеткен жөн, Бөкей ханның бейітінің ішінде атақты Жанақ ақынның да сүйегі жатыр. Даланың шежіре сөзі айтады. Жанақ туарда шешесі қасқырдың етіне жерік болыпты. Жанақ өлерінде: „Мені өмір бойы жеті көкжалдың тұқымы аңдыды, мәйтіме абай болындар!“ депті. Айтқанындай, Жанақ өлген күні түнде оңаша үйге қойылған Жанақтың мәйтін қасқыр пәршалап кеткен. Сол Жанақты қара қобызымен бірге Бөкей бейітінің ішіне қойғанда, Бөкейдің баласы Жамантай намыстанып, Жанақтың мәйтін „басқа жерге қайта жерлендер“ деп қиғылық салады.

Жанақ ақын да тегін адам емес. Оның аруағын сыйлап, жоғын жоқтап, айқұлақтанып әйгілі Алшынбай би шығады. Жамантай: Қайдағы бір қасқыр тартқан бақсыңды әкеме қостың, суырып таста!“ деп әлек салады. Содан Алшынбай мен Жамантай біраз сөзге келісіп, ақырында Жанақтың қабырынан қобызын ғана алдыртып тынады. Мәйттің топырағын қозғауға Алшынбай Жағындағы қалың қаракесек намыстанғанымен, бұл талапқа көнген. Күні бүгінге дейін ел аузында айтылатын бұл әңгімені кезінде Мәшһүр Жұсып өзінің „Хан сүйегі“ деген жазбасында келтіреді.

Қашанда арналы өзен бойының ел өміріне қатысты тарихы қою болады. Нұра өзені де солай. Арқаның жатаған тауларын ерінбей аралап, әрбір ауыл мен әрбір қыстауға арнайы бұрылғандай әсер беретін Нұра бойының әр бұрылысы тарихтың куәсіндей. Қазіргі Нұра ауданының жерінде Жіңішке деп аталатын елді мекен бар. Нұра өзенінің Жіңішке атты бір сағасына байланысты аталса керек. Осынау шағын ғана елді мекеннің тарихы халқымыздың Шоқан Уәлиханов, Сәкен Сейфуллин сияқты біртуар ұлдарының өмірбаянымен де байланысты.

Шақан Уәлихановтың алты інісі, жеті қарындасы болған. Жеті қарындасының бірі — Бәдіғұл. Бәдіғұлдың келін боп түскен жері осы Нұра бойының елі. Күйеуі аға сұлтан Қоңырқұлжа төренің Абылай (Абышекен) деген баласы болған. Бәдіғұл бұл елге аса қадірлі болып, „ханым“ атанған. Шоқан Уәлиханов өзінің „Сот реформасы туралы жазбалар“ атты әйгілі еңбегін жазарда 1862 жылы облыстық басқарманың чиновнигі И. Е. Яценконың экспедициясымен Қарқаралы даласын аралап, мол материал жинап қайтқаны белгілі. Осы сапарында Шоқан жолай Бәдіғұлдың үйіне соғып, бір аптадай қарындасының сый-

құрметіне бөленген. Нұраның құмқайрақ мөлдір суына шомылып, жағасындағы көкмайса балаусаға бауыр басқан.

Қоңырқұлжаұлы Абылай мен Бәдіғұлдың арасынан Сұлтан деген ұл туған, былайша айтқанда Шоқанның туған жиені, сол Сұлтан Абылаев қазақ арасында Ыбырай Алтынсариннің ізін баса шыққан алғашқы ағартушы-педагогтардың бірі болған. Қазақ әдебиетінің негізін салысқан ақын Сәкен Сейфуллин семинария бітіріп келген соң, өзінің ең алғашқы еңбек жолын жаңағы Сұлтан Абылаевтың үйінде жатып, мұғалім болудан бастаған. Бұл 1916 жыл. Күні бүгінге дейін осы күнгі Жіңішке ауылында ("Энтузиаст" совхозы) Сәкен Сейфуллин сабақ берген мектеп үйінің жұрнағы бар. Бұл жер Сәкеннің жастық қиялы қанағаттанған, арман-аңсары нақтылы өмір шындығымен ұштасқан рухани ұясы сияқты. Сол кездегі жазған өлендерінің астына „С. А. ауылы“деп қол қоятын. Мұның „Сұлтан Абылаевтың ауылы“ деген мағына беретіні күмән келтірмесе керек.

XX ғасырдың басындағы төңкеріс жылдарында қазақ даласынан ел қамын ойлайтын небір жалынды күрескерлердің шыққаны белгілі. Солардың ішіндегі қажырлы бір топ осы Нұра бойында, Сәкен Сейфуллин төңірегінде ес жиып, еңсе түзеген. Олардың алдыңғы легінен Абдолла Асылбеков, Жанайдар Садуақасов, Әшім Омаров, Шолпан Иманбаева, Қайып Айнабеков, Хамза Жүсіпбеков, Мәжит Дәулетбаев, Әбжан Қайдаров, Кәрім Мыңбаев, Базарайым Хасенова сияқты мемлекет қайраткерлерін, ғалымдарды педагогтарды, ақын-жазушыларды көптеп атауға болады.

Абдолла Асылбеков мемлекет және партия қайраткері, 1917 жылдан партия мүшесі болған санаулы-ақ қазақтардың бірі. Нұраның арналы бір сағасы Құндызды өзенінің жағасына кіндік қаны тамған. 1918 жылы Ақмоланы ақтар басып алған кезде Сәкен Сейфуллинмен бірге атаман Анненковтың өлім вагонына қамылып, Қиыр Шығыстан бір-ақ шығады. 1919-20 жылдары Қиыр Шығыстағы Азамат соғысына белсене қатысып елге оралған соң, өмірінің ақырына дейін Қазақстанның басшылық қызметінде болды.

Жанайдар Садуақасов — Қазақстанның мемлекет қайраткері. 1920 жылдан Компартия мүшесі. 1937 жылы Қазақстан БК(б)П Орталық Комитетінің бірінші пленумында Бюро мүшесі болып сайланды.

Әшім Омаров — Ақмола төңірегіндегі революциялық істерге белсене араласып, Сәкен Сейфуллинмен бірге

В. И. Лениннің атына телеграмма берген, жас Совет өкіметінің дүниеге келуіне қуанышын білдірген. Белгілі ғалым, филология ғылымының докторы Сәйді Талжанов осы Әшім Омаровтың туған інісі болатын.

Шолпан Иманбаева — ақын. Алғашқы өлеңі „Жолаушы мен жұмыскер“ деген атпен 1923 жылы жарияланды. Бар-жоғы жиырма екі-ақ жыл ғұмыр кешіп, өмірден құмарын қандыра алмай, болашақтан жақсылық аңсаумен қыршын кеткен ару ақын.

Қайып Айнабеков — қазақтың халық ақыны. 1921 жылы Орынборда өткен Советтердің Бүкілқазақстандық ІІ съезіне делегат болып сайланды. 1923 жылы Москвада өткен Бүкілодақтық көрменің Қазақ бөлімінде қобыз тартып, өнер көрсетті. Қайып Айнабеков „Қолаң“ атты тамаша поэма жазған. Өмірде болған оқиға негізінде жазылған бұл поэманың дерегін Қайыпқа осы өңірде ғұмыр кешкен Дербісалыұлы Жүсіп ақын айтып берген. Қолаң — сүйгеніне қосыла алмай арманда кеткен ару қыздың есімі. Күні бүгінге дейін Нұра жағасындағы қоян жон төбенің үстінде мұңая мүлгіп тұрған Қолаңның байітін көруге болады. Қайыптың Жақия, Салық дейтін інілері жергілікті жерде Совет өкіметін орнатуға белсене араласып, кезінде Советтердің Бүкілқазақстандық І-ші және 3-ші съездеріне делегат болып қатысты. Қайып Айнабековтың ұлағатты ойға оранған тамаша термелері күні бүгінге дейін ел аузында, халық жадында.

Хамза Жүсіпбеков — Сәкен Сейфуллиннің шәкірті. Жұмысшы тақырыбына алғашқылардың бірі болып қалам тартып, „Қарсақбай“ атты кітап жазған.

Мәжит Дәулетбаев — қазақ жазушысы, ақын, драматург, сыншы, публицист, аудармашы. Араб, түркі, татар, орыс тілдеріне жүйрік, терең білімді адам болған. Әр түрлі жанрда өндіре жазып, мол мұра қалдырған. „Қызылжар“ атты трилогиясының бірінші кітабы 1935 жылы жарық көрді. Шекспир, Ремарк, Гоголь, Пушкин, Серафимович, Конан-Дойл, Дж. Лондон, Фирдауси, Некрасов, Горький, Бедный, Маяковский сияқты әдебиет классиктерінің еңбектерін өндіре аударған.

...Мінеки, нұрлы Нұраның бойын көктей шолып, қыдыра қарағанда туған жердің, туған елдің шежірелі тарихын жазысқан ұл-қыздары көз алдыңнан осылайша тізіліп өте береді.

Нұрлы Нұра сол баяғы қалпы. Туған жердің төсін аймалап, көз жасындай мөлдіреген күйі ағып жатыр. Бәрі

жадында, бәрі есінде сияқты. Әр толқыны тарихың шежіресін шертіп қоя бергендей. Жай сөз, жабайы әңгіме емес, бүгінгіне тағылым, ертеңіне ғибарат болардай мәнді де мағыналы сырды шертіп жатыр.

37. БЕТБАҚДАЛА. Төрт түлік малды тіршілігіне тірек еткен көшпелілер сол малдың амандығы үшін талай қиындыққа бел буған. Жыл құсы сияқты бойлық бағытымен тербеле көшіп, қатал табиғат құрсауынан сытылып шығатын әдет үш жүзде де болған. Жүздеген кейде мыңдаған шақырымға созылатын көш жолдары нелер ғажайып сыр-мұнның куәсіндей болып күні бүгінге дейін сайрап жатыр (С: Е. Толыбеков. Кочевое общество Казанов в XVII — начале XX века. А—А., 197Т. 495—594-беттер).

Сарыарқаның Бетбақдала жақ сауырындағы Орта жүз рулары осы ғасырдың 20—30 жылдарына дейін Шу өзенінің бойын қыстап қайтып отырған. Ал көктем шыға құлазып жатқан Бетбақтың даласын белінен басып, қар суын қуалай шұбаған қалың көш қайтадан Арқаны жайлауға асыққан.

„Бетбақты басып Шуды қыстап қайтып, Сарысу өзенін жайлайтын елдерден Ақмолаға қарайтыны жеті болыс ел. Олар — бес болыс тама, алшын, жағалбайлы. Және екі болыс арғын, арғынның тарақты деген елі“ (С. Сейфуллин, Тар жол, тайғақ кешу. А—А., 1960. 440-бет). Бұл рулардың көш жолы бір болған. Ол жол „Шұбыртпалылар жолы“, „Тамалар жолы“, „Тарақтылар жолы“ деп аталған. Жаңағы рулар Бетбақтың қатерлі де ұзақ жолына бір мезгілде шығып, бір көштің жұртындағы шоқайнаға екінші көштің қазаны асылып, бірі аршыған құдықтан екіншісі де шөлін басып, бірін-бірі тірек ете, жалғаса көшіп отырған. Күзгі түннің төрт-бес сағатында ғана дамылдап, бел шешпей шұбаған қалың көш араға он алты-он жеті қонғанда ғана Шудың бойына құлайтын болған.

Сырт көзге меңірейіп, құлазып жатқан осынау ұзақ жолдың бойына зар салса әр қырқасы, әрбір жұрты, сол жұрттағы шыңырау құдықтар, күн көзі балқытып жіберген шыны-аяқ сынықтары, бел асқан сайын қарауыта мүлгіп көрінетін молалар, тамаша үйлесіммен тауып қойылған жер аттары, бәрі-бәрі сол көш жолы үстінде ғұмыр кешкендердің тіршілігінен қилы-қилы сыр шерткендей...

...Алды-арты күншілік жерге созылған қалың көш. Көш маңдайы оңтүстікке, Шу жаққа қараған. Бұлар — жаз

бойы Арқаның шұрайлы өлкесі: Ақтау, Желтау, Ортау, Сарықұлжа, Қоңырқұлжа, Бәйбіше, Тайатқан, Шұнақ, Айғырұшқан таулары мен Сарысу, Атасу, Шажағай, Көктал өзендерінің бойын еркін жайлап мұнсыз-қамсыз күн кешкен қалың ел. Енді міне, қоңыр құздің салқын демі білініп, қарашаның қарлы жаңбыры ұшқындай бастаған соң „әуп“ десіп, түріле көшкен беттері осы.

Арқаның күміс бұлақты, мол сулы өзендерінің бойынан шашырай көтерілген қалың ел, Болат тауынан өте бере бір ізге түседі. Болат тауы — Арқа мен Бетбақдала арасын бөліп тұрған ең биік тау. Әрі көшкен елге көпке дейін көрініп, „қош-қош“ айтқандай ұзақ уақыт бойы қарауытып барып көзден таса болса, бері келе жатқанда „Сарыарқа мұнда-мұнда“ дегендей алдымен көрініп, атой беріп қажыған көңілге қуаныш ұялататын тау. Жүздеген, бәлкім мыңдаған жыл бұрын болат балқытып, мыс қорытқан көшпелілердің бір белгісі сияқты атау. Оның айғақ-белгілерін археологтар бұл өңірден көптеп тапқан.

Болат тауының бауыздау алқымында „Қасқабұлақ“ деп аталатын бұлақтар бар. Қасқа десе қасқа-ау, қалың көшгің тайлы-тұяғы қалмай бас қойғанда сынық сүйем ортаймастан қасқая созылып, айналы астаудай жарқырайды да жатады. „Қасқабұлақ“ атауының сыры да сонда.

„Қасқабұлақтан“ әрі қалың көш құдық суына қарайды. Сонсоң да бұл жерден көтерілген ел қарын-торсығына, саба-күбісіне, құман-шәугіміне дейін су құйып алып аттанады.

Көш Болат тауынан ұзай бере қоян жон адырлы, құлазыған жазанды Бетбақдала басталады. Аяқ аттаған сайын жер реңі де өзгеріп сала береді. Арқадағы көдесі ұйысқан сары белдер, селеуі желбіреген боз жазықтар, шалғынына ат омыраулайтын алқаптар артта қалып, енді төңірек қарауытып, қошқылдана бастайды. Тарлау бетеге, көк жусан, майқара жусан, бидайық, жонышқа, қияқ, көде, шалғын, майса, мия, киік оты сияқты жұпар иісі аңқыған алуан түрлі шөптер селдірей сұйылып, оның орнын сояу жусан, ебелек, тырбиған қара жусан, күйреуік, ербең, изен, баялыш сияқты қуарған, қоңыр сұр, селдір сояу өсімдіктер басады. Әредік-әредік елезігіген көңілді елендете қарауытып, жұмығын, түйеқарын, итсигек сияқты түп бұталар кездесіп отырады. Көк жиекке сұғына кіріп жатқан құба жонды сұр дала. Мұхит толқынындай мың сан ирек. Тақала келсең қыраны тастақ, ойпаңы шақат, тұзды сортаң. Қашан Шу бойына жеткенше шетсіз-шексіз осы — көрініс көзді талдырып, көңілді зеріктірумен бола-

ды. Таусылмайтын, бітпейтін есіз дала, меңіреу дала. Еңсеңді басып, емешенді үзеді. Апырай-ай, Бетбақдала деп қалай тауып қойған дейсің амалсыз. Бетбақ десе бетбақ...

Болат тауынан шыққан көштің екінші қоналқада кездестіретін құдығы „Майтөккен“ деп аталады. Өткен ғасырда қазақ даласында азаттық туын көтеріп ерсілік-қарсылы жөңкілген қалың қолымен Кенесары Қасымов осы жерге бірер жұма аялдаған екен дейді. Сонда мындаған әскер соңында сойылған малдан қан сасып, майсінді болған жұрт қалыпты. „Майтөккен“ атануының бір аңыз әңгімесі осылай айтылады.

Алдыңғы көш жолындағы әрбір қоналқадан аттанарда ошақтағы отты сөндірмей, көкпек, баялыш, сексеуіл сияқты отынның шоғын күлмен көміп кететін дәстүр бар. Мұнысы жалғаса көшкен арттағы елдің қамын ойлағаны. Ұзақты күнгі көш жолынан қажып, құдық басына титықтап жеткен соңғы көш қиналмай от жағып, қазан көтереді. Ошақ оты ішер тамақты ғана жылытпайды, тағдырластардың тілеуқор көңіліндей, жүректерді де жылытады. Далалықтардың тәртібі солай...

„Майтөккеннен“ кейінгі жалғыз құдықты „Қатынақ“ дейді. Бұлай аталуының да өзінік себебі бар...

Тағы да сол сыдыра көшкен салқар көш... „Әйт шу-у, жануар“ деген сөзге маңғаздана құлақ салып асықпай адымдаған түйе, бұйра баялышты жүре шалып заулаған отар-отар қой, қызыл изен, мен сұр көкпекті тырсыдатып жүре жұлған үйір-үйір жылқы, сол малды қоғамдап, қайырмалаған адамдар... Арқа жайлауындағы көштердей тай-құнанға мініп алып, ерсілік-қарсылы шауып, масаттанған балалар да көрінбейді, малына киінген қыз-бозбаланың әзіл-оспағы да естілмейді. Бірін шөл қысса, енді бірін ұзақ жол қажытқан. Бетбақтың тәртібі солай, бір құдықтан көтерілген соң, келесі құдыққа жеткешде аялдауға хақың жоқ. Өл-тіріл шыдауың керек. Босаңсысаң болды, мына даладан мейірім жоқ. Бетбақ қой, бетбақ...

„Жығылған үстінде жұдырық“ дегендей, күздің қара суығы да бой жаздырар емес. Терістіктен тұрған өкпек жел ақпанның ақырған аязынан кем соқпайды. Етіңнен өтіп, сүйетіңді шытынатқай зәрлі-ақ.

Осынау қатал табиғат ортасындағы қатерлі жолда түйе үстіндегі әйел-ананың бірі бебеу қағып толғатып қоя береді. Қайтсін енді, еріні кезергенше тістеніп шыдап-ақ бақты. Бірақ табиғат шіркіннің заңына тосқауыл болу кімнің қолынан келген.

Әйел-ананың толғағы тым жиілеп, қолды-аяққа тұрғызбас азапты шақтар тақалғанда көшті еріксіз тоқтатады. Сол сәтте бар жағдаятты қас-қабағынан танып келе жатқан пысық әйелдер жүк үстінен домалай түсіп, түйелерді дөңгелете қоралай шөгеріп жібереді де, толғатқан ананы жүгімен шөккен түйелердің ығына алып келіп ішін тартады. Көп кешікпей-ақ шыр-р етіп жарық дүниеге келген нәрестенің үні қалың көштің еңсесін көтеріп, ән сияқты естіледі. Бұл екі арада қу баялышты дүрілдете жағып, біреулер жабағы жүн қарсаласа, енді бірі езілген құртқа май салып ысытып жатады. Мұнан әрі дереу нәрестенің аузын үріп, аяғын сыпырып, жабағы жүнге орап тастайды да, шешесіне майға бөккен бір кесе шым-шым құртты жұтқызып жіберіп, қалың көш тағы да жүріп кетеді. Жас босанған әйел-ана түйе үстіндегі жәйлі төсенішке орана отырып, ырғала тербелген қалпы маужырап, әлсін-әлсін нәрестесін бауырына қысып қойып кете барады.

Ал жаңа туған нәрестенің әкесі болса, екі езуі екі құлағында, көрінгенге қарап ыржалақтап ол да келе жатады. Сонда оны қоршаған құрбы-құрдастары әзіл-шыны аралас: „Паһ шіркін, несін айтасың, қатының қатын-ақ қой“ деп риза пейілмен тіл қатысады.

Сол күнгі тізе бүгіп, тізгін тартқан жердің „Қатынақ“ атануы содан қалған екен дейді көне көз қариялар.

„Қатынақтан“ шыққан көштің тізгін тартып, жаппа тігер жері — „Жағасы жайлау“ Бетбақтың бел ортасында жатқан бұл қандай жайлау!— дейсіз ғой. Ондай ештеңе де жоқ. Тек қана жылап аққан бұлақсымақтар мен іркінді тұмалар кездеседі. Қалың малды қауғамен суарып қажып келе жатқан жігіттер үшін аз да болса ашық судың кезігуі мына далада үлкен қуаныш. Сонсоң да, „Жағасы жайлау“. деп жеріне жеткізе айтып салса керек...

Шу өзенін бетке алған қалың көштің мұнан арғы ең бір қиналып өтетін жері „Етекжайған“ деп аталады. Өйткені бұл жердің суы тұздай ащы, өсімдігінің дені тырбық қара жусан болады. Мұндайда қой мен түйе түлігі едәуір шыдам көрсеткенімен, қара жусан жеп, ащы су ішкен жылқы, сиырлардың ішінде қорек тұрмай өліп те қалады. Қарын-торсығындағы тұщы суын тауысып алатын адамдардың да ішкен асы тоқтамай, дамыл-дамыл көліктен түсіп, етек түре береді. Бұл жердің „Етекжайған“ атануында осындай сыр болса керек.

Бетбақтың даласын белінен басып, моншақтай тізілген қалың көш мұнан әрі „Ақжігіттің көк талы“ „Сары то-

раңғы", „Байқара-Жамбыл“ деп аталатын жерлерді басып өтіп, Шу өзенінің бойына ілігеді. „Ақжігіттің көк талы“ дегені — сіресе біткен тораңғылы алқап. Болмаса Бетбақта тал өсетіндей қисын жоқ.

Шу сияқты арналы өзеннің алқабына тақалғанда қалын елдің бір тармағы — Тамалар күннің батысындағы Қамқалы, Қандыарал деп аталатын жерлерге ойысады. Тарақты елі „Қазықты қара қылға“ жетіп тізгін тартады. Ал көш жолының шығысындағы Ақбас, Қоқи деп аталатын жерлерді Қаракесек, Шұбырталы елдерінің қалың көші келіп басады.

Бетбақтың даласын белдеулеген көш жолының ең соңғы нүктесі — „Қазықты қара қыл“ Бұл — өзеннің ең бір еңсіз жері.

„Қазықты қара қылды“ қысы-жазы бірдей жалғыз үйлі кедей мекен етсе керек. Істейтін кәсібі — өзеннің арғы бетінен келген Арқа елін әрлі-берлі ыспамен өткізіп салады екен. Өткізетін құралы-тал-терекке қамыс тоқып жасалған жалпақ ыспа дейді Ыспа-салға байланған ұзын қыл арқанның бір ұшы өзеннің арғы бетіндегі берік қазыққа бекітілген. Мал-жанды ыспаға мігізіп алып, қыл арқанды саумалай тартқанда, әлгі кедей жел қайықша зулатушы еді деп әңгіме шертеді қариялар. Бұл жердің „Қазықты қара қыл“ атануы да содан қалыпты.

Бетбақтың шөлінен аман-есен өткен қалың көш Шуға шашырай құлайды. Енді елдің арқасы кеңіп, жадырап сала береді. „От арық, су семіз“ дегендей, мол суға жеткен төрт түлік қыс бойы қамыстың саусағын теріп жеп-ақ қанағат табады.

Бетбақты белінен басып өтетін көш жолы әлі бар. Сайрап жатыр. Бұл жолмен кәзір де ел көшеді. Жыл сайын көктемде Жамбыл облысының Талас, Сарысу ауданына қарасты малшылар Арқаны жайлап қайтуға асығады. Ал, күзге қарай бір басы екеу болып, қызық-думанмен кері оралады. Сонда жас қойшылар көнекөз қариялардан көш жолында кездесетін жер-су аттарын сұрайды. Неге олай аталғанын білгісі келіп, құлақ түреді. Ал көпті көрген қария болса өткен өмірді көңіл дердесінен өткізе сыр шертеді.

Бұл әңгіме жастар үшін бұрынғы өткен ата-бабаларының тіршілік-тынысынан жеткен жаңғырықтай болып естіледі.

38. СПЕЛЕОЛОГИЯ — ҮҢГІРТАНУ. Көзге түртсе көргісіз тас қарағаңғы үңгірден де ойға өріс, ұғымға тиянақ табылады, Қазір тіршіліктің даму эволюциясы туралы

айтылатын пәтуалы пікірлер ішінде үңгір мағлұматтарына сүйеніп көлденең тартылған небір келелі ойлар бар. Үңгірлердің флорасы мен фаунасы ғалымдардың құмарта зерттеп жүрген объектісі. Керек десеңіз, жүрегі ауырғандарға спелеотерапия қолдану — бүгінгі медицина жетістігі ұсынып отырған жаңалықтардың бірі. Тіптен, спелеолог ғалымдарды былай қойғанда, табиғат ғажайыптарымен таныстыру үшін маманданған жол көрсетуші (экскурсовод) спелеологтар шыға бастады.

✓Адамзат баласының алғашқы сезім-түйсігін, алғашқы ұғым түсінігін, алғашқы тірлік-әрекетін танытар айғақ-белгілердің мол дерегі үңгірлерден кезігеді. ✓

Қазір дүние жүзіне аты мәлім айтулы үңгірлер бар. Бұл үңгірлер ғажайып бітімімен немесе тереңдік-кеңдігімен ғана белгілі емес, ең бастысы, адамзат баласының рухани әлемінен алғашқы белгілерді жеткізумен мәнді. Үңгір ішіне салынған суреттер өзінің көнелігімен, алғашқы қауымдық құрылыс адамдарының ұғым-түсінігіне куә болуымен, салыну тәсіліне қатысты айрықша сипаттарымен назар аударады. ✓Археологтардың, өнер тарихын зерттеуші ғалымдардың тілінде „Үңгір суретшілері“, „Алғашқы қауым бейнелеу өнері“ деген ұғымның орнығуына да үңгірлерден табылған суреттер себепші. 1868 жылы испан археологы Марселино де Савтуола әйгілі Альтамир үңгірінің палеолит (мадлен) дәуірінен жеткен ғажайып суреттерін ашқанда, Арлэ сияқты белгілі палеонтолог үзідді-кесідді күмән келтірген. Альтамир үңгірлеріндегі шынайы шеберлікпен салынған жабайы сиырлар палеолит дәуіріндегі адамдардың қалдырған мұрасы дегенге бет бақтырмаған. Алайда, бір ғана дәлелді мойындамауға болар, егер ондай дәлел он, жиырма, одан да көп болса ше? Әрине, онда айғақтар жиынтығы белгілі бір ғылыми айды орнықтырар тұғырға айналады. Үңгір адамдары мен бүгінгі адамдар арасындағы уақыт шалғайлығынан болар, адамзат баласының үңгірден құтылуы қаншалықты азапты кезендер арқылы жүзеге асса, сол үңгірден басталатын рухани мұраны танып-білудің жолы да шытырман. Палеолит дәуірінің адамы шыққан үңгірге ғылыми-техникалық революция дәуірінің адамы кіріп, өзінің рухани тегін білуге ден қоюы — таным эволюциясындағы елеулі кезең. 1901 жылы дүние жүзіне әйгілі Қамбарелль және Фон-де-Гом үңгірлері ашылды. Әсіресе, Фон-де-Гом үңгірінің іші қызыл, қара, түрлі-түсті бояумен салынған бизонның, жабайы жылқының, мамонттың, солтүстік бұғысының небір ширыққан суретіне толы еді. Ал, Камбарелль үңгірінің

216 метрлік ұзына бойы аңдар мен адамдардың 400-ге тарта ойма суретіне толы болатын. Бұл суреттердің қай-қайсысы да тамаша орындалуына, жануарлар бітімі мен қимылындағы шынайылығына, молдығына, көнелігіне қоса, сол кездегі адамдардың тіршілік-тынысынан, ұғым-түсінігінен жойдасыз мол мағлұмат беруімен құнды. 1914 жылы Г. Бегун Францияда „Ағайынды үшеу“ деп аталатын үңгірді ашты. Белгілі спелеолог Норберг Костерэ 1923 жылы Монтеспан үңгірінің қабырғасынан зубр, бұғы, мамонт сияқты аңдардың суретін, аюдың мүсінін тапты. Әрине, бұл кезде алғашқы қауым адамдары қалдырған үңгір суреттері археолог-тарихшылардың пәтуалы пікіріне тамаша айғақ ретінде қызмет ете бастаған.

Алайда, спелеология тарихындағы ең ірі жаңалық 1940 жылы ашылды. Бұл Франциядағы әйгілі Ласко үңгірі болатын. Мұндағы суреттердің молдығы да, көнелігі де Алтамира үңгірінен әлдеқайда басым еді. Ласко үңгіріндегі суреттердің кереметтілігі сонда: үңгірге кірген адам бейне бір палеолит дәуіріне тап болып, ондағы адамдар мен аңдар арасындағы тіршілік үшін айқасқан қанқасап аяпалысты көріп тұрғандай күй кешеді. Найза тиіп, ішек-қарнын шұбата сүйреткен бизон, шүйдесі күжірейіп жер тарпыған мүйізтұмсық, осынау дүлей күш иелерінен жазым болып жан тапсырған адам, бәрі-бәрі тіршілік үшін жанкешті болмыс-бітімдерімен жүрек сыздатады.

Ласкодағы палеолит дәуірінің ғажайып айғақ-белгісі қазір „Алғашқы қауым бейнелеу өнерінің Сикст капелласы“ деген атаумен белгілі. Микеланджелоның әйгілі фрескаларымен бұлайша батыл салғастырып, ат қою тегін емес. Өйткені осы үңгірлердегі бейнелеу өнері оны дүниеге әкелген адамдардың ізденіс-талпыныстарын, шығарма-шылық ерік-күшін толық білдіреді. (Лев Любимов. Ежелгі дүние өнері. А.-А., 1980. 17-бет).

Спелеологияның алғашқы айтулы жаңалықтары бас-тапқы кезде алыпқашты ой-тұжырымдарға да тиек болды. Осынау мінсіз стильдегі бейнелеу өнері жер бетінде алғаш рет Пиреней маңында пайда болыпты-мыс деп болжам айтушылар да шықты. Олар Пиреней төңірегіндегі үңгір суреттеріне „франко-кантабриялық өнер мектебі“ деп айдар тақты.

XIX ғасырдың екінші жартысына дейін алғашқы қауымдық, классикалық, шығыстық, ортағасырлық болып бөлшектеніп келген археологиялық зерттеулер XX ғасырда ғана біртұтас археология ғылымы болып арна құрай бастады. Археологиялық мағлұматтардың мол жи-

нақталуы, ел мен елдің байланыс-хабардарлығының өсуі, жалпы адамзаттық даму туралы ойлардың тоғысуы — археологиялық мәдениеттің тегін тектеу үшін саяси және ұлттық шекара аясымен шектелуге болмайтынын көрсетті. Адамзат қоғамы уақыт пен кеңістік аясында ұдайы сабақтастықта, байланыста дамиды. Сондықтан да, бүгінгі таңда алғашқы бейнелеу өнері Пириней маңында болды деген пікір екінің біріне езу тартқызады. Күні кешеге дейін „тіршілік Батыстан өрбіді“ немесе „тіршілік Шығыстан өрбіді“ деп өңеш созған пікірлердің қайшыласып келгені мәлім. Мұндай пікірлердің сырты кереғар болғанымен, ішкі мазмұны тектес. Себебі екеуінің де тұғыр етері — шовинистік пиғылдар. Тайпалардың, рулардың, халықтардың бір-бірімен жанаспай, араласпай, түрлі салада байланыс жасамай, оқшау дамығанын тарих білмейді. Бұл әсіресе, көне дүние болмысына ден қойған сайын айрықша айқын аңғарылады.

Тек қана Пириней маңайы емес, палеолиттің тамаша өнері 1959 жылы Төменгі Оралдағы Коповая үңгірінен де табылды. Ал 1925 жылы Азияның алыс төріндегі Монғолиядан Хой-Цэнкер-Ағұй үңгірі ашылып, оның ішіндегі алғашқы қауым өнерінің ғажайып нұсқалары әлемнің зерттеуші-ғалымдарының назарын аударды. Хойт-Цэнкер-Ағұй үңгірінің суреттері тіптен көнелігіне қатысты да Батыс Еуропадағы ориньяк өнерінен еш олқы соқпайды.

Қазір дүние жүзіндегі ең үлкен, кең үңгір, ең биік үңгір, ең терең үңгірлер де тіркеуге алына бастады. Әзірше дүние жүзіндегі ең терең үңгірлер Франциядағы Пьер-Сен-Мартен (1332 метр) мен Жан-Бернар (1298 метр) үңгірлері. Үшінші орынды Кавказдың „Қарлы үңгірі“ (1190 метр) еншілеп отыр.

... Спелеологияның аужайына қатысты осы деректермен шектелуге болар. Археологиялық ізденісі озық елдердің танымы қандай өрістерге шыққанын пайымдау үшін бұл деректер жеткілікті.

Адамзаттың тарихи-әлеуметтік аядағы даму эволюциясын танып-білу үшін, рухани жетілулердің тегін тектеу үшін, сонан-соң туған жер төсіндегі саналы тіршілік сабақтастығын бажайлау үшін спелеологиялық дерек-таным қажет. Мұның қай-қайсысының да мәні айырықша. Үңгірдің бейнелеу өнері былай тұрсын, археологиялық тас шапқы табылған жерде саналы тіршілік туралы, адамның әрекет-тірлігі мен шығармашылығы туралы сөз қозғауға болады. Үңгірдің тас қараңғы түкпіріндегі бейнелі сурет-

тен бастап, ең қарапайым тас құралға дейін алғашқы адамдардың күн көріс тырбанысы, еңбек әрекеті туралы ғана емес, олардың ұғым-түсінігі, шығармашылық өресі туралы да көшелі ой өрбітуге болады. Жануарлар әлемінен адамдардың саналы еңбек-әрекеті бөлініп шыққан кезден бастап, олардың шығармашылық-рухани өмірбаяны басталады. Сол өмірбаяннан бүгінгі, болашақ бас тарта алмайды. Тарихи танымның бұлтартпас айғағы осындай. Сондықтан да, біз желі етіп отырған рухани сабақтастыққа, ұрпақтар сабақтастығына қатысты әңгіме өзінен-өзі үңгірлер шежіресіне тізгін тартқызады. Туған жер төсіндегі айғақ-белгілердің халық болмысымен қойыңдасқан шежіре-сыры қымбат. Сондықтан, бұл орайда да тарихи-теориялық ой-тұжырымдардан гөрі эмпирикалық айғақ-деректерге көбірек мән беріп отыру қажет.

39. ҚЫДЫРА ҚАРАҒАНДА. Не көп — қазақ даласында үңгір көп. Не көп — қазақ арасында үңгірге қатысты аңыз-әңгіме, шынайы әңгіме көп. Небір қиял-ғажайып ертегілеріміз үңгірлер „әлемі“ туралы. Тіптен, байтақ дала төсіндегі үңгірлердің көбі тарихи оқиғалармен, тарихи тұлғалармен сабақтасып жатады. Балқан таудағы Мәдидің қара үңгірі, Семейдегі Еңлік пен Кебекке пана болған Ұйтас үңгірі, Ұлытаудағы Асанқайғының бәйбішесі Тана жерленген шыңның басындағы Ақмешіт әулие үңгірі, Ойылдағы Құныскерейдің үңгірі, Көкшетаудағы Кенесарының үңгірі... Мұндай орындар тарихи оқиғалармен, тарихи тұлғалар өмірімен қойыңдасып жатуымен назар аударады. Сол сияқты Баянауылдағы үңгірде ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың болуы, Қарқаралыдағы үңгерлерде Шоқан Уәлихановтың, Григорий Николаевич Потаниннің, Абай Құнанбаевтың, Сәбит Мұқановтың болуы, Бектаудағы үңгірде қазақ даласын алғаш зерттеген геологтардың бірі Михаил Петрович Русаковтың болуы, Шымкенттегі Сырлы үңгірде айтулы ориенталист ғалым Николай Иванович Веселовскийдің болуы, Семейдегі Қоңыр әулие үңгірінде Абайдың, Мұхтар Әуезовтің болуы сияқты деректер де бейтарап қалдырмауға тиіс. Ұрпақтар тәрбиесіне мұндай мағлұматтардың шапағаты айрықша. Туған жерді сүйу, Отанды сүйу сияқты асқақ азаматтық сезімдердің берік негізі сол ел мен жердің шежірелері сырынан басталады.

Ел мен жерге қатысты айғақ деректерге ден қойғанда аңыз бен ақиқаттың жігін ажырату, мәдени-рухани тектің бастауын танып-білу, сол мәдени-рухани тектің бүтінмен

жалғасқан сабақтастығын зерделеу — жалпы танымның мұраты.

...Бірде Жезқазғанның алып шахталарын аралағанмыз бар. Сонда мыс рудасының кезекті бір кесегін опырып түсіргенде арғы жағынан сау етіп төгілген ордалы жыланды көзіміз көрді. Осынау, төбе құйқанды шымырлатқандай суық көрініске алғаш куә болғандардың талайы тіксініп, абыржып қалды. Тек байырғы, қарт кеншілер ғана: „Жылан ордасы ғой, тиіспеңдер, бәрібір өлтіріп тауыса алмайсындар, қазір өздері қуыс-қуысқа сіңіп жоғалады,“ — деп басу айтып жатты.

Бақсақ, мұның өзіндік қисыны бар жағдай екен. Көпшілікке белгілі, жылан суық қандылар тобына жатады. Ал түсті металл рудасы шоғырланған өңірдің температурасы екі-үш градусқа дейін жылы болатыны мәлім. Жылан ордасының көбінесе түсті металл рудасы бар жерде болатыны — осынау болмашы жылуықты сағалайтындығынан. Көрнекті ғалым Қаныш Сәтбаевтың қойын дәптерінде мынандай жазу бар: „Мыңшұңқыр. Демек бұл жерде байырғы кен қазба орындары болған. Анықтау керек“. „Қаратас. Халық ұғымында бұлай деп темірді емеурін етеді“. „Көк тас. Бұлай аталған жерде мыс бар деп топшылауға болады“. „Алтын тапқан атауы — алтынның бар екенін аңғартады. Әрине, тегін емес“, „Жезқазған. Демек, жез өндірілген жер деген сөз. Дәл аталған“. „Жыланды. Түсті металл рудасы бар болу керек“.

Ғалым топонимиядан халықтың өмір тәжірибесімен сабақтас сыр іздейді. Ол сырды ғылыми өремен ұштастырады. Онысы негізсіз болмағаны белгілі.

Осы келтірілген мысалдың спелеологиямен байланысы назар аударады. Қазақтың „Ер Төстік“, „Күн астындағы Күнікей қыз“ сияқты қиял-ғажайып ертегілерінің кейіпкерлері үнемі жер астына түсіп шығып жүреді. Соның қай-қайсысында да жер астындағы патшалықтың әміршісі Жылан Бапы хан болып келеді. „Ер Төстік“ ертегінен алынған бір үзіндіге зер салып көрелік.

„Сол кезде Шалқұйрыққа тіл бітіп:

— Біз енді жер астына түстік, бізге бұдан былай жер астының елі жолығады. Біраз жүрген соң Жылан Бапы ханның ордасына келеміз. Жылан Бапы ханның ордасына келгенімізде, мені алысқа қойып, өзің ордаға кіресің. Ордаға кіргенінде есінде болсын: үйге кіргенде екі босағадан екі қара шұбар жылан ысыдап тұра келеді. Олардан сескенуші болма, олар — Жылан Бапы ханның есігін күзеткен құлдары. Төр алдына бара бергенінде, екі сұр жылан

ысылдап келеді де, екеуі екі жеңіңнен кіреді де, қойныңнан шығады. Қойныңнан кіреді де қонышыңнан шығады. Бұлар — Жылан Бапы ханның ұлы мен қызы болады. Төрге отыра бергенінде, дәу екі сары жылан ысылдап тұра келеді, одан да сескенбе. Бұлар — Жылан Бапы ханның өзі мен әйелі, Егер де бұлардан сескенсең, сені Ер Төстік демейді, жер астының еліне қадіріміз болмайды, жер үстіне жол тауып шыға алмай қаламыз,"— дейді" (Қазақ ертегілері. А—А., 1957. 1-том. 17—18-беттер).

Сол сияқты қазақ фольклорындағы Ер Төстік, Қарамерген сияқты батырлар, Алпамыстың Шұбар аты сияқты тұлпарлар үнемі жез сарайға немесе темір құрсауға қамалатыны белгілі.

Сөз жоқ, мұндай ертектердің ең алдымен кен қазған өңірде дүниеге келуі күмән тудырмайды. Байтақ дала төсін мекен еткен ұрпақ көшпелі мал шаруашылығының ырғақты жүйесіне түскенге дейін отырықшы болып келгені Андрон, Бегазы-Дандыбай мәдениетінің айғақтарынан аян. Бір ғана Орталық Қазақстан өңіріндегі Жезқазған, Саяқ, Ақшатау, Кеңгір (Кен үңгір), Мыңшұңқыр, Қырыққұдық, Милықұдық, Сорқұдық, Айнакөл, Бестөбе, Жосалы сияқты жер аттары сол алыс заманның қам-қаракетінен қалған жаңғырық, белгі іспеттес. „Ер Төстік“ ертегісінде кездесетін Сорқұдық деген жер аты қазақ даласында қазір де ұшырасады. Әрине, ертек пен өмір шындығының арасындағы сәйкестік бейтарап қалдырмайда.

„Орталық Қазақстан естерткіштерінің мағлұматтары бұл жерде қола дәуірінен кейін, біздің заманымызға дейінгі XIII—XII ғасырларда-ақ темірдің молынан өндіріле бастағанын спектральды анализ анықтап беріп отыр,"— деп жазады академик Әлкей Марғұлан „Орталық Қазақстандағы Бегазы-Дандыбай мәдениеті“ деп аталатын тамаша еңбегінде (А. К. Маргулан. Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казакстана. А—А., 1979. 160-бет). Ал белгілі геолог С: Х. Болдың мағлұматы бойынша бір ғана Жезқазған төңірегіндегі көне кен-қазба орындарындағы қалдықты зерттеу арқылы біздің заманымызға дейінгі кездің өзінде-ақ миллион тоннадан астам аса бай тотыққан руданың қазылып алынғаны, одан оңдаған мың тонна жездің өндірілгені анықталған (К. И. Сатбаев. Избранные труды. А—А., 1-5-томдар, 1967—70. 1-том, 142-бет, 5-том, 30—44-беттер).

Мұндай деректерді аңыз әңгімелер де, көне жазбаларлар да орнықтыра түседі. Ғұндардан тарайтын Ашина руы

кейін түркілерге бір бұтақ болып қосылғаны тарихтан мәлім (Л. П. Потапов. Этнический состав и происхождение алтайцев. Л., 1969, 7-бет). Бұл пікірді белгілі ғалым Сәрсен Аманжолов та мақұлдайды. Сол Ашинаның арғы бабалары жужаньдарға темір өндіруші болған. (Н. Я. Бичурин. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М. -Л, 1950. 1-том, 228-бет). Бірақ сол түркілер көп кешікпей-ақ мұздай қарулануды үйреніп, төңірегінен иық асырғаны тарихтан мәлім. Олардың қару-жарағы мүйізді садақ, жез сауыт, найза, қылыш, семсер, желбегей болған (Н. Я. Бичурин. Көрсетілген еңбек. 2-том. 229-бет).

Металлургия тарихымен айналысатын ғалымдар арасында алғашқы металл жер бетінің қай өңірінде өндіріле бастағаны жөнінде пікір таласы бар. Мұның пәтуалы байламы болашақтың еншісінде. Осы орайда қазақ тіліндегі „жез“ деген сөздің төркін тегі қиял ұштайды. „Жез“ сөзі санскрит, көне грек, латын, гот тілдерінде дыбысталуы тұрғысынан да, мағынасы тұрғысынан да „жез“ қалпында қолданылған (М. Мюллер. Наука о языке. Ағылшын тілінен аударма. Воронеж. 1868. 221—222-беттер). Римдіктер біздің заманымызға дейінгі 57 жылы Кипр аралын жаулап алған соң ғана жезді „куприум“ деп атай бастады. Өйткені Кипрде жездің мол кен көзі болған. „Куприум“ атауын кейін Еуропа елдерінің біразы тіліне енгізді. Сол сияқты, ХІХ ғасырда қалайының отанын анықтау жөнінде сөз қозғаған француз ғалымы Фурнениң болжамы да дәлелді шешімін таппады. 1973 жылы академик Әлкей Марғұлан осы орайда соны пікірін білдірді. „Ғалымдар бұрынғы-соңғы дәстүр бойынша қалайының отанын Кавказ бен Ираннан іздеп келді,—деп жазды Әлекең.—Алайда бұл пікірді орнықтырар деректер әзірше жоқ. Осы уақытқа дейін Қазақстандағы Қалба, Нарым тауларындағы қалайы өндірген алып кен орны сияқты немесе Бетбақдаланың солтүстігіндегі Қалайықазған деп аталатын көне кен орны сияқты орындар Кавказдан ұшыраспайды“ (А. Х. Марғұлан. Джебқазған — Древний металлургический центр. Мына кітапта: „Археологические исследования в Казахстане. А-А., 1973. 5-бет). Демек, жез, қалайы қазбалары қазақ даласын мекендеген ұрпаққа көне заманнан-ақ белгілі екені, көрші-қолаң елдерге де сол атау күйінде тарағаны ден қойғызады. Археологиялық зерттеулердің нәтижесі бойынша Жезқазған төңірегінен кен өндіру энолит дәуірінен, яғни, біздің заманымызға дейінгі ІV мыңжылдықтың соңын ала, ІІ

мыңжылдықтың басында-ақ көрініс таба бастаған. "Мұның өзі қола дәуірі мәдениетінің неолит мәдениетімен үзілмей жалғасып жатқан сабақтастығын әйгілейді" (А. Х. Марғұлан. Көрсетілген еңбек. 7-бет). Осынау өз заманының деңгейіндегі биік мәдениетке айғақ болар дәстүр сабақтастығы, яғни металлургия өндірісі біздің заманымыздың VIII-XIV ғасырына дейін үзілмей жалғасып келгені археологиялық айғақтар, тарихи деректер, архитектуралық мұралар, топонимиялық атаулар түрінде толық дәлелденіп отыр (А. Х. Марғұлан. Көрсетілген еңбек. 3—42 беттер).

Көне дүние авторлары скифтер туралы, олардың құрамындағы қазіргі Қазақстан өңірін мекендеген көшпелі ру-тайпалар туралы сөз еткенде түсті металл өндірісінің дамығандығын айрықша атап отырады. Тарих атасы Геродот: "Бұл елде мыс пен алтын аткөпір. Олардың найза, жебе, айбалта сияқты қару-жарақтары жезден соғылғанымен, оның есесіне бас киімдері мен белдік кісесінен бастап ат әбзелдеріне дейін алтынмен апталған,"— деп тамсана жазады. (Геродот. История. Л., 1972. 79-бет). Осы орайда Алматы маңындағы Есіктен табылған "Алтын киімді адам" еске түседі.

Гомердің әйгілі "Илиада" "Одиссея" поэмаларында суреттелетін қару-жарақтар мен құрал-саймандардың тек қана жезден жасалғанын зерттеушілер анықтаған (М. Мюллер. Наука о языке. Ағылшын тілінен аударма. Воронеж. 1868. 221-бет). Ал, Грекияда жездің "жез" деп аталуы, сөз жоқ, олардың азиялық скифтермен сауда-саттық байланыста болғандығын әйгілейді.

Қазақ даласында көне заманның өзінде-ақ металлургия өндірісінің кеңінен дамуы осынау байтақ көшпелілер өңірінде кең тараған даналық өрнегіндегі (зверинный стиль) өнер туындыларының дүниеге келуіне де себепші болды. Скифтердің даналық өрнегінде жасалған бұйымдар мыс, қола, алтын, күміс сияқты түсті металден жасалған. Бұл жөнінде кейінгі тараулардың бірінде арнайы сөз болады.

Металл өндірісіне байланысты қазақ тілінде күні бүгінге дейін сақталған сөздердің де аңғартары мол. Кен, кеніш (жер асты қазынасы), кенші (руда қазушы), кен ошағы, кенқазған (рудник), кен шоқы, қалайы, қалайышы, қалайылау, қола, қолаба(металл құймасы), мырыш, мыршым (мырыштан жасалатын ойын құмалағы), қорғасын, жез (сары жез), мыс (қызыл жез), бақыр (қара қоңыр

жез), міне, осы сияқты атаулар кәсіптің тіліміздегі айғағы, жаңғырығы іспеттес.

Металл өндірісіне бірден бір қажет отын қызуы мол көмір екені мәлім. Қазақ көмірдің не екенін, оның қадыр-қасиетін есте жоқ ескі кезден білген. Бұған ең алдымен „көмір“ деген сөздің өзі айғақ. Өйткені „көмір“ сөзінің түп төркінінде халықтың геологиялық түсінігі жатыр. Қазақта „көм“, „көму“, „көмілген“ деген сөздердің бәрі де не нәрсенің болсын жер қойнында болатындығымен байланысты айтылады. Ал көмірдің тек қана жер астында болатындағы белгілі.

Мұнан соң „көмір“ сөзінің ұғым-түсінігімізбен, салт-дәстүрімізбен қойындаса жеткен мән-мағынасы куә. Ел аузында мынадай бір байырғы жұмбақ бар:

„Өмір-өмір — өмірден.
Жаққан оты көмірден,
Зымыран деген бір құс бар
Жұмыртқасы темірден“

Бұл жұмбақтың шешуі — мылтық. Көмірге теңеп отырғаны — дәрісі, ал жұмыртқа дегені — оғы. Одан да гөрі мән бере түссек, ошақтағы отты өмірге теңеген ұғым-түсінік төбе көрсетеді. Ал өмірдің өзіңдей мән-мағына иемденген отыны көмір екен. Міне, бұл халықтың тіршілік-тынысы дүниеге әкелген таным-түсінік.

Немесе, ел аузында ертеден келе жатқан „Сүт көп, көмір аз“ деген тұрақты сөз тіркесі бар. Мұнда да халықтың тіршілік-тынысына ұғым-түсінігі қосақтаса жаңғырығып тұрғандай. Яғни жақсылығын аққа теңеп, жамандықты қараға теңейді. Бейтаныс жолаушының халжайды сұраған сауалына „жақсылығымыз мол, жамандығымыз жоқ“ деп оң шырай береді.

Тағы да бір сөз ел аузында „Осал деме көмірді, бұрқылдатар темірді“ деп айтылады. Мұнда көмірдің тек қана отын емес, темір қорыту үшін қажет екендігін білдіретін халықтық кәсіптің мәні аңғарылғандай.

Бұл деректердің қай-қайсысы да қазақ даласындағы үңгір-оқаптар сол дала төсінде ғұмыр кешкен ұрпақтың тіршілік-тынысынан, ұғым-түсінігінен, қабілет-қарымынан мол мағлұмат береді. Ұлы Дала төсіндегі қарымды кәсіптің, металл өндірісінің XV ғасырға дейін үзілмей жалғасып келгені, сол жалғасқан дәстүрдің өзіне лайық мәдени-рухани әлем қалыптастырғаны назар аударады. Бұл орайда скифтердің даналық өрнегі (зверинный стиль) көшпелілер қиялы мен шабытының ең әйгілі үлгісі болып табылды.

Сондай-ақ, қазақ фольклорындағы Шойынқұлақ, Ер Төстік, Жылан Бапы, Қарамерген, Таусоғар сияқты кейіпкерлердің жер астында жүруі, Көлтауысардың су түбінен мыс қазан алып шығуы, Шалқұйрықтар мен Шұбар аттардың жез сарайларға қамалатыны ең алдымен байырғы металлургтердің ғажайып қиялы дүниеге әкелген мотивтер ретінде ден қойдырады. Міне, рухани сабақтастықтың сара айғақтары осылайша нобай танытады.

40. ТЕСІКТАС. Бұл үңгір Қарағанды облысындағы Шет ауданының жеріндегі Тасшоқы өзенінің бойына, Қотырқызылтаудың етегіне біткен. Бұл өңір Сарыарқаның жон арқасындай болып көлбеп жатқан Қызылтаудың бір сілемі. Қызылтаудың бітімі бөлек, серейген жақпар тасты, дөңкиген жалтыр тас төбелі, кейде құж-құж, арса-арса, аңғал-саңғал болып келеді. Тау арасы қиял ғажайып бітімімен көрер көзге өзгеше жұмбақ, құпия сыр бүгіп жатқандай. Жалаңаш қызыл тасты жалдардың қолтық-қойнауына күлтеленген тал мен терек, қайың мен мойыл араласа шығып, аттылы адамның үзеңгісін қатар шалғыны ұйысып жатады. Шалғынын кешіп жүргенде тұяқ батқан жерге мөлдіреп су іркіліп, осынау солқылдақ, шымдауытты аңғар-өзектердің айырықша құнарын сездіргендей болады. Шатқал-сайға кезіккен сайын көз жасындай мөлтілдеген кәусар бұлақ ұшырайды. Бұлақ табаны сыңсыған қарақат, долана, итмұрын, қымыздық, бүлдірген, сарымсақ, түйетабан, биеемшек сияқты жемісті өсімдіктер. Төңіректің сауысқаны шықылықтап, байғызы шақырып, шілі мен құры қыт-қыттап, күзені мен суыры, саршұнағы мен зорманы шақылдап, думанды тіршіліктің өзгеше әуенін тербейді. Сол өзгеше өмір әуенін тамашалап көгінде қыран қалқиды, тау иығынан мүсіндей болып арқар үңіледі, бұта-бұтаның арасынан қояны мен қарсағы, түлкісі мен қасқыры сығалайды.

Қотыр-Қызылтаудың қолтық-қойнауын тесіп шыққан кәусар бұлақ атаулы жең ұшынан жалғасып, Тасшоқы өзенін құрайды. Мұндай өзеншелер бел асқан сайын кездеседі. Сондай өзендердің бірі Тоқырауынға, екіншісі Нұраға, үшіншісі Сарысуға жалғасады да, арналы өзен құрайды.

Тасшоқы өзенінен өтіп, Қотыр-қызылтауды етектеп „әу“ дем жер жүргенде, жергілікті жұрт Қалақтас деп атап кеткен үлкен балбал тас көрінеді. Есте жоқ ескі заманнан бері осы өңірдің тау-тасын, өзен-көлін, аң-құсын кірпік қақпай күзетіп тұрған қарауылшы сияқты. Қабағы қатыңқылау бейнелеген мүсін қола дәуірінен жеткен

белгі. Тесіктас үңгірі осы балбал тастың іргесінде. Үңгірдің аузы оңтүстік шығысқа қараған. Кім білсін, осы үңгірді паналаған қола дәуірінің адамы мына тасты адам бейнесіне келтіру үшін қолындағы қарабайыр құралымен апта бойы, яки айлар бойы қашаған шығар-ау! Сондағы тастың бірсарын шықылына Қызылтаудың анау бір сербек шоқысы куә, шымырлап аққан Тасшоқы өзені куә, мынау шексіз кеңістік куә, біз ат басын тіреп тұрған Тесіктас үңгірі куә.

Тесіктас үңгірінің аузы кісі еркін сиятындай. Ішіне кірісімен іргесі мен төбесі кеңейіп сала береді. Үңгірдің жалпы бітімі дөңгелек. Төбесі биік. Ішкі қабырғаларындағы қолайсыз біткен сербек тастардың адам қолымен өңделіп, тегістелгені айқын аңғарылады.

Бұл үңгірдің Қазақстан спелеологиясы үшін айырықша маңызы — оның ішіндегі қызыл-қоңыр бояумен салынған суреті. Суреттер ішінен тыныштықта күйіс қайырып тұрған жабайы сиырлардың бейнесі көрінеді. Бұдан басқа көзге түсетін сурет күнге табынудың нышаны деп танылған шарбақты дөңгелек бейнесі. Тесіктас үңгірін алғаш зерттеп, пікір білдіруші белгілі ғалым Әлкей Марғұлан (А. Х. Маргулан. Археологические разведки в Центральном Казахстане (1946). Известия АН. Каз. ССР. № 49. Серия исторический. 1948. вып. 4). Үңгір аузының саяздығы іштегі суреттердің көбісінің өшіп, көмескі тартуына себепші болған.

Көне заман өнерінің қазақ даласындағы алғашқы белгілері, оның кейінгі дәуірлермен сабақтасқан жалғасы, сапалық өзгерістері нақтылы айғақтармен шендестіре қарауды қажет етеді. Бұл орайда Қазақстандағы үңгір-оқаптар мейлінше молдығымен және алуан бітімімен ғана назар аударып қоймайды, сонымен бірге тарихи-мәдени айғақ-дерегінің де молдығымен мән беруді қажет етеді.

„...Алаудың қалтырақ сәулесімен аңдардың қызыл кескіндері тіріліп кеткендей көрінеді. Дегенмен, алғашқы қауым суретшісінің бойындағы өзі жасаған дүниенің сиқырлы күшіне деген сенім басқаның бәрінен басым болған күннің өзінде, бұл іс оның өзін және оның жұмысын бақылап тұрғандарды, саналы түрде болса да, түйсік түрінде болса да, қуанышты да шабытты эстетикалық ләззатқа бөледі деп қалайша ойламайсың...“ (Лев Любимов. Ежелгі дүние өнері. А—А., 1980. 27-бет).

Тесіктас үңгірімен тектес, бітімі ұқсас үңгірлер қатарында Семей облысының жерінен ағатын Шаған өзенінің бойындағы „Қоңырәулие“ үңгірін, Қарағанды об-

лысының Жаңаарқа ауданына қарасты „Ақтау“ совхозының жеріндегі „Аюшат“ үңгірін, „Ұлытау ауданындағы „Айдаһарлы“ үңгірін, Баянауылдағы Жасыбай көлінің іргесіндегі „Әулиетас“ үңгірін, Шымкент қаласына жақын жердегі „Сырлы“ үңгірді, Шығыс Қазақстан облысындағы. Бұқтырма өзенінің бойындағы „Қара үңгірді“ атауға болады. Бұлардың бәрінің ішінде де көне заман адамдары салған суреттер кезігеді.

41. „ШАТЫР“. Қарқаралының көк сеңгір тауларына біткен әдемі үңгір осылай аталады. Қарқаралы қаласынан солтүстік батысты бетке алып бір-екі шақырым жүргенде қарағай-қайыңы жарыса шыққан сұлу шоқының бөктерінен осы „Шатыр“ үңгірі көрінеді. Үңгірдің бітімі бес қанат кигіз үйдің аясындай болып, қызыл гранит ішінен ойылып түскен. Ортада ошақ орыны бар, іргелерінен ас қоятын, ыдыс-аяқ тұратын кемер, ұялар қашалған. Кірер ауыздың кеңдігі бір-екі метрдей. Кірген бетте екі жақта қалтарыс қуыс бар. Осы қалтарыс қуыстың бірінен көз жасындай мөлтілдеп су келіп тұрады. Үңгірдің алдында қақырая көтерілген қалқа жартас бар. Мұның өзі қарсы соққан желге, жауын-шашынға қойған ықтырма сияқты. Үңгір ішінен қарағанда көк аспанмен астасқан Қарқаралы тауының сұлу шоқылары көрер көзді қуантып бағады.

„Шатыр“ үңгірінің бітімі де, орынының қолайлығы да бір кездері мұны адамдардың тұрақ еткенін аңғартады.

42. АЛЫП ҮНГІРЛЕР. Қазақстан жерінде өзінің бітімі-көлемі жөнінен айырықша үлкен үңгірлер де кездеседі. Мұндай үңгірлердің қатарына Балқаш көлінің солтүстік іргесінде, Тоқырауын және Жәмші өзендерінің жуан ортасындағы Бектауата тауындағы үңгірді, Семей облысындағы Шыңғыс тауын жанап ағатын Шаған өзенінің оң қанатындағы „Қоңырәулие“ үңгірін, Қарағанды облысының Қазыбек би ауданына қарасты „Арқалық“ совхозындағы „Шолақ бұлақ“ үңгірін жатқызуға болады.

Бектауата үңгірінің кірер аузы едәуір кең. Оншақты қадам басқан соң үңгір іші кеңіп сала береді. Үңгірдің ұзындығы 60—70 қадам, биіктігі 5—10 метр болғандай. Бұрыштанып бітетін төргі түкпірінде тереңдігі бір метр шамасында тұщы су бар. Суы мейлінше суық. Түбінде ағаш бұтақтары, арша сабақтары бар. Үңгірдің орта тұсынан асқанда төбесінен саңылау тесік көрінеді. Ішкі қабырғаның қара қошқыл бітімі бұл үңгірдің ұзақ уақыт адамға тұрақ болғанын аңғартады.

Бектауата үңгірі туралы алғашқы дерек осы ғасырдың басында-ақ жарық көре басталған. 1901 жылы Семейде тұрған ғалым Н. Я. Коншиннің тапсыруы бойынша Тоқырауын болысының кісісі Ақтан Бекқұлұлы осы өңірдегі тарихи ескерткіш белгілердің жай-күйін жазады. Бұл жазба Семей географиялық қоғамының кітапшасына басылған. Арада жиырма жыл өткенде ленинградтық белгілі геолог Михаил Петрович Русаков осы үңгірде болып, зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Бектауата үңгірін жергілікті халық күні бүгінге дейін кие тұтып, әулиелі мекен санайды. Бұл орында жеті атасынан бермен қарай шырақшылық дәстүрді мұра етіп, бар өмірін осы үңгір басында өткерген Жағыпар қария 1973 жылы дүние салды. Жақаңнан кейін Бектауата үңгіріндегі шырақшылық дәстүр үзілі.

Бектауата үңгірі туралы ел жадында күні бүгінге дейін сақталған аңыз-әңгіме, ән-жыр көп. Жергілікті халық Бектауата тауының атын тура атамай, „Әулие” деп құрмет тұтады. Бектауата іргесінде Ұранқай деп аталатын шағын төбе бар. Бұл өңірдің тұрғындары „Әулие” әнін:

„Әулиеге Ұранқай тиіп тұрар.
Өзге таудан еңсесі биік тұрар.
Сен есіме түскенде, сүйген сәулем,
Ішім жалын, сыртым от күйіп тұрар, —

деп шырқайды.

Бетбақтың шөліне орналасқан Бектауатаның бітімі де ғажап. Биіктігі бір шақырымдай болатын найзатас қу медиен далаға көктен түскендей әсер береді. Ал, тау бауырындағы алып үңгір мен төңірегін күлтелей көмкерген тал, терегі шыныда да киелі орын екеніне ден қойдырады.

Бектауата үңгірінің аузынан қазақтың әйгілі ақыны, әнші-композиторы, сал-серісі әйгілі Шашубай Қошқарбайұлына топырақ бұйырған. Бұл да Бектауата тауының әулиелі орын екенін орнықтыра түскендей.

Қазақ даласындағы келесі бір алып үңгір — Шыңғыстаудағы „Қоңырәулие” үңгірі. Шыңғыс тауды бөктерлеп ағатын Шаған өзенін бойлай жүргенде, оң жақ жағалаудан Ақтастының жалдары көрінеді. Ақтастының алқымында жергілікті тұрғындар „қалмақ қорған” деп атап кеткен қалың қорым бар. Осы қорымды өрлей жүрген жан әйгілі „Қоңырәулие” үңгірінің аузына тап болады. Үңгірдің кірер аузы кең. Ішінің биіктігі 7—16 метр шамасында, ені 40—50 метрдей, ұзындығы 120—150 метр болады. Түбінде тұщы сулы үлкен көл бар.

„Қоңырәулие“ үңгірін кезінде М. П. Русаков, Н. П. Разумовский, Н. И. Наковник сияқты геолог ғалымдар зерттеп, жазбалар қалдырған.

Қазақстандағы осы уақытқа дейін белгілі болған үңгірлердің ішіндегі ең үлкенінің бірі — Қарағанды облысының Қазыбек би ауданындағы „Шолақбұлақ“ үңгірі. Бұл үңгір Едірей тауының ішінде. Үңгір аузы Едірейдің жатаған жартасты төбесінің алқымынан басталады. Жалғыз адам жүрелеп кірердей үңгір ауызы 10—15 метрдей төмен құлдилап барады да, әрі қарай кең сарай алаң болып кетеді. Бұл үңгірдің ұзындығы 400—500 метрдей. Табиғаттың осынау ғажайып жаратылысы, сөз жоқ, өз қойнына небір қызықты құпия-сырды бүгіп жатқаны анық. Жергілікті тұрғындардың айтуынша „Шолақбұлақ“ үңгірінің ішінде ақ сөңке сүйектер, кісі бойындай ақ жіліктер болған. Бұл жерде жыл сайын Едірей бөлімшесінің қой қырқымы өтеді. Ауыл балалары үңгірге кіріп ойнай берген соң, үлкендер үңгірдің аузын тас пен құм араластырып бекітіп тастаған. Шынында да „Шолақбұлақ“ үңгірінің тас қараңғы тұңғиық көмейіне кіру бала-шағаның ойыншығы емес. Оны маман зерттеушілердің арнайы зерттеуінен өткізу арқылы тарих пен мәдениеттің елеулі бір айғағы етуге әбден болады.

43. ЖАСАНДЫ ҮНГІРЛЕР. Қазақ даласында көне заманнан бастап, соңғы ғасырларға дейінгі аралықта адам қолымен қазылған үңгірлер де молынан ұшырасады. Бұлардың дені байырғы кеншілердің, кейінгі кездегі қазына іздеушілердің қалдырған белгілері Әрине, мұндай үңгірлер де ел мен жердің шежірелі тарихынан небір шытырман сыр шертеді.

Жасанды үңгірлердің сәтті айғақтары ретінде Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданына қарасты „Ақтау“ совхозының жеріндегі „Жамантас“ үңгірлерін, Қарағанды облысының Қазыбек би ауданына қарасты Абай атындағы совхоздың жеріндегі „Аманның үңгірін“, осы Қазыбек би ауданындағы Қитабан тауының басындағы „Қазыналы үңгірді“ Ұлытау төңірегіндегі көне заманда кен қазған үңгірлерді атауға болады. Осылардың ішінен бірін ғана — „Аманның үңгірін“ сөз етіп көрелік.

„Аманның үңгірі“ Қазыбек би ауданындағы Абай атындағы совхозға қарасты „Мыржық“ бөлімшесінің жерінде. Бір кездері Аман атты қашқын осы үңгірді паналаса керек, содан „Аманның үңгірі“ аталып кеткен.

Совхоз орталығынан шығып, „Мыржыққа“ қарай

жүрген жолда қалың қатпар, жатаған сары адырлар кезігеді. Жол аузындағы сондай бір сары төбенің астында "Аманның үңгірі" бар. Айнала ауқымы 400—500 метрдей болатын шағын төбенің алқым іргесінен бастап қазылған үңгір сол төбенің иығын тесіп шыққан. Бұл қос ауыздың аралығы 60—80 метрдей. Кендігі аттылы адам абайлап кіріп шығардай едәуір кең. Осы үңгірдің көлбей көтерілген тұсында терең құдық бар. Қос орнындай кең апан болып қазылған құдықтың түбінен су көрінеді. Бұл құдықтың тереңдігі 10—15 метрдей. Суға жете берген тұста құдықты бүйірлеп қазып кеткен екінші қабат үңгір бар.

„Аманның үңгірінің“ сыртқы кірер аузынан бастап өн бойында көк жасыл тотияйын сияқты мыс жынысының тотығы желі тартып жүріп отырады. Желі тартқан мыс тотығы жолағының ені 20—30 сантиметрдей. Үңгірді қазушылар осы желі тартқан мыс жолағын куалап отырғаны күмән тудырмайды.

Бізді таң қалдырған бір көрініс — үңгірдің ішкі қабырғаларындағы жақпар тасқа түскен білектің жуандығындай бұрғының тесіктері. Бұл тесіктер бейне бір сары майға шеге сұғып алғандай, соншалықты асыл бұрғымен тесілгендікті айқын аңғартады. Біз осы көрініске қарап өткен ғасырда қойдай өрген ағылшын, француз миссионерлерінің қалдырған белгісі болар деп жорамалдаған едік. Алайда, жергілікті тұрғындар алтыншы-жетінші аталарының басынан өткен небір шытырман оқиғаларды осы үңгірмен байланыстырып айтып отырады. Демек, бұл үңгір өзінің бітімімен ғана емес, көнелігімен де осы өңірдің байырғы тұрғындарынан қалған белгі ретінде назар аударады.

44. ШЕЖІРЕ ТАБИҒАТ. Жұмыр жердің қай өңіріне зер салсаңыз да географиялық атаулардың дені сол жердің табиғи бітімімен қойындаса қойылатыны назар аударады. Бұл ретте Қазақстанның байтақ даласындағы топонимдерді табиғи орта туралы шежіре десе де болғандай. Сарыарқа, Жетісу, Үстірт, Бетбақдала, Қызылқұм, Қызылжар, Қамысақты, Ақсу, Қоңырөлең, Сұлутерек, Қарасу, Сабындыкөл т. б. Осынау атаулардан тау, дала, өзен, көлдің табиғи бітім-жаратылысы ғана менмұңдалап тұрған жоқ, мұнан халықтың түйсік-танымы, дүниені сұлулық заңдылықтары бойынша көре білетін көңіл зердесі де айқын байқалады. Байтақ даламен күн көріс тіршілігі тамырлас, өмірлік қызығы ортақ халықтың сол даламен сырмінез болуы, сол даланың бітім-қасиетін

жыға тануы табиғи құбылыс. Қазақ даласындағы мың сан сырлы атау жолаушыға жөн сілтер белгі ғана емес, ең алдымен халық талғамының айғағы, сол халықтың ең қастерлі ескерткіштерінің бірі. Демек, табиғат туралы таным-түсініктің аясына сол табиғи ортаның ғасырлар бойғы сырлы атауларын сақтау да енеді. Мұның тарихи, саяси, тәрбиелік мәні айрықша. Болашақ ұрпақты туған жер табиғаты өзінің алуан реңді сұлулығымен ғана қуантып қоймауы керек, өмірдің өзіндей көне топономдік шежіресімен де баурауға тиіс.

Өткен ғасырдың алғашқы ширегінде неміс халқының табиғат зерттеушісі, ғалым, саяхатшы Александр Гумбольдт тұңғыш рет „Табиғат ескерткіші“ деген терминді қолданды. Мұндай ұғымның ойға оралып, көңілге орнығуына Венесуэлада жүргенде кезіккен бір ғажайып бітімдегі ағаш себепші болған екен. Осыдан кейін-ақ дүние жүзі ғалымдарының арасында табиғаттың әлгіндей таңғажайып бітімдегі көріністерін „Табиғат ескерткіштері“ деп атамайды, белгілі бір өңірдегі кәусар бұлақты да, бұйра жал сарқыраманы да, оқшырая біткен жартасты да, оның басындағы жетім шынарды да, күлте жал тоғайды да, күңгірлеген үңгір-оқапты да, мың сан өсімдігі ұйысқан құйқалы өңірді де, солардың бәрімен үйлесім таба үндескен небір сырлы атауларды да „Табиғат ескерткіші“ деп атайды. Демек, табиғаттың таңғажайып ескерткіштері көз көрмес, құлақ естімес шалғайда ғана болады екен деп ойлаудың қисыны жоқ. Әрісі көшпелілердің, берісі қазақ халқының таным-түсінігінде табиғат-ана — тіршілік тірегі. Мұндай таным-түсінік қазақтың моральдық-этикалық қалыбына, салт-дәстүріне айналып кеткен. Ерке бала үй мен үйдің арасына түскен соқыр сүрлеуден шығып, шалғынды орынсыз жапырса, шешесі тұрып: „шалғынды жапырма, обал болады“ деп ескертеді. Ұядан құлап түскен балапанда көтерген ұлының кекілінен сыйпап: „сауап болады!“ — дейді. Бұл, әрине наным-сенімнен гөрі халықтың ғасырлар бойы шыңдалған талғамын көбірек әйгілейді. Табиғатты аялау, одан жанға рақат, көңілге қуаныш таба білу, сол үшін де табиғатты қасиет тұту — адамзаттың ғұмыр-тіршілігімен еншілес қажеттілік.

Константин Паустовский: „Жер бетінде жалықтырар орын бар дегенге, ондай орын адам баласының көзіне қуаныш, көңіліне шабыт шуағын сыйлай алмайды дегенге өз басым сенбеймін,“ — депті. Ал француз ғылымы Жан Анри Фабр: „Лувр архитектурасына қарағанда ұлудың қабыршағы әлде қайда мазмұнға бай,“ — деп қайран

қалған болатын. Орыстың ботаникалық қоғамының бірінші президенті И. П. Бородин табиғаттың тамашаларын Рафаэльдің қыл қаламынан туған құдіретті картиналарға теңеген. Осының бәрі де табиғаттың қайталанбас сұлулығын, ғажайып жаратылысын дәріптеу ғана емес, сол қайталанбас ғажайып жаратылыс біздің өмір тіршілігіміздің бір бөлшегі екенін, сондықтан да оны бүгінгі, болашақ ұрпақтардың қасиетті мұрасы ретінде аялай білу керектігін ту етеді.

Табиғат ескерткіштерін сақтау — табиғи сұлулықтың шырқын бұзбау. Ал табиғи сұлулықпен ештеңе шендесе алмайды. Америка коньонын табиғат ескерткіштеріне айналдыруда Линкольн осынау табиғи құдіреттен балаларының баласы рахат тауып, көңіл қиялын шарықтатуы керек екенін айтып, оны жүзеге асыру бүгінгі ұрпақтың міндеті екенін ескертіп шыр-пыр болған екен.

Бұл ретте Еуразияның жуан ортасын алып жатқан Қазақстанның табиғи-географиялық бітім-болмысы алуан түрлі қасиеттерімен қайран қалдырады: ұшар басын мәңгілік қар басқан, құзар шыңын көк кіреуке мұз құрсаған Алтай, Тарбағатай, Сауыр, Еренқабырға (Тянь-Шань), Алатау сияқты көк тіреген сілемді таулар, Қызылқұм, Мойынқұм, Қарақұм, Үлкен Борсыққұм, кіші Борсыққұм, Нарынқұм сияқты қу медиен шөл далалар; көдесі мен жусаны, селеуі мен бидайығы, бетегесі мен тарлауы ұйыса біткен Сарыарқаның сайын даласы, халық ұғымында теңізге баланатын Каспий, Арал, Балқаш, Зайсан, Теңіз, Марқакөл сияқты шалқар көлдер; Іле, Ертіс, Сырдария, Шу, Есіл, Сарысу, Торғай, Жайық, Тобыл сияқты арналы өзендер; Қарақия, Қарынжарық, Қауынды сияқты теңіз деңгейінен көп төмен таулы беткейлер; қара орманы сыңсыған алаптар, нар қамысы найқалған өзенкөлдін жағалары т. б. Осынау алуан бітімдегі табиғи ортада кездесетін табиғаттың небір қиял-ғажайып жаратылыстарын айтып тауысу мүмкін емес. Қолмен қашағандай құз-жартастар, бұйра жал сарқырамалар, күңгірлеген үңгір-оқаптар, суреттей шүйгін алқаптар, шипалы суы сарқылдап шығып жатқан қайнарлар, құрдым тартпасы бар милауыт жерлер, қара топырағы майдай туырылған өңірлер, арса-арса болған шыңырау шатқалдар... Міне, мұның бәрі де көрер көзді қуантып немесе таңырқатып қана қоймайды, сол экосистеманың төл қасиеті ретінде адамның сезім-түйсігіне әсер етеді. Ұрпақ санасына туған жердің қайталанбас образын орнықтырады. Бұл тұрғыдан келгенде, адам баласының жан-жүрегіне ең бір асқақ

сезімдерді ұялатуға келгенде табиғатпен ештеңе өрелесе алмайды.

Демек, жер төсіндегі табиғи бітімі айырықша орындарды қорғау, сол орындардың байырғы атауларын сақтау мәселесі, түптеп келгенде, белгілі бір ұлттық немесе мемлекеттік деңгейдегі міндет-мәртебе ғана емес, жалпы адамзаттық құндылықтарға ұласып жатқан жауапкершілік деп түсіну қажет.

IV тарау. ХАЛЫҚНАМА

45. САБАҚТАСТЫҚ. Кез келген халықтың алыс заманалардан бері қалыптасқан өмір салты, материалдық және рухани мұралар жасау машығы, дәстүр тағылымдары, кісілік қалыптары (норма)— сол халықтың бастан өткерген ғұмыр жолының айғағы. Сөз жоқ, тек айғақ қана емес, сонымен бірге бүгінгі және болашақтағы сан тарау әлеуметтік және мәдени болмасының бой көтерер берік тұғыры да. Өткеннің парқын танымай тұрып бүгін мен болашақты дұрыс бажайлауға болмайды. Кез келген адамның кіндігі ілгеріде өткен туған-туыстарымен ғана жалғасып жатқан жоқ, солар өмір сүрген байтақ өмірмен де біте қайнасқан. Адамзат баласының барша тіршілік-әрекеті, түптеп келгенде, оның адамдық болмысының айғағы.

„Ескіні“ жаңаның ығыстыруы, жаңаның уақытқа қызмет етуі, бұл — мәңгілік процесс. Әрбір тарихи-әлеуметтік кезеңнің өз талғам-танымына лайық дәстүр болады. Мәдениеттің қандай бір айғағы болса да, мейлі мифологиялық, философиялық, эстетикалық, филологиялық немесе тар аядағы терминологиялық айғақтар болсын, бәрі-бәрі мәдениет атты байтақ әлемде тек қана дәстүрдің көлігіне мінгесіп ілгері жылжиды. Тарих кең көзді елек сияқты. Уақыт екшеуіне төтеп бере алмағанның бәрі де сол елек көзінен түсіп қалады. Бұл қатал заңдылық дәстүрге де қатысты. Қоғам дамуына қағажу келтірген дәстүр атаулы тарихи прогрестің шаңын қауып қалмақ. Егер адамзат мәдениеті мәңгілік мұхитқа бет алған өзен болса, салт-дәстүр сабақтастығын сол өзенге нәр беріп жатқан бастау бұлақтарға теңеуге болады.

Дүние — үлкен көл,
Заман — соққан жел,
Алдыңғы толқын — ағалар,

Артқы толқын — інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер, —

деп ұлы Абай айтқандай, ұрпақтардың алмасуы тоқтамаған жерде дәстүр сабақтастығы үзілмек емес. Дәстүрді адамзат тәжірибесінің, адамзат мәдениетінің арбакеші деуге болады.

Дүниеге келген адам бойында адам болудың нышаны ғана болады. Сол адам нышанындағы тіршілік иесін әлеуметтік-тарихи тұлға (личность) ретінде қалыптастыратын — әр халықтың тарихи-табиғи болмыс-бітімі, дәстүрдің құдіреті, мәдениеттің сабақтастығы. Адам еш-уақытта өзінен өзі адам болмайды, адам болуды шыр етіп дүниеге келген күнінен бастап үйренеді. Ал адамды адам ететін — жұмыр жерді мекен еткен сан толқын ұрпақтардың ақыл-ойы мен тірнектеп жинаған тәжірибесі. Ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден балаға ауысатын тарихи-әлеуметтік, қоғамдық практикалық дәстүр сабақтастығы болмаса, адамзаттық прогресс те болмақ емес. Өмір-салттың тіршілік-болмыстың ғажайып сабақтастығы үзілген жерде адам баласы бәрін де тырбанып қайтадан бастауға мәжбүр болар еді. Әрбір адамның бойында адамзат баласы жүріп келе жатқан жолдағы баға жетпес тарихи тәжірибенің үлгісі бар. Сол тарихи-мәдени тәжірибені танып-білу арқылы адам баласы өзінің парасат-болмысын шыңдайды. Үп еткен желге тамырын үзіп, тоқтаған жерге тұқымын төгетін адам баласы қаңбақ емес. Саналы адамның (хомо сапиэнс) ең бір мәнді белгісі: рухани отырықшылығымен, яғни қоғамдық-әлеуметтік таным-тәжірибесінің тарихи сабақтастығымен дараланады. Қазақ халқының өмір-салты көшпелі болғанымен, рухани болмысы көшпелі болмаған. Кез келген көшпелі өзі туған жердің өзен-көлін, тау-тасын, орман-тоғайын ешбір отырықшы замандастарынан кем сүймеген. Сондықтан да кіндік қаны тамған жері үшін тайсалмастан жүрек қанын да төге білген. Сондықтан да сол даланы әнмен әддилеп, күймен тербеген. Сол далаға ең аяулы атаулар берген. Сол далаға тек қана сұлулық деп аталатын ұлы түйсікпен үндесетін белгілер қалдырған. Қысқасы, байтақ дала көшпелілердің рухани отырықшы әлемі болған. Осынау ұлы дәстүрдің қадыр-қасиетін танып-түсіну және сол ұлы дәстүрдің заңдылықтары бойынша ғұмыр кешу тірілер үшін қажет.

Қазақ халқы туралы, олардың байырғы ата тегіне

қатысты деректер шумерлер мен мысырлықтардың (Египет), эламиттер мен урартулықтардың жазбаларында, парсы патшаларының тасқа қашаған шежірелерінде, тіптен Тауратта (Библия), Қиыр Шығыс пен Еуропа жиһанкездерінің, тарихшыларының жазбаларында мол ұшырасады. Осынау мол деректің бәрін әрісі көшпелілерге, берісі қазақ халқына берілген айнымас баға ретінде қабылдауға әсте болмайды. Арғы алыс кезендерді былай қойғанда, берідегі Платон Карпини, Гильом де Рубрук, Марко Поло сияқты ержүрек, еңбеккер саяхатшылардың жазбалары адам нанғысыз қиял-ғажайыптарға толы. Ал, әрідегі байырғы Грекия тарихшыларының „алтын күзеткен самұрық құс елі“ „жалғыз көзді дәулер елі“ „батыстан шыққан күн“ туралы деректеріне таң қалудың қисыны жоқ. Францияның Ғылым академиясында құйрықты жұлдыздың (метеорит) жерге түскені туралы хабарды „ғылымға жат“ деп тауып, әйгілі Лавуазьенің: „Аспаннан тас түсуі мүмкін емес, өйткені аспанда тас жоқ!“ деген дәлелді көлденең тартатыны XVIII ғасырда. Ол былай тұрсын, небір қиялғажайып ат мүсінді әйел, жүндес адам, алып сегізаяқ, су тартып кеткен кеме туралы алыпқашты мысалдардан география ғылымының құтылғаны XIX ғасырда ғана...

Демек, Батыс-Шығыстың саяхатшылары қалдырған көл-көсір дерек әрісі көшпелілердің, берісі қазақ халқының тарихи қасиет-болмысы туралы айнымас ғылыми баға емес, ең әрі дегенде талғампаз зердемен қарауды қажет ететін дерек қана. Белгілі тарихшы В. О. Ключевскийдің сөзі еске түседі: „Қоғамның тұрмыс-тіршілігі мен парасат-пайымы жөніндегі сырт көз жолаушының дерегі соншалықты дәл және толық болуы мүмкін емес, өйткені оларға өмірдің бұл қыры өзінің астарлы сыр-ын бірден аша қоймайды, оның үстіне жаттың талғамы халық өмірінің бұл саласына сәйкес келе де бермейді“ дейді (В. О. Ключевский. Сказание иностранцев о Московском государстве. М., 1916. 8-бет.).

Түптеп келгенде, осынау ойлардың жосығы ғылыми таным жүйесінде әбден қаузала сөз болып баққан. Тіптен, бүгінгі таңда әлемдік этнографиялық таным өзінің өзекті ой-тұжырымдары (концепция) жөнінен, белгілі дәрежеде, бір пәтуаға да келгендей. Ал, кереғар ой-тұжырымдар болса, оған төрелік айту бұл еңбектің мақсатына жатпайды. Демек, бұл тарауда да көшпелілер әлемінің қасиет-болмасына аз да болса айғақ боларлық эмпирикалық мысалдарға көбірек ден қойылады.

46. БӨЛІНБЕГЕН ЕНШІ. Кез келген этностың экосистемамен кіндіктес өмір салты, кәсіп-харекеті, кісілік қалыптары, салт-дәстүрі, тіптен биопсихологиялық бітім-қасиеттеріне дейін ең алдымен дәстүрлі тағам түрлерінен, сол тағам түрлерін белгілі бір этностың артықшылығын немесе кемшілігін танытудан гөрі, сол этностың өмір сүруіне кепіл болатын айғақ ретінде көбірек ден қойдырады. Сондықтан да, этностың барша болмыс-қасиеті дәстүрлі тағам түрлерін дайындау және тұтыну барысында ешқандай бүкпесіз қалпымен көрініс тауып отырады.

Демек көшпелілер әлемі туралы ой өрбіткенде дәстүрлі тағам түрлері мен ас-дәм берудің жөн-жоралғыларын айналып өтуге болмайды.

Қазақта „бөлінбеген енші“ деген ұғым бар. „Енші“ сөзі байырғы түркі тілінде „инчу“ деп аталса, мұның өзі „мұра“ деген мағына береді (Древнетюрксий словарь. Л., 1969. 210-бет). Дәл сол сияқты хақас тіліндегі „инчі“, саха тіліндегі „эньэ“, туба тіліндегі „өнчу“, орта ғасырлық жазба ескерткіштердегі „енч“ сөздері де „ұзатылған қыздың жасауы“, „мұра“, „меншік“ деген мағына береді. Қазақ тілінің „Түсіндірме сөдегінде“: „Енші — атаның балаға жеке үй болғанда бөліп беретін малы, мүлкі“, — делінген. Ал, „бөлінбеген енші“ болса, бұл — әрбір отбасының кез келген қонаққа берер қонақасы. „Әкенің балаға қалдырар немесе бөліп берер мұрасының бегілі бір бөлігі міндетті түрде қонаққа тиесілі бөлінбеген енші деп есептеліп, ол енші ас-дәм түрінде берілетін болған. Мұның өзі кез келген қазақ отбасы үшін айнымас салт-дәстүрге айналған. Яғни даланың осынау салт-дәстүрі үй болып шаңырақ көтерген кез келген отбасы үшін бұлжымайтын моральдық-этикалық қалып (норма) ретінде орныққан. Бұл рәсімді бұзған отбасыдан қонақтың айып-шармаулауға хақы болған. Яғни, сахара жолаушыларының кез келгені жолай ұшырасатын үйде өзіне тиесілі бөлінбеген еншісінің барына алаңсыз сеніп, өзін еркін сезініп босаға аттаған. Осыған сай, өзін ел қаралы санағысы келетін әрбір үйдің иесі де жолаушы-қонақты барша сән-салтанатымен, ынта-ықаласымен қарсы алып, ақ тілекпен шығарып салуды өмірдің айнымас киелі шартына балаған. Көшпелі елдің бұл сияқты салт-дәстүрі қонақты аттан қолтықтап түсіріп алып, қолтықтап аттандырғанға дейінгі аралықта атқарылар алуан түрлі жөн-жоралғыны, тәртіп-талғамды, кісілік қалыптарын, дәм-тағам берудің рәсімдерін қалыптастырған.

Көшпелі қазақтың тағам түрлерін дайындау тәсілдері

шаруашылық-мәдени сүлесімен (типімен) тікелей астасып жатады. Ал, әрбір дәм-тағамды өзінің қасиетіне байланысты қадірлеу немесе кие тұту, әрбір адамның туыстық қатынасына орай немесе қоғамдағы орнына байланысты сыбағалы тағам дайындау, әрбір дәм-тағамды тұтынуға қатысты жасалатын ырым-жоралар мен салтдәстүрлер т. б., міне, мұның бәрі де өзінің нысаналы (символды) „тілімен“, емеурін-белгісімен дәстүрі мәдениеттің ең бір жарқын айғағы болып табылады.

Көпшелі қазақтың қонақжайлық дәстүрі, түптеп келгенде, этносты біртұтас әлеуметтік организм ретінде іштей үйлестіре реттеп отыратын ең пәрменді тетіктердің бірі болған.

47. СЫБАҒА. Туыс-туғанға, жекжат-жұрағатқа, құрметті қонаққа арнайы берілетін кәделі етті, яғни мал мүшелерін сыбаға дейді. Сыбағаны көбінесе соғымға сойылған малдың (түйе, жылқы, сиыр) кәделі мүшелерін арнайы сақтап жүріп, елейтін адамдар үйге келгенде асады немесе сол елеулі адамдар жыл уақытында келмесе арнайы сәлемдеме етіп беріп жібереді. Мұндайда, әсіресе қарт кісілер риза болып, батасын беріп, елеп-ескерген үйдегі келіншектің атына мадақ сөз айтады. Мұның өзі төңірегіндегі естіп-көрген жастарға кісіліктің жолындай, бауырмалдықтың дәнекеріндей өнеге болады.

Сондай-ақ, елеулі адамдар үйге тосын келгенде де қазанға кәделі мүшелерден ет асылып немесе арнайы қой сойылып, сыбағалы табақ тартылады. Үйге тосын келген немесе арнайы шақырылған қонақтың қоғамдық-әлеуметтік орнына қарай, жас мөлшері мен туыстық қатынасына қарай сойылған малдың бас, шеке, жамбас, жал, жая, қазы, қарта, телшік, үлпершек, тоқпақ жілік, асықты жілік, кәрі жілік, төс, құйрық, бауыр, бүйрек, тіл, сирақ сияқты мүшелерін таңдап асып, сыбағалы табақ тартады. Кәделі мүшелер тиісті адамға арнап пісірілгенде кімнің қандай мүшені ұнататынын немесе қандай тамақты ұнататынын ескеруден гөрі қалыптасқан дәстүрді қатаң сақтауға көбірек мән беріледі. Мәселен, ең сыйлы деген адамға қойдың басы немесе қара малдың шекесі тартылады. Сонда бас пен шекеге қарағанда әлде қайда дәмді де майлы мүшелердің бар екенін білмейді емес. Біледі. Немесе, кәрі жілікті „қартайғанша отырып қаласың“ деп қызға бермейтін, миды „мидай былжырап кетесің“ деп балаға бермейтін, толарсақты „толғағың қатты болады“ деп жас келіншекке бермейтін ырым-дәстүрлер бар. Демек әрбір

адамның элеуметтік-туыстық орнына немесе жыныс-жасына қарай тиісті кәделі мүшелерді ұсытуда жөн-жоралғылақ, этикеттік сыйпат басым.

Қазақта туыс-туғанға, жекжат-жұрағатқа, құрметті қонаққа берілетін сыбағалы тамақты сый табақ, құда табақ, құдағи табақ, құрдас табақ, жеңге табақ, күйеу табақ, келін табақ, қалжа табақ, қыз табақ, бала табақ, беташар табақ т. б. деп айырып атайтын және сол әрбір табаққа арнайы мүшелер салатын дәстүр бар. Мәселен, әрбір табақта адамдардың құрамына байланысты сыйлы адамға арналған бас, құда-құдағиға арналған құйрық-бауыр, күйеу балаға арналған төс, дос-құрдасқа арналған жауырын, қыз-келіншекке арналған ұлпершек, балаларға арналған бүйрек сияқты кәделі мүшелердің болуы шарт. Бұл мүшелердің әр қайсысы сыйлы адам үшін — "елге бас-көз болып жүр", құда-құдағи үшін — "бауырдай бауырмал, майдай сіңімді бол" дос-құрдас үшін — "құшағымыз жауырындай жазылмасын" қыз-келіншек үшін „ұлпершектей жұғымды бол", балалар үшін — "бүйректей сүйкімді бол" т. б. деген емеурінді білдіреді.

Сый табақ — аты айтып тұрғандай, сыйлы қонақ келгенде тартылып, оған бас, шеке, жамбас, қазы-қарта, жалжая, телшік, құйрық, асықты жілік, тоқпақ жілік, жалпақ омыртқа сияқты кәделі мүшелер салынады. Әрине, кәделі мүшелердің бәрін бірдей қазанға салу шарт емес. Етті адам санына қарай мөлшерлеп асады. Мұндайда, бас, жамбас, жілік, омыртқа сияқты сүйекті еттер бірінің орынына бірі жүріп, сыбаға ретінде тартыла береді.

Сый табақ тартқанда құрметтің ең көрнектісі ретінде қойдың басы беріледі. Басты сый табақтағы еттің үстіне салып әкеледі несесе жеке табаққа салып береді. Әдетте: „бас қайда болса, жамбас та сонда" деп, баспен бірге жамбасты да ұсынады. Бастың маңдайын айқыштап әкеледі. Онысы — "тәу етер тілегіміз Тәңіріге бағышталған" дегені. Сыйлы адамға бастың тұмсығын, пышақтың сабын қаратып қояды. Онысы — "Сізге арнап сойған малымыз, көрсеткен құрметіміз" дегені. Кейде бастың бір құлағын кесіп алып қалады, кейде құлағын бүтін қалпында ұсынады. Бастың құлағы бүтін келсе, сый-құрмет көріп отырған адам оң жақ құлақты кесіп, сол үйдің баласына немесе жасы кішіге ұсынады. Онысы „ентаңба салынған құлақ осы шаңырақтың өзінде қалсын, ырысы өкше басар ұрпаққа бұйырсын, жастың құлағы жақсылыққа түрік болсын" дегені. Мұнан әрі бас ұстаған адам оң жақ езуінен бір жыпырақ құйқа кесіп алып, ауыз

тиеді. Қазақта „Езуінен енші берген“ деген тұрақты сөз тіркесі бар. Яғни, бас ұстап құрмет көрген адамның езуден бастап ауыз тиуі — „тілеуім жолдарыңда“ дегені. Соның айғағындай, бас ұстаған адам бастың әр жерінен кесіп алып, маңайындағы кісілерге „енші“ үлестіре бастайды. Бұл үлестірудің астарында тілеуқорлық емеуріні болады. Мәселен, бас ұстаған сыйлы адам „шешен бол“ деп таңдайдан, „төзімді бол“ деп құйқаның қалың жерінен, „әнші бол“ деп көмейден, „тең құрбыңның алды бол“ деп маңдай құйқасынан, „екі көзімнің бірі бол“ деп көзден, „палуан бол“ деп желкеден т. б. жанындағыларға ауыз тигізеді. Ауыз тиуішілер мұндай емеурінді іштей түсініп, тіптен жақсы ырымға жорып, ризашылығын білдіреді.

Бас ұстаған адам басты толық мүжімей қайтарса, жасы кіші оңтай жігіттердің бірі бастың құйқасын майдалап турап, миын алып, құйрық майынан қосып, аздап тұздық құйып, араластырып, мипалау жасайды да, ауыз тисін деп төрдегі сыйлы қонақтарға қайтарады. Кейде былбырап піскен басты ұстаған адам сүйсініп толық мүжісе, оның да айып-шамы жоқ.

Әдетте сый табаққа ілікпеген, шеткі табақтардан дәм татып отырған елеулі жігіттерге немесе жас балаларға үлкен кісілер „жолымды берсін“ деген ырыммен ет асатады. Ет желініп, сорпа ішіліп болған кезде сол үйдің әйелі немесе келіні сый табақты қолына алып, тізе бүгіп сәлем жасайды. Мұндайда бас ұстаған ең сыйлы адам сәлем жасаушыға риза кәңілімен бата беріп, тілек тілейді.

Осы сияқты, қонақтың әлеуметтік-туыстық орынына несесе жыныс-жасына қарай тартылар табақтардың өзіндік жөн-жоралғылары болады. Әдетте, қандай табақ тартылса да ондағы кәделі мүшелерге қоса құда табаққа — құйрық-бауыр, құдағи табаққа — жақ, қарын, тоқ ішек, құрдас табаққа — тоқпақ жілік, жауырын, омыртқа, жеңге табаққа — асықты жілік, ұлтабар, күйеу табаққа — төс, келін табаққа — асықты жілік, сүбе қабырға, қалжа табаққа — кәрі жілік, мойын омыртқа, қыз табаққа — құйымшақ, бел омыртқа, қабырға, бала табаққа — бүйрек, сирақ, қабырға, ішекқарын, беташар табаққа — сүбе, төс етегі, құйрық, өкпе міндетті түрде салынады.

Осынау жөн-жоралғылардың қай-қайсысы да табақ тартылып, дәм татқан адамдарды өзінің жөн-жолымен елеп-ескергендіктің айғағы ретінде риза етеді. Жай ғана риза болып қоймайды, әркім өзінің әлеуметтік-туыстық орынын тереңірек сезініп, әлгі елеп-ескеріп дәм берген

үйге қатысты қарым-қатынасын бұрынғыдан да шыңдай түседі. Міне, көпшелі қазақ қоғамын іштей реттеп, үйлестіріп отыратын пәрменді тетіктердің бірі осындай.

48. ҚҰРҒАҚ СҮТ. Төрт түлік малды тіршілік-тынысына тірек еткен көпшелілер кәдуелгі сүттен небір тамаша тағамның түрін жасай білген. Солардың бірқатарын атап өтуге болады: қымыз, шұбат, айран, қатық, қаймақ, балқаймақ, кілегей, ақ қаймақ, ақ ірімшік, қызыл ірімшік, сусыз сүт, сапырма сүт, құрғақ сүт, қойыртпақ, іркіт, сарысу, тасқорық, шалап, сүт кеспе, сүт салма, уыз, сірне, құрт, торақ құрт, сықпа, сүзбе т. б. Міне, бұлар жылқы мен түйенің, қой мен ешкінің, сиырдың сүтінен жасалатын тағамдар. Осылардың ішінде таза көшпелі өмір салттың сұранымы дүниеге әкелген тағамның бірі — құрғақ сүт.

... От қуалаған малдың тісіне ерген ел көш-қон кезінде төрт түліктің тұяғын көштен бұрын қимылдататын әдеті. Көген ағытылып, ноқта сыпырылып, сауын малы жамыратылады да көштен озып кете барады. Ақар-шақар елдің „әуп“ деп тұрып кете қоюы оңай емес, артынып-тартынып жүріп сауын малынан екі-үш күн кейіндеп қалатын жайы жиі болады. Оның үстіне көш-қон кезіндегі қарбаласта мал сауудың да орайы келе бермейді. Мұндайда тізе бүгер жерге жеткеше шыдамайтын балалардың сүт сұраған қыңқылы жиі естіледі. Өмірдің осы бір сұраным-мұқтажы құрғақ сүт дайындауды дүниеге келтірген сияқты.

Сәрсенбінің сәтіне көшеміз деген хабар тиісімен-ақ әр шаңырақтың ас-суына ие отанасы қолы епсекті біреудің тілін таба жүріп жаңадан сойылған қойдың терісін түгінен арылттырып алады. Ол көбіне қой немесе серке терісі болады. Теріні түгінен айырудың мұндайда екі тәсілі қолданылады. Бірі — и салу тәсілі. Тек и өтіп кетпейтіндей, идің быршыған дәмі мен өткір иісі теріге сіңбейтінде болуы керек. Екіншісі — теріні жібітіп отырып, өткір ұстарамен түгін қырып тастайды. Сонан соң түксіз теріні суға салып, шуашы мен шайырынан айырылғанша әбден сапсып жуады. Ақжемделіп май-сөлінен арылған тері шүберектей болып тазарған кезде керегеге жая салады.

Келесі күні қой-ешкіні қосақтап жібереді де мол етіп сүт сауады. Ол сүтті мүмкіндігінше үлкен қазанға толтыра құйып, әлгі теріні соған салады да, астына маздатып от жағады. Біраздан соң тері салған сүт шымырлап қайнай бастайды. Қайнаған сайын қойыла береді. Қойылған сайын сүттің бар маңызын тақыр тері бойына тарта береді.

Бір мезгілдер болғанда сүт қойыртпақтанады. Тері болса ағара бөртіп, әбден ісінеді. Содан, қойылған сүт сарқыла таусылып, енді сарғайып күйеді-ау дегенде от үзіледі де, тері қазаннан алынады. Сол бетінде сөреге жайып тастайды. Тері түнімен жел қағып тобарсып, ертеңіне күнімен тұрса кеуіп-ақ қалады. Келесі күні тағы да қой-ешкі қосақталып, дәу қара қазан сүтке толады. Тағы да астына жайнатып от жағып, әлгі сүт сіңді теріні тағы да салады. Осы жағдай үшінші рет қайталанады. Сол кезде сүт сіңген терінің қалындағы бармақ елі болып, өн бойына уыз сүттің маңызы тұтылады. Үшінші рет жайылған тері тобарсып келсе бастаған кезде шиыршықтап орайды да, маңызы ұшып кетпес үшін қарынға немесе бүйенге сала салады.

Келесі күндері тең буылып, үй жығылып, таң құланиектенгенде моншақтай тізілген көш те қозғалады. Бие сауым өтеді... Ет асым өтеді... Күн иыққа көтерілген кезде түйе қомында тербеліп келе жатқан балалардың маңдайын күн шалып, таңдайы кебірсіп қыңқылдай бастайды. Мұндайда езуінен мәйегі кетпеген ерке балаға қымыз береді, ішпейді... Айран береді, ішпейді... Қойыртпақ береді, ішпейді... Су береді, ішпейді. Оған керегі тіл үйірген уыз сүт.

Сонда балажан ана қарынның аузын шешіп, сүт сіңген теріден алақандай ғана кесіп алады да, тостағанға құйған суға тастап жібереді. Сол-ақ екен уыз иісі бүрқ етіп тәбет шақырып, тостағандағы су жаңа сауған сүттей болып шыға келеді. Тек қана сүт ішіп үйренген ұл дем алмастан тостағанды басына бір-ақ көтереді. Сол кезде тостағанның түбінен бір жапырақ „бірдеңені“ көреді де, „бұл не?!“ дегендей анасына қарайды. Анасы болса „жей ғой, бота-шым!“ дейді.

Сары атанды бесік еткен ерке ұл бал татыған уыз құйқаны жайлауға жеткенше ермек етеді.

49. ҚЫЗЫЛ ІРІМШІК. Сүттен жасалатын тағамдардың ішінде жасалуы оңай, тамақтық қуаты мол, берекелі, ұзаққа сақталатын тамақтың бірі — ірімшік. Көпшелілер даласының діншілдері қажы атану үшін қияндағы Меккеге сапар шеккенде жаңағы қасиеттері үшін ірімшікті түйеге теңдеп жол азық ететін болған.

Ірімшік бертін келгенше қазақ дастарқанында нанды айырбастап келді. Қаймағы алынбаған қой сүтінен жасалатын ірімшікті маңызына, дәмділігіне, үтіліп тұратын қасиетіне бола көпшелілер негізгі тағамның біріне балаған.

Ірімшік екі түрлі: ақ ірімшік, қызыл ірімшік.

Ірімшікті жасау үшін қойдан сауған сүтті қазанға құйып, аздап жылытады, пісірмейді. Сонсоң „мәйек” деп аталатын сүт ұйытқышты әлгі қазандағы сүтке сала қояды. Соңда сүт дір етіп 5—10 минут ішінде ұйып қалады. Мәйек сүтті ашытпай ұйытып, тәтті дәмін сақтап қалу үшін көшпелілер ойлап тапқан ғажайып ашытқы, ұйытқы.

Егер сүтке айран құйып ұйытса, әрі көп уақыт керек, әрі ашып кетеді. Мұндай жағдайда одан ежігей деп аталатын құрттың бір түрі жасалады. Ал, дәмі тәтті ірімшік тек мәйекпен ұйытқан сүттен ғана жасалады. Мәйек жасау үшін отықпаған жас қозының немесе жас лақтың уыз сүті байланған ұлтабары пайдаланылады. Осы ұлтабарды жармай айналдырып, ішіне ұйқы турап салып, уыз құяды да аузын буып, мәйек қапқа салып, керегенің басына немесе түгін шалу үшін құлдіреуішке іле салады. Сүт құйған мәйек бес-алты күнде өзінен-өзі бақырып ашиды. Содан ірімшік жасайтын сүтке әлгі мәйекті батырса болды, демде ұйытады. Әрине, сүт ашып үлгірмей ұйыйды. Сүтті айырықша жылдам ұйытатын ашуы қатты мәйекті „тидеғаш” деп атайды. Мәйекті мал сауылғанша пайдаланады.

Мәйек салып ұйытқан сүтті пышақпен торлап тіледіде, қайната бастайды. Әрі-беріден соң ұйыған сүт бөлектеніп, көк суы (сары суы) іркіліп, ақ ірімшікке айналады. Егер тағы біраз қайната түссе ақ ірімшік сарғайып, тіпті қыпқызыл болып, тамаша иісі танауды қытықтай, сілекей үйіреді.

Бұл екі арада ірімшіктің сары суы да азайып, қызара қойылады. Егер осы қазан түбіндегі қою қызыл сұйықты көсеге, тегешке құя қойса, шамалы уақытта қата қалады. Мұны — сірне дейді. Сірненің ғажайып тәттілігін балға да, қантқа да теңестіруге болмайды. Бұл бір теңдесі жоқ тәтті әрі қуаты күшті тағам.

Сонымен қазандағы қызыл ірімшікті қотарып алып, сөреге жаяды. Сөреде тұрып кепкен соң қапқа, кебежеге салып қойса ірімшік бүлінбестен бір-екі жылға, тіптен одан да көп уақытқа шыдайды.

Көшпелі елдің дастарқанындағы құрт, май, ірімшік, сірне сияқты күнделікті ішім-жемінен артылған тағамдарын жаз бойы бөлек қапқа салып жинап отыратын дәстүр болған. Өйткені, алда алты ай қыс бар. Міне осы күнделікті ішім-жемнен артылған тағамды „тірнек жинау” деп атаған. Бір нәрсені ерінбей, аз-аздан ұзақ жинағанда „тірнектеп жүріп жиғаным ғой” деп келетін қазақ тіліндегі тіркес содан қалған.

50. ТАСҚОРЫҚ. Торғай шырылдағанда отарын өргізген қойшы қойларын шырқата жайып келіп, көлеңке аяқ астына тығылған шақта өзіне таныс бұлақ басына немесе өзен жағасына малын иіреді. Әрине түскі тамақ ішу үшін отарына шаң қаптырып, түс кезінде топырлатып ауылға айдап келу малдың қас-қабағына қараған елдің әдетінде болмайды. Әсіресе, отарлап бағатын қойдың аяқ оты қанып, тұяғы жеткен су көзіне іліксе болды — күн ыстықта тойынған мал шөлін басқан соң бырдай болып жусайды, бауырларын су табанындағы салқын шымға басып рақаттанады.

Сол кезде қойшы түскі тамағын әзірлеуге кіріседі. Алдымен айналасынан тезек теріп, шақатты тақырлау жерге от жағады. Дөңгелене қаланған тезек ортасына қаз жұмыртқасындай алты-жеті тас тастайды. Сонсоң белінен саптаяғын шешіп алады да, өзіне мәлім сауын қойлардың үш-төртеуін сауып алады.

Мұнан әрі қойшы саптаяқ толы сүтін алып от басына келгенде шоқайна ортасындағы манағы тастардың әбден қызып, бал-бұл жанып жатқанын көреді. Іле тал-теректің айыр бұтағын шымшуыр етіп алып, қызған тастың біреуін от ортасынан шымшып алады. Шымшып алған күлін үріп жіберіп, саптаяқтағы сүтке батырса быж-ж етіп күйген сүттің иісі ен даланы кернеп кеткендей болады. Осылайша қойшы екінші тасты, үшінші тасты сүтке батырып алады. Ал төртінші, бесінші тасты батырғанда саптыаяқтағы сүт суынан арылып, сап сары болып қойылып, бүлк-бүлк етіп қайнай бастайды. Сол кезде тасқорықтың дәмін білетін қойшы суығанша шыдамы таусылып, сілекейін жұтынады. Қоржынынан құрт-ірімшігін алып, тасқорықтан ұрттап қойып отырғанда Сахара қойшысының реңінен осы тірлігіне әбден риза пейіл аңғарылар еді.

51. УЫЗҚАҒАНАҚ. Күн жылынады, шуақты көктем келеді. Жан-жануарлар масайрап, біреу екеу болып көбейеді. Көшпелі елдің күнкеріс көзі — мал көбейсе одан өткен қуаныш жоқ.

Көктемде қой қоздаған кезде көпшіліктің сүйікті тамағы — уыз. Оның өзін қызық-қуанышы мол жөн-жоралғымен алуан сылтауды желеу етіп жейтінін қайтерсіз. „Ақтың қуанышы“ дейді, „сүрдің соңы“ дейді, „төл басы“ дейді, „ұлыс күні“ дейді...әйтеуір сылтау көп. Ең арғысы қой күзеткен жігіт-желеңге „ұйқы ашар“ пісіру де дәстүр болған. Уызға пісірген сүр етті тәттілігіне бола — „ұйқы ашар“ десе дегендей.

Көктемдегі мал төлдету науқанының қат-қабат қарбаласы көп. Қойдың арқасынан күн өтеді, аузы көкке тиеді. Осы кезде отардағы төлдеген қой зарлай маңырап, ауылда қалған төліне қарай бөліне қашса, әлі төлдемегендері көк қуалап, жұлықты шалып, ол өз бетінше шашырай заулап жайылады. Бұл аз дегендей өрісте қағанағын жарып, төлдеп қалатын қойлар өз алдына әр түрлі қамқорлықты қажет етіп жатады.

Осындай қат-қабат қиындықты жеңілдету үшін қойшы қауымы ауылдағы есі кіріп қалған балаларды қолғанат ету үшін өріске ала жүруді қалайды. Тілін таппаса балаға зорлық жүрмейді. Сондықтан да қойшылар уызқағанақ пісіреміз деп балаларды еліктіре ертіп, отармен бірге өріске алып шығатын болған.

Әрине, шопан удеге берік болуы керек. Отар өрістеп барып байырқалаған кезде балаларға қайырмалатып қойып, уызы қайтпаған қойларды шопан саууға тырысады. Айтқанша болмайды, үйден сайлап шыққан бүйені, қозы қарыны немесе жанторсығы уызға толып шыға келеді. Сол жерде шөмшек, қау, бұта сияқты тез жанып, тез күлденетін отынды шошайтып үйдеді де, от тұтатады. Лап еткен отынның жалыны басылған кезде әлгі уыз толы бүйенді, қозы қарынды немесе жанторсықты аузын буып, күлге көміп тастайды. Сүт пісірім уақытта уыз қата қалады. Сәл суыған соң бүйеннің немесе қозықарынның бүйірін шопан бәкісімен сыр өткізгенде ақ уыздың иісі бұрқырап тұрылып түседі. Үлкен-кішінің сүйсініп жейтін уызқағанағы осы. Шопан да мээ, балалардың қуанышында да шек жоқ. Мұнан кейін ауыл балалары шопан ағасына еріп өріске бару үшін кезекке тұратын болады. „Тайдың мінгені, баланың істегені білінбейді“ дегендей, шопанға керегі де сол, балалар қолқанат болған соң бір демалыс тыныс алғандай болады. Ең бастысы, шаруа баққан елдің баласы үшін осының бәрі — өмір мектебі.

Қазақ тіліндегі „қағанағы қарық болды“ деген сөз тіркесі осы көктемгі уыздың молдағына орай айтылған. Ел аузындағы:

„Қойым жайып келемін бозғанаққа,
Өзім тойып келемін қағанаққа,“ —

деп айтылатын өлең де осынау көктемгі молшылық кездегі көтеріңкі көңілдің бір айғағы.

52. ШАШУ. Бір адамның қуанышын көріп екінші адамның да қуануы адамға ғана тән кісілік-парасатты танытады. Силастық, қимастық, сағыныш, өкпе-наз, сияқты қасиет-

сезімдер әдетте мақсат-мұрат ортақтастығына, қуаныш-қайғыны бірге бөлісуге байланысты қалыптасады. Адамның парасаттылығы сол адамның өзгелерге деген қарым-қатынасы арқылы ғана анықталады. Түптеп келгенде, қоғамдық өмірдің парқын да адамдардың парасат-пайымына қарап бағалауға болады.

Қазақ қоғамында адам өміріндегі қуаныш та, қайғы да жекелік сыйпат алмаған. Көшпелі өмір салт талабы адамдардың күнкөріс әрекетін тұтастандыру арқылы, жалпы этникалық арман-аңсарды (идеал) да отрақ етіп отырған. Сондықтан да адам өміріндегі қызық-қуаныш „шүйінші“, „шашу“ „көрімдік“ сияқты жөн-жоралғымен марапатталатын болған.

„Шүйінші“— әдетте аса мәңгі жақсылық хабарды жеткізген адамның аузынан шығады. Шүйінші-қуаныш жеткізушіге естіген адам жолын беріп, қалауын орындап, қуаныш әкелгеніне алғыс білдіреді.

„Шашу“— көбінесе жақсы тілектің айғағы түрінде көрінетін сұлу да көңілді дәстүр. Әсіресе, қой қырқымы, бие байлар, күйек алар сияқты толып жатқан елеулі еңбек науқанына жұртты жұмылдыру үшін шашу шашатын дәстүрдің мәні мейлінше зор. Бұл орайда „қырман майлау“, „сабан той“, „дүкен майлар“, „бие бау“, „жол аяқ“ деп аталатын дастарқан жаю жоралғысының қай-қайсысына да шашу шашса көрер көзді қуантып, жарасып тұрады. Еңбектің адам тағдырымен біте қайнасуы, еңбектің адамға қуаныш сыйлауы, еңбекті адамның жатсынбауы осынау „шашу“ сияқты қарапайым рәсімнің болмысынан айқын аңғарылады.

Қазақ жақсы сөзді жарты бақытқа балайды. Ал, жақсы жанмен сұхбаттас болса „бір жасап қалдым“ дейді. Сонымен бірге адам көңілінің бір атым насыбайдан да қалатынын ескертеді. Көшпелі өмір салтта кез келген қуаныш пен қайғыны тең бөлісіп, тағдыр ортақтастырып отыру өмір сүрудың кепіліне айналған. Осынау тамаша дәстүрдің бір айғағы— қуаныш иесіне көрімдік беру. Яғни, қуаныш иесін құттықтап, одан сайын құанышқа кенелту үшін көрімдік береді. Бұл игі дәстүрдің халықтық қалыпқа айналғаны сонша, қуаныш иесі дүниеге келген перзентін, тапқан олжасын немесе алған затын „көрімдік бермесең көрсетпеймін“ деп бұлданатыны бар.

Мұндай қастерлі рәсімдер, өмір салтқа мән-мағына дарытып қана қоймайды, сонымен бірге этникалық арман-аңсардың (идеал) тұтас болуына да қызмет етеді.

53. ЕРУЛІК. Малшы қауымы жайлауын жайлап, күзеуін күздеп, қыстауын қыстап, көктеуін көктеп, үнемі малдың қас-қабағына қараумен көшіп-қонып жүретіні мәлім. Осындайда бір ауылды жанай өтсе немесе бір бұлақтың басына тізгін тартса, бұрын жеткені бар, соң жеткені бар, өздерінше шүпірлесіп қоңсы болып қалады. Немесе қойдың отын қандырып, бабын табамын деп отарын шырқата жайған күні шопандар өрісте ұшырасып та шұрқырасып жатады. Бұлайша аралас-құралас болу, қоңсы қонысу, әсіресе жаз айларында жиі болады.

Міне, осындайда көнеден келе жатқан игі дәстүр бойынша, соңғы келіп қонған үйге бұрын жайғасқан үй ерулік ас береді. Бұл терең мәні бар, парасаты мол дәстүр. Біріншіден, көш-қонның абыр-сабыр қиындығын көріп, шаршап-шалдығып жеткен ауыл үйі қашан орнығып жайғасқанша олардан бұрын келіп орныққан ауыл үйлерінің дастарқан жайып демегендегісі. Екіншіден, жаңа жұртта жақсы тілек тоғыстырғаны. Үшіншіден, қотандасып-қораласып, көңіл-ниет жарастырып отырудың мал жайына көп пайдасы тиеді. Төртіншіден, ауыл үй адамдары, қыз-келіншек, жігіт-желең, бала-шаға бір-біріне бауыр басып, кейін қыстауға көшерде жылап айырылы-сатындай болады.

Көршіге көрсетілер сый-құрметтің көшпелілер үшін өмірлік мәні бар. Олар сондықтан да „көрші хақысы — тәңір хақысы“ деген кісілікті уәжге қалтқысыз бағынған.

54. ШАШЫРАТҚЫ. Мал басының өсімі мен амандығы қашанда береке мен қуаныш кепілі. Сондықтан да малдың қас қабағына ден қойған шаруақор қауым күйек алуға, яғни қойға қошқар қосу науқанына айрықша мән беріп, оған үлкен үміт-тілекпен кіріскен.

Қазақ малшыларының тәжірибесінде үркер туатын қазан айының аяғына қарай қошқардан күйек шешіледі. Күйек алу үшін әдетте сәтті күн деп сәрсенбі, бейсенбі, жұма сияқты күндер таңдалады. Сол күні ауыл-елдің тілеуқор бейбішелері малдың басына келіп, „Іске сет!“ деп, малдың қысыр қалмауына тілектестігін білдіреді. Сол жерде шашу шашып, малшылардың көңілін жадыратады. Шашу табағының ішінде әдетте бірер уыс тары болады. Отар иесі сол тарыны уыстап алып, бір саулығын ұстайды да, „төл тарыдай көп болсын!“ деп, әлгі тарыны қойдың аузына құяды. Ал, кешке қарай әлгі тілеуқор бәйбішелер малшыларға „шашыратқы“ деп аталатын тағым тартады.

Діни наным-сенімнен ада, таза кәсіби қуаныш-тілектен

туған бұл сияқты еңбек рәсімі малшы қауымының өмір салтына мән-мағна, қызық-қуаныш дарытады.

55. АСАР. Бір адам былай тұрсын, анау-мынау бір үйлі жанның қауқар-қарымы жетпейтін, жетсе де сіңірді созып, өкпені өшкізетін ауқымды жұмыстар болады. Мәселен, жаңа бас құраған екі жас өздеріне бөлек үй салып алғысы келеді. Тілегі түзу, үміті дұрыс. Бірақ көңіл қобалжып, көз қорқып, жұмыс ауқымынан жасқаншақтай береді.

Осындайда, „Әй, тәуекел!“ дейді де, ауылға асар жасайтынын хабарлайды. Ол күні бір тоқты-торымын сойып, асарға келген ауыл адамдарына мол етіп тамақ дайындайды.

Көптің күші қоя ма, бір асарда кріпішін құйса, екінші асарда іргесін көтеріп, үшінші асарда жас жұбайларды жаңа үйлеріне кіргізіп кетуге әбден болады. Мұндай жақсы дәстүрді көшпелілердің өмір-салты, мақсат-мүдде ортақтастығы қалыптастырған.

56. СІРГЕ ЖИЯР. Күзге қарай шөп буыны қатқан кезде, бие ағытылып, бұзаудан сірге алынар шақта жайылар дастарқан дәмін „сірге жияр“ дейді. Әдетте жаз ортасы ауа, бұзаудың танауына сірге салып, енесімен бірге өріске жібереді. Сіргелі бұзау оты қанып жайылғанымен енесін еме алмайды. Дәлірек айтсақ, бұзау сіргесі шабына тиген сиыр емізбейді. Сірге бұзаудың да, сиырдың да еркін жайылып семіруі үшін пайдалы.

Күзде ауыл балалары семіз бұзауға шалма тастап, сіргесін алып, құлыннан ноқта сыпырылып, бір науқан жұмыс болады. Бұл күнге арнайы ет асылып, бірнеше күн бойы жиналған „сірге жияр“ қымыз ішіліп, үлкен адамдар мал бастың амандығына батасын беріп, игі тілектер айтысады. Тілек-бата үстінде маңдайға біткен ақ-адал малға ен салынады, сол малға мұрагер болар ұрпаққа бәсіре тай аталады. Сөйтіп, төрт түлік малының сүмесін тіршілігіне тірек еткен көшпелі ел еңбегінің зейнетін тойлағандай мәре-сәре күй кешеді.

57. СЕРНЕ. Қыс айларында жылқышылар бір мықты айғарды немесе иініс атын бауырынан жаратып, құнтита ерттеп алады да, таңдаған бір үйге „серне жегелі келдік“ деп түседі. Сернесіз де қонақ асы дайын тұратын қазақ, „серне“ деп жөн-жоралғысымен келген соң жылқышыларғы мол етіп ет асады. Дәмнің қамы басталғаннан-ақ жаңағы жылқышылар сайлап келген айғыр несесе ат сол қазан көтерген үйдің иесінің немесе баласының еркіне ти-

еді. Дәстүр бойынша серне атын қашан жылқышылар аттанғанша қалай қинап мінем десе де, қайда барып келем десе де еркінде. Әдетте жылқышылар түскен үйдің баласы мұндайда серне атын мініп алып, ойқастап, мақтанышпен қыр көрсетіп, бір мәз болып қалады. Жылқышылар ет жеп, мал қамын, қыс жайын дуылдаса әңгімелесіп болып, аттанарда серне атын өздерімен бірге ала кетеді.

Көшпелі елдің өмір салтында бұл да бір қарыз-парызы жоқ, жарастықты дәстүр болған.

58. ҰЙҚЫ АШАР. Қой қоздап, қалың төгін басталар кезде түнге қарай ауылдың қыз-бозбаласы өздері тіленіп көмекке шығады. Әдетте босаға жұлдыздары көк жиекті жағалай айналып барып көзден таса болған кезде қой төгіні саябыр тартады.

Қыз-бозбаланың тықырши күтетіні де осы шақ. Олар уақыт алмай „ұйқы ашар“ деп аталатын тағам жасауға кіріседі. Ол үшін қыздар жағы қойдан уыз сауып, бозбалалар жағы ауыл-үйдің шошалаларынан жуырда ғана ашылған бүрменің бір-бірі бөлек етін алып келеді. Мұндайда еттің сыбағалы мүшелері балалардың қолында кетпеуін ойлайтын шешелері ұйқы ашардың етін алдын ала бөлек шығарып қоятын әдет те болады. Әр үйден әкелінген ұйқы ашардың еті жиналған соң қотан шетінен қазан көтеріліп, отты лаулата жағып, әнді шырқата айтып жүріп, уызға қатырған сүрі етін пісіреді.

Берекенің басы болған мал төгінінің қуанышы сияқты, маужыр көктемнің лебі сияқты бұл дәстүр де әркімнің-ақ жанып жадыратады.

59. ТОҚЫМҚАҒАР. Ауыл үйдің қарттары жол жүрерде, содан жастар жағы бірыңғай болып ауылда қаларда немесе жас бала қаратабан болып тұңғыш рет атқа мінерде „тоқымқағар“ деп аталатын тамақ пісіріліп, дастарқан жайылады.

Мұның өзі бір жағы жол жүрер үлкендердің жолының болуына тілеулестік болса, екіншіден жас баланың азаматтығына қуаныш белгісі сияқты жолды білдіреді.

60. БАСТАҢҒЫ. Ауыл үйдің үлкендері көрші ауылға түрлі жөн-жоралғымен кеткенде, ауылда қалған жастар „бастаңғы“ деп аталатын тамақ істіп бас қосады. Бірыңғай жастар қысылып-қымтырылмай еркін әзілдесіп, ән-күймен көтереді.

Бастанғыны әке-шешесі жол жүріп кеткен үйдің бой

жеткен қызы да жасай береді. Бұл дәстүр кісіліктің жолы сияқты, қонақ-жайлықтың бір белгісі сияқты орныққан.

61. ТАБИҒАТПЕН ТІЛДЕС. Көшпелі елдің барша тіршілік болмысы табиғатпен тамырлас. Жыл маусымдарымен санаса отырып, бойлық бойынша тербеліп көшіп-қонуға бейімделген көшпелі қазақтың материалдық өндіріс жүйесі шаруашылықтың біртұтас құрылымын қалыптастырып, мұның өзі бір-бірімен өзара біте қайнасқан әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени системаны орнықтырған. Мұндай система барша өмір салтты, әлеуметтік тарихтың қарқынын, материалдық және рухани мәдениеттің төлтума қасиетін, салт-тәстүр мен талғам-танымды т. б. реттеп әрі өміршең етіп отырады.

Демек, көшпелі қазақтың барша тіршілік-болмысының табиғатпен тамырлас болуын олардың артықшылығы немесе кемшілік баландығы деп емес, тарихи даму барысындағы өмір сүрудің кепілі ретінде қарастыру керек.

Көшпелілер табиғат құбылыстарына, қоршаған ортаға қарсыласы ретінде қарамаған. Неғұрлым табиғат сырын терең танып, табиғатпен етене болған сайын өмір сүруге қолайлы мүмкіндіктердің де молая түсетінін жақсы білген. Сондықтан да, олар табиғатты бағындару арқылы емес, табиғатпен тіл табысу арқылы бақытты өмір сүруге болатынын таным-тәжірибе деңгейінде ғана біліп қоймаған, мұның өзі олардың моральдық-этикалық қалыптарына айналған. Сондықтан да, көшпелілер үшін қоршаған орта, тау-тас, өзен-көл, дала-орман, табиғат құбылыстары, тіптен аспан денелеріне дейін баршасы „тұлғаланған“, „кейіптенген“ немесе „жаңданған“ қалпында қабылданады. Мәселен Еуразия көшпелілерінің соңғы тұяғы қазақтар күні бүгінге дейін „күн күлімдеді“ „жұлдыз жымындады“ „күннің көзі“, „таудың басы“ „қамыстың саусағы“, „жердің төсі“, „судың беті“, „жылдың басы“, „жылдың аяғы“, „шөптің тамыры“, „ағаштың өзегі“ „долы дауыл“, „қатал қыс“, „ерке самал“ т. б. дейді. Немесе аспандағы айдың өзгерістерін қалт жібермей бақылап отыратын көшпелі-қазақ „ай туды“, „ай толды“, „ай сола бастады“, „ай өлді“ деп отырады. Айдың тууы мен солуының және толысуы мен солып жоғалуының арасы әрқайсысы 14 тәуліктен 28 тәулік болады. Яғни, 4 апта. Енді осыған қоса „өлген ай“, мен „туған айдың“ арасында көзге көрінбейтін 2 тәулік бар. Әлгі, „ай өлді“ несесе „өліара“ дейтіні осы. Міне, бұл сияқты сөз тіркестерінің баршасы көшпелі-қазақтың қоршаған орта мен табиғат

құбылыстарын тек қана „тұлғаланған“ „кейіптенген“ немесе „жаңданған“ қалпында қабылдайтынын көрсетеді. Ғасырлар бойы қоршаған орта мен табиғат құбылыстарының қасиет-болмысын қалт жібермей бақылау арқылы көшпелілер өздерінің білік-тәжірибесін шындап отырған.

Ойдаң орамын қаңтар мен ақпан айлары туралы айтылатын тәмсілмен түйіндеуге болады. Бұл екі ай қазақ жеріндегі қыстың ең суық айлар.

Қаңтар айының жүзі ауып бітуге айналғанда ақпанға қарап айтыпты дейді: „Боз тоқтыда құйрық қалды, бозша қызда бұғақ қалды, қырлан, ақпан, қырлан!“— деп. Қаңтардың мұнысы — „қанша қанша қаһарлансам да жан-жануарды титықтатуға мұршам келмеді, тоқтыда құйрық, бойжеткенде бұғақ қалды, енді өзің, ақпан, ақыра кірісші, мен алмаған өшімді өзің алшы“ дегендей. Демек, жыл он екі айды шаруақор қазақ „тұлғаланған“ кейіпте елестеткен. Олар үшін қаңтар мен ақпан қатыгез дұшпан кейпінде.

Сондықтан да, халықтық танымның білгірі ұлы Абай өзінің „Қыс“ деген өлеңінде қыс айларын „ақ киімді, денелі... соқырмылқау... үсті-басы — ақ қырау, түсі суық, басқан жері сықырлаған... дем алысы — үскірік... басын сіліксе қар жауып.. бурадай бұрқ-сарқ еткен долы“ кейпінде бейнелеген. Сол долы кейіптегі қаңтар мен ақпан халық ұғымында да тіршілік атаулының апшысын қуырып, басқан жері сықырлап, өтіп бара жатқан сияқты. „Күн қаңтарда қарға адым ұзайды, ақпанда ат адым ұзайды“ деп отырады шаруақор қазақ. Яғни, қыстыың қаһарлы екі айына шыдаса болды, әрі қарай ауа райы да жадырай беретінін біледі. Өйткені күн ұзаса, жер жылынады. Жер жылынса, көшпелі елдің көңілі жай.

62. УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК. Еуразияның Ұлы Даласында көшпелі өмір салтқа бейімделіп, оны өмір сүрудің негізгі арқауы ету үшін ең алдымен уақыт пен кеңістікке қатысты таным-түсінік қалыптасу керек. Онсыз көшелілердің өмір сүру үшін жасаған барша әрекет-тірлігі қайда барарын білмей тұрып жолға шышққан жолаушыға ұқсаған болар еді. Өзі мекен еткен кеңістіктің барша қадыр-қасиетін танып-білу, сол кеңістіктегі құбылыстарды уақытпен шендестіре зерделеуге машықтану — Еуразия көшпелілері үшін өмір сүрудің кепілі.

Содан да болар, көшпелі қазақ уақыт пен кеңістікті бір-бірінен ажыратпай, тұтастықта танып-түсінуді дәстүр еткен. Яғни, уақытқа қатысты құбылыстарды кеңістік

аясында, кеңістікке қатысты құбылыстарды уақыт аясында прақтар отыру машығы айқын байқалады. Мәселен, қазақ тіліндегі „ұзақ“ деген, сөз уақыт пен кеңістікке бірдей қатысты. Бұған „ұзақ жол“, „күн ұзақ“, „жол ұзарту“, „уақытты ұзарту“ т. б. сияқты тұрақты тіркестер дәлел болады.

Әрине, мәселенің мәні халық санасында уақыт пен кеңістіктің тұтасып жататынын аңғарып, оған мысал келтірумен ғана шектелуде емес. Мәселенің мәні, айғақ-дерекке жүгіне отырып халықтық таным-түсініктің тарихи өресін парықтауда болса керек. Осы ретте, қазақ тіліндегі „ұзақ“ сөзінің әрі уақытқа, әрі кеңістікке қатысты екенін аңғарысымен-ақ, мұны байырғы сананың жаңғырығы ретінде қарап, уақыт пен кеңістік категориялары халық санасында әлі абстракцияланып үлгермеген, яғни халық уақыт пен кеңістік туралы дифференцияланған таным-түсінік деңгейіне көтерілмеген деп тұжырым жасай салуға болады. Алайда, мұндай ойтұжырым өмір шындығына аналог болмас еді.

Түптеп келгенде, уақыт пен кеңістіктің ара-жігі мен қадыр-қасиетін пайымдай білу тек атау-терминмен ғана өлшенбейді. Қажет болса, бүгінгі адамдардың таным-түсінігінде де уақыт пен кеңістікті шендестіріп елестететін мысалдар толып жатыр.

Мәселенің мәні басқада. Көшпелі өмір салтта уақыт пен кеңістікті тел танып, бір-бірімен бітеқайнасқан сабақтастықта игермей тұрып, әлеуметтік өмірде береке таппас еді. Көшпелілердің қоғамдық ой-санасы қоршаған ортаны заттанғыан нақтылықта танып-түсіне отырып, сол танып-түсінген кеңістіктің барша қадыр-қасиетін уақыт аясында анықтап отырған. Ойды мысалмен орнықтыруға болады.

Төрт түлік мал — көшпелілердің өмір сүруінің кепілі. Ал, сол төрт түлік сәтті таңдалған кеңістік-жайылымда ғана өсіп-өнеді. Бұған күмән жоқ. Алайда, бұл талаптар жеткіліксіз. Төрт түлік мал өсіп-өну үшін сәтті таңдалған кеңістік-жайылымға қоса, уақытпен де ұрымтал есептесе білу керек. Сондықтан да, төрт түлік малды өміртіршілігіне тірек еткен қазақ „Әр айдың оты басқа“ дейді. Яғни, кеңістіктің қадыр-қасиеті уақыт аясында анықталатын болған. Сөз жоқ, уақыт пен кеңістік туралы мұндай таным-түсінік сыннан өткен өмірлік тәжірибеге қоса, сол тәжірибенің заңдылықтарын да пайымдау арқылы орнығады.

Көшпелі қазақтың уақыт пен кеңістік туралы таным-түсінігі, кең мағынасында, екі түрлі межелік категориямен

парықталады. Оның біріншісі — мифтік уақыт пен кеңістік, екіншісі — нақтылы уақыт пен кеңістік.

Осынау екі түрлі меженің сыртында уақыт пен кеңістікке қатысты фольклорлық меженің де болатынын айта кету қажет. Алайда, мифтік меже мен нақтылы меже халық санасында әлеуметтенген (социальность) қасиетімен ерекшеленсе, фольклорлық меже өмір шындығынан тыс тұрады. Былайша дәйтқанда, уақыт пен кеңістік туралы фольклорлық межені „әдеби“ қиялдыңы ғана жемісі деуге болады. Яғни, фольклорлық шығармалардағы „алты күнде жүріп, алпыс күнде атқа мініп, алты айшылық жолды алты-ақ аттап өтетін“ кейіпкерлердің өзіне ғана тән уақыт пен кеңістік межесі бар. Сондықтан да тарихи-әлеуметтік мәні бар уақыт пен кеңістікті межелі барысында көшпелі қазақ мифтік және нақтылы межелік категорияларға жүгініп отырған.

Мифтік меже, әдетте, дүние-тіршіліктің алғашқы жаралуына қатысты таным-түсінікпен сабақтасып жатады. Бұл ретте, көбінесе „есте жоқ ескі заманда“, „ерте-ерте ертеде“ „баяғыда“, „бұрынғы өткен заманда“, „байырғы кезенде“ т. б. деп келетін уақыт пен кеңістікке тел қатысы бар ұғымдар қолданылады. „Биікте көк Тәңірі, төменде қара Жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған“ деп басталады Күлтегіннің „Үлкен жазуы“ (Ежелгі әдебиет нұсқалары. А-А., 1967, 30-бет). Мұнда уақыт пен кеңістіктің межесі біртұтас. Адам баласының жаралған мерзімі мен тұрақ ететін мекені Жер мен Көктің жаралған мерзімі мен мекендік межесіне сәйкес. Сол сияқты қазақтың „Күн астындағы Күнікей қыз“ ертегісінде Күнікейдің елі Күннің қонақтайтын жерінде деп баяндалады. Яғни, мұнда да уақыт пен кеңістіктің мифтік межесі Қазақта „Алыптар“ деп аталатын қиял-ғажайып оқиғаға құрылған жұмбақ-ертегі бар.

„Баяғыда ағайынды үш жігіттің бір алып өгізі болыпты дейді. Өгіздің алыптығы сонша, ағайынды үш жігіттің біреуі — өгіздің басын екіншісі — белін, үшіншісі сауырын күзетіп тұрағанда аралары түстік жер болады екен. Бір күні ағайынды үш жігіт өгізді суармақшы болып айдыншалқар көлге алып келсе, өгіз көлдің суын сарқа ішіп қояды. Сонда көл түбінде шоршып қалған жайын балық аузын арандай ашып, өгізді қылқ еткізіп жұтып жібереді. Сол кезде қос қанаты күннің көзін көлегейлеген бір алып қара құс ұшып келеді де, жайынды шабақ құрлы көрмей іліп әкетіп, биік шыңның басына барып қонады. Қара құстың биік шың деп барып қонғаны өрісте жайылып

жүрген серкенің серейген мүйізі болса керек. Алып қара құстың мүйіз ұшына қонғанын көрген бақташы бала қорыққанынан серкенің бауырына тағылады. Қара құс жайын балықты алансыз паршалап жей бастайды. Бір кезде бүркіт ұшып кетті ме екен деп, бақташы бала жоғары қарағанда, жайын ішіндегі өгіздің жауырыны бақташы баланың көзіне ұшып түседі. Сол жерде бақташы баланың көзінен парлап аққан жас айдын-шалқар көл болады. Жаспен бірге жауырын да шығып қалады... Күндердің бір күнінде моншақтай тізілген қырық тоғанақты керуеншілер алыс сапардан шаршап-шалдығып келіп, бақташы баланың көз жасынан пайда болған көлдің жағасындағы алаңқай тақырға келіп қонады. Таң ата керуен тоқтаған тақыр шайқала қозғалып, керуеншілер шошып оянады. Қараса, керуеншілердің тақыр деп қонғаны өгіздің жауырыны екен. Сол жауырынның басын бір түлкінің күшігі кеміріп жатыр дейді. Керуеншілер күшік түлкіні қаумалап жүріп соғып алады. Сонсоң терісін сыдыра бастайды. Түлкінің бір жақ терісін түсіріп, енді келесі жақ терісін түсіру үшін аударайын десе, қырық керуеншінің әлі келмейді. Алайда, түлкінің бір қапталының өзі-ақ қырық керуеншіге бір-бір тымақ, бір-бір ішік шыққандай еді дейді. Тұщы дүниені қимағанмен бола ма, түлкі аударуға шамалары келмей амалы таусылған керуеншілер дал болып тұрғанда, бала көтерген бір әйел келеді де "Олжа ортақ болсын!" дейді. Керуеншілер: „Бұйырсын, алыңыз!" дейді. Сонда әйел түлкіні шопақ құрлы көрмей, сыйрағынан көтеріп тұрып, терісін сыдырып алады да, баласының басына өлшеп көреді. Түлкі терісі баланың шекесін ғана басқандай жұрын бөрік тігерлік болса керек. Әйел риза болып, қырық керуеншіні қонаққа шықырады.

Осындағы алыптардың алыба қайсы?" деп аяқталады ертек.

Осынау космогониялық жұмбақ-ертегідегі Өгіз, Жайын, Қарақұс, Серке, Бақташы, Түлкі, Әйел қолындағы бала — жеті алып — Жетіқарақшы жұлдызы деп жорылады. Қырық саны мен үш саны — көптіктің өлшемі, яғни қырық керуенші мен ағайынды үш жігіт — аспандағы сансыз жұлдыздардың баламасы. Әйел — Темірқазық жұлдызы. Аспандағы жұлдыз атаулы Темірқазықты айнала қозғалады. Жұмбақ-ертегінің әйелдің келуімен аяқталуы, ол әйелдің керуеншілерді қонаққа шақыруы өзге жұлдыздардың Темірқазықты төңіректен қозғалатынын меңзейді.

Жұмбақ-ертегідегі аспан денелеріне жердегі тіршілік

иелері балама болған. Ал, аспан денелері көшпелілер үшін уақытты бажайлаудың айғағы. Жұмбақ-ертегідегі өгіздің денесінің өзі уақытқа меже. Өгіздің басын, белін, сауырын күзетіп тұрған ағайынды үш жігіттің аралары түстік жерден. Яғни, жұмбақ-ертегінің жоруы уақыт пен кеңістікті шендестіру арқылы шешіледі.

Мифтік уақыт өлшемінде сабақтастық болмайды, белгілі бір оқиғалық кезеңдерді ғана межелеп отырады. Мифтік уақыттың мәні нақтылы өмірмен сабақтастықты бажайлауға байланысты емес, нақтылы уақыт өлшемінен тыс кезеңдерді межелеп, дүние-тіршіліктің жаралуына қатысты таным-түсінік сұранымдарына жауап береді. Сондықтан да, мифтік дәуір туралы айтылатын нақтылы оқиғаның өзі субъективтілігімен ерекшеленеді. Сөйте тұра өткен өмір туралы байырғы санаға „әлеуметтік“ мағна дарытып отырады.

Ал, нақтылы уақыт пен кеңістік межесіне ден қойғанда, көшпелі қазақтың барша таным-түсінігі тікелей өмірлік тәжірибемен сабақтасып жатады.

Осы тұрғыда, қазақтың нақтылы уақыт туралы дәстүрлі таным-түсінігін төрт түрлі межеге бөліп қарастыруға болады: бірінші — экологиялық уақыт, екінші — генеологиялық уақыт, үшінші — ситуациялық уақыт, төртінші — тарихи уақыт.

Экологиялық уақыт бойынша жыл мезгілдерін „көктем“, „жаз“, „күз“ „қыс“ деп саралау халықтың таным-тәжірибесінде айрықша мән-мағынаға ие. Әр маусымның өз ішінде өтетін табиғат құбылыстары, сол табиғат құбылыстарымен тікелей байланысты әрекетшаралар уақытқа меже болып отырады. Бұл ретте, қоршаған орта, табиғат, аспан денелерінің құбылыстары, сол құбылыстармен орайлас келетін әрекет-шаралар да уақытқа меже бола береді. Мәселен, әр маусымға орай уақыт межелерін былайша бажайлайды: көктем шыға, жаздың басында, жаз ортасында, жаздың соңына қарай, күз түсе, қыстың бас кезінде, қар бір жауғанда, қар бекіген кезде, қыс ортасында, қыстың соңына қарай, құралайдың салқыны кезінде, текенің бұрқылы бастала, өліарада, айдың қараңғысында, боқырау түсе, шөп буыны қата, жазғытұрымда, жазғытұрымғы қарақатқақта, көк қылтия, көк шыға т. б. Ал табиғат құбылыстарымен тікелей байланысты әрекет шараларды мына тұрғыда уақытқа меже етеді: ел жайлауға көшерде, малды көктеуге шығарғанда, күзекке көшіп-қонарда, қыстауға қайтар кезде т. б. Бұл сияқты межелену барысында уақыт пен кеңістік біртұтас

құбылыс ретінде қабылданып отырады. Мәселен, „ел жайлауға көшерде“ дегенде сол елдің көшетін мезгілін де, қонатын жайлауын да бажайлап-пайымдауға болады.

Экологиялық уақыт маусымдық немесе айлық межені айыру үшін ғана емес, сонымен бірге қысқа уақыт өлшеміне де қолданылады. Мәселен, экологиялық уақыт өлшемі бойынша бір тәулікті өз ішінде былайша межелейтін таным-т.сінік қалыптасқан: таң алдында, таңға жақын, таң біліне, таң сібірлей, таң сәріде, таң құлан иектене, таң қылаң бере, таңның шеті сөгіле, елеңалаңда, таң ағарып ата, таң рауандады, таң атты, күн шыға, күн көтеріле, күн іргеге түсті, күн құрық бойы көтерілді, күн арқан бойы көтерілді, күн иыққа шықты, күн түске жақындады, сәске түс, жалған түс, түс, тал түс, талма түс, шаңқай түс, түс қия берді, түс ауа, түс қайта, кіші бесін, бесін, күн еңкейе, күн жамбасқа келе, екінді, кешке қарай, кеш түсе, кешқұрым, ақшам кезі, ақшам жамырай, қас қарая, апақ-сапақта, қас қарайды, қызыл іңір, іңір қараңғысы, түн, жұлдызды түн, түн ортасы, жеті түн, түн ортасы ауа т. б.

Генеологиялық уақытқа адамдардың шыққан тегі, ру шежіресі меже болып отырады. Мәселен, „Шұбыртпалы Ағыбай батырдың Кенесары ханмен үзеңгілес болып жүрген кезі екен“, „Жетінші әкеміз Наймантай батырдың Тәуке хан құзырында жүрген кезі болса керек“ деп келетін шежірелік дерек уақыт межесін бажайлауға мүмкіндік береді. Әдетте генеологиялық уақыт межесін „түп-түқиян“, „жеті ата“, „ұлы баба“, „ұлы атай“, „әке“, „бала“, „немере“, „шөбере“, „шөпшек“, „шөбелек“, „немене“, „туажат“ т. б. сияқты туыстық атаулармен де бажайлауға болады. Генеологиялық деректер неғұрлым байырғы болған сайын, солғұрлым межесі өзінің тарихи нақтылығын көмескілеп, болжадық сипат ала түседі. Мұндайда генеологиялық субъектінің өзі уақыт межесіне айналып кетеді. Мәселен, „Абылай хан заманында“, „Тәуке хан тұсында“, „Қорқыт дүниеге келерде“ деген деректер айтылғанда, Абылай, Тәуке, Қорқыт өздерінің тарихи орындарына қоса, уақыт межесінің субъектілері ретінде де танылып отырады.

Жалпы, көшпелі қазақтың тарихи-әлеуметтік өмірінде рутайпалық құрылымның маңызы айырықша болғандықтан, яғни кез келген қазақ ата-анасының ғана перзенті емес, сонымен бірге белгілі бір ру-тайпаның да мүшесі болғандықтан, олардың генеологиялық таным-түсінігі мейлінше жан-жақты әрі терең болған. Сондықтан да,

уақыт ағымын пайымдауда генеологиялық деректерге жиі жүгініп отыруды дәстүр еткен.

Көшпелі өмір салтқа байланысты генеологиялық уақыт та, көп жағдайда, кеңістікпен шендесіп жатады. Мәселен, „Арқада Сағынайдың асы болғанда“, „Жетісуға даңқы жайылған Медеу байдың тұсында“, „Маңқыстаудың жетіқайқысы серілік құрған заманда“ т. б. деп келетін деректер уақыт пен кеңістікке бірдей қатысты.

Ситуациялық уақыт межесі, әдетте, ел есінде қалған белгілі бір оқиғамен несесе шаруашылық ыңғаймен, өмір салтпен сабақтасып жатады. Мәселен, „Абылайды хан көтергенде“, „Аңырақайда қалмақтар қирай жеңілгенде“, „Ақтабан шұбырынды кезінде“, „Ақ тышқан жылғы жұтта“, „Кәдірбектің әйелі ұл тапқан жылы“ т. б. дегенде елдің, белгілі бір әлеуметтік ортаның жадында қалған оқиға уақытқа меже. Ал, „күйек алына“ „жылқы күзерде“, „күзем жүнінің қырқымында“, „жабағы жүн қырқымында“, „бие байларда“, „мал төгіні кезінде“, „бие байларда“, „мал төгіні кезінде“ „қозы күземде“ „соғым басында“ „сірге жиярда“, „жылқы жинарда“ „биенің бас сауымында“, „қой қосақтарда“, „қозы жамыратарда“, „ел орынға отыра“, „құс қайта“, „қан сонарға шығарда“, „баланы қырқынан шығарғанда“, „баланың қарын шашын алғанда“, „баланы бесікке саларда“, „балаға тоқымқағар жасағанда“, „Асқар үйленгенде“, „Ораз отау үй шыққанда“, „Бөгенбай батырға ас берілгенде“ т. б. осы сияқты толып жатқан ситуациялық уақыт межесі тікелей өмірде болған немесе болатын оқиғалармен, шаруашылық ыңғаймен, салт-дәстүрмен орайласып жатады.

Ситуациялық уақыт межесі белгілі бір сәтті немесе кезеңді ғана білдіріп қоймайды, кейбір ситуация арқылы уақыттың мөлшерін пайымдауға да болады. Мәселен, „қас қағымда“ „ауымды ашқанша“, „ауымды жиып алғанша“, „ат ерттелгенше“, „сүт пісірім“, „шай қайнатым“, „ет асым“, „бие сауым“, „көз шырымын алғанша“, „қой терісін сыпырғанша“, „сабаны бір дем піскенше“, „бала қаз басқанша“, „оң-солын танығанша“, „азамат болғанша“, „ақ сақалды сары тісті болғанша“ т. б. деп келетін межелер уақыттың мөлшерін, яғни уақыттың қаншалықты қысқалығын немесе ұзақтығын білдіреді.

Көшпелі-қазақ экологиялық ситуацияларды да уақыт межесі етуте айрықша жүйрік болған. Мәселен, „Айдың үш жаңасында“, „Үркер көтеріле“, „Шолпан жұлдызы туа“ „Айдың бес тоғысында“, „Сүмбіле туа“, „Жұлдыз

сөне" „Күн алғаш күркіреген соң“, „Қар бір жауғанда“ т. б. деп келетін межелерді тек қана экологиялық уақыт өлшемі деп емес, сонымен бірге экосистемамен байланысты ситуациялық уақыт өлшемі ретінде қарастыруға да болады.

Ал, тарихи уақыт өлшемі болса, мұнда уақыт межесі календарлық есеп, жыл қайыру, мүшел есебі арқылы пайымдалады. Әдетте, тарихи уақыт межесін пайымдау барысында „күн“, „түн“, „тәулік“, „апта“, „ай“ „тоқсан“, „жыл“, „мүшел“, „ғасыр“, „заман“ „дәуір“ сияқты ұғымдар қолданылады.

Көшпелі қазақ тек қана уақытты межелеуде емес, сонымен бірге кеңістікті межелеуде де барша таным-түсінігі өмір салтымен, шаруашылық-мәдени сүлесімен (типімен) сабақтасып жатады. Дәлел ретінде кеңістік межесін білдіретін тұрақты сөз тіркестерін мысалға келтірумен шектелуге болады: қылдай, иненің көзіндей, тырнақтай, қас пен көздің арасындай, оймақтай, бір елі, екі елі, үш елі, төрт елі, тұтам, алақандай, сынық сүйем, сүйем, қарыс, кере қарыс, ұларақтай, қарға адым жер, бір табан, екі табанғ, қамшы сабындай, қол ұсыным, құлаш, қос құлаш, кере құлаш, бір аттам, екі аттам, құрық бойы, сойыл салым, шылбыр тастам, есік пен төрдей, арқан бойы, тас лақтырым, әу дем жер, қотан аясындай, ауыл орнындай, бір шақырым, қозы өрісіндей, қой өрісіндей, көз көрім, тай шаптырым, құнан шаптырым, ат шаптырым, бір көш жер, екі көш жер, бір күншілік жер, екі күншілік жер, ара қонып жететін жер, алты айшылық жер, қиян, қиыр, жер түбі, шет-шегі жоқ т. б.

63. ОН ЕКІ АЙДЫН ОТАНЫ. Қазақта „Малшы малынан бұрын ауа райының қас-қабағын бағады“ дейтін мәтел бар. Яғни, көшпелі өмір салтта жыл маусымдарының уақыт пен кеңістікке қатысты барша қасиет-құбылыстарын егжей-тегжейлі білмей тұрып ойдағыдай тіршілік құру мүмкін емес.

Осы ретте, жыл маусымдарының қасиет-құбылыстарына қатысты қазақ тілінде орныққан тұрақты сөз тіркестері назар аударады. Қазақ „көктем туды“ „жаз шықты“ „күз түсті“ „қыс келді“ дейді. Тіл білетін адам ешқашан „қыс туды“ немесе „күз шықты“ демейді. Сондықтан да, ұлы Абай қыс маусымы туралы „қыс туып қалды“ демейді, „Басқан ізі сықырлап келіп қалды“ дейді.

Жалпы жыл маусымдары туралы осынау тұрақты сөз тіркестерінің астарында танымдық мән-мағына бар.

Көктем туады — мұнысы дүниенің жаңғыруын, қайта түлейтінін, біреудің екеу болатының әйгілеп тұр. Жаз шығады — жер астында қалған тамыр жоқ, табиғат толысады деген сөз. Күз түседі — яғни, көктемде туып, жазда толысқан табиғат енді жемісін түсіріп, жапырағын төгеді. Ал, қыс келеді — шынында да, қарлы-борандатып, жаяу сырмалатып жететінін дәл беріп тұр.

Демек, көшпелі-қазақтың уақыт пен кеңістік туралы, қоршаған орта туралы атаулары мен тұрақты сөздері әр құбылыстың не екенін білдіретін сөздік белгі ғана емес, сонымен бірге белгілі бір құбылыстың төл қасиетін әйгілеп танытатын дерек көзі де. Бұл ретте, жалпы тіл атаулыны, сол тілдердің құрамындағы сөздерді, белгілі дәрежеде, таным-тәжірибенің айғақ-көрінісі деуге болады.

Ойдың желісін жыл маусымдарына қатысты сабақтай түсуге болады. Бір жылдың ішінде төрт маусымдық меже жалпы адамзаттық таным-тәжірибеде әр өңірде әр түрлі тарихи кез-кезеңдерде орныққан. Төрт маусымдық меже орныққанға дейін бір жылды қыс пен жаз деген сияқты екі-ақ кезеңге бөліп елестету қалыптасқан сияқты. Мәселен, шаруашылығы жоғары даму деңгейінде болған Мохонджо-Даро мен Хараппа өркениеті (б. з. д. III мыңжылдық) жыл уақытын көктемгі және күзгі күн мен түннің теңелуі деп екі межеге бөлген. Байырғы германдардың, кельттердің календарлық дәстүрінде де жыл уақыты жылы және суық кезең деп немесе қуаң және жаңбырлы кезең деп екі-ақ межеге бөлінген. Сондай-ақ, жаңа заманға дейінгі II мыңжылдықта Солтүстік Кавказ тұрғындары да, энеолит дәуіріндегі түпславяндар да (праславян) жыл уақытын әрекет ететін және әрекет етпейтін кезең деп екі-ақ межемен айырып отырған. Тек егіншілікпен немесе терімшілікпен айналысатын өңірлер ғана емес, мал шаруашылығын негізінен қыстау мен жайлауға ғана бейімдеген монғолдар да бір жылды өз ішінде көктем-жаз (хавар-зуны цаг улирал) және күз-қыс (намаревлийн цаг улирал) деп екі кезеңге бөледі. Мұндай дәстүрді аңшылықпен, бұғышылықпен, балықшылықпен айналысатын Шығыс Сібір мен Қиыр Шығыстағы (тунгус), эбенкі, негидэл (негидаль) сияқты жұрттардың да календарлық дәстүрінен байқауға болады. Негидэлдер бертін келгенше бір жыл ішінде екі рет — көктемде және күзде жаңа жылды тойлайтын болған (Календарные обычаи и обряды в странах зарубежной Европы. Исторические корни и развитие обычаев. М., 1983; Календарные обычаи и

обряды у народов Восточной Азии. Новый год. М., 1985; Рыбаков Б. А. Язычество древних славян. М., 1981; Петрова Т. И. Времяисчисление у тунгусо-маньчжурских народностей.— Памяти В. Г. Богораза. М., Л., 1937).

Бұл мысалдардан әр түрлі әлеуметтік дамудың сатысына қатысты әр түрлі шаруашылық-мәдени сүлеге (типке) байланысты календарлық таным-түсініктің қалыптасатынын байқауға болады. Яғни, шаруашылық-мәдени сүлесі егіншілікке, терімшілікке, бақташылыққа, бұғышылыққа, қыстау мен жайлау малшылығына бейімделген ортада бір жылдың алғашқы жартысында белсенді еңбек етіп, келесі жартысында сол еңбектің игілігін көретін болғандықтан, жылдық циклды екіге бөліп межелеу қалыптасқан. Әлеуметтік дамудың мұндай сүлелері үшін бір жылды төрт маусымға бөліп межелеудің, дәлірек айтқанда, шаруашылығын төрт маусымға бейімдеп жүргізудің қажеті болмаған.

Ал, әрісі Еуразияның Ұлы Даласындағы көшпелілер үшін, берісі көшпелі-қазақтар үшін бойлық бойынша мәңгілік тербеле көшіп-қонып жүру, яғни, еңбек-әрекетін бір сәт тоқтатпау, сөйтіп бір жылда төрт маусымның болатынын тап басып межелеу, сол төрт маусымға бүкіл шаруашылық-мәдени болмысын бейімдеу, жай ғана бейімдеп қоймай, төрт маусым туралы мейлінше терең таным-түсінік қалыптастыру және білік-тәжірибе жинақтау өмірлік қажеттілік болған. Сондықтан да, көшпелі-қазақ үшін „көктеу“, „жайлау“, „күзеу“ „қыстау“ ұғымдары әрі жыл маусымдарын, әрі мал шаруашылығын бейімдейтін мекен-тұрақты білдіреді. Былайша айтқанда, көктеу — көктем маусымының, жайлау — жаз маусымының, күзеу — күз маусымының, қыстау — қыс маусымының мекен-тұрағы. Көшпелі-қазақ үшін толассыз еңбек үрдісі жыл маусымдарының бәрімен санасып, бәріне бейімделуді қажет етеді. Уақыт пен кеңістікке барша әрекет-тіршілігін бейімдеу көшпелі қазақтың өмір сүруінің кепілі.

Көшпелі өмір салттың барша болмысы уақыт пен кеңістікке толассыз кіріптар болғандықтан, уақытты да, кеңістікті де шаруашылық ыңғайына қарай бөліп межелейтін дәстүр қалыптасқан. Күні бүгінге дейін қазақ жыл маусымдарының әр қайсысын өз ішінде үшке бөліп қарайды. Мәселен, күз маусымын — қоңыр күз, сарала күз, қара күз деп бөлсе, қыс маусымын — қыстың басы, қыстың ортасы, қыстың аяғы деп таратып отырады. Сол сияқты, көктем маусымы — ерте көктем, орта көктем (көктемнің ортасы), аяқ көктем (көктемнің аяғы), жаз мау-

сымы — жаздың басы, жаз ортасы, жаздың аяғы (соңы) деп сараланады.

Осынау төрт маусымның әр қайсысын үшке бөліп қарастыру және соған қарай шаруашылық жайын бейімдеу арқылы көшпелілер жыл бойынан он екі бөлікті, яғни он екі айды саралап шығара білген. Уақыт айырымы туралы 12 айлық жүйені алғаш танып-тұтынушылардың Орталық Азия көшпелілері болғаны қазір ғылыми ортада мойындалған (Цыбульский В. В. Лунно-солнечный календарь стран Восточной Азии. К., 1988. 3-бет). Яғни, жыл бойында табиғи ерекшеліктері бөлек-бөлек төрт маусым бар. Рас, төрт маусымды айырып-тану үшін міндетті түрде отырықшы болу немесе көшпелі болу шарт емес. Бұл өзі жыл сайын қайталанып отыратын, барша құбылыс-әсері айқын белгілерімен танылып отыратын табиғаттың айна-мас қасиеті. Демек, жыл маусымдарын айырып білу адам баласының бәріне ортақ табиғи таным болса керек.

Ал, енді жыл бойындағы сол төрт маусымның әр қайсысын үшке бөліп қарастыру үшін, жай ғана үшке бөліп қоймай, сол бөліктерге барша өмір салтын бағындырып, шаруашылық ырғағын үйлестіру үшін алдымен көшпелілікті өмір сүрудің негізі ету қажет. Бұл орайда, көшпелі өмір салттың сүлесіне (типіне) қатысты айырықша мән беретін жағдай бар: бәдеуилердің көк қуалап жөңкілетін жүйесіз көші де, эбенкілердің аң тұяғына ілескен алашапқын көші де, сығандардың тобырлық көші де, монғолдардың қыстау сағалаған көші де, австралиялықтардың еркін жайылымдағы малды бақылап жүретін көші де, нуэрлердің Нил өзенімен санасып отыратын көші де т. б. сөз болып отырған маусым ішіндегі үштік бөліктермен мүлде санаспайды және өмір салттарын ол бөліктерге бағындырмайды. Яғни, жыл маусымдарының әр қайсысын өз ішінде үшке бөліп, 12 айлық жүйені орнықтыру үшін және сол жүйені тіршіліктің негізі ету үшін табиғаты қуаң (аридті), ауа райы континентальды ортады тек қана бойлық бағытта көктемді қуалап дерелей (горизонтальды) көшуді немесе таулы өңірлерге көтеріліп-түсіп тікелей (вертикальды) көшуді өмір салтқа айналдыру қажет. Мұндай орта Жер бетінде біреу-ақ, ол — Еуразияның Ұлы Даласы. Яғни, жыл құсы сияқты бойлықты қуалай көшу арқылы табиғаттың қатал құрсауынан құтылуға мүмкіндік беретін, дәлірек айтқанда, мәңгілік көктемге ілесіп тербеле көшуге қолайлы бірден-бір кеңістік — Еуразияның Ұлы Даласы. Бұл далада соңғы үш мың жыл аясында, бәлкім одан да ұзақ мерзімде салт атты

көшпелілер өркениетінің салтанат құруы, аң алдымен адам мен табиғаттың, қоғам мен табиғаттың арасындағы үндестікке тікелей байланысты. Сондықтан да, Ұлы Дала тұрғындарының көші, дәлірек айтқанда, шаруашылық-мәдени сүлесі планеталық экология ырғағына бағынған деп тұжырымдауға негіз мол.

Демек, жалпы адамзаттық даму барысында еркеше мәні бар 12 айлық таным жүйесін Күн жолындағы 12 белдеу жұлдызбен байланыстырудан да бұрын, ең алдымен Жер бетіндегі таза эмпирикалық тәжірибемен ұштастыру әлде қайда қисынды болса керек.

Көшпелі қазақ төрт маусымды өз ішінде үшке бөліп, 12 айды саралаумен ғана шектелмеген. Әр айды 30 тәуліктен жіктеп, әр маусымға 90 тәуліктен еншілеткен. Қазақ тіліндегі „жаз тоқсан“ (жаз маусымы), „жел тоқсан“ (күз маусымы), „қыс тоқсан“ (қыс маусымы), „жыл тоқсан“ (көктем маусымы) деген сөз тіркестерінің мәні осында.

Осы тұста, айрықша қаперде болатын жағдай, көшпелі-қазақтың маусымдық танымы, соған байланысты ай мен тәуліктерді саралауы, олардың табиғи-экологиялық қасиеттерін танып-түсінуі, одан әрі аспандағы Ай мен Үркерді негізгі меже ете отырып тоғыс есебін жүргізуі, тоғыс есебі бойынша ауа райының құбылыстарын алдынала болжауы, яғни амалдарды біліп отыруы, міне мұның бәрі тек қана уақыт есебін білу үшін емес, сонымен бірге кеңістік аясындағы табиғат құбылыстарының жай-жапсарын біліп отыру үшін де қажет болған.

64. УАҚЫТ МЕЖЕСІ. Көшпелі қазақ өзінің ұзына тарихында уақытты межелеудің бес түрлі жүйесін қолданған. Бірінші, тоғыс айларының есебі. Екінші, азаматтық айлар есебі. Үшінші, әр маусымды өз ішінде үшке бөлу арқылы қалыптасқан 12 айлық есеп (байырғы гректер қолданған зодиак айлар есебі). Төртінші, араб жұрты қолданған айлар есебі. Бесінші, жалпы еуропалық календарь. Бұлардың сыртында адамның жасын есептеу үшін „мүшел есебін“, табиғат құбылыстарын болжау үшін „амал есебін“ қолданған. Уақытты межелеу үшін қолданған жүйелердің ішінде дәстүрлі тоғыс есебі мен азаматтық айлар есебі көшпелі-қазақтың өмір салтында айрықша орын алған.

Уақыт пен табиғат құбылыстарын аспан денелерімен шендестіре зерделеу барысында көшпелілер мейлінше терең астрономиялық білік-тәжірибе жинақтаған. Бұл ретте

көшпелілер арасына ең кең тараған тәжірибе ретінде тоғыс есебін айтуға болады. Ай мен Үркердің тұспа-тұс келуін, есепшілердің тілімен айтқанда „Айдың Үркерді басып өтуін“ тоғыс деп атайды. Ежелден-ақ көшпелі қазақ тоғыс пен тоғыстың арасында өтетін уақытты тоғыс айы деп атаған, Тоғыс айының ұзақтығы шамамен 27, 32 күн немесе 27 күн 8 сағат болады. Әдетте Үркер мен Ай жыл бойында 13 рет тоғысады. Үркер 40 күн көрінбейтін болғандықтан, есепшілердің тілімен айтқанда, „Үркер 40 күн жерде жатқандықтан“ 13 тоғыстың екеуі көрінбейді. Яғни, жердегілер Ай мен Үркердің II тоғысын ғана көреді. Есепшілер тоғыс айларын бір-бірінен сандық атау бойынша айырып атайды. Мәселен, Айдың нешінші жаңасында тоғыс болса, сол санмен тоғыс айы аталады. Егер Ай орағы 3 жаңасында Үркермен тұспа-тұс келсе, оны үш тоғыс айы деп атайды. Яғни, Үркер мен Ай тоғысатын белгілі бір айды бір тоғыс айы, үш тоғыс айы, бес тоғыс айы, жеті тоғыс айы, тоғыз тоғыс айы, он бір тоғыс айы, он үш тоғыс айы, он бес тоғыс айы, он жеті тоғыс айы, он тоғыз тоғыс айы, жиырма бір тоғыс айы, жиырма үш тоғыс айы, жиырма бес тоғыс айы деп атайтын дәстүр қалыптасқан. Тоғысу Айдың тақ санды жаңасында ғана емес, жұп санды жаңасында да болуы мүмкін. Бірақ қазақ есепшілері, онсыз да күрделі тоғыс есебін жеңілдету үшін тақ санға келтіріп атауды дәстүр еткен. Тоғыс айлары 28 күннен қайырылып отыратын болғандықтан, азаматтық айлардың есебімен сай келе бермейді. Яғни, көшпелі қазақ үшін азаматтық айлар (күннің есебі) уақытқа өлшем болса, тоғыс айлары (айдың есебі) табиғат құбылыстарына өлшем-меже болып отырған. Сондықтан да қазақ есепшілері „Бес-тоғыста қар кетпес“, „Үштоғыста қар қалмас“, „Бес-тоғыста күйек түседі“, „Үштоғыста қой қоздайды“ т. б. деп келетін толып жатқан тұрақты сөз түркестері арқылы табиғат құбылыстары мен шаруашылық жағдайларын күнібұрын болжап, қаперге ала білген.

Қазақтың дәстүрлі тоғыс есебін елестету үшін 1996—1997 жылдарға сәйкес келген тоғыс айларының кестесін келтіруге болады.

1996 жылы:

Бір тоғыс айы — 19 шілде мен 15 тамыз арасы,

Жиырма бес тоғыс айы — 16 тамыз бен 13 қыркүйек арасы,

Жиырма үш тоғыс айы — 14 қыркүйек пен 10 қазан арасы,

Жиырма бір тоғыс айы — 11 қазан мен 7 қараша арасы,

Он тоғыз тоғыс айы — 8 қараша мен 5 желтоқсан арасы,

Он жеті тоғыс айы — 6 желтоқсан мен 2 қаңтар арасы,

Он бес тоғыс айы — 3 қаңтар мен 30 қаңтар арасы,

Он үш тоғыс айы — 1 ақпан мен 28 ақпан арасы,

1996—1997 жылдары:

Он бір тоғыс айы — 29 ақпан мен 25 наурыз арасы,

Тоғыз тоғыс айы — 26 наурыз бен 22 көкек арасы,

Жеті тоғыс айы — 23 көкек пен 22 мамыр арасы,

Бес тоғыс айы — 23 мамыр мен 19 маусым арасы,

Үш тоғыс айы — 20 маусым мен 17 шілде арасы.

Осынау дәстүрлі тоғыс есебі бойынша бір жылда 364 тәулік бар. Бұған үш тоғыс айының соңынан бір күн қосылады; яғни шілде айының 18-і қосылып, бір жыл ішінде 365 тәулік болып шығады. Тоғыс айлары басталатын айдың күндері дәл сол меже бойынша әрбір 19 жылда бір рет қайталанып отырады. Мәселен, бір тоғыс айы 1996 жылы шілде айының 19-ы күні кірсе, содан 19 жыл өткен соң, 2015 жылы тағыда шілде айының 19-ы күні бір тоғыс айы басталады.

Тоғыс есебі Ай мен Үркердің орналасуына байланысты жүргізілетін болғандықтан, үнемі ашық аспан астында жүретін көшпелі-қазақ үшін жыл мерзімін тоғыс айлары бойынша межелену ыңғайлы болған. Былайша айтқанда, Ай мен Үркердің белгілі бір мерзімде тоғысып отыратын заңдылығы көшпелі-қазаққа қолдағы сағат немесе қабырғадағы күнпарақ (календарь) сияқты көрнекілігімен ден қойдырған.

Әлем халықтарының жыл есебін жүргізу дәстүрімен салғастырғанда қазақтың дәстүрлі тоғыс есебі өзінің көнелігімен де, біршама дәлдігімен де назар аударады.

Уақыт есебін жүргізуде қазақ арасында азаматтық айлар жүйесі де жиі қолданылып, бұқаралық сипат алған. Азаматтық айлар жүйесін жаңа санат (Григориан календары) бойынша былайша кестелеуге болады:

Наурыз — 22 наурыз бен 20 көкек арасы,

Көкек — 21 көкек пен 20 мамыр арасы,

Мамыр — 21 мамыр мен 19 маусым арасы,

Маусым — 20 маусым мен 19 шілде арасы,

Шілде — 20 шілде мен 18 тамыз арасы,

Тамыз — 19 тамыз бен 17 қыркүйек арасы,

Қыркүйек — 18 қыркүйек пен 17 қазан арасы,

Қазан — 18 қазан мен 16 қараша арасы,

Қараша — 17 қараша мен 16 желтоқсан арасы,
Желтоқсан — 17 желтоқсан мен 15 қаңтар арасы,
Қаңтар — 16 қаңтар мен 14 ақпан арасы,
Ақпан — 15 ақпан мен 16 наурыз арасы,
Бес қонақ — 17 наурыз бен 21 наурыз арасы.

Кібісе (високоcosный) жылдары ақпан айы 15 ақпаннан 15 наурызға дейін, ал бесқонақ күндері 16 наурыздан 21 наурызға дейін болады.

Қазақтың азаматтық айлар жүйесі бойынша тарихи уақыт межесін анықтау үшін ескі санат (Юлиан календары) есебін шығару қажет болса, онда жаңа санаттың (Григориан календары) ХХ ғасыр күндерінен 13 тәулікті, ХІХ ғасыр күндерінен 12 тәулікті, ХVІІІ ғасыр күндерінен ІІ тәулікті алып тастау керек.

Қазақтың астрономиялық білім-тәжірибесі көшпелі өмір салттың барлық жағдайына бағдаршы болып отырған. Түптеп келгенде, Еуразияның Ұлы Даласындағы көшпелі өмір салт астрономиялық және фенологиялық тәжірибенің жинақталуы арқылы орныққан деп тұжырым жасауға әбден болады. Бұл ретте, мақал-мәтелдер, аспан денелерінің атаулары және фенологиялық тәжірибе тұжырымдары халықтық таным-түсініктің ең ішті айғағы ретінде ден қойдырады.

65. МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР.

.Ай қораланса арысыңды сайла,
Күн қораланса күрегінді сайла.

.Ай бетінде де дақ бар.

.Ай деген аунап тұрғанша,
Жыл деген ат басын бұрғанша.

.Айдың Үркер — ұлы, Шолпан — қызы,
Туыс болмай қатпайды жердің мұзы.

Ай сәулесі — айна сәулесі.

.Айдың тік туғаны халыққа жайлы,
Шалқасынан туғаны өзіне жайлы.

.Ай қырынан туса, айбалтаңды сайла,
Ай шалқасынан туса, күрегінді сайла.

.Ақырап ақырып келеді,
Қарлы боранын шақырып келеді.

.Ақырап, қауыс,
Кәрі-құртаңды тауыс.

.Ақбозат пен Көкбозатты Жетіқарақшы
Ұстаған күні ақырзаман болады.

Әр айдың оты басқа.

Әр айдың аты басқа,
Әр малдың оты басқа.

Босаға таңды сарғайтып батады.

Бестоғыста қар кетпес,
Үштоғыста қар қалмас.

.Біртоғыстың аяғында арпа піседі (Ташкент).

.Бірінші күні Ай мен Үркер ауыл үй қонады,
Екінші күні тоғысады,
Үшінші күні топырақ шашысып ажырасады.

.Жаз сайға қонба,
Қыс қырға қонба.

.Жаман қатын құрт пенен май алады,
Сүмбілеге жеткізбей жеп салады.

.Жаңа Ай батыстан көрінеді.

.Жаңа туған Айды көрген бір мұрат,
Жаңа шыққан Күнді көрген бір мұрат.
Жаңа ашылған гүлді көрген бір мұрат.

.Жәді (желтоқсан) айы жебедей жерге тығады.

.Жетіқарақшыны таныған адам
Жетіқараңғы түнде адаспайды.

.Жұт жеті ағайынды,
Тебеген атпен сегіз ағайынды.
Қабаған итпен тоғыз ағайынды,
Қада ағашпен он ағайынды,
Күйеу баламен он бір ағайынды.

.Жылан жылы — жылыс,
Жылқы жылы — ұрыс,

Қой жылы — заңғар тоғыс.
.Елу жылда ел жаңа,
Жүз жылда қазан.

.Күн қаңтарда қарға адым ұзайды,
Ақпанда ат адым ұзайды.

.Кешкі Күн құлақтанса,
Қатының ұл тапқандай сүйін.
Ертеңгі Күн құлақтанса,
Еліңді жау шапқандай күйін.

.Көктің айы;
Түске дейін мүйіз,
Түстен кейін киіз.

.Күн ортақ, Ай ортақ, жақсы ортақ.

.Күнәң жоқ болса Күнді болжа.

.Көктемде Үркердің тұрағы батыста.

.Қараөзек шақтың көжесі,
Қарында емес, қуықта.
Қара торсық жерде емес,
Лулі тұрар уықта.

.Қараөзек шақта,
Қыс ұзарып шелді жейді,
Күн ұзарып түнді жейді.

.Қамбар жұлдызы мен Айдың „атысуы“ кезінде са-
парға шықпа.

.Қамбар мен Айдың тоғысында жолаушы жолға
шықса,

Қамбар жұлдызы:
„Білмегенге білдіремін, біле тұра,
Жол жүрсе бүлдіремін“ депті.

.Құс қайта Босаға Үркерден соң туады.

.Қамбар Аймен тоғысарда „бақырады“.

.Қамбарды маңдайыңа салма,
Артыңа сал.

.Қараша, Қауыс — кәрі-құртаңды тауыс.

.Мауысым (маусын)— табаныңнан таусыл.

.Малшы малынан бұрын ауа-райының қас-қабағын бағады.

.Ұлыс күні құмалақ қарға бармақ бойы батса,
Қырық күндік жерге арбамен шық,
Құмалақ қар бетінде қыдырып жатса,
Қырық күндік жерге шанамен шық.

.Отамалы жақсы болса, от алғанша,
Жаман болса, отағанша.

.Сәуір болмай тәуір болмас,
Ит балалап сауын болмас.

.Сәуір бұлты қайда шөксе,
Сонда жұт болады.

.Сәуір болса күн күркірер,
Күн күркіресе көк дүркірер.

.Сәуір болмай жауын болмас,
Жауын болмай тәуір болмас.

.Сәуірдегі жауын —
Жауып тұрған сауын.

.Сүмбіле туса су суыр,

.Сүмбіле туар жылтиып,
Ат семірер құнтиып.

.Сүмбіленің туғанын су біледі.

.Сүмбіле суықта сүмпиіп туады.

.Сүмбіледе таң ұзарады,
Ұйқы қанады.

.Сүмбіле Таразыдан бір ай кіші.

.Таң атар,
Таңды Шолпан оятар.

- .Туған Ай — туралған ет.
- .Таразы жаз бен күздің тең ортасында туады.
- .Таразы туса таң салқын.
- .Таразы туса тары піседі.
- .Таразы туса таң суиды,
Сүмбіле туса күн суиды.
- .Үштің айы — күштің айы.
- .Үт кірді — үйге құт кірді.
- .Үт туды — сарт көтіне құрт кірді.
- .Үшарқар шұбатылып шығып,
Қатарласып батады.
- .Үркер таққа тоғаяды.
- .Үркер суға түссе, жауынды болады,
Қарға түссе, құрғақшылық болады.
- .Үркерлі айдың бәрі қыс.
- .Үркер үйден көрінсе,
Үш ай тоқсан қысың бар.
Үркер іңірде жамбасқа келсе,
Жаз шықпағанда несі бар.
- .Үркер батқан күні қыс тоқсаны басталады.
- .Үркер көкке шыға жаз күні тоқырайды.
- .Үркер жерге түссе, көк қаулап өседі.
- .Үркер жерде жатқанда қошқарда ұрық болмайды.
- .Үркер көтерілсе,
Қошқар да басын көтерер.
- .Үркер туған соң,
Жерге дән сеппе.

.Үркер туса, шөп буыны қатады,
Шөп буыны қатса, сорпа ас болады.

.Үркер көтерілмей тары көтерілмейді.

.Үркер батса, таутеке таудан ұшады.

.Үркер қақаған аязда қақ төбеде.

.Үркер көтерілді,
Босаға туды,
Қымыз сұйылды,
Сорпа қатық болды.

.Үркер, Таразы, Сүмбіле үшеуі үш айда туып, бір айда батады.

.Үркердің, Күннің, Айдың жөні бір.

.Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар.
Ұлы кісіден бата алса,
Сонда ол жылы жол болар.

.Шығырма жұлдыз, шарт аяз.

.Шолпан туар, Шолпанның артынан Олпан туар.

.Шолпан — қойшының қоңыр жұлдызы.

.Шолпан — Айдың „қызы“.

66. ДӘСТҮРЛІ АСТРОНОМИЯЛЫҚ АТАУЛАР.

Ағылсын (Ақбозаттың қарсысындағы жұлдыз — Вега.
Ай — Луна.

Айдасын (Босаға жұлдызының біреуі, Көкбозат жұлдызының қарсысында) — Капелла.

Ақбозат, Көкбозат, Арқан (бұл жұлдыздарды қосып Мыртық немесе Түрен деп те атайды) — Малая Медведица.

Ақбозат (Ақбозат, Көкбозат, Арқан жұлдыздарының маңдайындағы қос жұлдыздың сол жағындағысы) — Малая Медведица.

Аққу шоқжұлдызы.

Аңырақай (Қызылжұлдыз) — Марс.

Арқан (Ақбозат, Көкбозат жұлдыздарының жалғасы)— Малая Медведица.

Аспан — Небо.

Әлем — Вселенная,

Әуе — Небо.

Босаға — Капелла.

Болпан (Кіші Шолпан)— Меркурий.

Ғарыш — Космос.

Егіздер (Босаға жұлдыздарының сол жақтағы екеуі)— Полукс, Кастор.

Есекқырған (Сарыжұлдыз, Жарықжұлдыз, Керуен жұлдызы, Мардүк, Олпан)— Юпитер.

Жетекші (Босаға жұлдыздарының оң жақтағы екеуі).

Жетіқарақшы (Шөміш)— Большая Медведица.

Зартас — метеор.

Көк — небо.

Көкбозат (Ақбозат, Көкбозат, Арқан жұлдыздарының маңдайындағы қос жұлдыздың оң жақтағысы)— Малая Медведица.

Көкшақпақ — Ригель.

Күзетші.

Құс жолы (Сабан жолы)— Млечный путь.

Құйрықты жұлдыз — Комета.

Қыдырма жұлдыз — Блуждающая планета.

Қарақұрт — Кассиопея.

Қамбар — Лев.

Қоян.

Қырыққарақшы (Босаға мен Жетіқарақшының арасындағы ұсақ жұлдыздар).

Қоңырқай жұлдыз — Сатурн.

Лақсүмбіле (Кішісүмбіле)— Процион.

Мүшел — Цикл

Мылтық.

Мизам — Весы шоқ жұлдызының шоғырындағы төменгі қос жұлдыздың оң жағындағысы. Гаммамен белгіленген.

Оқ — Бестельгейзе.

Өлара — Междулиние.

Расытхана — обсерватория.

Сүмбіле (Текесүмбіле, Үлкен Сүмбіле)— Сириус.

Сұлусары — Альдебаран.

Сиыршы — Арктур.

Сыңармүйіз.

Таразы (Мойынтұрық, Үшарқар, Шідер)— Орион.

Талихнама — гороскоп.

Темірқазық — Полярная Звезда.

Тоғысу — покрытие.

Түтін.

Үркер — Плеяда.

Үлкен арлан

Шолпан (Жарықжұлдыз, Өмірзая, Нарық жұлдызы, Тұлқатын, Зухра)— Венера.

Шайтантаразы (Кішітаразы).

67. ГЕРОДОТ ЕСТІГЕН ЖҰМБАҚ. Әйгілі Геродоттың „Тарих“ атты кітабында мынадай бір аңыз бар. Скиф Тарғытайдың үш ұлы болыпты. Үлкені — Липоксаис, ортаншысы — Арпоксаис, кішісі — Колаксаис деп аталыпты. Бірде Скиф жеріне алтыннан соғылған балта, шөміш, түрен, мойынтұрық сияқты төрт зат көктен түседі. Мұны ағайынды үш жігіттің үлкені көріп, алмақшы болып жақындаса, әлгі заттар лап етіп жалын шашып, жолатпайды. Ортаншысы жақындаса да солай болады. Сонда ағайынды жігіттердің кішісі Колаксаис жақындағанда алтын заттар сол алтын қалпында қалады. Колаксаис көктен түскен балтаны, шөмішті, түренді және мойынтұрықты үйіне алып келеді. Осыдан кейін екі үлкен ағасы інілері Колаксаистің қаған болуына келісім берген екен (Геродот, „История“, Л., 1972. 188-бет).

Осы аңыздың астарына талай-талай ғалым-зерттеушілер (Б. А. Рыбаков, Д. С. Раевский, А. Хазанов т. б.) ден қойып, скифтердің наным-сенімдерімен, дүниетанымымен, шаруашылық жағдайларымен, әлеуметтік өмірлерімен байланыстырған ойларын ортаға салды. Алайда осынау көктен түскен төрт заттың астрономиялық таныммен байланысының барына зер салған, осыған орай қисынды ой айтқан ғалымдар бола қойған жоқ.

Жезқазған облысындағы Ұлытау төңірегіннің тұрғыны Тай Тілегенов ақсақалдың айтуында мынадай бір байырғы жұмбақ жазылып алынды:

„Жапаңда жайнап тұрған бір бәйтерек,

Заты бар бұтақ сайын жанға керек.

Балта, шөміш, түрен мен мойынтұрық —

Төртеуін таңдап алдым ерекше елеп”

Бұл жұмбақтың шешуі — жапан дегені — түнгі аспан, жайнап тұрған бәйтерегі — аспан жұлдыздары, балта дегені — Таразы, Үш арқар немесе Шідер деп аталатын жұлдыздар (созвездие Ориона), шөміш деп отырғаны —

Жетіқарақшы жұлдыздары (Большая Медведица), түрен дегені — Ақбозат, Көкбозат, Арқан жұлдыздарының шоғыры (Малая Медведица), мойынтұрық дегені — Қарақұрт (Кассиопея) жұлдыздары.

Яғни, аспан денелерін көшпелілер өздерінің өмір салтында тұтынатын заттардың образды бейнесімен елестетеді. Елестете отырып жұмбақ шығарған.

Бір ғажабы, осынау заттанған аспан денелерінің байырғы түркілік атауларына және олардың мән-мағынасына зер салсақ, Геродот келтіріп отырған аңыздың сыр-себебі одан әрі ашыла түседі. Мәселен, қазақ тілінде күні бүгінге дейін Жетіқарақшы жұлдызы кейде Шөміш деп те аталады. Ресейдің оңтүстік шығыс өңіріндегі тұрғындары да Жетіқарақшы жұлдызын „Большая Медведица“ деп атаумен бірге „Ковш“ (Шөміш, ожау) деп те атайды. Ал, солтүстіктің великорустері болса, Жетіқарақшы жұлдызын „Телега“, „Возница“ дейді. Яғни, түркі тілдес көшпелілер мен Ресейдің оңтүстік шығысындағы тұрғындар арасында Жетіқарақшы жұлдызы туралы таным-түсініктің өзара жұғысты болғаны күмән тудырмайды. „Шөміш“ сөзі қазақ тілінде ғана емес, балқар тілінде де Жетіқарақшы жұлдызын білдіреді. Қазақ тіліндегі „балта“, „айбалта“ сөздері балқар тілінде „Ғида“ деп аталады. Қазақ тіліндегі „қидалау“, „қидаласу“, „қида-қида болу“ деп келетін тіркестер де балталасудан болатын әрекет-қимылдан туған сөздер екені ден қойдырады. Дәл сол сияқты қазақ тіліндегі „таразы“ сөзінің бір мағынасы аспандағы жұлдызды білдірсе, балқар тілінде бұл жұлдызды „Боюнсала“ яғни „мойынсалма“, „мойынағаш“ (мойынтұрық) дейді. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі Ақбозат, Көкбозат және Арқан деп аталатын жұлдыздар шоғыры (Малая Медведица) халық арасында Мыртық немесе Түрен деп аталса, балқар тілінде түренді „мырытла“ деп атайды.

Осынау бірер ғана түркі тілдес халықтар тілінде сақталған аспан денелерінің атауындағы заттық мағыналар байырғы скиф аңызының мән-мағынасын бажайлауға себепші болып қана қоймайды, сол аңыздың сырын ашатын айғақ-қисындардың түйіні бүгінгі түркі тілдес халықтардың тілінде, фольклорында сақталып отырғанына назар аударады. Мұның өзі скиф әлемі мен түркі тілдес халықтар арасындағы, дәлірек айтсақ, скиф — қазақ арасындағы мың сан сабақтастықтың бір ғана қызықты айғағы болса керек.

68. ҚАРҒА — ТӘҢІРИНІҢ ЕЛШІСІ. Әрісі алтай тілдік тобындағы халықтардың, соның ішінде қазақ халқының да наным-сенімі мен салт-дәстүрінде қарғаны кие тұтып, киетек (тотем) деп санайтын үрдіс күні бүгінге дейін сақталған. Бұл мәселеге көптеген ғалым-зерттеушілер назар аударып, осы уақытқа дейін қыруар айғақ-деректер жинақталған. Алайда, қарғаның киетектік (тотемдік) мәні мен наным-сенімдік сыр-себебі туралы бір байламға келген ой-тұжырым әзірше жоқ деуге болады. Осы тұрғыда қарға киетегі (тотемі) сөз болғанда уақыт пен кеңістікке қатысты байырғы таным-түсініктер бірінші кезекте назар аударады.

Зеңгір көкті құдіреті күшті Тәңірі деп танып, көк жүзіндегі Күн мен Айды Тәңірінің көзіне балап, табиғатты тіршіліктің тірегі ретінде кие тұтқан Ұлы Даланың байырғы көшпелілері үшін ең ұлы құбылыс күн мен түннің теңесер мезгілі болған. Күн мен түн теңескен соң дүние-тіршілік жаңғыра түлейді. Тәңірінің құдіретімен ғана жүзеге асуы мүмкін деп түсінген мұндай ұлы құбылыстың алдындағы әрбір нышан, әрбір белгі кие тұтылған. Күні бүгінге дейін, басқа да көптеген халықтар сияқты, қазақ көктемде алғашқы көрген жыл құсына, алғашқы жауған жапалақ қар мен жаңбырға, алғашқы күннің күркірегеніне, алғаш бүр жарған жауқазынға, алғаш шыққан жуаға айырықша мән беріп, әр түрлі ырым-жоралғы жасайды. Әсіресе, алғаш дүркіреп шыққан көкті тіршіліктің жалғасына балап, көк түсті кие тұтып, тіптен жыл басын „көктің айы“ деп те атайды. Қазірге дейін ел ішінің кәрікұлақ есепшілері жыл басын „көкек айы“ деумен бірге „көктің айы“ деп те отырады. Ойды ербіту үшін осы мысалдарды сабақтай түсу қажет.

Алдымен бір айды неге әрі көкек айы, әрі көктің айы дейді? Сонсоң, көкек айының көкек құсына қандай қатысы бар? Осыған байланысты екі түрлі жауаптың қисынын көлденең тартуға болады. Біріншісі, көкек айының атауы көкек құсына байланысты деген қисын. Екіншісі, көкек айының атауының көкек құсына қатысы жоқ деген кереғар қисын.

Көкек айының атауы көкек құсына қатысты деген қисынды орнықтыратындай елеулі бір айғақ „қытай тарихының атасы“ Сыма Цянның „Тарихи жазбаларында“ („Шинцзи“) кездеседі. Ол өзінің „Календарь туралы трактат“ („Ли шу“) деп аталатын еңбегінде былай дейді: „Есте жоқ ескі заманнан бері календарь бойынша жыл баеы көктемнің Мэн-чунь деп аталатын бірінші айы болып

белгіленген. Бұл кезде жердің тоңы жібіп, жан-жануар ұйқыдан оянып, өсімдік атаулы жаңғырып көктейді, сол кезде ең бірінші болып көкек үн қатады" (Сыма Цянь. Исторические записки. IV том. 1986. 107-бет.).

Бұл айғақ-дерек біздің жыл санауымызға дейінгі II-ғасырлар жапсарында жазылған. Сөйте тұра осынау айғақ-деректі әрісі түркі тілдес халықтардың, берісі қазақтың арасындағы көкек айының атауымен сабақтастырайын десең, бірнеше күдік-күмән кес-кестейді. Рас, көкек құсын қытайлар жыл басымен байланыстырып, кие тұтады. Әсіресе, қытайдың орталық және шығыс өңіріндегі барша өмір салтын егіншілікпен байланыстырған тұрғындары үшін ерте көктемде үн беретін көкектің қадір-қасиеті айырықша. Ал, Еуразияның қуаң даласында жылдың төрт маусымымен бірдей санасып, мал шаруашылығымен айналысқан көшпелілер үшін көкек соншалықты "қадірлі" емес. Қазақтың қуаң даласында көкектің кәдімгі көкек, саңырау көкек, кіші көкек, айдарлы көкек, сасық көкек, үнді көкек, бәбісек көкек деген түрлері кездеседі. Осылардың қай-қайсысын да қазақ онша жаратпай, "ұшқалақ, тасбауыр, жұмыртқасын жатқа салады" деп отырады. Ыржан сал өзінің белгілі әнінде "көкек деп бос жүргенше секең қағып" дейді. Сондай-ақ, жыл құстарының ішінде Еуразияның Ұлы Даласына көкек алғаш келетін жыл құстарының санатына жатпайды. Көктемнің хабаршысындай болып алғаш жететін жыл құсы — ұзақ қарға.

Шығысы — Ұлы Қытай қорғанынан бастап, батысы — Жерорта теңізіне дейінгі түркі тілдес халықтардың бірдебірі көкек құсын кие тұтпайды. Алтай тілдік тобынан өрбіген халықтарға қатысты киетектік (тотемдік) және этнонимдік айғақ-деректерде қасқыр, өгіз, қабан, бұғы, ит, тасбақа, дәуіт, жылан, аққу, қаз, қарлығаш, қырғауыл, қарқара, қарға сияқты жан-жануарлар кездеседі, бірақ көкек ұшыраспайды. Рас, қазақ арасында, сондай-ақ мұсылман дініне мойын ұсынған Орта Азиядағы басқа да халықтардың арасында Сүлеймен патшаның көкек құсына мейірімі түсіп, шапағаты тигені жөнінде аңыз-әфсана белгілі. Алайда, бұл аңыз әрі дегенде орта ғасырда ғана ислам дінін уағыздаушылар арқылы жеткен.

Тарихи-салыстырмалы тәсіл тұрғысынан да, айғақ-деректердің мерзімдік хронологиясы тұрғысынан да алтай тілдік тобындағы халықтар арасында ең байырғы киетектің (тотемнің) қарға екенін байқауға болады. Этнография ғылымының негізін салушы америкалық әйгілі ғалым

Л. Г. Морган өзінің „Байырғы қоғам“ атты еңбегінде үндістердің тотемі ретінде қасқыр, жолбарыс, аю, бұғы, қабылан, балық, сұңқар, құтан сияқты аң-құстардың санатында қарғаны да атайды. Солтүстік Америкадағы атапаск, тлинкит тайпаларының арасына кең тараған космогониялық кейіпкердің есімі. Ел деп аталса, мұның өзі сол тайпалардың тілінде Қарға деген сөз. Сол Ел-қарғаны атапаск және тлинкит тайпалары жарық нұрды, тұщы суды, қара жерді, қызулы отты т. б. игіліктерді жаратушы деп есептеп, жақсылықтың нышаны ретінде кие тұтады (И. Е. Вениаминов. Записки об островах Уналашкинского отдела. III. СПб. 1840. 51—55 беттер; Д. Д. Фрээр. Фольклор в Ветхом завете. М., 1989. 149-бет). Дәл сол сияқты, саха (якут) мифологиясының кейіпкері Елей (Элей) де ұдайы жақсылықтың басында жүреді (А. М. Золотарев. Родовой строй и первобытная мифология. М., 1964. 247—248-беттер). Фольклоршы ғалым Е. Тұрсынов сахалардың арасындағы Елей мен атапаск-тлинкиттер арасындағы Елдің өзара байланысы бар екенін, ол байланыстың тек-тамыры палеолит-мезолит замандарынан бастау алатынын жазған (Е. Тұрсынов. Генезис казахской бытовой сказки. А-А., 1973. 56-бет). Соңғы кездегі зерттеу қорытындылары мұндай ой-тұжырымды орнықтыра түседі. Егер Америка үндістерінің шамамен 20 мың жыл бұрын Азиялық Сібірден қоныс аударғанын ескерсек, онда қарға киетегінің тектамыры мейлінше байырғы заманнан бастау алатынына күмән қалмайды. (Р. И. Сукерник. т. б. Первоначальное заселение Америки в свете данных популяционной генетики. Мына кітапта: Экология американских индейцев и эскимосов. М., 1988. 19—32-беттер).

Азиялық Сібірді тұрақ ететін халықтардың наным-сенімінде қарға күні бүгінге дейін кие тұтылады. Сахалардың қаңғалас тайпасының ішінде суар (қарға) руы бар. Сондай-ақ, шорлардың арасында да бір ру қарға деп аталса, туба ішінде хусхун (құзғын) деген ру кездеседі. Қазақ арасындағы керей руының атауы „қара“, „қарға“ сөздерімен тамырлас екені жөнінде Рашид ад-Дин, Г. Н. Потанин еңбектерінде генеологиялық аңыздар келтірілген... Яғни, бұл деректердің қай-қайсысында да қарға генеологиялық тек ретінде көрініс тапқан (Архив Г. Н. Потанина в научной библиотеке Томского государственного университета. п. 18, 1973-дәптер, 9-парақ А. Липский. К вопросу об использовании этнографии для интерпретации археологических материалов. „Советская этнография“.

1966. № 1. 115-бет; Н. А. Алексеев. Ранние формы религии. Новосибирск. 1980. 99—111-беттер.).

Қарға туралы, оның қадыр-қасиетіне қатысты деректер генеологиялық аңыздармен ғана шектелмейді. Манжұрлардың арасында қағанды өлімнен құтқарған қарға туралы аңыз бар. Бұйраттардың (бурят) наным-сенімі бойынша құдіреті күшті Гучин-Гурбу-Гурбустен-ханның құрметіне шалған құрбандық малының етінен үш қарға шоқыса аруақ риза болады (Г. Н. Потанин. Очерки северо-западной Монголии. 4-басылым, СПб., 1883, 451-бет). Ал, ебенкілер қарғаны Тәңірінің серігіне балайды. Тәңірі адамзатты жаратқанда, оған қарға көмекші болыпты деп есептейді. Қарғаны монғолдар да кие тұтады. Олар мама ағаштың басына қарға қонса атымыз жүйрік болады деп ырым көреді (Монғол халық республикасының этнографиясы. Монғол тілінде. I-том. Ұланбатыр. 1987. 390-бет).

Бұл сияқты мысалдарды түркі-монғол фольклоры мен этнографиясынан көптеп келтіруге болады. Ұшқанда қанатынан күн тұтылатын қарға, адам жегішке қарсы тұратын қарға, батыр бейнесіне енген қарға, мәңгілік өмір мен дәулеттің иесі қарға, өлілер дүниесінің әміршісі қарға т. б. түрінде айтылатын миф-аңыз мотивтері жиі ұшырасады. Ондай миф-аңыздардың таралым аясы мейлінше кең және байырғы заманнан бастау алатыны айқын аңғарылады.

Бұл тұрғыдан келгенде, Сақ, Ғұн, Скиф, Үйсін заманынан (б. з. д. VII ғ.— б. з. III ғ.), одан берідегі Түркі қағанаты кезінен (VI—VIII ғғ.) жеткен қарға киетегі туралы айғақ-деректерді арғы алыс замандағы таным-түсініктің сабақтаса жалғасуы ретінде қарау керек. Әйгілі тарихшы Сыма Цянның „Тарихи жазбаларында“ („Шицзи“) Қытай жансызы Чжан Цянь байырғы үйсіндер (б. з. д. 123 ж.) туралы былай дейді: „Мен сюннуларда (хунну— А. С.) болған кезімде Үйсін билеушісінің Гуньмо деп аталатынын естідім. Гуньмонның әкесі сюннулардың батыс шекарасымен шектес жерді иеленеді екен, сюннулар шабуыл жасап, Гуньмонның әкесін өлтіреді де, нәресте Гуньмонды тірідей далаға тастап кетеді. Оның денесіндегі шыбын-шіркейді қарға шоқып тазалапты. Ал, қасқыр келіп, емізіп кетеді екен. Бұл жағдайды шаньюй көріп, Гуньмонның аруақты бала екенін сезеді де, асырап алады. Бала ержеткен кезде шаньюй оған әскер басқартады. Гуньмо бірнеше рет ерлік істерімен көзге түседі. Шаньюй оған әкесінен қалған халықтың басын қосып беріп, Сичэн қаласында Линчжан-шоу деген атақ береді“ (Н. В. Кюннер. Китайские

известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. М., 1961. 114—115-беттер). Бұл деректе түркі халықтары үшін айырықша мәнге ие қасқыр мен қарға киетегінің қатар аталуы назар аударады.

Осынау айғақ-деректердің айтарынан аңғартары мол. Ең бастысы, тәңірілік наным-сенім бел алған ортада қарғаның киетектік сипат алғаны күмән тудырмайды. Уақыт өте келе қарға киетегінің табы, сарыны түркі тілдес халықтардың наным-сенімінде, аңыз-әңгімелерінде, мақал-мәтелдерінде мифтік формулаға айналған. Ал, халық санасындағы мифтік формуланың тұрақтылығы сонша, оның жаңғырығы (діни-идеологиялық, саяси-әлеуметтік өзгерістерге қарамастан) ғасырларды көктей өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп жатады. Мұның жарқын мысалдарын түркі әлемінің кіндік жұртын мекендеген қазақ халқының наным-сеніміндегі, салт-дәстүріндегі, тіліндегі сақталған мифтік бұдырлардан (клишелерден) айқын аңғаруға болады.

Қазақ тілінде күні бүгінге дейін жақсы көрген перзентін, жасы кіші баланы „қарғам“, „қарғатайым“ дейді. Ару қызды „қарғашым“ деп әспеттейді. Ғашықтық тақырыбындағы халық әндерінің көбінде „қарғам-ау“, „қарғаш-ау“, „қарғам-ай“, „қарғатай“ деп келетін қаратпа-арнау сөздер қолданылады. Сондай-ақ „қарғадай болып“, „қарғадай көзіннен“, „біздің қолымызға да қарға тышар“ (біз де мұратымызға жетерміз), „қарға бойлы“, „қарға адым“ „қарға қарғаның көзін шұқымайды“, „қарға жүнді қаттас, үйрек жүнді оттас“ „қарға тамырлы қазақ“ т. б. деп аталатын тұрақты сөз тіркестері де назар аударады. Әсіресе, „қарға тамырлы қазақ“ деген сөз тіркесі айрықша ден қойдырады. Яғни, „түпкі тамырымыз, арғы тегіміз қарға“ деген мән-мағынаны білдіреді. Байырғы наным-сенімнің жаңғырығы халық санасында „қарға тамырлы қазақ“ деп келетін тұрақты сөз түрінде түйінделген. „Қазақ тіліндегі „қарғану“ „қарғау“, „қарғыс“ сөздерінің бөгде күшке сыйынудан немесе сенуден туған мәніне қарап, түпкі мән-мағынасын қарға сөзімен байланыстыруға да болады.

Байырғы скиф-сақ заманынан бастап өмір шындығын ою-өрнекпен бейнелеуге машықтанған көшпелілердің нысандық (символдық) мәні бар қолөнер дәстүрі қазақ арасында айқын сақталған. Күні бүгінгі дейін қазақ қолөнерінде „тұмар“, „су“, „тұйық“, „жүн“, „қошқар-мүйіз“ деп аталатын киелі ою-өрнектердің қатарында „қарғатұяқ“ оюы да кездеседі. Қарғатұяқ оюы көбінесе

құт-берекенің қорғаны ретінде қолөнер мүлкін көмкеруге, жиектеуге қолданылады. Сондай-ақ қазақ даласындағы жартас суреттерінде, әсіресе құлпытастар мен балбалтастардағы қарға суреті жиі ұшырасады. Алтайдың оңтүстігінен қазылған қорғандардан қарға бейнесінде құйылған ат ауыздықтары табылған (С. Сорокин. Исследования могильника Коксу I на Южном Алтае. „Археологические открытия 1966 года“. М., 1967. 156-бет). Ал, Алтын Орданың хандары қарға бейнесі салынған тиыңдар шығырып отырған (С. Янин. Монеты Золотой Орды... „Поволжье в средние века“. М., 1970. 206-бет).

Осынау айғақ-мысалдардың негізінде қарға қандай қасиеттеріне байланысты кие тұтылған? деп ойды сабақтай түсу жөн.

Бұл орайда, ең бір қисынды дәлел ретінде, жыл құстарының ішінде ұзақ қарғаның ерте көктемде алғаш келетінін айтқан жөн. Яғни, қарға — көктің айының (көкек айының) хабаршысы, күн мен түн теңесетін Ұлыстың ұлы күнінің ұлы жаршысы. Демек, Тәңірге табынып, Күнді Тәңірдің көзіне балап, барша өмір-тіршілігін табиғат құбылыстарымен үйлестірген көшпелілер үшін қарға Тәңірдің елшісіне баланған. Туба-кіжілер арасындағы ертектердің бірінде көктің ұлы Чахыр-Саянның елшісі ақ қарға еді деп баяндалады. Ал, башқұрттар көктемнің шүйгін болуы үшін „қарға той“ өткізсе, бұйраттардың мифінде адамзаттың жаратушысы Бұрхан-бақсының елшісі қарға мәңгілік өмірдің жауынын жаудырады (Г. Н. Потанин. Очерки северо-западной Монголии. 4-басылым. СПб. 1883. 171, 210, 370-беттер).

Міне, осы сияқты айғақ-деректердің қисыны, көшпелілер арасында бір кездері жыл басы қарға айы деп аталуы мүмкін-ау деген ойға тірейді. Мұндай ой түркі тілдес халықтардың біразындағы жылбасы атауларына ден қойғанда орныға түседі. Мәселен жыл басын барабалықтар „қарға айы“ десе, чұлым татарлары „қарғи айы“ дейді. Сондай-ақ, жыл басын саяндықтар „басқы құс айы“, алтайлықтар „кәндік айы“, шорлар мен тубалар „көрік айы“ десе, бұл атаулар да алғаш келетін жыл құсын мегзейді.

Осы тұста көкек айының атауына көкек құсының қатысы бар ма деген мәселеге қайта айналып соғып, ойды ұштай түсуге болады. Ол үшін қазақ есепшілерінің, көкек айын кейде „қөктің айы“ деп те атайтынына тағы да бір назар аудару керек сияқты. Егер әрісі түркі тілдес халықтар арасында, берісі қазақта көкек құсы киетектік қасиетке

ие болмаса, онда жыл басы саналатын киелі ай әуелде „көкек“ емес, „көк-көк“ деп аталмады ма екен? Байырғы түркі тілінің, соның ішінде қазақ тілінің қалыбы бойынша „көк-көк“ сөзі айтылғанда „көкөк“ немесе „көкек“ болып естіледі. Осыдан келіп, жыл басы көкек құсының атымен аталады деген жаңсақ ұғымның қалыптасуы бек мүмкін.

Исі түркі тілінде „көк“ сөзі мейлінше кең мағынада қолданылады және сол мағыналардың қай-қайсысы да киелі мәнімен назар аударады. Мәселен: 1) Көк — аспан мағынасын білдіретін сөз. Түркі халықтары үшін аспан Тәңірінің тұрағы. Сондықтан да, тілек тілегенде қолды көкке жайып тәу ете жалбарынады, билегенде қол көтеріп көкті аялағандай қимыл жасайды; 2) Көк — түсті, реңді білдіретін сөз. Сонымен бірге, Тәңірінің ықыласы түскен киелі түс болып есептеледі. Байырғы түркілер шығысты көк түспен белгілесе, батысты — ақ, солтүстікті — қара, оңтүстікті — қызыл түспен белгілеген. Сөйтіп Тәңірінің көзіне балаған Күннің шығар тұсына көк түсті лайық деп білген; 3) Көк — Тәңірі сөзінің баламасы, Тәңірі — дүние-тіршілік атаулының жаратушысы, ең құдіретті иесі. Сондықтан да, қазақ қарғағанда „көк соққыр“ дейді...

Ойды жинақтау үшін осы мысалдар жеткілікті. Демек, Күнге тұрақ болған аспан да, Күн көзінің шығар тұсы да, әлемнің әміршісі Тәңірінің өзі де „көк“ сөзі немесе көк түсі арқылы ең бір құдіретті де киелі қасиетін танытады екен. Олай болса, дүние-тіршіліктің ең ұлы құбылысы, күн мен түннің теңесер шағы Ұлыстың ұлы күні болып, сол мерзімнің алғашқы жаршысы қарға болғандықтан жыл басының „қарға айы“ деп немесе „көк-көк“ айы деп аталуы әбден мүмкін. „Көк-көк“ сөзінің этимологиясы қарапайым. Бұл айда аспан да көк, жердің де көгеріп көктейтін шағы. Яғни, көк-көк айы. Тәңірінің шапағаты дарыған киелі көк түс — қоршаған ортаның негізгі нысандық (символдық) айғағы.

Адам баласы белгілі бір ортада ғұмыр кешіп, сол ортаға бауыр басу үшін өзінің тіршілік-тынысына қажет объектілер мен құбылыстарды алдымен санасында даралап алады. Былайша айтқанда, адам санасында дараланған таным-түсінік тілдік нұсқаға айналады. Сөйтіп, адам өзінің тіршілік-тынысына, таным-түсінігіне өтеу болатын сәздерді ғана тұтынады. Бұл тұрғыдан келгенде, тіл — адамдар арасындағы қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге адам мен қоршаған ортаның арасындағы қарым-қатынас пен таным-түсініктің де айғағы. Тәңірілік дүниетанымдағы әрісі

алтай, берісі түркі тілдес халықтар арасында жыл басының „қарға айы“ немесе „көктің айы“ деп аталуына қатысты ой тұжырымның (концепцияның) қисыны да осы тұрғыда.

69. ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ. Ұлы Даланы қоныстап, жыл маусымдарының қас-қабағымен санасып, аспан шырақтарын бағдарлап, төрт түлік мадды тіршілігіне тірек етіп, Тәңірге табынып ғұмыр кешкен көшпелілер есте жоқ ескі заманнан бері көкек (көк-көк) айында күн мен түннің теңесер шағын жылдың басына балап, дүние тіршіліктің жаңғырар сәті екенін ұғып, сонысын кие тұтып, сол күнді Ұлыстың ұлы күні деп атаған. Яғни, Ұлыстың ұлы күні дегені — Елдің, Қағанаттың, Хандықтың, Мемлекеттің ең ұлы күні деген сөз.

Қазақ есепшілерінің арасында жыл басын наурыз айынан бастайтын дәстүр бар. Бұл дәстүр бойынша көкек айы екінші кезекке ығыстырылған. Григориян календарының реті бойынша көкек айы (көк-көк, сәуір, апрель) төртінші ай. Ел ішінің есепшілері әлі күнге дейін жыл басы деп есептейтін көкек айы неге екінші кезекке ығысқан?

Мұның басты себебі, ел мен елдің өзара тарихи-рухани ықпалдастығына байланысты. Көктемдегі күн мен түннің теңесер мерзімін Ұлы Дала көшпелілері ертеден-ақ аңғарып, мұндай ұлы құбылысты Тәңірдің құдіретінен деп ұққан. Ал, тәңірлік дүниетанымды алғаш мінәжаттаушы Зората (Зәрдөш, Заратуштра, Зороастр — б. з. д. 1500—1200 жж.) Еділ өзенінің шығыс жақ қапталында туып-өскенімен, өмірінің соңын парсылардың арасында өткерген. Зоратаның тәңірлік мінәжаттары кейін „Авестаның“ киелі қағидаларына айналған (Мэри Бойс. Зороастрици. М., 1987).

Зората мінәжатындағы дерек бойынша, бір жылда жеті рет той тойланатын болған. Солардың ішіндегі күн мен түннің теңесер мерзіміне, яғни жыл басына „мәңгілік өмірдің бастауы“ ретінде айырықша мән берілген. Көшпелілердің өмірлік тәжірибесі тудырған осынау дәстүр Зоратаның тікелей өсиет-насихаты арқылы иран-парсыларға жұғысты болып, бұл күн „наурыз“ деп аталған. Парсы тілінде нау — жаңа, рүз — күн деген мағына береді. Яғни, наурыз — жаңа күн деген сөз. Парсылар наурыздың екінші сыңары ретінде күн мен түннің күзгі теңесуін „меран“ (мейрам) деп тойлады.

Кейін орта ғасырда, одан да бергі кезеңде араб-парсы ықпалы күшейіп, ислам діні Ұлы Дала көшпелілерін шарпыған шақта, бір кездері иран жұртына „Ұлыстың ұлы

күні" ретінде жұғысты болған таным-дәстүрі, енді „наурыз мейрамы" болып қайта оралған. Жай ғана қайтып оралмаған, көшпелілер арасында жыл басы саналатын көкек айын ығыстырып, „наурыз" сөзі ай атына шыққан.

Көкек айының екінші кезекке шығуында, сөйтіп наурыз айының жыл басы болуында таза астрономиялық себеп те бар. Көктемгі күн мен түннің теңесер нүктесі жыл сайын бір орыннан табылып отырмайды. Күннің зодиак жұлдыздарымен тұспа-тұс келуі ұдайы өзгеріп, әрбір 70 жылда 1 градусқа жылжып отырады. Бірақ ай атаулары өзінің рет-межесін өзгертпейді. Нәтижесінде жыл басы наурыз айының 22-інен басталып, сәуір (көкек, көк-көк) деп жүрген айдың 21-інде бітеді. Яғни, жыл басы айының сегіз күні ғана наурыз айына бұйырып, қалған жиырма бір күні сәуір айының еншісіне тиеді. Бұл тұрғыда, сәуір айы екінші кезекте тұрғанымен, жыл басы айының күндерін анағұрлым көп еншілеген. Кейін есепшілердің жыл басы айын көкек (сәуір, көк-көк) деп есептеуінде осындай да қисын бар.

Көшпелілердің көңілі алаң болып, айрықша мән беретін кезі — наурыз айы. Бұл айда жыл басына меже болатын Ұлыстың ұлы күнінің өтетіні өз алдына, сонымен бірге көшпелі ел қыстан қысылып шығып, жазылып жадырар шақты тықырши күтеді. Сондықтан да, наурыз айын „өлінің әрі тартар, тірінің бері тартар, жуанның жіңішкерер, жіңішкенің үзілер мезгілі" дейді. „Қыс ұзарып шелді жейтін, күн ұзарып түнді жейтін қара өзек шақ жетті, „ұзын сары" келді, енді тоқты тоймес, шөміш кеп-пес уақытта ұқыпты бол, жер ананың тоң кеудесі жібiгенше, төс емшегі иiгенше кетпен-шотың сайлы болсын, кер өгізің майлы болсын" деп отырады табиғаттың қас-қабағын баққан қариялар. Қалай болғанда да, наурыз айы табиғаттың жаңғырар, біреудің екеу болар, тіршілік атаулының тірлік танытар мерзімі, жыл тоқсанның басы. „Қобланды" жырында:

„Қаз жайлауын саз деймін,
Наурыздан соң жаз деймін," —

деп айтылатыны да сондықтан.

Қысқасы, Ұлы Дала көшпелілері мыңдаған жылдық өмір тәжірибесі арқылы Айдың, Күннің, жұлдыздардың Жерге қатысты әсер-құбылыстарын аңғарып, сол әсер-құбылыстарға барша өмір салтын бейімдеп, табиғат құбылыстарымен үйлескен ырғақты шаруашылық-мәдени сүлесін (типін) орнықтырған, өзіндік дүниетанымдарын

қалыптастырған. Мұндай дүниетанымның көшпелілер үшін тәңірілік таным-сенімге ұласқан ең бір киелі айғағы — күн мен түннің теңесер шағы — Ұлыстың ұлы күні.

Еуразияның шығысында Сары өзеннен (Хуанхэ) бастап, батысында Жерорта теңізіне дейінгі біраз елдерде ұлыс тойын (наурыз тойы) тойлау дәстүрі бар. Мәселен, күн мен түннің көктемде теңесер шағын байырғы гректер „партих“, парсылар „науруз“, соғдылар „наусаруз“, армяндар „науасарди“, қытайлар „мэн-чунь“, монғолдар „шаған“, бұйраттар „саансара“, шуаштар „нориз ояхиял“ бирмалықтар „су мейрамы“ т. б. деп атап, молшылықтың басы ретінде тойлайды. Той тойлау барысында шығар күнге ақ шашу, отқа май құю, ескі киімдерді тастау, тозған заттарды сындыру, арнайы тағам әзірлеу, су шашысу, жақсы тілектер айтысу, әлеуметтік топтарды бір-бірімен тең санау т. б. сол сияқты ырым-жоралар жасалады. Еуразия халықтарының денін шарпыған Ұлыс тойынан табиғатты Тәңірі тұтушылық, табиғатқа еліктеушілік, береке-бірлік және теңдік идеясын негіз ету айқын байқалады.

Ұлы Дала көшпелілерінің Ұлыс тойын тойлайтыны байырғы грек пен қытай жазбаларына түскен. Грек тарихшысы Квинт Курций Руф (б. з. д. I ғ.) өзінің „Ескендір жорығы“ деп аталатын еңбегінде Орта Азия көшпелілерінің ұлыс тойын қалай тойлайтынын тамсана жазады. Ұлыстың ұлы күні таң шапақ шашып, күн шығар сәтте қаған ордасының үстіне күн бейнелі жалау көтеріліп, қотанға шымқай қызыл мауытыдан киім киген 365 бозбала шығатын болған. Балалардың саны бір жыл ішіндегі тәулік санына тең. Бүтін бір жыл ішіндегі тәуліктердің айғағындай болып 365 өнерпаз бозбала тойдың шырайын келтірген. Бір жыл ішіндегі әрбір тәуліктің шежіре-баяны сияқты 365 күй тартылған. Сонан соң, бүкіл елдің батагәй абызы, Тәңірмен тілдес бақсысы ортаға шығып, қағанаттың үміт-тілегін Тәңірге жеткізетін 9 күй тартқан. Бұл 9 күй міндетті түрде қобызбен тартылатын болған. Мұнан әрі, Ұлыстың ұлы күнін тойлау бүкілхалықтық қуаныш-қызыққа ұласқан (Квинт Курций Руф. Поход Александра. VII—VIII тараулар. Мына кітапта: Хрестоматия по истории древней Греции. В. В. Струвенең сарабымен шыққан. М., 1951).

Ұлыстың ұлы күнін тәңірілік құбылыс ретінде кие тұтып, сол күнге тәңірілік мазмұн дарытып өткеру қазақ арасында күні бүгінге дейін сақталған. 1925 жылы 22 наурыз күні „Еңбекші қазақ“ газеті бұқара халықты Ұлыс тойымен құттықтап, өзінің бірінші бетіне ірі әріптермен:

„Қыс өтіп, қар кетіп,
Шырайлы жаз жетіп,
Шаруаның кенелген,
Мейрамы ежелден,
Құтты болсын бұл наурыз!“ — деп жазды.

Байырғы салт-жора бойынша қазақ арасында Ұлыс тойы түн ортасы ауа басталады. Бұл түн „Қызыр түні“ деп аталады. Халықтың наным-сенімінде Қызыр (Қыдыр) қасы көзін жапқан қарт адам болса керек. Қызыр атаны Бақ жетелеп жүреді екен дейді. Ұлыс тойының таңым көзімен атыру үшін Қызыр ата түн ортасы ауа дала кезеді. Жолай өзі сияқты ұлыс таңына ынтық жаңды кезіктірсе, қасын көтеріп назырын салатын көрінеді. Қызыр атаның назары түскен адамның басына Бақ қонбақ... Қазақ тіліндегі „Қызыр дарымай, Бақ қонбайды“ деген мәтел осынау байырғы наным-сенімге орай айтылған.

Қызыр түнін ұйықтамай өткеру үшін ауыл жастары алуан түрлі ойын ұйымдастырып, Қызыр атаның назарын аударып бақытты боламыз деп, небір тосын тамаша-қазықтар көрсетеді. Егер көктем лебі бел алып, мал қотанға жусап, ел көктеуге желпініп қонса, онда ауыл жастары „жандықуыршақ“ жасап, алтыбақанын құрып, әнін шырқап, лаулатып от жағып, шошаладан қақпыш ұрлап, ұйқышар пісіріп, Қызыр түнін қызық-думанмен өткереді. Осынау қызық-думан ішінде „жандықуыршақтың“ жөні бөлек. Ол үшін жастар ауылдағы ноқта көрмеген ең асау тайыншаны ұстап, ең ескі ашамайды салып, ашамай үстіне ең ескі киім-кешек пен құрым киізден жасалған қуыршақ орнатып, тайыншаның құйрығына ескі шелек байлайды да: „Ұлыс таңы атып қалды, бар елге хабар бер!“ деп, шабына шыбық жүгіртіп, сауырға бір салып қоя береді. Асау тайынша өкіріп-бақырып жөнеледі. Ит үреді, қотандағы мал үркеді, үй-үйден шал-шауқан ербиіп шығынады, жастар мээ-мәйрам болысады. Ал, асау тайынша қашан арқасындағы „жандықуыршақ“ пен құйрығындағы даңғыр шелектен құтылғанша жөңкіліп, бір ауылдың шуылын екінші ауылға қосып, мал-жаңды дүрліктірумен болады. Ертеңінде ауылдың тықырлау шалдары: „Біз де жас болып көріп едік, біз де Қызыр түнін ұйқысыз өткеруші едік, бірақ дәл түндегідей шулықан етпеуші едік... осы күнгінің жастары не болып барады!“ деп кіржіңдеп отырады.

Көктемнің күні құбылғыш, егер Ұлыс қуанышында жауын-шашын болса, оны да жақсылықтың нышанына балап,

„күс қанаты желпіді“, „нүр жауды“, „келер жыл берекелі болады“ деп отыратын дәстүр бар.

Ұлыстың ұлы күніндегі ең киелі рәсім — көк жиектен шапақ шашып шашырай шығып келе жатқан күнді қарсы алу дәстүрі. Мұндайда ақ жаулықты аналар тостағанға ақ құйып алып шығып, күн көзіне қарата шашып, үш мәрте тізе бүгіп тағзым етеді. „Атар таңға, шығар күнге тәу-тәу, басымызға амандық, малымызға береке дарыта көр!“ деп тілек тілейді. Ақ сақалды қарттар болса: „Е-е, Тәңірім, басымызға бас қосып, жасымызға жас қосып, Ұлыстың ұлы күнімен тағы да бір қауыштырғаныңа мың бір алғыс! Тәуба! Тәуба! Тәуба!“ деп, тілекке тілек қосып, алақанын шығар күннің шапағына қарсалап, маңдайына тәу етеді. Әлемдік діни наным-сенімдердегі шоқыну, қос алақанмен бет сипау дәстүрінің бастау тегі Тәңірге сиынып, шығар күнге тәу етумен сабақтас екенін айта кеткен жөн.

Атар таң, шығар күнге тәу еткен соң, ауыл үй адамдары бір-бірін Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, тілектерін айтыса бастайды. Үй-үйді аралап, жүз көрісіп, төс қағысып, Ұлыс дәмінен ауыз тиіп, бір-біріне бата-тілек айтысу әркім үшін киелі парыз. Бұл рәсім ел аузында айтылатын Ұлыс жырларында жарқын бейнеленген:

„Ұлыс күні кәрі-жас,
Құшақтасып көріскен.
Жаңа ағытқан қозыдай,
Жамырасып өріскен.
Шалдар бата беріскен:
„Сақтай гөр!“— деп терістен.
„Кел, таза бақ, кел!“ десіп,
„Ием тілек бер!“ десіп,
„Көш, Қайрақан, көш!“ десіп,
„Көз көрместей өш!“ десіп,
Бата-тілек бөліскен“

„Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар.
Ұлы кісіден бата алсаң,
Сонда олжалы жол болар“

„Ұлыстың ұлы күнінде
Бай шығады балбырап.
Қасында жас келіншек,

Тұлымшағы салбырап,
Бәйбіше шығар балпып,
Күндігі баста қалқиып.
Келіншек шығар керіліп,
Сәукелесі саударап.
Қыз шығады қыммиып,
Екі көзі жаудырап.
Ақбөкендей зырқырап,
Құл құтылар құрықтан.
Күң құтылар сырықтан.
Кетік ыдыс, шөміштің,
Буы кетер бұрқырап"

* * *

„Ұлыс күні қар кетті,
Ақ қар, көк мұз жұтатқан,
Шаруа елінен зар кетті,
Ұлыс күні жаз кірді,
Жаз періште әз кірді.
Күнеске тосып арқасын,
Жан біткенге наз кірді...”

Байырғы таным-түсінік бойынша Адам, Қоғам, Табиғат біртұтас құбылыс. Сондықтан да, Ұлыс күнінде барша дүние-тіршілік қуаныш құшағында, жанды-жансыз атаулының баршасы шат-шадыман, жадыраңқы. Бұл күні жамандыққа орын жоқ, тек қана жақсылық үстемдік құрмақ. „Жаз періште” бел алады, Жер-Ананың тас емшегі жибиді, төс емшегі ийді, „жан біткенге наз кіреді”. Әсіресе, күн мен түннің теңесуі құдіреті күшті Тәңірдің әмірімен болғандай қабылданып, Жер бетінде де теңдік идеясына айырықша мән берілген. Ұлыс күні хан мен құл, бай мен кедей, еркек пен әйел, үлкен мен кіші, ата мен күйеу, ене мен келін, т. б. сияқты әлеуметтік топтар өзара әзіл жарастырып, ниет ортақтастырып, әркім өзін шын мәнінде уақыт пен кеңістік аясындағы ұлы құбылыстың бір бөлшегіндей сезінеді. Ұлыс күніне қалтқысыз қуанып, Тәңірдің құдіретіне шүбәсіз сенеді. Мұны Ұлыс күнгі салт-жоралардан айқын аңғаруға болады. Ұлыс күні: елдің ертеңі деп ер балаға бәсіре тай сыйлайды, қалыңдық айттырады, тіршіліктің тірегі деп малға ен салады, жақсылығы жұғысты болсын деп Ұлыс күн туған балаға Келіс, Кіріс, Наурызбай, Наурызбек, Мейрам, Мейрамқұл деген есім береді, жыл берекелі болсын деп ыдыс атаулыны бос қоймайды, жақсылық бел алған күн ғой, сәтіне

қарай тартады деп алуан түрлі ырым-жоралғы жасайды, түс жорытады, жауырын-құмалақ аштырады, балалардың жасына қарай кекіл, тұлым, айдар қояды, тұсауын кеседі, мал тарыдай көп болсын деп қотанға тары шашады, бұл күнгі құдалық өмірлі болады деп құдалық айттырады, құйрық-бауыр жесісіп, төс тигізіседі, уәде байласады, жамандықты ала кетсін деп ескі-құсқы заттарды отқа жағады, өлік шыққан үйді, сырқат адамы бар үйді, індет келген қотанды отпен аластайды, теңдікті Тәңірдің өзі ұнатады деп қарыздан құтылады, өкпе-назды ұмытып бітімге келеді, жұтқа ұшырағандарға жылу жинап ел қатарына қосады, құл мен күнге азаттық береді, еркек пен әйелді күрестіреді, жаппай жаяу жарыс ұйымдастырады, барша жанды тең санайды, берекенің бастауы деп жеті түрлі дәмнен Ұлыс көже пісіреді, бұл күнгі тілекті Тәңір қолдайды деп бір-біріне жақсы тілек айтысады, бата беріседі, Ұлыстың құты деп шығар күнге ақ шашып, тәу етеді т. б. Бұл күнгі табиғат құбылыстарының өзі жақсылыққа жорылады. Жауын-шашынға „нұр жауды“, „туар жылдың шөлі қанық, жайлы болады“ деп оң шырай танытады. Күн күркіресе Тәңірдің үніне жауап қатқандай „Сүт көп, көмір аз“ деп, яғни „ақ ниет — жақсылығымыз көп, қара ниет — жамандығымыз аз“ деп, ақ құйылған ыдыстардың бетін ашып, ошақтың үш бұтына сүт тамызды. Сүт тамызған ыдысты есіктің сыртқы маңдайшасына тигізіп, сонан соң өз маңдайына тәу етеді.

Ұлыс күні әрбір отбасы дастарханын ықыласпен жасақтап, үйге кірген адамның көңілі хош болуына айырықша мән береді. Ұлыс дәмінің басы деп жеті түрлі азықтан Ұлыс көже дайындалады. Әрбір үй азықтың ыңғайына орай Ұлыс көжені ет, бидай, тары, қамыр, тұз, ірімшік сияқты жеті түрлі азықты қосып пісіру арқылы дайындайды. Мұның сыртында дастарқанға жамбас, қазы, қарта, шұжық сияқты соғымнан арнайы іріккен кәделі тағамдар да қойылады. Көктемгі төл төгінінің айғағындай болып туырылған уыздың да жөні бір бөлек. Тілек айта келгендер әр үйдің тағамынан сарқыт алып, оны өз үйіндегі тағамға қосады. Мұңысы, жаңа жылда осылай араласып, тату-тәтті өмір сүре берейік деген тілеуі. Осыған байланысты Ұлыс күні амандасудың, бата-тілек айтысудың мына сияқты үлгілері қалыптасқан:

Ұлыс бақытты болсын,
Төрт түлік ақты болсын!

* * *

Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын,
Қайда жүрсек жол болсын!

* * *

Жасың құтты болсын,
Өмір жасың ұзақ болсын!

* * *

Ұлыс береке берсін,
Бәле-жала жерге енсін!

* * *

Ескі жылда есіркесін,
Жаңа жылда жарылқасын!
Саба іркіт пен саумалдан босамасын,
Өре құрт пен ірімшіктен босамасын,
Мал ішсіз, келін құрсақсыз болмасын,
Түн ішінде түйе қомдатпасын,
Інгеннен айырып ботасын боздатпасын,
Қараңғыда ит ұлып, сиыр мөңіремесін,
Ата — ұлдан, ана — қыздан айрылып еңіремесін!

* * *

Аспанымыз жауынды болсын,
Жеріміз шөпті болсын,
Малымыз сүтті болсын,
Халқымыз тоқ болсын,
Қайғы-қасірет жоқ болсын!

* * *

Ұлыстың ұлы күнінде
Бақытты ас берсін,
Ұзағынан жас берсін
Ұлың ұяға қонсын,
Қызың қияға қонсын,
Малың өріске толсын.
Дәулетіңді асырсын,
Дұшпаның басылсын,
Менің берген бұл батам,
Ұлыс күнге сақталған сүр батам,
Тәңірдің құлағына шалынып,
Қабыл болсын!

* * *

Мінгендерің, балалар,
Жорға-жүйрік тай болсын.
Жорғалатып келгенде,
Көптің көңілі жай болсын.
Ай жағыңа қарасаң,
Алтыннан терек орнасын.
Айында келген мейманың,
Соған атын байласын.
Күн жағыңа қарасаң,
Күмістен терек орнасын,
Күнде келген мейманың,
Соған атын байласын.
Таң мезгілі болғанда,
Ұлыс күні шыққанда,
Бозторғайдай шуылдап,
Бөденедей пырылдап,
Берекелі құт болып,
Қыдыр келіп дарығай!

* * *

Астыр-тастыр,
Жұлдыздармен жарастыр.
Жақсылармен жанастыр,
Жамандардан адастыр!

* * *

Жапырақсыз бұтақтар,
Арбағай да сарбағай,
Желек жаппай қалмағай.
Арық-тұрық төрт түлік,
Көк жеп жапа-тармағай.
Қабырға жаппай қалмағай.
Көтеремнің төрт бұты,
Ербегей де сербегей,
Енді шығын бермегей.
Бізге келген бәлекет,
Қармен бірге қаңғырып,
Таудан ары өрлегей.
Уа, бәлекет, бәлекет —
Еріп аққан сумен кет,
Көтерілген бумен кет,
Қызарып атқан күнмен кет,
Қарайып батқан түнмен кет,

Ағарып атқан таңмен кет,
Жақындамай мал-басқа,
Тау-таста өлген аңмен кет!

* * *

Ұлыстың ұлы күнінде,
Көже істеген келіндер,
Көпке жаққан елшіл бол,
Бозторғайдай төлшіл бол.
Ор қояндай көзді бол,
Адам таппас сөзді бол.
Бұрама темір сом алтын,
Суға салса батпасын.
Тәңір берген несібең,
Тепкілесе кетпесін.
Айтса қарғыс, тисе көз,
Дарымасын, өтпесін.
Қастық қылған дұшпаның,
Мұратына жетпесін!

* * *

Қыс қысыратпасын,
Жаз жабырқатпасын,
Өткен ай өзімен кетсін,
Туар ай тезімен жетсін,
Аяз әлін біліп,
Құмырсқа жолын біліп,
Күнікей Күн жарылқасын!

* * *

Қонақтасын берекет,
Қаша берсін бәлекет.
Кірсін дәулет,
Шықсын бейнет.
Тәңірім қолдасын,
Уайым-қайғы болмасын!

* * *

Ұлыстың ұлы күнінде
Ұзақ жас берсін,
Берекелі ас берсін,
Ұлың ұяға қонсын,
Қызың қияға қонсын,
Өріс малға толсын,

Жақсылықты асырсын,
Жамандық басылсын,
Тілегіміз Тәңірдің құлағына шалынсын!

* * *

Осы жылда басың аман болып,
Малың көбейсін.
Егінің бітік шығып,
Молшылық болсын!

* * *

Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын,
Азаматта әл болсын,
Атымызда жал болсын,
Қара малда қоң болсын,
Ұсақ малда шел болсын,
Сапар шексең жол болсын!

* * *

Ұлыстың ұлы күні болатын ойын-сауықтың, атқарылар жөн-жоралғының түрлері мейлінше мол. Ауыл-үй адамдарының баршасы қалтқысыз ынтамен ән-күйін шалқытып, өлі-тірінің айтысын қыздырып, жар-жар болып жаңылтпаш пен жұмбақ айтысып, бір-біріне тобық берісіп, ер мен әйелді күрестіріп, жаяу жарыс пен мешкейлер жарысын ұйымдастырып, қызық-думанның бірінен соң бірін жалғастыра береді. Мұндайда ойын балалары мүшел жылдарын өзара бөлісіп, әр қайсысы қалаулары бойынша тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз кейпіне келіп, соларға ұқсас алуан түрлі қылық-қимылдар көрсетіп, бірімен бірі бәсеке айтысқа да түсіп қалатыны болады. Осының бәрін іштей жақсылыққа жорып, шүкірлік етіп отыратын қарттар жағы да бұл күні бастарын қосып шежіре сөз айтысады, ата-бабаның өнегелі істерін еске алысады, есепшілерге ауа райын болжаттырады, бақсы-балгерге жауырын қараттырып, құмалақ аштырады., тоғызқұмалақ ойнайды...

Күнімен Ұлыс тойының қызық-думанын тамашалаған жұртшылық қас қарайып, ел орынға отырар кезде ақын-жырауларды, дәулескер күйшілерді қолқалайды. Көктемнің маужыр түнінде саңқылдап естілетін жыр-толғаулар, сұңқылдап шығатын қобыз бен добыра күйлері тұңғыық көкке сіңіп, Тәңірдің құлағына шалынғандай

әсер береді. Бұл күнгі айтылар жырдың, тартылар күйдің, басқа да ойын-сауық, жөн-жоралардың баршасы негізінен уақыт пен кеңістікке бағышталып отырады. Әсіресе, күн мен түннің теңесуін Тәңірдің құдіретіне балап, теңдік идеясын Ұлыстың ұлы күнінде болатын барша ойын сауықтың, жөн-жоралғының, ырым-тілектің өзекті арқауы етуге тырысады. Сондықтан да, өлі-тірінің айтысында күн мен түнді, ыстық пен суықты, қыс пен жазды, жақсылық пен жамандықты, жарық пен қараңғыны, ақ пен қараны т. б. айтыстырады. Жұмбақ айтыстарына негізінен аспан денелерін, жыл маусымдарын, амалдар мен тоғыстарды, мүшел жылдарын төрт түлік малды арқау өтіп отырады.

Жұмбақ айтыстың кейбір үлгілерін келтіруге болады.

Алты арқар, жеті қаз, төрт бөдене,
Кейде толы, кейде орта бір тегене.
Тұнық пенен лайдың арасынан,
Бір аққу шыға келді құсқа төре.

Шешуі: Үркер, Жетіқарақшы, Босаға жұлдыздары, айдың толық және орта кезі, күндіз бен түн, жаңа шыққан Күн.

Атасы мен анасы,
Үш жүз алпыс бес баласы,
Он екі ауыл шамасы,
Отыз ор дуадақ,
Бес сан балақ,
Елу екі қарақшы.

Шешуі: Күндіз бен түн, жыл тәуліктері, жылдың айлары, айдың күндері, жыл соңында артық қалып „бес қонақ“ деп аталатын бес тәулік, жыл ішіндегі апталар.

Жапаңда бір айдаһар білесің бе?
Жаны жоқ қимылдарға дөнесінде.
Ішінде сүйектері бақша-бақша,
Жарқылдар жалғыз көзі төбесінде.

Шешуі: Киіз үй.

Бір тоқтым бар. Егіз де таппайды, еркек те таппайды, таппай да қалмайды. Сол тоқтыдан тараған тұқымдарының да қасиеті сондай. Әлгі бір тоқтым он жылда нешеу болады?

Шешуі: Егіз таппайды дегені — өлім-жітімін шығарып тастағаны. Еркек таппайды дегені — сойып-жемін айтқаны. Сонда бір ғана тоқты бір-бірден ұрғашы

тоқты беріп отырса, он жылда 1024 бас болмақ. Бұл
— екі отар қой.

Біреудің бір ұлы бар және қызы,
Біледі ол екеуін дүние жүзі.
Ұйықтайды ұлы түнде, қызы күндіз,
Жүргенде білінбейді басқан ізі.

Шешуі: Күн мен Ай.

Көтерейін десем, ауыр кілем,
Көтермейін десем, тәуір кілем.

Шешуі: Жер.

Алты ала қасқыр.
Алты бала қасқыр,
Алтауының жегені бір таз тырна,
Таз тырнаны кішкене дейін десем,
Асықты жілігі алты қанат ақ үйге,
Тіреу болып тұр.
Үйді кішкене дейін десем,
Алты атанға артқанда,
Бір буда уық, бір буда ши қалып тұр.
Атанды кішкене дейін десем,
Аспанмен тілдескен бәйтеректің
Бүрін жеп тұр.
Бәйтеректі кішкене дейін десем,
Таңертең ұшқан тұрымтай,
Кешке басына әрең жетеді.
Күнді қысқа дейін десем.
Таңертең қашқан сыйыр,
Кешке бұзаулайды.

Шешуі: Қыс, жаз, тәулік, Көк күмбезі, жыл санаты-
нан артылған „бес қонақ“ тәуліктері, Күн, жыл.

Ұлыстың ұлы күнінде барша жұрт табиғаттың ұлы
құбылысын қызықтап қана қоймайды, сонымен бірге
әркім өзін мәңгілік уақыт пен шексіз кеңістіктің бір
бөлшегіндей сезінеді.

70. АУА РАЙЫ ТУРАЛЫ ХАЛЫҚ БОЛЖАМДАРЫ. Күн
құлақтанып батса, ауа райы оңалуға тиіс.

Күн құлақтанып шықса, ауа райы суытып, жауын-ша-
шын болуға тиіс.

Күн қораланса, қар қалың түседі.

Күн көзін бұлт шалса, қыс қарлы, жаз жаңбырлы бола-
ды.

Күн батарда көк жиек ашық болып, қызыл шапақ
шашса, ауа райы жылынады.

Күн көзі мұнартып шықса, ыстық көтеріледі.

Күн қызыл шапаққа оранып батса, ертеңінде ыстық болады.

Ай қораланса, қыс қатты болады.

Ай шалқалап туса, ауа райы мал-жанға жайсыз болады.

Ай тік туса, ауа райы мал-жанға жайлы болады.

Ай мен Үркер тоғыс кезінде бір-бірінен алшақ болса, ауа райы мал-жанға жайсыз болады.

Ай мен Үркер тоғыс кезінде бір-біріне жақын болса, ауа райы мал-жанға жайлы болады.

Үркер суға түссе, ауа райы жауынды болады.

Үркер қырға түссе, құрғақшылық болады.

Жаз айларында көк жүзі бозаң тартса, қыс қатты болады.

Қыста бұлт желге қарсы көшсе, көп кешікпей қар жауады.

Бұлт ортасынан ыдыраса, ауа райы күрт бұзылады.

Бұлт шет пұшпақтап ыдыраса, ауа райы оңалуға бет алғаны.

Көк жиектен будақ бұлт шығып, өркештене көтерілген кезде ыдырап кетсе, қатты жел тұрып, үскірік аяз болуға тиіс.

Көк жиектен көтерілген будақ бұлт көк жүзін жапса, аттың қара қапталынан келетін қар жауады.

Ұзақ уақыт оңтүстіктен соққан жел бағытын өзгертіп, шығыс жақтан соғатын болса, ауа райы оңалады.

Егер ұзақ уақыт оңтүстіктен соққан жел бағытын өзгертіп, батыстан соқса, ауа райы бүлінеді. Онда жаз болса аңызақ жел соғып, қыста ызғырық соғады.

Шық қалың түссе, шөп қалың бітеді.

Көктемнің алғашқы жаңбырында күн күркіресе, шөп шүйгін шығады.

Жаздың желтеңі қыстың боранына сай келеді.

Жаз құйынды болса, қыс қатал болады.

Қазан айында күн күркіресе, қыс қысқа болады.

Жаз найзағайлы болса, қыс жұмсақ өтеді.

Шөп буыны ерте қатса, қыс жайсыз болады.

Сарымсақ қабығы қалың бітсе, қыс қатты болады.

* * *

Түз құсы жұмыртқасын әдеттегіден аз салса, қыс қатты болады.

Түз құсы балапандарын әдеттегіден ерте өргізсе, қыс ерте түседі.

Шағала ұшуын сиретсе, ауа райы бұзылады.

Қарлығаш шарықтап ұшса, ауа райы жайдары болады.

Қарлығаш ұшуын сиретсе, ауа райы бұзылады.

Қыста торғай ұясын жылылап, мамық тасыса, аяз қатаяды.

Торғай топтасып ұшып, бүрісе сілкінсе, күн суытады.

Қарғауыл құрқылдаса, жаңбыр жауады.

Кекілік түскі жусауына жатпай, жайылар болса, ақ жауын болады.

Шағала қатты шақырып, мазасызданса, дауыл тұрады.

Орманның қызыл торғайы қатты шықылықтаса, ауа райы бұзылады.

Қарлығаш уясына жем тасуын жиілетсе, ауа райы бұзылады.

Құр мен шіл қар астын қорғаласа, кешікпей-ақ боран болады.

Бозторғай ұясын ойпаңға салса, жаз қуаң болады.

Бозторғай ұясын қыраңға салса, жаз жауынды болады.

Дуадақ қыстап қалса, қыс жайлы болады.

Қамыс торғайы ұясын биікке салса, жаз жаңбырлы болып, су көтеріледі.

Қызыл қаз саздан соғатын ұясының іргесін биік етсе, жаз жаңбырлы болып; су көтеріледі.

Жыл құстары топтасып ұшса, жылымық күз созыла түседі.

Жарқабақтағы ұя биікке салынса, су тасқыны болады.

Саңырау құр бұтаққа қонақтаса, тұман түседі.

Жыл құстары қайтқанда төмен ұшса, қыс қатты болады.

Қарға топтасып қарқылдаса, ауа райы бұзылады.

Шіл үйірін молайтса, қыс суық болады.

Көк жасыл шегіртке молайса, жаз қуаң болады.

* * *

Суыр ініне ерте жатса, қыс қатты болады.

Суыр інінің аузын қораласа, көктемде су тасқыны болады.

Суыр іннен ерте шықса, кешікпей күн жылынады.

Суыр мезгілсіз жайылса, ауа райы бұзылады.

Жаңбыр жауып тұрғанда ала тышқан шақырса, кешікпей жауын басылады.

Сұр тышқан шақыруын қойып, інге тығылса, кешікпей қар жауады.

Дала тышқандары шұбырып шөп жинаса, кешікпей жауын-шашын болады.

Ала тышқан қырға шығып шақырса, ауа райы бұзылады.

Көртышқан ін қазғанда топырағын жақын үйсе, қыс қатты болады. Топырақты алыстау үйсе, қыс жайлы болады.

Көртышқан інін өзен жағасына жақын жерден қазса, жаз қуаң болады. Егер өзеннен алыстау қазса, жаз жауында болады.

Тышқан мен түлкі көп балаласа, жауын-шашын мол болады.

Су бетінде шабақ шоршып ойнаса, жаңбыр жауады.

Көлбақа жағаға шығып, сазға бауыр басса, жаңбыр жауады.

Көлбақа қыста құрқылдаса, қыс жайлы болады.

Көлбақа жазда құрқылдаса, күн ыстығы көтеріледі.

Шегіртке шырылын тоқтатса, жауын болады.

Бүтелік жылқы бауырында болса, қыс жайлы болады, егер жылқы басына шығып ұшса, қыс қатты болады.

Көбелек паналы жерге жабысып қонақтаса, жауын-шашын болады.

Жылан жиі-жиі бой көрсетсе, жауын-шашын болады.

* * *

Арқар ойға түссе, қыс қатты болады.

Түздің қоңыр аңы күзде бұлақ сағаласа, қыста қар жұқа түседі.

Түздің қоңыр аңы үйір құрып, сай-саланы паналаса, ауа райы бұзылады.

Түздің қоңыр аңының бүйрек майы бітеу болса, қыста қар қалың түседі.

Бұғы мүйізін шайқаса, ауа райы бұзылады.

Бұғы кеш шақырса, қыс жайлы болады.

Аю апанын биікке салса, көктем ерте шығып, су тасқыны болады.

Қыста киік, қарақұйрық өзеннің мұзын басып, солтүстік қапталына шықса, кешікпей күн жалынып, сең жүреді.

Қыста киік, қарақұйрық сесеуілді паналаса, боран болады.

Қоянның бүйрегі майлы болса, қыс аязды болады.

Жылқы жазда ыққа қарап жусаса, қыс қатты болады.
Жылқы ішін тартса, ауа райы бұзылады.

Жылқы оқыранып жусаса, боран соғады.

Жылқы қыста оқыранып, ерінін жыбырлатса, кешікпей күн жылынып, қар суын ішеді.

Жылқы жазда қырға шығып үйездесе, қыс қатты болады.

Қотандағы қой бір бағытқа қарап жусаса, кешікпей ту сыртынан боран соғады. Өрістен қайтқан қойдың езуінде шөп келсе, қыс қытымыр болады.

Қой қораға еркін кірсе, қыс жайлы болады.

Қой тұяғымен төсін қасыса, қар қалың түседі.

Қой тісін қайраса, кешікпей боран соғады.

Түйе пысқырса, боран соғады.

Түйе ерінін жыбырлатса, жылымық болады.

Түйе сара ала күзден ықтаса, қыс қатты болады.

Ит пен мысық иіріліп жатса немесе тұмсыған бауырына тығып ұйықтаса, жауын-шашын болады.

Мысық үйден шықпай бұйыға берсе, күн суытады.

Тауық қораланып, жерді қопсытса, күн суытады.

71. ТЫЙЫМ-ТАБУ. Кез келген саналы адам қоғамы тыйымсыз болмайды. Өйткені салт-дәстүр, наным-сенім, моральдық-этикалық және хұқықтық қалыптар (нормалар) сияқты тыйым да әрбір әлеуметтік ортаны реттеп отыруға, адамдарды белгілі бір мақсатқа жұмылдыруға, сол арқылы қоғамдық жарастықтың орнауына қызмет етеді. Кез келген қоғамдағы салт-дәстүрдің, кісілік қалыптарының, діннің, заңның, яғни, кең мағынасында мәдениеттің негізі тыйым арқылы қалыптасады. „Тыйымсыз елдің жастары дуана“ деп айтылатын қазақ мәтелінің астарында қоғамдық-практикалық тәжірибеден туындаған ой-тұжырым (концепция) бар.

Әр түрлі тарихи кезеңдерде тыйымның адам санасындағы себептік негізі әр түрлі болғанымен, оның қоғамдық-әлеуметтік мән-маңызы, белгілі дәрежеде бірдей болып келеді. Мәселен, бұрынғы көшпелілер үшін жерошақтан аттап өтуге болмаса, бұл-тыйым. Сол көшпелілердің бүгінгі ұрпағы үшін бағдаршамның (светофор) қызыл көзі жанып тұрғанда, көшеден өтуге бомаса, бұл да — тыйым. Айырмашылығы- бұрынғы адамға қатысты тыйым мифтік-діни наным-сеніммен астасып жатса, бүгінгі адамға қатысты тыйым саналы түрде қоғамдық тәртіпті сақтаудан туған. Яғни, әрбір тарихи кезеңдегі тыйымның адам санасындағы себептік негізі әр түрлі. Оның есесіне, бұрынғы адам үшін

де, бүгінгі адам үшін де әлгі тыйымдардың қоғамдық-әлеуметтік мән-маңызында ортақтық бар. Бұрынғы адам да, бүгінгі адам да тыйымды сақтамаса, өздері өмір сүріп отырған қоғамдық-әлеуметтік өмірдің талғам-талабымен санаспағандық болып есептеледі. Демек, тыйым институтының өзекті қасиеті ретінде оның әлеуметтік мән-маңызы алдымен назар аударады.

Тыйымның түпкі тамыры мифтік және діни танымнан бастау алады деп келетін ой-тұжырым (концепция) белгілі. Мұндай ой-тұжырымның күмәнді тұстары бар. Мифтік дүниетаным да, діни дүниетаным да саналы адамның (хомосапиенс) тіптен берідегі ғұмыр жолына тән. Саналы адам, дәлірек айтқанда, қазіргідей адам жер бетінде ең бері қойғанда осыдан 40 мың жыл бұрын қалыптасып үлгерген. Демек, саналы адам мифтік-діни дүниетанымнан көп бұрын, нақтылы өмір мұқтажын өтеу барысында тыйым атаулымен беттескен. „Отты шашпа“, „Отты баспа“, „Отқа түкірме“, „Отты су құйып өшірме“ деген тыйым түрлері дүниеге келу үшін, отты шашса өрт кететінін, өртке күйетінін немесе отты қайтып тұтатудың қиын болатынын нақтылы өмірлік тәжірибе арқылы бажайлау жеткілікті болған. Яғни, оттың өшпеуінің мифтік-діни сенімнен бұрын, таза практикалық мәні бар.

Солай бола тұра, өмірлік тәжірибе жинақталып, тіршілік үрдісі күрделенген сайын тыйымның түрлері де молая бермек. Соған сай адам баласының нені жасауға болатыны, нені жасауға болмайтыны жөнінде тәжірибесі де молыға түседі. Алайда, байырғы адамдар нені жасауға болмайтынын тәжірибе жүзінде білгенімен, сол тыйымның нақтылы себебін бажайлай бермейді. Мәселен, етек кірі келіп жүрген әйелдің ерлерге жанаспауы жөніндегі тыйым дүние жүзі халықтарында бар. Тұрғылықты австралиялықтардың әйедері етек кірі келіп жүргенде, ерлерге жанасу былай тұрсын, ерлердің затына қол тигізіп алса, ондай әйелді өлім жазасына бұйыратын болған (Д. Фрээр. Золотая ветвь. М., 1983. 201-бет). Бірақ, байырғы адамдар етек кірдің биофизиологиялық себебінен, әрине, бейхабар. Демек, неден тыйылуды білгенімен, не себепті тыйылатынын біле бермейді. Мұндайда тыйым атаулыға қатысты „Не себепті олай етуге болмайды?“ деген сұрақтың жауабы өзінен өзі мифтік-діни қисынмен жорылатын болған. Бұл сияқты үрдіс кейін мифтік-діни дүниетанымның орнығуына байланысты одан әрі бел алып отырған. Алайда, адам қоғамы дамып, адамдардың өмірлік тәжірибесі молайған сайын, тыйым атаулының себеп-сал-

дарына қатысты нақтылы өмірлік таным-түсінігі де мольға түседі. Мұндай қажеттілік табиғатпен қойындасып ғұмыр кешетін көшпелі өмір салтқа тән. Бұл тұрғыдан, көшпелілердің дүниетанымы, белгілі дәрежеде отырықшылармен салыстырғанда мифтік-діни схоластикадан ада болып, оның есесіне нақтылы өмір талабымен санасуға бейім.

Яғни, адам қоғамы дамыған сайын адамдар өзі өмір сүретін ортаның талғам-талабымен саналы түрде санасуға бейім. Былайша айтқанда, тыйымның мифтік-діни сипаты бірте-бірте көмескі тартып, оның орнына нақтылы өмір талабынан туындаған тыйым түрлері мольға түседі. Бұл тұрғыда, белгілі бір табиғи ортада өмір сүріп, сол ортаға бейімделу арқылы шаруашылық-мәдени сүлесін (хозяйственно-культурный тип) қалыптастырған кез келген этностың дәстүрлі төлтума мәдениеті де тыйыммен шеңдесіп жатады. Ой жосығын тарата түсу қажет.

Жалпы тіршілік атаулы, соның ішінде адам баласы да ешқашан жалғыз өмір сүрмеген, жалғыз өмір сүре де алмайды. Жалғыздың өмірі қарақан басымен тұйықталады, ұрпақ сабақтаспайды. Демек, адам баласы ұжымдасып, қауымдасып қана ғұмыр кеше алады, сол арқылы ұрпақаралық сабақтастықты қамтамасыз етеді. Өмірдің мұндай заңдылығын көшпелі қазақ „Адамның күні адаммен“ деп түйіндеген.

Ұжымдасып-қауымдасқан адам баласы тіршілік құру үшін өмір мұқтажын міндетті түрде қоршаған ортадан алады немесе өндіреді. Яғни, адам қоғамы мен табиғат арасында байланыс пайда болады. Бұл ретте, адам қоғамы табиғатқа бейімделу арқылы ғана тіршілік құра алады. Ал, табиғат ешқашан адам қоғамына бейімделмейді. Өмір-тіршіліктің айнымас заңы осы.

Адам қоғамының табиғи ортаға бейімделуі өмір мұқтажын өтеудің, яғни өмірқамының (жизнеобеспечение) басты кепілі болған соң, өзінен-өзі сол табиғи ортаның ерекшелігімен үндес шаруашылық-мәдени сүлесі (хозяйственно-культурный тип) қалыптасады. Яғни, белгілі бір экосистемаға бейімделіп үй-жай тұрғызылады, киім-кешек тігіледі, тағам дайындалады, зат-мүлік жасалады, салт-дәстүр қалыптасады, адамдар арасындағы қарым-қатынастың үлгілері орнығады т. б. Сөз жоқ, мұның бәрі де материалдық және рухани мәдениетпен біте-қайнасып жатады.

Адам қоғамы мен табиғи орта арасындағы осынау әрі қарапайым әрі айнымас қарым-қатынасты үйлестіріп оты-

руда тыйымның атқарар рөлі айырықша. Бұл, барша өмір-тіршілігі экосистемамен кіндіктес көшпелілер әлемінен, әсіресе, айқын аңғарылады. Еуразияның қуаң даласындағы қатал табиғатқа бейімделу үшін, соған сай талғам-талап пен таным-түсінік қалыптасуы керек. Яғни, адам қоғамының экосистемамен санасуы қажет. Сөз жоқ, ондай қоғамның талғам-талабымен әрбір жеке адам да санасуға міндетті. Мұның өзі, түптеп келгенде, өмірдің алуан түрлі арнасына қатысты тыйым түрлерінің туындауына себепші болып отырады. Бұл тұрғыда, әрісі Еуразия көшпелілерінің, берісі көшпелі-қазақтардың өмір салтындағы тыйым түрлері мифтік немесе діни наным-сенімнен гөрі, негізінен нақтылы өмірлік талғам-талаптан туындап отыруға бейім. Ғасырлар бойы табиғатпен етене болу арқылы өмір салтын қалыптастырған көшпелі-қазақ мифтік қиялес (иллюзия) пен әлеуметтік-экономикалық ақиқаттың аражігін ажырата білген. Өмір талабы соқыр сенімнен гөрі нақтылы өмірмен санасып отыруды қажет еткен.

Көшпелі-қазақ тыйымының нақтылы өмір талабынан туындайтынына тыйым түріндегі мақал-мәтелдер де айғақ болады. Қазақ мақал-мәтелдерінің біразы тыйым түрінде айтылады. Яғни, кейбір тыйымдар мақал-мәтел түрінде орнығып, халықтың таным-тәжірибесі ретінде аксиомаға айналған. Мысалдар келтіруге болады: „Жауға жыныңды берсең де сырыңды берме“, „Бақ келді деп таспа, жау келді деп саспа“, „Бар болсаң бергеніңді айтпа, ер болсаң жеңгеніңді айтпа“, „Даудың жолына түспе, жаудың қолына түспе“ „Елмен дауласпа, ермен жауласпа“, „Еліңді тастап шетке кетпе, шетке кетсең де көпке кетпе“, „Көпке топырақ шашпа“, „Көбікті төкпе, көпті сөкпе“, „Көзі соқырға жолдас болсаң да, көңілі соқырға жолдас болма“, „Ашыққанға қазан астырма, тонғанға от жақтырма“ „Күндес көргеннің қызын алма“ „Басың ауырса тіліңді тый, көзің ауырса қолыңды тый, ішің ауырса аузыңды тый“ т. б.

Мақал-мәтел түріндегі тыйымдар әдетте астарлы сөзбен, бейнелі теңеумен айтылады. Мәселен, „көпке қарсы шықпа“ деген тыйымның мақал-мәтел түріндегі баламасы — „Көпке топырақ шашпа“ деген бейнелі сөзбен айтылған.

Көптеген мақал-мәтел түріндегі тыйымдарда не себепті тыйым салынатыны қоса жорылып отырады. Мәселен „Қара жерді жамандама, қайтып сонда барарсың, қауым елді жамандама, қарғысына қаларсың“ деп айтылатын

мақал-мәтел түрлері жиі кезігеді. Бұл сияқты тарата жору дәстүрі қазақ тыйымдарының біразына тән. Мәселен, „Шашыңды жайма, қаралы емессің“, „Қолыңды төбеңе қойма, тұтқын емессің“, „Аяғы ауыр әйелге керілген арқаннан аттауға болмайды, баланың кіндігі мойнына оралып қалады“ т. б. деп айтылады.

Мақал-мәтел түрінде айтылатын тыйым арқылы мифтік қиялестен гөрі көшпелі-қазақтың нақтылы өмірлік таным-тәжірибесі айқын аңғарылып отырады.

Бұл ойдың жосығын одан әрі өрбітсе, ру-тайпалық қоғамда мифтік дүниетаным өмір шыңдығының „бір бөлшегі“ деп келетін ой-тұжырымның көшпелілер болмысына аналог бола бермейтіні аңғарылады. Көшпелі қазақ үшін ру тайпалық құрылым биопсихикалық түйсіктің немесе соқыр сенімнің нәтижесі емес, этникалық тұтастықты сақтаудың тетігі. Сондықтан да, кейбір тыйым түрледі мифтік-діни дүниетаныммен сабақтасып жатқанмен, көшпелі-қазақ ондай қиялестен (иллюзиядан) ертерек кіндік үзіп, тыйым атаулыны негізінен адамдар арасындағы қарым-қатынаспен, қоғамдық өмірмен және табиғатпен санасып отыруға негіздеген. Адамның адаммен, қоғаммен және табиғатпен қарым-қатынасы алуан түрлі тыйымның туындауына себепші болған. Бұл ретте, көшпелі-қазақ үшін тыйым, кең мағынасында, өмірді реттеп отырудың кепілі, табиғат пен әлеуметтік өмір арасындағы үйлесімнің қызметшісі.

Ойды нақтылы мысалмен көмкеру қажет.

Көшпелі-қазақта „Ошақтағы отты су құйып өшірме“ деген тыйым бар. Осыған байланысты „Ошағыңның оты өшпесін“, „Түтінің түзу ұшсын“, „Түтін түтетіп, ел қатарлы бол“ деп келетін бата сөздер, „Отың өшкір“, „Жанбай жатып сөнгір“, „Ошағың сынғыр“ деп келетін қарғыстар, сондай-ақ „От жаққан жер“, „От басы, ошақ қасы“, „От ағасы“, „Отау иесі“, „Отқа май құю“, „От орнындай“, „Оты жанбаған“ (үйленбеген) т. б. деп келетін тұрақты сөз тіркестері бар. Бұл мысалдардың қай-қайсысын да көшпелілердің отқа табынатын наным-сенімімен сабақтастыра салу жеткіліксіз. Яғни, „көшпелілер көкті Тәңірі тұтқан, көктегі Күнді Тәңірдің көзіне балаған, ал Жердегі отты сол көктегі Күннің сынығы деп есептеген, сондықтан да көк аспанға, аспандағы Күнге, Жердегі отқа „табынған“ деп қайыра салу оңайдың оңайы. Тіптен, оғаштығы жоқ, орынды ойдың жосығы сияты көрінуі бек мүмкін.

Алайда, осы орайда, бір мәселенің ара жігін ажырата

білу керек. Отқа су құйып сөндірмеуге қатысты байырғы адамның мифтік-діни таным-түсінігі бір басқа да, көшпелі өмір салт барысында экосистемамен санасқан адамның таным-түсінігі бір басқа.

Күні бүгінге дейін Шу бойының малшылары көктем шыға Бетбақдаланы басып өтіп, Арқыны жайлап қайтады. Әрбір отыз-қырық шақырым жерде шыңырау құдықтары бар көш жолымен үздік-создық шұбап көшкен малшылар қауымы Бетбақтың шөліне оншақты күн қонып, Арқа жайлауына тұяқ іліктіреді. Алдыңғы көштің адамдары әрбір қоналқадан ілгері аттанарда жерошақтағы отты сөндірмей, сексеуіл мен көкпектің шоқайнасын қалың етіп күлмен көміп кетеді. Сексеуіл мен көкпектің күлмен көмілген шоқайнасы төрт-бес күнге дейін сөнбей жатады. Яғни, ошақтағы отты күлмен көміп кетудің себебі, өкше ізбен көшіп келе жатқан ел шаршап-шалдығып қоналқаға жеткенде, қиналмай от жағып, тамағын демдеп, ертерек тынықсын деген қамқорлықтан.

Яғни, „Ошақтағы отты су құйып сөндірме“ деген тыйымның астарында мифтік-діни наным-сенімнен гөрі, нақтылы өмірлік талғам-талаптан туындап жатқан қажеттілікті аңғару қиын емес. Нақтылы өмірдің талғам-талабы тек белгілі бір тыйымға ғана мұрындық болып қоймайды, сонымен бірге адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын реттеп, мақсат-мүдделерін тоғыстырып та отырады. Бұл тұрғыда, тыйым көшпелі-қазақ қоғамындағы үйлесімнің себепшісі ретінде емес, нәтижесі ретінде көрініс табады. Көшпелі-қазақ қоғамындағы адам мен адамның, адам мен қоғамның, адам мен табиғаттың арасындағы жарастықты өмір салт қажеттілігі алуан түрлі тыйым туындатып отырған.

Тыйымның қандай түрі болса да белгілі бір орныққан этникалық қалып (норма) аясында көрініс табады. Бір қарағанда, тыйым атаулының басым көпшілігі мейлінше елеусіз болып көрінуі мүмкін. Алайда, ең бір елеусіз деген, ең бір қарапайым деген тыйымның өзінде этникалық қалыптан туындап жататын прагматикалық (әрекетшіл) астар болады. Тыйым атаулыға Адам — Қоғам — Табиғат арасындағы үйлесімге қызмет еткізетін де осы қасиеті. Мәселен, көшпелі-қазақ „Малды ноқтамен ұрма“ дейді. Бір қарағанда, мейлінше елеусіз, қарапайым тыйым. Мыңғырған төрт түлік малдың да бүлініп-жарылатындай ештеңе жоқ сияқты. Алайда, басқа да тыйымдар тәрізді, бұл тыйымның да мәні — оны орындауда немесе орындамауда емес, сол тыйым арқылы көшпелілер тіршілігіне

тірек болып отырған төрт түлікке деген кісілікті қарым-қатынастың орнауын мұрат тұтуында. Қара жерді жыртып көме салатын картоп емес, төрт түлік малдың кеудесінде жаны бар, болмысында қылығы бар. Сондықтан да, төрт түлік мал өсіп-өніп, көшпелілер өміріне береке дарыту үшін адамдардың мейірім-қамқорлығы қажет. Яғни, „Малды ноқтамен ұрма” деп келетін қарапайым тыйымның түпкі мәні малды кие тұтуға, сол арқылы күнкөріс көзіне деген кісілікті қарым-қатынас қалыптастыруға негізделген.

Көшпелі өмір салт барысында этникалық ерекшелігін даралаған жалпы түркі әлемінде, оның ішінде көшпелі-қазақ болмасында бел алып жататын парасаттылықтың (нравственность) өзекті бір себебін төрт түлік малды тіршілігіне тірек етумен де байланыстыруға болады. Жер қойнынан өсіп шығатын жансыз өнім мен жер бетінде адамның қамқорлық-мейірімі арқылы өсіп-өнетін жанды түлікке деген сол адамдардың психикалық сезім-әсері де, қарым-қатынасы да әр басқа. Мұндай ойдың жосығын қаузамай түссе, белгілі бір өмір салт пен шаруашылық-мәдени сүле, түптеп келгенде этномәдени төлтумалықты даралап қана қоймайды, сонымен бірге этнопсихикалық ерекшелікті де қалыптастыруға себепші болып отырады дегенге саяды...

Тыйым атаулыны парықтап тану үшін, оны мән-мағыналық ерекшеліктері бойынша саралап алу қажет. Бұл тұрғыда, ағылшын антропологиялық мектебінің әйгілі өкілі Джеймс Фрээрдің саралауы ден қойдырады. Ол тыйым атаулыны ірі-ірі төрт салаға бөліп қарастырады: бірінші, іс-әрекеттерге қатысты тыйымдар; екінші, адамға қатысты тыйымдар; үшінші, заттарға қатысты тыйымдар; төртінші, тыйым салынған сөздер.

Джеймс Фрээрдің бұл саралауы жалпы тыйым атаулыға қатысты типологиялық жинақтаушы ой-тұжырым ретінде кезеңдік мәнмаңызға ие. Алайда, кез келген тыйым белгілі бір тарихи-элеуметтік ортаның талғам-талабымен шендесіп жататын болғандықтан, тыйымды саралағанда сол тарихи-элеуметтік ортаға тән ерекшелігі алдымен қаперде болғаны жөн. Былайша айтқанда, әрбір тарихи-элеуметтік ортаға тән тыйымдар болады және ондай тыйымдар төл ерекшеліктерін қаперде ұстай отырып саралауды қажет етеді. Джеймс Фрээрдің саралауындағы іс-әрекетке қатысты тыйымның адамға да қатысты болуы, адамға қатысты тыйымның затқа да қатысты болуы, затқа қатысты тыйымның сөзге де қатысты болуы

бек мүмкін. Мәселен, көшпелі-қазақтың „Малды ноқтамен ұрма“ деген тыйымның алайық; малды ноқтамен ұрмау — іс-әрекетке қатысты тыйым; малды ноқтамен ұрмауды ескерту — адамға қатысты айтылған тыйым; малды басқа затпен емес, тек ноқтамен ғана ұрмау — затқа қатысты тыйым. Демек, бір тыйымның мән-мағынасы іс-әрекетке де, адамға да, затқа да қатысты. Олай болса, Джеймс Фрээрдің тыйымды саралуында, белгілі дәрежеде, шарттылық бар.

Жалпы тыйымды саралағанда оны нақтылы белгілері бойынша жіктеп ұшығына жету мүмкін емес. Өйткені адам қоғамында тыйымның араласпайтын саласы кемде-кем. Бұл ретте, тыйым атаулыны іс-әрекетке қатысты, адамға қатысты, затқа қатысты, сөзге қатысты, жан-жануарға қатысты, аруаққа қатысты, аспан денелеріне қатысты, еркек пен әйелге қатысты, бала мен ересекке қатысты, хан мен қарашаға қатысты, басшы мен қосшыға қатысты т. б. деп шартты түрде жіктеудің субъективті методикалық мәні бар. Мұның өзі, тыйым институтын саралап танып, жіліктеп талдауға, белгілі дәрежеде, ұрымтал да. Әсіресе, көз келген тілде мольнан ұшырасатын тыйым сөздер мен бодау сөздерді (эвфемизм) жүйелеу барысында субъективті шарттылықтан аттап өту қиын.

Осы орайда, көшпелі-қазақтың дәстүрлі тыйымдарын кең аяда үш салаға бөліп қарастыруға болады. Бірінші, адамға қатысты тыйымдар. Екінші, қоғамға қатысты тыйымдар. Үшінші, табиғатқа қатысты тыйымдар. Мұның үшеуінде де тыйым арналатын ортаңғы тұлға — Адам. Яғни, адамның адамға қатысы, адамның қоғамға қатысы, адамның табиғатқа қатысы тыйым арқылы бажайланады. Бұлайша жіктеуде шарттылықтан гөрі көшпелі қазақ болмысына тән тыйымдардың ерекшеліктерімен санасушылық басым. Мұнда адам да, қоғам да, табиғат та нақтылы субъект немесе объект ретінде емес, типологиялық кең аяда қарастырылады.

Көшпелі-қазақ болмысына тән адамға, қоғамға және табиғатқа қатысты тыйым түрлерінің төл ерекшеліктеріне жеке-жеке тоқталып өту қажет.

Адамға қатысты тыйымның аясына еркек те, әйел де, бала да, ересек те, хан да, басшы да, қосшы да қамтылады. Тек, әрбір тыйым ешбір затпен немесе өзгеге қатысты қимыл-әрекетпен байланыссыз, адамның жеке басына тікелей арналуы шарт. Дәлірек айтқанда, адамға қатысты тыйым жеке адамның өзінің өзіне қатысты әрекет-сөзін ғана қамтиды. Мәселен, „Қолыңды төбеңе

қойма" „Таңдайынды қақпа“, „Басыңды шайқама“, т. б. деген сияқты. Немесе, адам кейбір мүшелерін тікелей атаудан тиылып, „ұлы мүше“ „сарпай“, „қаса“, „шөтей“, „насыбай“, „құрсақ“ т. б. деп айтылатын бодау сөздерді (эвфемизм) де адамға қатысты тыйымның санатына жатқызуға болады.

Қоғамға қатысты тыйымда адамның тікелей өз басына емес немесе тікелей өзі өзіне емес, сол адамның өзге адамға немесе затқа қатысты әрекеті мен сөзі қаперде болады. Яғни, адамнан талап етілетін тыйым қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі субъектіге немесе объектіге қатысты айтылады. Мәселен, „Үлкен кісінің алдын кесіп өтпе“ „Қонағыңа ашуланба“, „Көпшілікке жамандық ойлама“ „Дәмге қарап түшкірме“, „Молаға қарай жүгірме“ т. б. деген сияқты. Сондай-ақ, біреуді „өлді“ демей — „дәмі таусылды“ „дүние салды“ деуді, бір нәрсені „таусылды“ демей — „байыды“ деуді, „Қазақстанды 1731 жылдан бастап Ресей империясы отарлай бастады“ демей — „Қазақстан 1731 жылдан бастап Ресейге өз еркімен қосыла бастады“ деуді немесе жас келіншектің келін болып түскен үйдегі кісілерге жанама ат қойып алуын, жасы үлкен кісіні „бәленшеке-түгеншеке“ деп сыпайылап атауды т. б. осы сияқты бодау сөздерді де қоғамға қатысты тыйымдардың санатына жатқызған жөн.

Ал, табиғатқа қатысты тыйымның санатына адамның қоршаған ортаға, жан-жануарлар дүниесіне, аспан денелеріне, тіптен табиғаттың перзенті ретінде адам болмасының көптеген қырларына қатысты әрекеттері мен сөздерін жатқызуға болады. Мәселен, „Жұлдызды санам“, „Айды қолыңмен көрсетпе“ „Көктемде жан-жануарға тиіспе“ „Көк шөпті жапырма“, „Қара жерді қазулы қалпында қалдырма“, „Күн шыққан соң ұйықтама“, „Бейуақта жатпа“ т. б. деген сияқты. Сондай-ақ, „жылан“ демей — „түймебас“ дейтін, „қасқыр“ демей — „итқұс“ „көкжал“, „бөрі“ „ұлыма“ дейтін, „арыстан“ демей — „аң патшасы“ дейтін, „бүркіт“ демей — „құс төресі“ дейтін, „күн батты“ демей — „күн байыды“ дейтін т. б. тыйым сөздер мен бодау сөздерді де табиғатқа қатысты тыйымның санатына жатқызуға болады. Осылайша, көшпелі-қазақтың дәстүрлі тыйымдарын адамға, қоғамға және табиғатқа қатысты кең ауқымда жіктеп алған соң, одан әрі әрбір тыйымды төл ерекшеліктері бойынша жіліктеп саралауға, әрбір тыйымның мән-мағынасын жан-жақты бажайлауға жол ашылады.

72. ЕЛ АУЗЫНАН. Бір келіншектің алты қайнағасы болыпты дейді. Олардың азан шақырып қойған есімі мынадай болса керек: Өзенбай, Қамысбай, Қасқырбай, Қойшыбай, Қайрақбай, Лөкетбай. Бірде жас келіншек өзенге су алуға барса, қамыс арасында бір қойды қасқыр жейін деп жатқанын көреді де, қасқырды жасқап үркітіп жіберіп, қой арам өліп қалмас үшін қабар беруге үйге асыға жүтіріп келіпті-міс. Сонда келіншек үйдегілерге: „Сарқыраманың арғы жағында, сылдыраманың бергі жағында маңыраманы ұлыма жейін деп жатыр екен, ұлыманы үркітіп жібердім. Енді маңыраманың арам өліп қалатын түрі бар, тезірек қынаманы жанымаға жанып-жанып алып жетіңіздер!“— депті-міс.

Осы бір әзіл аралас әңгіменің өзіндік аңғартары бар. Әрине, жас келіншек қайнағаларының атын атап қоймас үшін сарқырама, сылдырама, маңырама, ұлыма, қынама, жаныма деген бодау сөздерді (эвфемизм) дәл сол жерде ойдан шығармаған. Ойдан шығаруға мұршасы болатын да жағдай емес қой. Бұл оның келін болып босаға аттаған күнінен бастап тілдік қорына этикалық қалып (норма) ретінде орныққан. Және мұндай бодау сөздер келіншектің ғана қолдануымен шектелмейді, сол келіншектің төңірегіндегілер үшін де түсінікті. Яғни, келіншектің этикалық қалыбы тудырған бодау сөздер төңірегіндегілердің де ұғымдық қалыбына айналды. Сөз жоқ, жай ғана ұғымдық қалыпқа айналып қоймайды, мұндай ортада жарастықты қарым-қатынастың қалыптасуын қамтамасыз етеді. Мысалдар келтіре түсуге болады.

* * *

... Ертеректе бір қыз бен жігіт бір-біріне ғашық екен дейді. Қыздың шешесі қаталдау, қызын ойын-тойдан тыйып ұстайтын жан болса керек. Бірде қыздың ауылында той болады да, ғашық жігіті тойға келеді. Келсе, сүйген қызы жоқ. Тағаты таусылған жігіт ауылдың жеті-сегіз жастағы бір елгезек баласын жұмсап, қызды шақыртады. елгезек бала зып беріп үйден шығады да, қызға келіп, сүйген жігітінің сөзін жеткізеді. Қыз жігітінің келгенін білген соң, ол да дегбіреп, тойға баруға тырысатынын айтады. Сөйтіп тұрғанда қыздың шешесі келіп қалады да, қатал шешенің ызбарынан қаймыққан бала қайтып кетеді.

Содан той болып жатқан үйге бала қайтып келеді. Есіктен кіре бергенде, тағаты таусылып, сүйгенін күтіп отырған жігіт: „Не болды? Не деді?“ деп сұрайды. Сонда

жұрт көзінше сыр шашудан тиылған ақылды бала былай деп жауап береді: „Барып едім, жоқ екен. Айтып едім, құп деді. Келем деп еді, келмеді. Келмегені келген шығар“.

Жігіт түсінеді де, балаға рахметін айтады.

Осынау пысық баланың астарлы емеурін сөзіндегі „Барып едім, жоқ екен“ дегені — „Қызға барып едім, қатал шешесі үйде жоқ екен“ дегені. „Айтып едім, құп деді. Келем деп еді, келмеді. Келмегені келген шығар“ дегені — „Айтып едім, сөзіңді құп алды. Бірақ сол кезде шешесі келіп қалды, содан келе алмады,“ дегені.

* * *

Ертеректе екі аттылы жолаушы келе жатса керек. Бірі мосқалдау ер адам да, екіншісі бойжеткен қыз екен дейді. Бұл жолаушыларды көрген ауылдың бір жеңілауыздау жігіті тұрып: „Пай-пай, мына қыздың астындағы жорғасын-ай, қасындағы келіскен жолдасын-ай“ деп әзілдейді.

Сөйтсе, аттылы жолаушылар әкесі мен қызы екен. Қыз әлгі жігіттің оспадарлау әзілінен қысылып, тура сыр ашудан тиыла жауап береді: „Әй, жігіт-ау! Әй, жігіт! Сөздің білсең мәнісін, аңдап сөйле аңысын, бұл жігіттің шешесі менің шешемнің қайын енесі, сонда мен бұл жігіттің неменесі?“—дейді.

Андамай сөйлеген жігіт қателігін мойындап, кешірім сұрапты.

73. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТЫЙЫМДАРЫ.

А д а м

Алаң-жұлаң етіп жүрме.

Аттандама.

Аузыңа ерік берме.

Аузыңды керме.

Аһлама.

Аяғыңның басына қарап жүрме.

Аяқ киіміңді сол аяқтан бастап киме.

Аяғы ауыр әйелге түйе етін жеуге болмайды (баласын мерзімінен ұзақ көтереді).

Аяғы ауыр әйелге керілген арқаннан аттауға болмайды (баланың кіндігі мойнына оралып қалады).

Аяғыңды басыңнан жоғары қойып жатпа (басыңнан бағың қайтады).

Аяғыңды айқастырып жатпа.

Аяғыңды көтерме.

Басыңды салбыратып отырма

Басыңды шайқама.

Бет-аузыңды қисандатып сөйлеме.
Бетадды күлме.
Бетіңді баспа.
Бетіңді басып жылама.
Бүйіріңді таянба (қаралы емессің).
Бұтыңды ашып отырма.

Ғайбат сөйлеме.

Даусыңды шығарып сөйлеме.
Денеңе түк түсірме.

Езуіңді керме.

Жағыңды таянба (басың істі емес)
Жалған сөйлеме.
Жаман сөз айтпа.
Жуған қолыңды сілікпе.
Жүрелеп отырма.

Қолыңды айқастырма (өлген адамның қолын айқастырады).

Қолыңды артыңа қусырма (тұтқын қолын артына қусырады).

Қолыңды аузыңа салма.
Қолыңды қусырып отырма.
Қолыңды сермеп сөйлеме.

Қолыңды таянба.
Қолыңды төбеңе қойма (тұтқын емессің).

Кек сақтама.
Көп сөйлеме.

Көзіңді алайтпа.
Көзіңді жыпылықтатпа.
Күрсінбе.

Мақтанба.
Мұрныңды шұқыма.

Ойбайлама.
Өзіңді зор санама.
Өзіңді қорсынба.
Өтірік айтпа.

Саусағынды тарақтама.
Сызға отырма.

Табаныңды тартпа.
Тамақ ішкен қолыңды сілікпе
Таңдайыңды қақпа.
Тізеңді құшақтама.
Тіліңе ерік берме.
Тісіңді қайрама.
Тырнағыңды аузыңа салма.
Тырнағыңды түнде алма.

Үлеме.

Ішегіңді тартпа.

Ысқырма.

Шашыңды жайма (қаралы емессің).

Қ о ғ а м

Адамға қарсы үй сыпырма.
Адамға саусағыңды шошайтпа.
Адамға түкірме.
Адамды санама.

Айыр, күрек, сыпырғыш, шот, кетпен, сияқты мүліктің
басын жоғары қаратып қойма.

Ақты төкпе.

Ала жіп аттама.

Аңға алғаш шыққандағы олжаңды ешкімге сыйлама.

Аңшы аңға шығарда қаруы мен қамшысына әйел адам-
ның қол жалғауына болмайды.

Асқа немесе тойға қымыз құйып әкелген сабаны
мүлде сарықпа.

Асығып тамақ ішпе.

Асық мұжыма (Аш болсаң да асық мұжыма, тоқ бол-
саң да тобық мұжы).

Ас қайырмай дастарқаннан тұрма.

Ата-енеңнен, қайнағаңнан бұрын жатпа.

Ата-енеңнің, қайнағаңның атын атама.

Ата-енеңнің, қайнағаңның жатқан жеріне жатпа.

Ата-енеңнің, қайнағаңның төсегіне отырма, төсегін ба-
сып өтпе.

Ат құйрығын кеспе (тұлданған жылқының құйрығын
кеседі).

Ауған елге тиіспе.
Ауруға күлме.
Ауылдан аттанарда шаба жөнелме.
Шуылға шауып кірме.
Аяғы ауыр әйелге қоян етін жеуге болмайды (перзентінің еріні жырық болады).
Аяғы ауыр әйелге түйе етін жеуге болмайды (перзентін ұзақ көтереді).
Аяқ-қолыңды жіппен байлама.

Әдепсіз болма.
Әйел адам ақырын сөйлер болар.
Әйел адам еркекке қарсы қарап отырмас болар.
Әйел адам ер адамның қайда баратынын сұрамас болар.
Әйел адам етегін жауып отырар болар.
Әйел адам „жоқ” деген сөзді айтпас болар (”түгесті” „байыды”, „болып қалар”, „бұйырса болар” т. б. деп жауап беру керек).
Әйел балаға ұрыспа.
Әйелге жалаңбас жүруге болмайды.
Әйелге жолаушының алдын кесіп өтуге болмайды.
Әйелге ер адамның алдын кесіп өтуге болмайды.

Байлығыңмен мақтанба.
Басқаны қор санама.
Басыңа қара не қызыл байлам тартпа (қаралы емессің).
Басыңды босағаға беріп ұйықтама.
Бас киімді айналдырып киме.
Бас киімді баспа.
Бас киімді теріс киме.
Бас киіммен ойнама.
Бәлеқормен бастас болма.
Бейуақта бейғам болма.
Бейуақта жылама.
Бейуақта кісіден көңіл сұрама.
Бейуақта ұйықтама.
Бейіт басынан қайтқанда басқа үйге кірме.
Бесікті ашық қалдырма.
Бесікті аяқ асты етпе.
Бесікті бір қолмен көтерме.
Бесікті көрінгенге берме.
Бесікті сатпа.
Бесікті теппе.

Беттеп келе жатқан көп малды бойлай бөліп өтпе.
Беті-қолыңды жуынбай тұрып малды өріске шығаруға
болмайды.

Босағаға сүйенбе.

Босағаны керме.

Бос бесікті тербетпе.

Бәтен адамды мал ортасына кіргізбе (көз тиеді, мал шо-
шиды).

Бәтен үйге түнде сәлем беріп кірме ("Кеш жарық" деу
керек).

Бүгінгі істі ертеңге қалдырма.

Біреуге қиянат жасама.

Біреуге тесіліп қарама.

Біреудің ақысын жеме.

Біреудің ала жібін аттама.

Бір қолмен нан үзбе.

Бір қолыңмен су құйма.

„Бісіміллә" демей ас татпа.

Дастарқанды аттама.

Дастарқанды баспа.

Дастарқанды пышақпен қырма.

Дастарқан бұрышына отырма.

Дәм ішуді қонақтан бұрын доғарма.

Дос-жаран, құда-жекжаттан ит алма, ит берме.

Дүние құма.

Екі кісінің арасынан өтпе.

Елсіз жерде жалғыз ұйықтама.

Елшіге тиіспе.

Еркектің бес қаруына әйел адам тиіспес болар.

Ер-тоқымды аударып қойма.

Ер-тоқымды теріс салма.

Ер адамды әйел түртіп оятпас болар.

Ескі дауды еске алма.

Ескі моншаға кірме.

Есікті керме.

Есікті қатты серіппе ("Қайтып кірер есікті қатты
серіппе" деген).

Есікті теппе.

Жайдақ атқа мінбе.

Жайдақ ерге мінбе.

Жақсының жасын сұрама,

Жақсыны әжуалама.

Жақсы аттың жағын ашпа.
Жақсы істі қызғанба.
Жақыныңа міндетси берме.
Жалғыз тал шимен ұрма (жалғыз қаласың).
Жаңа байығаннан қарыз алма.
Жаңа түскен келіншек алғашқы перзентін көргенше іш
киімін қысқартуға болмайды.
Жаңа үйленгенмен қоңсы қонба.
Жаралы басқа жұғыспа.
Жастыққа отырма.
Жасы үлкенге әзіл айтпа.
Жас баланы ұрма.
Жас босанған әйел үйге кірген итке „кет!“ демеяді (тісі
түсіп қалады).
Жас келін түскен үйіндегі жақындарының атын атамас
болар.
Жас малдың мүйізін сипама (қисық болып өседі)
Жас малдың тісін санама.
Жас төлді сипай берме. (өспей қалады).
Жатарда көп тамақ ішпе.
Жатқанда аяғыңды құбылаға берме.
Жатқан кісінің үстінен аттама.
Жатқан малдың үстінен аттама (омыртқасы сынады не-
месе қасқыр жейді).
Жатып тамақ ішпе.
Жаяу қамшыланба.
Жеңіл ақылмен дос, жолдас болма.
Жер таянба.
Жер таянып отырып ас ішпе.
Жетім-жесірге тиіспе.
Жетім-жесірдің ақысын жеме.
Жозыға мінбе.
Жозының қасында тырнақ алма.
Жозыны қағазбен сүртпе
Жолаушыға сыртта тұрып тіл қатуына болмайды.
Жолаушыдан „қайда барасың?“ деп сұрауға болмайды
(жол болсын“ дейді).
Жолаушының жолын кеспе (уақытын кесіп айтпа).
Жолай кезіккен иір ізді кесіп өтуге болмайды.
Жуындыны есік көзіне төкпе.
Жұма күні кір жума.
Жұма күні үйді ақтама.
Жұрт алдында қатты күрсінбе.
Жүйрік атқа әйел адам мінбес болар.
Жүріп келе жатып тамақ ішпе.

Жыңғылмен ат айдама.
Жіптің астынан өтпе.
Жіпті мойныға салма.

Зиратқа қарап қол созба.

Қабырды баспа.
Қазан ернеуін босағаға қарай қисайтып аспа (несібең
сыртқа төгіледі).

Қайшыны көк шөпке тастама.
Қаралы елге тиіспе..

Қара, қызыл, ақ түсті шүберекті үй үстіне жайма
(қаралы тудың белгісі).

Қарт адамның алдын кеспе.

Қаруды адамға кеземе.

Қатты сөйлеме.

Қатынға қатты сенбе.

Қатын мен балаға сыр айтпа.

Қисынсыз сөз айтпа.

Қой қырқатын қайшыны иесіне қайтарғанда қол
жалғап берме (қайшыны жүнге орап, „мұны мен емес,
жер берді“ деп, жерге қояды).

Қолыңды артыңа айқастырып жүрме.

Қол жумай жозы қасына отырма.

Қонағыңа ашуланба.

Қонағыңды жұмсама.

Қонақтың алдын орама.

Қораға дәрет сындырма.

Қотанда ысқырма.

Құбылаға қарап дәрет сындырма.

„Құранды“ жерге тастама.

Құран оқығанда жалаң бас отырма.

Құран оқығанда сөйлеме.

Құран оқығанда түрегеп тұрма.

Қызға ер баланы тебуге болмайды.

Қыз баланы босағаға отырғызба.

Кәрі жілікті әйел балаға ұсынба.

Кешкі асты бақпа.

Кеште тырнағыңды алма.

Киімді желбегей жамылма.

Киімді теріс киме.

Көгеңді аттама.

Көптен дараланба.

Көп ішінде жалғыз тамақтанба.

Көрпенің ірге жағын тұйықтап жатпа.

Көрпені теріс салма (яғни, көрпенің тұйық жағын босағаға қаратып салуға болмайды).

Көршіңе жамандық ойлама.

Күйеуіңнен бұрын жатпа.

Күйеуіңнің ірге жағына жатпа.

Күні түскенге кісәпір болма.

Күректің сабын аттама.

Кірдің суын баспа.

Кірдің суын есік көзіне төкпе.

Кісіге қарап бала емізбе.

Кісіге қарап есінеме.

Кісіге қарап орынсыз күлме.

Кісіге пышақ сұқтама.

Кісіні айналма.

Кісі келгенде тамақ сұрама.

Кісі келгенде үй сыпырма.

Кісі көзінше керілме.

Майлы тамақтан соң салқын су ішпе.

Малға баскиім лақтырма.

Малға зекіме.

Малға қант, тұз ұсынып шақырма.

Малға теріс қарап мінбе.

Малға теріс мінбе.

Малдың алғашқы сауымынан алынған майды асқа қолданба (босағаны, табалдырықты, киіздің етегін майла).

Малдың алдынан бос ыдыспен шығуға болмайды.

Малдың бітіміне, сүттілігіне сұқтанба.

Малды бөтен адамға саудыртпа.

Малды қу шыбықпен немесе қабықталған ағашпен айдама.

Малды сауарда балтаны ағашқа шанышпайды.

Малды сауған соң қол жумай тұрып, қол беріп амандасуға болмайды.

Малшыдан „Не бағып жүрсің?“, „Не сауып жүрсің?“ деп сұрама.

Мал қораның есігін ашық қалдырма.

Мал қоршауына шықпа.

Мал сауатын ыдысты төңкеріп ұстама.

Мал сауып жатқанда иесімен сөйлесіп, сауынның жанына келуге болмайды.

Мал төлдеп жатқанда қарызға ештеңе берме.

Маңдайшаға төбеңді тіреме.

Мас қылатын ішімдік ішпе.

Мойынға белбеу салма.

Молаға қарай жүгірме.
Молаға қарап дәрет ұсатпа.
Моланы саусағыңмен көрсетпе.
Мүтедек адамды мазақтама.
Мүрдеге топырақ салғанда күректі екінші адамға
қолмен берме.
Мүрдеге топырақ салғанда күректі табаныңмен баспа.

Намазды бөлме.
Наңды баспа.
Наңды бір қолмен үзбе.
Наңды жерге тастама.
Наңды лақтырма.
Нанмен ойнама.
Нанның ұнтағын тастама.

Ойланбай сөйлеме.
Ойланбай іс бастама.
Орынсыз кінә қойма.
Оттықты жақпа.

Өзгенің алдындағы асқа сұғынба.
Өзіңде жоққа мақтанба.
Өзіңе ұнамағанды өзгеге теліме.
Өз басыңа лайық емес сөз айтпа.
Өлген кісіні жамандама.
Өліктің дене топырағын сәндеме.
Өлімге бата жасап қайтқанда басқа үйге кірме.
Өлім бар да қаза бар екенін ұмытпа.
Өсек тасыма.
Өтірік айтпа.

Пышақпен ойнама.
Пышақтың жүзін жалама.
Пышақтың жүзін жоғары қаратып тастама.
Пышақты нанға қадама.

Сүйекті отқа салма.
Сүттің бетін ашық қалдырма.
Сүтті үрлеп ішпе.
Сүт сауатын шелекті су басына апарма.
Сыйлаған немесе сатқан малды еске алып қайғырма.
Сыйлаған немесе сатқан малды жүген, ноқтасымен
жіберме.
Сыпырғышпен ұрма.

Сыпырғышты тік қойма.
Сырынды көрінгенге шашпа.

Табалдырықтың сыртында тұрып сөйлеспе.
Табалдырықты баспа.
Такаппар болма.
Тамаққа қос қолмен сұғынба.
Тамақ ішіп отырған кісіге тесіле қарама.
Тамақ ішіп отырып тұрып кетпе.
Таңғы асты тастама.
Таңдайыңды қақпа.
Таяққа сүйенбе.
Тоқымды төсенбе.
Төрге қарап жүреңнен отырма.
Төсекте жылама.
Тұзды баспа.
Тұмса малдың алғашқы сауған сүтін бөтенге берме.
Тұмса малды алғаш сауған соң „Сүтті екен“ деп
мақтама.
Түнде айнаға қарама.
Түнде бақырып жылама.
Түнде жалғыз суға түспе.
Түнде кір жайма.
Түнде сандық ашпа (шығын болады, сандық ашу керек
болса, „жылан кіріп кетті“ деп ашады).
Түнде суға баруға болмайды (әсіресе әйел адамға).
Түнде түсіңді айтпа.
Түнде шаш алма.
Түрегеп тұрып дәрет ұсатпа.
Түсіңді аузы бейпіл адамға жорытпа.
Тымақ үстінен тымақ киме.

Уыздан соң іле суық су ішпе.
Ұрлық жасама.
Үйге қарай жүгірме.
Үйге сыртыңмен кірме.
Үйде өлік жатқанда от жақпа.
Үйде ысқырма.
Үйді айналма.
Үйіңе келсе, үйдей дауыңды айтпа („Алдыңа келсе,
атаңның құнын кеш“ деген).
Үлкенге қарсы келме.
Үлкенге „Сен“ деме.
Үлкеннен бұрын билік айтпа.
Үлкеннен бұрын төрге шықпа.

Үлкеннің сөзін бөлме.
Үлкен кісіге сыртыңды берме.
Үлкен кісіден бұрын дәмге қол созба.
Үлкен кісінің жолын кесіп өтпе.

Шақырғаннан қалма ("Шақырғанға бармасаң,
шақырғанға зар боларсың" деген).

Шақырмаса барма.
Шамды үрлеп өшірме.
Шаңыраққа сәлем бермей кірме.
Шарап ішпе.
Шашты баспа.
Шашты далаға тастама.
Шәйнектің шүмегін төмен қаратпа.
Шошқа етін жеме.
Шылым шекпе.
Шырақты үрleme (ұмытшақ боласың).
Ыстық тамақты қомағайланып ішпе.

Т а б и ғ а т

Адал малдың енін, өтін, көз қарашығын, безін, жатырын жеуге болмайды.

Айға қарап дәрет сындырма.
Айға қарап отырма.
Айды қолыңмен көрсетпе.
Ай сәулесін бетіңе түсіртпе.
Ай толғанда желі тартпа.
Ай толғанда жолға шықпа.
Ай толғанда көшпе.
Ай толғанда қыз ұзатпа.
Ай толғанда үй тікпе.
Аққуды атпа.
Ақтың жуындысын ағынды суға төкпе.
Ақты төкпе.
Ақ төгілген жерді баспа (малдың желіні іседі).
Аңды ысқырмай атпа.
Буаз малды қуалама.
Дәуітке тиіспе.
Жалғыз ағашқа тиіспе.
Жалғыз ағашты кеспе.
Жаңа ай туғанда қойға қошқар жіберме.

Жаңа туған нәрестенің кіндігі қатқанша күн батпай тұрып күл шығарма.

Жас босанған ананы түнде суға жіберме.

Жас босанған әйелдің есіктен кірген итке „кет“ деуіне болмайды (тісі түсіп қалады).

Жерді орынсыз қазба.

Жерошақ аттама.

Жер томпайтпа.

Жолға дәрет сындырма.

Жолға тұз алып шықпа.

Жұлдызды саусағыңмен көрсетпе.

Жұлдыз санама.

Иттің құйрығынан тартпа.

Ит баласын үйде ұстама.

Итке ожаумен ас құйма.

Кептерге тиіспе.

Көкектің етін жеме.

Көктемде жан-жануарға тиіспе.

Көк шөпті жапырма.

Көк шөпті жұлма.

Күлді баспа.

Күнге қарап дәрет сындырма.

Күн батарда күнмен таласып жұмыс істеме.

Күн батарда ұйықтама.

Күн батқан соң қорадан мал шығарма.

Күн шығарда ұйықтама.

Кірдің суын баспа.

Қара жерде қазық қалдырма.

Қара жерді қазулы қалпында қалдырма.

Қарлығаштың ұясын бұзба.

Қаршағаның етін жеме.

Қойға қошқар салғанда зекіп сөйлеме.

Қойға қошқар салғанда қамшы көрсетпе.

Қойдың шуын жерден айырма (сүйретіп апарып таста, әйтпесе қозы қашаған болады).

Қой жүнін өртеме.

Қой төлдеп жатқанда мал берме.

Қотанға дәрет ұсатпа.

Құдыққа түкірме.

Құмырсқанның илеуін бұзба.

Құндыз аулама.

Құстың ұясын бұзба.

Малға зекіме.

Малға қан көрсетпе.
Малдың аяғын бумай бауыздама.
Малдың кемішлігін көзінше айтпа.
Малдың көзінше жыртқыш аң-құстың атын атама.
Малдың көзінше мал ауруының атын атама.
Малдың сүйегін баспа.
Малдың сүйегін отқа жақпа.
Малдың шуын өзіне жегізбе.
Малды басқа ұрма.
Малды зорықтырып қума.
Малды теппе.
Малды шошытпа.
Малшыға көктемде жалаң аяқ, жалаң бас сыртқа шығуға болмайды.
Мал қораға дәрет сындырма (малдың көзіне ақ түседі).
Мал қораға түзге отырма.
Мал қораға түнде от алып кірме.
Мал төлдеп жатқанда тесіліп қарама.
Мал ішінде бөгде адамның жатуына болмайды.
Ораза кезінде малдың орынын ауыстырма.
Ордалы жыланға тиіспе.
Отқа су құйып сөндірме.
Отқа түкірме.
Отпен ойнама.
От айналма.
От басына түкірме.
От кеспе.
От шашпа.
От шығарма.
Ошақтағы отты үрлеп сөндірме.
Өлген адамды қорлама.
Өлік шыққан үйдің малын саума.
Өрмекшінің өрмегін бұзба.
Өрмекшіні өлтірме.

Саралақазға тиіспе.
Семіз малды қуалама.
Соғым малын қуалама.
Суға дәрет сындырма.
Суға қарай жүгірме.
Суға түкірме.
Суды сапырма.
Су шашып ойнама.
Сүйекті отқа салма.
Сүтті отқа төкпе (мал желініне қотыр шығады).

Тұзды баспа
Түнде жүгірме.
Түнде күл төкпе.
Түнде күл шығарма.
Түнде кір жайма.
Түнде судың бетін ашық қалдырма.
Түнде тырнақ алма.
Түнде үй сыпырма.
Тірі малға көрсетіп мал сойма.
Тірі малдың етін кесіп алуға болмайды.
Ұлыстың ұлы күні жамандық істеме.
Ұрлық жасайтын, өгірік айтатын адамға мал жаюға
болмайды.
Үй ішінде жылан өлтірме.
Шашыңды отқа салма.
Ішетін суға аузыңды батырма.

74. ЫРЫМ. Көшпелі-қазақтың қоғамдық психологиясын әр түрлі ырым-жоралар арқылы да пайымдауға болады. Дәстүрлі тыйымдар сияқты ырымның да себеп-салдары мифтік-діни дүниетанымнан гөрі нақтылы өмірлік тәжірибемен көбірек байланысты болып келеді. Қазақта „ырымшыл қазақ“ деп келетін сөз тіркесі бар. Яғни, ырымның күнделікті өмір салтта мейлінше мол қолданылатынын мегзейді. Немесе, „кедей ырым етеді, ырымы қырын кетеді“ дейтін мәтел сөз бар. Мұна, ырымның жақсы ниеттен туындайтынын аңғаруға болады.

Жалпы ырым түрлеріне ден қойғанда, адамның әлеуметтік өмір мен табиғатқа деген қарым-қатынасы алдымен аңғарылады. Жай ғана қарым-қатынас емес, адамның адамға, қоғамға және табиғатқа қатысты жасайтын эмпирикалық қорытындылары, белгілі дәрежеде, ырымдар арқылы көрініс тауып отырады. Әрине, адамның адамға, қоғамға және табиғатқа қатысты жасайтын эмпирикалық қорытындылары ұдайы дұрыс бола бермеуі әбден мүмкін. Яғни, ырымның себеп-салдары күнделікті өмірдің ақиқаты (аксиома) ретінде қабылданбайды. Бірақ, көшпелі-қазақтың қоғамдық психологиясындағы кісілікті қалып, парасат-пайым ырым-атаулыдан жақсылық дәметеді немесе жамандықтан тыйылады. Бұл тұрғыдан келгенде, жалпы халықтық білім (народные знания) сияқты, ырымды да рациональды және иррациональды бастаулардың тоғысы ретінде, солардың синкретті бірлігінің нәтижесі ретінде қарастыруға болады.

Көшпелі-қазақтың ырымдарын саралап тану үшін, тый-

ым түрлерін саралаған сияқты, мұнда да адамның адамға қатысы, қоғамға қатысы және табиғатқа қатысы алдымен қаперде болу керек. Мұнда да ырым арналатын немесе ырымның себеп-салдары бағытталатын ортаңғы тұлға адам болып келеді. Қоғамдық өмір мен қоршаған ортадағы құбылыстарға қатысты ырым-жоралардың себеп-салдары, түптеп келгенде, адамға немесе адам қоғамына бағытталып отырады. Мәселен, жолаушы атын ерттеп жатқанда құмалақ тастаса, жол болады дейтін немесе сойған қойдың арам шеміршегін босағаға ұрса, ат жүйрік болады дейтін ырым бар. Осы ырымдардың екеуі де сайып келгенде адамға қатысты. Яғни, адамның жолы болады немесе аты жүйрік болады. Дәстүрлі ырымдар, әдетте, тыйыммен және болжамдармен шеңдесіп жатады. Ырым да, тыйым да, болжам да халықтық білімнің санатына жатады. Ал, халықтық білім, түптеп келгенде, адам қоғамындағы қоршаған орта туралы таным-түсініктің, дағдының (навык) және нақтылы өмірлік тәжірибенің жиынтығы ретінде көрініс табады. Осылардың ішінде дағды мен өмірлік тәжірибе халықтық білімнің рациональды негізін құраса, қоршаған орта туралы таным-түсінік, әдетте мифтік-діни дүниетаныммен астасып жатады. Содан да болу керек, дәстүрлі ырымдар эмпирикалық дағды мен өмірлік тәжірибеден туындағанымен, оның себеп-салдарын жору барысында ғылыми дәлел жетісе бермейді. Нәтижесінде, ырымның себеп-салдарын жоруда иррациональды мифтік-діни дүниетаным бел алып жатады. Сондықтан да, ырым атаулыны өзара байланыстыратын белгілі бір жүйе болмайды. Сол жүйесіз қалпында ұрпақтан ұрпаққа жораланған (ритуализированный) қасиетімен жұғысты болып отырады. Алайда, жораланған ырым атаулыдан адам қоғамы не жақсылық дәметеді, не алда болар жамандықтан тыйылады. Бұл тұрғыда, халықтық білімнің бір көрінісі ретінде ырым да әлеуметтік ортаны реттеп отыруға, адамдарды белгілі бір мақсатқа жұмылдыруға, сол арқылы қоғамдық жарастықтың орнығуына қызмет етеді.

75. МАЛ ҚАЙТСЕ КӨБЕЙЕДІ. Көшпелі ел дәстүрінде малға ен салуды көктемде бір науқан етіп өткізеді.

„Ақ найзасы болмаса,
Ерді қайдан танырсың,
Ен-таңбасы болмаса,
Малды қайдан танырсың,“ —

дегендей, көшпелі елдің тіршілік-тынысымен тамырлас бұл дәстүр тым ерте кезден-ақ қалыптасқан. Қазақ арасында

мал құлағына ен салудың мынадай түрлері кең тараған: тілік ен, сота тілік ен, кез ен, жүрекше ен, солақ ен, қиықша ен, қиық ен, ойық ен, құмырысқа ен, кесік немесе байпақ ен, тесік ен, сыдырғыш ен, сырға ен т. б.

Міне осы сияқты ен-таңба түрлерін малға салу кезінде кесілген қанды құлақтардың үстіне ақ тамызып, құмырсқаның илеуіне тастайтын ырым болған. Мұнысы — мал құмырсқадай көп болсын дегені.

Сол құлақтардың кешке қарай жым-жылас болғанын ауыл балалары таңдана айтып келеді. Ал, қарттар болса жымыып қойып:

— Е, шырағым, илеу үстінде қанды құлақ қан талапай болса, малымыз құмырсқадай көп болады. Сендердің де қарындарың тоқ болады!— дейді.

Бұған балалар мәз болып кете барады. Ал қарттардың әңгімесі енді мал-жан жайында ойыса береді. Өкше басар жастарға құлаққағыс ете отырып, көшпелі елдің атадан-балаға ауысып келе жатқан тәжірибелерін ортаға салады.

76. ДИҚАН АТА БОЛЖАМЫ. Көктемде құмырсқа илеуіне диқан ата үш тал ши шаншады. Оның бірі — ұзын, кеудеқағар. Екіншісі — орташа, кіндіктен аспайды. Үшіншісі — тізеден ғана келетін қысқа ши.

Егер, құмырсқа кеуде қағар шидің басына көп шықса, онда бидай биік те бітік шығады. Орташа шиге шықса, орталау, ал тізе қағар аласа шиге көбірек аялдаса, астықтың шығымы да аз болмақ. Бидай бұғып қалатындай қуаңшылық болады деп ырым көреді.

77. ЕЛ ҚАЙДА КӨШЕДІ. Тана моншақтай дөңгеленген қызыл қоңызды әркім-ақ білуге тиіс. Қып-қызыл жылтыр сауытында қара нүкте дақтары бар, бауыры шымқай қара. Осы қоңызды қазақтар „қызыл қоңыз“ немесе „ел қайда көшеді“ деп атайды.

Әрине, „қызыл қоңыз“ атауы түсінікті. Қызыл болған соң ғой. Ал, „ел қайда көшеді“ аталуында бір себеп бар. Көшпелі елдің жаз жайлауында әлденеше рет жұрт ауыстырып, көшіп-қонып жататын әдеті. Осындай көш-қонның абыр-сабырында ауыл балаларының бір ермек ойыны бар. Онысы — желден күннен, жауын-шашыннан паналап, керегенің көгін, уықтың қарын сағалаған әдемі қызыл қоңызға байланысты.

Үй жығылып, түйеге теңделгенше балалар жұрттағы қызыл қоңызды тауып алады да, алақанынан бастап қоя береді. Қоя берісімен бәрі де у-шу болып: „Ел қайда көшеді!?“— деп дабырласа дауыстайды. Қоңыз саусақ ба-

сына қарай жорғалай жөнеледі де, саусақтың ұшына келгенде кәдуелгідей артқы екі аяғын сүйеу ете көтеріліп төңірегіне қарайды. Сол кезде балалар қоңыздың бет бұрған жағын мегзеп: „О, ел мына жаққа көшеді екен!“— деп, тағы да дабырласады. Іле келесі бала да қолындағы қызыл қоңызбен „бал ашып“ жатады. Әрине, оның қоңызы басқа жақты мегзеуі мүмкін.

Енді балалар арасында дау болады. Көшетін жақты білгендері қоңызды сол тұсқа қаратуға бейімдеп, кейде өзі де ошарыла бұрылып, қараулық жасайды.

... Ақыры ел көше жөнеледі. Сол кезде үдере тартқан түйе үстіңдегі айтқаны келген бала өзінше мерейі үстем болып, мағұрланып отырады. Қызыл қоңызды да біртүрлі жақсы көретін сияқты.

Осынау ырым-ойынның да өзіндік мәні бар. Бұл ырым-ойын көшпелі ел балаларын жер жайын шолуға, бағдар тануға, ауыл қарттарының ой-ниетіне ден қойып жүруге, дала заңына ұғымды болуға тәрбиелейді.

78. ҰЛЫ СӨЗДЕ ҰЯТТЫҚ ЖОҚ. Адамдар арасындағы қарым-қатынас дәстүрлі наным-сенімге мойын ұсынбаса, салт-дәстүр мен ырым-жоралар сақталмаса, тыйым-тосқауыл деген қаперге ілінбесе, еркіндік дегеннің өзі көргенсіздікке ұласып кетуі оп-оңай. Яғни, адамдардың бойында іштей тыйылудан гөрі, заңнан ғана қорқу немесе сырт көз үшін ғана „жасырыну“ сезімі басым. Мұның бәрі сайып келгенде, сыртқы өктем күштің рухани билеп-төстеуі (экспансиясы) бел алғанда, ұлттық дәстүр сабақтастығы әлсірегенде, дәстүрлі мәдениет өмір-салтынан шеттетілген ортада болатын жағымсыз қасиеттер.

Осы орайда еркек пен әйел арасындағы қарым-қатынасқа, жыныстық өмір мәселесіне дәстүрлі таным-түсінікпен ден қойып отырудың мәні зор. Себебі, жыныстық қатынас тек жеке адам өміріне қатысты ғана емес, белгілі дәрежеде бүкіл қоғам өміріне де әсер етеді. Бұл аралас-мәселе, әсіресе, дәстүрлі таным-түсінік пен тыйым-салттары көмескі тартып, ұлт аралық тарихи-әлеуметтік, мәдени-руханиқ ұралас (коммуникация) бел алған заманда ашық әңгімеге арқау болуды айырықша қажет етеді. Оның үстіне, жыныстық өмірдің әдетте, құпия, сырт көзден таса (эзотериялық) болатын қасиеті, осынау, адам өмірі үшін аса мәнді құбылыстың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін дәстүрлі сабақтастығын қиындатады. Немесе, саяси-әлеуметтік қуаты басым, өктем елдердің талғам-түсінігі, салт-дәстүрі бірден-бір „озық“ үлгі ретінде

бел алып, дәстүрлі мәдениетті ығыстырады. Мұның өзі өкше басар ұрпақтың жыныстық қатынас мәселесінде дәстүрлі қалыптарды ұстанбай, білмей, сырт күштің көпшілік қолды әсіреқызылын үлгі тұтуына ұрындырады. Адамзаттық дамудың технократтық сатысы әлемдік талғам мен дәстүрді мидай араластырып жіберді. Мәдени-рухани аласапыраннан бағдар тауып, ұлттық қасиетті сақтаудың өзі қиынның-қиыны. Мұндайда, әсіресе, жас ұрпақтың парасат-пайымын, кісілік қалыбын төлтума дәстүр аясында тәрбиелеу мейлінше қиын. Алайда, дәстүрлі қалыпты бұзбаудың, өзгеге көзсіз еліктемеудің, ата салтты аттамаудың бір жолы — білікті ойды ортаға салып отыру. Мұның өзі, бұрынғы жеңгетайлық, абысын-ажындық, құда-андалық институттардың жетекші ықпалы әлсіреген заманда айырықша қажет. Бүгінгі психолог, сексолог, социолог ғалымдар жыныстық тәрбиені ұлттық төлтума мәдениеттің құрамдас бір бөлігі ретінде қарайтыны сондықтан.

Еркек пен әйелдің арасындағы жыныстық қатынас туралы әрбір ұлттың өзіндік таным-түсінігі бар, әрбір ұлттың өзіндік моральдық-этикалық қалыптары орныққан. Бұл орайда, жалпы адамзаттық таным-түсінікте еркек пен әйел арасындағы жыныстық қатынасқа деген үш түрлі көзқарас еріксіз назар аударады. Ол — жыныстық қатынасқа деген Шығыс елдерінің, Батыс елдерінің және Еуразия көшпелілерінің көзқарасы. Шығыс елдері (Қытай, Жапония, Тибет, Үндістан т. б.) еркек пен әйел арасындағы жыныстық қатынасты өнер деп қарап, адамның жаны мен тәнін сауықтырудың ең бір мәнді тетігі деп білген. Батыс елдері (Грекия, Рим, Англия, Франция т. б.) жыныстық қатынасқа ғылыми зердемен ден қойып, оны адам болмысын танудың өзекті бір саласы ретінде қарайды. Әлемге әйгілі психиатр және психолог Зигмунд Фрейд адам мінез-құлқының, өмірі мен рухани болмысының негізгі тізгіні жыныстық қатынасқа байланысты деген тұжырымға келген. Фрейдтің бұл тұжырымы бойынша, адам бойындағы мінез-қасиетті қоғам дамуының заңдылықтары билеп-төстей алмайды. Адам болмысын иррационалды (ақыл жетпес) психологиялық күш билейді. Ал, интеллект — сол психологиялық күшті көлегейлеуші. Яғни, интеллект ақиқатты белсенді танытушы емес, Фрейд индивид пен әлеуметтік орта мәңгілік жасырын соғыспен өтеді деп ой түйеді.

Еркек пен әйел арасындағы жыныстық қатынас туралы үшінші көзқарас Еуразия көшпелілерінің арасында

қалыптасқан. Көшпелілердің таным-түсінігі еркек пен әйелдің арасындағы жыныстық қатынасты кие тұтып, оған моральдық-этикалық тұрғыда айырықша мән берген. Көшпелілер үшін тек еркек пен әйел арасында ғана емес, жалпы жан-жануар арасында болатын жыныстық қатынас Тәңірі табиғаттың киелі сыйы. Мұндай таным-түсінік мыңдаған жылдар аясында алуан түрлі салт-дәстүр қалыптастырып үлгерген. Ондай салт дәстүрдің баршасында жыныстық қатынас тіршілік сабақтастығының негізі ретінде кие тұтылады. Теректі алқабындағы Таңбалы сайдағы иерогамиялық (жанығудың киелі сәті), эротикалық (қозушылық) петроглифтерден жыныстық қатынастың тым ертеден-ақ киелі құбылыс ретінде мән берілгенін аңғарамыз. Көшпелілер арасында күн нұрынан екіқабат болған, бұршақ дәнін жұтып жүкті болған әйел-аналар туралы, қасқырдың қаншығымен ашына болып ұрпақ көрген еркек туралы тарихи-шежірелік әңгімелердің, миф-эксаналардың алуан түрі айтылады. Ондай аңыз-әңгімелердің байырғы жазба ескерткіштерге түскені де аз емес. Сондай-ақ эпос-ертекеріміздегі әйел-аналардың көбі қасқырдың, жолбарыстың жүрегіне, құлан етіне жерік болады. Шежіре-әңгімелердің бірінде еркектің ұлы мүшесіне жерік болған әйел туралы да айтылады. Міне осы мысалдардың бәрінен байқайтынымыз, көшпелілердің таным-түсінігі жыныстық қатынасты Тәңірінің киелі сыйы ретінде қабылдап отырған. Тіптен күні бүгінге дейін шағылысып жатқан малды үркітпеу, күйекке түскен аңды атпау сияқты дәстүрдің астарында да жыныстық қатынасты кие тұтушылық бар. Халықтық ұғым-түсінік бойынша жерді — аналық, көкті — аталық деп қабылдау, көктен жауған жауынды нұрға балап, ол нұрдан жерді буаз болды деп, образбен елестетуде де жыныстық қатынасты космогониялық таным-түсінікпен астастыру аңғарылады.

Қазақтың құда түсу, ұзатылар қызға жар-жар айту, келін түскенде отқа май құю, жаңа үйленген жастарға отау көтеру, қыз ояту сияқты дәстүрлердің өзегінде ең алдымен жыныстық қатынасты кие тұтушылық байқалады. себебі тәңірілік құбылыс тек осындай марапаттауды қажет етеді деп сенген. Міне, көшпелілер үшін жыныстық қатынастың киелі болуының бастау себебі осында.

Көшпелілердің таным-түсінігінде жыныстық қатынасты Тәңірінің сыйы ретінде кие тұтқандықтан, бұл мәселеде еркек пен әйелдің жауапкершілігі бірдей болған, Яғни, көшпелілер қоғамында еркек пен әйел әсте бірін-бірі кем

тұтып қарамаған. Дәлірек айтсақ, еркектің әйелді немесе әйелдің еркекті иемденуі, меншіктенуі көшпелілердің дәстүр-танымына жат. Қазақ тіліндегі „жұбай“ сөзі екеудің қатарласуын, теңесуін, жұптасуын білдіреді. Сөйте тұра, көшпелілер қоғамында еркекке қарағанда әйелге көрсетілер сый-құрметтің басымдау екенін аңғаруға болады. Ат үстінде еркекпен үзеңгілескен скифтің желдей азат қыздарын Геродот тамсана жазады. Байырғы түркілер қоғамында Қағанаттың ең лауазымды адамы қаған болса, одан кейінгі орында қағанның „қатын“ деп аталған бәйбішесі болған. Ел ісінің мың сан түрі қаған мен қатынның алдынан өтіп отырған.

Иісі мұсылман халықтарының ішінде қазақ әйелдерінің ғана бетіне пәрәнжі салмауы да көп жағдайды аңғартса керек. Ең арғысы, қазақ тіліндегі „қалыңмал“ сөзінің этимологиясында қалыңмалдың әке мен шеше малы емес, қалыңдықтың малы деген ұғым менмұңдалап тұрғой. Түркі қағанаты заманында екі жастың үйленуіне ата-ана жақтары қарсы болған жағдайда, шын мәнінде бір-біріне ғашық жастар жақын маңдағы аруақтың басына барып, бейітке түнейтін болған. Мұнан кейін екі жастың қосылуына қағанның өзі де тосқауыл бола алмаған...

Қысқасы, салт-дәстүрдің айтарынан аңғартары мол. Өмірдің барлық саласында еркек пен әйелдің өздерін тең санауы — қазақ арасында ертеден келе жатқан дәстүр. Жай ғана дәстүр емес, тарихи-элеуметтік ақиқат. Сөз жоқ, мұндай теңдік сезімі олардың арасындағы жыныстық қатынаста да көрініс тауып отырған. Қазақ тіліндегі „жар қызығын көру“ деген сөздің еркек пен әйелге қатысы бірдей. Содан да болар, жыныстық қатынаста қазақ еркегі мен әйелінің қысылып-қымтырымай, өздерін шын тіленіспен еркін сезінуі — табиғи-психологиялық қасиет. Рас, еркіндік пен бетімен кетушілік деген мүлде екі бөлек ұғым екенін де қазақ терең сезінген. Әсіресе, жыныстық қатынас кезінде халықтың орныққан қалыптарын әсте аттамаған. Қазіргі эротикалық насихатта айтылып жүргендей, төсектегі қылықтың бәрі жөн деп келетін моральсымақ қазақ үшін мейлінше жат ұғым. Ең кісілікті қалыптар, ең киелі дәстүрлер қазақ ұғым-түсінігінде жыныстық қатынас кезінде сақталған. Себебі, жыныстық қатынас еркек пен әйел үшін бірдей киелі саналған. Еркектің оң жаққа, әйелдің от жаққа жатуынан бастап, еркектің әйел төсінен жоғары жерлерін ғана аймалап сүюіне дейін қалыптасқан қалыптары болған. Қазақ фольклорында әйелдің мықынын жоғары қарай суретте-

луінде терең мән бар. Оның есесіне „Ақ төсіңнен айма-лап“, „Ей, қалқа, аузыңды ашып, тіліңді әкел“, „Бал татыр сілекейің шөлдегенде“ деп келетін өлең жолдарынан еркектің әйел затын елжіретіп-іітер, қоздырып құмарлығын арттырар қызулы да қылықты қасиеттерін аңғару қиын емес. Қазақ еркегі мен әйелі жыныстық қатынастан кейін екеуі бірдей мейірі қанып, мерейі өскен сезімде болуы — табиғи қасиет. Себебі, жыныстық қатынас олардың наным-сенімі бойынша жеке бастың эгоистік, өзімшіл ындынын ғана қанағаттандыратын тірлік емес. Ең алдымен Тәңірінің киелі сыйын қабыл алып, қасиетті борышын өтедік деген рухани кемел сезімде болады. Сөз жоқ, жыныстық қатынаста жан рахаты мен тән рахаты үндескенде ғана ең күшті ләззатқа бөленуге болады. Бұл орайда, дәстүрлі тәрбиесі бар қазақтарды жұбайының теңдессіз рахатын көре білген бақыттылар деуге әбден болады.

79. ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЫРЫМДАРЫ.

Қыз туса, үйге тұтқа болсын деп кіндігін от орнына көмеді. Ұл туса, түзге тұтқа болсын, елдің қорғаны болсын деп, кіндігін алты қырдан астырып тастайды.

Жаңа туған нәрестені ауыздандырарда жеті жұрттың тілін білсін десе сауысқанның тілімен, күйші болсын десе домбыраның құлағымен, бай болсын десе қойдың құйрығымен ауыздандырады.

.Қаз басып жүре бастаған баланың тұсауын кесерде үш түрлі тілекпен кеседі. Бірінші, баланың тұқымы өсіп-өніп, шөптей көп болсын деп аяғын шөппен тұсап кеседі. Екінші, малды, майлы болсын деп, аяғын тоқ ішекпен тұсап кеседі. Үшінші, адал болсын, біреудің ала жібін аттамайтын шыншыл болсын деп, баланың аяғын ала жіппен тұсап кеседі.

.Баланы зарығып көрген адам дүниеге келген нәрестесін біреуге беріп, одан қайта сатып алу ырымын жасайды. Мұндайда қайта сатушы адам, балаға көз тимесін, аман болсын деген тілекпен дуана кейпінде киіндіріп, бас киіміне қауырсынның тозығы жеткен сояуларын қадайтын болған.

.Бұрынғы көшпелі өмірде әрбір ауыл, әрбір әулет көш басындағы түйе жүгінің үстіне қырғауыл қауырсынын қадайтын болған. Кейде қауырсынды қырғауылға ұқсата құрастырып, шаңыраққа қонақтатады. Мұнысы, сән-салтанатты көштің барар жеріне құстай тізіліп тез жетсін деген ырым.

.Көшпелі қазақ амандық-саулық білісуге айырықша

мән беріп, жөнімен сәлемдесуді ырым көретін болған. Мәселен, мал жайып жүрген малшыға есеңдескенде „Жаяр көбейсін!“ „Өріс шүйгін болсын!“, „Өріс кең болсын!“— дегендей тілек білдіре тіл қатады. Мұндай тілекке „Айтсын“, „Айтқаның келсін“, деп жауап беріп, әрі қарай жөн сұрасып кететін болған. Сол сияқты, мал суарып тұрса, „Суарар көбейсін!“, көшке кездессе „Көш көлікті болсын!“,— „Көш байсалды болсын!“, жолаушыға кездессе „Сапар оң болсын!“, „Жол болсын!“, бас қосқан ортаға тап болса „Орта толсын!“, мал сойып жатса „Сояр көбейсін!“ „Соғым шүйгін болсын“, шөп шауып, қи ойып немесе басқа жұмыс жасап жатса „Еңбек берекелі болсын!“, киіз басып жатса „Басар көбейсін!“, „Еңбек зейнетті болсын!“ қой қырқып жатаса „Қырқым көбейсін!“, өлік үстіне кезіксе „Қазаның артының қайырын берсін!“, кештетіп үйге кірсе „Кеш жарық!“, бала туған үйге кірсе „Нәрестенің бауы берік болсын!“, ауыл жаңа қонып жатса „Қоныс құтты болсын!“ т. б. Дегендей тілектер айтысып амандасу рәсімі қалыптасқан. Және, бұлай амандасу жақсы ырымға баланған. Тіптен, танымайтын адамнан жөн сұрасқанда „Кімсің!“ деп дүңк еткізбей, „Танымадық қой“ деп сыпайылап тіл қатқан. Көшпелі-қазақтың ислам діні ықпалынан ада дәстүрлі амандасуы „Армысыз!“, „Армысыздар!“ деп айтылса, бұл сөздің де мән-мағнасы „арлымысыз!“ „тазамысыз“ деген тілекпен астастып жатыр. Байырғы түркі тілінде „ары“—тазару, „арық“—таза, „арыс“— таза, киелі деген мағына берген.

.Аса киелі саналатын дәстүрлі ырымдардың бірі — тұмар тағу. Тұмар тағу ырымы ислам дінінен ада, байырғы түркілік дәстүр. Тәңірілік наным-сенімдегі әрісі түркілер, берісі көшпелі-қазақ үшін-Күн, көк, от, су, сияқты Жер де киелі. „Қара жер“— киелі жер деген мағынада. Байырғы көшпелілер тағатын тұмардың ішінде туған жердің бір шөкім топырағы болған. Тұмар сөзінің өзі байырғы түркі тілінде „тума ер“—„туған жер“ деген сөздердің кірігуінен шыққан. Кейін ислам дінінің орнығуына байланысты тұмардың ішіне дұға жазып салу дәстүрі қалыптасты.

.Бала тоқтық тартса, тоқшылық болмақ.

.Бала жол қараса, алыстан жолаушы келмек.

.Бала шұлғыса, мал аман болып, өсіп-өнбек.

.Бала басын шайқаса, жаманшылық болады.

.Бала оң аяғын көтерсе, алыстан аңсаған туысқан келмек.

.Бала атысып ойнаса, ұрыс-керіс болмақ.

.Әйелдің тақымы тартса, жолаушылап кеткен күйеуі келмек.

.Еркектің оң қабағы, әйелдің сол қабағы тартса жақсылық.

.Әйелдің сол көзі қышыса қуанады, оң көзі қышыса күйеуі ренжітеді.

.Алақан қышыса олжа болады.

.Мұртың қышыса жақыныңды иіскейсің.

.Табаның қышыса жол шақырады.

.Ерттеп жатқанда жылқы тезек тастаса жол болады.

.Төстің арам шеміршегің маңдайша мен босағаға ұрғанда жабысса, ат жүйрік болады.

.Тасбақаның жанын қинасаң, күш жинап келіп кек алады.

.Ордалы жыланға тиіссең, жиналып келіп кек алады.

.Ит ұлыса бір қатер бар.

.Сауысқан шықылықтаса, қонақ келеді.

.Сыыр жиналып өкірсе, малға індет келеді.

.Түсінде күліп жүрсең, өңінде жылайсың.

.Түсінде жылап жүрсең, өңінде күлесің.

.Тіліңді тістеп алсаң, үйіңе ашыққан қонақ келеді.

.Ат пысқырса, бір терлер.

.Құйрықты жұлдыз туса, жұртқа бір жаманшылық.

.Жолыңды қоян кесіп өтсе, жолың болмайды.

.Мысық бетін жуса, қонақ келеді.

.Оң құлағың шуласа, жақсы хабар естисің, сол құлағың шуласа, жаман хабар естисің.

.Түсінде өлік көрсең, ғұмырың ұзақ болады.

.Қолының саласы ұзын адам береген болады, қолының саласы қысқа адам сараң болар.

.Желке шұңқыры терең адам кесір болар.

.Желке шұңқыры терең бала тілазар болады.

.Еріні қаймыжықтай жұқа кісі сөзшең болады.

.Көзі сығыр кісі қу болар.

.Қазанның күйесі жанса, қой өсер.

.Қарлығаш ұя салған үйдің дәулеті артар.

.Көбелекті табаныңа жақсаң, жүйрік боларсың.

.Бөдененің жұмыртқасын тапқан адам бай болады.

.Қосаяқтың құйрығымен ауыздандырған құлын жүйрік болады.

.Мінген атың сүрінсе, олжа басқаны, олжалы боларсың.

.Ат кермеде тұрып құйырығын тарақтаса, алыс жолға мініледі.

.Қатар мініп келе жатқан аттар тістессе, сапар қысқа болады.

.Ақылы толмаған бала ми жесе, „мидай болжырап кетеді“ дейді.

.Бала жіліктің майын жесе, „әке-шешесіне қайырымсыз болады“ дейді.

.Бала өкпе-бауыр жесе, „жетім қалады“ дейді.

.Тілі шықпаған балаға тіл берсе, „тіл тигіш болады“ дейді.

.Бала жұлын жесе „суға кетеді“ дейді.

.Балаға „әнші болады“ деп таңдай береді.

.Баланың „құлағы түрік болады“ деп құлақ береді.

.Балаға „бойы қысқа болады“ деп бұғана қабырғаны бермейді.

.Бала „жеңілтек болады“ деп құйымшақ бермейді.

.Бала „аурушаң болады“ деп бүйрек бермейді.

.Емшектегі баланың ішіп-жеген тағамының қалдығын анасынан басқаның ішіп-жеуіне болмайды, „ырысы кемиді“ дейді.

.Қарынға жабысқан ұйқыны келін жесе „ұйқышыл болады“ дейді.

.Ұлтабарды „ұл тапсын“ деп ырымдап келінге береді.

.Кәріжілікті „отырып қалады“ деп ырымдап қыз балаға бермейді.

.Өлі-тіріге сойылған қой етінен қалыңдықтың жеуіне болмайды.

.Қыз балаға „шашың ұзын болады“ деп желке береді.

.Қыз балаға „мейірбан болсын“ деп жүрек береді.

.Төстің басындағы сүріншекті „түз адамы“ деп еркекке емес, „үйдің адамы“ деп әйелге береді.

.Әйелге „малдың құты бұйырсын“ деп өңеш береді.

.Екіқабат әйелге „он екі ай құрсақ көтереді“ деп түйе етін жегізбейді.

.Екіқабат әйелдің көтерген құрсағы тоғыз айдан асып кетсе түйенің мойнынан аттатады.

.Екіқабат әйел қыдырып барған үйіне алып барған дәмнен „қыз табамын“ деп ауыз тимейді.

.Қоян соғып алса „үрім-бұтақты боламыз“ деп қуанады.

.Балаға „жауырыншы болсын“ деп жауырын тістетеді.

.„Асық ойнайтын балаң болсын“ деп асықты жілік береді.

.„Кәрі жілік қорған болады“ деп мүжілген соң оң жақ босағаға іліп қояды.

.Кәрі жілікті ердің қасына іліп жүрсе „пәле-жаладан қорғайды“ дейді.

.Кәрі жілікті түйенің мойнына іліп қойса „қасқырдың жағы қарысып қалады“ дейді.

.Қалжаға сойылған қойдың мойыны бітеу мүжілсе „жас сәбидің мойыны тез қатаяды“ дейді.

.Майлық-сулықтың „ортасы үйдің құты“ деп екі шетіне сүртінеді, ортасына сүртіңсе „отырғандар араз болады“ дейді.

80. КЭСІП. Адамзат атаулының ұзына тарихы, түптеп келгенде, қоршаған ортаны игеру тарихы болып шығар еді. Былайша айтқанда, адам қоғамының даму өресі қоршаған ортаны қаншалықты игерумен өлшенеді. Бұл ретте, белгілі бір адам қоғамы қоршаған ортамен неғұрлым жан-жақты „тіл табысса“, яғни, неғұрлым экосистемаға жан-жақты бейімделсе, солғұрлым әлеуметтік даму деңгейі жоғары болып отырған.

Еуразияның Ұлы Даласындағы көшпелі өмір салттың алғашқы нышаны б. з. д. V-IV мыңжылдықтарда белгі бере бастаса, б. з. д. II-I мыңжылдықтар аясында көшпелілердің шаруашылық-мәдени сүлесі (типі) қалыптасып үлгерген (А. М. Хазанов. Социальная история скифов: Основные проблемы развития древних кочевников Евразийских степей М., Наука, 1975.) Ұлы Дала төсінде соңғы үш мың жыл бойы салтанат құрған көшпелі өмір салттың ең соңғы мұрагері қазақ халқы. Содан да болар, көшпелі-қазақтың материалдық және рухани мәдениеті тікелей байырғы өмір салтпен шендесіп жатар.

Қазақ даласынан табылған андрон заманындағы археологиялық олжалардың ішінде қолөнердің құрал-жабдықтары мол ұшырасады. Әсіресе, тастан, сүйектен жасалған ұршықбастар назар аударады, Ал, Іле алқабынан қазылған сақ қорғандарынан шыққан олжалардың ішінде басылған киіз, есілген арқан, тоқылған алаша жұқаналары болған (К. А. Акишев. Курган Иссык. М., 1978) Әсіресе, сақ жауынгерінің үстіндегі киізден, шүберектен, былғарыдан, асыл металдан дайындалған киім мен қару-жарағы көшпелілер арасындағы орныққан өндіріс деңгейі мен қалыптасқан өнер үрдісін айқын аңғартады.

Бұл дәстүр орта ғасырға қарай Қазақ даласында айырықша қарқын алған. Жезқазған төңірегі Қазақ даласындағы металл өндірісінің орталығына айналған (А. Маргулан. Джекказган — древний металлургический центр. (Городище Милыкудук). // Археологические исследования в Казахстане. А.-А., 1973). Мұның өзі көшпелілерді мұздай құрсаңтан қару-жарақтың, ер-тұрманның, үй мүліктерінің алуан түрінің дүниеге келуіне себепші болды. Бұл кезде, көшпелілер қолөнерінің шыңы болып табыла-

тын киіз үй айырықша сен-салтанат биігіне көтерілді. Әсіресе, көшпелі мал шаруашылығымен тікелей байланысты теріден, жүннен, ағаштан, мүйіз-сүйектен, шиден жасайтын мүліктер әрі алуан түрлілігімен, әрі төлтума ерекшелігімен дараланып үлгерді.

Көшпелі қазақ күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қажет мүліктерін толық өздері өндіріп қана қоймаған, байырғы заманнан бастау алатын қолөнер дәстүрін дамыта шыңдап, төлтума даралығын қалыптастыра білген.

81. ШЕБЕРАІК. Жиыrmасыншы ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін қазақ ауылдарының дәстүрінде болған бір ғана кәсіпшілік туралы арнайы сөз қозғауға болады. Алты ай қысы, алты ай жазы бар Арқаның алыстағы бір ауылында Қасым деген ұста болды. Ол кісіні ауылдастары „Ұста“ деп қана атайтын. Оның өзі былайғы жұртқа „елден ерекше қасиеті бар адам“ дегендей естілетін. Қасым ұстаның қолынан келмейтін нәрсе болмайтын. Жылан көз сақинадан бастап, ырдуан арбаға дейін жасай беретін. Бір ғажабы ол кісінің жасайтын зат-мүліктері жыл он екі айдың әр маусымына орай бөлініп, белгілі бір уақытта ғана дайын болушы еді. Мәселен жаз айларында киіз үйдің сүйегін басатын, ер шабатын, шаңырақ пен арба дөңгелегін иетін, қобыз, домбыра жасайтын. Ал қыс айларында тері илейтін, небір мәнерге салып ат-әбзелін өріп шығаратын. Сонсоң мүйіз қақтап, сүйек өңдейтін, сақина-білезіктер соғып, кемер белдіктер жасайтын, атәбзелді шытырлайтын. Мұның бәрін сары қиды маздата жаққызып қойып, пешке арқасын беріп отырып жасайтын.

Көктем шығып, тоң жібіген шақта қысқы соғымның терісін шелі мен түгінен арылтып саба жасаудың қамына кірісетін. Ол үшін арнайы үйшік соғатын, оның ішінде әлгі терілерді айқыш-ұйқыш керіп тастайтын. Сонсоң жаңағы үйшіктің босағасынан жер бауырлата пеш мойнын тартып, тобылғымен ыстайтын-ай келіп. Бір апта бойы, кейде екі аптаға тарта ауық-ауық ыс қапқан жас теріні көрсеңіз — көкшулан тарта жылтырап, тобылғының дәру түтінінен сартап болып, кәдуілгі бапты қымыздың үйреншікті лебін есіңізге түсіре аңсататынын қайтерсіз.

Қысқасы, Қасым ұстаның осылайша маусым-маусымға бөліп алып тындыратын қыруар ісі алдын-ала ойланып-толғану арқылы, күні бұрын қамданып-сайлану арқылы, қыстың қамын жазда, жаздың қамын қыста ойлаумен жүзеге асып жататын. Бүгіндер ойлап отырсақ, мұның өзі

ден қойған ісіне жан-тәнімен берілген хас шебердің сұлулыққа іңкәрлігінен екен. Сол сұлулыққа іңкәр көңілі одан осынау мәңгілік қозғалыстағы жаратылыс заңдылықтарын терең білуді, білгенін ұқсатуды талап етеді екен ғой. Ол үшін өмірінің мағынасы — өзгенің көңіліне қуаныш ұялату болатын. Мұндай ниет оның қолынан шыққан заттың бәрін шынайы өнер туындысы етіп шығаратын.

Ол іске жарайды-ау деген мүйіздерді жыл он екі ай бойы жинап жүретін. Олардың ішінде жазда атылған киіктің мүйізі де, күзде атылған арқардың мүйізі де, соғымға сойылған сиырдың мүйізі де болатын. Ең арғысы жардан құлап өлген серкенің ширатыла біткен қарағайда қара мүйізі мен жылқының тұяғына дейін теріп жүретін. Қасекең соның бәрін ерінбей-жалықпай күн тимейтін, көзге түсе бермейтін саялы қалтарысқа жинап қоюшы еді.

Күндердің күнінде көктем шығып, жер қарайып, ел жайлауға көшетін мезгіл келетін. Осы кезде Қасым ұста қыстау қасынан аққан бұлақтың табанындағы қара қорыс, көкала сазды белшесінен қазып, жыл бойы жинаған мүйіздерін көміп кететін. Қандай құпиясының барын кім білсін, Қасекең мүйіздерді қарандыз деп аталатын дәрілік қасиеті бар өсімдік қалың біткен жердің ми батпағына көмуді ұнатұшы еді.

Осылайша мүйіз біткен қорыс құшағында қала береді. Қасекең қалың елмен бірге жайлауға көшеді. Жаз бойы үй сүйегін басқан, арба жасаған, шаңырақ иген ұста қыруар іс тындырып талай адамның әжетін ашып, қар бір жауғанда қыстауына қайта көшіп келеді.

Қыстауға келген соң қоражайдың жыртық-тесігін бүтіндеу, отын-су қамдау, күздік сою сияқты бір ай-жарым ай қарбалас шақ туатын әдеті. Сонсоң бір шама толас болып, қол босайды. Осы кезде Қасым ұста көктемгі көмбенің тоңын ойып, мүйіз атаулыны үйге алып келеді.

Әкелмес бұрын көрші-қоланды аралап, ауылдастарына сәлем айтып, кімге не қажет екенін біліп алады. Біреу ожау дейді, біреу қамшы сап дейді, енді біреулер шақша, бал қасық, кездік сап, ұршық, піспек, оқтау, тарақ, табақ сияқты ірілі-ұсақты мүйізден жасалатын қыруар затты тапсырып жатады. Бір ғажабы Қасым ұста соның бәрін қалт жібермей жадына сақтайды.

Содан ми батпақтан алынған мүйіздерді үйге әкелісімен жылы суға салып, саз-топырағын жуып тастайды. Сол бетінде асыға қимылдап: „Иә, сәт, менің қолым емес, ұста бабамның қолы!“ деп алып, мүйіздерді кәдеге

жаратуға кіріседі. Мүйіздердің сазға неге көмілу себебі осы сәт бірақ белгілі болатын. Бес-алты ай бойы қара қорыс миға батқан мүйіз қорғасындай балқып, қамырдай иленетін күйге түседі екен ғой. Егер былқылдап тұрған мүйіздерді тезірек жасайтын затының жобасына келтіріп алмаса қатып қалмақшы.

Міне, сондықтан да Қасым ұста айналасындағы қамырдай созылып, балшықтай иленетін мүйіздерден алдымен жасайтын заттардың сұлбасын келтіріп тастай береді. Мәселен арқардың шомбал мүйізінен аққу мойын, бүйрек бүйір ожауды ыңғайлайтын. Жардан құлап өлген серкенің қарағайдай қара мүйізін қамшы саптың жобасына келтіретін, Ал, киік мүйізін берік болады деп кездік сапқа, түйенің табан мүйізін апиын, алмас, ашудас, қареткен, меңдуана сияқты улы дәрілерді салатын құты сауытқа, сиыр мүйізін насыбай шақшаға немесе жалпайта таптап шаш тараққа, жылқы тұяғын көз қарыққанда киегін көзілдірікке ыңғайлап тастаушы еді. Қысқасы, мүйіздің бәрі кәдеге жарайтын. Ең арғысы қалған-құтқан болмашы мүйіздің өзін алақанына салып жұмырлап, жүтен сағалдырығын бекітетін тиек жасап қоятын.

Мұнан әрі мүйіздерді өңдеп, жаасаған заттарын мүсіндеп, қырнап-мінеуге кіріседі. Жасалатын затына орай мүйіздің бірін қысқыға бекітеді, енді бірінің ішіне құм кептеп белгілі бір мүсінге келтіреді. Сонсоң жылқының қазысын сіңіре жағып отырып, сары қидың қоламтасына ауната ұстап, құрым киізбен, онан соң пүлішпен ыспа-лағанда мүйіз мүліктер кісінің жүзі көрінетіндей болып жылтырайды. Қажет болса бұл мүліктердің кейбіреуіне сол жас күйінде өрнекті таңбалар басады. Ол үшін әр түрлі, әр бедерлі қысқылары болады.

Қасым ұста көкала мәрмір сияқты аққу мойын мүйіз ожауды жасап біткен кезде, аударып-төңкеріп сүйсіне қарап отырып: „бұл жарықтыққа сүттің өңезі жабыспайды, астың дәмін бұзбайды, шыбын қонбайды, несін айта-сың, деген қонақжай келіншектің көркі ғой!“ — деуші еді.

82. ИТСИГЕКТИҢ УЫ. Ауылдың ең бір қадірлі қариясы Шөптібай ақсақал болатын. Қадірлі болатын реті де бар, от басы, ошақ қасынан бастап, ауыл-аймақтың қам-харакетіне дейін ой зерделетіп, ақыл беріп отыратын. Ол кісіде мен-сен деп бөліп-жару жоқ, елдің бәріне бір ниет, бір тілекпен қарап, ақыл айтып отырады.

Шөптекеңнің Манамбай деген құрдасы бар, Сол Манекең кей-кейде әзілдеп:

— Осы Шөптібайдың көтерем тоқтыны көтерер күші де жоқ, шауып алады дәйтін әскері де самсап тұрған жоқ, астында тағы, алдында малы да көрінбейді... Соңда осының бір айтқан сөзі екі болмайтыны қалай?!— дейтін.

Бұл сауалға ешкім де жауап беріп әуре болмайды. Белгілі жайдың несін қаузасын, жаңағы толып жатқан жоқтың бәрін де Шөптекеңнің ақыл-парасаты алмастыра алатынын екінің бірі біледі.

„Менің тіл көмегім болмаса, қол көмегімнің жоқ екенін білесіңдер ғой“ деп отырар еді. Әй, енді, өзінің де білмейтіні жоқ-ау.

Бірде Шөптекең итсигектің уын жинап қоюдың керек екенін ескерткені бар. Елдің жайлауға желпіне қонып, төлдің піскен кезі. Жер астындағы тамыр атаулы дүркіреп шығып, алды шілденің ыстығынан сарғыш тарта бастаған. Тек итсигек қана қансөлсіз қуарып, бунақ-бунақ болып ербиген қалпынан өзгермейді. Күннің нұры, жаңбырдың суы оған әсер етпейтін секілді. Қабық-жапырақсыз, қу бұта қалпында тұрып алады. Содан мамыр өтеді сол қалпы, маусым өтеді сол қалпы, тек шілде айы туғанда ғана әлгі итсигектің ажарсыз қу бұтағына ғайыптың күшімен жан біткендей әр жер-әр жерінен ұсақ көк түйіндер пайда бола бастайды. Сол түйін күн өткен сайын жапырақсыз көк бұтақшаға айналып, итсигекке иыр-қиыр бір буын болып қосылады. Шілде ортадан ауғанда әлгі көк бұтаның басынан қан сөлсіз, күн қуратқан шүберектей болып бес тілді ұсақ гүл жарады.

Осы кезде Шөптекең ауылдың шаруақор, аңсақ жігіттерін жинап алады.

— Өткен қыста ит-құстың бүйідей тиіп, шулықан еткенін ұмыта қойған жоқ шығарсыңдар,— деп бастайды сөзін Шөптібай қария,— ұмытпасаңдар, сол қыс тағы да келеді. Ит-құсы тағы да жаудай шабады. Өткен қыста ауыл болып атқа қонып, азан-қазан болғанда, үш-төрт-ақ көкжалға сойылдарың тиіп еді. Қойдай өрген тұз тағысына оның зауал болмағанын білесіңдер. Сондықтан қыстың көп сынының бірі — ит-құс деген пәлеге қазірден бастап қарсы әрекет етуді ойларыңа салып қояйын деп едім. Бүгін Былқыдақтың сорын шолып қайтып едім, итсигектің гүлі қауыз ашыпты. Нәрді тереңнен тартатын өсімдік қой, бойына қуат-нәрін жаңа жиған шырай таныдым. Енді итсигектің қуатын күн қақпай тұрғанда мол етіп уын алып қалыңдар, қыста итқұстың бетін қайыруға керек болады. Екі-үш қазан етіп қайнатындысын алса да ар-

тық болмас еді. Былтыр Шымбұлақты қыстаған мал шетінен қышыма көнтақ болып, әуре етті емес пе! Айтайын дегенім сол еді.

Жігіттер Шөптекеңнің сөзін шашау шығармайды. Ертеңінде-ақ іске кірісіп кетеді.

Алдымен ауылдан үш-төрт шойын қазанды аттарына өңгеріп Былқылдақтың сорына тартады. Онда барған соң гүлін көп салған, буыны көп, бойы аласа итсигекті таңдап жүріп, соның үстіне қазанды төңкере жабады. Сонсоң қазан ернеуін айналдыра сар топырақпен көміп, таптап тастайды. Болған-біткені осы.

Содан шілде мен тамыздың ыстығында қара қазан итсигекті тұмшалап, төңкерілген күйі жата береді. Тек қыркүйек туып, ел күзеуге қарай жылыстап көше бастағанда ғана баяғы жігіттер Былқылдақтың сорына келеді. Аттарынан төңкеріле түсіп, оқшаулау жерге қаңтарады. Қанжығадан қырғыш, кепсер, шыны құты сияқты сайлап келген заттарын алып, төңкерулі қазанға тақалады ғой. Әрине, қазанды жел жағында отырып аудару керек. Оны жігіттер жақсы біледі.

Кешікпей-ақ, „иә, сәт!“ деп қара қазанды аударып тастайды. Осы кезде қазанның ішкі қабырғасына көк шұбар болып жабысқан желімді көрер еді. Бұл — итсигектің уы. Жігіттер көк шұбар уды қырып алып, шыны құтыға салады. Әрине, бір-біріне жымың-жымың қарасып та қояды. Жымимай қайтсін, өлмеген құл ертең-ақ қылышын сүйреткен қысты көрер. Ит-құс малға шауып мазасын алар. Сол кезде әлгі уды өлексеге себе салса болды, ауыз тиген аң атаулы сеспей қатады. Әсіресе әлді көкжалдың улы етті бірер қабыртқан соң сеңделіп мас болғанын көру жалғанның қызығы екенін бұл жігіттер жақсы біледі.

Малдың қышыма, қотырына мыңда-бір дауа болатын итсигектің қайнатындысын басқаша тәсілмен алады. Ол үшін шілде-тамыз айларында итсигектің тамырын мол етіп қазып алады да, кептіреді. Әбден кепті-ау дегенде келіге түйіп, немесе төске жаншып ұнтақтайды. Ұнтақты шүберекке сабынды түйгендей етіп түйеді де, аздаған суға бір бұлк еткізіп бұқтыра қояды. Мұның да болған-біткені осы, енді бұқтырынды суды да, ұнтақ түйіншекті де темір бөшкеге құйып, аузын жауып тастаса, бақырып ашып, дертке дауа дәрі болып тұрады.

Мұның бәрін Шөптекең сырттай бақылап, қол көмегі болмаса да, тіл көмегін беріп жүреді.

83. ЕР-ТҰРМАН¹. Жалпы. көшпелі өмір салтта, оның ішінде малшы өмірінде өндіріс құралы ретінде ер-тұрманның алар орны айырықша. Қашанда шаруа адамының мінген аты бапты, ер-тұрманы сайлы, киімі ыңғайлы болса, онда оның бойынан кәсіби мәдениеттің лебі есіп, көрер көзді қуантады.

Сыртқы бітім ерекшеліктеріне, жасалу техникасына орай ердің „қазақ ері“ „шошақ бас ер“ „үйрек бас ер“, „құранды ер“, „қозықұйрық ер“, „қызық бас ер“, „қан бас ер“ деп келетін түрлері бар. Осылардың ішінде құранды ерден басқасы көбінесе бес бөлікті қосу арқылы жасалады. Олар: екі қас (артқы қасты керсен деп те атайды), екі қаптал және бел ағаш (орта ағаш), Мұның қай-қайсысы да негізінен қайыңнан, қайыңның безінен шабылып барып біріктіріледі. Оны ер қосу дейді. Кейде жақсы қиюласу үшін ердің бөлшектерін тезге салатын да дәстүр бар. Ер бөлшектері негізінен орама жез шегелермен бекітіледі. Бел ағашын көбінесе таспалап бекітеді. Қазақ даласындағы қоспа ерлердің жасалу техникасында бір ізділік бар. Ал сыртқы бітіміне қарай әр түрлі болып келеді. Әсіресе әйелдерге арнайы жасалатын ер-тоқым сүйегінің ауырлығымен, әшекей-өрнегінің молдығымен ерекшеленеді.

Ердің қасын күмістеудің әр түрлі үлгісі бар. Бірі, темір қақтап, оның бетіне қошқар мүйіздеп күміс қаптырады. Кейде қапқан темірді ойып, күміспен күптейді де, табанына көксауыр былғары, шұға немесе барқыт салып, ердің қасына бекітеді.

Еркек ерлері көбінесе артық әшекейсіз, қасықтай жеңіл болады. Әредік-әредік қақ күміспен, сүйекпен әшекейленгендері кезігеді.

Қазақ арасында ағаштан тұтастай шауып шығарған ерлер де болған. Мұндай ерлерді әдетте тұзды суға салып қайнатып, тобарсыған кезде түйе көнімен кере қаптап тастайды.

Құранды ерлер, аты айтып тұрғандай, қазақ арасында 18-20, 22-32 бөлік ағаштан құрастырылып жасалатын болған. Құранды ер жасау, біріншіден, әдемілік үшін болса, екіншіден — ердің қасына лайық тұтас ағаштың сирек кездесетіндігінен болу керек. Құранды ердің екі қапталы ғана тұтас ағаштан шабылады. Пайдаланылатын ағаш түрлері әрі мықты, әрі желім тұтқыш терек, жиде, тал

¹ Бұл тарауша Д. Шоқпаровпен, Т. Өмірзақовпен бірлесіп жазылды.

сияқты ағаштар. Қазақ шеберлері әдетте желімді арықтан өлген малдың еті мен түйенің көнін қосып қайнатып, сорпасы қойыла бастағанда ыстықтай қотарып алса, сол жақсы желім болады.

Құранды ердің өн бойында оқпан, қастың оң және сол беті, желкебасар, қас, керсен, қанат, қоспа, белағаш, кепіл ағаш, тіреуіш деген атаулары болады. Құранды ерді құрап-желімдеп болған соң, сыртына торкөздеп бірнеше қабат тарамыс талшығын жапсырады. Оны сіңірлеу дейді. Тарамыс талшығының әр қабатынан соң көлеңкелі саяға кептіріп отырады. Үш қабат тарамыс талшығынан кейін тоз (қайыңның қабығы) жапсырылады. Одан әрі әбден кепті-ау дегенде түйенің көнін тарта қаптап, не шегемен, не таспамен бекітеді. Құранды ерге күміс шауып, асыл тастан көз орнатып, сүйектен оймыш салудың толып жатқан ғажайып дәстүрі бар.

Кіші жүз жағындағы „қозықұйрық ер“ деп аталатын ердің біраз өзгешелігі бар. Ол көбінесе 6-7 бөлек жөке ағашынан шабылып, алдыңғы қасы екі бөлек, артқы қасы 2-3 бөлек болады да, бұлар екі қапталға қосылады. Ал бел ағаштың орнына қайыс тарта салады.

Қазақ ерлеріне үзеңгі бау, қанжыға және құйысқан тағу міндет. Үзеңгі бау әдетте алдыңғы қастың етегінен немесе одан бір елдей кейінірек қапталдан тесіледі, Ал құйысқан байланатын бүлдірге мен қанжыға қапталдың артқы қанатын тесіп өткізіледі.

Ер-тұрман құрамына ердің соқа басынан басқа тоқым, желдік, терлік, іштік, тебінгі, үзеңгі, айыл, тартпа, таралғы, ат-көрпе, құйысқан, өмілдірік, жүген, жабу, қамшы, тұсау, шідер сияқты заттар қосылады.

Киізден сырып, былғары бастырып, әшекейлеп пішілген тоқым әйел ерлеріне арналса — 140 x 150, 150 x 55 сантиметрт, еркектердің еріне арналса — 90 x 50, 100 x 55 сантиметр болып келеді.

Бұрынғы ер-тұрман жасау дәстүрінде екі жағынан былғарыдан жалаңқабат тебінгі түсетін. Тебінгі әрі әсемдік үшін, әрі тоқым қысқа болса аяқ киімді аттың терінен сақтау үшін, әрі аттың бүйірі қажалмас үшін жасалады.

Тоқымның астынан терлік, үстінен желдік түседі. Желдік жайлы болса, терлікті бір қабат жабағы жүннен, желдік жоқ немесе жұқа болса, терлікті екі-үш қабат жабағы жүннен салады. Желдіктің қасы қаптал батып тұратындай кемештеліп, ұяланып сырылады.

Үзеңгі әдетте темірден, қоладан жасалады. Қыс айларында аяқты суық қарымас үшін қайыңнан немесе талдан

жасау дәстүрі де болған. Қарала күміс жүргізген үлгісі әсем үзеңгі ат-әбзелген көрік беріп тұрады.

Бір ерде екі айыл болады. Бірі — төс айыл, екіншісі — шап айыл. Ел ішінде түйенің шудасынан, немесе ешкі қылынан есіп жасайтын айылдар болған. Оны „құр айыл“ дейді. Ал қайыстан өріп жасаса, „ерме айыл“ дейді. Халық арасында осы күнге дейін сақталған айылдың көне түрі — екі ұшына доғабас салынып, біріне ұзын қайыс бүлдірге тағылу арқылы жасалады. Оны „тартпа“ дейді. Шапа айыл жалаң ердің үстінен, төс айыл ат көрпенің үстінен тартылады. Аتكөрпенің үстінен айылдың қапталма алақаны болады, оны „пыстан“ дейді. Атқа мініп түскенде аткөрпенің бұрыш-бұрышы қайырылмас үшін ерді орай басып тұратын қайыс болады. Оны „көрпе бастырғы“ дейді. Көрпе бастырғы кейде күмістеліп, әсем безендіріліп жасалады.

Бабымен жасалған өмілдірік, құйысқан, ноқта, жүген — ертұрманның көркі. Жүгенде екі „жақ“, бір „милық“, „кеңсірік“, „сағақ“, „ауыздық“, „жекелік“, „кекілбасар“ болады.

Қамшы үш бөлімнен, яғни сап, алақан және өрімнен тұрады. Қамшы сабын тобылғыдан, ырғайдан, тауешкі немесе ақбөкен мүйіздерінен жасайды. Сабын былғарымен қаптап, жез орап, жезбен сақиналап жасағам қамшыны „сарала қамшы“ дейді.

Қайыстан, шынжырдан жасалатын тұсамыс пен кісен аттың алдыңғы екі аяғына салынады. Шідер үш балақ болып жасалады, алдыңғы екі аяқты қосатын бөлігі тұсауы, артқы аяққа салынатын балағы өресі деп аталады. Шашақ түйінді өрме шідер — мейлінше әсем мүлік.

84. КЕЛІ МЕН КЕЛСАП. Көшпелі-қазақ дастарқанының шырайын келтірер тағамның бір парасы ақталған тары, қуырған бидай, түйілген жарма, жүтері, науат, шекер, құрт, ірімшік, жент сияқтылар. Мұндай тағам түрлерін жасауда келі ең бірінші қажет мүлік.

Көшпелі-қазақтың ертеден тұтынып келе жатқан мүліктерінің бірі — келі мен келсап. Ел арасында келінің мынадай түрлері кездеседі:

1. Жер Келі — келі орнына уақытша пайдаланылатын шұңқыр.

2. Тас келі — келісін тастан, келсабын ағаштан жасаған келі.

3. Ағаш келі — жуан ағаштардан ойылып жасалған келі, мұның бірнеше түрі бар.

4. Насыбай келі — кептірген темекі жапырағын ұнтақтау үшін пайдаланылатын кішкентай келі.

5. Бәйбіше келі — тек науат, шекер, құрт, ірімшік түюге пайдаланылатын қаздың жұмыртқасындай аппақ келі. Бұл келінің тағанын темір қаңылтырмен қаптап, оның бетіне күміс шаяды. Екі иініне мүйізден тұтқа орнатып, ер-неуін сүйектейді. Ол келіні әдетте ауқатты үйдің бәйбішесі пайдаланған.

6. Тоқал келі — қуырған бидай, тары, жүтері түюге арналған орташа келі.

7. Нар келі — келінің ішіндегі ең үлкені, Оны тары сөгін, жарма, жент жасатып сататын алыпсатар саудагерлер жасатады. Нар келінің ішіне бірден 4-5 шелек дән құюға болады. Оның келсабын екі жағынан екі жігіт түйеді.

8. Темір келі — келіші шеберлер ел ішінде сиреген соң, ағаш келі жоқтықтан пайдаланады.

Келі жасау — үлкен өнер. Қазақ жерінде келіні әр түрлі ағаштардан дайындайды. Оны жасауға Жетісуда қарағаш пен жидені, Шымкент облысында қара талды, Қызылордада тораңғыны, Шығыс Қазақстанда еменді, Түрікменстан қазақтары тұт ағашын, Қарақалпақ қазақтары ақ сөгет, қараманды пайдаланады. Келішілер кеспекті жоғарыда аты аталған ағаштардың ішінен таңдап, талғап алады. Олар кез келген жылы келіге ағаш ала бермейді және келі дөңбегін сол ағаштың өсіп тұрған жеріне қарай таңдайды. мысалы, келіге сазға өскен сары ағаш жармайды, себебі оның бойында, біріншіден, суы көп, екіншіден, тұзы мол. Өндегенде оны кептіру қиын әрі кепкен соң жарылып кетеді. Ащы сортаң жерге өскен ағаш та келіге болмайды, оның сүрегі тығыз болғанымен, кептіргенде быт-шыт болып жарылып кетеді. Сулы жерде өскен ағаш та келі дайындауға лайықсыз. Оның сүрегі жұмсақ болады да, кептіргенде қақ айырылып кетеді. Халық мәтелінде „диқаншы құдайдаан су сұраса, келіші қу сұрайды“ демекші, келішілер жаз бен күзде жаңбырсыз құрғақшылық болған жылдары келіге кеспекті көп қылып дайындайды. Соның өзінде ағаштың шөлді жерде, айдалада сусыз қаңсып, түбі жұмырланып дерт боп өскендерін ғана таңдайды. Келі оюға таңдаған ағашты қысқа қарсы бойына нәр жинап, тас буын болып беріштенген кезінде түбірімен қосып қазып алады. Ең алдымен келіге арнап кескен кеспекті жақсы кептіре білу керек. Кептіру — ағаш шеберлерінің құпиясы мол ұлан-байтақ тәжірибесі. Жетісу жерінде келіге арнап кесілген дөңбектің қабығын

аршымай, ағаштың екі жағына сиыр жапасын шаптап, оны қара көлеңкеде кептіреді. Сыр бойында кеспектің екі шетінен бір-бір қарыс жерінің ғана қабығын қалдырып, қалған жерінің түтел қабығын аршып, оның екі шетіне саз балшық жағады да көлеңкеде кептіреді. Шымкент шеберлері дөңбектің қабығын аршымай, сол күйінде шеге құмға көміп кептіреді. Қарақалпақ қазақтары келіге арнап кескен дөңбектің қабығын бірден аршып тастап, оны екі күн көлеңкеде кептіреді де, „Іске сәт“ деп кеспектің дәл ортасына тереңдігі келінің ішінің тереңдігіндей жерге дейін бұрғы бойлатып алады. Сонсоң қуыс құлақ қашаумен жартысын, арғы жартысын имек бас қашаумен ойып алған соң, ойылған келі ішіне шеге топырақты толтырып, жерге бір жұма көміп тастайды. Құрғақ топырақ келінің бойындағы ыза мен тұзды сорып алады. Содан кейін келіні бір қалыпты температурада жылы жерде кептіреді. Қазақстанның қай түкпірінде болсын келішілер келі дөңбегін кептіргенде кеспектің бір қалыпты кебуін қатты қадағалайды.

Келі ағашын әбден кептіріп алған соң, ағаш шеберлері оны ойып алуға кіріседі. Қызылорда өлкесінің келішілері алдымен келі ағашының ортасына бұрғыны бір бойлатып алады да, содан соң оны ары қарай отқа қыздырған істік темірмен ояды. Қарақалпақ жерінде кеспек ортасын кішкене шұңқырлап жіберіп, ортасын қып-қызыл көмір шоғымен қарып қояды және кеспек ішін кеулеп жіберіп, оны қайнаған қазанға қақпақ қылып жауып, ыстық бумен ішін жібітіп отырып та ояды. Келішілер келі ішін екі түрлі ояды. Біріншіден, келішілер келінің түбін тегіс қылып ояды, оны „түбі тегіс келі“ деп атайды. Түбі тегіс келіні тары, бидай, жүгеріні талқандауға пайдаланады. Екіншіден, келінің түбін шұңғыл қылып ояды. Оны „түбі шұңғыл келі“ деп атайды. Түбі шұңғыл келіні тары ақтауға пайдаланады. Шеберлер әрі мықты, әрі көп жылға жарылмай шыдауы үшін, келіні қызған тандыр ішінде ыстық қозға қақтап алып, оның іші-сыртына қойдың құйрық майын, не түйе қомының майын сіңіреді. Келі жарылып кетпес үшін, әдетте оның иіні мен тағанын түйенің иленбеген шикі терісімен қаптайды. Шикі тері кепкен кезде тарылады да, келіні қатты қысып қалады. Келінің сыртын қайыспен ысып жалтыратып қояды.

Келі жасау — әрі қызық, әрі жұмбағы көп дүние.

85. БҰЛҚЫНШАҚ. Бұлқыншақ — жылқы терісінен жасалатын ыдыс. Бұлқыншақты жасау үшін жылқы

сойғаңда артқы санын шашасына дейін мес қылып бітеу сылып алады.

Содан соң терінің көк еті мен шелін тазартып, сан жағын арасына шүберек салып тігеді. Оны „ұшың“ деп атайды. Тарамыспен немесе жылқының құйрық қылымен тігеді. Тігіс бұлқыншақтың түп жағына келеді. Терінің сирақ тұсына келетін тар жағына лайық ағаштан тығын жасалады да, ішіне күл толтырып, тығындап көлеңкеге кептіреді.

Әбден кепкен тері қатайып көнге айналады. Содан соң күлін төіп тастап, ыдысты ыстайды. Әрі қарай ыдысты шаймен жуып, ішіне бірнеше күн ашыған айран құйып қояды. Оны „шикі дәмін алу“ деп атайды. Одан кейін пештің ысын жинап алып, оны суға шылап теріні біраз уақыт соған салып қояды. Оны „кұрымдау“ дейді. Содан соң ыдыстың ішіне қайнаған сұйық май құйып шайқап алып, әрі қарай пайдалана беруге болады. Бұлқыншақты керегенің басына бауынан іліп қояды. Салт атпен жүргенде ердің алдыңғы қасына ілінеді немесе қол қанжығаға байланады. Жаяу адам иығына асып жүреді.

Бұл ыдыс малшы қауымның ыстық күндерде айран, шалап, қойыртпақ құюына мейлінше қолайлы.

86. МАЛМА. Малма — айранның сары суына ұн, кебек қосып, ашытып, тері илейтін ій, сұйық зат.

Малма жасау үшін сүтті пісіріп, суытып, қаймағын сыпырып алып, жылы жерге қояды да, „ұйытқы“ (мәңдір, мәйек, күміс сақина салып қойса да болады) қосады. Сонда сүт ұйып, айран болады. Айран тәтті болу үшін ұйытқыға (ашытқыға) су қосып, сүт құйып араластырып, жылыдай бүркеп қояды. Ұйыған соң айранды қап дорбаға құйып, аузын байлап, астына ағаш астау қойып, іліп қояды.

Астауға жиналған айранның сары суына ұн, кебек (ұрпақ) қосылып, былғап, теріні салып бетін жапқан қақпақты таспен бастырып тастайды. Ійде жатқан теріні күніне үш-төрт рет аударыстырып (сапсып) отырады. Жиі сапсып отырмаса, теріге толық ій сіңбей, әр жері көк аязданып, қатқыл болып қалады. Ійшілер ондай теріні „керғайзан болып қалды“ дейді де, үстеп ұн, кебек, сарысу қосып, теріні тағы да біраз уақыт малмаға салып, жылырақ жерге қойып, жиі-жиі сапсып отырады.

Жылқы терісі қалыңдығына қарай малмада шамамен 15-20 күндей жатады.

Терінің ійі қанғанын білу үшін, түгі жағынан ұстап, екі

жаққа тартып көреді. Жақсы ій сіңген тері түгінің түбінен ағарып жарылады. Немесе теріге тебен ине шаншығанда жеңіл сұғылса, онда терінің ійі қанғаны. Содан соң теріні малмадан алып, көлденең ағашқа асып қояды да, қырғғымен қырып, әрі ійін, әрі түгін, әрі шелін алады. Ій сіңіп ісінген тері тазарғанымен көгілжім тартып, шикілігі білініп тұрады. Бұдан әрі үй үстіне керіп, міндетті түрде аязға сорғызады. Мұны — "аязға пісіру" деп те атайды. Он шақты күн аяз сорған тері аппақ болып ширайды. Сол кезде үйге кіргізіп, тобарсыта кептіріп алады да, талқыға салады.

Талқыдан шыққан сиыр терісінен әдетте айыл, тартпа, құйысқан, өмілдірік, үзеңгі бау, қамытқа құлақ бау жасайды. Жылқы (терісінен жүген, қамшы, өрме шылбыр т. б. жасайды. Ал серке терісінен әдетте сыйға тартатын, бәске жасалатын өрме мүліктер жасалады.

87. ТАРАМЫС. Тарамыс — теріден, көннен, былғарыдан жасалған бұйымдарды тігетін, ірі қараның сіңірінен алынған берік жіп — таспа. Тарамыс әзірлеу үшін күзде соғымға сойылған ірі қараның желке, жіліншік сіңірлерін ет ілестірмей сылып алу керек. Сылынған сіңірлерді көлеңкеге іліп қойып, бабымен кептіреді. Кепкен сіңірді тарамыс немесе терсек дейді. Тіліміздегі тері-терсек деп қосарлана айтылатын сөз тіркесіндегі терсекіміз осы.

Әбден кепкен тарамысты ағаш дөңбекке салып, ағаш балғамен жаныштай соқса, ол тарамдалып, шашақтана жұмсарады. Сонан соң оны алдымен тарақтың ірі жүзімен, содан кейін жиі жүзімен тараса, біркелкі жіңішке талшықтарға айналады. Тарамыс сөзі осы талшықтарды тарайтындықтан шыққан болуы керек.

Теріден, былғарыдан, қайыстан, кеннен жасалған бұйымдарды тарамыспен тігеді. Қажет болған жағдайда тарамыс талшықтарын қабаттап, ширатып та пайдаланады.

Іс тіккенде тарамысты аздап ылғалдап алу керек. Оны сілемдеу дейді. Сілемделген тарамыс іс тіккенде сәл созылып отырады, кебе келе тырысып, тігісті бүріп, берік ұстайды. Тіліміздегі „тарамысша тырысып“ деген сөз тіркесі осыдан шыққан.

Тарамыспен тігілген тері ыдыстар ішіне сұйық құйылғанда ылғал жібермейді. Себебі тарамыс ылғалдана келе ісініп, сұйықтық өтетін тесіктерді бекітіп, бітеп қалады.

88. ТАЛҚЫ. Талқы дегеніміз — теріні керіп, созып, иін қандыра жұмсартатын ағаш аспап.

Талқының ирек, сүзгі, созғы, баспа талқы, тіс ағаш дейтін түрлері болады. Баспа талқы қатар өскен аша ағаштан жасалады. Екі ашаның ортасына еркін сиятын, астында кертiлген тістері бар бастырғы болады. Талқының екі ашасына бастырықтың тістеріне (қышыры)қарсы кертiлген тістері болады. Талқымен тері илеуді теріні „талқыға салу“ дейді.

Талқымен тері илегенде бір адам теріні түгін ішіне қарата шиыршықтап бүктеп, бастырықтың астына төсеп, жайлап айналдырып отырады, екінші адам бастырықты көтеріп, басу арқылы терінің құрыс-тырысын жазып, жұмсартады. Ертеректе құрулы тұрған талқыны көре тұра баспай өту, жас жігіттер үшін үлкен әбестік болып саналған.

Талқыдан шыққан теріні кермеленген тері дейді.

Тіліміздегі „талқыға түсті“, „талқыға салынды“ деген сөз тіркестері осыдан шыққан.

Талқыдан шыққан теріні сақармен жуады.

89. ТУЛАҚ. Тулақ дегеніміз — тайдың терісін шикідей керіп кептірген көн, төсеніш. Сондықтан оны тайтері деп те атайды. Тулақ жасау үшін, жаңа сойылған тайдың терісін шелінен, көк етінен арылтып, тазалап алады, Егер тері өте майлы болса, аққұс (күйдірілген әк тас, известь), ащы (сортаң топырақ, тұзды көлдің сазы) жағып майын алады. Терінің майын алу үшін құстың саңғырығын да жағады. Содан кейін теріні тегіс жерге немесе тақтайға керіп, шегелеп тастайды. Әбден кепкен тері қатайып көнге айналады. Теріні күн көзінен таса, көлеңкеде кептірген абзал. Кепкен терінің үстіне бөстек, көрпе, жержастық, салып төсеніш ретінде пайдаланады.

Жүн сабағанда тулақты төсеніш ретінде пайдаланады, Егер сабайтын жүн көп болса, бірнеше әйел бірігіп сабайды. Жүн сабарда, сабап болған соң көмектескен адамдарға шашу тамақ береді. Оны тулақ шашу деп атайды.

Сабауды түзу өскен жыңғыл немесе қабықталған тал мен мойылдан әзірлейді.

Жүн сабағанда жылдам жүру үшін жүнді тулақтың үстіне жайып, екі-үш адам қатар отырады да, қос қолдарына бір-бірден сабау ұстап, екі қолды кезек жұмсап сабайды.

Сабалатын жүннің сапасына орай жүн сабаудың көсіп сабау, есіп сабау, екшеп сабау, көпсітіп сабау, қаржып сабау, қос қолдап сабау, кезек қолдап сабау деп аталатын түрлері бар. Әдетте жүнді 2-4-6 адам дөңгелене отырып

сабайды. Одан көп болса тығыздық етеді. Сабау түрлеріне қарай қол бірдей сермеліп отыру керек. Мұның өзі еңбектің бір ырғақты дабылындай болып, естіген адамды әсерге бөлейді. Жүн сабай білмейтіндер бидай қуырғандай бытырлатып, берекені алады.

Осыған орай „Жүн сабағанда шыққан дыбысқа тулақ та ортақ“ деген сөз бар халық арасында.

Ертеректе күйеу жігіт қайын жұртына алғаш келгенде босағаға тулақ төсеп отырғызатын дәстүр болған. Күйеу жігіттің қайын атасының төріне шығуға қақысы болмаған.

Бір жас жігіт қайын атасының үйіне келгенде, жеңгелері астына тулақ төсеп босағаға отырғызып қойыпты. Сол үйдің үлкен қабаған иті бар екен, бөтен адамды көрген төбет арс етіп оқыстан үріп қалғанда, күйеу жігіт шошып кетіп, төрге бір-ақ секіріп шығады. Сонда бір жеңгесі бетін шымшып масқара-ай күйеу жігіт атамның төріне шығып кетті ғой депті.

Сонда күйеу жігіт есік жақтағы төбетті нұсқап: „Анандай бәлекет арс етіп тұра ұмтылса, атаңның төрі тұрмақ көріне кірерсің,“ — депті.

90. ТҰЯҚ ТАҚА. Тұяқ тақа — аяқ киімге байлап алып саз, лайсаң, шалшық жермен жүруге қолайлы мүлік.

Көктемде қар еріп, жер лайсаң тартып; мал қораның төңірегіне сарсідік жиналады. Мал жайғаған кезде, малшылардың аяқ киімдерінен су өтіп, лас болмауы үшін арнайы тақа (платформа) байлап жүреді. Оны ағаштан немесе жылқының тұяғынан жасайды.

Жаңа сойылған жылқының төрт тұяғын ажыратып, жуып, тазалайды да, алдыңғы аяқтың тұяғы мен артқы аяқтың тұяғын жұптап, бірнеше жерінен тесіп, қайысты айқастыра өткізіп байлайды. Одан кейін төңкерілген тұяқтардың алдыңғы жағын көлденең тесіп, сол тесіктер арқылы аяқтың өкше жағынан келетін тұсына қайыстан тұйық бау тағады. Оны өкшелік деп атайды. Етіктің тұмсығы келетін тұяққа ұзындығы бір құлаштай қайыс бау тағылады. Оны мұрындық деп атайды. Сол мұрындық арқылы тұяқ тақаны аяқ киімге шандып байлап алады.

Пайдаланып болған соң тұяқ тақаны үйге кіргізбей, сыртқа тастап кетеді. Тұяқ тақаның жасалуы оңай. Әрі осы күнге малшылар қауымына аса қажет-ақ.

91. ШАРЫҚ. Шарық — теріден тігілген қарадүрсін аяқ киім. Оны кейде шәркей деп те атайды.

Шарықты үш түрлі теріден жасайды. Бірінші, иленбе-

ген шикі (шылғи) теріден жасалынады. Оны көн шарық деп атайды.

„Білімдінің беті — жарық,

Білімсіздің беті — көн шарық, — деген мәтел бар.

Немесе,

„Көк арбаға мінерміз,

Көн шарықты киерміз,“ — дейді Қалнияз жырау.

Екіншісі иленген қайыстан тігіледі.

Үшінші түрі терінің түгі сыртына қаратыла тігіледі.

Шарықтың бұл түрін жылқының сауыр терісінен, құйрығының түбінен тігеді. Сондай-ақ, өгіздің маңдай терісі мен пұшпағы, түйенің өркеш терісі де пайдаланылады.

Жаңа сойылған жылқының сауыр терісін алып, шелін, көк етін тазартып, түгі өкше жағына жататындай етіп пішіп, арнаулы ағаш қалыпқа салып, жиектерін бүгіп, бір елдей жерден баулық өткізетін тесіктер тесіп, қайыстан бау тағып қояды. Әбден кепкеннен кейін қалыптың үлгісіне келеді. Қазақтың „Көн қатса — қалыбына“ деген мәтелі осыдан шыққан. Бірнеше күннен кейін шарықты қалыптан шығарып, табанына киізден ұлтарақ салып, аяққа киіз байпақ, сыртынан жарғақ байпақ немесе жүннен тоқылған шұлық киіп, одан кейін ғана шарықты киеді.

Шарықтың баулары өкшелігінен шығып тұрады. Бауларының ұшымен балтырды айқыш-ұйқыш шандып, байлап қояды.

Біршама киілген шарыққа көк шөптің сірісі жұғып, жылтырап әрлене түседі. Халық арасындағы „Бір тышқанда екі құйрық“ деген жұмбақтың шешуі — осы шарық.

Шарық үй ішінде, ауыл ішінде жүріп тұруға қолайлы, жайлы аяқ киім. Жасалуы да оп-оңай.

92. КӨЗІЛДІРІК. Қыста күннің ашық кездерінде немесе жаздың ыстық аптабында малшылардың көзі қарығып, ауырады. Бұл әсіресе малшы қауымы үшін үлкен азап. Осындай бейнетке қарсы бұрынғы малшылар жылқының тұяғын өңдеп көзілдірік пішінге келтіреді. Сонсоң жұқарта жонып, көздің жанары келетін тұсына пышақ сыртындай жіңішке жолақ ойып қояды немесе жылқы терісін шикідей жібітіп, түгін ұстарамен сыпырып тастап, көздің тұсынан көлденең тіліктер түсіреді. Тері тобарсыған кезде тіліктердің арасындағы жолақ тілімдерді күн көзіне көлбеу бағыттарға бұрап, қисайта кептіреді. Осындай

көзілдіріктерді екі жағынан жұмсақ шүберекпен ызылған бау тағып, көзге киіп алады. Олар көзді қарығудан сақтайды.

93. ҚОЙ ЖҮНІ. Төрт түліктің ішінде, әсіресе қой жүнінің қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде атқарған қызметі зор. Ертеректе киген киім түрлері: киіз қалпақ, кебенек, кебентай — киізден тігілген сырт киім; тізеқап — балақтары бөлек-бөлек киізден тігілген шалбар, оны күн суықта, көшіп-қонғанда, атқа мінгенде киеді; киіз етік, киіз байпақ; киіз үйдің түндігіне, туырлығы мен үздігіне; төсеніштер — өтқиіз, текемет, сырмақ қаптар — кесеқап, аяққап, теңқап, сандыққап, кебеже қап, керегеқап, уыққаптар; түрлі бау-шулар, өрмек жіптері т. б. бұйымдар дайындауға қой жүні пайдаланылған.

Қалыптасқан дәстүр бойынша қазақы қой жүнін жылына екі рет, қозыларды бір рет қырқып отырады. Қой қырқу — ұйымдасқан түрде жұмыла жүргізілетін қызу науқан. Қой қырқу үшін, алдымен, сәтті күн (сәрсенбі, бейсенбі, сенбі) таңдап алынады. Әдетте, сәтті күнді есепқисап жүргізіп отырған сол ауылдың ақсақалы (есепші) белгілейді.

Қойларды қырықпас бұрын „қой қырқар“ (қырқылатын қой жүні мол болсын, берекелі болсын деген сый-сияпат тағам) беріледі. Жүн қырқуға келген жігіттер үй табалдырығын аттағанда „Қырқар көбейсін“ деп тілек қайта кіреді. Үй иесі „айтқаның келсін, төрге шық“ деп жылы шыраймен қарсы алады. Қойды қырқар алдында оларды өзенге бір-бір тоғытып алып, жүннің шаңтозаңнын тазалап алып, қырқуға кіріседі. Көктемде қырқылған қой жүні — „жабағы жүн“ немесе „ұрғашы жүн“ деп аталады. Жабағыдан шидем шапан, күпі күседі, ішпек, терілік жасайды, тыстап көпшік, күпсек, жеңіл байпақ тігеді. Оны түтіп көрпеге, киім арасына салады. Иіріп алып бізбен, сыммен тоқу ісіне қолданады. Түтілген жабағыдан шүйке жасалып, бау-шу есіледі. Өрмек жіптері дайындалады. Жаз ортасында тоқтыларды қырқады. Оны „тоқты күзер“ деп атайды. Тоқты жүні талдырма (жүпжұқа басылған киіз) басуға, текемет басуға жарайды.)

Күзде қырқылған қой жүнін „күзем“ немесе „еркек жүн“ деп атайды. Күзем жүннен киіз қалпақ, кебенек, текемет, киіз етік басылған. Сонымен бірге күземнен сәукеленің ішкі астары мен оның ішінен киетін бас киіз — зеренің астарына және қарқара бас киімінің астарына салынатын қатты киіз дайындалады. Ел аузында: „өлі жүн“ —

сойылған мал терісінен жұлып немесе жидітіп алған жүн; „тірі жүн“ немесе „боздақ“ — қойдың қырқылған жүнінің орнына шыққан жүн; „жұлма жүн“ — қотан ортасына түсіп қалған, бұта басына ілініп қалған, бау-шу ескеңде қалып қойған үзік жүн; „абын жүн“ — қойдың сирақтарында, жақтарында, құйрығы мен құрсағында өсетін қысқа, тықыр жүні; „қарын жүн“ — жаңа туған қозының үстіндегі жүн т. б. жүн атаулары кездеседі. Жаңа туған нәрестенің де алғаш алынатын шашын „қарыншаш“ дейді.

Қазіргі қазақ қойларынан қырқылатын жүннің сапасына қарай „биязы жүн“ (жүн құрамында тек түбіттен басқа қылшықтар кездеспейтін өте майда әрі берік жүн), „ұяң жүн“ (қылшықты жүнге қарағанда түбіті көбірек, биязы жүннен ұлпасы азырақ жүн), „қылшықты жүн“ (жүн құрамына қылшығы молырақ, ұшырасатын жүн) сияқты түрлері белгілі. Қой жүні мынадай бөліктерге бөлінеді:

1. Түбір қылшықтың тікелей қой терісінің астындағы бөлігі.

2. Түк емізігі — түктің тура теріге еніп тұрған жерінің атауы.

3. Түк ұясы — түк түбірін қыршап, біріктіріп тұрған қабат.

4. Бадана — тері түбіндегі жүннің ең жуан аппақ бөлігі,

5. Сабақ — жүннің тері сыртына шығып тұрған бөлегінің атауы.

Жүнді сапасына қарай жүн жамылғы, қылтанақ, түбіт, жай қылшық, аралық қылшық, өлі қылшық, құрғақ қылшық, тікенек қылшық деп атай береді. Қазақ қойларынан қырқылатын жүн түсіне қарай ақ жүн, қара жүн, қоңыр жүн, ала жүн деп аталған.

Қойшылар бағып жүрген қойлардың жүні арқылы ауа райын болжай білген. Мәселен, өрісте жүрген қойдың жүнін уыстап ұстап көреді. Егер қой жүні құрғақ болса, онда күн ашық болады. Егер жүн дымқылданып, суланып тұрса, онда көп кешікпей жаңбыр жауады.

Тілімізде жүнге байланысты жүн бас (мау бас), жүн балақ (әлжуаз, әлсіз, ынжық), жүн жеп кету (азып-тозып кету), жүндей түту (быт-шытын шығару), жүні үрпию (мұздау, тоңу), жүні жығылу (сағы сынып, тауы шағылу), жүн-жыбыр (ұсақ-түйек), жүнжу (істің басын жақсы бастап, аяғын божыратып алу), жүн-жүн болу (тас-талқаны шығу) сияқты фразалық сөз тіркестері, жүндей жұмсақ тәрізді теңеу және „ала қойды бөле қырыққан жүнге жарымайды“ „ала қойда кінә жоқ жүні болмаса“,

„қырсықты қой қыста қырқылады“, „қырықтық тимес қозы жоқ“, „жүн керек болса, қазанда қырық, қой керек болса мизамда қырық“, „жүйкесі жүн, жігері құм“, „күндіз қойын күтерсің, кешке жүнін түтерсің“ секілді мақал-мәтелдер қалыптасқан.

94. ЕН-ТАҢБА. Көшпелі өмір салтымен сабақтасып жатқан малға ен-таңба салу дәстүрінің мыңдаған жылдық тарихы бар. Тіптен, адамзат ақыл-ойының биік шыңы жазудың шығуы болса, соның өзі ен-таңба салу дәстүрінен өрбіді деп келетін ойды қуаттайтын ғалымдар бар. Әрбір ен-таңбаға қатысты тілімізде орныққан атаулар, сөз тіркестері мен қалыптасқан дәстүрлер бар. Демек, ен-таңба салу малдың қас-қабағына қарай білген көшпелі-қазақтың өмір салтына, таным-талғамына қатысты айғақтардың бірі.

Бұрыннан келе жатқан дәстүр бойынша, ен-таңба негізінен „аяқты мал“ атанған жылқы, түйе, сиыр түліктері салынады. Ұсақ малы шағын адамдар ен-таңбаны қой, ешкілерге де салатын болған. Ен-таңба салу әдетте жаздың басына қарай, төл ширап, „пышақ көтеретін“ болған кезде салынады. Ол үшін қолы епсекті оташыны сәтті күннің біріне шақырып, кәдуілгідей науқан етіп өткізеді. Мұндайда мал құлағынан түскен қиындыны қарттар балалардың алақанына салып, құмырсқа илеуіне тастатады. Сонсоң илеу ортасына үш-төрт тал ақ ши шаншытады. Егер құлақ қиындысын талапайлап жеген құмырсқалар ши бойымен жоғары қарай қанша көтерілсе, сол жылы шөп пен бидайдың бойы сонша көтеріліп өседі деп ырым еткен.

Малға салатын ен-таңбаның қазақ арасында тілік ен, сота тілік ен, солақ ен, кез ен, көзек ен, жүрекше ен, қиық ен, қиықша ен, ойық ен, құмырсқа ен, кесік немесе байпақ ен, тесік ен, сыдырғыш ен, сырға ен деп аталатын түрлері бар. Бұларды малдың оң және сол құлағына алмастыра немесе қатар салу арқылы еңтаңбаның өте көп үлгілерін жасауға болады.

95. ЖЫЛҚЫ КҮЗЕУ. Көкек айы ортасынан ауып, аяқты мал көк қуалай бастар шақта жылқы түлігін ауыл маңына иіріп, бір сәтті күнді жылқы күзеуіне арнайды. Қалыптасқан дәстүр бойынша, әдетте, тай, құнан, құнажын, байтал, сондай-ақ қысыр қалған биелер күзеледі.

Тай күзеу: Тай атаулы еркек-ұрғашысына қарамай күзеледі. Ол үшін жалын сыпыра күзеп келіп, уыс толар шоқтық қалдырады. Кекілін қысқарта теңестіріп қияды.

Ал құйрығын түбіне дейін сыпыра күзеп келеді де, ұшынан ғана „шыбын қағар“ шашақ қалдырады.

Құнан күзеу. Құнанның кекілін шырпып қана теңестіріп қояды. Жалы тай кезіндегідей сыпыра күзеледі. Ал құйрығын күземейді.

Құнажын байтал күзеу: Кекілі мен жалы құнанша күзеледі. Ал, құйрығын жоғары жағынан „жол көрсетер“ деп аталатын екі кертік қалдырады да, құйрық шыбығын „шыбын қағар“ шашақ қалғанша сыпыра күзейді.

Қысыр күзеу. Қысыр қалған биенің „бойын түзеу“ үшін кекілін төгілте қалдырып, жалын сыпыра күзейді. Құйрығын жоғары жағынан үш бунап күзеп, ұшын шырпып қана тегістейді.

Соғым малын күзеу. Ат болсын, бие болсын соғымға арнап жіберерде жалын сыпыра күзеп, құйрығын тірсегінен шорт кеседі.

Тұлданған атты күзеу: Көне заманнан жеткен рәсім бойынша, иесі өлсе, мінген атын жыл уақытында иесінің асына сою үшін жал-құйрығын күзеп жібереді. Тұлданған аттың күзелу тәсілі соғым малын күзеуге ұқсас. Айырмашылығы, тұлданған аттың кекілін жоғары көтеріп, төбесіне мықтап түйеді де, ұшын бірлестіре шырпиды. Тұлданған аттың үстіне адам шықпайды.

Қалыптасқан дәстүр бойынша құлынды биелер, айғырлар, жаз жайлайтын бедеу биелер, мініс аттары күзелмейді. Қазақ құйрықжалды жылқы малының көркі деп есептеп, оған айрықша мән береді.

96. СӘЙГҮЛІК. Адамзат баласы өзінің ұзына тарихындағы дамуы үшін жылқыға қанша қарыздар болса, жылқы малы да өзінің қазіргі бітім-қасиеті үшін адамға сонша қарыздар. Адам қоғамы мен ол тұтынатын мұқтаждықтың арасында ұдайы сәйкестіктің болуы өмір заңы. Қауымдық қоғамның ағаш соқасы бүгінгі сұранысты қанағаттандырмайды. Техника күші қолғанат болғанға дейін (кейін де) сәйгүлігін сайлап, тарланды таңдап міне алған елдің айы оңынан туып отырған. Орта ғасырға дейін аттың жалын тартып мініп, үзеңгіге табан тіреген елдің айбары астам, мерейі үстем еді. Сонсоң да айшылық алыс жерді жақын етер пырақтың ұшқырлығы мен күшіне, мінезі мен бітіміне адамзат баласы ұдайы көңіл бөліп отырған. Осыдан елу миллион жыл бұрын өмір сүрген тоқтыдай ғана ұсқынсыз зогиппусты жылқының арғы тегі еді дегенге білікті зоологтар болмаса, былайғы жұрттың сене қоюы екіталай. Қолға үйретілген жылқы туралы ең алғашқы дерек біздің жыл

санауымызға дейінгі үшінші мыңжылдықта кездеседі. Содан бері адамзат баласының тарихын жылқысыз елестету мүмкін емес. Ескендір Зұлқарнайн (Александр Македонский) мінген Буцефалдың ғажайып қасиетін тәптіштеп баяндаған еңбектер бүгінгі ұрпаққа белгілі.

Ал, көне Рим сенатына император Калигула атпен кіреді екен. Тарихтың атасы аталған Геродот Фракия көсемінің „қардан ақ, желден жүйрік“ аты туралы тамсана жазады. Сондай-ақ, парсы патшасы Ксеркстің Грекияға шабуыл жасарда аламан бәйгесін өткізгенін де Геродот жазып кеткен.

1950 жылы дүние жүзінде 79 миллион жылқы болған.

Жылқы малы адамзаттың тіршілік-тынысында әлі де елеулі қызмет атқарып келеді. Мал шаруашылығында, шекаралық күзетте, спорт ойындарында жылқы түлігінің мәні айырықша.

1972 жылы Парижде өткен жылқы көрмесіне 300 салт атты „Автомобиль өлтіреді, автомобиль улайды. Жасасын жылқы!“ деген ұранмен келген.

Қазақстанның жылқы заводтарынан шыққан сәйгүліктер дүние жүзінде аса жоғары бағаланады. Мәселен, Солон деген аттың кезінде 15 мың долларға сатылғаны белгілі. Жамбыл, Көкшетау жылқы заводтарының таза қанды мініс аттары бұл күндері 10 мың долларға дейін бағаланады.

Мамандардың есебі бойынша қой шаруашылығында әрбір мың қойды бағып-қағуға 100-120 жылқы қажет екен...

Қысқасы, осы сияқты деректерді тізе беруге болады. Алайда осынау көктей шолған қадау-қадау мысалдардан ақ жылқының адам қоғамымен біте қайнасып жатқан тарихын елестетуге болады.

Ғылыми танымның соңғы пәтуалы сөзі мәдени тұқымды жылқының отаны Еуразияның апайтөс даласы, Азияның таулы өлкелері екенін айтады. Археологиялық олжалардың мәліметі бойынша ең алғашқы асыл тұқымды, тұрқы ірі жылқылар Қаратеңіз бен Алтай арасынан кезігіп отырады. Мәселен, Рим жауынгерлері мінген таңдаулы аттардың шоқтық биіктігі 136-140 см, болса, Пазырық қорғанынан табылған аттың шоқтық биіктігі 152 см. Орта Азияның „тәңірі тектес“, „құдіретті“, „ғажайып“ жылқылары туралы біздің жыл санауымызға дейінгі бірінші мыңжылдықта тамсана жазылған деректер кездеседі.

Қазір дүние жүзінде жылқы тұқымының 250 қаралы түрі белгілі. Бұлардың ішінде ағылшынның таза қанды жылқысы, якуттардың байырғы жылқысы; көшпелілердің шымыр жылқысы мен мүсінін қолмен құйғандай ақалтеке жылқысының тұқымы дүние жүзіне мәлім.

Осы деректердің қай-қайсысы да ертеден-ақ жылқы тұқымын асылдандырып, нағыз сәйгүлік таңдауда сыннан өткен тәжірибенің болғанын, сол тәжірибенің нәтижесі екенін байқатады.

Бұл орайда жылқы малын тіршілік-тынысының бір тірегі еткен әрісі көшпелілердің, берісі қазақ халқының да жылқы түлігі туралы ғасырлар сынынан өткен өзіндік талғам-танымы бар. Ел арасында не бір керемет сәйгүлік жүйріктерді тани білетін, ерекше зерек адамдардың болғаны, әлі де бары рас. Тым әріге бармай-ақ өткен ғасырға үңілсек, Бөкей ордасына әйгілі болған, жылқы малы дегенде жаза басып көрмеген Ауқатым сыншы, Шеркеш руынан Айдабол сыншы, Жәңгір ханның төңірегінде сыншылығымен аты мәшһүр болған төре Абылғазы сияқты адамдардың бапкер сыншылығы, білгір зеректігі тарихқа аян. (А. Алекторов, Скотоводство киргизов „Оренбургский листок“ 1888, № 18). Сол сияқты Ақанның Құлагерін шаппай танитын атбегі Күреңбайдың көрегеңдігі таң қалдырады. Тіптен, „Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ“ сынды өлеңді дүниеге келтірген Абайдың, „Құлагерді“ жазған Илиястың да талғампаз сыншы болғаны күмән тудырмайды.

Бір ғажабы сол, жұрт аузына іліккен қазақ сыншылары еш уақытта қателесіп көрмеген. Олар бөйгіге қосылатын атты бір көргенде-ақ нешінші келетінін, қанша жер шаба алатынын, қалай жарағанын, қайтып бапталғанын, жасын, тегін, енесін қолмен ұстатқандай айтып беретін болған. Нағыз жүйрікті құлын, тай кезінің өзінде-ақ таныған сыншылар шежіре сөзде көп айтылады.

Мұның бәрі де қайран қаларлық жай болса да малмен көзін ашқан орта үшін табиғи қасиет деп қабылдауға болады. Өйткені малдың тісіне еріп ғұмыр кешкен, сары даланы сахна еткен қазақ халқының тіршілік-тұрмысы ондай сыншыларды тудыруы заңды да еді.

Қазір ше? Қазір жылқы түлігін қас-қабағынан тани білетін, ерекше зерек, бапкер адамдардың селдіреп, сиреп бара жатқаны ащы шындық. Бірақ құрып кеткен жоқ, сонысы көңілге медеу, дәтке қуат. Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, жинақталған, сыннан өткен осынау мол тәжірибе бүгінгімізге де қажет-ақ.

... Осыдан біраз бұрын Қарағандыда ат спорты бойынша облыстық спартакиада болған еді. Спартакиаданы өткізу үшін Жаңаарқа ауданының жерінен Бәйгетөбе деп аталатын бір қолайлы орын таңдаған екен. Осынау облыс көлемінде өтетін жарысқа біз де жеткенбіз.

Жарыс басталады деген күннің таңы еді, „сен не білдің, Жезді ауданының “Ұлытау” совхозынан Тай Тілегенов деген ақсақал келіпті, тамыршыдай тап басатын сыншы атбегі көрінеді” деген сөз тойға жиналғандарды елең еткізді.

Кешікпей-ақ Тәкеңді ойдағы сәйгүліктер тұрған көрменің басынан кездестірдік. Жанында қара-құра халық. Тәкең жарысқа қосылатын аттарды аралап келе жатыр екен.

— Не айтты? Қай атты мақтады?— деп қасына еріп жүргендерден тағатсыздана сұрап едік:

— Әзір тіс жарып ештеңе деген жоқ, сірә көңілі толмай келе жатыр ғой деймін,— деген жауап естідік.

Кешікпей-ақ Тәкең Қарқаралыдан келген Торы қасқа аттың жанына келді де, әрі-бері қарап тұрып:

— Осы тұрғанда менен озатын ат жоқ деп тұр екен, жануар. Бірақ амал қанша, жаратуы кеміс, кем дегенде екі тері алынбаған. Аттың бағын байлаған екен,— деп қиналыс таныта бас шайқады да әрі қарай жүре берді.

Тағы да жеті-сегіз ат көрді. Бірақ үн жоқ. Әлден уақытта керме ішінде оқшаулау тұрған Жаңаарқа ауданының „Шалқасқа” деп аталатын күрең қасқа атын көріп қалды да, жылдамырақ басып аттың қасына келді. Алды-артына шығып қарап, екі-үш рет айналып шықты. Бұл екі арада аттың иесі де келіп қалған екен. Осы кезде Тай ақсақал көңілденгендей, риза болған дауыспен тіл қатты:

— Е, бәсе, бұ күннің жылқысы азған жоқ екен, менің көзім тозған екен. Бағанадан бері көрсемші!

Жақсы лебіз Шалқасқаның иесін де елең еткізді.

— Ақсақал, бұл ат менікі еді. Анық жылқы танысаңыз көңіліме қарамай сөйлей түсіңізші. Нансаңыз ұзатылатын қыз тәріздімін, үш күн болды кірпік ілмегеніме,— деп Шалқасқаның иесі Тай ақсақалға өтініш етті.

— Айтайын, шырағым, айтайын,— деді Тәкең ойлы көзін аттан алмастан,— бұл сияқты өзін-өзі әйгілеп тұрған жануар туралы сөйлеу де бір ғанибет. Атың алдын құтқармас, артын шылдырмас жануар екен. Жарықтықтың бағы ашылып, маңдайы жарқырап тұр ғой.

Мұнан әрі Тәкең тағы да Шалқасқаның алды-артына шықты, жағының сыртынан тісіне қол тигізіп көрді, та-

мағының астына, төсіне, шабына қол салып көрді, құйрығының қылта түбін ұстады, көзін ашып көріп, қабақ үстіндегі шұңқырға бармақ батырды, шашасын көтеріп, сіңірлігін сипады... Сонсоң ойланып тұрып тағы да сөйлеп кетті.

— Атың жетіден сегізге қарайды екен, шырағым. Шешесі — қазақтың сегіз жасар қарабайыр биесі де, әкесі түрікпеннің теке жәуміт жылқыларының бесті айғыры екен. Әттең әкесінің қуаты шешесінің қуатымен тең болмаған. Әйтпесе, осы заманның тұлпары болар еді. Мұның жүйрік болуына бір себеп — шешесінің құрсағында еркін жатып, жетіліп туған. Ал сырт пішініне көз салсам, қазақ армандайтын аттың мүшесі осыдан табылып жатыр. Сонсоң бәйгеге көп қосылған ат екен, осы тұрғанда бәрін сезіп, тас түйін дайындықта тұр... Аттарды 25 шақырымға айдайды деп естідім, не керек, Шалқасқаның өнерін 40-50 шақырымға айдап көрсе ғой...

Осы кезде Шалқасқаның иесі көзіне жас алған бетінде Тәкеңнің қолын алды да:

— Ақсақал, аузыңызға май, айтқаныңыз келсін! Күнүзынғы сөзіңіздің бәрі рас, Шалқасқаны қолыңызда өскендей таратып бердіңіз,— деп даусы дірілдей сөзін аяқтады.

Тәкең болса:

— Төрт аяғын тең басып тұр ғой жануар, төрт тағаным аман болса менен озар жүйрік жоқ дегені. Атың бақты болсын, шырағым,— деді де кете барды. Біз де қайран қалыстық. Ат жарысы басталғанда Тай ақсақалдың сөзі көпшілік қауымды әсіресе таң етіп еді. Айтқанындай Шалқасқа 25 шақырым қашықтықтан облыс аттарының ішінде бірінші келді. Жай бірінші келген жоқ, мәреге тақағанда екпіні үдеп, жанкүйерлердің тізгінші болып алдынан мініп шыққан ұшпа аттарына да шалдырмай кетті. Біздің есімізге Тәкең айтқан 40-50 шақырым қашықтық түсті.

Екінші болып, тағы да Тай ақсақал айтқан Торықасқа келді...

Міне, оған не дерсіз? Не дейміз. Тай ақсақалдың бұл көрегендігін — малмен көзін ашып, мал таныған жанның әсіре қызылы жоқ зеректігі, әділ бағасы десе орынды.

Қазақ халқы ат ойындарының алуан түрлілісімен, терең мазмұндылығымен, эстетикалық жоғары талғамымен ден қойдырады.

Мәселен, ат ойындарының көпшілік құмарта көретін түрлерін атауға болады: көкпар, сайыс, қыз қуу, теңге алу,

бәйге, жорға жарыс, жігіт жарыс, жамбы ату, мүше алып кешу, ат омырауластыру, ат жегу, табақ тарту, тағы басқалар. Міне осы ойындардың қай-қайсысы да епті, ба-тыл, шыныққан адаммен қоса аттардың да жүйріктігі, жорғалығы, жуастығы, күштілігі, белділігі, әдемілігі сияқты қасиеттері бойынша таңдалуын қажет етеді. Ал, олайша таңдау үшін сыншы керек, бапкер керек, тапқыр да зерек адам керек, ол адам ерекше ерік күштің иесі болу керек. Ат спортының ерекшелігі де, көпшілікті қайран қалдыратын қызығы да, мән-мағынасы да осында.

Қазақ 12 шақырымдық жерге тай жарысын, 24 шақырымдық жерге құнан жарысын өткізсе, бәйгені 30-40-50 шақырым жерден кемге жүгіртпеген.

Қазақ сыншылары әр атты өзіндік қасиеттеріне қарай пайдаланып, оларды әр түрлі атаған. Мәселен, аяңшыл, желісқор, жортақ, жүрдек, жорға, текірек, ұшқыр, шығымды, шыға салма, тызетпе, құйыр, қаршыңды, жүйрік, бәйге ат, арғымақ, тұлпар, тағы басқаша, Міне, осының әрқайсысын қазақ атбегілері, бапкерлері ат ойындарының түр-түріне таңдай білген.

Қазақтың көреген сыншылары, көзіқарақты атбегілері кез келген атқа оп-оңай ден қоймайды. Алдымен оның тұқым-тегіне, бітім-қасиетіне, белгі-нышандарына ден қойып, көңілінен шықса ғана баптап, күйін табуға кіріседі. Жақсы аттың қадірін білетін әр түрлі атбегі-сыншылармен сөйлескенде шын жүйріктің алуан түрлі қасиет-бітімін шежіредей сыр етіп айтады. XVIII ғасырдың орта шенінде өмір сүрген, Ұлы жүздің Бақай деген сыншысында Желқанат күрең аттың болғаны атадан балаға аңыз болып жеткен. Желқанат күрең табандатқан жиырма бес жыл бойында үш жүздің басы қосылған ұлы сын бәйгелерде алдына қара салмай, иісі қазақ даласына даңқы жайылған. Кәрі құлақ қарттардың айтуында Желқанат күреңнің басты белгісі — құлан жал, бота тірсек, құйма тұяқ еді дейді. Әсіресе, үстінен қарағанда белі қақпандай дөңгеленіп, еңселене біткен қабырғасы тынысының кеңдігін бірден танытады екен. Әрине, мұндай аттар алысқа жортсаң талмайтын, аламан бәйгенің алдын бермейтін, біртуар деп аталады.

Қай атбегі-сыншыға құлақ түрсеңіз де бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, жақсы жылқының бойынан құмартып қайталайтын белгілері мынандай болып келеді: омыртқа шығыңқы бітеді, кең тынысты, сағақты болып келеді, тұсарлығынан адырая көрінетін жуан сіңірді оңай аңғаруға болады, томардай болып біткен шоқытығы да

көзге бірден түседі, тұтаса біткен кең кеудесі бақайын қысқа сияқты көрсетеді. Білгір, зерек атбегілер жүйрік аттың тісіне дейін қарап, егер күрек тіс қатары мен азу тіс қатарының арасындағы кетік алшақ болса, оны да жақсы қасиеттің бір нышанына балайды.

Рас, қалыптан шыққандай, бірінен-бірі аумай қалатын жүйріктер мейлінше сирек. Қайтсе де бірінде жоқ қасиет екіншісінен табылып, зерек сыншының аузының суын құртып жатады. Соңдықтан, жақсы аттың бойындағы бітім-қасиетті айтқанда ел аузында сақталған небір әсем теңеулер, тұрақты сөз тіркестері, белгі-нышандар шын жүйрікті айыра тануға көмектесері сөзсіз. Мәселен, мынандай сөздерді жылқының қадірін білетін кез келген көне көз қарттардан естуге болады: бота тірсек, қыл сағақ, қамыс құлақ, жазық бауыр, сербек қабырғалы салқы төс, салпы ерін, етсіз бас, құйма тұяқ, сымпыш құйрық, көз аясы шығыңқы, ой желке, теке мұрын, жұмыр тұяқ, шынтағы шығыңқы, шақпақ етті, төмен ұршықты, шідерлігі жуан бітімді, құлан жал т. б.

Шын жүйрікті мінез-бітіміне қарай да тануға болатын алуан түрлі ұғымдар бар. Атты суытқанда артқы екі аяғына кезек-кезек салмақ салып, тұяғының ұшын ғана тіреп тұратын қасиетін атбегілер жақсы нышанға балайды. Аттың аяғы әлді болса ғана бір аяғына салмақ салып, тезірек тынығуға мүмкіндік алады. Немесе, жайылса желдеп жайылатын, су ішсе судың тұнығын қуалап ағысты өрлей су ішетін, оттаса көк-құрақты қомағайлана қарбытып, дәл түптен қауып оратын, жетектесең ботадай елпілдеп соңыңнан еретін жетекшіл мінезін, мінсең тақымыңнан көңіл-күйіңді танып лыпып отыратын, сүрініп-қабынып апырақтамайтын, жар астынан жалп етіп жапалақ көтерілсе де селт етіп сыр бермейтін қасиетін нағыз атбегілер тамсана сөз етіп отырады.

Міне, осы сияқты жылқының толып жатқан қасиет-белгілеріне көңілі толған атбегі-саяткер әрі қарай таңдаған пырағын баптауға қіріседі. Егер құлын кезінен көзі түссе, желкесін ноқтаға қидырмай, желіде шырыдатпай еркін жетілуін қадағалайды. Тіптен, тай, құнаныңда да иесіне үйірсек болуы үшін бас тілдіріп қойғаны болмаса, жаншып мінбейді. Одан әрі, жылқының „мүшел жасы“ делінетін дөненінде піштіріледі. Жақсы, жайлы піштірілген дөнен алаңсыз күш жинап тез жетіледі, азуын жарып, мүшелге толғандығынан белгі береді. Содан бестісінде баптауға кіріссе, бұла болып өскен шын жүйріктің мен мұңдалайтын кезі осы. Әлге „Бесті аттың бетінен сақта“ дейтін сөзді ха-

лық тегін айтпаса керек. Осы тұста қазақ дәстүрінде жылқының бір жасын қосып санайтынын айта кетудің артықтығы жоқ. Мұның сыры, жылқы түлігінің құрсақтағы күнінен құлын күніне дейінгісін бір жасқа балағандықтан. Одан әрі тай, құнан, дөнен, бесті деп кете береді.

Сыны келіскен сәйгүлікті нағыз атбегілер ұқсата жаратып барып көзге түсіреді. Аты келіскенмен бабы келіспесе аттың бағы байланады, бабы келіскенмен аты келіспесе, иесінің меселі қайтады. Сондықтан да сәйгүлікті жарату үшін оны ең алдымен шабатын етіне келтіріп алу шарт. Ол үшін, әрине, еті ояздау келсе, біраз қондандырып, етін көтеріп алып барып жарата бастайды. Керісінше, ат семіз болса, қызылмай, қанжілік етіп алмай, бірте-бірте баппен арытады. Мәселен, семіздігі үш-төрт елі шығатын атты сартап етіп, бабына түсіру үшін кемі 25-30 күн қажет. Күн сайын 15-20 шақырым жер жүріп келіп, 4-5 күнде бір таң асырып отырған жылқы қалаған бабына түседі. Осы тұста қазақы жылқының ішінде әртүрлі жаратуды сүйетін жылқылардың болатынын ескерте кеткен жөн. Бірі тоқжарау күйінде жақсы шапса, енді бірі әбден жеңілдеп жарағанда ғана жақсы шабады. „Атының сыры иесіне мәлім“ дегендей, нағыз атсейіс қолындағы сәйгүліктің тілін білуге тиіс. Мұндайда, жаратар аттың қара еттілігін, май еттілігін жазбай танитын атбегінің қапысыз танымы қажет. Онсыз жоны тырсиып тұрған қара етті жылқыны жаратамын деп жілік майын үзіп алу немесе олпы-солпы болып тұрған май етті жылқыны жүдеу екен деп кем жаратып алу оп-оңай.

Қазақтың бұрынғы тәжірибесінде жүйріктігіне анық көзі жеткен сәйгүліктің қасына бір құрбандық жылқы қосып жіберетін болған. Сәйгүліктің жілік майының ағарып, жаратуға жеткен-жетпегенін анық білу үшін оның жанындағы бірге оттап, бір жүрген қосар жылқыны сойып көреді. Егер жілік майы ағарып, шынылана бастаса ғана сәйгүлікті жаратуға кіріседі. Бұл, әрине, желқанат пырақты арман еткен көшпелілердің шын жүйрікті баптауда қандай шығынға болса да даяр екенін білдіретін қызық мысал.

Қазақтың ауыз әдебиетінде „шылаушын салып ат мінген“ деп келетін сөз бар. Шылаушын жеп жаз айларында жаңбырдан кейін шымдауыт өңірлерде жер астынан шығатын сүйір бас қызылшақа құртты атайды. Кей жерлерде мұндай құртты „жауын құрты“ деп те атайды. Көктемде көбең кезінде бос жіберілген жылқыны жаз ортасы ауа әбден семірді-ау деген шақта ұстайды да, әлгі

шылаушын құртының екеуін жылқының екі танауына салып, сумен жұтқызып жібереді. Мұндай жылқы өзін-өзі сартап етіп жаратып, бірсыдырғы етінен оңайлықпен арымайды. Халық сынына арзып, өмір тәжірибесінен өткен мұндай әрекеттердің сырына ғылыми зердемен ден қойып отырудың зияны болмауға тиіс.

Ат жаратуды бірыңғай арықтату немесе терлету деп ұғатындар бар. Ол мейлінше жаңсақ ұғым. Ат жарату түптеп келгенде атты шынықтыру деген сөз. Сондықтан арықтатамын деп жиі-жиі таң асырса немесе терлетемін де орынсыз жабулап тастаса ат әлсіреп қалады. Демек, атты шоқтытып, желдіртіп, аяңдатып жарату ең алдымен тынысының кеңуіне, сіңірінің бекуіне, тұла бойын ауырлатқан ащы тердің шығуына себепші.

Жақсы жараған атты ертең бәйге деген күні жүгенін сыпырып, арқасын қағып бос қоя беретін атбегілер де болған. Бұл да қисыны бар игі дәстүр болса керек. Жылқы малы — көңіл-күйдің түлігі. Бір күнгі аунап-қунап бос жүруі мейлінше сергітетін болу керек.

Сөз соңында жақсы жылқының ел арасында аталатын он бес түрлі қасиетін еске түсірудің артықтығы жоқ.

Ол қасиеттер бес топқа бөлінеді де, әрқайсысының бастау алған төркіндері болады. Олар: еркектен алған үш мінез, әйелден алған үш мінез, сонсоң қоян мен түлкіден және есектен алған үш мінез, барлығы он бес. Сол он бесі жылқы бойынан табылса жаман болмайды.

Бірінші, еркектен алған үш мінез-жайдары мінез, сергектік, мойымас күштілік.

Екінші, әйелден алған үш мінез — сұлу денеге жарасқан жібек жал-құйрық, әсем біткен шығыңқы кеуде, қимылындағы көз тоймайтын жараулылық.

Үшінші, қояннан алынған үш мінез — бас бітімінің етсіз жеңілдігі, көз ауданының кеңдігі (бұл сүрінбеуіне, үрікпеуіне себепші), ұшқырлығы.

Төртінші, түлкіден алған үш мінез — түлкідей тік жортатыны, құлақтарының әдемі бітімі, құйрықтың қылта түбінен бастап ұшына қарай күлтелене жаралуы.

Бесінші, есектен алған үш қасиет — оймақша дөңгеленген төрт тұяқ, етсіз жақ, тамақ астының кеңдігі.

Дана халық „Болмасаң да ұқсап бақ“ дейді. Ел арасындағы сыншы, атбегі, бапкерлерден үйренер өнеге көп.

97. САЯТ. Көшпелі-қазақ тек қана малдың ізіне ерумен ғұмыр кешпеген. Көңіл құмарын қандыраарлық талай-талай

қызықты да таба білген. Сол қызықтың бір парасы аңшылық-саятшылыққа байланысты.

Ең алдымен аңшылық-саятшылық көшпелілер үшін күнкөріс-тіршілігінің өзекті бір саласы болған. Екіншіден, әскери жаттығудың, шынығып-шыңдалудың, мергендік пен алғырлық-төзімділікті сынаудың тамаша үлгісі болған. Үшіншіден, әсем табиғат аясындағы ең көңілді демалысы, әсерлі қызығы саналған. Осының қай-қайсысы да жылына бір-екі рет бүкіл ру, қалың тайпа көлемінде тұтаса шығатын жойқын науқан сияқты өтіп отырған (Г. Е. Грумм-Гржимайло. Рост пустынь и гибель пастбищных и культурных земель в Центральной Азии за исторический период. Изв. Геогр. общ-ва. т. XV. басылым 4. 1933. №5, 149-бет; А. Н. Кононов. Родословная туркмен. Сочинения Абу-л-Гази, хана хивинского. М.-Л., 1958. 84-бет). Ол үшін ел билеушісі (қаған, хан) арнайы адамдар бөліп, алдымен аңы қалың жерлерді шолдыратын болған. Сонсоң белгілі бір күнді белгілеп, байтақ рудың, бүкіл елдің аңға шығуы ескертілген. Жай ескртілмейді, әрине, әр рудың орыны, жүретін жолы, басқа да тәртіптері қадағаланады. Содан уәделі шақ жеткенде көшпелілер ең жақсы атын мініп, ең асыл киімін киіп, ең мықты қаруларын асынып атқа қонады. Олардың соңынан сән-салтанат түзеп қызжігіттер, әйелдер жүріп отырады. Жазылап тастаған түйелер, жабулап тастаған сәйгүліктер, сырмақ-текеметпен безенген арбалар салтанатты жұрттың шырайын келтіреді.

Уәде-келісім бойынша байтақ ел күндік жерге созылатын сайын далада алқа-қотан жасайды да, белгіленген қолайлы жазыққа қарай шеңберлерін тарылта береді. Бұл шеңбердің үлкендігі соншалық, кейде аңды қумалап, тықсырып келетін жерге жеткенше үш-төрт күн өтеді. Шеңбер тарылған сайын жауапкершілік күшейеді. Қай рудың қанатынан аң шығып кетсе, сол рудың басшыларына көпшіліктің көзінше дүре соғылатын болған. Сондықтан да әр ру айырықша дайындалып, шеңбер аясы тарыла бастағанда сырмақ-текеметтерін қорған ретінде тұтып жинақтала түскен.

Содан қой өрісіндей алапты қалың ел шеңбер жасап, алқа қотан қоршағанда, осынау жанды қорғанның ортасында алас ұрған үйір-үйір құланды, табын-табын киікті, қарақұйрықты, елікті, шұбыра қорсылдаған қабанды, ширатыла ызбар төккен жолбарысты, қызыл езу қасқырды, қымсына жортқан түлкіні көруге болар еді.

Ең алдымен аң атып, қызық көрудің жолы қағанға не-

месе ханға беріледі. Ол өзінің қасына бүкіл семьясын, оларға қосып қызметші нөкерлерін алып шығады. Бұлар әбден құмарын тарқатқанда биіктеу жерге барып тұрады да, енді ортаға әскер басылары, батырлар, ру басылары шығады. Мұнан кейінгі кезек хан, сұлтан, би, ру басылардың ер жеткен ерке балаларына, сонсоң жауынгер жігіттерге берілетін болған. Осылайша дала төсі қан сасып, аң біткеннің өлгені өліп, өлмегені сансыраған шақта қарттар сауға сұрайды. Онысы келесі аңшылық-саятшылыққа тұқымдық қалдырындар дегені. Қарттардың тілегі қарсылықсыз қабылданған.

Байтақ даладағы көшпелі рулардың осынау жойқын аңшылық дәстүрін кейін Ұлы Далаға үстемдік құрған Шыңғыс хан әулеті дәстүр еткен. Аңшылық-саятшылықтың мұндай қанқасап дәстүрі аңның күрт сиреп, кейбір тұқымдарының құрып кетуіне себепші болды.

Монғол шапқыншылығынан кейінгі кезеңде де көшпелі елдің өмірінде аңшылық-саятшылықтың алған орны айрықша болып қала берді. Енді бұрынғыдай ру-тайпа болып, аң аулауға қотарыла көтерілмегенімен, ел ішінен аң десе ішкен асын жерге қоятын саятшылар арылмаған. Жүйрік ат, қыран бүркіт, алғыр қаршыға, құмай тазы, айлалы сұңқар, болат қақпан, түзу мылтық сияқтылардың қай-қайсысы да өзіндік сырға толы тамашасымен әркімді-ақ еліктіре білген. Жай еліктіру емес, жаны сергек ер жігіттің сенімді серігі, қиындыққа толы өмірлерінің бір мезгілдік арашасындай да болды. Сондықтан да көшпелі-қазақтың тіршілік салтында қысқа күнде қырық алып, қоржын толтырып, үйірімен үш тоғыз олжа байландырар ең сүйікті кәсібі осы аңшылық.

Сонымен бірге аңшылық саятшылықтың өзгеше жақсылығы бар. Ол — кімді болса да салқын сабырға, жан семіртер көңілдікке баулып, ерік күші мен дене күшінің үндестік табуына ықпал етеді. Бұл ретте қазақтың аңшылықты кәсіп емес, өнер санауында да үлкен мән бар.

* * *

Аңшылық-саятшылықтың қыры мен сыры туралы айтар әңгіме сан тарау. Оны толық қамтып, айтып шығу арнайы еңбекті қажет етеді. Алайда ойдың желісі этнографиямен ұштасып жатқандықтан аңшылық-саятшылықтың бір ғана түрі — құсбегілікке, оның ішінде аңды бүркітпен аулаудың жай-күйіне тоқтала кеткен жөн.

Қазақ арасында аңшылықтың кең тараған түрі — аңды

бүркітпен аулау, бүркіт ұстап саятшы болу. Аңшылыққа ден қойып, салбурынға шығу.

Жұқалау көк тұмсығы келсе жалпақ,
Мелжемді қожыр табан, бұты талтақ,
Көз ауданы шүңірек, кекшіл маңдай,
Көк иық, саны жуан, төсі шалқақ.

Топшысы келсе алдына жоғарылау,
Шалғысы құйрығына тұрса таяу,
Көкте ұшқыр, тұғырда шаңқылы жоқ,
Бір тұлкіден басқаға болмаса жау.

Қолыңнан өзі тілеп ұшса самғап,
Құрғатпай қанжығанды күнде қандап.
Дүниенің бір қызығы — қыран бүркіт,
Алыстан ат терлетіп, тапсаң таңдап.

Шегір көз қанды балақ қыран бүркіт,
Бозбала қапы қалма, малыңды іркіп.
Алпыс екі айлалы тұлкіні ұстап,
Байласаң қандай қызық, қарға сілкіп.

Қара тіл, қанжар тұяқ, қанға тоймас,
Қанша көріп тұрса да алмай қоймас.
Шұбар тұяқ жиренді тауып салсаң,
Ердің құнын берсең де бәсін жоймас.

Лып етіп, етпетінен кетсе зулап,
Тым епті сыпырғаны жер бауырлап.
Жарқ етіп жақпар тастан тұлкі қашса,
Шап етіп қызды ұстаған бозбала нақ.

Бұлқынып болмаймын деп шайқасқандай,
Сытылып құтылмақ боп байқасқандай.
Қараңдап дөң астында жатса басып,
Тар жерде екі ғашық айқасқандай.

Жібермей басып алса жұлқынғанға,
Босатпай бұре түсіп бұлқынғанға.
Бұлтартпай жұмарлап ап илеп жатыр,
Шынымен ынтасы ауып ұмтылғанда.

Көк тұмсық көзге дейін қанға батып,
Үстіне аттай мініп отырғанда.
Көңілге көрмек үшін о да қызық,
Ұқсайды қыз бен жігіт қосылғанға.

Абай ақынның айтқаны делінетін бұл өлең Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданы, Жамбыл атындағы колхоздың тұрғыны Мекеев Сүлеймен ақсақалдың айтуы бойынша хатқа түсіріліп отыр. Абай сияқты жақсы-жаманның парқын білетін, тіршіліктің қыр-сырына зерде бойлатқан ұлы ақын қыран құстың қылық-қасиетіне тегін таңданбаса керек. Қандай таңданысы, қаншама сұлу сөз, әсем сурет, сүйсінуге толы сезім десеңізші! Аң қызығы, аңшылық кәсібі өз алдына, соған қоса небір әдемі дәстүр, сұлу сөз, сәтті теңеу қалыптасып, неше түрлі мүліктердің, заттық мұралардың дүниеге келгенін көреміз.

Қазақ арасында жыртқыш құстардың әр түрін қолға үйрету дәстүрі болған. Солардың ішінде ең бір қасиет тұтатыны — қыран бүркіт.

Бүркіт деп қазақ аңшылары жыртқыш құстардың ішіндегі аса тектісін, адам қолына тез үйренгіш естісін атаған. Сонымен бірге қайратына сай беттілігі, жүректілігі, қиырдағыны тез сезетін көргіштігі де өзге құстарға қарағанда бүркіттің ерекшелігін көрсетеді. Көп ретте қыран бүркіт деп аталуының өзі сол қырағы көрегендігінен, шалымды алғырлығынан болса керек. Бүркіттің өзіндік дара қасиеті емеурін етіле айтылатын ел ішінде мынадай бір жұмбақ бар.

Бір нәрсе екі аяқты, сегіз бармақ,
Іліксе дүниенің барын алмақ.
Өзінің тілі бар да тістері жоқ,
Жұтады көрінгенді алмап-жалмап.

Қазақстанда бүркіт ұясы көбінесе Алтай, Тарбағатай, Алатау, Көкшетау, Шыңғыс сияқты сілемді тауларда, сонымен бірге орманды алқаптарда әсіресе, биік қарағайлы, үйеңкілі жерлерде кездеседі. Қазақ құсбегілерінің қолға түскен бүркітті „ой құсы“ немесе „қыр құсы“, „таулы жердің құсы“ деуі де осыдан.

Таулы жерді мекендейтін бүркіттердің тұлғасы кесек, көлденеңі ауқымды иықты, аңғары (екі аяғының арасы) алшақ, жауырыны сыртқа теуіп, мойын жүні мен балақ жүні салалы болып келеді. Тек бітім тұлғасы ғана емес, сыртқы түр түсінде де өзіндік ерекшеліктер бар. Мәселен, қыр құсының жүні қара барқын тартып, бойындағы ақ теңбілдері ерекшелене, айқын көрінеді. Әсіресе, екі иығы мен құйрығының ағы мол болатындықтан көзге ұрып тұрады.

Ал ой құсы өзінің ықшам, жинақтылығымен көз тартады. Жапырақтары сүйірлене жымдасып, жалпы түр-түсі

сарбұйра мәрмәрдай мінсіз көрінеді. Оның таранып сыланғаннан кейінгі тұғырдағы сабырлы кейпі шебер мүсіншінің қолынан шыққандай ғаламат бір мінсіз тұлға танытады. Тек қана ақаусыз сұлулық емес, сонысына үндес ерекше сабыр мен жалтақсыз жігер, тек өзіне ғана жарасатын паңдық аңғарылады. Ой құсы денесінің ықшам, жеңіл бітуі далалы, орманды жерлерге бейімделуден болса керек.

Қазақ құсбегілері ұстаған бүркіттердің „Алтайдың ақиығы“, „Қарағайдың қызыл балақ сарысы“ немесе „Қанишер қара“ „Түменнің сары құсы“ деп аталуы да жаңағыдай мекен-жайына қарай қалыптасқан бітім ерекшеліктерінен туған.

Тау бүркіттері ұясын биік құзға, қанаттыдан басқаның өресі жетпейтін жалтыр беттегі кемерге салады. Ой бүркіттері биік қарағай, үйеңкі, кейде сексеуілдің де басын ұялай береді. Ал үңгір, ін, өзеннің жар қабағы сияқты арзан орындарды сірә да мекен етпейді. Мекен ету былай тұрсын, қанат бүгіп аялдамайды да.

Бүркіт ұясы ірі шөмшектерден салынғандықтан ұя ортасына ши, өлеңшөп төсесе де жайсыздау болады. Ұя көлемі бір жарым, екі метр болып келеді.

Бүркіт ұя басарында таулы жер болсын, орманды жер болсын араларын бір, бір жарым шақырымнан бірнеше ұя салады. Кейін жұмыртқалар шағында солардың бірін ғана мекен етеді де, артық қалған ұялар аталық, шәулі бүркіттің еншісіне, иелігіне тиеді. Балапаны қара қанат болып, ұшуға баулынған шақта әлгі ұяларды бірінен соң бірін жаңа өріс, жайлы қоныс етеді.

Бүркіт жұмыртқасының түсі ақшыл болады. Ұзыны — 59-71 миллиметр, салмағы 95-100 грамм тартады.

Бүркіт балапаны бір жарым ай жұмыртқада, екі ай бес күн, екі ай он күн ұяда болып, тамыз айының ортасына қарай ұядан ұша бастайды. Осыдан қыркүйек, қазан бойы еселерінің баулуымен жүреді де, онан әрі өз бетімен аң ұстап жеуге жарайды. Қазақ құсбегілерінің дәстүрінде сары ауыз балапан кезінен қолға түсіп, дұрыс бап көрген бүркіттер (оны „қолбала“ деп атайды) қаңтар, ақпан айларында түлкі алуға шамасы келеді.

Тұз қыранын қолға түсірудің қазақ құсбегілері арасында әр түрлі әдісі белгілі. Олар: аумен ұстау, тор жаю, тояттатып алып тұтқиылдан басып қалу, шеңгелдестіру, ұядан алу.

Аумен ұстау үшін көзі кең, биязы жіпті торды елсіз далаға құрады. Ол үшін қабықталған бес-алты талды жерге

әсліздеу қадап, тормен қоршайды да, ау ортасына мықтап қазық қағады. Қазыққа тірі түлкі немесе қоян, кейде бірекі тауық байлайды. Қиядан көріп, құдия түскен бүркіт төбесі ашық тордан еш уақытта тік көтеріліп ұшпайды. Жүгіре көтеріліп ұшамын дегенде торға оралады.

Тор жаю әдісі көбіне қыс айларында қар түскен соң қолданылады. Ол үшін қар түстес ақ шаңқан торды қар үстінен бір метрге жуық биіктікте кере құрады да, астына тірі түлкі немесе қоян байлайды. Бұған сорғалап түскен қыран аяғын торға шалып алады. Солқылдақ тор бүркіттің аяқ тіреп, серпіле ұшуына кедергі жасайды.

Тояттатып ұстау үшін тұз тағысының аңға түскен немесе жас жемтікке қонған сәтін аңду керек. Ол үшін ілкімді, ұшқыр атқа мініп, әбден мөлдектеп тойған бүркітке ең ұрымтал деген иек артпадан тұтқиылда қосылып береді. Күн желтең болса жел жағынан шықса, тойған құс ыққа қарай жүгіргенде бөтегесімен жер соғып, көтеріліп кете алмайды. Ұшқыр атпен төніп келген бетте құс үстіне шаппан сияқты киімді жаба салу керек.

Ал шеңгелдестіру үшін қол құсын, қолға үйренген бүркітті тұз қыранына салады. Ол үшін қол құсының балақ бауына түлкінің жон терісін немесе бір санын қызарта байлап қоя береді. Әрине, тұз құсының бойын көріп барып жіберу керек. Сонда қол құсы өз тектесімен парлап ұшуды аңсап көтерілсе, тұз құсы оның аяғындағы жемге құдияды. Мұндай жағдайда қос бүркіт сөз жоқ шеңгелдесіп жерге түседі.

Бүркітті ұядан ұстау үшін аңшының көп еңбегі, әдісқойлығы, ептілігі қажет. Ол үшін құстың мекен жайын, қонатын мезгілін әбден бақылап алып, тор, тұзақ, шаппасына киіз салған қақпан тағы да басқа әдістер арқылы қолға түсіреді.

Ұясынан ұстамай, тор, тұзақ құрып немесе басқаша айла тәсілмен ұстаған ересек бүркітті кез келген адам үйрете алмайды. Түзден ұстаған құсты үйрететін адам құстың сырына қанық, ерекше шыдамды, ерінбейтін ерік күштің иесі болу керек.

Тұз құсын қолға түсісімен томаға кигізбей үйретуге болмайды. Томаға кигізген соң да екі-үш күн ұйықтамай қарсылық көрсететін қиқарлығы болады. Ондайда ырғаққа (тербелмелі әткеншек етіп байлаған жұмыр ағаш) отырғызып, ұйықтатпай жеңіп үйретеді. Яғни, екі күн болсын, үш күн болсын құс қарсылығын қойғанша қажымай бірге болған абзал. Соның бәрінде үнемі сылап-сипап, жанасып, ерекше ықылас көрсете, дыбыс шығарып отырған

жөн. Мәселен, еркелеткенде „Бопым-бопым“ десе, шақырғанда „папа“ немесе „кеу-кеу“ деп үйретеді қазақ құсбегілері.

Құс әрі ұйқыдан, әрі аштықтан шаршап, қажыған шақта қарсылығы азайып тыныштала бастайды. Сипаса да жақтыртпай, қозғалақтап, ысылдап, сақылдауын қояды. Осы шақта жемді қолдан беріп үйретудің де пайдасы көп. Құстың алғашқыда өздігінен етке ұмтылмайтын әдеті болады. Ондайда бір жапырақ етке қант бүркіп, асатып жіберсе, үйреніп кетуі оп-оңай.

Бапкер, аңсақ, саятшы құсбегілер қолға түскен құсты түн ортасында тұрып айналып-толғанып ықылас көрсетіп, сылап-сипап қайтады. Бүркіттің иесіне әбден бауыр басуы үшін мұндай ықылас қажет-ақ. Қалың тобыр ішінен иесінің дауысын танып томағалы бүркіттің шаңқылдап қоя беруі осындай еңбектің нәтижесі болса керек. Бүркіт иесінің қолынан жем жеуге үйренген соң алыста тұрып жем көрсетіп, шақырып, қолына қонуға баулиды. Мұның бәрі құстың атқа да, адамға да үйірсек болуына әрі шынығуына бірден-бір себеп.

Баулу кездерінде аяғына байланған ұзын жеңіл шыжым жіптің болғаны абзал. Қазақ құсбегілері бұлай баулуды шырғаға тарту деп атайды. Ерінбей-жалықпай шырғаға көп тартқан бүркіттің қанат-құйрығы берік, талмай ұшатын болып жетіледі.

Мұнан соң далбайға түсіріп үйретеді. Далбайға түсіру деп тұлып етіп сойылған аң терісінің (көбінесе, түлкі терісі) үстінен жем алғызуды айтады. Жемді аң терісінің кез-келген жеріне қоя салмай, бас жағына тығып, екі көзінен болар-болмаса қызартып көрсетіп қою керек. Бүркіт сонда күш жұмсап жейді. Бұған үйренген шақта тұлыпқа ұзын жіп байлап сүйретеді де, бүркітті ат үстінде ұстап тұрып көрсетеді. Егер құс томағасын сыпырғанда далбай тұлыпқа ұмтылып, лап қойса, әрі қарай сүйретпей тастай салу керек. Сол жерде далбайдағы қант бүркілген тәтті етті бір-екі рет қақшытқан жөн. Мұнан соң құсты қолға алып томағасын кигізеді де, атқа мініп сүйретпе далбайды тағы да көрсетеді. Осылайша қайталай берудің еш зияны жоқ. Бүркіттің аңға үш түрлі түсетіні бар. Бірі — шаншыла, екіншісі — сыпыра, үшіншісі — іліп түседі. Осы үшеуінің ішінде іліп түсуге дағдыландырған жақсы. Себебі, шаншыла түскен құс бірде болмаса бірде жерге соғылып, мерт болуы мүмкін. Ал сыпыра түскен құс ағынын тоқтата алмай тегеурінін (жембасар үш саусағына қарсы орна-

ласқан артқы жалғыз саусақ) алдырып алады. Іліп түсуге қалыптастыру үшін сүйретіп келе жатқан далбайға құс аяғы тиісімен тастай салу керек. Егер әрі қарай қызықтыру мақсатымен сүйрете берсеңіз, сыпыра түсуді әдет етеді. Ал далбайды тіптен сүйретпей көрсетсеңіз, қимылсыз „аңға“ көктегі құстың шаншылып түсуі әдетке айналады.

Бүркітті шын аңға салмас бұрын өре салынып, ауызы тұмылдырықталған тірі түлкіге түсіріп көрудің де пайдасы мол. Мұны құсбегілер тілінде „тірілету“ деп атайды. Тірі түлкіге қаймықпай түскен бүркіттің аң алуға үйренгені. Бұл сияқты бүркітті баулу әдістерінің қай-қайсысына кіріскенде, тіпті аңға салғанда да қолдағы құсты аш ұстаған жөн. Қазақ құсбегілерінің „ит иесі үшін, бүркіт тамақ үшін“ алады деуі көп жылғы тәжірибесінің қорытындысынан түйген әділ сөз.

Құсбегілер қолындағы бүркітін аңға салу үшін мамыр, маусым айларынан бастап баптайды. Алдымен қансоқта, қызыл сияқты маңызды тамақ беріп, түлету үшін семіртеді. Бұл кезді қызылға отырғызу немесе түлету деп атайды. Құс түлегі бапты болса, аз күнде-ақ бой жүні сүзіліп, сылаланып сала береді. Ал түлек бапсыз, тамағы қуатсыз немесе мазасы болмаса, құстың бой жүні жымдаспай қобырап, қу қауырсындары бунақталып дұрыс жетілмейді. Бүркіттің түлегі біткенде бой жүні таралып, қанат құйрығы бекем жинақы болып жетіледі. Осы кезде қайтадан арықтатып (күрт арықтатпау керек) шырғаға тартады. Ұшырып жемдейді. Бұл жаңа шыққан қауырсындарының жетілуіне, топшысының берік болып шынығуына себепші. Мұнан әрі бүркітті сарытап етіп, орташа етінде ұстаған жөн.

Бүркіттің екі жылда бір дене жүнін, үшінші жыл дегенде жал-құйрығын (қанат-құйрығын) түлетеді. Бой жүнін түлету үшін қатты семіртсе жетіп жатыр. Дүр-дүр сілкінгенде жапырақтары төгіліп түсіп қалады. Кейбір құсбегілер бой жүнін түлету үшін жылқының тамақ безін қымызға ашытып жегізеді. Бұл құстың денсаулығына жақсы емес.

Қанат-құйрығын түлету үшін өткір бәкімен ірі қауырсындарын тым түбіне жуықтатпай қырқып тастайды. Мұнан соң қауырсындардың қуыс өзегіне бөрттірген бидай немесе күкірт тығып, бергі жағын мақтамен бекіте салады. Сонда бір жұмадан қалмай құстың ірі

қауырсындары түсіп қалады да, оның орнына мұқалмаған көк болат семсердей жаңа қауырсын бітеді.

Қазақ құсбегілерінің қолындағы құсты тиісті бап, күйіне қарай ашықтыруы, қоялатуы (құстыру), шаятыны (ішін жүргізу) болады. Қоялату үшін бармақтай ақ киізді әбден жуып, тазартып майға орап асатып жіберсе, аздан соң ішіндегі бар нәжісті құстырып, бірге түседі. Ал ішін шайып, ашықтыру үшін тырна жілігінен жасалған түтіктен бір-екі рет қызыл шай жұтқызса жетіп жатыр.

Құсбегілер „қайыру“ деген сөзді жиі қолданады. Бұл сөз құсты әр кезде әр түрлі бапта ұстау үшін оған берілетін тамағына байланысты айтылады. Мәселен, құсбегі қолындағы бүркітін қайырып, қалған бір бабына келтіру үшін мына сияқты жемнің түрлері беріледі:

Қансоқта — өлген аңның немесе малдың туралмаған, қаны сорғалаған кесек еті.

Қызыл — құстың қылғып қақшуына оңтайланып туралған қызыл ет. Мұның да қан-сөлі өзінде болады.

Тартпа — малдың немесе аңның желкесі, толарсағы, шандыры, сияқты құнары аз сіңірлі жерлері.

Сарбөртпе — туралған соң суға екі-үш рет шайып, сығып, біршама қан-сөлінен арылтқан ет.

Ақжем — майдалап турап әбден аппақ шүберектей болғанша суға шайып, сығымдап бар маңызынан айырған ет.

Тоят — құс өзі алған аңның таңын реп, тілін суырып немесе ыстық өкпесі мен жылы миын ойып жесе, соны құс тояттады дейді.

Үрген өкпе немесе боз өкпе — сойылған малдың, яки аңның өкпесіне пышақ тигізбей кеңірдегімен қоса алып үріп қояды. Сонда өкпе маңызынан айырылып, құсты белгілі күйге түсіретін жем болып шығады.

Құсбегілер қолындағы құстың жай күйін тамыршыдай бағып отырады да, қажет болса бүркітке „ақжем“ мен „бозөкпені“ жүдету үшін, „тартпаны“ шынықтыру үшін, „қансоқта“ мен „қызылды“ семірту үшін береді. Ал „сербөртпені“ құсты бір қалыпта ұстау үшін береді. Мұнны қазақ „ойтамақ“ деп атайды.

Бүркітті шошымалы етпей дұрыс баптап қолға тез көндіктірудің бір шарты оған қажетті мүліктердің дұрыс жасалуына да байланысты. Олардың атаулары мынадай:

Тұғыр — бүркіттің құйрығы жерге тимейтіндей етіп жасалған ағаш сәкі. Қазақта бүркіт тұғырын алтынмен аптап, күміспен күптеп өнер туындысындай етіп әшекейлеу

дәстүрі де болған. Тұғырды шеберліктеріне қарай әр түрлі етіп жасай береді.

Томаға — құстың көзін жауып тұру үшін былғарыдан қос сай, үш сай немесе төрт сай етіп тігетін бас киім. Бүркіт аяғымен қағып түсірмес үшін томағаға шыртетпемен бекітілген тамақ бау тағылады. Шытыра қадап, үкілеген томаға құсқа ерекше бір көрік береді. Томағасыз құс мазасыз болады.

Балақ бау — қолға түскен құстың аяғын қатты қыспайтындай етіп кигізден сақина тігеді де, оның сыртын былғарымен қаптайды. Сол былғарыға ұзындығы екі сүйемдей ғана қайыс таспа немесе шыжым жіп тағып ұшына жеңіл тығыршық өткізеді. Балақ бау, біріншіден, қолдағы құсты тұқырта ұстап, орнықты отырғызу үшін керек. Екіншіден, тұғырда мазасыз болмау үшін, үшіншіден, желі бауды өткізу үшін қажет.

Желі бау — балақ баудың қос шығыршығынан өткізетін, басында түйін тығырығы бар шыжым жіп. Желі бау құсты шырғаға тартқанда немесе қолға жаңадан түскен бүркітті баулығанда қажет.

Бүркіт қолғап немесе биялай — жұмсақ етіп уқаланған қасқыр терісінен үш саусақ етіп астар салып тіккен қолғап.

Бүркіт құндақ немесе бөлеу — талды бауырлап шабады да, дөңгелете иіп отырып екі басын біріктіреді. Сонан соң шеңбердің ішіне жиі етіп күлдіреуіш салады. Бұл кішкентай, ойыншық шаңыраққа ұқсайды. Мұнан әрі пішіп отырып дөп-дөңгелек көрпеше тігеді де, шеңбердің екі жеріне бала бесігінің тартпасына ұқсас тартпа тағады. Әдетте күнімен аңға салынған құстың қуаты азайып, кешкі салқынға шыдамай құрылдайтын кездері болады. Сондай шақта бүркіттің аяғын бауырына алғызып, бөлеуте байлап жүріп кетсе, дәнеңе де етпейді.

Бүркіт балдақ немесе қолдық — құсбегінің құсы қонып отырған қолы талмас үшін сүйеп отыратын аша ауыз ағаш. Бүркіт балдақтың бір жағына бүлдірге тағылады да, ер-тоқымның алдыңғы қапталынан өткен шеттікпен байланыстырады.

Сапты аяқ — қысқа ғана сабы бар, жайпақ келген ағаш ыдыс.

Түтік немесе шүмек — құстың ішін шаю үшін, су беру үшін тырна жілігінен немесе ағаштан бір басын жайпақ ауызды етіп жасаған түтік.

Мінеки, құсқа қажетті мүліктердің негізгілері осылар.

Қазақ құсбегілері қолындағы құстың мекен-жайына, мінезіне, әлсіздік-күштілігіне, ұшқарлық-алғырлығына, сырт бітіміне қарай ат қояды. Мәселен, „Ақшегір“, „Күйшіл“, „Күң табан“, „Шүңірек“ „Кекшіл“, „Садақ сан“, „Ақиық“, „Қанды балақ“ „Сабалақ“, „Шәулі“ „Сарсүмбі“ тағы басқаша. Бұларды құстың тегіне қарай қойылған аты дейді.

Кейде құстың атына тәрбие-бап көріп, бауыр басқан иесінің есімі де қоса аталады. Мәселен, „Тулақтың шолағы“ (бұл құсты Абай ақын бес құлынды бие беріп алған екен), „Тінейдің сары құсы“, „Жаяу Мұсаның көк дойыны“, „Мәтімұсаның он үш құйрығы“, „Шайманның сұршоллағы“ „Жабайдың қара шегірі“ тағы басқалары.

Қазақ құсбегілері бүркіт атын жасымен де атайды. Жасына қарай бүркіт былай аталады: бір жас — балапан құс, екі жас — қан түбіт, үш жас — тірнек, төрт жас — тас түлек, бес жас — мұзбалақ, алты жас — көк түбіт, жеті жас — қана, сегіз жас — жана, тоғыз жас — майтүбіт, он жас — барқын, он бір жас — баршын, он екі жас — шөгел, осылайша он бес, жиырма жасқа дейін атала береді.

Қазақ аңшылары жүйрік ат, қыран бүркітін, алғыр тазы, болат қақпанын, қыл тұзақ, жібек торын сақадай сай етіп, айлап-апталап аңшылық құруды „салбурын“ деп атайды. Салбурынға қатысқандар жасына, атағына, ақылына, байлығына, біліміне қарамай міндетті түрде бүркіт иесі құсбегіге бағынады.

Құсбегі салбурынға қатысушыларды алдын ала беске бөліп топтайды.

Бірінші, тұрғышылар — бүркіт ұстап биікте тұрушылар.

Екінші, қағушылар — аң жүретін жерді тінте сүзіп қуып шығушылар.

Үшінші, тосқауылшылар — қашқан аңды ін қорымнан, таулы-тастақты жерлерден қайтарып, жасқап тұру үшін жолын тосушылар.

Төртінші, ізшілер — аңды ізіне түсіп жүріп, бойын көрушілер.

Бесінші, қызылшы немесе бақыршылар — қоста қалып ас әзірлеушілер немесе союшылар.

Мінеки, бұл топтың қай-қайсысы болса да үлкен іскерлікті, сезімталдықты, төзімділікті, сабырды, ұйымшылдықты қажет етеді.

Дұрыс баулынып, жақсы бап көрген бүркіт тұлкі, қарсақ, қоян алады. ал кейбір өжет қырандар қасқыр, киік, арқарға да түседі.

Ұя басар бүркіттің салмағы бес, бес жарым килограмм, еркегі төрт, төрт жарым килограмм болады. Екі шалғылығының (екі қанаты) аралығы екі-екі жарым метр болып кездеседі. Ұя басар құс денелілеу, ашулы, күші де басым келеді.

Құстың қырандығы, алғырлығы оның үлкендігіне байланысты болмаса да, бүркіт кеудесін жіппен тұтамып өлшеу қазақ құсбегілерінің дәстүрінде бар. Егер құс көкірегінің жуандығы тоғыз-он тұтамнан асса, құсбегілер: „Балуан екен!“ деп ерекше мән беріп отырады.

Ғылыми деректерде бүркіт 100—150 жыл жасайды дейді. Ал қазақ құсбегілері көбінесе 15-20 жыл салған құсты сөз етеді.





КЕЛТЕ БОНАР

V тарау. СҰЛУЛЫҚ ТУРАЛЫ СЫР.

98. ДАНАЛЫҚ ӨРНЕГІ. Адамзат баласының тарихындағы ең көне өнер туындыларының бірін, колөнерінің жоғары сапалы оқшау түрін тарихшы, ғалымдар „скифтердің жануарлық стилі“ деп атайды. Жасалған материалдары — алтын, күміс, қола, қалайы, жез, ағаш, былғары, киіз, мүйіз болып кездеседі. Осы материалдар арқылы бейнелейтіні: айырықша ширыққан сәттегі жан-жануарлар кейпі; оның ішінде бұғы, елік, самұрық құс, барыс, қасқыр, жылқы, қой, ешкі сияқты аң-құс пен үй хайуандары; оймышты әсер беретін өсімдіктер, жауынгерлік өмірге, салт-дәстүрлеріне және тұрмыс-тіршілігіне арналған көріністер, заттар. Осылардың бәрі де оқшау сипаттағы өнер туындылары бола тұрып бұйымдық, тұтынушылық роль атқарған. Ат-әбзелі, сауыт-сайманы, ыдыс-аяғы, қару-жарағы, киім-кешегі осынау „скифтердің жануарлық стилі“ деп аталған өнер туындысына тұнып тұр. „Скиф“ деп байырғы эллиндер Еуразияның байтақ даласындағы көшпелі ру-тайпаларды атаған. Бұл көшпелі ру-тайпалардың „барлығының ортақ аты бір патшасының есімімен сколоттар деп аталады, оларды скиф деп эллиндер атап кеткен“ — дейді Геродот.

Жануарлық стиліндегі өнер туындыларының алғаш қолға түсіп, жинақталып, ғылыми пікірлердің айтыла бастағанына екі ғасырдай ғана уақыт болды. Көпшілікке белгілі, 1714 жылы Петр I өте сирек ұшырасатын заттардың, бұйымдардың, өнер туындыларының және тіршілік құбылыстарының музейі Кунсткамераны ашып берді. 1718 жылы арнайы указ шығарып, онда: „...кімде-кім жер бетінен, су түбінен көне зат тапса, ерекше жасалған ескілікті мылтық, ыдыс-аяқ сияқты таң қалдыратын бұйымдар тапса, әкелгені жөн, ол үшін заттың құндылығына орай сыйлықтар беріледі“ деп жазды. Кешікпей-ақ Сібірдің байтақ даласындағы қорған-төбелерден алынған „таң қалдыратын бұйымдар“ Кунсткамераға

ағылып түсе бастады. Тіптен аз уақыт ішінде Сібірдің, Қазақстан мен Орта Азияның аяқ жетер жеріндегі қорған-төбелер, көне бейіттер оңай олжа іздегендердің талауына ұшырады. Көне мүрделердегі екі-үш мың жыл бойы тұяқ серіппей жатқан алтын киімді мәйіттер бір-бір аунап түсті.

Бара-бара Сібір мен Қазақстан ғана емес, қазына іздеушілер Дон бойындағы, Қара теңіз жағалауындағы байырғы қорған-төбелерге де құныға қарауды шығарды. Осы тұста үкімет тарапынан қорған-төбелерді қазу үшін арнайы жасақталған адамдар шыға бастады. 1763 жылы ең алғашқы қорған-төбе Украина жеріндегі Елизаветград (қазіргі Кировоград) қаласының маңынан қазылып, ақмойнақ селебе табылды. Ақмойнақтың сабы, қыны алтынмен апталып, жан-жануарлар мен өсімдіктің қиялғажайып бейнесі оймышталған еді. Бұл олжа да кешікпей-ақ Кунсткамераға келіп түсті.

Қазір Еуропа қалаларындағы, Нью-Йорктегі бірлі-жарым бұйым болмаса, жануарлық стильдегі ең бай ғажайып коллекция Петербурртегі „Эрмитажға“ жинақталған. „Эрмитаждың“ осынау бірегей қазынасы Нью-Йорк, Лос-Анджелос, Токио, Осака, Париж, Рим, Флоренция, Венеция, Афина, Гаага, Цюрих, Эссен, Белград, София сияқты дүние жүзіндегі ең айтулы қалаларда көрсетілді. Эстетика әлемінің небір тегеуірінді сыншылары мен ұстамды да талғампаз дейтін баспасөздер жануарлық стильдегі өнер туындыларын көргенде ең асқақ сезімдерін сыртқа шығаруға мәжбүр болды. „Скифтердің таңғажайып асыл қазынасы арамызда,“— деп жазды „Юманите“. Ал „Пипл“ газеті мақаласын: „Өткен жексенбіде алтын тасқыны Лос-Анджелосқа келіп кірді“,— деп бастады. „Жануарлық стильдегі“ мұраларды зерттеуші белгілі ғалым И. Б. Брашинский былай дейді: „Күлоба қорғанынан табылған электроқұмыра, Солоходан шыққан алтын тарақ немесе Толстый моласынан алынған алтын алқа (пектораль) сияқты айтулы көне өнер туындыларының бұрынғы-соңғы өнер әлемінде теңдесі болмаған, болмайды да“

Шынында да „жануарлық стильдегі“ өнер туындылары ғажап! Қанатты қиял, қапысыз шеберлік шынайы өмір шежіресімен астасқанда, өлмес өнер туындысы болып шыққан. Бұл қашан, қандай ортада, қалай пайда болған? Соңғы бірер ғасыр аясында толық шешім таппай келе жатқан сұрақ осы.

Ең алдымен мерзіміне байланысты, осы уақытқа дейін қолға түскен олжаларды, тарихшы, археолог ғалымдар

бірауыздан біздің заманымызға дейінгі VIII-III ғасырлардың мұрасы деп есептейді. Кейбір қорғандардағы бұйымдардың жасалған мерзімі радийлі көміртегімен анықталғандықтан, VIII-III ғасыр аралығы дегенге күмән болмаса керек. Ал осы көне бұйымдардың, тектес мұралардың жасалған ортасы болса, шығысында Ұлы Қытай қорғаны, Хуанхэ, Ордос алабынан бастап, батысында Дунай өзеніне дейінгі аралықтағы 40 және 50 параллельдердің ортасын алып жатыр. Осынау ұзыннан-ұзақ созылған байтақ жолақтың ұзындығы жеті мың шақырым екен. „Жануарлық стильдегі“ өнер туындыларының осы аралықта жасалғанына айғақ болған қорған-төбелер: Кировоградтан қазылған „Червонный“ немесе „Литый“ қорғаны (1763 ж.), бұдан табылған бұйымдар қазған адамның аты-жөнімен Мельгунов олжасы деп аталады; Керчь түбіндегі „Күлоба“ қорғаны (1826 ж.); Днепрдің бір саласы Чертомлық өзенінің бойынан табылған „Толстый“ моласы (1862 ж.), зерттеу еңбектері „Чертомлық қазынасы“ деген атпен белгілі; „Солохо“ қорғаны (1913 ж.); Молочный өзенінің жағасындағы „Мелитополь“ қорғаны (1954 ж.); Донның жағасындағы „Бес ағайынды“ деп аталатын қорғандар шоғыры (1954 ж.); Алтай тауларындағы „Пазырық“ қорғандары (1929, 1947 жж); Алматы түбіндегі „Есік“ қорғаны (1970 ж.), Ауғанистанның солтүстігіндегі Гиндикуш тауының етегіндегі Емшітөбе деп аталған көне қаланың іргесінен қазылған „Ділдә-төбе“ қорғаны (1978 ж.). Бұл аталған қорғандардың бәрі де дүние жүзілік мәні бар, ерекше бағалы өнер туындылары табылған орындар.

Осы тұста арнайы мән беріп, ескерте кетуге тұрарлық бір жағдай — осынау жеті мың шақырымға созылып жатқан байтақ алаптың әр өңірінен табылған заттардың жасалу тәсіліндегі тектестік, стильдік ұқсастық, тақырыптық үндестік ең алдымен назар аударуды қажет етеді. Демек, Еуразияның жапсарындағы байтақ далада біздің заманымызға дейінгі бірінші мың жылдықтың аясында өмір салты бір, ұғым-түсінігі ортақ, әлеуметтік негізі тектес ұлы қауымның болғаны күмән келтірмейді. Осы ұлы қауым әзірше тарихшы ғалымдар арасында скифтер деп аталады. Ал скифтердің ат-әбзелін, сауыт-сайманын, киім-кешегін, қару-жарағын әшекейлеуді және күнделікті тұтынған ыдыс-аяғын бүгінгі таңда „жануарлық стильдегі“ өнер туындысы деп қарайды. Мұның өзін әр түрлі ғалымдар өздерінің болжам-пікірлері бойынша „грекскиф мәдениеті“, „иранскиф мәдениеті“ немесе „сібір-

скиф" мәдениеті деп жіліктеп атауды дәстүр еткен. Әзірше, мұндай жіліктеу өзінің атына сай ғылыми негіздегі бұлтартпас айғақты тауып бере алмай отыр. Ол ғана емес, бұлайша бөлшектеу байтақ алаптағы мәдени құбылысты біртұтастықта қарауға, сол мәдени құбылысты дүниеге әкелген көшпелілер өмір салтының тек қана өзіне тән мәдени үлгісі ретінде тануға кедергі жасап келеді. Әрине, мыңдаған километр жерді қоныстаған скифтер көшпелі бола тұрып, көрші елдермен қарым-қатынас жасамады деген ұғым тұмауға тиіс. Біздің заманымызға дейінгі бірінші мың жылдықтың ортасында-ақ қасқая созылған Ұлы жібек жолы Хуанхэ жағалауынан шығып, скифтердің жері арқылы бір шеті Иранға, бір шеті Жерорта теңізін жағалап отырып, Грекиямен жалғасып жатты. Осынау алыс сапарда ел мен елді жалғастырушы керуен басы — отырықшы елдің өкілі емес, жер жағдайын жетік білетін көшпелі елдің өкілі екенін мойындау үшін архивтік деректің қажеті бола қоймас. Дегенмен, мынадай деректер еске түседі, біздің заманның 533 жылы Римде өткен бір діни жиында жыл есебін Христостың туған күнінен бастау жөнінде пәтуаға келеді. Бұған дейін жыл санау Диоклетиан календары бойынша жүргізілетін. Ал Диоклетиан болса, христиан дініне қарсы адам. Содан Христостың туған жылын анықтау керек болды. Оны кім білген? Жиынға қатысушылар біраз сасайын дейді. Содан скиф даласынан шыққан, жеті жұрттың тілін білетін Диуана (римдіктер Кішкене Дионисий деп атаған) отырып: „Мен есептеп шығардым, Христос жарықтықтың туғанына 532 жыл болыпты,“ — деген. Бұған болмашы дерек іздеп отырған адамдар сене қалған. Сол жыл 532 жылы келесі жыл 533 болып, осы ретпен күні бүгінге дейін жалғасуда. Ал, байырғы көшпелілер арасындағы диуаналар үнемі ел ақтап, жол үстінде жүретін, дүниенің жаңалығын білетін, құйма құлақ, көріпкел болған. Мұны халқымыздың көне заманда туған ертегі-эпостарынан мол ұшыратамыз. Басқасын былай қойғанда, бір эпостың ішінде Алпамыс батыр үш-төрт рет диуананың кейпіне түседі ғой. Сонда оған алыстың хабарын білетін адам ретінде үнемі сұрақ қойылып отырады. Жаңағы римдіктердің ортасына тап болған диуананың аузына түскен 532 саны көкті тәңірі тұтқан, аспан әлемі мен табиғат құбылысына ұдайы зер салған көшпелілер үшін ең киелі сан болған. Ай есебі, күн есебі, мүшел есебі, тоғыс есебі көшпелілер арасында тым ерте заманнан бері жүргізіледі. Бұл көшпелі өмір салтынан, күнкөріс, тіршілік қажеттілігінен қалыптасқан. Осы есептердің қай-

қайсысында да 19 бен 28 сандары жиі кездеседі де, олардың көбейтіндісі 532 болып отырады. Мұның себебін М. Искаков „Халық календары“ атты тамаша еңбегінде былай түсіндіреді: „19 саны“ Ай дөңгелегі” деп аталады. Әрбір 19 жылда ой орағының фазалары қайталанып, айдың сол күніне келіп отырады. Мысалы, 1961 жылы 21 маусымда айдың бірінші ширегі көрінді (дөңес жағы оңға қараған жарты дөңгелек). Енді 1980 жылы және 1999 жылдары да 21 маусымда айдың осындай бірінші ширегі болады, 1942 жылғы 21 маусымда солай болған.

28 саны „Күн дөңгелегі“ деп аталады. Әрбір 28 жылда апта күндері қайталанып, айдың сол күніне келіп отырады. Мысалы, 1913 жылғы 22 маусым жексенбі күні болды. 1941 жылдың 22 маусымы жексенбі болатын, Одан кейінгі 1969 жылғы 22 маусымда жексенбі күніне келген.

Айдың фазасы, ай мен аптаның күндері — үшеуі қатарынан қайталану үшін $19 \times 28 = 532$ жыл өту керек. Мысалы, 1961 жылғы 21 маусымдағы айдың бірінші ширегі сәрсенбі күніне келеді. Енді осыдан кейін дәл 532 календарлық жыл өткенде, 2493 жылғы 21 маусымда да айдың бірінші ширегі көрінеді. Бұл күн де сәрсенбі болады.”

Еуразияның жеті мың шақырымдық байтақ даласынан кезігетін „жануарлық стильдегі“ өнер туындыларын өмір салты бір, ұғым-түсінігі ортақ, әлеуметтік негізі тектес, тағдырлары біртұтас ұлы қауымның тудырғанына мынандай тарихи айғақтарды көлденең тартуға болады. Тарих сахнасында мың жыл бойы құдайдың сүйікті елі атанған әйгілі Рим империясының құлауына әрісі скифтер, берісі ғұндардың (хуни, гунн) себепші болғаны белгілі. Күндей күркіреген Ассирияның біздің заманымызға дейінгі VII ғасырда тас-талқанын шығарған скиф жауынгерлері екені Набупаласар патша жазғызған Вавилон шежіресінде айтылады. Бұл деректі V ғасырда өмір сүрген армян тарихшысы Мовсес Хоренаци де қуаттайды. Біздің заманымызға дейінгі IV-III ғасырларда салынған ұзындығы бес мың километрлік Ұлы қытай қорғаны, сөз жоқ, киммерлер, скифтер, массагеттер, сарматтар, сақтар, ғұндар, үйсіндер деп әр түрлі жазбада әрқалай аталатын көшпелілерден қорғану үшін салынған. Байтақ жатқан көшпелілер әлемінен Александр Македонский мен Дарий патшаның тауы шағылып шегінгені, Кирдің сол даладан ажал тапқаны, скиф жауынгерлерінің Мысырға (Египет) дейінгі аралықта ат ойнатып, әмірін жүргізгені — тарихи шындықтар. Ең арғысы Тәураттағы (Библия) Иеремия

пайғамбар скифтердің құдайдың жіберген жазасы деп есептейді. „Жаратқан ием айтады: мен сендерге, Израил әулетінің үйіне қиянда тұратын халықты қаптатамын деп. Ол алапат күшті халық, ол байырғы халық, сен ол халықтың тілін білмейсің, айтқанын түсінбейсің. Олардың қорамсағы көрдей үңірейген. Өздері шетінен ержүрек. Олар сенің егінің мен наныңды жейді, ұлың мен қызыңды жұтады, қойың мен өгізінді жалмайды, жүзімің мен антырыңды обып қылғытады. Бар сенгенің бекіністі қалаларың шығар, оны қылышпен қақыратып кетеді,“— дейді Иеремия. Осы тұста Геродоттың сөзі де еске түседі: „Бізге белгілі халықтардың ішінде тек қана скифтерге тән бір қасиет бар, біреу де болса адамзат баласының өмірі үшін ең мәнді қасиет. Еліне шабуыл жасаған дұшпанының бірде-бірін скифтер құтқарып көрген емес, егер өздері тізгін тежемесе, оларды қуып та жете алмайсың,“— дейді тарихтың атасы.

Осынау қысқа-қайырым тарихи айғақтар мен деректерден-ақ Еуразияның ең даласында біздің заманымызға дейінгі ғасырларда ұйым-ұжымы бір, тағдыр-талайы ортақ, біртұтас көшпелілер ұлысының (империясының) дәуірлеп тұрғанын аңғаруға болады. Скифтер әлемдік аренадан мың жылдай уақыт бойы түскен жоқ. Әрине, Грекия, Рим, Қытай, Ассирия, Мысыр сияқты іргелі империялар мен державаларға қасқайып қарсы тұру, бірде жеңіліп, бірде жеңіп дегендей текетірес ғұмыр кешу, сөйтіп жүріп тарих сахнасында мың жыл бойы мерейін үстем ете білу жалғыз-жарым шашыраған көшпелі тайпалардың қолынан келмес еді. Мұндай кесектік, ірілік әлеуметтік-экономикалық негізі берік, саяси мақсаты мен сенімі ортақ, қуатты тұтастықтың ғана қолынан келеді. Белгілі ғалым А. П. Смирновтың: „Цивилизация тарихында гректер мен римдіктерден кейінгі орыңды скифтер мен кельттер алады,“—дейтіні сондықтан. Тарихи ойдың бұлтартпас логикасы осыған саяды. Демек, сол ең даладағы қуатты тұтастық тудырған „жануарлық стильдегі“ ғажайып өнердің тектес, тамырлас болуы ешкімді де таң қалдырмауға тиіс. Егер бірлі-жарым ескерткіш мұрадан грек шеберлерінің қолтаңбасы байқалса, үнділердің қасталық белгісі көрінсе немесе ирандықтар мен мысырлықтардың ою-өрнек үлгісі сезілсе, мұны көшпелілер әлемінің көрші-қолаңмен сауда-саттық түрінде де, соғыс-жорық түрінде де қарым-қатынаста болуының нышаны деп қабылдау керек. Сол сияқты, көршілес Иран сияқты елдің әлеуметтік-экономикалық негізінің біздің заманы-

мызға дейінгі кезеңдерде ұқсас болуы да тектес өнер туындыларын тудыруға себепші болғанын ескеру қажет. Сондықтан да ең басты мән беретін жағдай — жаңағы бірлі-жарым олжадағы әр ел шеберлерінің қолтаңбасы емес, жалпы „жануарлық стильдегі“ типтік, типологиялық дара қасиет болуға тиіс. Ал жануарлық стильдегі мұндай дара қасиет, тек қана өзіне тән сипат тайға таңба басқандай.

Осы уақытқа дейін табылған жануарлық стильдегі сан мыңдаған бұйымның белгілі дәрежеде бітім-қасиеті сараланып, жүйеге келтірілді. Алайда, скиф өнерінің аса күрделі нысандық (символдық) бітімін түсіну, сюжетті кескіндердің сырын шешу, жалпы қандай „қажеттіліктен“ туғанын анықтау пәтуалы шешімін таппай келеді. Скиф өнерімен айналысушылардың бірі — осынау ғажайып өрнекті бұйымдар магиялық функция атқарған, түрлі кейіптегі жан-жануарлардың күштілігі, көрегендігі, ұшқырлығы сол мүліктің иесіне дарысын деген ниеттен туған дейді. Екіншілері — түрлі кейіптегі жан-жануар скифтер сыйынатын құдайлардың белгісі еді деген пікірді ұсынады. Ал, үшіншілері — жан-жануар кейпіндегі құдайдың өзі дейді. Әрине, бұл пікірлердің қай-қайсысы да ең алдымен жорамал түрінде ғана назар аудартуға тиіс. Ал мәселенің түйінін шешу үшін мынадай үш жүйеге зер салу керек: 1. Археологиялық деректердің бәрі, оның ішінде скифтер мекендеген алаптағы металл өндірісінен бастап, „жануарлық стильдегі“ өнер туындыларына дейін, қоныстұрағынан бастап, сынтас белгілеріне дейін қаперде болған жөн. 2. Скифтермен жапсар елдердің жазба мұраларын мұқият зерттеу, мейлінше сын көзбен қарау қажет. 3. Ең мәнді айғақтарды, күрделі проблемалардың түйінін шешуді скифтер мекендеген региондағы бүгінгі халықтардың тарихынан, мәдениетінен, фольклорынан, этнографиялық деректерінен іздеу керек. Өкінішке орай, осы уақытқа дейінгі скифтер әлемі туралы жазылған кез келген тарихи, ғылыми еңбек сол скифтерді „құрып кеткен халық“, „ұмыт болған халық“ немесе „жоғалған халық“ деп басталады. Бұл, әрине, күрделі тарихи құбылыстың себебін саралап көрсету қинаған кезде көлденең тартылған дәйексіз пікір.

Еуразия ойкуменіндегі бүгінгі орыс, қазақ, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, қарақалпақ, осетиндер сияқты сыңсыған қалың ел көктен түскен жоқ, көрші елдерден отау боп бөлініп те шыққан жоқ. Сол өңірдің топырағы мен суына кіндігі жалғасқан байырғы ұрпақтары. Сон-

дықтан да, жануарлық стильдегі құдірет өнердің тегін тектеу үшін шумерлер мен мысырлықтардың, эламиттер мен урартулықтардың, парсылар мен қытайлардың шежіре-жазбаларынан бұрын скифтер өнері дүниеге келген өңірді мекендеп отырған бүгінгі халықтардың болмысына бойлай үңілу керек.

Геродот, Аристей Проненский, Страбон сияқты көне заман тарихшылары мен қытай жазбаларындағы деректерден тұрмыс-салттық, наным-сенімдік, этнографиялық, фольклорлық қыруар сәйкестіктер кезігіп отырады. Бір ғана Геродоттың өзінен көшпелі скифтердің киіз үйде тұратынын, қымызды мол ашытатынын, етті қарынға салып көмбе жасап жейтінін, бастарына кигіз сай шошақ тымақ киетінін, жауға аттанған батырды, келін болып түскен қызды, бесікке бөлейтін баланы, мәйітті қоятын мүрдені, жаңа қонысты отпен аластайтынын, күлді киелі санап бастырмайтынын, әйел-ананы қатты қадірлейтінін, өлген адамның үйінен қаралы ту көрсететінін, жақыны өлген әйелдің бетін жыртып, шашын жайып жылайтынын, өлген адамның мінген атын тұлдап жіберетінін, өлген адамға жыл толғанда ас беріп, еске түсіретінін, басқа да осы сияқты деректерін оқығанда бүгінгі қазақтар сияқты көшпелі болған елдер туралы жазып отырғандай әсер береді. Өйткені, жаңағы сияқты дерек мысалдар ешқандай өзгеріссіз күні бүгінге дейін қазақтардың өмір салтында сақталған. Тіптен, Геродот суреттейтін табиғат құбылысының өзі қазақ даласының бітімін елестетеді. Мәселен, жерінде ағашы жоқ жазық дала екенін, сол далада сиырдың мүйізін үсітіп түсіретін суықтың болатынын, жаяу сырманы жылаңдай қайқандатып айдайтын суық желді борей (боран, борасын, бұрқыл, борау) деп атайтынын тәптіштеп жазады.

Мұндай мысалдарды тізе берсе мейлінше мол. Осы тұста айрықша мән беруді қажет ететін жай, көшпелі қазақтардың өмір салтымен үндесіп жатқан осынау сәйкестіктер „жануарлық стильдегі“ өнер туындыларында да көрініс тапқан. Нақтылы айғақтарды көлденең тартқан жөн. Скифтердің қорған-төбелерінен табылған олжалардың біразында көшпелілердің тұрмыс тіршілігінен көріністер бар. Солардың ішінде, садақ, найза, айбалта, селебе, қалқан сияқты бес қаруын асынған жауынгерлер кезігеді. Әсіресе, садақтың адырнасын тағу, қарт жауынгердің жас жауынгерге садақ ұсынуы сияқты сәттер ғалым-зерттеушілердің назарын ерекше аударуда. Әр текті жорамал-жорулар да баршылық. Осынау әр түрлі бедер-

бейне арқылы скифтер өздерінің өмір тіршілігіндегі ең бір мәнді көріністерді көрсеткен. „Құлобадан“ — табылған электроқұмырада садақтың адырнасын тағып жатқан жас жігіт бейнесі бар. Бұл кәметтіктің белгісі. Қазақтың көнеден жеткен ертегі, эпостарында ұл баланың садақ тартуы ер жеткендіктің белгісі ретінде айтылатын мысалдар мейлінше мол. Осы бейнедегі тері шалбар, жарғақ бешпент, шошақ төбелі күләпара сияқты киімді көшпелі-қазақтар бертін келгенше киген. Сол сияқты, „Чертомлық“ қорғанынан шыққан құмыраның бүйіріндегі атты жығу тәсілі көшпелі ел малшыларының арасында дәл осы қалпында сақталғаны қайран қалдырады. Немесе, „Пазырық“ қорғанынан табылған тоқым назар аудапады. Бозбала мен бойжеткен қыздарға арнап үш салпыншақты тоқым сыру дәстүрі қазақ арасында күні бүгінге дейін бар. Салпыншақтың шашағы ретінде жылқының қылын немесе түйенің шудасын қосып сыратын болған. „Пазырық“ тоқымында осы көрініс толық қайталаанады. Тағы да бір мән берерлік көрініс, қанатты қабылан бейнесінің жиі ұшырасатыны. Тіптен, қанатты құмай тазы туралы небір қиял-ғажайып әңгімелердің осынау „жануарлық стильдегі“ бейнелермен сабақтасып жатқаны күмән тудырмайды.

Скифтердің көшпелі өмір салтында болғаны көне заман тарихшыларының еңбектерінде айқын жазылған. „Скифтердің қаласы да, бекінісі де жоқ, тұрғын үйлерін өздерімен бірге алып жүреді. Олар шеттерінен сайыпқыран садақшылар және жер шаруашылығымен, мал бағумен айналысады, тұрғын үйлері — қос“, — деп жазады Геродот. Ал, Еуразия даласындағы халықтардың ішінде ХХ ғасырдың басына дейін көшпелі өмір салтын сақтап келген бірден-бір ел — қазақтар.

Адамзат баласының тарихындағы ең алғашқы металл өндірістерінің бірі — Орталық Қазақстан, Алтай, Орал тауларындағы байырғы көшпелілердің ортасынан кезігуі тегін емес. Ал „жануарлық стильдегі“ металды мың құбылтқан өнер туындылары тек қана сол металды өндіре алатын ортада өркен жайса керек.

Тарихтан аян, біздің заманымызға дейінгі II мың жылдық пен I мың жылдық жапсарында Қазақстан территориясын мекендеген ру-тайпалар көшпелі өмір салтына ойыса бастады. Ал көшпелі мал шаруашылығының бір жүйеге түсіп, дүрілдей дамыған кезі біздің заманымызға дейінгі IX—XIII ғасыр. Қазақ даласындағы металлургия өндірісінің де дәуірлеген кезі осы мерзімге сай келеді. Бұл

уақыт археологтар анықтап беріп отырғандай андрон мәдениетінің бегазы, қарасу мәдениетіне ұласып, енді скиф-сақ мәдениетіне қарай ойысқан тұсы еді. Академик Ә. Х. Марғұланның айтуынша „Қазақстандағы қола мәдениеті сан ғасырлар бойы алуан түрлі өзгерістерді бастан өткере отырып, қарапайым формадан бірте-бірте күрделене дамуда болған. Бұл мәдениеттің тегі біздің заманымызға дейінгі III мың жылдық тұсындағы энолиттен басталған. Одан бері де небір жойқын тарихи кезеңдерді басып өтіп, біздің заманымызға дейінгі II мың жылдықтың соңы мен I мың жылдықтың басында өзінің толысқан шағына жеткен“. Ғалымның „толысқан шағы“ деген сөзінде үлкен мән бар. Шынайы мәдени толысу еш уақытта жалғыз-жарым олып кезікпейді. Көшпелілер даналығы дүниеге әкелген „жануарлық стильдегі“ ғажайып өнер туындысы жападан-жалғыз тақыр жерде пайда болмаған. Бұл кез көшпелілер әлемі үшін, ең алдымен, мал жаяудың озық тәсілдерін игеру арқылы базистік негізін нығайтқан, металл өндіруді құлшына дамытқан, солармен қатар жауынгерлік тәртіп пен машығын шыңдаған кезі еді. Тіптен, мәдениеттің ең озық айғағы — жазу-сызудың өзі осы тұста пайда бола бастағанына дәлел айғақтар мол. „Қазақстан жерінен табылған графикалық бедер-бейнелер алғашқы қауымдық мәдениет кезінде, қалың тобыр варварлардан бөлініп шыққан бақташы рулардың қолымен салынғандықтан да алфавитті өзге өңірден ауысты дейтін теорияны жоққа шығарады,— дейді Ғ. Мұсабаев,— біздің қолымызда сақ-жетісулық жазу-сызудың шығу тегіне айғақ болатын мол мағлұмат бар, мұнан басқаша қорытынды шығарудың қисыны жоқ“. Байырғы көшпелілердің өмір салты дүниеге әкелген мал құлағына ен салу, малдың санына күйдіріп таңба басу, әр рудың өзіндік таңбасының болуы, тіптен денелеріне қара күйе сіңіру арқылы татуировкалау ("Пазырық" қорғанының дерегі) сияқты қасиеттердің қай-қайсысы да ең алдымен белгі берушілік, хабар білдірушілік, ажыратушылық міндет атқарған. Мұның сыртында белгілі бір затпен, көрініспен ой айту, ниет-құлқын білдіру көшпелілер арасында шыңдалған дәстүрге ұласқан. Геродотта мынадай бір қызық дерек келтіріледі. Скифтер еліне баса-көктеп кіріп, шабуыл жасаған Дарий патшаға көшпелілер айғақ-хат ретінде құс, тышқан, бақа және бес жебе жіберіпті. Мұнысы: „құс болып көкке ұшсаң да, тышқан болып жерге кірсең де, бақа болып суға сүңгісең де, бәрібір сені біздің оғымыз баудай түсіреді!“, — дегені екен. Міне, бұл

келтірілген мысалдарды көшпелілер арасында пайда болған жазу-сызудың алғашқы нышандары деп қараған жөн. „Жазу-сызудың алғашқы кезеңдерінде айтқысы келгенді сурет арқылы беретін талпынысты байқаймыз, сондықтан да идеографиялық сурет жазуды, дәлеліміз жоқ болған күнде де, жазуға дем берген этап ретінде тануымыз керек. Белгі-таңбалар суреттен бастап жүйелі жазуға дейін тез әрі оңай жетіледі, мұның жеткілікті айғағын эскимостар мен бамумдардың жазу-сызуынан көруге болады“, — дейді профессор Ф. Фридрих.

Қысқасы, осынау жан-жақты мәдени толысудың ең бір бедерлі айғағы жануарлық стильдегі өнер туындылары еді. Жануарлық стильдегі әрбір туындының өнбойы адам құдіреттің шынайы асылға ғана жұбанатын асқақ болмысына тұнып тұр. Өйткені, сол өнердің өнбойындағы қиял қанаты жанап өткен әрбір иірім-нақыш мынау мәңгілік өмір туралы, ұлы шеру көшінен бір пендесін шашау шығармайтын қоғам туралы, сол қоғамдағы адамдардың болмысы туралы шежіредей сыр шертеді. Көне заман шебері қарақан басындағы құдірет дарын арқылы өзіне дейінгі жинақталған бай тәжірибені, сол уақыттың тарихи-элеуметтік аужайын, дүниетанымдық өресін, сұлулыққа іңкәр талғамын асықтың үлкендігіндей алтын әшекейге түйіп кеткен сияқты. Сондықтан да, өзіндік үлгі-нақышпен жасалатын осынау өнер туындыларын „жануарлық стиль“ деуден гөрі скифтердің даналық өрнегі десе көңілге қонғандай.

Шексіз табиғат, ашық аспан асты — көшпелілердің алып „баспанасы“ Сол алып „баспана“ аясындағы аң-құс, өсімдік, табиғат құбылыстары, ай-жұлдыз — олардың тағдырлас, тамырлас серіктері. Көшпелілер үшін бақ та солардан, сор да солардан. Демек, көшпелілер ширыққан аң-құсты, жан біткендей ширатылған өсімдікті қызық көріп бейнелеп отырған жоқ, өздерінің қарым-қатынасын өздері де ширыға әйгілеп отыр. Олар үшін жан-жануарлар мен өсімдіктер, табиғат құбылысы мен аспан денелері „заттанған шындық“, бақ пен сордың себепшісі.

Демек, көшпелілер ұғымында жан-жануарлардан бастап өсімдікке дейін, табиғат құбылыстарынан бастап шексіз кеңістікке дейін идеализацияланған. Басқа ел-жұртты айтпағанда, көшпелі қазақтардың соңғы ғасырға дейін жеткен ұғым-түсінігіне зер салып көріңіз. Олар үшін көз көргенмен қол жетпес, ақылға симас көк аспан — бәрінің әмірші тәңірісі. Ай, жұлдыз, күн, оған ұқсас жердегі от — тәңірінің өзі болмаса да көзіндей. Ең арғысы көк

шөптің өзі киелі, себепсіз жапыруға болмайды. Төрт түлік малдың әр қайсысының иелері, қолдайтын пірі бар деп есептеп, оларды „Қамбар ата“ „Шопан ата“, „Ойсыл қара“, „Зеңгі баба“, „Шекшек ата“ деп атаған. Жылқы — желден, түйе — сордан, сиыр — судан, қой — оттан жаралған деп есептеген. Ұлын алыс сапарға шығарып салып тұрған ана:

„Көл иесі Қамбар-ау,
Шөл иесі Қамбар-ау,
Қарағыма көз сал-ау!“ —

деп кәміл пірлеріне сиынған („Қыз Жібек“). Малшы атаулы меңсіз қара мысық көрсе әйелі ұл тапқандай қуанатын да, әлгі мысықтың иесінің көзін ала беріп бір мытып өлтіріп, қотан ортасына көметін. Мұнысы киелі қара мысықтан індет атаулы қорқып жоламасын дегені. Топалаң тиген қойдың еңсесі түсіп, есеңгіреп тұрады. Мұндайда бақташы дереу қойдың құлағын шорт кесіп алады да, „басқа келген пәледен бастан құлақ садаға“ деп қойдың басынан үш айналдыра лақтырып жіберетін болған. Қазақ күні бүгінге дейін іштен шыққан баласын „ботам“, „құлыным“, „қоңыр қозым“ деп жақсы көреді. Ауа райының бұзылғанын айдың шалқалап туғанынан көріп, көшпелі қазақтар: „Шалқалауын қарашы! Мә, саған! — деп кіжіне таяқ лақтыратын болған.

Қазақ арасында айтулы батырлардың, қобызшы, күйшілердің, шешен, жыраулардың қолдайтын кәміл пірлері, киесі болған. Ондай кәміл пірі, қолдаушы киесі әр кімде әр түрлі жан-жануарлар кейпінде кездесіп отырады. Мәселен, Ш. Уәлиханов жазатын тарақты руынан шыққан Байғозы батырдың киесі ақиық бүркіт болса, аралбай руының батыры Жарылғаптың киесі қызыл алтайы түлкі еді дейді. Әсет ақын көңілін сұрай келгенде әл үстінде жатқан Кемпірбай былай дейді:

„Әсетжан, бұл аурудан өлем білем!
Алланың аманатын көрем білем!
Кеудемнен көкала үйрек „қош“ деп ұшты,
Сол шіркін кәрі жолдас өлең білем...“

Міне, мұндағы „көк ала үйрек“ деп отырғаны Кемпірбай ақынның киесі, көзге көрінбес желеп-жебеушісі. Осы тектес тағы бір мысал еске түседі. Шешендік шежіре сөзде Қаз дауысты Қазыбек бидің бала кезінде елшілерге еріп қалмақтың ханы Қоңтажыға келетіні бар. Сол жолы қаһарлы Қоңтажы бала Қазыбектің сөзінен то-

сылып, қазақтарға оң шырай көрсетуге мәжбүр болады. „Қазақтар шығып кетті, қалмақ бірыңғай қалып қойды. Барлық қалмақ жиылып, ханның қасына келіп:

— Бір жұдырықтай баладан қарасуға түсіп, осынша дірілдеп кеткеніңіз не? — деді. Сонда Қоңтажы тұрып:

— Сендер білген жоқсыңдар. Сөзді өңменімнен сұғып айтқан кезде, екі иығынан екі аю аузынан от шашып, „тыпыр етші, көрейін“ деп тұрды. Мінеки, мен содан қатты сескендім. Сендерге көрінбегенмен, маған көрінді. Менің енді бұған қайтарып айтар сөзім жоқ, мал мен жанын есептеп алдына салып беріңдер“ . — деді.

Мұнда да Қазыбек бидің желеп-жебеуші пірі аю бейнесінде болған деген емеурін айқын аңғарылып тұр.

Міне, бұл сияқты мың сан мысалды әлі де тізе беруге болады. Бірақ, ол шарт емес. Мәселе сол мысалдардың аса мол аңғартарын пайымдай алуда болса керек. Өзгесін былай қойғанда, даналық өрнегіндегі (жануарлық стиль) неше түрлі қиял-ғажайып бейнедегі аң-құстар жаңағы келтірген мысалдағыдай желеп-жебеушілік функция атқармады ма деген де ой келеді. Яғни, көшпелілердің ұғым-түсінігінде табиғат құбылыстарынан бастап, жан-жануарлар әлеміне дейін бәрі де „заттанған шындық“, бәрі де белгілі бір күштің иесі. Тек ол ғана емес, сол күштің иелері кейбір көшпелілердің желеп-жебейтін пірі де бола алады екен. Мәселен, Байғозы батырды — ақ иық бүркіт, Жарылғап батырды — қызыл алтайы түлкі, Кемпірбай ақынды — көк ала үйрек, Қазыбек биді — аузынан от шашқан аю желеп-жебесе, індет ауруының қара мысықтан қорқатыны, ауа райының Айға байланыстылығы сияқты өмірдегі барлық құбылыстың „заттанған“ иелері бар деп есептелген. Олардың бәрі де болмасты болдыра алатын ширыққан күштің иелері. Бәлкім содан да болу керек, даналық өрнегіндегі әрбір бедер бейненің шиыршық ата бейнелетіні. Ал қазақ арасындағы аңыз-әңгіме, этнографиялық деректердің алыс заманалар төрінен жетіп отырғаны ешқандай күмән тудырмауға тиіс.

Енді осы тұста бір сұрақ тіленеді, даналық өрнегіндегі (жануарлық стильдегі) өнер туындысы — көшпелілер болмысының көркем айғағы екен, сол көшпелілер болмысының сұлулық заңдылықтарына бағына көрініс табуы дейік. Сонда неге ширыққан экспрессивті бейнелерді кескіндеуге айырықша мән берген? Бәлкім, көшпелілердің өмір салты, тіршілік-тынысы тегеурінді динамизмге толы болғандықтан шығар! Әрине, мұндай жауапқа жұбанбауға да болады. Сондықтан, көшпелілердің динамизмге толы

өмір-тіршілігі өнер тілінде типті және типологиялық тәсілдермен игерілгеніне зер салу қажет. „Тип” деген сөздің үш түрлі ғылыми мағынасы бар. Бірінші, еш ауытқуы жоқ үлгі, стандарт. Екінші, құбылыстың ең бедерлі сипатын, мәнін айғақтау. Үшінші, өмір құбылыстарын дәл бедерлеуде ауытқығанымен, соның тегін тектеуге болатындай негізгі формасын көңілге ұялату. Ал өнердегі типология дегеніміз — типті образға қарағанда өмірдің ұзын ырғасын, арналы сұлде-сорабын (схема) көрсетеді. Бұл орайда, көркемдік типология тәсіліне арқа сүйеу арқылы өнер туындылары ғылымға жуықтайды. „Өнердегі типологиялық образ, белгілі дәрежеде, сыртқы нышан сияқты. Ол типті образға қарағанда жобаға емеурінге жүгінеді, бірақ айтары да, аңғартары да әлдеқайда мол. Бұл жерде, нақтылықтан (конкретность) көз жазып қаламыз деген ұғым тұмауы керек, өмірдің нақты шындығы тек қана болар-болмас көрнектілігін жоғалтады. Белгілі бір құбылыстың сезімдік нақтылығына қоса, бірыңғай абстракциядан құралған логикалық нақтылықтың да болатынын қаперде ұстау қажет. Көркемдік нақтылық осынау сезімдік және абстракциялық нақтылардың ортасындағы желі. Типтік образ болса — сезімдік нақтылыққа жуық, ал типологиялық образ — ұғымдық нақтылықпен астасып жатады. Типологиялы образ — тек қана ойдың ордасы емес, сонымен бірге сезімнің де қайнар көзі. Ал сезімсіз өнер жоқ...” дейді А. В. Гульга.

Профессор А. В. Гульганың осынау түйінді ойына скифтердің даналық өрнегіндегі өнер туындылары мейлінше ұрымтал айғақ болатындай. Мәселен, аузымен құс тістеген қанатты пырақтың, қанатты құмай тазының, шүйдесінен бастап шонданайына дейін мүйіз біткен бұғының, бүткіл денесі ою үлгісінде мың бұралып бейнеленген жан-жануардың өмірде кездеспейтіні, мұның бәрі де өмірдегі типті құбылыстар емес екені аян. Сөйте тұра даналық өрнегіндегі өнер туындыларына қарап тұрып жүйрік ат, құмай тазы, ширыққан сәттегі аң-құс туралы нақтылы әсерге бөленуге болады. Мұның сыры әлгі айтылған типологиялық образдардың әсерімен сабақтас. Көшпелілердің өмір салтындағы мың-сан көрініс, дүние танымындағы мың сан ұғым-түсінік типологиялық образ құраған өнер туындысы арқылы ғажайып экспрессивтілігімен көрініс тапқан. XVIII ғасырда неміс ағартушыларының арасында Лаокоон мүсіндік тобына байланысты дау болған. Сондағы дауға себепші өліп баратқан Лаокоон ширыға шыңғырудың орнына, неге бу-

лыға ыңырсыды? — деген сұрақ екен. Бұған Г. Э. Лессинг жауап қайтарғанда, нағыз өнерде өмір құбылыстары көзден тізгендей қайталанбайтынын, адамдарды белгілі бір күйге түсіретін „шиманды сәттердің“ қамтылатынын көлденең тартыпты. Қиялға қанат бітіретін, ойыңа өріс беретін өнер ғана өміршең. Шындықтың жіп-шырғасын шығармай көшіру, шегіне жеткен аффект сәтін бейнелеу — қиялдың қанатын қырыққанмен пара-пар. Ал Лессингтің мүсінге қатысты айтқан ойы жалпы өнер туындысына жат емес.

Осы ойды орнықтыра түсу үшін, скифтер өнерінің „Эрмитажда“ тұрған бір үлгісі — „Құлоба“ қорғанынан табылған алтын кіседегі „Қандастар“ деп аталатын бедерлі бейнені мысалға алып ойды өрбітуге болады. Мұнда бір-біріне бет түйістірген екі адам бейнеленген. Екеуінің біте қайнасып кеткені сонша — бір адам сияқты әсер береді. Екі адамда бір ғана мұрын, бір ғана ауыз, екі көз ғана бар. Екеуіне ортақ бір ауызбен дәм татып, аңда (қандас) болудың антын берер сәттегі ыдысты еріндеріне тигізіп тұр. Сонысына қарамастан осынау бейне ешқандай құбыжықтық әсер бермейді, ойлы көзбен зер салғанда бірі үшін екіншісі жанын беретін нағыз қандас бауыр, қимас достықтың кейпін елестетеді. Шын дос, қандас бауыр өмірде еш уақытта жаңағыдай беттескен қалыпта кездеспейді. Алайда, әрісі Геродот жазған, берісі монғолдар мен қазақтар арасында бертін келгенге дейін сақталған аңда (қандас) болу дәстүрінің көшпелілер өміріндегі ең бір киелі сәт, қасиетті ант екенін осынау „қандастар“ атты бедерлі бейнеге қарап тұрып айқын аңғаруға болады. Яғни, бұл бейне өмір құбылысын типтендіру арқылы емес, типологиялық тәсіл арқылы жеткізіп тұр. Нағыз өнер туындысының ой мен сезімге қанат берер тапқырлығы кімді де болса тәнті етеді.

Көшпелі скифтердің даналық өрнегі туралы түйін сөз мынаған саяды. Еуразияның байтақ даласындағы көшпелілер әлемінде шындалған малшылық дәстүр, аз күш жұмсау арқылы күнкөрістің мол қорын жасау мүмкіндігі, металл өндірісін меңгеру, сөйтіп базистік берік тұғыр мен жетілген көркемдік ойдың үйлесім табуы озық өнер туындыларын дүниеге әкелген. Асылы, „Өнер туындыларын дүниеге әкелген“ деп келетін ой орамы бүгінгі талғамның, бүгінгі түсініктің перзенті. Әйтпесе, біздің заманымызға дейінгі көшпелілер бүгінгі ұғымдағы өнер туындыларын тудыруды оқшау мақсат етпеген. Олар өздерінің күнделікті тұтынатын заттарын әсемдеп жасауға әуес болған. Сол за-

ттарды әсемдейміз деп отырып өздерінің дүние танымын, ұғым-түсінігін, талғам-танымын, наным-сенімін және шеберлік мүмкіндіктерін әйгілеп қалдырған. Мұның бәрі де бүгінгінің көзімен қарағанда тарихи мәні бар аса құнды айғақ болып отыр.

Айғақ қана емес-ау, халықтың рухани дәстүрі атты мәңгілік тоқтамас салқар керуеннің әсем бір көші сияқты көз қуантып, көкірекке қанатты қиял дарытуда.

99. КІШІ ӘЛЕМ. „Бөгде елдің мәдениетіне зер салғанда өзіміз пір тұтатын қасиетті ғана мойындап, бізде жоқтың бәріне мұрын шүйіру, сөйтіп ол халықты әлі балаң деп қарау — тарихшылар үшін аулақ жүретін методологиялық абберрация. Мәселен, Еуропа мен алдыңғы Азияның халықтары цивилизацияға тұяқ іліктірісімен қалалар салып, көздің жауын алатын ғимараттарды дүниеге әкелді. Түркілер болса үй салмады, бақша баптамады, себебі олар қытымыр табиғат құрсауында отырып төңірегіндегі қылтанақ атаулыны аз уақытта отынға айналдырар еді. Алайда, әрі кең, әрі жылы, әрі көш-қонға қолайлы киіз үйге қарағанда тас лашық пен балшығы баттасқан үйді қолайлы деп ешкім де дәлелін беземес. Табиғатпен тамырлас көшпелілер үшін мұндай киіз үйлерде тұру астамшылық емес, қажеттілік болған“,— деп жазыпты белгілі ғалым Л. Н. Гумилев. Ойды ой қозғайды, әйгілі ғалымның киіз үй көшпелілер үшін қажеттілік деуінде сан тарау мағынаның өрісі жатыр. Көпшілікке белгілі, біздің жыл санауымыздан әлденеше ғасырлар бұрын Еуразияның мол отына тұнып тұрған байтақ даласында көшпелі өмір салты қалыптасты. Дамудың басқаша жолын „таңдау“ бұл далада мүмкін емес еді. Бұл осынау табиғаты қытымыр болса да жері шүйгін ен даланың тылсымын түсініп, тілін табу ғана емес, сол дала төсінде аз ғана күш жұмсап, мол өнім алудың, „қосымша өнімді әрі тез, әрі оңай түсірудің“ жедел шыңдалған өмір сүру тәсілі болатын. Былайша айтқанда, көшпелілердің тек қана өзіне тән өмір салты, өнім өндірісі қалыптасты. Жер төсін тырмалаған отырықшыларға қарағанда көшпелілердің өндірістік негізі әлде қайда берекелі болды. Біздің жыл санауымызға дейінгі IV—III ғасырлардың өзінде-ақ тек жылқы малының өзі төрт-бес мыңға жеткен байлар пайда бола бастады. Бұл даладағы өндіріс тәсілінің шыңдалуы, өнім қорының молығуы сол дала төсіндегі ел-жұртқа төңірегінен алапат-айбарын асыртып қана қойған жоқ, сонымен бірге күн көрістің ұлы ырғағымен үндес салт-дәстүрді, моральдық-этикалық

қарым-қатынасты, өнердің алуан түрін орнықтырды. Осылардың ішінде көшпелілердің сан ғасырлық тәжірибесі, өмірлік қажеттілігі, ой өрісі, талғам-танымы бір ғана киіз үйдің бойына шоғырланғандай. Көшпелілердің сұлулық туралы талғам-түсінігі, дүниені сұлулық заңдылықтарымен игеру мүмкіндігі негізінен осы кигіз үй арқылы көрініс тапты. Киіз үйдің сықырлауығынан бастап шаңырағына дейінгі әрбір бөлшегі өз алдына оқшау өнер туындысы бола тұра, сол мың сан бөлшек бір-бірімен мінсіз үйлескен шақта шегіне жеткен, әбден аяқталған өнер туындысын құраған. Осынау ғажайып өнер туындысы көшпелілердің күнкөріс мұқтажынан бастап рухани талғам-талабына дейін қызмет еткен. Киіз үй көшпелілер үшін табиғаттай сұлу, кеңістіктей үйлесімді шағын әлем. Бұл ретте киіз үйді адамзат баласының ұзына тарихында жасалған материалдық мұралардың ішіндегі бірегей айғақтардың бірі деп қарауға негіз мол.

Әрине, киіз үйді бір күнде, бір ғана адамның даналығы дүниеге әкелген жоқ. Ол көшпелі өмір салтымен бірге туып, біте қайнасты, қатар шыңдалды. Сондықтан да көшпелілердің материалдық мүмкіндігіне ғана емес, таным-түсінігіне, шеберлігіне бірден-бір мол айғақ осы киіз үйдің өн бойына жинақталады.

Әзірше киіз үй туралы ең көне дерек біздің заманымыздан бұрынғы үш мыңыншы жылдардан, қола дәуірінің сорабынан белгі беріп отыр. Мұны Алтай тауларындағы, Сібірдегі Баяр жартасындағы, Қырымның жақпар тастарындағы суреттерден аңғаруға болады. Ең көне заттық айғақтарды Алтайдағы Пазырық және Монғолиядағы Ноин-улин қорғандарында сақталған киіз үлгілері әйгілеп отыр. Ал ең көне жазба дерек грек тарихшысы Геродоттың көшпелі скифтер туралы жазбасында бар. Одан бергі замандарда киіз үйдің бітімі, оның көшпелілер өміріндегі рөлі туралы мағлұматтарды Батыс-Шығыс тарихшыларының, саяхатшыларының жазбаларынан, көне әдебиет нұсқаларынан, түрлі архитектура үлгілерінен молынан кезіктіруге болады. Мәселен, үйсін гуньмосының (ханының) киіз үй тігіп отыратынын көне қытай шежіресінен Н. Я. Бичурин келтіреді. Земархтың жазбаларында арба үстіне тігілген киіз үй сөз болады. Жалпы, көшпелі өмір салтына орай алғашқыда арба үстіне күйме сияқты біржолата орнататын киіз үй пайда болған сияқты. Мұндай арбалы киіз үйлер Пано Карпини, Рубрук, Ибн-Батута сияқты саяхатшылардың жазбаларынан жиі ұшырасады. Алайда, арба үстіндегі киіз үй ілкімді көш-қонға қолайсыз

еді. 1253-55 жылдары Қазақстан жерін басып өткен француз елшісі Рубруктың айтуы бойынша „кейбір киіз үйлерді тарту үшін арбаға 22 өгізге дейін жегіледі“ екен. Әрине, тау-тас, өзен-шөл, құмдауыт жерлерді көктей басып, табиғат қытымырлығының алдын орап отыратын көшпелілер үшін әрі жеңіл, әрі жинамалы үй қажет болған. Ондай үйді дүниеге әкелді де. Ұрым императорының айтулы сарайларынан шыққан елші Менандр Протектор ғұндар ортасынан бір ғана атқа жүк болғандай жеп-жеңіл киіз үйді суреттегенде мәрмәр сарайды қорсынып отырғандай сыңай танытады.

Академик Әлкей Марғұланның айтуы бойынша „үйдің қаңқасы“ деп келетін сөз тіркесі арба үстіне тігілген киіз үйдің бітімін елестетеді. Ал XVII ғасырда өмір сүрген тарихшы, Хиуаның ханы, Әбілғазы Баһадүрдің айтуынша, „қаң“— екі дөңгелекті арба деген мағына береді. Әйгілі „Қыз Жібек“ эпосындағы Жібек бастаған қыздар мінетін күймелі арба ұстау дәстүрі қазақтар арасында XVIII ғасырға дейін сақталған. Тек қана „Қыз Жібек“ емес, „Оғызнама“, „Қорқыт“, „Қозы Көрпеш—Баян сұлу“ „Манас“ сияқты эпикалық жырларда киіз үйдің небір үлгілері суреттелген.

Ачинск төңірегіне зерттеу жүргізген археолог Г. А. Абраменко басқарған экспедиция палеолит дәуіріндегі адамдардың тұрағын тапқан. Бұл тұрақ тарих ғылымының докторы В. Ларичевтің пікірі бойынша қазақтың киіз үйін елестетеді. Таң қаларлығы сол, әлгі тұрақ мамонттың ұзын иінді тістерін уық сияқтандырып жамбас сүйектің шұңқырына қадау арқылы жасалған. Сонда киіз үйдің қарапайым түрі болып шыққан. Әрине, киіз үйдің түпкі тегі, алғашқы нышаны дүниеге осылай келуі де әбден ықтимал. Осы тұста „киіз үйдің қаңқасы“ деген ұғым шын мәніндегі қаңқа сүйектен бастау алмады ма деген ой өзінен-өзі тіленеді. Тек ол ғана емес, „киіз үйдің сүйегі“ деген сөз тіркесі бар ғой. Ал киіз үй туралы көнеден жеткен жұмбағымыз: „Отыз омыртқа, қырық қабырға, бәрін ұстап тұрған ауыз омыртқа“ деп келеді. Көненің көмескі ізі халық есінде осылай сақталған.

Киіз үйдің көшпелі өмір салтымен құрдас екені күмән тудырмайды. Себебі киіз үй сияқты ғажайып „көшпелі архитектурасыз“ көшпелі өмір салтына көндігу мүмкін емес.

Шамамен IV ғасырдың орта тұсы — Шыңғыс еуропаға ғұндардың қоныс аударған кезі. Осы жағдайды көзімен көрген Рим әскерінің жауынгері Аммиан Марцеллиннің айтуынша „ғұндар дембелше келген, көсе, аттың

арқасынан өсіп шыққандай. Олар тек ат үстінде соғыс салады, қарулары семсер, садақ және арқан болып келеді. Көшіп жүреді, егер оты-суы мол жерге тұяқтары тисе болды, жинамалы дөңгелек үйлерін тігіп, сол жерде аялдайды. Жердің оты сұйылған кезде арбаларын моншақтай тізіп тағы да көшеді. Олар жолында кезіккеннің бәрін қиратып өтеді", — дейді. Мұндағы „жинамалы дөңгелек үй" деп отырғаны, әрине, киіз үй.

Киіз үйді көзімен көріп, оған түнеп шыққан сырт жолаушының айырықша таңданыспен жазбағаны жоқ десе де болғандай. Мысал ретінде, қытайдың айтулы ақыны Бо-Цзюйдің (772—846 жж.) „Киіз үй" деп аталатын өлеңін белгілі ақын Несіпбек Айтовтың аударуында келтіріп көрелік:

Киізіне жүні кеткен мың қойдың,
Шаңырағы қайыңынан күнгейдің.
Әрі берік, әрі ыңғайлы, әрі әсем,
Дей алмаймын ағашына мін қойдым.

Сайын дала оның мекен-тұрағы,
Бірде көрсең терістікте тұрады.
Сарбаздармен бірге көшіп сағымдай,
Бір қарасаң түстік жақтан шығады.

Шым жібектен мықты белдеу байлаған,
Қозғалта алсын қандай дауыл, қай боран?!
Кірсең жылы, іші қыз-қыз қайнаған,
Көкжиектей дөп-дөңгелек айналаң.

Тауқыметтің тартып едім талайын,
Бұл киіз үй болды менің сарайым.
Айлы түнгі көлеңкесі-ай көлбеген,
Қыста онымен бірге өтеді сан айым.

Туырлықтың сыртын қырау шалса да,
Бізғар өтпес боран соқсын қаншама.
Сән-салтанат іші кірсең шыққысыз,
Көрген пенде таңдай қағар тамсана.

Жыршы төрде, бұлбұл құстай сайрайды,
Бақсы билеп от басында ойнайды.
Балдай қымыз балбыратып денеңді,
Алпыс екі тамырыңды бойлайды.

Қою түннің құшағында аунаған,
Қандай ғажап жалынды ошақ лаулаған!

От сәулесі аймалайды іргені,
Дірілдеген қызыл гүлден аумаған.

Кең ашылып түнгі ауаның құшағы,
Қасиетті түтін көлбеп ұшады,
Сәл сейілсе, кенет көктем суындай,
Тасқындаған өлең көпті құшады.

Мұнда отырған жаңда қандай бар қайғы,
Ұжымаққа шақырсаң да бармайды.
Шөп күркеде күн кешкендер күйбеңмен,
Май тоңғысыз қыста-дағы жаурайды.

Сопылар да киіз үйді армандап,
Пысықай да қарызданар қалбаңдап,
Мен осында ұрпағымды өрбітіп,
Дәм-тұзымды жаям келген жанға арнап.

Салтанатты сарайына патша мас,
Сарай барлық үмітіңді ақтамас.
Киіз үйдің құдіретіне жоқ талас,
Сарайыңа бермеймін мен баспа-бас!

Киіз үйді көргендегі сырт жолаушының мұндай тақырқау-таңданыстарын көптеп келтіруге болады. Якубидің айтуында көшпелілер киізге жан бітіреді, „тіптен киізден үлбіретіп киім тігеді“. Ал, Рубрук болса қыпшақтар мен қаңлылардың ақ сөңке сүйек ұнтағын қосып, борлап тастаған ақшаңқан киіз үйлеріне қарағанда көздің қарығатынын айтып қайран қалады. Белгілі географ Оскар Пешел мен Бронислав Залесский киіз үйді ең алдымен ғажайып өнер туындысы деп таныған.

Өзін табиғатпен тұтастықта, табиғаттың бір бөлшегімін деп тану, табиғатпен кіндігіміз бір деп есептеу — көшпелілердің дүние танымымен ұласып жатады. Олар үшін аспан әлемі көк күмбез — барша тіршіліктің баспанасы. Ал киіз үй болса, әркімнің шағын әлемі, әркімнің „көк күмбезі“. Сондықтан да киіз үй бүткіл бітім-көркімен көшпелілер ұғымында шағын әлемді бейнелейді. Оның іргесі — төңіректегі көк жиекті, уық-шаңырағы аспан күмбезін елестетсе, ішкі-сыртқы безенген көркі әсем табиғатты жоқтатпайтындай әсерге бөлейді. Қазақ тіліндегі „жұрт болмайсың“, „түтін түтету“ „шаңырақ шайқалтпау“, „ошағыңның отын сөндірме“ деп келетін сөз тіркестерінің мағынасы киіз үйді кіші әлем санаудан туындайтын үлкен мәнді ойларды аңғартады. Тіптен, киіз үйдің бітім-қасиеті

бойынша тұтас елді, мемлекетті атауда да осындай қасиет тұтқандықтың нышаны бар. Шоқан Уәлихановтың айтуы бойынша: „Алтын Орда — хан отырған алтын киіз үй немесе шатыр деген мағынада, кейін хан отырған бүкіл төңірек солай аталып кетті. Сондықтан да Ақ орда, Көк орда, Сары орда деген атауларды ұлыстардың немесе киіз үйлердің атауы деп емес, хан отырған жұрт, оның төңірегі деп қабылдау керек“. Тек бұл ғана емес, көшпелілер үшін киіз үй, яғни шағын әлем — олардың мәңгілік серігі. Тек бұл дүние емес, о дүниелік болған аруақтардың „шаңырағы шайқалмай, басынан күмбезі аумай“ жалғаса бермек. мұндай ұғым-түсінік, киіз үйді шағын әлем санаушылық, түптеп келгенде, күмбезді сәулетшіліктің көшпелілер арасында пайда болуына себепші болған. Өлген адамның басына кіші аспанның, екінші дүниенің айғағындай болып күмбез бейіттер, молалар орнатылады. „Тас мүсіндермен байланысты естелік құрылыстың бір тобы дың, ұйтас деп аталады. Қай жерде тас мүсін көп болса, ол жерде дың, дінгек, ұйтас та жиі кездеседі. Бұлардың жиі кездесетін жері, әсіресе Орталық Қазақстан мен Жетісу өлкесі. Соңғы жылдардағы зерттеу бойынша VI—VIII ғасырларда қолданған тас шарбақтың орнына, тас мүсінді енді тас обаның іргесіне немесе ұйтас, дың деп аталатын құрылыстардың қасына қоятын болғаны байқалады. Дың мен ұйтастың ерекшелігі; олар Қазақстанның ежелгі мал өсірушілерінің жазғы киіз үйіне өте ұқсас. Өлген адам басына ескерткішті өзінің тірі күнінде жасаған үйіне ұқсатып қою көшпелі елдің ежелгі салты болған. Сондықтан үйген оба, тұрғызған дың, ұйтастардың бәрі де тұр жағынан жазғы киіз үйге ұқсаған... Дұрысынан қарағанда Аякөз бойындағы Қозы көрпеш — Баян сұлу дың шошақ кешені толып жатқан дың, дінгектердің бір түрі. Бұл дың, ұйтастардың ерекшелігі — олардың барлығы ислам діні Орта Азияға тарамай тұрған кезде (VI—X ғасырларда) жасалған ескерткіштер. Сондықтан тұр жағынан олар ислам дәуірінде шыққан сәулет өнеріне бір де ұқсамайды, көшпелі бақташы тайпалардың ежелгі киіз үйіне ұқсап тұрады. Олардың тағы бір ерекшелігі, ата-ананың аруағын әулиедей қадірлеген бақташы тайпалар ондай мәңгілік үйдің қасына өзінің өлген адамдарының тұрпатын тасқа қиып орнататын болған. Қозы Көрпеш — Баян Сұлу дінгегі мен оның қасында болған сын тастар — сондай естеліктің әдемі бір түрі“, — дейді академик Әлкей Марғұлан.

Көшпелілердің өмір салтымен, наным-сенімімен тамыр-

лас киіз үйдің болуы жалпы күмбезді сәулетшіліктің дүниеге келуіне әсер етті деген ой қазір күмән тудырмайды. Тарихтан белгілі, Рим сәулетінде (архитектурасында) күмбездердің етек ала бастаған кезі — біздің заманымызға дейінгі бірінші ғасыр. Бұған дейін римдіктердің Парфиямен қарым-қатынас жасап үлгергені де белгілі. Ал С. П. Толстовтың археологиялық материалдарға сүйенген дерегі бойынша Парфиядағы жартылай көшпелілердің күмбезді сәулеті біздің заманымызға дейінгі IV—II ғасырларда салынған. Яғни, күмбезді сәулет Каспийдің оңтүстік шығысындағы байтақ далада Рим империясында салынған күмбезді сәулеттен екі жүз, үш жүз жыл бұрын белгілі болған.

Киіз үй көшпелілер даналығы дүниеге әкелген өнер туындысы ретінде өткен ғасырлардан-ақ еуропалықтар назарына ұсынылып, көрмелерден орын ала бастады. Ішкі орда ханы Жәңгірдің әмірімен екі жыл бойы мәнерлеп жасалған киіз үй Николай I патшаға сыйға тартылған. Бұл үйдің бітім-көркі туралы тамылжыта жазылған дерек „Тургайская газетаның“ 1903 жылғы 25-ші санында жарық көрді. Әлкей Марғұланның „казахская юрта и ее убранство“ атты еңбегінде қызықты деректер бар. Зайсанның қазағы ұлы князь Николай Николаевичке сыйға тартқан киіз үй алтынмен апталып, күміспен күптелген еді дейді. Ал Алмас дегеннің киіз үйі 1861 жылы Париждегі халықаралық көрмеге қатысса, Мейрам Жанайдаровтың киіз үйі 1876 жылы Петербургте өткен ориенталистердің үшінші конгресінде тігілді. Мұндай мысалдарды тізе беруге болады. Тіптен, осман түріктеріне қарсы жүргізген болгарлардың азаттық соғысында орыстармен бірге қазақтардың да болғаны тарихтан белгілі. Сонда қақаған қыста киіз үйдің айырықша пайдалы болғаны көзкөргендердің жазбаларында тәптіштеп жазылған.

Киіз үйдің практикалық мәніне қоса эстетикалық әсерін сөз еткенде оның табиғатпен үндесе көрінетін, табиғаттың төл перзентіндей біте қайнасып тұратын сырт тұлғасы да назар аудармай қоймайды. Шымдауыт шалғынға тігілген ақ шаңқан үйлер сырт көзге шашып тастаған жұмыртқадай болып немесе өңшең ақ күмбезден тұратын қаладай болып көрінеді. Георги жазатын мың киіз үйдің бір жерде отыруы немесе инженер И. Шангиннің Нұра жағасынан 4 мың киіз үйді бір жерден көруі, расында, көшпелі қала дегізгендей...

Қысқа қайырым тілмен киіз үйдің бітім-үлгісін айта кету қажет. Жалпы бітіміне, сырт тұлғасына, сүйек құрылысына байланысты киіз үйдің екі түрлі үлгісі бар. Оның бірін

— қазақы киіз үй” екіншісін — қалмақы киіз үй” деп атайды. Мұның өзі сәулет өнеріндегі готика, роман стильдері, немесе палаццо, барокко жүйелері деген сияқты үлгілік ерекшеліктерді аңғартады. Қазақы киіз үйдің еңсесі биік, иығы шығыңқы, дөңгелек күмбезді болып келеді. Ал қалмақ үлгісіндегі үй шошақ, уықтары иінсіз түзу болып, сүйірлене көрінеді.

Тұтыну қажетіне орай киіз үй үш түрге бөлінеді. Бірінші — тұрғын үй, екінші — қонақ үй немесе салтанатты той үйі, үшінші — жорық немесе көш-қонның үйі. Осы қажеттіліктер киіз үйдің алуан талапқа лайық түрлерін дүниеге әкелумен бірге, қол өнерінің шегіне жеткен мүмкіндіктерін бойына жинақтауға себепші болған.

Мәселен, тұрғын үйдің үш қанаттан бастап, он екі, он сегіз, отыз қанатқа дейін жететін үлгілері болған. Бұларды қанат (кереге) санына қарай үш қанат үй, бес қанат үй деп атаған. Кейде қанат санын аңғартатын қара үй (үш қанат), қоңыр үй (төрт қанат), боз үй (бес қанат), ақ үй (алты қанат) деп атаса, ақ ала орда, ақ орда немесе ақ шаңқан, алтын орда, алтын үзік деп 8-12-30 қанат үйлерді атайды. Киіз үйдің жайын жақсы білетін қазақ, сол үйдің үлкен-кішілігін кереге басының санына қарап та айыратын болған. Мәселен, „үйіңнің үлкендігі қандай?“ — деп сұрақ қойғанда, „кереге басы 70—80” деп жауап берсе, онда үш-төрт қанат үйді айтқаны. Себебі үйшілердің дәстүрінде көш-қонға, үйді тігуге ең ыңғайлысы 18-20, 20-22, 26-28 бас керегелер болған. Сонда үш қанаттан бастап отыз қанатқа дейін жететін үйлердің кереге басы 40-50-ден бастап 500-600-ге дейін жететін болған.

Сән-салтанаттың, тойдың үйлері алты, сегіз қанаттан кем болмаған. Бұл үйлердің жасалуы айырықша әсем, безендірілуі мейлінше тартымды болуына қоса, ішкі жиһаз жинауы да тек қана қонақтың көзі мен көңілін қуантардай болып жиналады. Тұрмыс үйлерінде төсек-орын, ыдыс-аяқ, дүние-мүлік әсте ретсіз орын алмаған. Академик Әлкей Марғұлан мынандай бір дерек айтады, Христофор Барданестің суреттеуі бойынша әлді байлардың, ақсүйек сұлтандардың үйі сән-салтанатымен, ақ шаңқан көркімен, әсем де асыл безендірілуімен көрген жанды табындыратын болған. Мәселен, Орта жүздің сұлтаны Мәметтің киіз үйі сырт тұлғасының еңселі көрінуіне қоса, ішкі көркі де ерекше тартымды болса керек. Оң жақтан төгіле түсірілген жібек шымылдық, іргені жағалата жинап тастаған сүйекті жүкаяқ, сандық, әбдіре, олардың үстінде сары сақтиян былғары жүк салғыштар,

есіктен төрге дейін төселген сарыала сырмақ, түкті кілем, жуан ортада әсем зерленген тайжүзген қазан тұр. Осының бәрі, бейне бір, өнер көрмесіндей әсер етеді. Ал мамық көрпе үстінде отырған сұлтан мен оның бәйбішесі осы өнер көрмесінің иелері сияқты дейді.

Тұтыну қажеттілігіне қарай киіз үйдің үшінші түрі — көш-қон, немесе жорық үйлері делінген. Көшпелі елдің өмір-салты, жаугершілік жағдайы мұндай үйлердің алуан түрін өмірге келтірген. Олар түрлі жағдайдағы тұтыну ыңғайына орай қос, ақ қос, абылайша, жаба салма, көтерме туырлық, кепе, ұранқай, қамсау, күрке, итарқа, жаппа, аран, қаңқа, қоспа, жоламай (жоламалы дегеннен шыққан, орыс тіліндегі „Джуламайка“ сөзі осыдан алынған), жорық үй, жұлым үй деп алуан түрлі аталады. Бұлардың ішінде қақыра, қалқа, аран деп аталатын киіз үй тектес үйшіктер соғыс кезінде, ұрыс даласында қорған есебінде тігілсе, ас үй, бойра, кібіт, кілет, шошала деп аталатындары тамақ сақтайтын, ас әзірлейтін үйлер болған.

Енді киіз үйдің бөлік-бөлшегі, мүше атаулары туралы бірер сөз: жалпы киіз үй басты-басты төрт түрлі жабдықтан тұрады.

Бірінші, киіз үйдің сүйегі — бұлар қайың, мойыл, тал, терек, қарағай сияқты ағаштардан жасалатын жабдықтары — кереге, уық, шаңырақ, маңдайша, табалдырық, жақтау немесе таяныш, сықырлауық, бақан т. б.

Екінші, киіз үйдің киіздері — бұлар негізінен қойдың күзем жүнінен жасалатын жабдықтар — туырлық, үзік, түндік, киіз есік, уық қап, дөдеге т. б.

Үшінші, киіз үйдің бау-шуы — бұлар қой, түйе жүнінен, жылқы қылынан есілетін, тоқылатын жіптер, арқандар, бас бау, аяқ бау, уық бау, үзік бау, түндік бау, құр, терме, басқұр, желбау т. б.

Төртінші, киіз үйдің іші-тысына тұтатын шидің түрлері — шым ши, ораулы ши, кілем ши, алаша ши, ақ ши. Жалпы тоқылған шиді қазақ алуан түрлі қажетіне тұтынған. Оны мына атаулардан-ақ аңғаруға болады; ас шиі, аяққап, ау, есік, киіз басатын ши, күзеу шиі, қазан жапқыш, қар ұстағыш, мал соятын ши, масахана, саба төсеніш, сақар ши, терезе жапқыш, ши қора, ши қалпақ, өре ши т. б.

Киіз үй әрісі көшпелілер үшін, берісі қазақ халқы үшін, ең алдымен өмір салтының, тұрмыс-тіршілігінің, әдет-ғұрпының, сұлулық туралы талғам-түсінігінің және дүниетанымының жарқын айғағы. Себебі киіз үйдің дайындалуында, тігілуінде, әсіресе тұтынылуында әбден орныққан қатаң тәртіп пен шыңдалған дәстүр бар.

Бұл орайда, қоршаған ортамен, кеңістікпен үндестікті алдымен айту керек. Киіз үй көшпелілер ұғымында дүние дидарының, ұлы әлемнің, табиғаттың табиғи бір бөлшегі. Дәлірек айтқанда, ұлы әлемнің, табиғаттың кіші үлгісі. Киіз үйдің де төрт бағыты бар: шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік. Киіз үйдің маңдай алды міндетті түрде шығар күнге қаратылып тігіледі. Байырғы дәстүрде киіз үйдің иесі ертеңгілік сыртқа шыққанда көкжиектен шапағын шашырата көтерілген күнге мінәжат етіп, шапағат тілейтін болған. Қазақ арасында соңғы кездерге дейін сақталған бұл дәстүр киіз үйді көшпелілердің шын мәнінде кіші әлем санап, кие тұтқанын, үлкен әлем аясындағы үндестікті өмірдің мағынасына балағанын аңғартады. Үлкен әлем, көшпелілер ұғымында жеті қат жер астынан, жеті қат көктен және ортадағы жер бетінен құралады. Киіз үйді де іргесі, белдеуі, шаңырағы деп үшке бөледі. Көк күмбездің Тәңірі тектес құдірет саналатыны сияқты, киіз үйдің де шаңырағы — ең киелі бөлігі. Көшпелілер шежіресінде ел бастаған көсемнің, қол бастаған батырдың, сөз бастаған шешеннің шаңырағы қай баласына бұйырса (әдетте кенже ұлға бұйырады), сол үй үлкен үй, қара шаңырақ аталып, ол үйдің иесі айрықша сый-құрмет пен жол-жоралғыны еншілейтін болған.

Шаңырақ сөз болғанда, оның көздері, күлдіреуіші сияқты космостық нысаны (символы) мол бөліктеріне қоса желбауды арнайы айта кетуге болады. Шаңырақтан төгіле түсіп тұратын, әсем өрнекті, сұлу шашақты желбауды бұрынғы дәстүрде айырықша киелі белгі тұтқан. Өйткені желбау — кіші әлем сияқты киіз үй мен үлкен әлемнің арасын жалғаушы дәнекер. Соңдықтан да білікті терімші-тоқымашылар желбаудың өн бойын қуалата су жүргізіп, төрткүл өрнегін салып отырған. Су өрнегі кіші әлем сияқты киіз үй мен үлкен әлем арасына тартылған дәнекер болса, төрткүл өрнегі дүниенің төрт бұрышын мегзейтін белгі. Әрине, көшпелі өмір салтында еш уақытта өмір мұқтажын өтемейтін, бос тұратын, күнделікті қажетке жарамайтын нысан болған емес. Басы артық, жасанды атаулының бәрін сілкіп тастап отыратын көшпелі өмір салтында бос нысанның болуы мүмкін емес те еді. Бұл ретте, желбау өзінің киелі, дәнекерлік қасиетіне қоса, желді күні киіз үйді орықты ұстау үшін салмақ түсіріп қоятын міндетті де атқарды. Желбау аталуы да соңдықтан.

Киіз үй үш бөліктен тұратын (жеті қат жер асты, жеті қат көк және жер беті) үлкен әлемнің шағын үлгісі

болғандықтан, оның шаңырағы ғана емес, белдеуі мен босағасы да киелі саналады. Мәселен, құрбандыққа шалатын малды белдеуге байлау, табалдырықты баспау сияқты дәстүрлердің астарында халықтың байырғы дүние танымы қалыптастырған қалыптар жатыр. Көшпелілер арасында болған Еуропа саяхатшыларының ең үлкен қаупі — хан ордасына кірерде аяғын табалдырыққа тигізіп алмау болған. Табалдырықты басып өтсе жаманшылық ойлап келген, жаман ырым көрсеткен адам ретінде қабылданып, көбінесе өлім жазасы бұйырып отырған. Әрісі Түркі қағанаты кезінде, берісі қазақ хандығы тұсындағы этнографиялық деректерде жаушының қаралы хабарын жеткізетіндер немесе қарсылас ру-тайпа, ел-жұрттың салқын райын мәлімдейтіндер хан ордасының табалдырығын оң аяғымен басып, екі қолымен босағаны керіп тұрып сөйлейтін болған. Күні бүгінге дейін қазақ арасында „Табалдырықты баспа!“ „Босағаны керме!“ деп келетін тыйымның (табу) түрі сақталған.

Киіз үй көшпелілер үшін кіші әлем болғандықтан өз заманының таным-түсінігіне орай астрономиялық міндет те атқарған. Көшпелілер өмір салтына, жорық-жортуылына орай дүниеге келген киіз үй түрлерінің ішіндегі ең бір көп тігілетін, типологиялық қасиетті бойына жинақтаған үлгісі алты қанат үй. Осы алты керегеден тұратын үйдің әр керегесіндегі арқа иіні мен шалғайының саны 12 болады. Бұл — бір жылдың 12 айымен үндес. Сондай-ақ, әр керегенің жер мен уыққа тиіп тұратын ересен сағанақтары тоғыз-тоғыздан айқасып келеді. Дәл осы сияқты қанат шалғайындағы бірте-бірте қысқара қиюласқан балшық сағанақтың алты қанат керегедегі санының 108 болып келуі еріксіз қайран қалдырады. Себебі Шығыс халықтарының астрономиялық ұғымында 108 саны ежелден-ақ аспан өлшемі деп есептелген. Мұның мәнісі: аспан денелерін Шығыс халықтары ертеден бес бұрыш түрінде белгілеген. Мәселен, Ақ ғұндардың (420—562 жж.) туына бес бұрыш суреті салынған. Яғни 5 саны — жұлдыз таңбасы, сол бесбұрыштың ортаңғы бұрыштары 108 градусқа тең.

Күні бүгінге дейін жапондар жаңа жылда кіретін үйінің есігіндегі қоңырауды 108 рет соғатын рәсімді байырғы танымның орнықтырған дәстүрі деп қарауға әбден болады.

Көшпелі-қазақ үшін киіз үй уақыт пен кеңістікті болжаудың әмбебап „аспабы“ болған. Мәселен, көшпелі елдің шаруашылық жайына орай айтылатын уақыт белгілері

„таң қараңғысы“, „ала көбе“ „құлан иек“, „ала кеуім“, „таң рауандау“, „күн шыға“, „күн тұсау бойы көтеріле“, „күні іргеден көтеріле“, „күн иыққа шыға“ „күн тас төбеге шыға“, „күн ауа“ немесе „күн бата“ т. б. деп межеленсе, осындағы күн көзі көрінгеннен бастап батқанға дейінгі уақыт мөлшерін белгілеудің діңгек нүктесі киіз үй екені, оның өнбойы екені аңғарылады. Халықтың уақыт айыруға қатысты санасына орныққан осынау тұрақты сөз тіркестерінің ішіндегі „ірге“, „таяқ“, „арқан“, „иық“, „төбе“, „жамбас“ сөздерінің бәрі де тек қана киіз үй бітімін елестету арқылы айтылады. Жай айтылып қоймайды, уақыт мерзімін киіз үйге күн сәулесінің қандай көлбеуде түсуіне орай бажайлайды.

Уақытты осылай шамалау көшпелілерге не үшін қажет болған? Бұл сұраққа жауап беру үшін тікелей шаруашылыққа қатысты сөз тіркестеріне ден қою қажет: „сүт пісірім“ „бие сауым“ „ет асым“ т. б. Шаруашылықтың бұл түрлері көшпелі өмір-тіршілікте бір ырғаққа бағынып, үздіксіз қайталанып отыруы қажет. Осы сияқты қат-қабат жалғасып жататын шаруашылық түрлерін белгілі бір уақыт ырғағына бағындыру үшін тағы да киіз үй бітімі басты бағдар, меже ретінде көмекке келеді. Мәселен, көш-қонға қолайлы киіз үйлерде әдетте 45, 60, 76, 90, 120 уық болады. Бұл — үш, бес, алты, сегіз қанат үйлердің уығы. Осы уықтардың қаламдығын шалған күн сәулесі бойынша уақытты 1—5 минутқа дейін бажайлауға болады. Мәселен, киіз үйдің уық саны 90 болса, 360 градусты 90-ға бөлгенде әрбір уық арасы 4 минут шамасын көрсетеді. Дәл осы сияқты, уық саны 72 болса, 360 градус 72-ге бөлінеді де, әрбір екі уық арасы 5 минут шамасын көрсетеді. Егер, уақыттың осы шамасын көшпелі-қазақтың тілімен айтар болсақ: „күн сәулесі екі уықты шалса, сүт пісірім уақыт өткені, егер күн сәулесі жеті-сегіз уықты шалса, бие сауым уақыттың өткені“.

Уақыт мөлшерін анықтауда киіз үйдің тек шаңырағы мен уығы ғана қолқанат болып қоймайды. Сол сияқты үй ішіндегі мүліктердің бәрі де уақыт болжауда дәнекер бола алады. Мұның өзі, қазақ киіз үйінің ішіндегі мүліктер қалыптасқан тәртіппен жиналады деген сөз. Мәселен, маңдайы (есігі) шығар күнге қараған киіз үйдің кіре беріс оң жағына ши тұтылып, оның ішіне тағам мен ыдыс аяқ қойылады. Ал сол жақ қанатқа ер-тұрман, қару-жарақ, ат-әбзелдері ілінеді. Төрге қарай жүк аяқ қойылып, әр түрлі көлем мен деңгейде жүк жиналады. Үйдің ортасында сәл ғана есікке ойыса от жағылады. Осы дәстүр үлкен

әлем аясындағы зодиак жұлдыздарына сәйкестендірілген. Мәселен, киіз үй тұрғындары жатқанда өзінен-өзі басын төрге, солтүстік батысқа, яғни Темірқазық жұлдызына қаратады. Махамбет Өтемісов өлеңіндегі „Темір қазық жастанбай“ деп келетін жолдарда осынау қалыптасқан дәстүр айтылып тұрғаны күмәнсіз. Сол сияқты, киіз үйдің киелі мүліктерінің бірі бақан болса, әдетте бақанмен шаңырақ шеңбері көлбей тіреледі. Бұл галлактика экваторының 62° болып түсетін көлбеу бұрышымен сәйкес.

Осы келтірген мысалдар киіз үйдің көшпелілер үшін шын мәнінде кіші әлем ретінде тіршілік-характеріне орайлас пайда болғанын көрсетеді. Бұл ойды талдап-тарата айтса, киіз үйдің іші-тысындағы мүліктердің баршасында тұтынушылық қасиетіне қоса, міндетті түрде нысандық мәнінің мол екенін айырықша атап өткен жөн.

Көшпелі елдің өмір салтында киіз үйді тұтыну құралы сұлулықтың үлгісі деп қана қарамаған, киелі көк күмбезі тектес шағын әлеміміз деп есептеген. Мәселен, киіз үйдің шаңырағын ауыл-аймақтың ең қадірменді, батагөй қарттарына көтерту немесе киіз үйді жыққанда шаңырақты жолымыз болады деп көшетін жаққа қарай қисайтып түсіру киіз үйді айырықша қасиет тұтқандықтан. „Үй болу“, „шаңырақты сыйлау“, „шаңырақ шайқалу“ деп келетін сөз тіркестерінің мағынасы да киіз үйді қасиет тұтумен астасып жатыр.

Алыс замандардан бастап бүгінгі күнге дейін ағаш өңдеудің, тоқыма ісінің, бау-шу есудің, киіз басудың, ою-өрнек салудың, тігіншіліктің ғажайып мол тәжірибесін киіз үй тал бойына жинақтап, жеткізіп қана қоймаған, сонымен бірге табиғатқа, қоршаған ортаға ден қойған көшпелілердің дүние танымына да жарқын айғақ.

100. Ахмет Иасауи кешені. Байтақ жатқан Еуразия алабын ежелден қоныс еткен түркілер үшін XIV—XV ғасырлардың алар орыны айрықша. Дәл осы кезеңде жалпы түркілік тұтастық біржола ыдырап, әлемнің көптеген халықтары сияқты түркі тілдес халықтар да даралана бой көрсетіп, этностену (этнизация) үрдісі бел ала бастады. Ақсақ Темірдің қанды да шаңды жорықтары, түптеп келгенде түп түркілік рухты тұтастандыру сияқты болып көрінгенімен, түркі халықтарының даралана этностену үрдісі оған дес бермеді. Тарихи дамудың қисыны жеке адамның қалауына көнбеді. Бір кездері Еуразия алабындағы ең қуатты мемлекет болған Алтын Орданың жұртынан бірнеше хандық бой көтерді. Солардың ішіндегі

еңселілерінің бірі Ақ Орда еді. Жошы хан кіндігінен өрбіген Орда-Ежен әулетінің құзырындағы Ақ Орда мемлекеті XIV ғасырда бүгінгі Қазақстан жерін толық қамтып үлгерді деуге болады. Қазақ халқын тарих сахнасына шығарған тегеурінді себептердің бірі осы болатын. Ұлы Дала төсіндегі әрі көшпелі, әрі отырықшы өмір салт үйлесімді ырғаққа түсіп, саяси-әлеуметтік тұтастанудың қарқын алуына мұрындық болды. Сырдария, Шу өзендері мен байтақ жатқан Сарыарқа арасында ырғақты көш-қон қалыптасып, мыңғырған малдың өсіп-өнуіне қолайлы жағдай туды. Оңтүстік өңірде Отырар, Сауран, Сығанақ, Жент, Асы (Түркістан), Созақ сияқты қалалар жаңғыра бой түзеді. Ақ Орданың астанасы Сығанақта тиын шығарыла бастады. Әлеуметтік өмірдегі тегеурінді тұтастық мәдени-рухани тұтастыққа ұласты. Бұрынғы қарлық-ұйғыр, ұйғыр-оғыз, қыпшақ-оғыз, қыпшақ-ноғай диалектілері кірігіп, қазақ халқы өзіндік дара тілін орнықтыра бастады. Сол тілде Сыпыра жырау мен Қодан Тайшы (XIV ғ.), Асанқайғы мен Қазтуған (XV—XVI ғғ.) қазақ халқының біртұтас рухын ту еткен қанатты жырларын туындатты. Эпикалық қарымда эпостар дүниеге келді. Әлеуметтік өмірде көшпелі мал шаруашылығы бел алып жатқандықтан сол өмір салтқа сай қолөнер түрлері дамыды, далалық сәулет өнері өркендеді.

Міне, осындай жаңғыру кезеңінің нысанындай (символындай) болып Қожа Ахмет Иассауи кешені дүниеге келді. Бұл ретте тарихи қисын тұрғысынан қарағанда Иассауи кешенін Ақсақ Темірдің салдыртуы сылтау ғана сияқты. Өйткені Ақсақ Темірдің ұлы ғимаратты Түркістан топырағына салдыртуы, түптеп келгенде көшпелі қазақтардың тегеурінді рухымен санасқандығы еді. Сондықтан да, Иассауи кешенін салдыртушы Ақсақ Темір болғанымен, салушылар әр елдің шеберлері болғанымен, салынған ғимарат көшпелі-қазақ мемлекеттігінің бой көтерген рухына айғақ болып халық санасынан орын алды.

Кешен 1389 жылы Асыда (Түркістан) сопы-ақын Ахмет Иассауидің тозығы жеткен бейітінің басына салына бастайды. Кешенді салу үшін Ақсақ Темірдің құрығы жеткен өңірлерден даңғайыр сәулетшілер мен шебер бәдізшілер, перен оюшылар мен рияз ұсталар келтіріледі. Темірдің тапсыруы бойынша құрылысшылар көшпелілердің көңілінен шығу үшін кешеннің көлемі мен сұлулығын сол кезге дейінгі белгілі ескерткіштердің бәрінен де асырып түсіруді ниет етеді. Ол үшін Ахмет Иассауидің

мавзолейін Қазандық, Үлкен және Кіші Ақсарай, кітапхана, мешіт, шаруашылық жайлары (құтхана), ас үй (халімхана), түрлі қоймалар сияқты құрылыстарды біртұтас етіп, кешенді қалпында үндестіре салу қажет болады. Құрылыстың негізі біткен кезде Темірдің бәйбішесі Сарай Мүлік ханым (Бибі ханым) қайтыс болады да, соған мешіт салу үшін құрылысшылар Самарқанға жөнелтіледі. Нәтижесінде Иассауи кешенінің маңдай алды мен сыртқы қабырғалары көгістеліп (глазурленіп) үлгермей қалған.

Әр түрлі мақсатқа пайдаланатын 35 бөлмені біріктіріп, күрделі мемориалдық кешен (комплекс) болып дүниеге келген осынау ғимараттың ені 46,5 метр болса, ұзындығы 62,5 метр. кешеннің кіндік ортасына қазандық бөлме орналасқан. Қабырғаларының әрқайсысы 18,2 метрден теңестіріле салынған Қазандық бөлменің үстін диаметрі 24 метрлік алып күмбез көмкерген. Кешеннің кіндік ортасы қазандық бөлме болса, қазандық бөлменің кіндік ортасына диаметрі 2,4 метр, салмағы 2 тонна болатын, оқшау үлгімен құйылған қазан қойылған. Мұның өзі алып күмбез астында асқақтай көрініп, таза түркілік рухтағы нысан (символ) ретінде осынау кең сарайға кие дарытып тұрғандай.

Қазандық бөлменің ішкі сымбаты көшпелілердің киіз үйін еске түсіреді. Қабырғаларының төменгі бөлігі керегеге ілінген түскиіз сияқты көгіс қыштармен қапталған. Одан жоғарырақтағы бұғат (карниз) өрнектері уық иінінің сыртын орайтын терме құрды елестетеді. Ал, кең күмбезден бастау алып жатқан бедерлі әктүнбалар (сталактиттер) бейне бір шаңырақтан салбырата түсіріп қойған бунақ-оймышты желбаулар сияқты. Осының бәрі уыздай ұйыған ақ нұрға шомып, құпия сырға толы бөлек бір әлемге кіргендей әсерге бөлейді.

Кешеннің барлық бөлмелері ортаңғы қазандық бөлмеден бастау алады. Бұл ретте, кешен бөлмелерінің орналасуы тағы да көшпелілер киіз үйінің ішіндегі дәстүрлі орындар мен бөліктерді елестетеді. Қазандық бөлменің жуан ортасындағы қазан киіз үйдегі сияқты, киелі ошақтың орынында тұр. Киіз үй ішіндегі ең бір қасиетті орын төр болса, қазандық бөлменің төріндегі есік Ахмет Иассауидің мәйіті жатқан Көрханаға кіргізеді. Көрхананың қапталы да мейлінше киелі орын. Оған Үлкен ақсарай мен Кіші ақсарай жалғаса орналасқан. Ортаңғы қазандық бөлменің кіреберісіндегі оң және сол босағасындағы есіктердің құдықхана, құтхана, қойма, халімхана сияқты шаруашылық бөлмелерімен жалғасуы да киіз үйдің ішкі

орындарының тәртібіне бағынған. Басқасын былай қойғанда, осынау ескерткіш-ғимараттың маңдай алды исламдық мінәжат объектілері сияқты құбылаға қаратылмай, көшпелі-қазақтың киіз үй тігу рәсімі бойынша шығыс тарапына қаратылып салынуының өзі көп жәйтті аңғартса керек.

Қожахмет Иассауи кешені салынғанға дейін Қазақ даласында еңселі күмбездер, көрікті кесенелер, мығым мазарлар тұрғызудың сан ғасырлық дәстүрі қалыптасып үлгерген. Иассауи кешенін салушылардың бұл дәстүрден хабардар болғаны және мүмкіндігінше оны үлгі тұтқаны күмән тудырмайды. Кешеннің кейбір қабырғаларын өрмелеп қалау тәсілі Алаша хан мен Жошы хан мазарларының (XIII ғ.) үлгісін еске түсіреді. Иассауи кешенінің доғалы күмбез жазу, айқыш шатыр салу, ғимарат салмағын табан іргеге тең түсіру сияқты тың әдістері кейін Орта Азия мен Қазақстанның сәулет өнерінде кеңінен үлгі тұтылды. Талай ғасырлар бойы Иассауи кешенінің бітім-ерекшелігін қайталап, оған еліктеп салынған ғимараттардың көптігі соншалық, халық санасында қазақ сәулетінің үлгісі сияқты орнығып қалды.

Қазақ мемлекетінің орнығуына байланысты Иассауи кешені өзінің әу бастағы міндет-мақсатын анағұрлым кеңейтті. Қазақ хандығының тарихи тағдырындағы аса бір жауапты кезең XVI—XVIII ғасырлар болса, дәл осы ғасырларда кешеннің Үлкен және Кіші ақсарайлары хан сарайы қызметін атқарды. Иассауи кешені ірге көтерген кезден бастап мұнда елге елеулі, халыққа қалаулы хан-сұлтандар, би-батырлар жерленіп, қазақ халқының киелі қорымына (пантеон) айналды. Әрине, Иассауи кешені исі мұсылман елдері үшін айырықша киелі. Осы қасиеттеріне қоса шығыстағы Ұлы Қытай қорғаны мен батыстағы Жерорта теңізінің арасын мекен еткен түркі тілдес халықтар Түркістан өңірін өздерінің киелі кіндік жұрты санаса, соның ішінде Ахмет Иассауи кешенін әулиелі мінәжат орны деп біледі.

101. АЛАША ХАН МАЗАРЫ. Жер бетіндегі алыс заманалар еншісіне тиетін мәдениет сілемдері, адам тіршілігінің іздері, тарих ескерткіштері ең алдымен арналы өзендердің бойынан, айдын көлдердің жағасынан көбірек ұшырасады. Бұл, әрине, түсінікті. Ұлытау төңірегінен Сарысу, Қаракеңгір, Сарыкеңгір өзендері ағады. Маңдайын Шуға қаратып, ұмсына созылған бұл өзендер орта жолдағы құрдым шөлден күш біріктіріп, қолдасып, бірінің етегінен

екіншісі ұстап өткендей. Ұлытау аспанының астында жатқан ашық музей сияқты ескерткіш нұсқалары да алдымен осы өзендердің бойынан, сағаларынан, тарауларынан көптеп кездеседі. Соның бірі, Қаракеңгірдің Сарыкеңгір өзеніне құяр жерінде тұрған Алаша хан мазары.

Алаша хан мазары өзінің салыну мерзімімен де, бітім-тұлғасымен де, сырлы атауымен де Қазақстандағы ең алдымен көңіл аударатын тарихи ескерткіштердің бірі. Мазар XI—XII ғасырда салынған. Дәл сол уақытта салынған деп жүрген Жошы хан, Аяққамыр мазарларына қарағанда Алаша хан мазарының әлде қайда тозып, уақыт зардабын көп шеккендігі ойға қалдырады. Оның үстіне, Алаша хан ескерткішінің бітім-тұлғасы да, көркемделу тәсілі де әлгі құрылыстардан мүлдем бөлек, басқа талғаммен салынған. Өз төңірегіндегі ескерткіш құрылыстарға қарағанда бұл құрылыс мейлінше көркем үлгімен, тың тәсілмен қаланған.

Сонда, осынау ғажайып күмбезді иеленіп жатқан Алаша ханымыз кім? XI—XII ғасырда Ұлытау топырағына мейлі тізесі батсын, мейлі қадірі артсын, әйтеуір осынша көңіл бөлдіріп, құрмет көрсететіндей Алаша деген кім еді? Мына сияқты хас өнер осыдан мың жылдай бұрын мына құла дүзде қалай ғана бой көтерді екен? Мұның бастау алған көзі қайда жатыр? Кез келген тарихи, архитектура-лық мұраның мән-маңызын талғам безбеніне салып баға беру үшін — сол мұраның дүниеге келген уақытын, дүниеге әкелген қоғамын, қандай себептермен, кім үшін салынғанын анықтау керек. Сонда ғана оның көркемдік құдіреті жарқырай көрінеді. Сонда ғана асыл-мұра шын мәнінде халықтың рухани игілігіне айналады.

Күні бүгінге дейін қазақ арасында Алаша хан, Алаш есіміне қатысты айтылатын аңыз-әңгіме сан алуан. Ал жазба еңбектерде жарық көрген болжам түрлері тіптен көп. Бірақ осы жөн деп, табан тіреген байламды пікір жоқ. Әсіресе, Алаша хан мазарының аталу, салыну себебі болжамнан, топшылаудан әрі аспай жүр.

Алаш атауына қатысты ең көне жазба нұсқаны белгілі ғалым Ғ. Мұсабаев өзінің „Кеген жазуы“ деген еңбегінде келтіреді. Мұнда тек қана „Алаш“ сөзі емес, „алты алаш“ сөзінің мән-мағынасына дәлелді жауап табылғандай. Ғ. Мұсабаев дәлел ретінде Іле бойынан кездескен тастағы көне жазуды келтіреді. Тасқа: „алты елдің ұлы ханы Алаша“ („Қаған алты боріг алаш (а) ерті“) деген жазу қашалған (Ғ. Мұсабаев. Кегенская надпись. Мына кітапта:

Эпиграфика Казахстана. А.-А., 1971. 27-бет). Мұның жазылу мерзімі ғұндар заманына дейін, бері қойғанда біздің заманымыздан бұрынғы IV ғасыр дейді.

Бұл жазудағы „алты боріг“ („алты қасқыр“) деген сөздің „алты алаш“ мағынасын беретіні, олар: үйсін, қаңлы, қырғыз, қақас, татар, сянбі-ғұн тайпалары екеніне еңбекте нанымды дәлелдер келтіріледі. Сонсоң, осы жазу жазылған кезден бастап, Оғыз заманына дейін алаш, алаша сөзінің не Шығыс жазбаларында, не Қытай жылнамаларында кездеспейтінін айтады.

Демек, сөз болып отырған мазардағы Алашаның „алты Алаш“ ұғымына, оның пайда болған кезіне қатысы жоқ. Сондықтан қаланған кезін әрі қойғанда түркі-селжүк (VI—VIII ғ. ғ.) мемлекеті кезіндегі Ұлытау маңындағы оғыздар ортасынан, бері қойғанда Қарахан заманының (X—XI ғ.ғ.), одан да бергі Шыңғыс хан заманының (XII—XIII ғ.ғ.) сілемінен іздеу керек. Бұл пікірге мазардың салыну мерзімі де сәйкес келеді. Мұның өзі, әрине, тарихта Алаш, Алаша есімді екі адам болды ма деген сауалды еріксіз көлденең тартады. Оның бірі, күні бүгінге дейін қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен, қарақалпақ және башқұрт елдерінің тілінде кездесетін, 2—3 мың жылдық тарихы бар Кеген тасында айтылатын Алаш. Екіншісі, сөз болып отырған мазарды жамылып жатқан Алаша.

Бұлай болғанда, қазақ арасында айтылатын „алты алаш“, „түбіміз алаш, керегеміз ағаш“ деген сөздердің тамыры арғы заманнан, алғашқы Алаштың кезінен жеткен жаңғырық сияқты. Бұған „алаш“ сөзінің қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен, қарақалпақ, башқұрт елдерінде күні бүгінге дейін кездесетіндігі және „...керегеміз ағаш“ дегендегі меңзеп отырған кигіз үйдің біздің заманымыздан көп бұрын болғаны дәлел.

Ал енді қара қазақ шақыратын „Алаш!“ ұраны, „алаш — алаш болғанда, Алаша хан болғанда...“ деп келетін сөз тіркесі кейінгі Алашаның есімімен байланысты десе қисынға келеді. Ел ішіндегі әңгіме де, жазба деректердің басым көпшілігі де осы пікірмен төркіндес келіп отырады. Бұл орайда белгілі шежірелер, А. Диваевтың, К. М. Федоровтың, Г. Н. Потаниннің, Ш. Уәлихановтың, А. Янушкевичтің ел арасынан жинаған аңыз-әңгімелері, күнделік жазбалары, ғылыми мақалалары көңіл аударарды. Мейлі, сан тарау болып жазылып алынған аңыз-әңгімелердің бірінде — алапес болып туған баланы, екіншісінде — алашаға отырғызып көтерген ханды, үшіншісінде — Ұлытаудан асырып тастаған баланың әскер басы болғаны,

төртіншісінде — қалмақты қорқыту үшін „Алаш“ сөзін ұран еткені немесе Алаша ханның дінге мойын ұсынбайтындығы сияқты әр түрлі аңызбен астарлана берсін. Соның қай-қайсысы да Алашаның хан болғанын, қара халықты соңынан ертіп, айбарының асқандығын айтады.

Алаша хан туралы толып жатқан аңыз-әңгімелердің алуан түрлі нұсқасы XVIII—XIX ғасырларда қырға шыққан белгілі ғалымдар мен саяхатшылардың көбінің еңбектерінде кездеседі. Бұл аңыз-әңгімелердің ішінде тек қана Алаша хан емес, жалпы қазақ тарихына, қазақтың шығу тегіне қатысты кейбір құнды деректер бар. Қысқа қайырым жүгінулер келтіруге де болады.

Петербург Ғылым академиясының мүшесі, Сібірді зерттеу экспедициясына қатысқан, белгілі тарихшы, археолог Г. Ф. Миллер (1705—1783) жазып алған аңыз бойынша Алаша хан дәулеті асқан бай ретінде ауызға алынады. Бұған қоса ел басқару ісіне де белсене араласқанын, 1489—1508 жылдардағы дипломатиялық жазбаларда Алаша есімінің кездесіп отыратынын айтады (Г. Ф. Миллер, Описание Сибирского царства. СПб. 1750. 163—250-беттер).

Орыс географиялық қоғамының негізін қалаушылардың бірі, мемлекет қайраткері А. И. Левшиннің қазақ арасынан жазып алған аңыз-әңгімелерінде қазақтар өздерін Алтай жұртымен, Сібір татарларымен бір елміз деп есептеген. Кейін ауыз бірліктері болмай бөлінген. Ал, Алаша ел басқарған қаһарлы хан болған. Ол хан тағына отырған соң көп кешікпей үш жүздің басын қосып, Бұхарға шабуыл жасайды. Сол жолы қолға түседі де, Түркістанға жер ауған, яғни қуылған, аласталған. Сонда дүние салыпты. Алаша хан өлген соң оның ізін жалғаушы Дайыр қожа Бұхар хандығын жеңіп, таққа отырған. Дайыр қожа өлген соң, таққа оның ұлы Қара қожа отырады дейді (А. И. Левшин. описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачих орд и степей. СПб. I-том. 27—29-беттер).

Г. Н. Потанин бұл аңызды басқаша айтады. Түркістан ханынан ала ұлдың тууы, оны күндес әйел қызғанып, елді бүлдіреді деп, бұл ұлды суға ағызып жіберуі, одан бір қайыршының құтқаруы, ақыр аяғында ала бала жігіт болып, оған үш жүздің жігіттерінің қосылуы сөз болады. (Г. Н. Потанин. Казахский фольклор в собрании Г. Н. Потанина. А-А., 1972. 67-68-беттер).

Шоқан Уәлихановтың айтуында Туранның ханы Абдуланның немесе Абдул-азиз ханның алапес ұлы Алаша болған. Көне дәстүр бойынша алапестігі үшін Алаша қуғын

көріп, Сырдың солтүстік өңіріндегі далаға қуылған. Бұл жақта Алаша күш жинап, жігіттерін үш жүзге жеткізеді. Бірақ төңірегіндегі елдің шабуылы, аштық пен суық қаңғып жүрген үш жүз жігітті әбден титықтатады. Осындай қиын шақта Алаш есімді дана қарт ұшырасады да, ақыл береді. Қаңғып жүрген жігіттер мұнан кейін бас құрап, әл жинап, Алашты батагөй ру басы етеді, ал Алашаны хан сайлайды. Бірақ көршілері бұрынғыша қаңғыбас деген мағына беретін „қазақ“ атауымен атап кетеді. Кейін, 1392 жылы Ақсақ Темір Тоқтамысты шабуға бара жатқан жолында Алашаның ұрпағы Амет пен Самет есімді екі ұлын өлтіреді. Демек, Алаша XIV ғасырдың орта тұсында өмір сүрген болу керек дейді (Ч. Ч. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. А. А., 1961. I-том, 206—212-беттер).

Дәл осы аңыз-әңгімені подполковник Н. И. Красовский де келтіреді. Айырмашылығы — үш жүзді Қотан балалары емес, Алашаның балалары дейді. Осы деректің ішінде Алаша ханның үш әйелінің болғаны, олардың Болған ана, Талмас ана, Белең ана деп аталғаны айтылады. (Материалы для географии и статистики России. Область Сибирских киргизов. СПб., 1868. I-бөлім. 331-бет). Н. И. Красовскийдің дерегі рас болса, күні бүгінге дейін Кеңгір, Сарысу өзендерінің бойында Болған ана, Белең ана, Жұбан ана және Талмас-ата бейіттерінің тұрғаны да рас. Жергілікті халық бұл бейіттердің орынын да, атауын да ұмытпаған.

Бүгінге дейін жеткен аңыздарда да, бұрынғы жазылған аңыздарда да көп жағдайда Алаша хан Шыңғыс ханмен астаса айтылады. Мәселен, „Киргизская степная газетада“ жарық көрген „Алаша хан мен оның ұлы Жошы хан туралы аңыз“ атты материалда Жошы хан Алашаның ұлы ретінде баяндалады. „Киргизская степная газета“. (Омск. 1897. № 13). Егер Жошының Алашадан туғаны рас болса, онда әрине, Алаша деп отырғаны Шыңғыс хан болып шығады. Жалпы осы аңыздағы Жошының өлімі, Алашаның суық хабарды естігісі келмей қаһар төгуі, содан ұлы жыршы Кетбұғының естіртуі Шыңғыс хан туралы айтылатын белгілі аңызды еске түсіреді.

Жалғыз бұл емес, „Киргизская степная газетада“ Алаша хан туралы тағы да екі аңыз басылған („Киргизская степная газета“ Омск. 1897. № 14. 18.). Мұның бірінде Алаша Бұхар әмірінің алапес ұлы екені айтылса, екіншісінде тағы да Жошы ханмен, Домбауылмен қатар айтылады.

Жалпы тарихи белілі деректер бір ойға қалдырады. Та-

рихтан белгілі Жошы хан өлген соң арада төрт-бес ай өткенде Шыңғыс хан да дүние салған. Жошының денесінің Ұлытау іргесіне жерленгені тарихи шындық, ал Жошы өлгенде Шыңғыс ханның сол өңірді жайлап отырғаны да күмән тудырмайды. Ендеше, Шыңғыс ханның сүйегін мыңдаған шақырым жердегі Қарақорымнан немесе Қытай жерінен іздеудің қисыны қалай деген ой келеді. Ал монғол хандары міндетті түрде Қарақорымға жерленеді деудің қисыны тағы да жоқ. Бұл орайда Жошының Ұлытауға, Батудың Сарайшыққа жерленгенін айтса да болады.

Алаша хан туралы қызықты деректі Ал Нестеров келтіреді. Оның айтуынша қазақтардың пайда болуы, Алаштың хан, Алашаның би болуы Сыр бойына ноғайлылардың келуімен орайлас. Бірде ноғайларға орыс елшісі бейбіт ниетпен келіп, мынадай ұсыныс айтыпты. Жапсар жатқан екі ел жауласуын қояр емес, сондықтан екі жақ отыз-отыз жауынгерін бала-шағасымен шығарып, шекараға қоныстандырсын. Бірге тұрып, қыз алысып, қыз берісіп, қан араластырсын. Бейбітшілік сонда баянды болады дейді. Бұл ұсыныс татар ханына ұнайды да отыз құлын бөліп шығарады. Олар өз жолдастарын үгіттеп, орыстарды қырып салады. іштерінде ақыл беругі батагөй қарт бар екен, оны әділ қазы деп таниды. Алаш дегені хан болады, Алаша би болады. Ал бұлардан тараған елдің аты әлгі әділ қазының қазылығы арқасында ұшпаққа жеттік деген мағынамен „қазақ“ (қазы-ақ) аталыпты дейді. (Записки Восточного отделения Императорского Русского археологического общества. СПб., 1900. 12-том. 103-бет.). Бұл аңызды Ал Нестеров Қазалы уезінің Мақпал болысындағы 78 жасар Тәңірберген Жайлаубаев деген қарттан жазып алған.

Қазақ даласына жер аударылған поляк революционері А. Янушкевичтің пікірі де тыңдауға тұрарлық, „Туркияда алашұбар адамды немесе қызыл, жасыл не басқа өңді дағы барларды қуып жіберу ғұрпы болған. Бірде... осындай өңді (алаш) бір адам келе қалыпты. Сұлтан оны қуып жіберуге әмір етеді. Кезбелерден үлкен топ құрып, ол жолыққанды тонап, күнелтеді. Ойда жоқта сұлтанның маңдайына біткен сүйікті баласы ауырып, өледі. Оны тірілту үшін елдің шалғайынан емшілер жиналады. Бірақ оған ешқайсысының емі қонбайды. Осыны естіп Алаш та жетеді. Ол ем-домын қолданып, сұлтанның баласын тірілтеді. Риза болған сұлтан оған тархандық куәлік береді. Алайда, Алаш бұл елде қалмай, тобын ертіп Түркияға ке-

теді де, персия арқылы, тіпті Хиуамен көршілес жермен кетіп бара жатқанда дүние салады. Үш жүз адамнан тұратын қолы бар оның балалары хиуалықтарды тонайды. Көшіп барып, үш өзеннің бойына қонған кезде, Хиуаның билеушісі оларға соққы бермек болып, көп қол ертіп, қарсы шығады. Оның бұл ниетінен хабар алған Алаш тобы ең жақсы киімді кигізіп, бірнеше ақылды және тілді билерді терісіне сыймай келе жатқан билеушілерінің алдынан шығарады. Билеуші жақындап келгенде, бұлар да аттарынан түсіп, қызыл тілді безеп, жылы-жылы сөздермен ұзақ құттықтайды. Бұлардың ақылы мен майда тіліне жібiген хиуалық: "Ау, сендер кәззап емес, қазақ екенсіңдер ғой" — дейді (сендер бүлікші де, қарақшы да емес екенсіңдер, жақсы адамдар екенсіңдер. Қазақ күшті, ер жүрек деген сөз, ақылмен іс істеген адамға басқалар: „Е, мынауың қазақ қой“.— дейді. Қазақтардың аты осыдан тараған екен. Үш өзеннің бойында көшіп жүрген кезінде тап болғандықтан: „Ал сендер үш Орда: Ұлы, Орта және Кіші орда болыпсыңдар ғой" депті ол. Үш орданың аталуы да осыдан шыққан" — дейді А. Янушкевич (А. Янушкевич. Күнделіктер мен хаттар. А-А., 1979. 179—180-беттер.).

К. М. Федоров жазып алған аңызда Алаша ханның өзі емес, оның ұлы алапес болып туады. Бұл ұл да қуғын көреді. Мұның қасына күтуші қырық қыз қосып жіберілген екен. Қырғыздар осы қырық қыздан тараған балалар еді дейді. Солардың ішінде Қалша деген біреу жорықта қалжырап далада қалады. Шөлден аңқасы кеуіп, өлім халіне келгенде көктен ақ қаз көрініп, аузына су тамызады. Қалша осынау ақ қаз бейнесіндегі қызға үйленеді. Содан тарағандар „қазақ" атаныпты-мыс (К. М. Федоров. Закаспийская область. Ашхабад. 1901. 54—57-беттер).

Белгілі ақын Нұржан Наушабаевтың (1859—1919) „Манзұмат қазақия" атты кітабында қазақ пен түркімен шежіресін тарата келіп: „Бүкіл далалық рулардың түпкі атасы "Ақ-Шолпан еді, одан Аламан, Аламаннан Алаша хан, Алаша ханнан Сейілхан, Жайылхан есімді екі ұл туды. Сейілханнан сегіз бұтақты түрікмендер тараған. Ал қазақтар сол түрікмендерден бөлініп шығып еді", — дейді (Н. Наушабаев. Манзұмат Қазақия. Қазан. 1903. 27-бет).

А. А. Диваев жазып алған „Қырғыз ертегі" атты аңыз-әңгімеде де Алашаның ел басқарғаны, хан болғаны айтылады (А. А. Диваев. Алача-хан. „Туркестанские ведомости" 1902. № 9.).

Белгілі Кеңес ғалымы А. М. Жирмунскийдің айтуында да 1489—1508 жылдардағы дипломатиялық жазбаларда Алаша мырзаның есімі жиі кездесетінін айтады. (В. М. Жирмунский. Тюркский героический эпос. Л., 1974. 436-бет).

Алаша ханға қатысты қазақ ғалымдары мен әдебиетші, зерттеушілерінің де айтқан әралуан пікірі бірқыдыру. Әрине, оның бәрін тізе беру міндет емес. Алайда, осы келтірген деректердің өзінен-ақ бір мәнді арқау назар аударғандай. Ол — "қазақ" этнонимінің дүниеге келуі ұдайы Алаша хан оқиғаларымен қосақтаса айтылатыны. Мұнан соң үш жүздің жіктеле танылуы да Алаша хан есімімен сабақтасып жататыны назар аударады.

Қазір Алаша хан республикалық маңызы бар архитектуралық ескерткіш ретінде тіркеуге алынып, мемлекет қарауына көшкен.

Алаша хан мазары қаракеңгір өзенінің оң жақ қабағында еңселі жонның үстінен асқақтай көзге түседі. Төңірегі қалың қорым онда бейіттің, моланың небір үлгілері тұрғызылған. Алаша хан мазары бірыңғай кірпішпен өрілген. Ескерткіштің жалпы аумағы, 9,73 x 11,9 метр, биіктігі 10 метр. Кірер алды мейлінше салтанатты, бейне бір киіз үйдің жармалы сықырлауығын елестетеді. Осы сықырлауық сияқты кірер ауыздың екі босағасы мен маңдайшасына қос тілді жолақ тартылған. Бұл жолақ кірпішпен өріле жоталанып, мазардың мейлінше жинақы, жеңіл көрінуіне әсер беріп тұр. Сыртқы қабырғалары кірпіштің қалауын келістіре отырып алаша үлгісіндегі өрнекті шығарған. Жалпы көшпелілер дәстүрінде сын тастардан бастап бейіт, молаларға дейін жерленетін адамның ең басты қасиетін айғақтау ғұрпы айқын аңғарылады. Мына мазардың сырт өрнегі Алаша ханның алапес болғандығын емес, „Алаша“ деген есімін көбірек еске салып, шынында да тоқылған алашадай әсер береді. Алаша хан мазарының әрі әсем, әрі берік болуы оның айырықша жобасына, сәулеттік бітіміне де байланысты. Мәселен, табан іргесінен шаршы болып келетін төрт қабырға көтеріле келе мейлінше мінсіз үйлесіммен сегіз қырға ұласады. Ол сегіз қыр дәл сондай үйлесіммен иықтағы он алты қырлы барабанға ұласқан. Мұның өзі киіз үй уығының иінін немесе дөдегесін елестетеді. Сол он алты қырлы барабанның үстінен мінсіз күмбез көтеріледі. Мазардың кірер босағасында қалың қабырғаны айнала көтерілетін сатылы қуыс бар. Бұл қуыс мазардың екінші қабатына, яғни сыртқы иығына алып шығады. Иыққа

шыққан соң балкон сияқты кемер қалқанның ішімен әлгі он алты қырлы барабанды айналып шығуға болады. Мазардың осы иығына шығып алып, айнала төңірекке көз салса бұл нүктенің сол маңайдағы ең бір еңселі орын екенін аңғару қиын емес. Мазардың кірпіштерін құбылта қалау арқылы таңдай, қиықша, үшкіл, жұлдызша сияқты өрнектер салған. Кейбір кірпіштердің бетіне, бүйіріне ру таңбалары, ою-өрнектер басылған. Ішіне кірсе иық тұсындағы шағын-шағын алты терезеден сүт сәуле құйылып тұрады. Өзінің бітім-қасиеті жөнінен Алаша хан мазары Қарахан дәуіріндегі сәулет өнерінің озық үлгісін тал бойына жинақтаған.

Архитектуралық әсем үлгілі белгі ретінде Алаша хан мазарына ең алғаш мән беріп, қалам тартқан кісі Шоқан Уәлиханов (Ч. Ч. Валиханов. Собрание сочинений в пяти томах. А-А., 1964. 3-том, 34-бет). Мұнан кейінгі дерек Кенесары қолында тұтқында болып, үш-төрт ай бірге көшкен, Кавказ халықтарының тарихы мен этнографиясын зерттеуші ғалым-офицер П. К. Услардың жазбаларында кезігеді (П. К. Услар. Четыре месяца в плену в Киргизской степи. „Отечественные записки. 1848. 10-бөлім. 170-бет). Ал 1868 жылы Алаша хан мазарын көзімен көрген подполковник Н. И. Красовский мазардың әлі де берік, бүтін қалыпта тұрғанын, күмбезінің көк бояу жалатқан сылағы болар-болмас қабыршақтанып түсе бастағанын жазады (Көрсетілген еңбек. 3-бөлім. 259-бет).

1894 жылы жарық көрген „Очерк киргизской степи к югу от Арало-Иртышского водораздела в Акмолинской области“ деген кітабында геодезист Ю. А. Шмидт былай деп жазыпты: „...Егер Сарыкеңгір өзенінің ағысын өрлей жүріп отырса он жеті шақырымнан соң жалаңаш жазық далада монументальды құрылыс асқақтай көрінеді. Бұл — хан билігінің заманында салынған Алаша хан моласы.

Есік орнына салынған кішкене кірер аузы бар осынау кең де биік мешіттің ішінде бесікше жатыр. Мүрде топырағынан көтерілген бұл бесікшенің үстінде жылқының бас сүйектері, түрлі-түсті әлеміш шүберектер және ат құйрығы байланған найза сияқты сырықтар көрінеді. Жалпы тұлғасы шаршылана қаланған осы үлкен құрылыстың биіктігі, күмбезімен қосып есептегенде, 24 кез. Бұрыштарында шағын-шағын құлақтары бар. Қабырғалары күйдірілген қызыл кірпіштен қаланып, ою-өрнегінің үстінен шыны сияқты ақ сылақ жүргізілген. Ал күмбезіне жылтыр көк сылақ (бирюза) жағылған. Күмбез қабырғасының ішінде айнала көтерілетін тас баспадақты

тар қуыс бар" (Ю. А. Шмидт. Очерк Киргизской степи к югу от Арало-Иртышского водораздела в Акмолинской области. Записки Западно-Сибирского отдела русского географического общества. 1894. 17- кітап 12-бет).

Мұнан әрі Ю. А. Шмидт жергілікті тұрғындардың Алаша хан мазарына немкетті қарайтынын, тіптен мазарды бұзып, кірпішінен қыстауларына пеш салатынын айтады. Бұл, әрине, жаңсақ дерек. Көшпелі ел дәстүрінде аруақты сыйлау, әсіресе бейіт, мола сияқты белгілерді пір тұту айырықша болған. Бұл жөнінде осы ғасырдың бас кезінде Алаша хан мазарын көзімен көрген ғалым И. А. Кастанье былай деп жазған: „Қырғыздар (қазақтар — А. С.) үшін бейіт, мола сияқты белгілер нағыз діни сыйынатын орындар. Олар өз кіндігімен жалғасып жатқан аруақтарға ғана емес, өздерімен қырбай рудың бейітін көрсе де аттарынан түсіп, аруақтың топырағы торқа болуын тілеседі. Ал аттарда аруақ басына ақтық байлап кетеді. Осы ырымға адалдықтың айғағындай болып мазар алдындағы бақанға байланған белгілерде қисап жоқ (И. А. Кастанье. Надгробные сооружения киргизских степей. Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Оренбург, 1911. 65—55-беттер). Тағы да бір тұста И. А. Кастанье былай дейді: “Енді санаулы жылда бұл мазардан жұрнақ қалмайтын шығар. Себебі қоныс аударушылар өздеріне пеш салып алу үшін кірпішін талапайға түсіретін шығар” (Көрсетілген еңбек, 51-бет).

Қазақ ғалымдарының ішінен Ұлытау төңірегіндегі тарихи ескерткіштерге алғаш назар аударған ғалым Қаныш Сәтбаев болды. Алғашқы хабарлама дерегі 1936 жылы „Казахстанская правда“ газетінде жарық көрді. Алаша хан, Жошы хан мазарларын Алтын Орда заманында тұрғызылған деген болжам айтты. Ал 1941 жылы былай деп жазды: „Халық аңызындағы Алаша хан дегені 1569 жылы көрші жатқан Ташкент хандығымен сәтті соғыса білген Ақназар (XVI ғ.) сияқты белгілі адам болуы әбден ықтимал“ (К. И. Сәтбаев. Доисторические памятники в Джезказганском районе. „Народное хозяйство Казахстана. 1941. № 1. 71—72 беттер).

Мұнан әрі жеке тарихшы, архитектор, зерттеушілер ғана емес, тиісті орындардың өзі мән бере бастады. 1954 жылы Қазақ ССР Министрлер Советінің сәулет істері жөніндегі басқармасы сәулетші М. Левинсонды бас етіп, арнайы экспедиция шығарды. Бұл экспедицияның бітіргені — мәні зор тарих ескерткіштеріне Ұлытау төңірегінің

тұнып тұрғанына көз жеткізді, мазарлардың кірпішіне, сылағына, сәулеттік бітім-тұлғасына назар аударумен тынды.

Осы уақытқа дейін жинақталған материалдардың ішінде тек қана Алаша хан мазары емес, жалпы Орталық Қазақстандағы сәулет өнері туралы, оның тарихи тамыры туралы аса құнды деректер мен ғылыми бағдарларды Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Ә. Х. Марғұлан бастаған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы жинақтады. Экспедиция жетекшісінің айтуында „өзінің құрылыс бітімі болсын, ою-өрнегі болсын Алаша хан мазары қараханидтер дәуірінің (X—XI ғғ.) алғашқы кезеңімен көп жағдайда сәйкес келіп жатады“ (А. Х. Марғұлан. Архитектурные памятники в долине р. Кенгир, (1946). Вестник Ан Каз. ССР. № 11. 62—67-беттер).

Алаша хан мазарында алғаш қазба жұмысын жүргізуші де Ә. Марғұлан бастаған археологтар. Мазар ішіндегі мүрдені қазу барысында 5 килограмдай шыны шыққан (А. Х. Марғұлан, Джебказган — древний металлургический центр. Мына кітапта: Археологические исследования в Казахстане. А-А., 1973, 39-бет). Мұның өзі көк түсті пір тұтқан, көк тәңіре табынған көшпелілер дәстүрімен сабақтас белгі екенін ескергенде, Алаша хан мазарының байырғы белгі екенін көңілге орнықтыра түседі. Жалғыз Алаша хан мазары емес, бұл өңірде Жошы хан, Жансейіт, Келінтам, Бестам, Киікбайтам сияқты бірталай мазар, бейіт, молалар көк түспен (бирюза) боялған.

Белгілі ғалым Л. Р. Қызыласов Алаша хан мазары салынған өңір қыпшақтар мен оғыздардың байырғы мекені болғанын айтады. VIII ғасырдың орта тұсында Түркі қағанаты құлаған соң Орталық Қазақстанның байтақ даласын көшпелі түркі тайпалары қоныс етіп қала берді. Ұлытаудың батысын оғыздар, шығысын қимақ-қыпшақтар жайлады. С. П. Толстовтың айтуында да „оғыз жазбасы мемлекетінің“ (IX—XI ғғ.) қол астына Сарысу бойы, Тобыл мен Торғай өңіріне дейін қараған (Л. Р. Қызыласов. Памятники поздних кочевников Центрального Казахстана. Изв. Ан Каз ССР. Серия археология. 1951. № 108. 3-басылым. 62-бет).

Мазарды алғаш көріп, жазба дерек қалдырғаннан бері бір ғасырдай ғана уақыт өтті. Ол деректегі белгі бедерге қарап қазіргі шақта Алаша хан мазарын тану қиын. Бұл күнде мазар қабырғасындағы ақ сылақ пен күмбездегі көк түсті бирюза жалатқан сылақтан жұрнақ жоқ. Төрт құлағы да мүжіле опырылып құлаған. Күмбездің ұшар биігі

қазан аузындай дөңгелек тесік қалдырып ішіне түскен. Ал қабырға аралығындағы қуыс жолға кірер ауыз құлаған кірпіштермен бекітілуге айналған.

Мазардың іші Ю. А. Шмидт жазып кеткен белгіден де жұрдай. Бесікшенің сорабы да жоқ, киіз үйдің іші сияқты теп-тегіс. Бұл төңіректің көне көз қариялары Алаша хан мазарын қазірге дейін әулие тұтатындығын аңғартқандай ортада таспен бастырылған бес-он" теңгеліктер көрінеді.

Иә, уақыт шіркін Алаша хан мазарын аяусыз мүжіп, қу сүйегін, қаңқасын ғана қалдырған. Бірақ осы ескерткіш құдіреті көрер көзді әлі де өзіне ғашық етерлік. Риаз ұстанның қалауы, перен оюшының өрнегі, даңғыл шебердің қол таңбасы әлі де шертіп қалсаң дыңылдап әнге салып кететін сияқты. Өзін орай аққан қос бұрым өзеннің ортасында Алаша хан мазары әлі де біресе дала батыры сияқты асқақтығымен, біресе он екіде бір гүлі ашылмаған қыздай нәзіктігімен табындырады. Әр кірпіші сыңғырлай сыр шертіп, қайталанбас әуенге салып тұр.

Кірпіші демекші, Алаша хан мазарының кірпіштеріне бажайлап зер салған кісі оғыз-қыпшақтардың таңбаларын қазір де аңғара алады. Мұның өзі, мазардың салыну мерзімінен шаң беретін белгілердің ең мәнді айғақтары болса керек.

Алаша хан мазарының көркемік құдіретін даралап тұрған негізгі бір ерекшелік — кірпіштеріне бедер салмай-ақ сол кірпіштердің өзімен қалап отырып келтірген өрнегі. Мұның өзі қазақтың тоқыма алашасына немесе тақталап ораған шым шиіне өте ұқсас. Мазардың кірпіштен өрнек тоқыған осынау шебер тұлғасы Қазақстанның сәулет өнерінде орныққан дәстүр деуге болады. Алаша хан мазары өзінен кейінгі Ұлытау төңірегіндегі құрылыстардың біразына үлгі болған. Мәселен, Қайып ата, Талмас ана, Жұбан ана, Болған ана, Дүзен, Ерден мазарлары тікелей Алаша хан мазарының үлгісінде салынған. Осылардың ішінде әлі күнге бүтін сақталуымен де, сәулеттік әсемділігімен де тай-таласатыны, тіптен ою-өрнегінің молдығымен асып түсетіні — Дүзеннің мазары. Бұл құрылыс Алаша хан мазарынан шығып, Кеңгір өзенін өрлей жүріп отырса 25 шақырымнан соң кездеседі.

Дүзен мазары тікелей Алаша хан мазарының үлгісімен салынғандығы туралы сол төңіректе мынадай әңгіме әлі де айтылады. Сералы деген үйші шебер Алаша хан мазарының түбіне бір жараяу айғырды байлатып, 25 шақырым жердегі Дүзен мазарының орнына екінші жараяу айғырды

байлатып қояды екен. Содан Дүзен мазарының әрбір қатарын қалау үшін жарау айғырға міне салып Алаша хан мазарына барады екен де, сол мазардың қалану тәсілін көріп алып, сол жерде тың тұрған екінші жарау айғырға мініп дереу кейін қайтады екен. Жанына 60 жігіт көмекші ерткен Саралы шебер Дүзеннің мазарын салу үшін екі жаз дайындалып, үшінші жазда әлгіндей тәсілмен қалап шыққан.

Иә, Алаша хан мазары өзінен кейінгі талай құрылысқа үлгі болған. Бірақ соның бірде-бірі Алаша мазарының төрт құбыласы сай тұрысына, ғажайып пропорциясына, күйген кірпішті жібек жіптей құбылта өріп шығарған шебелігіне шендесе алмайды. Бейнелеу өнеріндегі жарық пен көлеңкенің мінсіз тоғысуы қандай құдіретке ие болса, Алаша хан мазарының қабырғасынан құйылған сәуле де мың құбылып, көзге көрінетін музыка сияқты әсер береді.

Жалпы хас өнерді айтып жеткізуге болмайды, оны көру керек, тыңдау керек, оқу керек.

...Ұлытау төңірегіндегі Жошы, Аяққамыр, Дүзен мазарлары сияқты Алаша хан мазары да жүрдім-бардым жөндеуден өткен. Осындай жөндеу кезінде құрылыс материалдары институты арнайы тексеру жасағанда, мазар кірпішінің құрамында 3—5 процент органикалық заттың бары анықталған. Мұның өзі ел аузында айтылатын жылқы сүтіне иеленген кірпіш туралы аңыздың шындық екенін әйгілейді.

Әдетте тарихи маңызы бар ескерткіштерді шын мәнінде ғылыми тұрғыда қалпына келтіру үшін мүмкіндігінше сол мұраның түп нұсқасы сақталу керек. Болмаған күнде, түп нұсқаға көшірме боларлық шаралар жасалу қажет. Мәселен жөндеу жүргізілетін сәулеттің алғашқы бітім-тұлғасы, кірпіштерінің көлемі, оның дайындалу тәсілі, ою-өрнегі, сылағына дейін ешқандай ауытқуға ұшырамағаны жөн. Тарихи мұра сонда ғана қайта түлеп, жасарып, қалпына келеді.

Ал Жошы, Алаша, Аяққамыр, Дүзен мазарларының кірпіші оншақты түрлі қалыппен құйылған. Мұның ішінде арнайы бедер салып, ою-өрнек жүргізіп, бирюза бояуын жаққан тақта кірпіштер бір бөлек, ру-таңбалары басылған маңдай кірпіштер, иықтың бастырма кірпіштері өз алдына бөлек-бөлек. Міне соның бәрін жөндеу жүргізгеннің жөні осы екен деп, қазіргі құрылыс кірпіштерімен жамап-жасқау көз бояғандық. Бұл асылды жасыту, тарихи мұраға немкетті қарау деген сөз.

Ескерткіш — ел мұрасы. Оны келер ұрпаққа

күңгірлеген көркімен жеткізіп отыру — әрбір ұрпақтың абыройлы міндеті.

102. ЖОШЫ ХАН МАЗАРЫ. Жезқазғаннан шығып, Қаракеңгір өзенін өрлей солтүстікке бет қойған жолаушы кешікпей-ақ буалдыр сағым ортасынан қарая көрінген белгіге көз тоқтатады. Бұл белгі қалың шаңыт ішінде біресе елбірей көтеріліп зорайғандай болып, енді бірде торғынға оралғандай құбыла бұлдырап, құла дүзде құлазығыш көңілді аулайды. Көпке дейін не жақындатпай, не қашықтап көзден таса болмай еліктіріп, „мұнда-мұндалап” шақырғандай, ереуілдеп тұрып алады.

Бұл маң — Сарыарқаның оңтүстік қанаты. Жолай қыраңы тастақ, ойпаңы шақат талай белес сиыртаңдайланып артта қалады. Бірақ қапталдаса аққан Қаракеңгірдің өлкесі ащылы-тұщылы мол отымен, күлтеленген тал-шілігімен көрер көзді қуантып та бағады.

Осынау ойы мен қыры алмасқан даланың кез келген қайқаңынан әлгі көз ұшындағы қарауытқан белгі мойын бұрғызып отырады. Содан 30-40 шақырымдай жүргенде Қаракеңгірдің табаны жайылып, жайдақтанып сала береді. Сол сәт күнұзынғы ереуілдеп құбылған белгінің айтулы мазар, айбарлы мавзолей екені белгілі болады. Бұл — Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының басына салынған белгі.

Мазардың тұрған жері сырттай қараған кісіге маңайдағы көп қырқаның біріндей ғана көрінетін қоян жон дөңес. Бірақ көңіл аударса, сол елеусіз дөңестің бұл төңіректегі ең биік нүкте екенін байқауға болады. Риаз ұста соққан мазардың сағымды даламен, сары белдермен, сабырлы өзеннен жарасым тауып, үйлесіп тұрған ғажайып үндестігі еріксіз қайран қалдырады. XIII ғасырдың сәулет өнерінде кеңістік деген мәселеге қаншалықты мән беріп, сарыла еңбектенген шеберлердің ізденісі тәнті етеді. Көлемі шағын ғана мазар сәтімен таңдалған мекенінің арқасында алыстан асқақтап, айбарлы көрінеді.

Әрине, Жошы мазарын дүниеге әкелген сәулетші бұл құрылыстың алыстан арбайтын айбарына ғана көңіл бөліп қоймаған. Сол әсер, сол таңданыстың мазар жанына келгенде одан сайын асқақтай түсуіне ерекше мән берген.

Мазардың сыртқы тұлғасы төрт бұрыштанып қаланған да, 5—6 метр биіктіктен әрі қарай геометриялық дәлдікте ирек қырлар шығара отырып дөңгелете қалап кетеді. Бұл қырлы шеңбер 1,5 метрдей көтерілген соң тағы да әрі қарай кигіз үй сияқтанып мінсіз күмбез жасап біткен.

Құрылыстың төрттің біріндей бөлігі кірер алдындағы төртқырлана қаланған қалқаның (портал) үлесіне тиеді. Биіктігі 8 метрдей, ені 2 метрден астам бұл қалқа мазар тұлғасын қарапайым, орнықты етіп көрсетумен бірге, асқақтатып, айбарландырып та тұр. Осы қалқаны қалау барысында кірер жақ бетінен зәулім күмбез есікті қоршай төрткүл жолақ, өзекше қалдырған. Бұл өзекшеге кезінде көк жасыл бирюза жалатқан тақта кірпіш жүргізілгенін қазір де аңғаруға болады. Мұның өзі көрер көзге әдемі әшекейден көрі, осы мазардың қаралы жабуы, қайғылы жолағы сияқты көрінеді. Күні бүтінге дейін бояуы көмескі тартпаған тотияйын түстес тақта кірпіштермен кезінде мазар күмбезінің қырлы иректері де әшекейленген тәрізді. Алайда қазір ондай бояулы кірпіштердің шашылған сынығы болмаса, орынында тұрған бір де бір бүтін тақта кірпішті кездестіру қиын.

Мазардың ішкі бітімі — қағаберіс қалтарысы жоқ киіз үй ішінің бітімін өте-мөте еске салады. Осы төңірекке біткен қызғалдақ пен тарлаудың, шайыр мен баялыштың сол топырақтан нәр алып өскені сияқты, мына ескерткіштің де қазақ киіз үйімен бір мәнзелдес екені көңілге ұялайды.

Бастан-аяқ қанға малынғандай қып-қызыл күйген кірпіштен өріле қаланған мазардың өн бойы өю-өрнектен, әлеміш-айшықтан ада. Көлемімен ле қайран қалдырмайды. Бірақ алапат-айбарлы, көрген жанды ынтықтырғандай. Мұның басты себебі: мазардың мінсіз пропорциясында; бітім-тұлғасының ұстамды қаталдығында; төңірегіндегі белбелес, жазық даламен, өзен-су, өсімдігімен мінсіз, үндестік табуында; сонсоң, әрине, ғасырлар төрінен бүтінгі күнімізге күңгірлеп жеткен көнелігінде.

Осы тұста Жошы хан мазарының сонау самарқандағы Шахи-Зиндтің әйгілі мавзолейімен сарындас екені ойға қалдырады. Әсіресе, сондағы Темірге әскер басы болған қыпшақ батыры Мұрындықтың (Бурундук) күмбезі Жошы хан мазарын қатты елестетеді. Мейлі, Шахи-Зиндтің қалың күмбезі қызылды-жасылды бояуымен, шым-шытырық оюымен, әлеміш бедерімен, көсіліп жатқан көлемімен көздің жауын ала берсін. Әңгіме Ұлытау маңындағы Жошы хан, Алаша хан, Аяққамыр, Белең ана, Жұбан ана, мазарлары мен Шахи-Зинд комплексінің қаңқасының ұқсастығында. Жалпы сүйек бітімінің үндестігі назар аударады. Ұлытау төңірегіндегі жоғарыда аты аталған ескерткіш-мазарлар Шахи-Зинд ескерткіштерінен жүз, үш жүз жылдай бұрын салынған.

Ал Шахи-Зинд комплексіндегі айтулы мавзолейдің бірін еншілеген Мұрындықтың қыпшақ әлділерінен шыққандығы тарихтан мәлім. Боса-болмаса қыпшақтардың ата мекені Ұлытау даласымен тамырласып жатыр. Осы жерде қазақ даласын алғаш зерттеген орыс ғалымдарының бірі И. А. Кастаньенің мына бір пікірі еске түседі: „Орта Азияның оңтүстік жарымының (Үстірттен оңтүстікке қарай) ежелгі ескерткіштері сән-салтанатымен, айбарлы ауқымымен (Самарқан мешіттері және басқалары) терістіктің қоңыртөбел, қарапайым ескерткіштерін көлегейлеп кететіні хақ. Солай десек те, терістік ескерткіштерінің көптігі мен көнелігі оңтүстік өңіріне қарағанда өзіне айырықша назар аудартпай қоймайды“.— дейді. (И. А. Кастанье. Надгробные сооружения киргизских степей. „Труды Оренбургской ученой архивной комиссии“. Оренбург. 1911 г. 9-бет.).

Жошы хан мазары салынған заманда (1228—1255 жылдар), тіптен одан көп бұрын бұл төңіректің халқы кірпіш күйдіруді, түрлі керамикалық бұйымдар жасауды, сапалы бояу түрлерін әзірлеуді, геометриялық дәлдікпен және алдын ала әзірленген жобамен қалауды жете меңгерген. (М. С. Дулатов. Геометрическая гармонизация в архитектуре Средней Азии IX—XV вв. М., 1978, 62—63-беттер). Бұған осы ескерткіштердің өзі-ақ куә болады. Оның айналасында күні бүгінге дейін ізі жоғалмай жатқан күйдіру пештерінің орыны, кірпіш әзірлеуге қажет үйінділер, балқыған түрлі-түсті шыны қалдықтары дәлел. Осы мазар шынымен-ақ Алтын Орданың бүддіргесін білегіне ілген Жошы ханның мазары ма?

Сөз етіп отыран мазардың ішінде Жошы ханның жерленгені туралы жеткілікті дәлел бар. Ең алдымен: мазардың Жошының мазары екенін, оның ішінде Жошының сүйегі жатқанын ел айтады; ғасырлар жаңғырығындай болып жеткен аңыз айтады; халық жүрегін жарып шыққан күй айтады; дала реңіне түскен тыртықтай болып күні бүгінге дейін күндік жерге созылып ырсыып жатқан арналы өзек айтады; кітаптан емес, атадан бала ауызша естіп, көкірегіне сақтап, бүгінгі күнге жеткізген сауаты жоқ, саңылауы көп қариялар айтады... Бұларға қоса нақтылы айғақ-деректер де жоқ емес.

Шыңғыс хан заманынан, моңғолдар арасынан жеткен ең көне жазба деректердің ("Монғолдың құпия шеіресі" „Алтын тобшы“) айтуында Шыңғыс хан төрт әйел алып, төртеуінен де бала сүйген. Солардың ішінде алғаш үйленген бәйбішесі қоңырат руынан шыққан Дай шешеннің

Бөрте есімді қызы. Жалпы Шыңғыс ханның тарих сахнасына шығуына қоңырат, ойрат, шүршіт, жалайыр, найман, керей сияқты рулар айырықша роль атқарған. Бұл рулардың өз алдына әскері болған. Шыңғыс хан олармен қатты санасып, өзімен тең санап, қыз алысып, қыз берісіп, кейде соғысып, кейде татуласып отырған. Шыңғыс ханның өзі де, әкесі Есукей де керейдің Оң ханымен анда (қандас) болған. Шыңғыс хан оны әкесіндей сыйлап, иығына бір кездері бұлғын ішік жапқан. Ал анда болу деген сөз, ол кездің дәстүрі бойынша әкеден кейінгі жақын адам болу деген сөз. Меркіттер Шыңғыс ауылын шауып, Бөртені қолға түсіріп алып кеткенде керей Оң хан екі түмен әскерімен көмек беріпті. Ал Шыңғыс ханның айбар-алапаты асуына баспаздақ болған ең алғашқы жорығы тәйжігіттер мен татаб руларына қарсы жүргізілгені белгілі. Осы жорықта да керей Оң ханымен тізе қосудың арқасында жеңіске жеткен. Мұнан соң, тағы да Оң ханмен бірігіп наймандарды тас-талқан етеді де, Бұйрық ханға Ұлытаудың түбінде тізе бүктіреді. Шыңғыстың Бөртеге үйлену тойында жалайырдан Гоа Мұқыл, шүршіттен Чуу Мерген, ойраттан Хара Хиру болады. Ал наймандар Оң ханға шабуыл жасап, бала-шағасын тұтқынға алғанда Шыңғыс арнайы әскерін жұмсап, құтқарып алады. Сонда Оң хан: „Мен осы уақытқа дейін ұлым жалғыз Сенғұм ғой деп жүрсем, ұлым екеу екен ғой. Олар — Сенғұм мен Темірші (Шыңғыс)“, — дейді (Лубсан данзан. Алтын тоб и. М., 1973. 137—169-беттер).

Әрине, мұндай мысалдарды тізе беруге болады. Солардың қай-қайсысы да бір гәптің басын анық аңғартады. Ол — Шыңғыс ханның ең мол із қалдырған жері, оның хан аталуына негізгі ықпалын тигізген өңірі қазақ даласы екені. Бесқұлан, Шыңғыс тау, Ұлытау сияқты толып жатқан жер атаулары, сол өңірдегі күні бүгінге дейін қоныстанып отырған рулар, ондағы — Келін там, Болған ана, Домбауыл, Жошы хан сияқты Шыңғыс хан әулетінің төңірегіндегі адамдардың толып жатқан молалары Шыңғыс хан өмірінің қазақ даласымен қаншалықты сабақтасып жатқанын айғақтайтын бедерлі мысалдар.

Сөз орайында Шыңғыс ханның жерленген орны туралы мынадай бір жорамалды ортаға сала кету қажет. Күні бүгінге дейін Шыңғыс ханның қабірі табылған жоқ. Күні бүгінге дейін, сонау Плато Карпини, Марко Поло, В. Рубруктерден бастап неше түрлі болжамдар айтылуда. Ондаған, тіптен жүздеген болжамның қамтитын мекені де сан тарап, байтақ өңір. Бірақ тап басылып, дәлелін тапқан

айғақ жоқ, сол жорамал күйінде қалып келеді. Сондықтан да небір қолмен ұстатқандай дәлелдердің оқырман қауымға таңсық емес екені де белгілі. Ендеше, ойдың орамын бірден „Қоңыр әулие“ немесе „Қызыр әулие“ үңгірлеріне бұруға болады. Бұл екі үңгір Семей облысының жерінде пайда болған.

Осы үңгірлердің маңайындағы жер аттары Хан тауы, Шыңғыстау, Орда деп аталады. Монғол заманынан жеткен осынау топонимдік атаулардың аңғартары мол. Өкінішке орай, күні бүгінге дейін бұл атаулардың тегін тектеген ешкім жоқ. Ұлы Абайдың әкесі, дала тарихының білгірі Құнанбайдың айтуында Шыңғыс ханның хан көтерілген жері, Бұқарды шабарда екі рет қыстаған жері осы өңір (А. Янушкевич. Күнделіктер мен хаттар. А.-А., 1979. 21, 179, 193, 203-беттер). Ауызша жеткен деректерде бұл өңірде Шыңғыс ханның қыстауы, орда тігуі, оның орыны, жорыққа аттанарда үңгірге кіріп алып бірнеше күн бойы өзімен өзі сөйлесетіні туралы небір аңыз-хикая күні бүгінге дейін айтылады. „Қоңыр әулие“ үңгірінің түбінде көлшік жатыр. Көл суы неге ғасырлар бойы борсымайды, шірімейді деген ой келеді. Шіру былай тұрсын, балығы шоршып жүр. Демек, үңгір суы жер асты арқылы іргеден ағып жатқан Шаған өзенімен жалғасқан. Тағы да аңыз айтады, үңгір ішіндегі судан әрі өрлей көтерілген қуыс бар дейді. Расында көл суы арғы жағасындағы тас қабырғаның астына сұғына кіріп, бір сүйемдей қуыс жасап созылып жатыр. Тағы да бір айғақ — осы үңгірдің ішінде будданың тас мүсіні жатыр. Бұл да айырықша мән беретін айғақ. Үңгірдің аузында қалың қорым, мүрде бар. Жергілікті халық мұны қалмақ бейіті дейді.

Тарихи еңбектерде Шыңғыс хан әулетінің ұрпақтан-ұрпаққа қалдыратын дерегі бойынша ұлы хақан солтүстік ендіктегі 47—54 параллельдің аралығындағы Хан тауының ішінде жерленген деген дерек бар (К. Д. Оссон. История монголов. I-том. Чингиз-хан. Иркутск. 1937 215-бет). Бұл сілтеме осы Семей өңіріндегі Хан тауына, ондағы құпия үңгірлерге алып келеді.

Рас, монғол хандарының қай жерге жерленгені құпия сақталатын дәстүр болған. Құбылайдың алдында өткен Мөңке хан өлгенде (1259) осындай дәстүрмен жиырма мың адам өлтірілген. Сөз жоқ, Шыңғысханның мүрдесінің күні бүгінге дейін табылмауына да осы дәстүрдің қатал сақталғандығы себепші.

Ал Шыңғысханның тек қана Қарақорымға жерленуі шарт па еді!? Жоқ, ондай қатып қалған ғұрыпты моңғол

хандарының бұлжытпай орындағанын тарих білмейді. Керісінше, Шыңғыс әулетінің бәрі дерлік өз ұлысына, өз ордасына, өз хандығына жерленіп отырған. Жошы хан өзінің орда тіккен жері Ұлытауда жатыр, Бату хан өз ұлысы Еділ бойына қойылды, Үгедей өзінің ордасы Тарбағатайдағы Шұғышаққа жерленді. Ал Шыңғыс хан үшін Семей өңірі оның алғашқы хан сайланған жері еді. Шыңғыс өзінің тарихи билігіне қолын жеткізгенге дейін ең алдымен тіресіп соғысқаны да, сенісіп сүйенгені де байтақ даладағы арғын, найман, керей, уақ, сияқты рулар болған. Ал бұл рулардың судай сапырылысқан ата мекені біз сөз етіп отырған Хан тауы, Шыңғыс тауы, Орда қонысы.

Болжамнан ешкімге келер зиян жоқ. Болжамға мән беру арқылы да тарихи шындық пен ғылыми ақиқатқа жетуге болады.

Түптеп келгенде, осы деректердің өзі Жошы хан үшін де бұл өлкенің жат болмағанын зерделетеді. Демек, Жошы мазарының Ұлытауда тұрғанына таңданудың қисыны да жоқ.

Шыңғыс хан Бөрте бәйбішеден Жошы, Шағатай, Үгедей, Төле есімді төрт ұл көрген. Олардың ішіндегі ең еркөңіл, ең ержүрек, ең жаугершілі де, сонымен бірге ең адамгершілігі мол мәртті де Жошы еді дейді (В. Г. Тизенгаузен. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой орды. М.-Л., 13—14-беттер). Осы пікірге орай мынадай бір дерек еске түседі. Шыңғыс хан Бөртеден туған төрт ұлымен тарасун (сүт-арақ) ішеді. Сонда қызып отырып: „Дүниенің рахаты не?“ деп ұлдарына сұрақ қояды ғой. Жошы тұрады да: „Меніңше дүниенің рахаты жылқыңды көбейтіп, үйір-үйір етіп семіртсе. Олардың жайылымына киіз үйді тігіп тастап, сауық-сайран құрса ғой!“—депті. Шағатай тұрып: „Менің ойымша, дұшпанды жеңсе, бас көтергеннің еңсесін түсіре езсе, нар атаулы інгенін іздеп боздаса, патшалар солқылдап жылауға мәжбүр болса!“—депті. Мұнан соң Үгедей тұрады да: „Меніңше ұлы Отанға, мемлекетке, біздің әкеміз қиындық көріп, басын қосқан елге тыныштық орнаса, әкенің ұлылығы сақталып, халқы күмбез сарайда тұрса, заңды бұлжытпай орындап, үлкенкіші бақытты болса!“—депті. Ал Төле: „Арғымақ атың бәйгіден келсе, айдың көлдің жағасында қаршығаң сұқсыр ілсе, сол қуаныш!“—дейді.

Сонда Шыңғыс: „Жошы жасынан жылқыны сүйеді. Ол соны айтты. Шағатай ес білгелі жаныма еріп, қалай елжұрт болғанымызды көзімен көрді. Оның айтып отырғаны

сол. Үгедейдің арманы баланың қиялы секілді. Төленің айтқаны да жөн-ау", — деген екен. (Лубсан Данзан. Алтын тобчи. М., 1973. 208—209-беттер).

Жошы бейбіт, тыныш өмірді қалап, серілікке қанша ден қойса да, жастайынан әкесінің хұқын орындай жүріп небір қанды жорықтар жасаған. Нелер қаңқасап шайқастарда Шыңғыс ханның арқа сүйер сенімді серігі де Жошы бола білген. Жошының әке бұйрығын сәтті орындап, көзге түскен алғашқы жорықтарының бірі — 1207—1208 жылдарда Енесай қырғыздары мен оңтүстік Сібірдегі орман тұрғындарына жасаған шабуылы болды. Осы жолы Селеннің төменгі сағасы мен Ертіске дейінгі аралықты бағындырып қайтты. Шыңғыс хан бұл аймақты Жошыға ұлыс етіп берді де, енді батысқа қарай „атыңның тұяғы жеткен жерге дейін бағындырып ала бер" деді. Жошы хан ұлысының алғашқы ордасы Ертіс бойына тігілді.

1218 жылы көктемде (барыс жылы) Жошының басқаруындағы қалың әскер қыпшақ даласына баса-көктеп кірді. Осы сапарында Хорезм шахы Мұхаммед сұлтанның 60 мың адамдық әскерімен Ырғыз бойында кескілескен ұрыс салды. Жошының қолбасшылық дарынының жарқылдай көрінген тұсы осы кез. Мұнын әрі Жетісудың барлық қалаларын, Шу, Талас, Сырдария бойындағы моншақтай тізілген елді мекендерді бірінен соң бірін жаулап ала берді.

1221 жылы Жошы әскері Үргенішті алты ай қоршады. Әрине, әлі келмегендіктен емес, Жошы бұл қаланы қиратпай қолға түсіріп, өз ұлысына астана етуді ойлаған. Алайда Шағатай көре алмаушылық жасап, әкесіне Жошыны шағыстырады да, ызаға булыққан Шыңғыс хан бұл қаланы алуды Үгедейге бұйырады. Сөйтіп, 100 мың әйелдер мен балалар қолға түсіп, қаланың күл-талқаны шығады.

Мұнан соң, Жошыға тұрақ болған Сығанақ қаласы. Хафиз Тыныштың айтуынша Сығанақ ертеден-ақ қыпшақтардың астанасы болған. Монғолдардың елшісі осы жерде өлтірілгені үшін бұл қала аяусыз қиратылған. Алайда, 1328 жылдарға қарай тез қалпына келтіріліп, Жошы ұрпағы өз тиынын да шығара бастайды. Көптеген қазақ хандары қасиетті мекен ретінде осы қалаға жерленген.

Егер Жошы хан тірі болса, ұлыс ордасын сөз жоқ қыпшақ даласынан шығармас та еді. Бұған оның өмірінің соңғы кездері, әкесінің жорықшыл пиғылынан бас тартып, бірыңғай бейбіт өмір рахатын қызықтап кетуі дәлел.

Жүзжанидің айтуында: „Жошы қыпшақтардың жері мен суын, ауасын көрген кезде дүниеде бұдан артық саф ауаның, мөлдір судың болуы мүмкін емес екенін ұғып, қыпшақтарды жақсы көріп кеткені сонша, өзі осында қалып, бұл елді бүліншіліктен азат етуге бел байлаған; ол өзінің пікірлес адамдарына Шыңғыс хан сірә есінен алжасқан, өйткені ол осыншама жерді ойрандап, осыншама халықты қырғынға ұшыратып отыр. Сондықтан мен аңға шыққан кезде әкемді өлтіріп, мұсылмандармен одақ құратын шығармын дегенді айтқан. Оның бұл ойын Шағатай сезіп қалып, әкесіне жеткізген де, әкесі білдірмей Жошыға у беріп өлтіруді әмір еткен“ (В. Г. Тизенгаузен. Көрсетілген еңбек, 13-бет).

Қалай да осы бір ойда қисын бар. Біріншіден, Жошы Бөртеден меркіттерде тұтқында болып келген соң туған. Бұл жағдайдың Шыңғыс хан сияқты әке ішінде шөмен болып жатары хақ. Екіншіден, Жошы есейе келе әрісі өзінің көшпелі нағашы жұртына, берісі қазақ даласындағы көшпелі руларға, олардың өмір салтына қызыға ден қояды. Тіптен, Рашид-ад-Диннің айтуында Шыңғыс хан солтүстік өңірді бағындырып қайт деп жұмсағанда Жошы тіл алмай, өзінің сүйікті даласына кеткен (Рашид-ад-Дин. Сборник летописей. 2-том. М.-Л., 1960. 79-бет). Бұл да Шыңғыс сияқты қан құмар әкеге ұнамайтын мінез еді.

Сөйте тұра, Шыңғыс хан Жошыны дарынды қолбасшылығы үшін, өзінің өкшесін алғаш басқан сенімді тірегі бола білгені үшін, оның қабілетімен әлі де талай елді ойрандатуға болатындығы үшін өлімге қимайтын. Шыңғыс хан өзі қолымен аңда жүрген Жошыны өлтіріп алып, „жаман хабар әкелген жанның көмейіне қорғасын құямын!“ деп алас ұруы да сондықтан. Күні бүтінге дейін ауызша да жеткен, жазбаша да жеткен бұл әңгіменің нұсқалары көп, Ұлытау төңірегінiң көнекөз қарттары қазірге дейін Жошы өлімін найманның ұлы жыршысы Кетбұға естіртіп еді, сонда Кетбұғаның домбырасын безеп отырып, Шыңғыс ханға айтқаны мынау еді дейді:

„Уа, иеміз Шыңғыс хан!
Домбыра не деп жырлайды,
Сарнап бір даусын қырнайды,—
Құлағың сал осыған...
Ақсақ құлан, қу құлан,
Қияннан қашқан ту құлан,
Қиырсыз құба далада.
Аңда жүрген балаңа,

Кез болып бір қашыпты,
Белден белге асыпты:
Ақсақ құлан, Жошы хан,
Елсіз құба далада,
Қат-қат бұдыр салада,
Мекендеп өрген, өрбісіп,
Ордалы құлан жосыған.
Қуып ақсақ құланды,
Мінгені тұлпар құнан-ды,
Ордалы үріккен құланға,
Құйғытып ойнап қосылған,
Өлім деген Тәңірі ісі,
Желіккен құлан әңгісі,
Құлан мен тұлпар еліккен,
Жосыған құлан желіккен,
Балаңды шайнап өлтіріп,
Жұлмалап, жалмап кетіпті,
Ордалы құлан шошыған.
Жұрттың аузы бармаған,
Сөзді айтып жырлап зарлаған,
Домбыраның балаңды,
Естірткені осы, хан!
Өзгеге артпа жалаңды,
Еліктірген балаңды,
Сол қу құлан, ту құлан,
Балаң өлді — Жошы хан!
Нансайшы ханым, осыған!"

Дәл осы тектес әңгіме XV ғасырдан жеткен „Түркі шежіресі“ атты еңбекте айтылады. Мұнда да естіртуші адам ұлы жыршы Кетбұға. Жошы өліміне қатысты Кетбұға мен Шыңғыс хан арасындағы толғау әңгіме былай айтылады:

Кетбұға:

Теңіз бастан былғанды —
Кім тұндырар, а, ханым?!
Терек түптен жығылды —
Кім тұрғызар, а, ханым!?

Шыңғыс хан:

Теңіз бастан былғанса,
Тұндырар ұлым Жошы-дүр.
Терек түптен жығылса,
Тұрғызар ұлым Жошы-дүр.

Көзің жасын жүгіртед,
Көңлің тұлды болмай ма?!
Жырың көңіл үркітед,
Жошы өлді болмай ма?!

Кетбұға:

Сөйлемекке еркім жоқ,
Сен сөйледің, а, ханым!
Өз жарлығың өзіңе жөн,
Не ойладың, а, ханым?!

Шыңғыс хан:

Құлынын алған құландай,
Құлынымнан айрылдым!
Айырылысқан аққудай,
Ер ұлымнан айрылдым!—

деп еңіреп қоя берген (В. Г. Тизенгаузен. көрсетілген еңбек. 203—204-беттер).

Жошының өліміне қатысты аңыз-әңгіме 1897 жылы „Киргизская степная газетада“ жарық көрді (\"Киргизская степная газета\" Омск, 1897 ж. № 14). Мұнда да жоғарыдағы аңызбен сарындастық бар. Бұл материалда естіртуші — Кетбұға. Бір ғажабы күні бүгінге дейін Ұлытау өңірінің наймандары өздерінің рулық шежірелерін ұлы жырышы Кетбұғадан құлата таратады.

Теріп қана келтірген бұл деректердің шындығы 1946 жылы жүргізілген қазба жұмысында толық дәлелденді дегуе болады. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясынан арнайы шыққан ғылыми экспедиция кезінде мүрдені қазғанда, жерленген адамның бас сүйегінің үстіңгі жағы мен оң қолының жоқ екендігі анықталған.

Әрине, Жошы сияқты ханды жабағының үлкендігіндей құланның шайнап өлтіруі қисынға келмейді. Демек, өз дегенін орындатып үйренген Шыңғыс ханның ашу үстінде Жошыны өз қолымен өлтіртуі әбден мүмкін.

Жошының Ұлытау іргесіне жерленгеніне күмән келтірген академик В. В. Бартольд болатын. Ол кісінің ойынша монғол салтында хандардың бүкіл байлығы мен сүйегі жасырын орынға қойылып, оны „құлақ“ деп атаған. „Құлақ“ сөзінің мағынасы түркі тілінде құру, жоқ болу, құрдым болу деген сөз. Бұл орынды өлгенше ханның бір әйелі күзеткен. Алайда В. В. Бартольдтың бұл пікірі күмән ретінде ғана айтылады. Ұлытау төңірегінде жерленбеген деп кесіп айтпайды.

Ал тарихи дерек Жошы ордасының алғашқыда Ертіс бойында болғанымен, кейін Ұлытауға көшірілгенін айтады. 1246 жылы келіп қайтқан Пано Карпинидің айтуында Жошы ордасы Алакөл маңында болған. Алакөlden Ұлытаудың алыс емес екені белгілі. Оның үстіне ауызша да жазбаша да деректерде Жошының жақын-жұрағаттарының қабірі Ұлытау төңірегінде жатыр. Сарысу бойындағы келінтам мазары Жошының кіші тоқалының бейіті екен дейді (А. Х. Марғұлан. Археологические разведки в бассейне р. Сарысу. Вестник АН КазССР. А-А., 1947, № 7. 19-бет). Ал Болған-ананы академик В. В. Бартольд Жошы ханның қызы дейді (В. В. Бартольд. Сочинения. 8-том, М., 1973. 101-бет). Жошы хан мазарының іргесінде тұрған Домбауыл кешенін иемденіп жатқан Домбауыл мерген жазба деректе де, ауызша аңыздарда да Шыңғыс хан мен Жошы ханның сақшысы, сүйікті жақыны еді дейді.

Осы деректердің барлығын қорыта келіп, Орта Азия тарихшысы, әрі ақын Хафиз Тыныштың дерегіне ден қоюға болады. Жошы хан мазарының Ұлытау төңірегінде екенін Хафиз Тыныш еш күмәнсіз жазып кеткен (Материалы по истории казахских ханств XV—XVIII вв. А-А., 1969. 275-бет). Ал Абдрақ Самарқани Жошының Кеңгір бойына жерленгенін тәптіштеп жазады.

Ертіс бойынан бастап, сонау Орал тауына дейінгі жердің билігін бір өзі жүргізген Жошы ханның Ұлытау топырағын жамылуы себепсіз емес. Алдымен — Жошының мінез-бітімі, тіршілікке деген түсінік талғамы ден қойдырады. Ол өмірді қарапайым болмыс-көрінісінде сүйе білген. Әсіре-қызылдан, мәжбүрлік-міндеттен ада даланың ойын-сауығына, аңшылық-саятшылығына, асыл өнеріне ғашық болған. Бұған қоса Сахараның еркін өмірі, думанды көш-қоны, саяқ батырлары да көңілінен шығып отырған. Ол үшін шаһардағы алтын тақтан да киіз үй ішіндегі құндыз бөстек жамбасына жәйлірек тиген. Мұның өзі сарыарқадағы арғын, найман, қыпшақ, керей, уақ сияқты рулармен, былайша айтқанда, көз көрген, сыралғы жұрағатымен өмірінің денін бірге өткізуге себепші болған.

Жошының құлай беріліп, қатты қызықтайтыны: қызу сәттері көп аңшылық-саятшылық, әнші-күйші, ақын-жыраулар айтысы, мерген-палуандардың белдесуі, ат ойыны мен бәйге-бәсекелер. Академик Әлкей Марғұланның айтуынша Жошы қазақ даласындағы серілік дәстүрдің негізін салған.

Мұның бәрі де, айналып келгенде, Шыңғыс ханның

ындынына қанағат бермеген, сонсоң қанды қолын Жошыға сермеген деген ойдың дәйектілігіне саяды.

Әрине, бұл ескерткіш бүгінгі ұрпаққа Жошы ханның мазары болғаны үшін ғана құнды емес. Жошы хан заманынан жеткені үшін, сол замандағы қара халықтың ақыл-ойын, шеберлігін, маңдай терін бойына сіңіргені үшін құнды.

Тарихшы, саяхатшылар Жошы хан мазарына ертеден-ақ назар аудара бастаған. Ең алғашқы жазба дерек Шайбани әулетінен шыққан Абдулла ханның (II) сарай ақыны, тарихшы Хафиз Тыныштың еңбегінен белгілі. Ол өзінің 1589 жылы бітірген „Шараф-намайи-шахи“ („Абдолланама“) атты кітабында Абдулла ханның (II) қазақ даласына шабуылын, бұл жорықта олардың Сарысу бойына дейін келгенін айта келіп: „Сол айдың 6-сы күні (1582 жылдың 30 апрелі) сенбіде Жошы хан мазарының алдындағы сарайға келіп хан тізгін тартты“, — дейді (Материалы по истории Казахских ханств XV—XVIII вв. А-А., 1969. 277-бет).

Мұнан кейінгі бір дерек XIX ғасырдың екінші жартысындағы жазбалардан кезігеді. Оңтүстік Қазақстан Россияға қосылар алдында (1860) орыс офицерлері Омскіден бастап Сарысу, Шу өзендеріне дейінгі байтақ алапты шолып қайтқан болатын. Осы шолғыншылықтың нәтижесінде Г. Н. Потанин біраз жазба деректер қалдырған. Әсіресе, Ұлытау төңірегін басып өткен жасақтың дерегі тәптіштеліп жазылған. Міне, осында Жошы хан мазары айтылады.

Хафиз Тыныштың „Шараф-нама-йи-шахи“ кітабын өткен ғасырдың орта тұсында белгілі ғалым В. В. Вельяминов-Зернов орыс тіліне аудару арқылы, бұл кітапты бүкіл Еуропа ғылымына әйгіледі. Міне, осы кітапты аудару барысында В. В. Вельяминов-Зернов: „Жошы хан мазары сол далада әлі де тұр ма екен?“ — деп таңырқай сауал қояды.

Сарыарқадағы тарихи ескерткіштер туралы мол материал жинақтаған кісінің бірі подполковник Н. И. Красовский болатын. Ол кісінің айырықша көңіл бөліп, назар аударғаны соншалық, осынау қаптаған ескерткіш белгілерді тарихи жүйеге бөлуге талпынады. Рас, қателік, кемшіліктері де болды. Осы еңбектерінде Н. И. Красовский Жошы хан мазарын көзімен көргенін, ерекше сымбатты көк күмбезінің барын жазады.

Патшалық Россияның геодезисі, Бетбақдаланы Сарысу бойымен кесіп өткен Ю. А. Шмидт 1889 жылы Жошы хан мазарын көзімен көргенін жазса, белгілі ғалым В. В. Бартольд 1900 жылы Петербургте отырып Жошы

хан мазарының Ұлытау маңында екеніне күмән келтіреді ("Туркестан в эпоху монгольского нашествия"). Алайда, 1903 жылы жарық көрген Россияның толық географиялық жазбасында (XVIII том, 355-бет) Жошы хан мазарының қазіргі орыны дәл көрсетілді.

Ұлытау төңірегіндегі тарихи ескерткіштердің молдығына, олардың маңыздылығына алғаш назар аударған белгілі ғалым Қаныш Сәтбаев болатын (К. И. Сәтбаев. Доисторические памятники в Джезказганском районе. "Народные хозяйства Казахстана" 1941. № 1, 71-72 беттер). Академик Қ. Сәтбаев Ұлытау маңындағы ескерткіштердің аса мәнділерін суреттеп таныстырумен бірге, олардың тарихи негіздерін де саралап құнды пікірлер қалдырды.

1946 жылы Әлкей Марғұлан бастаған археологтар Ұлытау маңындағы тарихи ескерткіштерді, оның ішінде Жошы хан мазарын жан-жақты зерттеп қайтты. Мұның өзі Жошы хан мазары тарихының бұрынғы-соңғы зерттелуіндегі ең құнды, ең маңызды мағлұматтар бере алған зерттеу болды. Осыдан кейін кешікпей-ақ Жошы хан мазарын қалпына келтіру шаралары да белгіленді. Суретшілер мазар бейнесін сала бастады. Сәулетшілер (Г. Г. Герасимов) жөндеу, қалпына келтіру шараларына жедел кірісіп кетті. Алайда, осынау алғашқы ғылыми пікірлерден кейінгі дүр еткен құлшыныс, өкінішке орай, ешқандай нәтижесіз, аяқсыз қалды. Г. Г. Герасимов бастаған архитекторлар тобы кезінде мазардың бұрыш-бұрышына, кірер аузына жөндеу жүргізген болды. Бірақ соның өзі ғылыми реставрацияға үш қайнаса сорасы қосылмайтын, жыртыққа жапсырылған жамау сияқты еді. Мазардың 22 x 26 x 5 сантиметрлік кірпішін (бұл бір ғана үлгісі) осы күнгі стандарт кірпішпен алмастырып қалады. Тіптен, кірер ауыздың күмбез маңдайшасына ағаштан тіреме салып, бүлдіре қалаған. әрине, бұл тарихқа да, тарихи мұраға да қиянат еді.

1973 жылы Қазақ ССР Мәдениет министрлігі Жошы хан, Алаша хан, Аяққамыр, Домбауыл сияқты тарихи ескерткіштерді қалпына келтірудің жобасын жасап қайту үшін арнайы экспедиция жасақтады. Олар Ұлытау маңында назардан тыс шашырап жатқан мол тарихи ескерткіштердің сол кезде қандай күйде екенін мұқият жазды, геодезиялық түсірімдер жасады, фотоға түсірді, жобаларын сызды. Бірақ сол талпыныс нақты іспен дәйектелмей, тек игі ниет күйінде қалып қойды.

Жошы хан мазарының бүліне бастағандығы жөніндегі алғашқы дерек геодезист Ю. А. Шмидтің жазбасынан

белгілі. Бұл өткен ғасырдың соңын ала айтылған пікір еді. Онда мазардың алдыңғы жағындағы көкжолақ бояудың бары айтылады. Осы төрткүл жолақта жазу болады екен. Сол жазуды 1911 жылы Атбасар оязы Далалық өлкенің генерал-губернаторына көрсету үшін қопарып алған (А. Х. Маргулан. Археологические разведки в Центральном Казахстане. (1946). Известия АН КазССР. № 49, Серия исторический. 1948. 4-басылым).

Жергілікті тұрғындардың айтуында 1927 жылы Шоң деген біреу қазына іздеп мазардың ішіндегі қос мүрдені қазған. Бұл мүрделердің бірінде Жошы хан, екіншісінде Жошы ханның бәйбішесі — Керей Тоғрул (Тоқру) ханның інісінің қызы Бектумыш жерленген.

Соңғы жылдарға дейін мазардың ішінде „1250 жыл (1833—1834) деген жазуы бар, көпбұрышты жұлдызша қашалған мәрмәр тас болатын. 1974 жылы бұл тасты да біреу алып кетіпті. Мазардың ішінде қолдан құйылып, мүрдеге қаланған төрт бұрышты кірпіш бар. Салмағы 20—30 килограмм. Кірпіш бетіне араб әрпімен “Жошы” деп жазылған жазуды ажыратуға болады. Бұл да мұқият сақтайтын белгінің бірі. Алайда, мазар ішіне кіріп үйездеп тұратын саяқ жылқының тұяғы немесе қадырын білмес жолаушының қолы бұл кірпішті сындырып кетуі оп-оңай. Жошы хан мазарының төңірегінде 20—30 шақырымнан кейін ғана елді мекен кезігеді.

Иә, мазар қатты тозған. Күмбезінің жоғары жағы опырылып ішіне түскен. Сыртын жауын-шашын айғыздап, қабырғасы отыра бастаған, қисайғандықтың да белгісі байқалады...

Жошы хан мазарының салынған мерзіміне қатысты бірер ауыз пікір айта кеткен жөн. Тарихтан белгілі, 1227 жылы Жошы хан өлді. Арада санаулы-ақ айлар өткенде Шыңғыс хан дүние салды. Бұл екі өлімнің қатар келуі Шыңғыс хан әулетін ғана емес, найзаның ұшы, білектің күшімен орнатқан байтақ империяны есеңгіретіп кеткен еді. Ал Жошы өлген жылы, тіптен келер жылы да мына сияқты қызыл кірпіштен зәулім мазар соғып, бирюза бояумен сырлай қою көшпелілер арасында оңай шаруа емес еді. Осы орайда Жошы ханның ізбасар ұрпақтарының жай-жапсарына үңілу біраз жағдайда аңғартатын секілді.

Жошы хан мұсылман дінін қабылдамаған. Сөйте тұра мұсылман дінімен күреспеген, тіреспеген. Жошы өлген соң таққа Бату (1208—1255) отырды. Бату жасырын мұсылман дінін қабылдап еді деп жазады Жузжани. Алай-

да Еділ бойында қайтыс болған кезінде монғолша жерленген.

1255 жылы Жошы ұлысының ханы Батудың інісі, Жошының үшінші ұлы Берке болды (1255—1266). Берке Дешті-Қыпшақ арасында туған. Жошы хан анда жүріп Беркенің туғанын естігенде: „Мен бұл балаға мұсылман тәрбиесін беремін, кіндік шешесі мұсылман болсын“ депті. Ата тілегі шынында да Беркені мұсылман етіп шығарған. Берке хан болған соң 30 мың әскеріне жұма намазын енгізіп, әр жауынгердің жайнамазы болуын бұйырған екен. Аруақтарға мінәжат етіп отырған (В. Г. Тизенгаузен, Көрсетілген еңбек. 14—17 беттер).

Рашид-ад-Диннің айтуынша Берке хан жорық кезінде 1267 жылы Терек өзенінің жағасында дүние салған. Осыдан кейін-ақ таққа таластың ырың-жырыңы басталды. Беркеден кейін хан болған Менгу-Темір (1267—1283) Жошыға мазар тұрғызудан гөрі өзінің тақтан айырылып қалмауын көбірек ойлады. Мұнан әрі тарихи аренаға Өзбек ханның шыққанын көреміз. Ол Жошы ұрпағымен жағаласып өткен. Осы бір тарихи кезең Дешті-Қыпшақтың даласындағы биліктің тізгінін тұқырта ұстай аларлық тұлғаның көріне қоймаған шағы.

Бұл келтірілген қысқа қайырым шолудың аңғартары — Жошы хан мазары Берке хан тұсында салынбады ма деген ойды білдіреді. Жузжанидің айтуында Берке мұсылман ғұрыпына қатты берілген, аруақтарға айырықша бас иетін адам болған. Мұнан шығар қорытынды, Жошы мазары 1227—1255 жылдардың аралығында салынды деген ойды көлденең тартқызады.

Жошы хан мазарын салысуға Дешті-Қыпшақ даласындағы белді рулардың бәрі де қатысқан. Мұны мазар ішінде, кірпіштерінде күні бүгінге дейін сақталған отыздан астам ру-таңбаларынан айқын аңғаруға болады. Бұл таңбаларының басым көпшілігін найман, арғын, уақ, керей, дулат, тарақты, табын сияқты рулар мен төре тұқымы қалдырған. Мұның өзі кейін қазақ халқының негізін құраған үш жүздің де руларының мазар құрылысына қатысқанын көрсетеді.

Сегіз ғасыр бойы небір тарихи өзгерістерді, жеке адамдардың небір сұғанақ қол әрекеттерін, табиғат құбылысының небір аласапыранын бастан өткеріп, Жошы хан мазары бүгінгі күнімізге жетіп тұр. Тарихтың, мәдениеттің асыл айғағы ретінде бұл ескерткішті әлі де алдағы талай ұрпақтың тамашалай беретіні сөзсіз.

103. ДОМБАУЫЛ ДЫҢЫ. Қазақстандағы ең көне ескерткіш нұсқалардың бүгінгі күнімізге жеткен бір үлгісі осы Домбауыл дыңы. Бұл ескерткіш Кеңгір өзенін бойлап Жезқазғанның солтүстігіне қарай 50 километр жүргенде кезігеді. Жошы хан мазарынан дауыс жетер жерде тұр.

Домбауыл дыңының табаны төрт бұрышты болып төселгенімен, көтеріле келе күмбезге ұласып кеткен. Бұл дегеніңіз, Қазақстан мен Орта Азиядағы орта ғасырда етек алған сәулет үлгісі болуымен айырықша мәнділігін айғақтайды. Ал Домбауыл дыңы ең бері қойғанда он-он үш ғасырлық уақытты бастан кешкен құрылыс, Дыңның биіктігі 9—10 метр. Солтүстік және оңтүстік иығында терезелері бар. Қаланған материалы жергілікті жердің қызыл сұр граниті, тас арасына бие сүтіне иленген лай салынып қаланған. Тастарының жел-құзға мүжілуі бар, бірақ қалауының көбесі сөгілетін емес. Әлі де мейлінше берік тұр. Қабырғаларының қалыңдығы екі метрдей болады. Жалпы құрылысының бітім-тұлғасы мейлінше қарапайымдылығымен, беріктігімен қайран қалдырады. Сол беріктік, қарапайымдылық көрер көзге мәңгілік тегеурінді күштің үлгісіндей көрініп, ескерткіш асқақтап, тұлғаланып кеткендей әсер береді.

Бұл тектес ескерткіш белгілер Қазақстанда көптеп кезігеді. Мәселен, Қозы-Көрпеш — Баян сұлу дыңын алдымен атауға болады. Сол сияқты Балқаштың шығысын ала жүргенде, Ембі өзенін Ақтөбеге қарай бойлағанда, Мезгілсөре маңында, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан өңірінде Домбауыл дыңына ұқсас белгілер көптеп кезігеді. Академик Әлкей Марғұланның айтуында Домбауыл, Қосұйтас, Қарадың, Ұйтас, Жанай, Басқамыр кешендері бір үлгідегі архитектуралық белгілер. Мұның бәрі де Орта Азияға Ислам діні тарағанға дейін пайда болған VI—IX ғасырлар аралығында тұрғызылған ескерткіштер.

Қазақстанның байтақ даласында кезігетін Домбуыл дыңы үлгілес ескерткіштердің мерзімі әркезді қамтыса да, мекен орыны шалғай тұрса да, осы үлгідегі ескерткіштердің өн бойынан бір дәстүрдің сілемін, ұқсастығын аңғару қиын емес. Мұның өзі көшпелілер арасында кигіз үйге ұқсаған ескерткіштердің қазақ даласында ислам діні тарағанға дейін-ақ орнығып, қалыптасқанын айқын аңғартады.

Ел ішіндегі „дің“, „діңгек“, „дың“ деп аталатын сөздің мағынасы осы Домбауыл кешені сияқты құрылыстың үлгісін айтады. Мұндай құрылыстардың бітімін XIII

ғасырда қазақ даласына келіп қайтқан жиһанкез Рубрук жазып кеткен.

Домбауыл есімі тарихи жазбаларда да, аңыз-әңгімелерде де мол ұшырасады. В. В. Радлов жазып алған аңыздағы Тохтағұл мерген, Г. Н. Потанин жазып алған Шыңғыс хан туралы аңыз, А. Янушкевичтің Құнанбайдан естітін аңызы — бәрінің негізі бір. Бәрінде де сандық ішіме салып, суға ағызылған қыз, ол қыздың нұр сәуледен жүкті болуы, оған Домбауыл мергеннің үйленуі сөз болады. Ал, „Монғолдың құпия шежіресінде“ Шыңғыс ханның Домбауыл мергеннен тараған ұрпақ екені шежірелік жүйемен таратылып айтылады. (Монғолдың құпия шежіресі. Өлгий 1979. 23—25-беттер.). Домбауыл есімі қазақ ру шежіресінде де, жыр-толғауларында да жиі кезігеді. Тіптен, осындай жыр-толғаудың бірінде Домбауылдың руы Қият екені айтылады. Енді бір аңыз әңгіме Домбауылды дәулескер күйші ретінде суреттейді. Ұлытаудың батыс өңіріндегі Сарын шоқысы Домбауылдың сарын шығаратын, күңіретіп күй тартатын мекені болса керек. Осы орайда Қорқыт туралы аңыз әңгімеде Домбауыл есімінің қосарлана айтылуы тегін еместігі, Қорқыт сияқты ұлы күйші терең ойшылдың жұбаныш табар серігі болмады ма деген ойды көкейге ұялатады. Домбауыл жаз айларында Қара Кеңгірдің шалғынды алқабына киіз үйді тігіп тастап отырады екен. Түңілігінен үнемі қобыз сарыны шалқи көтеріліп, естіліп тұрады екен деп келетін әңгімені көнекөз қарттар күні бүгінге дейін айтып отырады.

Домбауыл кешені туралы зерттеу еңбектер жазып, алғаш ғылыми құнды пікірлер қалдырған ғалым Шоқан Уәлиханов.

Ал Қазақстан ғалымдарының ішінен Қ. Сәтбаев, Ә. Марғұлан, М. Левинсон, Т. К. Басенов, Г. Н. Новожилов, Г. Г. Герасимов сияқты зерттеуші, тарихшылардың еңбектерін атауға болады. Рас, кейбір пікір жорамалдың ішінде қателік, кемшіліктер де кездеседі. Мәселен, Т. К. Басенов Домбауылдың XVI—XVIII ғасыр құрылысы дейді де, дәлел ретінде сол кездегі жоңғар шапқыншылығының кесірінен әсемдеп салудың мүмкіндігі болмап еді дегенді айтады (Т. К. Басенов. Архитектурные памятники в районе сам. Вестник АН КазССР. 1947. 17—18 беттер; Т. К. Басенов. Орнамент Казахстана в архитектуре. А.-А., 1957. 17-бет.). Бұл әрине, жаңсақ пікір. Мұндай логикаға дес берсек қазақ даласында құрылыс өнері болмауы керек. Өйткені бұл даланың мамыражай тыныш болған кезі жоқ.

Домбауыл дыңының тарихи орыны, архитектуралық мәні, дәстүрлі негізі туралы жан-жақты ғылыми пікір айтқан ғалым Әлкей Марғұлан. VIII ғасырдың орта тұсына қарай Түркі қағанаты құлады да, Орталық Қазақстанның байтақ даласын оғыздар мен қыпшақтар секілді түркі тайпалары қоныстанып қалды. Ал олардың бұрыннан орныққан дәстүрі бойынша өлген адамдарына орнатылатын бейіт-белгілері кигіз үй бітіміне ұқсас болған. Есігі шығысқа қараған. Қазірге дейін, қазақтар киіз үйдің есігін күннің шығысына қаратып тігеді. Яғни, көшпелілердің ұғымында киіз үй сияқты шағын әлемді, шағын көк күмбезін өлген адамның басына орнату арқылы аруаққа айналған адамның екінші өміріне жағдай жасалған.

Соңғы жылдары Домбауыл дыңын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Сөз орайында Қозы Көрпеш — Баян сұлу кешеніндегі емес, Домбауыл дыңына біліктілікпен де, жауапкершілікпен де сәтті реставрация жасалғанын атап айтуға болады.

104. ЭНШІЛІК ДӘСТҮР. Эн өнері жеке адам сезімінен бастап тұтас халық тағдырына дейін сергек үн қосуға мейлінше оңтай. Адам қоғамындағы үлкенді-кішілі барша құбылыс әнге арқау бола алады. Ұлы Абай ән өнерінің бұл қасиетін:

„Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең”. —

деп түйіндеген.

Қазақтың ән өнері, оның көл-көсір мол нұсқалары өзінің өн-бойына айырықша қастерлі қасиеттер жинақтай отырып, шын мәнінде халық болмысының шежірелі сазы бола алған.

Кейде творчество адамына замана тұлғасын сомдау керек, өлмес өнер тілімен уақыттың портретін жасау керек деген талап қойылады. Алайда, рухани үрдістердің қай-қайсысы да ең алдымен заманалық нәтиже екенін, уақыттың айғағы болатыны да қаперде бола бермейді. Көркем өнердің барша болмысы тарихи-әлеуметтік жағдайдан тыс болатын үрдіс емес. Тұтас бір тарихи кезеңдерде рухани құлдыраулардың, тіптен рухани ақтаңдақтардың болғаны өнер шежіресінен белгілі. Яғни, өнер түрлері өзінің шырқау биігінде де немесе жербауырлап құлдыраған кезінде де тек қана өз уақытының айғағы болып қалатыны кәміл. Өнердің осынау заңдылығы қазақ әндеріне де жат емес. Қазақ ән өнерінің тек қана музыка-

лық бітіміне назар аударып қоймай, оның тарихи тек тамырына ден қойып, халықтың қатпарлы өмір жолындағы белгі-нышандарын бажайлауға көңіл аударған абзал. Халықтың алыс кезеңдерден бастау алған тарихымен рухани мұраларды шендестіре қарау ең алдымен сол өнер түрінің даму, жетілу диалектикасын саралауға дес берсе, екіншіден — халықтың өмір жолын жалаң хронология тұрғысында емес, тарихи-әлеуметтік құбылыс ретінде өнермен де шендестіре тануға мүмкіндік береді. Конфуци айтты дейтін тұжырым бар: „Егер белгілі бір елдің ахуалын білгің келсе, сол ел адамдарының жөн-жобасын танығың келсе, алдымен әніне құлақ түр” депті. Ал, Конфуцидің ізбасары Сюнь-цзы: „Егер музыкасы салмақты да сабырлы сазымен баураса, ол халық — ұжымы жарасқан бақытты халық, егер музыкасы сырбаз да сыршыл болса, онда ол халық кісілікті сүйеді, бүлік шығармайды, егер музыкасы есіңнен айыра еліктіріп әкетсе, сонысымен қауіпті, себебі ондай музыкаға ден қойған халық кісіліктен жұрдай болып, жақсылықты жат санап, күйкілікке көңіл жұбатқыш болып алады... Музыка арқылы біз халыққа жол нұсқаймыз. Сондықтан да музыка — адамдарды басқарудың ең бір сыннан өткен құралы” дейді (“Музыкальная эстетика западноевропейского Средневековья и Возрождения”, М., 1960, 14-бет).

Осынау ой жосықтары музыканың халықтантқыштық, халықтәрбиелегіштік және тарихи-шежірешілдік қасиеттеріне мән беріп отыр. Демек, қазақ әндерінің төл сипатын халықтың тарихи болмысымен сабақтастықта қараудың мәні зор.

Қазіргі музыка зерттеуші ғалымдардың тұжырымына қарағанда музыка тілі халықтың рухани мәдениетінің ішіндегі ең бір тұрақты айғағы, өзгеріске оңайлықпен ұшырай қоймайтын түрі болып есептелінеді. Славян музыкасының тарихи тегін зерттеуші ғалым В. Гошовскийдің: „Тарихи жағдайға орай ассимиляцияға түскен белгілі бір халық басқа бір халықтың өлеңдерінен гөрі заттық мәдениетін, тіпті тілін әлде қайда оңай игереді” деген тұжырымы назар аударады.

Қазақ ән-өнерінің тарихи тек-тамырына әзірше байсалды барлау жасала қойған жоқ. Қазіргі танымның деңгейі „ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама” кезінде туған „Елім-ай” әнінен әріге бойлай алмай келеді. Аспапты музыка ретінде оқшау жанр болып орныққан қазақ күйлерінің мың жылдық, тіптен одан да көне („Ақсақ құлан” „Қорқыт”, „Ел айрылған” т. б.) тарихының бары

белгілі. Бұл жағдайлар ән өнерінің де тек-тамырын аршуға ынтықтыра түссе керек. Басқасын былай қойғанда, XVIII—XIX ғасырлар мен XX ғасыр басында дүниеге келген әндердің тек қана әуендік ерекшеліктеріне ден қойып қоймай, оларды уақытпен шеңдестіре қарауға мән беретін кез келген сияқты. Әсіресе, музыка мен сөз өнерінің XIX ғасырда аста-төк болып ақтарылып, қазақ халқының рухани әлемдегі айырықша жаңғыруында сыр бар. Ең кереметі, шын мәніндегі төлтумалық (самобытный) сипаттарымен ұлттық мәдени болмысты даралап, біржолата орнықтыратындай қуатқа қандай тарихи-әлеуметтік жағдай себеп болды?

Музыка зерттеуші белгілі совет ғалымы В. Виноградовтың түркі халықтары музыкасын тарихи бітім тұрғысында жүйелеуі назар аударады. В. Виноградов түркі халықтарының музыкалық фольклорын саралай отырып, мынадай бес жүйе ұсыныпты:

1. Музыкалық байланысы бар армян-азербайжандар,
2. Музыкасында монғол және мари музыкасына ұқсас қасиеттер бар татарлар, башқұрттар, кейбір алтай жұрттары, ойраттар, тувалар,
3. Тәжік музыкасына ұқсастығы бар өзбектер,
4. Қазақтар мен түркімендер,
5. Қырғыздар мен хакастар және бірсыпыра алтай жұрттары.

Осы жүйелеу бойынша қазақ музыкасында байырғы түркілік диалектінің бар екендігіне зерттеуші назар аударған. Әрине, бұл игілікті талпыныс.

Қолға түскен санаулы ғана фольклорлық айғақ аясында тұжырымдалған осынау ой ұшқыны айтылған қалпында қалмай, қарпып зерделейтін ауқымды да байсалды зерттеу объектісіне айналғаны жөн. Бұл орайла, ән мұраларын этникалық шежіремен шеңжестіре саралап, қажет болса көрші ру-тайпалардың, ел-жұрттардың тарихи-әлеуметтік, мәдени-рухани байланысы тұрғысында қарастыру жақсы нәтиже беруге тиіс. Сонан соң ән мектептері, олардың типтік және типологиялық қасиеттері білікті жүйеленсе, тарих қатпарларының рухани жік-жапсарын айырудың сәті түспек.

Жасырары жоқ, күні бүгінге дейін қазақтың ән өнерін саралағанда көшпелі өмір салттағы саяси-әкімшілік жағдай тудырған жүздік бөлікке орай үш жүзде үш ән мектебі болды деп оңай қайыра салушылық байқалады. Мұндай саралаудың ұшқарылығына көз жеткізу үшін, қазақтың үш жүзге бөлінуі әлеуметтік—этикалық бөліну емес

екенін пайымдаса да болады. Ал, барша өмір салты мен арман-аңсары (идеалы) біртұтас қазақ халқының мәдени-рухани бөлшектенуі тіпті де мүмкін емес. „Ақсақ құлан“ күйінін Алтай мен Атырау арасында бір қолдан шыққандай тартылуы — рухани ұлы тұтастықтың айғағы. Тек ән мен күй емес, тілдегі, дәстүрдегі, моральдық-этикалық нормалардағы, көшпелі өмір салтындағы ортақтық ең алдымен біртұтас елдіктің жарқын айғағы болды. Демек, рулық, жүздік құрылым, әсіресе соңғы төрт-бес ғасырда саяси-әкімшілік сипатта болғанын пайымдау рухани мәдениеттің біртұтас болмысын тануға дес береді. Бұл тұтастық ұлт мәдениетінің орныққан, төлтума бітім иеленген, типологиялық бір арна тапқан қасиетін танытады. Ал енді, біртұтас рухани әлемнің ішіндегі үлгілерді, түрлерді, мектептерді, тіптен ағымдарды халықтың этникалық әр тектілігі деп қарауға әсте болмайды. Өсу, даму үстінде болатын үлкен өнер қашанда үлгі-қалыбының байлығымен, мазмұнының өміршеңдігімен дараланады.

Олай болса, қазақтың музыкалық мұрасы, оның ішінде ән өнері дәл қазіргі жинақталған қыруар айғақтың негізінде үш мектеп емес, басы ашық бес мектепке бөлінеді деп тұжырымдауға негіз бар. Бірінші, Қазақстанның орталық және солтүстік өңіріне тән әншілік мектебі. Екінші, Қазақстанның оңтүстік және Жетісу өңірін қамтитын әншілік мектебі. Үшінші, Қазақстанның батыс өңірін қамтитын әншілік мектебі. Төртінші, Сыр бойының әншілік-термешілік мектебі. Бесінші, Қазақстанның шығыс өңірін, Баян Өлке және Шығыс Түркістанды қамтитын әншілік мектеп. Бұл жіктеулер музыкалық өлшемді дәлелдермен де, естір құлақтың талғам-танымымен де өзіндік бітім-қасиеттері жеке-жеке әуен-сазын, қайырым-нақысын айқын айғақтай алады. Алайда, осынау бес отау әншілік өнері кең аяда қамтылып, типологиялық ауқымымен сараланғанын қаперде ұстаған жөн. Себебі бұл бес мектеп өз іштерінде әр алуан айтулы әнші-композиторлардың дарынқуатымен әденеше сала құрап, сан тарау үлгі танытып, өркен жайып жатады. Мәселен, Қазақстанның орталық және солтүстік өңірінде, ғұмыр кешіп, өз өнерінде өзіндік із қалдыра білген Абай, Біржан, Ақан, Жаямұса, Ыбырай, Әсет, Жарылғапберлі, Уәйіс, Ғазиз, Майра, Мәди, Бауаншолақ сынды біртуар дарындар бір-бірінен мейлінше оқшау бітімдегі әнші-композиторлар. Сөйте тұра, олардың өнерін типтік бітіммен ғана емес, типологиялық болмысы-

мен тұтастандыратын ортақ қасиеттің бар екенін жоққа шығаруға болмайды.

Дәл осы сияқты, өз ішінен сан тарау арна құрап, сала-сала үлгі танытатын қасиетті Қазақстанның оңтүстік және Жетісу өңіріндегі, шығысы мен батысындағы, Сыр бойындағы әншілік мектептерден де аңғаруға болады. Бір ғана оңтүстіктегі айтылатын әндердің Қаратау маңында немесе Қазықұрт етегінде, Созақ өңірінде немесе Талас алқабында өзіндік дара иірім-нақыспен шырқалатынын кәнігі тыңдаушы жазбай айырып отырады. Соңдай-ақ, Алатау баурайында дүниеге келген әндер де өзінің ойлы да ойнақы бітімімен таныла кетеді. Сөйте тұра, Қазақстанның оңтүстік және Жетісу өңіріндегі әндердің ортақ қасиеті, сабақтас бітімі ешкімге шәк келтірмейді.

Енді осы бес арна әншілік мектептің біртұтас ұлттық-мәдени айғақ ретінде тұлға танытатыны да зерделі зерттеуші мен зерек тыңдаушыға ден қойғызуға тиіс. Қазақ ән өнерінің біртұтас ұлттық-мәдени қасиеті қандай белгілермен танылатыны сараланса лазым. Әсіресе түпкі тегінің пайда болу, даму, төл бітімді қасиетін орнықтыру жолдарын халықтың қалыптасу кезеңдерімен тұтастықта қарастыру қазіргі талғам-танымға қажет. Осы орайда музыка мәдениетімізге байсалды барлау жасап жүрген дарынды ғалым Болат Қарақұловтың ой-тұжырымы сөз болып отыран проблеманың мәнін аша түседі. „Қазақтың музыкалық тілінің (әуенінің) тарихи даму іздерін табу үшін, — дейді Б. Қарақұлов, — халықтың рухани мәдениетінің басқа түрлері тәрізді, музыкалық творчествосы да қоғамның белгілі бір мұқтажынан туғанын және оны тек қана сол мұқтаждықпен тікелей байланыста ғана зерттеп білуге болатынын ескерте кеткен жөн. Мұның өзі қазақтың халықтық музыка өнері өз бетімен емес, халықтың нақты тарихи талаптарына байланысты, этногенетикалық, әлеуметтік, экономикалық сипаттағы белгілі бір тарихи оқиғаларға байланысты және олардың қапталында өркен жайып, молығып отырды деген сөз“

Б. Қарақұловтың ой-жосығы мейлінше мәнді әрі қазақ музыка мәдениетінің төл бітімді қасиетін саралауда қолқанат боларлық бірден-бір дұрыс бағыт. Музыкалық мол мұраны ғылыми кемел таныммен зерделеу тек қана сол музыка мәдениетінің парқын тануға себепші болып қоймайы, сонымен бірге халықтың тарихи тұлғасын тануға да мейлінше көмектеседі. Қазақ халқының тарихи болмысы әні мен күйінде, тілі мен дәстүрінде, қол өнері мен моральдық-этикалық қалыптарында тұнып тұр. Ән мен күй

өнерін ұлы Мұхтар Әуезовтің „жаңды шежіре“ атауында осындай терең мағына болса керек.

Әзірше қазақ музыкасының жанрға, түрге сараланып бөлінуі ауыз әдебиетінің жанрлық, түрлік жіктеулерін көшірме етуден әрі ұзап шыға қойған жоқ. Рас, көшпелі елдің рухани мәдениетіне тән синкреттілік қасиет өнер түрлерін көп ретте ғажайып тұтастыққа бағындырып отырған. Бір ғана эпостың өн бойында мифтен бастап аңызға дейін, лирикадан бастап эпикалық жырларға дейін, бебеулеген құлақкүйлерден бастап алуан нақысты ән әуездеріне дейін, шиыршық атқан драмалық қақтығыстардан бастап орындаушының актерлік қанатты шабытына дейін алуан түрлі өнер түрлері тұтасып жатады. Соның бәрі де бір ғана мақсатқа бағынып, өмір сүйгіштік, өмір танытқыштық қасиетті ту етіп отырған. Өзінің эстетикалық қарым-қуаты жөнінен рухани мәдениет тарихында айырықша орын алатын мұндай өнерпаздық арнайы зерттеп, парқы мен нарқын анықтауды қажет етеді.

Қысқасы, мәселенің мәні, ән өнерінің жанрлық, түрлік, әуендік қасиеттері тек қана ауыз әдебиетімен қабаттаса жіктелуінде емес. Музыкада да ауыз әдебиетіндегі сияқты тұрмыс-салт әндерінің, еңбек әндерінің, балалар әндерінің болғаны аян. Бақсы ойыны, қыздың сыңсуы, жесірдің жоқтауы, жар-жардың айтылуы, жарапазан сарыны белгілі бір жүйедегі сөзіне қоса ән-әуенсіз болмаған. Сол ән-әуендердің жанрлық, түрлік, өлшемдік бітімдері таза музыкалық сарапқа түсіп, таза музыкалық белгілері анықталуға тиіс. Сонда ғана ән өнерінің төл бітімі халықтың тарихи тұлғасымен тұтастықта танылады. Танылып қана қоймайды, бүгінгі және болашақтағы музыкалық тілдің бағыт-бағдарына мұрындық болады. Ана тілінің төл бітімді тазалықта болуы кез келген халықтың биік мұраттарымен, тарихи жауапкершілігімен ұштасып жатса, музыка тілінің таза болуы да мұндай парасатты жауапкершіліктен шет қалмақ емес.

* * *

Әншілік — үлкен өнер. Қазақ халқының талғам-түсінігі ежелден-ақ әншілікті айырықша дарын деп есептеп, биік өнерге балаған. Айтулы әншілеріне төрінен орын беріп, төбесіне көтере әлпештей білген. Бұл, әрине, бір сәттің ғана қолпашы емес, бір кештің ғана „ой, бәрекеддісі“ емес, бұл — халықтың қателеспес талғамы қалыптастырған ғажайып дәстүрі. Мұндай жақсы дәстүрдің аясы

бұрынғыдан да кеңейіп, өрісі бұрынғыдан да ұзарып отырғаны абзал.

Бір шындықтың басы ашық, кез келген рухани өзгерістер халықтың дәстүрлі өнерін тұғыр етіп қана ілгері дами алады. Халықтың дәстүрден қол үзген өнер бүгіндері әуезе болып жүрген „поп“ „шоу“ музыка сияқты бөгде жұрт өнеріне еліктеуге мәжбүр болады немесе ғұмыры қысқа ағымдарға ұрынады. Еліктеушіліктің дәстүрлі өнерді тәрк етуі былай тұрсын, сол еліктеу жолында нағыз өнер деңгейіне көтеріле алмайды. Өйткені, кез келген еліктеуші сол еліктеген ел өнерінің мәңгілік өкшесінде, жүріп кеткен жолын шиырлап отырады. Демек, әр алықтың дәстүрлі өнерінің шешек ата өркендеуі ғана шынайы рухани толысуға үлес қоса алады.

Осындайда ойды ой қозғайды ғой. Республика жұртшылығы дүлдүл әнші Жүсіпбек Елебековтың алдын көрген, Жүсекеңнің талай шеберлігін бойына сіңірген әншінің бірі Жәнібек Кәрменов екенін жақсы біледі. Сол Жүсекеңнің өзі қай бастаудан нәр алды деп ойлап көруге болады. Жүсекең өзі кешегі исі қазаққа аты мәлім асқан әнші Әміренің, дауылпаз ақын-әнші Исаның, өр әнші Мәдидің, сыршыл әнші Әсеттің алдын көрді. Әсіресе, өзінің туған ағасы Жақыпбектің әншілік өнерінен көп өнеге алған. Ал бұл әншілер өз тұсында нар — Кемпірбай, сал — Біржан, сері — Ақан, үкілі — Ыбырай сияқты саңлақтардың көзін көріп, әнін тыңдаған. Халықтың асыл өнерін мәңгілік ететін де осы сияқты ұрпақтардың, өнерпаздардың, олардың өнерінің сабақтастығы. Бүгінгі тыңдаушы Мәдениет Ешекеев, Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов сынды әншілердің өнерін тыңдағанда кешегі ән өнерінің жарық жұлдыздары Біржан, Ақан, Үкілі Ыбырай, Мұхит, Мәди, Әсет, Әміре, Иса, Кенен, Жүсіпбек, Манарбектер салған ғажайып дәстүрдің жалғасы сияқты қабылдайды.

Егер кең мағынасында елестетер болсақ, адамзат баласы осы уақытқа дейін қол жеткізген барлық қасиеттері үшін алдымен дәстүрге қарыздар. Мұны өнер атаулыдан, оның ішінде әншілік, күйшілік өнерден де айқын көруге болады. Мәселен, бүгінгі күнімізге ту-у сонау VIII ғасырдан Қорқыт сарындарының жетуі, XIII ғасырдан „Ақсақ құлан“ күйінің жетуі, XV ғасырдан Асанқайғының „Ел айрылған“ күйінің жетуі, немесе сонау XVIII ғасырдағы аласапыранның айғағындай болып „Елім-ай“ әнінің жетуі, міне мұның бәрі әлгі айтқан озық дәстүрдің айғағы. Озық дәстүр қашан да өміршең, ол халықпен бірге жасайды.

Ән өнеріндегі дәстүр тек қана әуендік немесе орындаушылық үлгіде көрініс тауып қоймайды. Әннің шығу себебі, ән сөзінің көркемдік үлгісі, шығарушы-әншінің өнер мен өмірге деген сергек араласы дәстүр табиғатының жарқын айғағы ретінде көрініс табады. Бір сәт Қараөткелден шыққан Ғазиз ақынның „Ғазиздің әні“ мен Шыңғыстаудан шыққан Уәйістің „Үш дос“ әніне ден қойып көруге болады. „Ғазиздің әні“ мен „Үш дос“ әндерінде сол әнді шығарушының өз дарынына жалтақсыз сенімнің бары таң қалдырады. „Әнші жоқ Қараөткелде менен асқан“ деп көкірегінде күн нұрындай қызуы бар жан ғана айта алса керек. Сонсоң, осы екі ән де шығарушылық жалпы әншілік дәстүрге мейлінше арқа сүйеп отырады, халықтық ән өнерінің арналы үлгілерін сақтайды. Мәселен, осы екі әннің екеуі де алдымен ән иесінің тегінен, тұрағынан, қабілет-қарымнан хабар береді. Сонан соң ғана арман-аңсарын айтады. Және арман болғанда қандай, мәңгі ескіrmес адал сезім, айнымас махаббат, тозбас достық. Өнердегі дәстүрдің озығы дейтін осы болса керек.

Қазақ халқының әншілік, күйшілік өнерінде Ғазиз, Уәйіс сияқты, Мұхаметжан, Шашубай сияқты, Дайрабай сияқты бірлі-жарым әнімен немесе күйімен ел есінде қалған саңлақ өнерпаздар бар. Көп ретте осындай әнші-күйшілердің кім екеніне, қашан, қай ортада өмір сүргеніне жеткілікті мән беріліп те жатпайды.

Мәселен, жаңағы „Үш дос“ әнін алайық. Бұл әнді әркім-ақ білуі мүмкін. Бірақ сол әннің шығарушысы Уәйісті екінің бірі біле бермейді. Ал, Уәйіс атақты Абай ақынның ет жақын досы болған. Әсіресе, Уәйістің әншілік өнерін Абай қатты қадірлеген.

Сөз орайында Абай мен Уәйіс арасындағы бір ғана оқиғаны айта кетуге болады. Тарихтан белгілі, Ақшатау, Қоңыркөкшедегі болыс сайлауында Керей ішінің Әбен бастаған, Бегіш, Тойсары қоштаған жуан сіңір көкжалдары Абайға қол тигізіп, қамшы жұмсаған ғой. Сонда осы Уәйіс Абайдың үстіне құлап, араша түсіп, қырық қамшы дүреге өз арқасын төсеген екен. Әрине, Уәйістің мұнысы Абай үстіне құлап, Абайға ғана араша түскендік емес, исі қазақ өнеріне араша түсу ғой.

Кейін Керей іші тыныштық бермеген соң, Абай өзінің Ақылбайын жіберіп, Уәйісті көшіртіп алған. Сөйтіп, Жидебай мен Қарауылдың арасындағы Ақтоғай деген жерден қоныс берген. Уәйістің зираты қазір осы Ақтоғайда жатыр.

Міне, сондықтан да әншілік өнер, әншілік дәстүр сөз болғанда, сол өнердің, сол асыл дәстүрдің шығарушысы, айтушы иелері туралы терең біліп отыру қажет. Онсыз асыл өнер жетімсіреп, жүдеу тартып, дәстүрлі тегі барша салтанатымен тыңдаушы жүрегін жаңғырта алмақ емес.

Семей өңірінде Майбасардың Мұхаметжаны деген болған. Үлгі тұтқан әншісі исі Шыңғыс өңіріне мәлім Әмір сал деген кісі. Мұхаметжанның үлгі-өнеге алған, әншілік тәрбие көрген адамы осы Әмір сал болса, әндерінің денін Абайға еліктеп шығарып отырған. Абай дәстүрі, Абайдың әншілік сарыны Мұхаметжан әндерінде айқын сезіліп отырады. Мұхаметжан әндерінде, нақыш-сазында, иірім-қайырымында, тіпті өлеңдік құрылысында да Абай үлгісі, Абай әндерінің өнегесі сайрап жатады. Өкінішке орай ол әндерді бүгінгі әншілердің көбі біле бермейді.

Осы Мұхаметжан әнші туралы ой өрбіткенде халықтың әншілік өнеріндегі тағы бір жақсы дәстүр еске түседі. Қазақ әншілері тек қана ән айтушы болмаған ғой. Көп ретте ол — әрі композитор, әрі орындаушы, әрі сүйемелдеуші, ең бастысы сол айтатын әнінің жайын, шығу тарихын түсіндіруші ғой. Былайша айтқанда, бұрынғы дәстүрде әншілердің үні, дауысы ғана сүйсіндіріп қоймайды, сол әншінің өзі халықтың эстетикалық талғамының жанды айғағы сияқты. Бәлкім ел ішінде әншілердің ереке құрметке бөленуінің бір сыры осында болу керек. Мұндай жақсы дәстүр бүгінгі әншілердің бойында болса, нұр үстіне нұр. Білгеннен, біліктіліктен зиян шегетін әнші болмақ емес. Әнші сұңғыла шежіре болмаса да, сол айтатын әнінің мән-жайын, шығарушысын, шыққан заманын білуге міндетті. Сұлулық сыры ашылмаған ән тыңдаушының жүрегіне де жетпейді.

Өкінішке орай, әннің тек-тарихын білу былай тұрсын, сөзін дұрыс сақтамай, өз талғамындағы ұнаған сөзіне әнді салып алып, төпей беретіндер де төбе көрсетіп қалып жүр. Әрине, мұндай келеңсіздік, әнге ғана қиянат емес, халықтың рухани шежіресіне қиянат, жұртшылықтың талғам-талабына қиянат.

Осындайда бір ғана әнімен халқының жүрегіне жолдама алған тағы бір әнші еске түседі. Ол кешегі Жамбылдың, Исаның, Кененнің тай-құлындай тебісіп бірге шыққан замандас-тұстасы — Шашубай. Өлең сөздің дүлдүлі, ән мен жырдың бұлбұлы, атақты Қошқарбайдың Шашубайы. Шашекеңнің „Аққайыңы“ — қазақ халқының дәстүрлі, классикалық әндерінің үлгісінде шыққан, бір де болса бірегей

ән. Бұл әннің тал бойында шабыттың ауыздықпен алысқан арыны да бар. Мұнда жүректің лүпілі де, уақыттың тынысы да бар. Керек десеңіз тұтас бір кезеңдегі халықтың көңіл күйі де бар. Ең бастысы ақиық Шашубайдың, арқалы Шашубайдың болмыс-бітімі, портреті бар. Міне, ән деген сондай болса керек. Уақыт тынысын әнмен кестелеу тек қана дарыны тегеурінді әнші-композитордың пешенесіне жазылса керек.

Осы орайда қазақ халқының жалпы музыкалық мұрасы, оның ішінде ән өнері, әншілік дәстүрі әлі де болса жеріне жете зерттелмей келеді десек, тырнақ астынан кір іздегендік бола қоймас. Әсіресе, халық музыкасының жанрлық ерекшелігін, көркемдік ажарын ашатын ғылыми тұжырымдар қажет-ақ. Әзірше, „біздерде мынадай бар, мынадай болған!“ деп кеуде қағудан аса алмай жүрміз. Одан қала берсе әннің сөзі мен әуенін, күйдің сазы мен авторын өзіміз бытыстырып алып, өзіміз тарқата алмай қызыл кеңірдек боламыз.

Ғылым дәлдікті ұнатады. Ал халықтың ән-күйін, жыр-толғауларын әріден үңгі зерттеу, бұрын-соңды жазылған үзік-үзік деректер негізінен аспай шырмалу жеткіліксіз секілді. Архивтің ең үлкені — халықтың соғып тұрған жүрегі, ән-күйдің өзі ғой. Соған кәнігі музыка маманының құлағын тосып, тарихшылық, этнографиялық зердемен үңіліп, әлгі асылдың барша болмыс-қасиетін, мекен-тұрағын, үлгі-мектебін, бас иесін, шығу себебін саралай білу қажет. Мұндай орнықты тұжырымға бүгінгі талғампаз тыңдаушы сусап отыр. Мәселен, қазақтың ән мұрасындағы бастаушы әндер, сүйіспеншілік әндер, ерлік-кісілік жайындағы әндер, жан-жануар мен табиғат құбылысы туралы әндер, тұрмыс-салт әндері, эпикалық ән-толғаулар сияқты қасиетін саралап танитын уақыт жетті. Мұның өзі ән қасиетін жыға танып, орнымен айта білуге қажет. Ән тағдыры үшін мұндай танымның мәні зор.

Затаевич жинаған мыңнан астам әннің сөзі бар. Соны неге қалпына келтіріп шығармаймыз. Онда не жоқ шіркін! Өз ошағына жете алмай қор болып жатыр. Ауыз толтырып айтқанымыз болмаса, сол мыңнан астам әннің жүзін білетін бар ма екен?! Айтайын десе сөзі жоқ. Тек нота ғана. Оның өзін іске асырып, кетігін толықтырып жатқандар шамалы. Радиодағы, архивтегі, кітапханадағы, этноэкспедициялар жинаған мұралардағы шаң басқан әндерді қайта тірілту керек. Қазақ әндерінің көп томдық антологиясын шығаратын мезгіл жетті.

Жаңағы этноэкспедиция туралы бір көкейде жүрген ойды да айта кеткен жөн. Кезінде Затаевичтің өкшесін баса мұндай экспедиция жинаған мол мұра Брусилковский, Ерзакович, Хамиди сияқты тамаша музыка мамандарының иелігіне тиді. Оны іс қылуға жұмылған ешкім жоқ. Бұл күнде сол мол мұра әлгі азаматтардың қолында, жеке мұрасы секілді ұмытылып барады. Академия, консерватория, Композиторлар одағы, баспа орындары тізе қосып отырып, жаңағы жеке меншік болып кеткен мол мұраларды игеруге ат салысу керек. Сонда жыл сайын шығатын әндер жинағы сорақы қателерінен арылады, сонда әйгілі „Досмұқасан“ ансамблі „Эупидектің“ сөзімен „Эпитөк“ әнін айтпайтын болады.

Ән өнері, дәстүр сабақтастығы әнші-орындаушыларға да тікелей қатысты. Ән дәстүрі емес, әншілік дәстүр туралы, әншілік мектеп, әншілік міндет жайында ғылыми талғам мен сарап болуға тиіс. Мәселен, ойға тұғыр болу үшін Біржан мен Ақанның үш әніне ден қойып көрейік. Олар: Біржан салдың „Жамбас сипар“ мен „Сырғақтысы“ және Ақан серінің „Құлагері“.

„Жамбас сипар“ болса, Біржанның тоқтасқан шағындағы, артта қалған тәтті дәуренді егіліп еске алуы ғой. Бұл аңсауға толы, кісілігі мол ән. „Сырғақты“ болса өмірдің жақсылығы мен шуағын өнеге етіп айтқан қасиет сияқты. „Өмір қысқа, бірақ оны мән-мағынаға толтырып, қызықты ету өз қолында“ деп тұрған сияқты. Ал, „Құлагер“ болса, бұл — орынны толмас өкініштің жүрек қанын сорғалата жарып шыққан ащы зары. Міне, осы ерекшеліктер ең алдымен орындаушылық шеберлікке, орындаушылық дәстүрге байланысты. Әншілік дәстүр мен орындаушылық дәстүр бірімен-бірі тығыз астасып жатады. Ел — халық болған соң оның ұлттықсазы, өзіндік үн-тілі, әуендік тілі болады. Сол ұлттық әуен, ұлттық нақыш-сазға жеке әншілер арқа сүйей отырып, олар өздерінше өрнек құрайды. Егер бейнелеп айтар болсақ кең-жазира алқапты белгілі бір ұлттың ән өлкесі деп елестетіңіз. Сол ән өлкесіне өскен алуан түрлі гүлдер — орындаушы әншілер сияқты. Сол топырақтан нәр алып өскен гүл, яғни әнші — орындаушы кімнің де болса көңілін қуанта алады. Ал өскен, нәр алған топырағынан тамырын үзген әнші-орындаушы жұлынған гүлмен бірдей.

Ән өнеріндегі бір қызықты дәстүр — айтыс өнері. Осы айтыс өнерін, әсіресе бұрынғы өткен айтыс өнерін бүгінгі таңда радио, теледидар арқылы насихаттау талпынысы байқалады. Жеріне жетті, көңілден шықты деуге ертерек.

Айтыстың небір арқалы үлгілері арттағы ғұмыр жолында жатыр. Мәселен, Біржан мен Сара, Жамбыл мен Айкүміс киноға, теледидарға түспеді екен деп, солардың айтысы насихатталмауы керек пе. Ойланып, мән берер болсақ, бұл жағдайдың орайын келтіретін кейбір қисындар бар сияқты.

Бізде Сәбит Мұқановтың алғы сөзімен шыққан „Айтыс“ деп аталатын үш томдық жақсы кітап бар. Сонда айтыстың мынадай түрлері жіктеліпті: „Салт-әдет айтысы“, „Ақындар айтысы“ „Қыз бен жігіт айтысы“, „Жұмбақ айтыс“, „Мысал айтыс“. Осы жіктеудің өзі-ақ кісіге ой салып, насихаттау мүмкіндігінің жақсы үлгілерін тіленіп тұрған жоқ па?! Әр айтыстың, әрбір айтысқа түсуші ақындардың өзіндік ән сарыны, өзіндік орындаушылық үлгісі болған. Бұл ретте біздегі әншілер де біраз үлес қосып, ортақ істің бір басын сүйесе алар еді-ау деген ой келеді. Бұрынғы арқалы ақындардың бәрінің де өзіндік ән сарындары болған. Олар өз өлеңдерін осы күнгі жазба ақындар сияқты әнсіз оқымаған. Белгілі бір әнге, сазға, мақамға салып айтқан. Ал айтысқа келсек, ол еш уақытта да әнсіз айтылмаған. Белгілі бір әнге, сарынға салып айтысатын болған.

Міне, бұл ретте біздегі әнші-орындаушылар мол қазынаға мән бермей, қыруар байлықты көрмей жүр десек, тырнақ астынан кір іздегендік болмас. Өткен ғасырдағы әншілік өнердің өрнек-нәшін Рабиға Есімжанова мен Байғабыл Жылқыбаевтың айтуында елестетуге болады. Екеуі де дала дыбысын, бояуын таза сақтап қалған әншілер. Екеуінің үнінде дала бас көтеріп, тіріліп шыға келеді. Даусында бөтен ырғақ, бөгде иірім жоқ. Рабиғада ой-сезім мол. Байғабылда дыбыс тазалығы басым. Бұлақ суындай тұнық. Халық әндерінің қайырымдарында көп қолданылатын жұрнақ-жалғауларға еркіндікті мольнан береді. Бар пәле осы жұрнақ-жалғауларда. Кейінгі әншілер жұрнақ-жалғаулардың мұртын ұстараман басты. Сұлулап қырнады. көрер көзді, естір құлақты тұшытып мүсіндеді. Ол Жүсіпбек, Әміре, Қали, Манарбек, Қосымжан, Ғарифоллар. Бұлар әншілік-орындаушылық өнердің, профессионалдық үлгісін қалыптастырды. Әннің мінез-құлқын ашып, ырғақ-иірімін бір жүйеге салды. Сөзін орнықтырды. Олар даланың ән-жыр керуенін қырмызыдай талдап қорғап бізге жеткізіп беріп кетті. Бұлар қоғамның өнерге қойған талап-тілегін биік түсінген жаңдар. Жаңалық атаулыны ұлттық өнердің ең асыл қасиеттерінің деңгейімен қабылдады. Талғам-та-

нымның үлгісін көрсетті. Біртұтас орындаушылар зерделі болғанда, бұқаралық өнердің даму ерекшеліктерінде туған жұрттың бет-бейнесі айқындалмай қоймайды. Бұл, меніңше, басты қасиет болуы керек.

Жақсы дәстүрге саналы зерде қажет. Жаман дәстүрдің жұқпалы аурудай таралуы оңай. Әншінің міндеті — әсем сазды әуенмен тыңдаушыға сұлу сезім сыйлау. Бишінің міндеті — мінсіз қимылмен көз қуанту. Осы күні қуыршақтай киініп алып, көзін ойнатып қазіргі би ырғағымен дөңгелене сабаланып, аз тыңдаушыны мәз қылғанға дәнiккен әншілер төбе көрсете бастады. Олар асыл өнермен өнеге ұсынбайды. Жалған сый-құрмет дәметеді. Біреу үкісіне, біреу түзу сирағына қол соқса, қошамет деп түсінеді. Әрине, мұндай арзан даңғаза — әншілік мектепке дерт.

Бүгінгі әншілердің репертуарлары да жұтаң. Бірінен-бірі сүйреп таласып жамырай салатын төрт-бес әннің төңірегін шиырлап шықпайды. „Ақкербез“, „Еркем-ай“, „Ақерке“ пәлен терме, түген терме. Осылардың өзі қандай жақсы әндер еді. Қазір жұлмалай-жұлмалай тамтығы қалған жоқ.

Соңғы кезде терме, жыр дегенді желеу етіп, небір парасат-пайымға толы өсиет, үлгі өлеңдерін бірыңғай тасыр сарынға салып айту әуезе бола бастады. Терменің жөні осы екен деп, Асанқайғыдан бастап, Мұқағалиға дейін бәрін бір сарынмен желпiддете беруге болмайды. Тым болмаса, әр ақынның өз әнін, өз сарынын өзіне бұйырту керек. Бұл тәртіп сақталмаса, халық мұрасына ғана қиянат емес, тыңдаушы жұртшылыққа да қиянат.

Қазақ әнді негізінен домбыраға қосып айтады. Бұл өзіндік үлгісі бар, ғасырлар бойы шыңдалған, қалыптасқан дәстүр, Ән өнері болса уақытқа жедел үн қоса алатын бір ілкімді, икемді жанр. Ал, домбырамен айтуда халықтың дәстүрлі эстетикалық-философиялық үлгісі бар. Домбырамен ән айту деген сөз — халықтың ғасырлар бойы қалыптастырған асыл дәстүрінен қол үзбеу деген сөз. Сол асыл дәстүрдің көсегесінің көгергені деген сөз. Мұқан Төлебаев, Ахмет Жұбанов бастаған жақсы дәстүр. Садық Кәрімбаевтың сазды әндері, одан берідегі Сыдық Мұхаметжанов, Нұрғиса Тілендиев, Илья Жақанов, Шәмші Қалдаяқов сияқты тамаша композиторлардың творчествосында сәтті жалғасын тауып жүр. Бір ғажабы, домбырамен айтылатын әндер өзінен өзі дәстүрлі әуен сазымен табысып, төлтума қасиетін таза сақтайды. Бұл ретте домбыра аспабын қазақтың дәстүрлі музыкалық тілінің сарапшы-

сақтаушысы десе де болғандай. Композиторларға домбыра сүйемелдеуіне арнап ән шығару осы тұрғыдан да ден қойғызуға тиіс.

Домбыра көмейі жеңіл ырғақ, желөкпе әуен, жылауық сарынды сүзіп тастайды. Ілгеріде құс жолындай сайрап жатқан Ақансерінің сыршылдығына, Біржан салдың, Мұхиттың өр үніне, Жарылғапберлінің, Үкілі Ыбырайдың, Әсеттің сазды әндеріне ұдайы мойын бұрып, сол жақсы дәстүрге жалғас іздеп отыру мейлінше қажет.

* * *

Ақын-жазушылардың әндері. Мұның өзі бүгінгі талғам-түсінікте құлаққа тосаңдау естілуі де мүмкін. Себебі өнер туралы, оның алуан түрлері туралы қазіргі орныққан ұғым бойынша — ақын деп өлең, поэма, баллада жазатындарды, жазушы деп әңгіме, повесть, роман жазатындарды атайды ғой. Ендеше ақын-жазушылардың әндері деген сөздің, сырт тыңдаушыға тосаңдау естілетіні рас.

Алайда шындықтың алдында бәріміз де бас иеміз ғой. Егер қазақтың ақын-жазушыларынан ілуде біреуі ғана ән шығарса, оны кездейсоқтық дер едік. Егер олар шығарған әндер нәрсіз, мәнсіз болса — арнайы тоқталып, сөз етпесте едік. Мәселе, қазақтың ақын-жазушыларының әндері біреу емес, екеу емес, тіптен он емес, жиырма емес, жүздеп саналатынында болып отыр. Ал сан бар жерде қашан да сапа ғана болып қоймайды, халықтың рухани қабілет қарымымен тамырлас заңдылық та болады.

Олай болса қазақтың жыршы-жырау, ақын-жазушыларының әндері арнайы тоқталып әңгіме етуге әбден лайықты.

Халық ақын-жазушыларының әндері мен күйлері рухани әлемдегі шұрайлы да шүйгін өрістердің бірі. Небір сырлы да сұлу, асқақ та ажарлы ақын-жазушылардың көкірегінен шығып, көмейінен күмістей төгілген. Тіптен, тарихи-этникалық аяда зер салар болсақ, қазақ ән өнерін ақын-жазушылардың әндерінсіз елестете алмас едік. Бұл не ғажап! Біреу емес, екеу емес, тұтас бір халықтың рухани әлеміндегі осы бір ерекшелікті кез келген халықтың бойынан кездестіре қою оңай емес. Григорий Николаевич Потанин бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай деп қайран қалғанда, алдымен халықтың осынау ғажайып қасиетіне тәнті болған болу керек. Шынында да ақынының да, батырының да, қойшысының да, қолаңшысының да өлмес өнер тудыра алатын қабілет иесі

болуының сыры неде? Мұнда қандай тарихи-әлеуметтік себептер бар?

XX ғасырдың табалдырығын аттағанша қазақ халқының көшпелі ғұмыр кешкені белгілі. Ал, адамзаттың даму тарихында көшпелі өмір салты да өзіндік ерекшелігі бар мәдениеттің бір үлгісі болып табылады.

Көшпелілер мәдениетінің бір қыры — рухани әлемі болса, оның ішінде өнері болса, сол өнер өзінің синкреттілігімен ерекшеленеді. Яғни, қазақтың „өнерлі“ деген дәстүрлі ұғымының аясына әнші де, күйші де, ақын-жырау да, батыр-палуан да, үйші мен өрімші де, етікші мен зергер де, тіптен шаруаның ығын білетін пысықтар да қамтылып отырған. Халықтың рухани сұранысы мен көшпелі өмір салты бір адамның бойында алуан түрлі өнердің болуын қажет еткен. Ондай сегіз қырлы бір сырлы өнерпаздарды халық тудырған да. Яғни, ақын-жазушылардың ән мен күй шығаратын қасиетін халықтың тарихи-әлеуметтік жағдайы қалыптастырған рухани тегінен іздеу керек. Дәстүрлі өнердің синкреттілігінен іздеу керек. Бұл, әрине, өнердің салаланбай, тұрғандағы балаң кезеңіне мүлде жанаспайтын, көшпелілердің өмір салты дүниеге әкелген дара мәдени құбылыс.

Ой арнасы ақын-жазушылардың әндері туралы болғандықтан, қазақтың жазба әдебиетінің бастау тегінде тұрған тұлғалар еріксіз ден қойдырады. Бұл орайда, әрине ұлы Абай ақын-композитор ретінде алдымен ауызға алынады. Абайдың ұлылығы сол, ол өзінің прогресшіл ойларын халық жүрегіне жеткізу үшін жазу-сызуы тапшы ел ішіне тез тарағыш, жүректерге тез жеткіш — ән жанрына иек артып, соны қару етеді. Абай әнді өзінің рухани тегуірінінің айғағы ретінде шығарып отырған. Бұл ретте, Абай ән жанрын таза сезімдік, көңіл-күйлік айғақтан жоғары көтеріп, оған саяси-әлеуметтік жүк арта білген.

Абаймен қанаттаса, қатарласа жүріп, халқына небір сұлу сазды әндер сыйлаған ақын — Әсет. Әсет әндерінің ғажайып иірім-нақысы, әрі күрделі, әрі мінсіз үйлескен бітім-қалыбы тек қана өзіндік, дара қасиетімен қайран қалдырады.

Жұртшылыққа белгілі Әсет Найманбайұлы төңірегіне алдымен тамаша ақын ретінде танылған. Оның қаламынан 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы „Мұңлы қыз“ атты тамаша поэма туған. Сондай-ақ, шығыс әдебиетінің негізінде жазылған „Ағаш ат“, „Үш жетім қыз“, „Салиха мен Сәмен“ атты қиссалары ел ішінде күні бүгінгі дейін айтылады. Тіптен, Пушкиннің „Евгений Онегинін“ алғаш

рет қазақ тіліне аударушылардың бірі де Әсет еді. Қазақ арасына Әсет аудармасы арқылы Татьяна сынды арулар „Тәтіш“ болып таралған. Қазір де Тәтіш атты қазақ қыздарының есімін жиі кездестіруге болады.

Бүгінде атақты „Әсет“ әнін „Абай“ операсындағы Абайдың ариясынан, „Еңлік-Кебектегі“ Кебек салатын әннен естіп, айтулы ақынның ғажайып әндеріне құрметпен бас иеміз. Әсеттің „Майда қоңыр“, „Мақпал“, „Үлкен Ардақ“, „Кіші Ардақ“, „Зұлқия“, „Мәлике қыз“, „Әсет“, „Қисмет“, „Қаракөз“, „Ырғақтысы“ бірінен бірі өткен сұлу, әуендік нақысы аса бай, сұлу сезімді әндер.

Ал, Әсеттің Кемпірбай көңілін сұрауға барғанда айтқан „Амандасу“ атты толғауы өзінің драмалық серпінімен, эмоциялық қуат-күшімен тыңдаушысын кісілігі биік сезімдерге көтеретін ғажайып мұра. Бұл толғау әсіресе әнші Жәнібек Кәрменовтың айтуында барша көрік қасиетімен көкірекке қонақтайды.

Кемпірбай үлкен, Әсет кіші болса да Арқаның бұл екі ірі ақыны бір-біріне мейлінше қадірлес, айрықша досжар көңілде болған. Бірде, Кемпірбай науқастанып қалып, Әсет арнайы көңілін сұрай келеді. Сондағы қос тарланның тіл қатысуынан қалған белгі кейінгіге Әсеттің „Амандасу“ атты толғауы болып жетті. Бұл толғау — адамға тән асыл сезім мен ардақты қасиеттердің ең асқақ үлгілерін тал бойына тоғыстырған тұтас бір драма. Адам өмірінде көлгірсудің, ішкі есептің, пысықтықтың, бақ пен тақтың қажеті болмай қалатын кезі болады. Ол — адам өмірінің ең соңғы тыныс сәті болу керек. Осындай сәтте адам құдірет өзінің барлық болмыс-жаратылысымен көрінеді. Әсет пен Кемпірбайдың амандасу сәті де қос тұлғаны ең биік сезім мен кісілік тұғырынан көрсетеді. Жай ағынан жарылып көріну емес, екеуінің де кісілігі кесек, арманы асқақ, дарыны дария біртуарлар екені танылады.

Қазақтың ән өнері сөз болғанда осы ХІХ ғасырда туған әндер өнер аспанын айрықша биіктетіп жібергенін аңғару қиын емес. Осынау серпінді рухани толысуға, ақын-жазушыларымыздың қосқан үлесі айырықша.

Көктей шолып, еске түсірер болсақ, жаңағы Абай мен Әсет, Біржан мен Ақан, Иса мен Шашубай, Жамбыл мен Кенен сияқты ақындарсыз бүгінде қазақ әндерін елестетудің өзі қиын. Осы орайда ұлттық өнердің толысуына айрықша ықпал еткен, дарыны тасқан халық ақындарының қалың легі еріксіз ден қойғызады.

Бір ғажабы ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың жапсарында халық ақындары айрықша мол дүрілдеп көрінді де, олар-

дың сан қырлы өнері бүгінгі тарау-тарау профессионал өнер мен әдебиеттің жылдам өркендеуіне мұрындық болды. Бүгінгі өз алдына жеке-жеке отау болып отырған театр, филармония, қазақконцерт, қазақфильм, жазушылар одағы, консерватория сияқты өнер ордаларының бәрінің де шаңырақ көтеруіне халық ақындары айрықша ықпал еткен. Өйткені, осы ғасырдың басында танылған халық ақындарының бойында бұрынғы көшпелі заман өнерпаздарына тән синкреттілік, жан-жақтылық мол болатын. Тіптен, қазақта музыкалық аспаптарда ойнамаған, ән мен күй шығармаған халық ақыны жоқ десек, әсіре сөз емес.

Сонау екі ғасырға куә болған Жамбылдан бастап, Кенен ақсақалға дейінгі аралықтағы ақындардың бәрінің де өз ерекшелігін көрсететін әндері, терме әуендері бар. Мәселен, Исаның желдірмесі дейміз, Қайыптың термесі дейміз, Шашубайдың „Ақ қайыңы“ дейміз, Нартайдың сарыны дейміз, қысқасы бәрінің де өнерпаздығына айғақ-паспорт сияқты тамаша әндері бар. Халық ақындарының алмастай жарқылдаған алуан қыры рухани мәдениеттің төл қасиетіне де айғақ.

Халық ақындары шығарған әндер уақыттың жанды шежіресі болуымен назар аударады. Уақыттың әлеуметтік ахуалынан тыс тақырып халық творчествосына жат. Халық ақындарының ішіндегі ең көрнектілерінің бірі Жамбылды алайықшы.

Жамбыл төкпе ақындығына қоса ғажайып әнші-композитор да болған. Мұның әдемі бір айғағы — „Алғадай“ әні. Бұл кешегі күндей күркіреп өткен Отан соғысында дүние салған Алғадайға арнап шығарған әні. Алайда, осы әннің болмысына зер салар болсақ, бұл — жасы жүзге келген ақынның бауыр етіндей боздағы Алғадайына ғана арналған жоқтауы емес, бұл — соғыс атты ұлы трагедияға, өлшеусіз зұлымдыққа қарсы айтқан лағнет қарғысы да. Жамбыл осы орайда халықтың эпикалық, кең құлашты сарынсазының дәстүрінде қайталай сұңқылдап, үстемелей жететін ғажап әуен таба білген. Бұл, сөз жоқ, Жәкеңнен қалған мол мұраның бір асыл сынығы сияқты.

Халық ақындарының ішінде әншілік-композиторлық тегеурінімен жарқылдай көрінген ақын әйгілі Иса Байзақов. Иса — көшпелілер мәдениетінің ұлы дәстүріне жарқын айғақ болған, сонымен бірге бүгінгі жаңа заманды шабытпен жырлаған, рухани мәдениеттің аса ірі тұлғаларының бірі. Исаның „Құралай сұлу“, „Алтай аясында“, „Ақбөпе“, „Кавказ“, „Ұлы құрылыс“, „Он бір күн, он бір түн“ сияқты поэмалары қазақ поэзиясының алтын

қорына қосылса, оның желдірмелері бүгінгі ән өнерінің де асқақ әуенді, сұлу үлгілерінің бірі деп айтуға әбден лайық. Исадан тамаша-тамаша бес желдірме қалды. Оның қай-қайсысы да „мен Исаның перзентімін“ деп тұрғандай, мінезді, сазды, оқшау болмысымен жүрек баурайды. Иса өнерінің алуан қырлылығы қай кезде де, кімді де болса қайран қалдыруға тиіс. Ол — суырып салма, аса дарынды ақын, ол — ғажап актер. Кезінде М. Әуезовтің „Еңлік-Кебек“, „Бәйбіш-тоқалында“ басты рольдерді ойнаған. Ол — тамаша әнші-орындаушы. Сондай-ақ аса дарынды композитор болғаны да күмән келтірмейді.

Иса өнерін өзінің замандастары жоғары бағалап, айрықша құбылыс ретінде бір ауыздан мойындаған. Білгілі жазушы Николай Иванович Анов Иса Туралы „Ән қанатында“ атты роман жазған.

Иә, халық ақындары туралы бір қайырым әңгімеде жеріне жеткізе сөз қозғау мүмкін емес. Бір сәт көктей шолып көрейікші. Сыр бойынан Нартай Бекежанов бастаған қалың топ еске түсер еді. Олар кешегі Күндебай Алдоңғаров, Жалғасбай Аралбаев, Құтбай Дүрбаев, Жиенбай Дүзбенбетов, Мұзарап Жүсіпов сияқты әрі ақын, әрі актер, әрі әнші, әрі ән-күй шығарушы ғажайып лек қой. Мәселен Отан соғысы кезінде „Нартайдың ансамблі“ деген үлкен творчестволық ұжым құрылып, оның асқақ та әсерлі өнері республикадан тыс жерлерге тарап жатты. Бұл ансамбльде өзінің ғажайып созылмалы әндерімен жұртты аузына қаратқан Нартайға қоса Құтбай Дүрбаев, Күндебай Алдоңғаров сияқты тамаша ақын, әнші, өнерпаздар болды. Құтбай қобыз, сыбызғы, домбыра, сырнай, дутар, дойра, най, рубаб, скрипка сияқты аспаптарды құйқылжыта тартып, әдемі тенор үнімен орыс, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, тәжік, түркімен, өзбек, татар, үнді, ұйғыр әндерін тамаша орындаған. Ал Күндебай „Біз Жетісуданбыз“ фильмінде Өтеннің ролінде ойнаған. Сол сияқты, республикамыздың батыс өңірінен шыққан Сүйінішәлі Жаңбыршиев, Сәттіғұл Жанғабылов, Сапар Нұрымбаев, шығысымыздан Ержан Ахметов, Құдайберген Әлсейітов сияқты халық ақындарының тамаша ән-күйлері болған. Сондай-ақ республикамыздың оңтүстік өңірінен шыққан Жамбыл мен Кенен бастаған тегеурінді топ өз алдына бір арна болып еске түседі. Қалқа Жапсарбаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Балтағұл Бигелдиев, Қалдыбек Әлікұлов, Төреқожа Ханқожаұлы, Отызбай Жұмабеков, Қадыр Ибрагимов сияқты халық ақындары өздерінің ән-күйлерімен жұртшылыққа танымал.

Әрине, республикамыздың оңтүстік өңірінде халық ақындарының ішінде ән шығарудан Кенен алдына түсер ешкім жоқ. Кененнің „Бозторғай“, „Көкшолақ“ „Ақ ешкі“, „Ой бұлбұл“, „Ой жайлау“ сияқты жүзден астам әндері әншілік-композиторлық құдіретін айғақтайтын оқшау мұра.

Ән-күй шығарған халық ақындарының қалың бір легі Арқада жатыр. Кешегі екі ғасыр куәсі болған Доскей Әлімбаев, әйгілі Үкілі Ыбырайдың жиені Тайжан Қалмағамбетов, Москвада этнографиялық көрмеде сонау 23-ші жылдары ән шырқап, жүзде алған Қайып Айнабеков немесе әйгілі Жаяу Мұсамен, Басықараның Қанапиясымен, Ақан, Біржан, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтармен дәмдес, досжар болған Өтемісұлы Құлтума ақын, сондай-ақ сегіз қырлы, өнерпаз ақын Шашубай Қошқарбайұлы — міне бұлардың қай-қайсысы да арқалы ақындағына қоса, кезінде әнші-композиторлығымен көзге түсіп, музыка мәдениетінің бетке ұстарлары болған. Мәселен Тайжан ақын 36-шы жылғы Қазақстан өнерінің Москвадағы онкүндігіне қатысып, „Известия“ газетіне тамаша өлеңі шықты. Сол сапарда „Тайжан әні“ „Ыбырайға“ деген әндер шығарып, онысы кейін пластинкаға түсті. Доскейлер болса сонау 39-шы жылдың өзінде-ақ Қазақ ССР-ының өнерге еңбегі сіңген қайраткері атағын алды, 40-шы жылы „Құрмет белгісі“ ордені берілді. Ал Қайып Айнабековтың отызыншы жылдары шыққан „Шахтерміз“ әні Қарағанды кеншілерінің арасында күні бүгінге дейін айталады.

Осынау қалың лек халық ақындарының ішінде әнші-композитор ретінде Шашубайдың үні айқын, оқшау естіледі. Шашубай ақын ретінде де арынды, кең құлашты суреткер. Бұған оның ұлы Жамбылмен терезесін теңестіріп айтысқа түсуі жарқын айғақ болса керек. Актер-артистігі де ерекше болған, әсіресе ат құлағында ойнап, шауып келе жатқан ат үстінде ұршықтай үйіріліп, қолымен тұратын өнерді, сірә әзірше Шашубайдан кейін ешкім жасай алған жоқ шығар. Ал әнші-композиторлығы болса, Шашубайға бұл өнердің қонғаны сонша, оның әндері әйгілі Ақан, Біржан, Ыбырай, Мұхит әндерімен терезесі тең тұр. Оның әйгілі „Аққайың“ әні өзінің мазмұнымен де, қалыбымен де, әуендік ерекшелігімен де ән өнеріміздің асыл нұсқаларының бірі ретінде ден қойғызады.

Осы орайда мынадай бір ой келеді, қазақ әндерінің көбі, оның ішінде ХІХ—ХХ ғасырда туған әндердің бір

ерекшелігі сол — екiнiң бiрiнiң орындауына көнбейтiндiгi. Сонсоң, әшейiн қымыздың буына шалқып отырып қосылып айтуға да болмайды. Дауыс өресiне қоса дәстүрлi орындаушылық қабiлетi әбден шыңдалған әншiлер болмаса Бiржанның, Ақаның, Мұхиттың, Балуан Шолақтың, Үкiлi Ыбырайдың әндерiн кез келген әншi сала алмайды. Бұл ән өнерiмiздiң иiрiм-нақысына қоса үндiк мүмкiндiктерiнiң де мейлiнше байып-жетiлуiнiң бiр айғағы.

Ән мен күй шығару қазақ халқы ақын-жазушыларының барлық буынында кездесетiн бiр тамаша дәстүр.

Өзгенi былай қойғанда қазақ әдебиетiнiң классиктерi Сәкен Сейфуллин мен Қасым Аманжоловтың әндерi кәнiгi композиторлардың әнiнен бiрде кем емес. Олар халықтың дәстүрлi әндерiнiң озық үлгiлерiнен көз жазбай отырып, көңiлiнен шығармай отырып, өзiндiк тамаша ерекшелiктермен асыл әндер тудыра бiлген. Сәкен мен Қасым әндерiнiң күнi бүгiнге дейiн тыңдаушының құлақ құрышын қандырып, рухани рахатқа бөлеп келе жатуы — олар ең алдымен халықтың әншiлiк тiлiнде ойлап-сөйлеп отырып ән шығарған. Ал, халықтың дәстүрлi мәдениетiн әлпештеп, оның әрiне әр, сәнiне сән қосып, ән мен күй шығару рухани мәдениеттегi сабақтастық деп аталатын киелi қасиет болып табылады. Жасыратыны жоқ, осы күнi дәстүрлi арнадан көз жазып қалған, қай елдiң ән дәстүрiнде шыққанын бiлiп болмайтын, жылауық, бақырауық әндер шыға бастады. Ең қауiптiсi мұндай елiктеп-солықтаудан туған, халықтың классикалық дәстүрiнен мүлде қол үзген әндер радио мен телевидениеге өтiп кеткiш болып барады. Осы орайда талғамды күшейтпесек, рухани асыл дәстүрiмiзден көз жазып қалуымыз оп-оңай. Бүгiнгi әншiлерiмiз домбыраға қосып айтуға келетiн жаңа әнге зәру. Демек, дәстүрлi арнада ән шығу саябыр деген сөз. Мұны кәнiгi композиторларымыз мықтап ойналуға тиiс.

Өнер түрлерiнiң сараланып, өнер жанрларының орныққанына қарамастан қазақ ақын-жазушыларының тамаша ән мен күй шығаратын дәстүрi қазiр де үйреншiктi жай.

Мәселен, Кәкiмбек Салықов, Мұхтар Шаханов, Лия Жақанов, Жәнiбек Кәрменов, Бәкiр Тәжiбаев, Қажытай Ильясов, Жұматай Жақыпбайұлы сияқты ақын-жазушылардың әнi мен күйлерi байтақ республикаға кеңiнен мәлiм.

Мiне, жақсы дәстүрдiң өмiршеңдiгi дейтiнiмiз, ел iшi — өнердiң кенiшi дейтiнiмiз осы болса керек.

Асыл ана, аяулы жар, ардақты қарындас туралы небір дуалы ауыз даналар жеріне жеткізе жүрек сөздерін айтқан. Тірлік бар жерде, адамзат әулеті бар ортада асыл ана туралы, аяулы жар туралы, ардақты қарындас туралы әңгіме тоқтамақ емес, таусылмақ емес. Сол тоқтамайтын, таусылмайтын мәңгілік жыр әйел баласын өмірдің мәніне, тіріліктің сәніне балайды.

Қазақ әндерінің тарихи, әлеуметтік, эстетикалық мән-мағынасын ашу үшін әйел-ана, қыз-келіншектер туралы әндерге арнайы мойын бұрып, әңгіме арқауы еткен жөн.

Осындайда Максим Горькийдің бір сөзі еске түседі: „мәдениеттің шырқау шыңы ең алдымен әйелге деген қарым-қатынастан көрінеді,“— деген екен. Әрине, бұл жерде жеке адамның әйелге қарым-қатынасы ғана емес, тұтас бір қауымның, қоғамның, қажет десеңіз ұлттың рухани мәдениетін танып-түсінуде сол ортаның әйел-ана, қыз-келіншекті қай деңгейде аялап-әлпештеп ұстағаны сөз болып отыр.

Демек, қазақ әндеріндегі әйел-ана, қыз-келіншек тақырыбын сөз ету, түптеп келгенде халықтың сұлулық туралы таным-түсінігін, моральдық-этикалық парасатын сөз ету болып шығады.

А, деп аузын ашқан қазақ әнші-композиторларының ішінде әйел-ананы ардақтап, қыз-келіншекті әлпештеп ән шығармағаны жоқ. Бұл өзі мың сан толқыны бар мұқиттай шалқып матқан мейлінше мол, көл-көсір дүние. Алайда, шарттылау болса да осынау мол бояулы, сезімге бай ән мұрасының саласын белгілі бір жүйеге салып бажайлауға болатыны сияқты. Ол үшін бір сәт Үкілі Ыбырайдың „Қараторғайың“, Жарылғапберлінің „Ардағың“, Ақан серінің „Ақтоқтыға шығарып берген аужарын“ еске түсіріп көру қажет. Себебі осы үш әнге, ойлы көз, ояу жүрекпен бір сәт зер салар болсақ, сөз болып отырған тақырыптың үш қыры, үш саласы ойға өріс болғандай. „Қараторғай“ әні — ән өнеріндегі әйел затының марапатталуы, әйел бейнесінің идеал-үлгі боларлық болмысын танытатын әндердің жарқын бір үлгісі. Жарылғапберлінің „Ардағы“ болса — таза ғашықтық ән. Мұнда да марапаттау, тамсану, сүйсіну, ынтығу бар. Бірақ соның бәрі де ғашық жүректің арманындай болып естіліп отырады. Бұл орайда, Затаевичтің сөзімен айтсақ „тек қана қазақтың ән өнерінің емес, исі музыкадағы жүрек сезімінің інжу-

маржаны". Ал, үшінші — "Ақтоқтының аужары" сияқты әндер қазақ әйелдерінің парасат-пайымын, қоғамдағы орынын, әлеуметтік болмысын айғақтайды.

Қыз-келішектің мінез-қылығына, бітім-сымбатына, жан-жүрегіне қатысты тамсана шырқалатын әндер сүйдім-күйдімнен ада, тек сұлулықты пір тұтып, өмірдің көркі мен мағынасына тамсанған, таңданған сезімге бай болып келеді. Жай ғана таңданып-тамашалау емес, сол сұлулықты, сол нәзіктікті осынау жарық жалған, кең дүниеге үлгі-өнеге еткендей. Бұл орайда әннің әсем сазына ғана емес, мағыналы сөзіне қарап дүниедегі ең сұлу қыздар, ең зерделі қыздар, ең ақыл-парасаты мол қыздар қазақ қыздары екен деп ойлағандайсыз. Мәселен, халық әндері „Алқоңыр“ „Бесқарагер“ немесе сол үлгіде шыққан Ақан серінің „Балқадидиша“ әні қыз-келіншекті мақтап-марапаттайтын, аялап-әлпештейтін ортаның әлеуметтік нормалары сияқты кісілігі мол әндер.

Қашанда, халық көкірегіне ұялай алған өнер ең алдымен сол халықтың сұлулық туралы тарихи талғамына айғақ болып отырған. Бұл орайда, қазақтың аса мол ән өнерін халықтың сұлулық туралы талғам-түсінігінің айғағы десе де болғандай. Әсіресе, қазақ қыздарының асыл қасиеті, аяулы жаратылысы, өнегелі мінез-қылықтары, айнымас адалдығы туралы дәстүрлі талғамның небір ғажайып үлгілерін ән өнерінің болмысынан тануға болады. Ал, дәстүрлі талғам дегеніміз халықтың тарихи тәжірбесі мен сынында сұрыпталған идеалы ғой.

Бұл ретте халықтың пір тұтары, идеал етері қандай болу керектігі қазақ ән өнерінің өн-бойынан айқын аңғарылып жатады. Әсіресе, халық әндері мен халық композиторларының әндерінде қазақ қыздарының қайталанбас образы сомдалып, әр сөзі қазақ қыздарының ғажайып портретін жасағандай. „Балқадидиша“ әніндегі „желкілдеп көлге біткен талдай, сексен қыздың ортасындағы Шолпан жұлдызындай“ Қадидиша бейнесі немесе „Алқоңыр“ әніндегі „айнаның дәнекеріңдей нұрланып, найзаның шашағындай желкілдеп, жаратқан ақбоз аттай сылаңдап, екі көзі қарақаттай мөлдіреп, биязы лебізіне ынтық еткен“ қыз бейнесі осы әндерді бір тыңдаған жанның көкірегінде мәңгілік сақталып қалады. Бұл ретте, қазақ әндері қазақ қыз-келіншектерінің жағымды образдарын жинақтаған галерея сияқты әсер береді.

Әдетте, асыл өнер тек қана сұлулыққа сүйсінтіп, жан-жүрегіңді тебірентіп қана қоймайды, сүйсінте отырып тәрбиелейді, тебіренте отырып талғам-түсінігіңді

қалыптастырады. Мәселен, халық әнін тыңдап өскен қазақ қызы, оның ішіндегі „басқан ізің білінбес ешбір жанға" деген сөзге ден қойса, ол ешуақытта одыраңдап, тайраңдап, басып кететіндей болып жүруі мүмкін емес. Немесе „Аққұм" әнін тұшына тыңдап, оның ішіндегі „сөзі-ай бар алуан шекер, балдан тәтті" деген сөздерге ден қойған қыз ешуақытта дәрекі сөзге үйір болмаса керек. Сол сияқты „Жас келін" әніндегі „Жаңа жер, жаңа елге әнмен келдім, Иіліп, тізе бүгіп, сәлем бердім" деген сөзді жүрегіне ұялатқан қыз болашақ келін болып түсетін жұртына ән, қуаныш сыйлап, әдеп пен үлгі-өнеге көрсетуі керек екенін көкейіне түйе жүретіні, іштей кісілікті дайындықта болатыны ешкімге де күмән келтірмеуге тиіс. Осынау қысқа-қайырым мысалдардың өзінен-ақ қазақ әндері таза эстетикалық ләззатына қоса, аса зор тәрбиелік мәнінің барын аңғартады. Бір ғажабы, тәрбиелік мәні дегенде „әйтеуір жаман болма" деп келетін ұзын сүре кісілік, жалаң мораль, қасаң этика емес, қазақ әндері ең алдымен дәстүрлі мәдениетті орнықтыратын, ұлттық қасиет-қылықты қалыптастыратын киелі өнер. Қазақ әндеріне ден қоюдың, кеңірек насихаттаудың, әсіресе мәдени-көпшілік орындарда көбірек тыңдаудың бүгінгі тәрбие ісімізге қолқанат болар осындай қасиеттері бар.

Енді ғашықтық, махаббат туралы әндердің айтары мен аңғартарына ден қойып көрелік.

„Ғашықтың тілі — тілсіз тіл,
Көзбен көр де, іштен біл.
Сүйісер жастар қате етпес,
Мейлің илан, мейлің күл," —

деп ұлы Абай айтқандай, дүниеге келген адам баласының айналып өте алмайтын бір ғажайып сезім күйі — ғашықтық. Ғашық болу, өмірлік жар таңдау, сөйтіп ұрпақ өрбіту тіршіліктің қаза кетпейтін заңы.

Әрине, мұндай киелі сезім, қасиетті түйсік қазақ халқының ән өнерінде мейлінше ашық-жарқын қалпымен көрініс тапқан.

Осы орайда, ғашықтық, махаббат туралы ән өнерінің бір дара қасиетін алдымен айтқан жөн. Қазақ халқының ең сұлу, ең бір шабытты, әсем әндері ғашықтық, махаббат туралы әндер. Және де, сол әндердің қай-қайсысы да құрғақ күйдім-сүйдімге құрылмайды. Не үшін сүйетіні, қандай қасиет-бітіміне бола ғашық болғаны және сол ғашықтық жолында қандай қиындық-кедергіге дайын екені ұдайы көлденең тартылып отырады. Яғни, ғашықтық

әндерінде де халықтың дәстүрлі талғамы, мінез-бітімі, моральдық-этикалық қасиеттері көрініс тауып отырады. Сол дәстүрлі қасиет тек қана көрініп қоймайды, сонымен бірге шын ғашықтықтың қандай болатыны, ондай жүкті қалай көтеру керектігі үлгі-өнеге болып көрініс табады. Бір сәт Әсеттің „Інжу-маржаны“ мен халық әні „Перуайымды“ еске түсіріп көрелік. Екеуі де ғажап әндер. Әніне сөзі лайық, сөзіне әні лайық. Әні жаныңды баурап, сөзі күмәнсіз сендіргендей шыншыл әндер. Мұндай ғашықтықтың алдамайтынына, опық жегізбейтініне алаңсыз сенесің.

Ғашықтық, махаббат туралы әндердің әдетте әсем әуезді, сұлу сазды, шын мәнінде ынтық жүректің лебіндегі естілетіні алдымен назар аударады. Сонан соң, әрбір әнде бір-бір арудың ғажайып образы сомдалған. Ең кереметі, сол арулар әйтеуір сұлу немесе сүйкімді болған соң назар аудармайды. Өз уақытының адамгершіл қасиеттерін тал бойына дарытумен, төл топырағының талғам-түсінігіне үлгі болуымен назар аударады. Бұл тұрғыдан келгенде, ғашықтық туралы дәстүрлі әндер ұлттық психологияны өн бойына мейлінше мол жинақтаған, аса текті рухани қазына ретінде назар аударады. Өйткені, осынау ән маржандарына ықыласпен зейін қойсақ, жеке адамның өзін-өзі ұстауынан бастап, жүріс-тұрысы, киім-киісі, әзіл-қалжыңы, сыры мен серті, достығы мен махаббаты қандай болу керектігі мейлінше айқын көрініп отырады. Міне, бұл орайда дәстүрлі ән өнерінің қоғамдық мәні, тәрбиелік қызметі жоталанып алдымыздан шығады. Жәй шықпайды әрине, ұлттық мінез қалыптастырудың, талғам орнықтырудың, сұлулықты тани білудің ұлы мектебі, ұлағатты ұстазы сияқтанып бас идіреді. Осы орайда ән сөздерінің терең мағыналы, алуан суретті, сезімге бай болып келетінін айрықша атап өткен жөн. Мұнда таңғы шықтай мөлдір мұң да бар, мұнда ағынан жарылған сұлу сыр да бар, қадірін білер сүйгеніне деген ерке наз да бар, санаменен сарғайған сағыныш та бар, көкіректі қарс айырар өксік те бар. Бір ғажабы, осының қай-қайсысы да кісіліктен танбай, адалдықтың туын қисайтпай отырады.

„Сейфіл-мәлік, Жамалдай,
Бейнетіңе көнсем-ай.
Қозы-Көрпеш, Баяндай,
Бір молада өлсем-ай!“ — дейді.

Ғашығы үшін кездесер қиындыққа бел буып, бекем болудың шегі осындай-ақ болар.

Немесе:

„Ертістің ар жағында көрдім сені,
Сырғанды қайық қылып өткіз мені. —

деп, сөзін жерде қалдырмас сүйгеніне деген назын білдіреді.

Сондай-ақ:

„Ақбоз үйдің сыртынан аттандырып,
Қош, қалқатай, дегенің естен кетпес,“ —

деп, бір-біріне деген шыншыл қылықтарын еске алады.

Тағы да бір сөз еске түседі:

„Маңыңа ешбір адам бара алмайды,
Көкше мұз төңірегін тайғанақтап,“ —

дейді. Мұнда ынтық жүректің сүйгеніне деген күмәнсіз сенімі жатқан жоқ па!

Тағы да бір ерекшелігі, осынау ән сөздерінің қай-қайсысында да ынтық жүректер ғана білетін бір құпия сыр, жасырын әдеп, шек-шекара жататынын аңғаруға болады. Қанша үздігіп, жанын жолына құрбан етіп тұрса да бір сәт дәстүрлі тәртіпті аттамайды, бір сәт кісілік пен әдепке қылау түсірмейді. Тіптен, қазақ әндерінде ғашық болудың өзі кісіліктің, жөн-жобаның, адамгершілік пен парасаттың сынға түсуі сияқты көрініп отырады.

Осы ойды орнықтыра түскендей Ғабиден Мұстафин артына мынадай бір сөз қалдырыпты: „Кейде көшеде, аял-дамада, автобус, троллейбус үстінде нақ бір басқа жер таппағандай көптің көзінше құшақтасып, аймаласып тұрған жастарды көресің. Махаббат неғұрлым ұятты, әдепті келсе, солғұрлым қадірлі, ләзатты болмай ма? Бұл сезімнің жалаңаштанып, әдеп пердесінің сырылуы емес пе?

Сабыр, ынсап, ар, ұят, әдеп — бірінсіз бірінің күні жоқ. Бәрі жиылып махаббатты құрайды. Бірін жоғалтсаң бәрін, жоғалтасың. Жаман қылық жұқпалы аурудан да қиын, бірден бірге ауысса ұрпағыңа да кетуі мүмкін,“ — депті Ғабен.

Бұл, әрине, уақыт ағымының асылы мен жасығын зерделей алатын, өмір көрген ақылгөй дананың сөзі. Бұл сөзді дәстүрлі ән өнерімен шендестіріп отыруымыз да тегін емес. Себебі, дәстүрлі ән өнері — халықтың өзі жөн

көрген кісілігі, ғасырлар бойы халықтың өзі әрлеп-әспеттеген идеалы, сұлулығы. Сол сұлулыққа, сол кісілікке ден қойған кім-кімнің де опық жемейтіні хақ.

Әйелге, қыз-келіншекке деген ата-ананың, дос-жаранның, қоғамның талғам-талабы қай деңгейде екені немесе керісінше қазақ әйелдері өзін қоршаған әлеуметтік ортаға қатысты қандай күй кешті деген мәселе дәстүрлі әндерімізде тұнып тұр.

Егер Ақтоқтының зарын тыңдап отырып, бұрынғы қазақ қыздарының өмірі өмір болмаған екен ғой, бірде-бірі сүйгеніне қосыла алмай зарлап өткен екен ғой десек, мейлінше қателесер едік. Мұнымыз барып тұрған тұрпайы социологиялық тұжырым болып шығар еді. Жалғыз-жарым деректің қанжығасына халықтың ары мен иманын бөктеріп жіберуге әсте болмайды. Егер көктей шолып қарар болсақ, дәстүрлі әндеріміздің ішінде арманына жете алмай зарлаған әндерден гөрі арманына жетіп, арқа-жарқа болған әндердің он есе, жүз есе көп екенін көрер едік. Майра Уәли қызы өзінің әйгілі „Майра“ әнін келін болып түскен күні шымылдық ішінде отырып шырқапты. Осында қайран қалардық бірнеше әлеуметтік астар бар. Біріншіден, келін боп түскен қыздың қуанышты күйі, тағдырына ризалығы көрініп тұр. Екінші, сол қуаныш-шаттықтың ән болып, ғажайып өнер болып өз көкірегінен ұшып шығуы — сирек кездесетін құбылыс. Үшінші, осы көріністің, мысалдың өзі ең алдымен қазақ қыздарының дала желіндей еркін-еркелігіне айғақ қой. Әйгілі „Жас келін“ әні де осындай бақытты, қуанышты қадамның жарқын бір белгісі.

Немесе Жаяу Мұсаның „Сапарын“ еске алайық. Балаларына ардақты ана болған, өзіне адал жар болған Сапардың моласын құшақтап, аруағына сый-құрмет көрсету кісіліктің ғана айғағы емес, қазақ әйелдерінің жар жүрегіндегі орыны толмас қасиет-қадірін де білдіретін ән.

Я, болмаса, Балуан Шолақтың „Ғалиясын“ алайық. Ғалия Ақмола-Қараөткелдегі бір байдың әйелі болған. Балуан Шолақ өзінің ғашықтығын жасырмайды. Ән болып ауыздан-ауызға көшеді. Бұл неғылған ақжүрек, неғылған бүкпесіз шыншыллық, кісілікті еркіндік десеңізші.

Қысқасы, қазақ әйелдерінің мұңы да, сыры да, шаттығы да, қайғы-қасіреті де дәстүрлі әндерінде сайрап жатыр.

Осы орайда қазақ әйелдерінің өздері шығарған аса мол әндер бар екені де еске түседі. Қазақ әйелдерінің

әлеуметтік болмысы олардың жүрек жарды әндерінен мейлінше айқын көрініп отырған.

Әйел баласы үн-түнсіз бір ұрпақтан екінші ұрпаққа мәдениетті табыс етеді. Тал бесікке сүйеніп отырып, ұрпағының бойына халқының ең асыл қасиетін әйел-ана дарытады. Халықтық қасиетті ұрпақ бойына дарытуда әйел-анамен байдың дәулеті де, патшаның жарлығы да, батырдың найзасы да өрелесе алмайды.

Бұл, әйелдің әлеуметтік жағдайына қоса, әлеуметтік жауапкершілігін де аңғартатын мәселе.

Міне, осынау тарихи жауапкершілікті қазақ әйелдерінің де терең түсінгені олар шығарған өлеңдерден де айқын көрініп отырады. Қазақтың қай өңірінде де „Уғай-ай“ немесе „Әй, Уғай“ деп келетін қайырмалармен айтылатын небір әсем әндер бар. Бұл әндер, сөз жоқ, қазақ әйелдері шығарған әндер. Жаңағы Майраның әні, сондай-ақ Тоғжанның әні, Ақтоқтының әні, „Әуілдек“ сияқты әйел-ана, қыз-келіншектер шығарған әндер мейлінше көп.

Солардың қай-қайсысыда әсем әуені болсын, көрікті сөзі болсын ән өнерінің ең бір шұрайлы, құнарлы саласы екені дау тудырмайды. Бұл әндер сұлулық-сымбатынан да бұрын, ең алдымен қазақ әйелдерінің әлеуметтік зердесінің сергектігін, белсенді позициясын білдіреді.

„Ахау, бикем, жар-жар“ әнін еске түсіруге болады. Мұнда да мынадай сөз бар:

„Қозыбақтың қызы едім, атым Ұмсын,
Серттен тайған жігітті құдай ұрсын.
Ақбоз үйдің ішінде мен отырсам,
Мені іздеген жігіттер үйге кірсін,“—дейді.

Яғни, Қозыбақтың қызы Ұмсын өзіндік ой-аңсарын айтудан жасқанбайды. Қазақ әйелдерінің әлеуметті ахуалын білдіретін мысалдың көкесі осы болуға тиіс.

Дәстүрлі әндерімізде әйел-ананың қыз-келіншектердің осынша марапатталуының, осынша жан-жақты көрініс табуының сыры неде?

Оның себеп-салдарын халықтың ғұмыр-шежіресінен, тарихи-әлеуметтік талғам-танымынан, өмір салтынан іздеу керек. Қазақ халқы ХХ ғасырдың алғашқы ширегіне дейін көшпелі өмір салтында болғаны белгілі. Ал бүгінгі тарихи таным, көшпелі өмір салтының өзіндік төл бітімді мәдениеті болғанын, әлеуметтік құрылымы өзгеше болғанын мойындайды. Осы орайда дәстүрлі мәдениеттің әйел-анаға, қыз-келіншектерге қатысты кейбір

айғақтарын еске түсіруге болады. Ең алдымен халық болмысының айнасы іспеттес фольклорға назар аударып көрелік. Ертеке, аңыз әңгіме, жыр, шешендік сөз, қыса-эпостардан қиял-ғажайып мыстан кемпірден басқа жағымсыз әйел бейнесін кездестіруге қиын. Оның орнына Құртқа, Гүлбаршын, Қаракөз, Қарлыға, Назым, Ақжүніс, Қыз Жібек, Баян сұлу, Айман-Шолпан, Қарашаш сияқты бірі ақылымен, бірі көркімен, енді бірі өжеттік ерлігімен елге қорған, ұрпаққа ана болғанын көреміз.

Сондай-ақ байтақ дала төсін аралап көрген жан, әйел-анаға көрстілген құрметтің мың сан белгісіне куә болар еді. Мәселен, дала төсінде ер адамға қойылған тас мүсіннен гөрі әйел-ананы бейнелейтін қыз-тас, келіншектас, кемпір-тас түріндегі мүсіндер әлдеқайда көп. Сол сияқты жер-суға әйел-ананың есімі қойылған топонимдердің көптігі сонша тізіп шығу мүмкін емес.

Тағы да сол дала төсіндегі ең сұлу ғимараттар, ең бір шабытты архитектуралық мұралар әйел-анаға арналған. Сырдария бойындағы Көккесене, Бикем мұнара, Сырлытам, Сарысу бойындағы Белең-ана, Болған-ана, Жұбанана, Арал түбегіндегі Бегім-ана күмбездері, мұнаралары, мазарлары ғажайып сырлы сымбатымен күні бүгінге дейін қайран қалдырады.

Жеке ескерткіштер былай тұрсын, жұмыр жердің орта ғасырлық талғам-түсінігінде тұтас бір қаланың әйел атымен аталғаны дүние жүзінде сирек кездесетін құбылыс. Бұл ретте қазақ даласында Қатын дала, Қырық қыз қала, Баршынкент сияқты қалалардың болғаны қайран қалдырады. Мұндағы Баршын сұлу әйгілі Алпамыстың жұбайы, Қаршымбайдың қызы, Оғыз еліне сөзі жүрген жеті арудың бірі болған.

Қазақ халқының әйел-ананы қадірлеп, тіптен культке айналдырғаны соншалық, тұтас руларды әйел есімімен атаған. Мәселен, Енең, Домалақ енең, Дәулетбике, Алтын, Мәукеш, Айбике, Нұрбике, Ұлдай — міне, мұның бәрі де ру атына айналған әйел есімдері.

Тіптен, қазақ руларының елдігін танытар ұрандарының әйел-ана есімімен аталатыны да ғажап қой. Мәселен, Арғыннан тарайтын Сүйіндік руының ұраны — Жолбике, Қаракесек руының ұраны — Қарақабат, Найманның бір бұтағы Қызылайлардың ұраны Қызай.

Көшпелілер даласында Тұмар (Томирис), Борық (Борикс), Теркен, Айғаным сияқты патшалардың, хандардың болғанын білеміз. Ал, Батудың әйелі — Барақшының, Жәнібектің әйелі — Тайдұлланың. Өзбектің әйелі —

Байәлінің хан-сұлтан болмаса да, ел басқару ісіне белсене араласқаны тарихтан аян.

Ісі мұсылман қауымында, дәлірек айтсақ, мұсылман дінінің құрсауында болған ұлттар ішінде тек қазақ сияқты санаулы халықтың ғана әйелдерінің пәрәнжі салмауы, ди-дарын қымсынбай ашып жүруі өзін өзгемен тең санаудың бір жарқын көрінісі ғой.

Ең арғысы, халықтың ең қасиетті қазынасы тілі болса, оның өзі қазақта „Ана тілі“ деп аталады.

Егер осы мысалдарды ақын Сара, әнші Майра, күйші Дина, батыр Мәншүк пен Әлия, Еңбек Ерлері Ұлбала, Кәмшат, Зылиха деп, жалғастырса, ел еңсесі одан әрі асқақтай түседі.

Қысқасы, халықтық дәстүрде әйел-анаға деген осын-шама дарқан құрметтің қалыптасуына не себеп?— деген сұрақ өзінен-өзі сұранады. Себеп біреу-ақ, ол — көшпелі өмір салтынан туындаған әлеуметтік қажеттілік.

Көшпелі өмір салтында әйел-ана еш уақытта еңбектен ажыратылмаған. Яғни, семья бақыты үшін, ру амандығы үшін, ел тағдыры үшін қазақ әйелдерінің қоғамдық жауап-кершілігі өрлерден еш кем болмаған. Міне, қазақтың дәстүрлі ән өнеріне әйел-ана, қыз-келіншектердің ұдайы арқау болып отыруының тарихи-әлеуметтік бір себебі осы.

105. КЕНЕН ӘНДЕРІ. Ақ бас тарихтың әр түрлі кез-ке-зеңінде ғұмыр кешкен ұлы ақындардың өмірі мен өнерінде бір ортақ қасиеттер болады. Ол — халықтың жүрек сөзін асыл өнер тілінде сөйлете алатын күрескерлік қасиеттер болса керек. Бұл ретте, Кенен Әзірбаевтың барша мағыналы өмірі мен арқалы өнері туған халқының тағдырымен біте қайнасып жатқанын алдымен еске алған жөн. Оның әні мен жырына, мұңы мен сырына туған халқының асыл арманы мен мұраты арқау болды. Со-ндықтан да оның алмастай жарқыраған алуан қырлы арқалы өнері өзі өмір сүрген заманның тозбас шежіресіндей болып, әлі талай ұрпаққа ден қойғызады. Уақыт өткен сайын Кенен творчествосындағы адам бақытын ту етіп көтерген әлеуметтік асқақ үн тұлғаланып, халқымыздың рухани өрісінде ғасырлар қабатынан көрінетін болады.

Кенен Әзірбаев қазақ халқының дәстүрлі өнерпаз-дығын тал бойына дарытып, екі ғасыр жапсарына, өткен мен бүгіннің арасына көпір болған санаулы саңлақтардың бірі. Бір сәт қазақ топырағында дүниеге келген дарыны

тасқын, арқалы ақындардың тағдыр-талайына зер салып көрейікші. Қобызы күңіренген Бұқардың, көкірегі шерлі Абайдың, жүрегі жалын Сүйінбайдың, жырдан семсер соққан Махамбеттің, жез таңдай Жамбылдың асыл өнерінен халықтың қайыспас рухани көпірі соғылғандай. Егер біз уақыттың үзілмейтін, тозбайтын ескерткіші сияқты сол асыл өнерден соғылған көпір Бұқардың, Абайдың, Сүйінбайдың, Махамбет пен Жамбылдың еңселі иығын көктей өтіп, Кененнің де иығына сүйенеді десек, еш әсіре сөз болмас еді. Өйткені Кенен Әзірбаев қазақ халқының дәстүрлі сал-серілік, синкретті өнерпаздығының соңғы биігі болуымен бірге жаңа заман жаршыларының басы да бола білді. Кенен Әзірбаев қазақ халқының дәстүрлі өнерпаздығы мен бүгінгі мәдениетінің арасындағы еңселі шыңдардың бірі сияқты санамызға орныққан. Сондықтан да ақынның:

„Екі Кенен тумайды,
Алатауға ексең де!“ —

дейтіні өзінің дарын тегеуріні мен тарихи орынын терең сезінуден туған түйінді сөз.

Өмір өзінің сабақтастығымен мәнді. Ілгерігі буын бастаған өміршең іс пен өнегелі дәстүрді кейінгі буын жалғастырып жатса, өмірдің де, өнердің де мән-мағынасы сол болмақ. Жаңағы келтірген жыр маржанынан соғылған көпір бір кезде Кененнің еңселі иығына сүйенсе, бұл күнде жалғасын табуда. Осынау асыл өнерден соғылған көпірмен қазақ халқының рухани көш-керуені бақытты болашаққа қарай шеру тартып бара жатқандай.

Тал бойына сала-сала өнер қонған Кенен туралы өрбітуте болар ой желісі де алуан түрлі. Ой желісі Кенен Әзірбаевтың әншілік-композиторлық творчествосы туралы өрбімек.

„Жетісуда Сүйінбайдан, Жамбылдан келе жатқан ақындық дәстүр дүниеге көптеген таланттар берді...“

Міне, осы топтың ішінен ала-бөле көзге түсетіні — Кенен. Ол бір жағынан суырып салма ақын да, екіншіден жақсы әнші, ал үшінші жағынан өзі көптеген ән шығарған халық композиторы. Кененнің өмірінде кейінгі жас ұрпаққа үлгі боларлықтай кезеңдер көп.

Қасиетті Жетісу топырағынан небір дүлдүл ақын, бұлбұл әнші, жез таңдай жыраулар шығып баққан ғой. Солардың ішінде әйгілі Сүйінбай, Жамбыл сияқты ақиық ақындармен терезесі тең, керегесі көктес жан — осы Кенен Әзірбаев.

Әрине, бұл ақындардың дарын тегеуріндері шамалас-ау десек те, олардың әрқайсысы, Алатаудың әр шыңының бір-біріне ұқсамайтыны секілді, өнері де дара бітімдерімен ерекшеленеді.

Бұл ретте Кененнің де ешкімге ұқсамайтын творчестволық тұлғасы, ерекшелігі бар. Сол ерекшеліктің бірі — оның әншілік өнері. Кенен әндері дегенде өзекті-өзекті екі мәселе алдымыздан шығады.

Бірінші, Кенен әндері оның өз өмірінің шежіресі ғана емес, сонымен бірге өзі өмір сүрген заманның да шежіресі деген мәселе.

Екіншіден, ән өнеріміздегі Кенен әндерінің өзіндік орыны, ерекшелігі деген мәселе. Өйткені, Кенен әндерін оның өмірінен, ал өмірін еш уақытта әндерінен бөліп қарауға болмайды. Кененде себепсіз, бейсауат, жай әшейін, көңіл көтеру үшін шыққан ән жоқ. Оның қай әніне құлақ түрсеңіз де өзі көрген, білген, араласқан жағдайлардың күйініш-сүйінішінен туып отырады. Демек, ғасырға жуық ғұмыр кешкен Кененнің әндері, зерделі тыңдаушы үшін уақыттың, кезеңдердің, замананың көркем шежіресі болып шығады.

Осы ойдың мысалы ретінде Кененнің ең алғаш шығарған әндерінің бірі „Бозторғайды“ еске алуға болады. Осында Кенен тағдыры ғана емес, Кенен сияқты қой соңында зарлаған мыңдардың тағдыры бар. Демек, Кенен творчествосын өзі өмір сүрген уақыттың көркем шежіресі десе әбден орынды. Ал, арқалы асыл өнерінен замана дәуір шындығы шалқи есіп, бір өзі мыңдардың болмысын білдіріп отыру тек қана дарыны тасқындардың ғана маңдайына жазылған қасиет. Кенен өнерінен сол алғашқы әнінде-ақ адам бақыты үшін күрестің жырын жырлап, сол алғашқы әнінде-ақ әлеуметтік үнінің айқын естілгенін көреміз. „Бозторғайды“ тыңдағанда мынадай бір ой келеді. Қой соңында жүріп көрген осы ауырлық, осы мұң-шер Кененнен басқа да талай қойшының басынан өтті ғой. Бірақ сол мұң-шер, ауырлық сол қойшылармен бірге із-түзсіз дүниеден өткендей. Ал Кенен болса сол бір келмеске кеткен отаршылдық бұғауындағы заманға нағлет қарғысындай етіп өлмейтін, өшпейтін әнін қалдырды. Және де ән болғанда қандай! Бұрынғы өткен қойшылардың өмір-тіршілігі, тұрмыс-жағдайы, әлеуметтік психологиясы осы әнде мейлінше айқын да әсерлі көрініс тапқан. Бос егілу, дәрменсіз түңілу де емес, сол ауыр еңбек, қапас тұрмыстан құтылғысы келген, еркіндік-бостандықты көксеген азатшыл үні басым.

Туа бітетін дарын бар да, оны ұштап, қанаттандыратын орта бар ғой. Осы орайда исі Жетісуды ән мен жырдың ұясы десек, оның ішінде Кененнің туып-өскен ортасы сөз қадірін мейлінше терең түсініп, әспеттей білген.

Ақиық Сүйімбай айтыпты дейтін әдемі сөз бар ғой: „Қасқарауда тоғыз құт бар, соның бірі — бес жалаңаяқтар,“ — дейді. Сол „бесжалаңаяқтардың“ бірі — Маңдабай деген кісі екен. Маңдабайдан — Әзірбай, Ниязбай, Әбденбай деген үш ұл туған. Бұлар қанша жалаңаяқ атанғанымен, шетінен зерделі сөз қонған, жауға алдырмайтын, дауда шалдырмайтын, таңдайларында ән мен жырдың ұясы бар, кедейлігінен басқа міні жоқ жандар болған.

Әлгі Сүйімбайдың бір құт санайтындығы да содан.

Кененнің әкесі Әзірбай ғана емес, шешесі Ұлдар да сауықшыл, ән-жырға құлағы түрік жан болған. Жанынан өлең шығарып айтатын, ұрымтал жерде сөзден ұтылмайтын болған. Әрине, Кененнің бойындағы ақындықтың бастауын іздегенде оның өскен ұясындағы осындай қасиеттерін де аттап өте алмаймыз.

Бұл ойдың айғағын Кененнің өзі де айтып кеткен ғой,

Кәсібім он үш жастан ән мен өлең,
Ән салсам қалың топқа көрік берем,
Әкем де ақын еді, шешем — әнші,
Солардың көрмегенін көріп келем,—

дейтін өлеңі де сондықтан айтылса керек. Әлгі Кенен өмірінен өнерін бөліп қарауға болмайды деген пікірдің де бір айғағы осы.

Егер осы ойды әрі тереңдете үңілсе, Кенен өнерінің әлеуметтік салмағы, тарихи мәні жоталанып көрінер еді. Өйткені нағыз асыл өнер қай заман, қай дәуірде де қоғам болмысының ең бір шыншыл шежіресі, жаңылмас айнасы бола білген ғой. Сондықтан да „Бозторғай“ әні Кененнің өз басынан өткен шын өмірдің айғағы болуымен де аса қымбат. Көпшілікке белгілі, Кенен жеті жасқа келгенде шешесі Ұлдар дүние салып, „Байдың әйелі өлсе төсегі, жаңғырады, кедейдің әйелі өлсе, басы қаңғырады“ дегендей, Кененнің де, әкесі Әзірбайдың да тіршілігінде қуанышыш жоқ, қайғысы көп кедейліктің қиын-қыстау күндері басталады. Дәлірек айтсақ, „Бозторғайды“ тудырған қиын күндер Кенен өмірінің бір бөлшегіне айналды. Бұл ән — қаршадай Кененнің қой соңында қызыл аяқ қар кешіп, жалаң аяқ жар кешіп жүрген кезінің куәгері. „Бозторғай“ Кененнің зармен өткен жастығының ғана куәсі емес, запыран кештірген заманның да куәсі.

Сондықтан да мұндай әндерге ең алдымен халықтың өмірбаянының бір бөлшегі деп қараған жөн. „Бозторғай“ әнін күні бүгінге дейін халықтың елжіреп, егіліп тыңдайтыны да содан. Әлі де талай ұрпақ бұл әнді ынтығып тыңдай беретініне күмән жоқ. Өйткені, өзінің өмір шежіресіне, дәстүріне немкетті қарау — халықтық қасиетке жат. Өткені, өз өмірін ұмытқан халық — халық болып жарытпайды.

„Бозторғай“ әнімен үндес, тақырыптас келетін әлеуметтік шыншылдығы әсте олқы түспейтін Кенен әнінің бірі — әйгілі „Көкшолақ“ әні.

Кененнің бозбала болып қалған шағы болса керек. Көршілес ауылда Бибол деген бай қызын ұзатпақ болып той жасайды. „Той десе қу бас домалайды“ демекші, маңдайына біткен Көкшолағын тепендетіп Кенен де жолға шығады.

Жолай сән-салтанаты келіскен, жорға мініп, жібек киінген Шәлипа деген байдың қызы ұшырасады. Төңірегі Шәлипаның шашбауын көтеруші құрбылары екен. Ерігіп келе жатқан әлгілер аяқ астынан ұшырасқан қаудыр тонды, жалбыр тымақты, жіп ноқталы Көкшолағын тепендеткен Кененді көріп, қақпақылдай жөнеледі.

Әй, Кенен, тойға барар сәнің бар ма?

Қызбенен айтысатын әлің бар ма?

Желгіп Көкшолақпен көтерілген,

Қолыңда мұнан басқа малың бар ма?

деп біреуі тиіседі.

Оның сөзін байдың қызы Шәлипа қағып әкетеді:

„Арғы атаң атаныпты жалаңаяқ

Әкең байғұс ұстап жүр қазан-аяқ.

Қойды жөндеп бақсайшы сандалмай-ақ, —

деп ол күледі.

Кенедей арқалы жанға керегі де осындай арқа қоздырар сәт қой. Сол жерде „еруліге-қарулы“ дегендей өзінің әйгілі „Көкшолақ“ әнін саңқылдатып қоя беріп еді дейді.

„Көкшолақ“ әнінің иірім-нақыштары сергек, ойнақы болып көрінгенімен, бұл әннің ішкі болмысында мұң басым. Ол — көлеңкедей ербеңдеп бозбала Кененнің қасынан қалмаған кедейліктің мұңы, жоқшылықтың зары.

Байыптап зер салған адамға Кененнің бұл әні күліп тұрып жылағандай, шалқып тұрып шамырқанғандай әсер береді. Мұндағы:

Олай жүрші, Көкшолақ,
Былай жүрші, Көкшолақ,
Жамандатқыр Көкшолақ,
Мені құртқан Көкшолақ.—

деп отырғаны — жеңіл әзіл, бос қылжақ, мәнсіз ыржақ емес, Кененнің „кедейлік“ атты тағдырдың темірқамытына деген лағнеті ретінде қабылдану керек. Кенен әндерінде осы сияқты әлеуметтік ахуалдың ғажайып мазмұн-мағынасы бар.

Сондықтан да бұл әндерді ойсыз желпілдетіп айтуға әсте болмайды. Көр заманның зіл-заласын көкірек көзінен өткізе отырып айтса ғана бұл әндердің бағы ашылады. Сонда ғана өмірден түйгені көп, өнерге талғампаз Кененнің аруағы риза болады.

Осы екі әнге — “Бозторғай” мен „Көкшолаққа“ қытысты тағы да бір мынадай пікір қосуға болады. „Бозторғай“ әні ақын Кененнің, әнші Кененнің тұсау кесері болса, „Көкшолақ“ әні сал-сері Кененнің тұсау кесері.

Өкінішке орай қазақ халқының рухани шежіресінде салдықтың, серіліктің тарихи тамыр-тегі түбегейлі сараланып болған жоқ. Сол сал-серіліктің рухани әлемімізде ғасырларға созылған кезеңдерде өшпес із қалдырғаны да, ерекше еліктіргіш өнерпаздықтың мектебі болғаны да, биік өнердің өшпес дәстүрі болғаны да түбегейлі зерттеліп, бағасын ала қойған жоқ. Әрине, ол келешектің ісі.

Бірақ бір шындықтың басы ашық. Ғасырлар тұңғығынан басталатын салдық, серілік дәстүрдің ең соңғы шыңы Кенен Әзірбаев екенін мойындау керек.

Мәселен, Еуропа мәдениетінің тарихындағы үлкен кезең Қайта өрлеу дәуірі ақын Дантеден басталып, ақын Байронның дүниеге келуімен аяқталады деп есептелетіні секілді, халқымыздың салдық-серілік дәстүрі де ту-у сонау әрідегі Кеңдебай салды, одан бергі Төлебай салды, Біржан салды, Ақан серіні, Жетісудағы әйгілі Құдабайұлы Дәурен салды көктей өтіп келеді де осы Кененнің творчествосымен аяқталады.

Өйткені, сал-серілік те белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың сұраныстары дүниеге әкелген рухани дәстүр болатын. Мәселен, Еуропа рыцарьлары семсер-сүмбінің шығуынан бастап мылтықтың шығуына дейінгі аралықта ғана пайда болғаны секілді, диуаналардың халықаралық керуен саудасы дәуірлеген заманда пайда болғаны секілді немесе сайқымазақ шуттардың монарх-корольдердің кезінде пайда болғаны секілді, сал-серілер де біздің ха-

лықтың белгілі бір қоғамдық құрылысында, әлеуметтік жағдайында ғана салтанат құрған. Әрине, қазақтың сал-серісін әлгі айтқан рыцарьлықпен, диуаналармен немесе сайқымазақ-шуттармен салыстыруға әсте болмайды.

Қазақ сал-серілері олардан мүлдем бөлек. Өйткені, сал-серілерді дүниеге әкелген тарихи-әлеуметтік себеп бөлек, көшпелілер қоғамындағы өмір-салты бөлек, моральдық-этикалық қатынастар бөлек, ең соңында өнері, дәстүрі бөлек қой. Демек, аққудың көкқұтанға ұқсамайтыны секілді бұлардың болмысында оқшау ерекшеліктер бар.

Қазақ сал-серілерінің көп белгі-нышандары бар. Соның бір парасы — қазақтың сал-серілері әрі ақын, әрі жырау, әрі ән шығарушы, әрі сол әнді келістіріп айтушы, зерделі қара сөздің де көсемі болып келеді.

Міне, осы аталған қасиеттердің қай-қайсысы да Кенен бойында тамаша көрініс тапқан.

Қысқасы сал-сері Кенен, әнші Кенен ғасырға жуық ғұмыр сүргенде ел өміріндегі небір ересен оқиғаларға тек куәгер болып қана қоймаған, сол оқиғаларға белсене араласып отырған. Кешегі 16-шы жылғы дүрбелең, Қазан төңкерісі жасаған тарихи-әлеуметтік сілкіністер, алғашқы бесжылдықтар кезіндегі жаңғырулар, Ұлы Отан соғысының қаһарлы күндері, одан кейінгі бейбіт заман міне, осының қай-қайсысына да Кенен Әзірбаев жастық жігермен, жалтақсыз сеніммен белсене араласып отырады. Сонымен бірге өлмес өнерімен із тастап, төңірегіне ықпал ете білген. Кененнің „Он алтыншы жыл“, „Октябрь“, „Қайран Шөкем“ (бұл әні Шолпанқұлға арналған), „Ой бұлбұл“, сияқты әндерінің қай-қайсысының астарында да уақыт тынысына қоса, ең алдымен Кененнің өзінің тарихи түйсік-зердесі, жалтағы жоқ сенімі аңғарылады. Шынында да ғажап қой, қазақ даласының алыс түкпірінде жүрген қойшы Кененнің сол бір саяси-әлеуметтік ахуалдың судай сапырылысқан заманында ең бір дұрыс бағытты таңдай білуі, сол бір талай сұңғыланы қателестірген алмағайып заманда ең прогресшіл бағыттан таймауы оның ғажайып зердесін, азаматтық бағдарын, ақындық көрегендігін аңғартса керек.

Немесе кешегі күндей күркіреген Отан соғысының алғашқы күндерінде-ақ Алатаудың ақ иық қыранындай саңқылдап, „Біздің Отан жеңеді!“ деп жар салуы — ерге лайық жалтақсыз сенімнің, ақынға лайық оптимизмнің, ақылгөйге лайық көрегендіктің айғағы.

16-шы жыл дүрбелеңінің қарсаңында Кенен өз

төңірегіндегі жуан сіңір, зорлықшыл байлардан қысым көреді де, іргелес жатқан қырғыз ағайынның ішіне кетеді.

Бұл сапарында қырғыз халқының Төкпе, Халық, Оспанқұл сияқты ақындарымен табысып, ән-жырын жарастыра жүргенімен, туған жерге деген сағыныш, зорлықшыл байлардың қиянатшыл қысымына деген жүрек қыжылы дүниеге „Ой бұлбұл“ әнін әкеледі.

Кешікпей-ақ, Жетісудың әйгілі Бекболат, Әли, Қырғызбай, Әлжан сияқты батырлары бастаған 16-шы жылғы көтеріліске Кенен осы „Ой бұлбұлын“ айтып келіп қосылған.

Бұл әннің де ішкі болмысында, мақам-сазында бос күйреп егілуден гөрі, замана тауқыметіне деген ашық қарсылықтың бүкпесіз кектің бұқпанасыз лебі есіліп тұр. Шынында да бұлбұлмен мұңдаса отырып, „Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр“ деген сөзді 16-шы жылғы толқудан көп бұрын айта алу үшін ыза-кекке қоса, сол кездегі іріп-шіріген саяси ахуалды түсінетін көреген зерде керек қой. Міне, Кененнің бұла дарынына қоса, халықтың ой-арманының көш басында бола білген осындай қасиеттеріне бүтінгі-болашақ ұрпақ ең алдымен мән бере білуі керек.

Кененнің қай әнін тыңдасаңыз да аз ғана аяда әсерлі әуен мен ұрымтал сөз өрімдей жымдасып, ғажайып сезімнің жетегіне ноқтасыз ілестіріп жөнеледі. Өнер атаулының, оның ішінде ән өнерінің қуат-күші алдымен адам жанына әсер етуімен өлшенеді. Өнердің биік мақсаты сол өлшемге сай келсе ғана жүзеге асады. Ал Кененнің көздеген нысанасына тимейтін әндері жоқ десе әсіре сөз болмайды. Сондықтан да ол кісінің, ең бір жеке бастың мұң-шерін, шаттық қуанышын білдіреді-ау дейтін әндерінің өзінде көпшіл сезімдер, көпке ортақ көңіл-күйлер, көпке өнеге кісіліктер бел алып жатады. Мәселен, „Ақ ешкі“ әніне ден қойып көрелік. Сырт қарағанда жеке бастың мұң-сыры сияқты. Алайда осы әні арқылы Кенен адам баласының басында болатын, болуға тиісті ең асыл сезімді айта білген. Ол — іштен шыққан балаға деген махаббат, өкше басар ұрпақтың амандығына деген іңкәрлік, өмірдің үйлесім жарастығын аңсағандық.

Бұдан артық хас өнерге қандай асқақ тақырып керек, қандай биік мұрат керек?! Бұл әнді жылауық, боркемік ән десек, жеке бастың ғана мұңы десек, терең қателесер едік. Мәселе, бұл әннің тыңдаушысын егілтіп жылатуында емес, мәселе сол егіліп-жылаған жүректердің әлдеқайда таза болып, әлдеқайда мейірімді болып шығатынында, „Ақ

ешкіні" тыңдаған жүректің мейіріміне мейірім, кісілігіне кісілік қосылатынында.

Кенен әнші-композитор ретінде қай өрістен нәр алды, қай бастаудан сусын қандырды дегенді ойлап көрдік пе? Кенекең шыққан орта қандай еді, үлгі-өнеге алған өнер саңлақтары кімдер еді дегенді сөз етпей, оның әндерінің парқын тану қиын. Тақыр жерге шөп шықпайды, құнарлы топырақтың өнімі де мол дейтін бір сөз бар ғой. Кенеңді ең алдымен әнге бөлеп, жырмен құндақтап, күймен тербеткен орта — Жетісудың өнерпаздық дәстүрі. Сол төл топырақтағы әншілік мектеп, әншілік дәстүр. Кененнің ең алдымен жүзіп жүріп сусын қандырған тұнығы да сол.

Осынау арналы дәстүрдің бір-бір қайыспас керегесі, қажымас уығы тәрізді өнер майталмандарын еске түсіріп көрейікші.

Анау Сүйінбай, Бақтыбай, Құлмамбет, Жамбыл, Бармақ, Үмбетәлі, Қалқа, Қуат, Балтағұл, Өтеп, Қылышбай, Қуандық, Тілеміс, Өзбек, Орақбай, Қарабек сияқты айыр көмей ақындар; Кебекбай, Сапақ, Ноғайбай, Бөлтірік сияқты от ауызды, орақ тілді шешендер; Қанадан, Байсерке, Бердібектер сияқты даулескер күйшілер; Дәуренсал, Қырмызы, Жидебай, Балқыбек, Сауытбек сияқты жұртшылық өнер қылықтарына тәнті болған сал-серілер; Ұлбике, Әлмен, Ақкүміс, Ләтипа, Жаңылдық сияқты жез таңдай ақын қыздар.

Міне, осынау бірінен бірі өткен өңшең жылжыған жорға, жылмиған жүйріктер, сөз жоқ, Кененнің дүниетанымына, өнерпаздығына, серілігіне, әсіресе әншілік өнеріне мықтап ықпал еткені күмән тудырмайтын шындық.

Кенен бойындағы алмастай жарқыраған дарынның сыр-сипатын жеке-дара алып тамашаламай, оның өнген топырағымен бірлікте, төңірегімен байланыста, небір дүлдүл өнерпаздармен сабақтастықта қараса ғана нағыз ақиқат шындық шалғайынан ұстатса керек.

Егер, әсіре, қызылсыз немесе жалтақсыз, шындыққа жүгінер болсақ, Жетісудың әншілік мектебінен Кененнен ірі тұлғаны табу қиын. Өйткені, Кенен Жетісудың ән дәстүрін, әншілік мектебін әуендік-интонациялық жағынан байытып қана қойған жоқ. Сонымен бірге әннің түртұлағасын тың биіктерге көтеріп, тақырыбын соны өрістерге алып шықты.

Мәселен, анау „Бозторғай“, анау „Көкшолақ“, анау „Ой бұлбұл“, „Он алтыншы жыл“ сияқты әндердің әуенін былай қойғанда, түр-құрылысы мен тақырыбы Жетісудың

бұрынғы әншілік дәстүрінде тұяқ тимеген соны өрістер ғой.

Бұл ретте өз дарынының шама-шарқын Кененнің өзінен жеткізіп айтқан ешкім жоқ.

„Екі Кенен тумайды,
Алатауға ексең де,“ — дейтіні немесе:
„Көкшолағы Кененнің дүлдүл болды,
Өзі туған халқына бұлбұл болды,“ —

дейтіні Кененнің кездейсоқ, бос мақтанмен айта салған сөзі емес. Өзінің тарихи орынын терең сезінуден туған өнердегі өзіндік үнінің барына сенімнен туған толғамдар.

Кененнің ақындық өнеріне, әсіресе әншілік өнеріне шапағаты тиген, ықпал еткен екінші бір арна бар. Ол — исі қазақтың ақындық, әншілік дәстүрі.

Бұл орайда Кененнің туған өңір өнерпаздығымен шектеліп қалмай, құлашты кеңге сермей, жалпы халықтық өнер мұхитының тереңіндегі інжу-маржанды да сүзіп ала білгенін көреміз.

Әлгінде Жетісудан шыққан сан саладағы өнер саңлақтарының қалың легі аталды. Қазақ халқының рухани аспанына Жетісу өңірінен осы лектің дүркірей көтерілуі тегін болмайтын. Олар тек қана өз топырағына, Жетісу өңіріне ғана ықпал етіп қойған жоқ, исі қазақтың ақындық, әншілік өнеріне ықпал еткен қуатты лек, өнерпаз тұлғалар еді.

Осы пікірді орнықтырғандай, академик Мұхтар Әуезовтың мынадай бір тамаша ой-тұжырымы бар. „Қазақ халқында, — дейді Мұхтар, — ерекше дамыған айтыс өнері ХІХ ғасырдан бергі жерде өзге жерлерде саябырсып, Жетісу, оңтүстік өлкелерінде шоғырлана бастайды“.

Бір ғажабы сол, осынау ақындық, әншілік өнер Жетісу өңірінде жай ғана шоғырланып, дәуірлеп қоймайды, Енді исі қазақтың ақын-жырауларын, әнші-күйшілерін елеңдетіп, өзіне қаратып, ден қойдырады.

Тіптен, ХІХ ғасырдың соңы, ХХ ғасырдың басы Жетісу өңірі исі қазақтың ақын-жырау, әнші-күйші, салсерілерінің ұлы сынақтан өтер қасиетті босағасына айналады. Былайша айтқанда, ақындықтың, әншіліктің Меккесі сияқты болады.

Мәселен, осы кезеңде сонау Арқадан ұлы Абайдың келуі, Біржан, Шашубай, Балуан шолақ сияқты дауылпаз әнші-ақындардың келуі, Таластан — Жалайыр Түбектің келуі, оңтүстіктен — Майкөт пен Майлықожаның келуі, ту-у Атыраудан әйгілі Құрманғазының келуі, сөз жоқ, ең

алдымен олардың Жетісудан жаңғырығы жеткен ұлы өнер мектебіне деген ұмтылыстарына байланысты еді. Әйтпесе, олар Жетісуға мал іздеп, дүние қуып келетін адамдар емес.

Әрине, рухани түлеудің, өнердің толысуының бір асыл нышаны — беріп қана қоймай, жақсыны танып ала білуінде де.

Бұл ретте, жаңағы үш жүздің өнер саңлақтарының бойындағы асыл қасиеттері Кенен дарынының ұшталуына айрықша ықпал еткенін айтпай, көрмей кету — шындыққа үлкен қиянат болар еді.

Кененнің қаршадай кезінде-ақ бойындағы буырқанған қабілетті ең алғаш танып, батасын беріп, өзінің ақ домбырасын сыйлаған белгілі өнерпаз Еркебай Базарұлы айтады екен: „Осы Кененнің әні — Әсетке, жыры — Сарбасқа ұқсайды“ деп.

Сол тегін сөз емес. Шынында да Кенекең ән салғанда домбыра қағысынан бастап, ән әуендерінің иірім-қайырымдарына дейін исі қазақтың әншілік мектебін терең меңгергені, сол мектептер өнегесін тұғыр ете отырып, өзіндік үнін тапқаны мен мұңдалап-ақ тұрады.

Кененнің ақындық-әншілік өнеріне айтарлықтай ықпал еткен тағы бір арна бар. Оны аттап кетуге болмайды. Ол — әрісі Орта Азия республикаларындағы халықтардың, берісі бауырлас қырғыз, қарақалпақ жұртының өнер дәстүрі. Кененнің халықтар достығына дәнекер болған творчестволық жолы әлі зерттелмей жатқан, бір қызық сала. Кенен өзге жұрт ақындарымен сырттай, қағаз-кітап жүзінде табыспаған, көп ретте тағдыр ортақтастырып, өнер жарыстырып, шынайы туысқандықтың айғағындай бар тұлғасымен көрініп отырған. Бұл ретте интернационалдық, достық деген қасиетті дәстүрге Кенендей үлгі-өнеге боларлық өнерпазды таба қою оңайға түспейді. Бір ғажабы, Кененнің өзге жұрт өнерпаздарымен достығы ұдайы өнегелі мінездің, кісіліктің, ең бастысы асыл өнердің дүниеге келуіне себепші болып отырған.

Бауырлас қырғыз ағайындардың Төкпе, Халық, Әлімқұл, Оспанқұл сияқты ақындарымен арадағы Кенекеңнің ғажайып достығына, сол достық шабыт берген өнегелі өнерлеріне тебіренбей, толқымай зер салу мүмкін емес.

Мұндай тамаша қасиеттің ізі Кенен творчествосында, әсіресе ән өнерінде сайрап жатыр.

Бір ғана мысал келтіруге болады. Белгілі „Қайран жас-

тық" әнінде Жетісу өңірінің сезім оятқыш, сазды әуені қырғыз ағайындардың ойнақы, ерке әндерінің бітім-қасиетімен мінсіз жымдасып, еліктіргендей әсер береді.

Сөз жоқ, бұл — бере алатын өнерпаздың ала да білетін асыл қасиетін танытады.

Қазақ халқының ақындық өнерінде бір ұлы дәстүр болған. Ол — ірі ақын-жыраулардың адалдық пен адамдықты ту етіп, әлеуметтік әділдіктің жақтаушысы болып отыратындығы. Бір сәт көктей шолып, еске түсіріп көрейікші: сонау қарт Бұқардың Абылай алдындағы айтатын даналыққа толы толғаулары, Махамбет пен Шернияздың Баймағамбет сұлтанға айтатын уытты сөздері, Сүйімбай мен Түбектің Тезек төреге тайсалмай тура айтатын тапқырлықтары, Жаяу Мұсаның Шорман тұқымын әшкерелейтін өлеңдері, Біржанның Азынабай болысқа айтатын айыптай ашулы сөздері, міне, осының қай-қайсысында да жеке бастың күйініш, сүйінішінен де, әлеуметтік сыншылдық басым жатады. Бәлкім, Бұқар, Сүйімбай, Шөже, Шернияз, Абыл, Жанақ, Түбек сияқты арқалы суырып салма ақындардың, Біржан, Ақан, Естай, Жаяу Мұса, Шашубай сияқты айыр көмей, жез таңдай әнші ақындардың, Марабай, Мұрын, Нүрпейіс сияқты даңғайыр-эпик жыраулардың халық қалаулысы болуы қашанда адам бақыты үшін күрестің жырын жырлай білгендігінен, әлеуметтік үнінің айқындығынан болар.

Міне, осы дәстүрдің айқын белесі, Кенен Әзірбаев творчествосы десек қателеспейміз.

106. АБАЙ ӘНДЕРІ. Қазақтың ұлы ақыны, философ, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы классик Абай Құнанбаевтың әндері — қазақ халқының рухани асыл қазынасының бір саласы. Әуендік қасиеті, құрылыс-бітімі, мазмұндық ерекшелігі жөнінен Абай әндері қазақ ән өнерінің жаңа да жарқын беттері ретінде бағаланады.

„Абайдың композиторлық еңбектерінде де ақындық еңбегі сияқты өзіне тиісті үлкен, жаңа өзгешеліктер бар. Бұрынғы ауызша әдебиетке Абай көп еліктемей, жалпы сөз қорын пайдалана отырып “Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел” деп, өзінше жаңа түрлі өлеңдер шығарады... Шырқауы, айғайы аз, көбінесе құлақ күйіне ұқсаған қоңыр баяу әндер туғызады... Бұл да өзінше жаңа жол табам деп, нық ізденудің нәтижесі. Абайдан қалған мәдени мұраның бұ да бір күрделі, үлкен саласы болып саналады,” — деп жазды Мұхтар Әуезов. Асылы, адам баласының шексіз сезімі сөздің өресі жетіп тоқтаған жерден әрі

қарай ән-күй болып жалғасатын секілді. Абайдың өзі айтқандай:

„Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Оның тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар.“

Тіл жеткізе бермейтін не бір нәзік сезімдермен ән табыстырады. Алайда бұл әнді естіген сәттегі бергі сезім сияқты, жеңіл әсер тәрізді көрінеді. Егер белгілі бір әнді тыңдағанда сол әннің шыққан заманын, сол әнді шығарушы адамның өмір-тынысын, сонан соң, сол әннің шығу себебін білсеңіз ше?! Міне, сонда ғана ән шын мәнінде өзінің ең шегіне жеткен болмыс-сырымен жүректе жаңғыруға тиіс. Бұлай болмаған күнде, қандай бұланай ән болса да тыңдаушының қарақан басындағы күйініш-сүйінішпен үндесіп қана тынады. Демек, ондай тыңдаушы Біржан, Ақан, Абай, Мұхит, Ыбырайлар көтерілген биік сезімдердің дәміне тұшына алмайды деген сөз, солар бастан кешкен тарихи-әлеуметтік жағдаяттарға ойлы көзбен үңіле алмайды деген сөз. Сондықтан жақсы әннен шын мәнінде эстетикалық ләззат алып, рухани биік сатыға көтерілу үшін сол әннің шығу тегіне, шығарушының болмыс-жайына қанық болудың пайдасы айрықша.

Тек тыңдаушы емес, осы талап — әнді айтушы, орындаушы үшін де бұлжымас заң сияқты болу керек.

„Көзімнің қарасы“ әні Абай өміріндегі үлкен сезімнің, ең бір бақытты сезімнің белгісі іспеттес. Көпшілікке белгілі, Тоғжанға тағдыр қоспағанымен, Абайдың оған деген аяулы сезімі жүрегінің мәңгілік әлдилеп өтер әніндей болып кеткен ғой. Абайдың сол аяулы сезімінің арашасындай болып, Әйгеріммен жарасқаны да аян.

Абай ауданында Ақтаяқ Бікі қызы дейтін қарт ана болған. Ол кісі — Абай өлеңдерін алғаш көшіріп жазған Мүрсейіттің туған қарындасы. Кезінде Ақтаяқ анадан Мұхтар Әуезов Абай жайында көп мағлұмат алған. Бірге тұскен суреттері де бар. Сол Аяқтаяқ ананың айтуында Абайдың осы „Көзімнің қарасы“ дейтін әні Әйгерімге деген сезімнің айғағындай айтылып отыратын. Ал Әйгерімнің шын аты Шүкіман екені, Орда тауын мекен еткен Мамай руының ішіндегі Бөкей дегеннің қызы екені, оған Абай мен Ербол Семейден қайтып келе жатып ұшырасатыны, Абайдың үлкен сезімге бөленіп қайтатыны „Абай“ романында былай суреттелген:

„Көңіл толы нұр сәуле тұр, кернеп толқытқандай... Тіл

қатып, сөйлеп көрсе, сол шексіз рахатын өзі бұзып қуғандай болар еді. Жалғыз ұғып білгені, ішінде күн туғандай. Анық бақыт сезеді. Күдер үздірген, жоғалтқан бақыт, қайта оралып өзі келіп, еркелеп аяп, қайта тапқандай.

Осы сәтте, Абай ойында қайтпас берік байлау тұрды. Бір кезде жастық, амалсыздық, әлсіздікпен айрылып еді. Кешірместей кінәлі еді өзі сол үшін. Енді мынау жұлдызынан көз жазбақ емес, айрылмақ емес... Дүние ойран болсын. Ата-ана, ағайын-туған жат көрсін. Барлық әлем оғат десін, безсін бұнан... Сонда да мынау көріктен Абай безбек емес, айрылмақ емес. Айрылар болса тірлік те керек емес. Бар мұрат арманы енді бұрылмастай болып, осы қиял, осы байлауға бекіп отыр"

Романда бұдан әрі қарай Абай мен Ерболдың ертеңінде қайтқаны, Абайдың үлкен тебіреніс үстінде. „Әй, керім! дедің-ау Ербол, бұдан былай Шүкіман аты қалсын, шын аты Әйгерім болсын!“ дейтіні, сонсоң жаңа өлең, тың ән толқыны жүректен шалқи шығатыны суреттеледі. Әрине, ол ән, сөз жоқ, күні бүгінге дейін жұрт аузында жүрген „Көзімнің қарасы“ әні.

Әннің тегін тану, тамырын білу тыңдаушының да, айтушының да жан сарайын кеңейте түседі дейтініміз де сондықтан.

Әннің тегін танып, тамырын басып көрген соң, енді сол әнді шығарушының өзіндік қолтаңбасы, ерекшелігі ден қойғызады. Ал, Абай болса, сол алғашқы әндерімен-ақ дара бітімдегі әуендік, мазмұндық тұлғасын даралай алған. Абай композитор ретінде ала қол емес. Қай әнін тыңдасаңыз да бір үлгі тұтастықта назар аударып, өзіндік өрнегі бар ән мектебі ретінде мойындатады.

Мәселен, „Көзімнің қарасы“ әнінің шығу себебінен, сезім-күйінен, мазмұн ерекшелігінен, әуен-сазынан бөліп алуға болмайтын „Айттым сәлем, қаламқас“ әнін еске түсіріп көрейік. Бұл ән де Абайдың алғаш шығарған әндерінің бірі деп есептеледі. Екеуі де тақырып жағынан бір, әуен-сазы үндес, тіптен өлеңдік тілінде де бір жүректің сезім-аңсары нысаналас. Сонымен бірге осы екі әннің екеуінде де Абайдың қол таңбасы, тек Абайға тән үн-сазы бірден елең еткізеді. Абайдың ақындық даналығы әдебиетте қалай оқшау көрінсе, дара тұрса, қазақ халқының ән мұрасында да композитор ретінде өзгеше бітімімен дара тұрғанын аңғару қиын емес.

Абайдың кез келген әнінде ең алдымен, халықтың әншілік өнерінің, ән дәстүрінің асыл қасиеті тайға таңба

басқандай білініп тұрады. Сөйте тұра, Абай өз халқының ән дәстүріне арқа сүйеп отырып, әншілік өнерінен нәр тарта отырып жаңа салалы ән-әуен табады. Егер бейнелеп айтар болсақ, Абай өз әуендерінің қазақша тілін сақтай отырып тың ой айта алған. Ұлттық ән дәстүріндегі музыкалық интонацияны сақтай отырып, жаңа сападағы қазақ әнін тудырған. Бұл ерекшелік, әсіресе домбырамен айтатын әншілерде айқын сезіліп тұрады. Абай әндері бөтен сарын жетегінде кетпейді, әуені сөзбен, сөзі әуенмен қабысып, нақты ойдың, сезім мен көріністің дәл суретін береді. Бәлкім, Абай әндерінің жаңалығы дегеніміздің өзі осы болар.

Абай әндері шашырауы жоқ, шамасы жетпейтіні жоқ, үлкен зерде мен қабілетке ғажайып сезім қосылып туған әндер. Бір ғана „Желсіз түнде жарық ай“ әнінің өн бойына тұнған сұлу сурет дыбыспен салған кескіндей көз алдында мәңгілік қалады. Жаттығы жоқ, тосындығы жоқ мейлінше етене сурет. Әуенмен ғана емес, ой-сезім болмысы, дүниені сұлулық заңдылықтары бойынша қабылдау болмысы мейлінше таныс. Сөйте тұра тек қана Абай үні, Абай қолтаңбасы оқшау бітімімен, мазмұнымен мойындатады.

Ел ішіне кең тараған „Қараторғай“, „Екі жирен“, „Жиырма бес“, „Аққұм“ сияқты әндер бар. Осы әндердің кез келгенін бірінің сөзімен екіншісінің әніне салып айта беруге болады. Ал Абай әндері оған көнбейді. Тіптен, Абай сөздерін өзге әнге салып айту былай тұрсын, „Сегіз аяқ“, „Қор болды жаным“, „Бойы бұлғаң“ „Ата-анаға көз қуаныш“ әндері бірінің сөзімен екіншісін айтуға көнбейді ғой.

Міне, қазақтың әншілік дәстүріне Абай әкелді деп жүрген тың ырғақ, соны әуеннің ең бір қарапайым айғағы осы болса керек. Қарапайым айғақ қана емес, ғылыми зердеге салсақ та Абай әндерінің ерекше болуы — оның поэзиясының түрі мен мазмұнындағы жаңа сапамен байланысты екеніне жүгінер едік. Абайдың даналығының өзі ең алдымен қазақ поэзиясын адам өмірімен, қоғам өмірімен мұндас-сырлас ете білуінде, сол мұндас-сырлас бола алатын поэзияға лайық жаңа түр тауып, мазмұн таңдай білуінде. Олай болса, жаңа үні бар, жаңа тілі бар, жаңаша ой-суреті бар поэзияға ән шығарғанда ол әннің де сол жаңа поэзияға лайық әуен-сазы болатыны аян. Бұл нағыз өнердің бойынан табылатын тұтастық.

Абай әндерінің ішінде таза өзіндік қолтаңбамен назар аударатын әндердің бірі „Ата-анаға көз қуаныш“ әні. Осы әннің де сөзі мен әуенінде айрықша соны леп бар. Бұл

әнін Абай Ақылбайға арнап шығарыпты деседі. Елдегі қариялардың айтуына қарағанда, жасынан Құнанбайдың бауырында өскен Ақылбай еркелеу, еркіндеу болып өседі. Абайдың өз тәрбиесіндегі Әбіш, Мағауиядай емес, Ақылбай ел қыдырып ойын-сауық құрғанды ұнатады екен. Қаладағы орыс мектебіне берсе, онда оқуға шыдамы жетпей ауылға қайтып келеді. Сонда Абайдың Ақылбайға көңілі толмай осы әнін шығарыпты. Бірде Абай осы жаңа әнді Ақылбай отырғанда Әлмәғамбет әншіге айтқызады. Ән аяқталғанда Ақылбай өзінің мысқылшыл, еркіндігіне салып: „Аққе,— депті, Абайға,— мына әннің соңғы сөзіне екі сөз жетпей тұр екен, айтсам ұрыспайсыз ба?— дейді. “Е-е, айта ғой,” — дейді Абай. Сонда Ақылбай домбыраны алып, әннің соңғы шумағын айта келіп: „Бір жаман мен бе дедің бе, көңілінде?” деп бітіреді. Абай мырс етіп күліп: „Әлеке, осында да бірдеңе бар!” — деген екен.

Міне, осы әннің өлеңдік құрылысы да, әуендік сазы да жаңалығымен ден қойғызады. Тіптен, айтып отырған тақырыбы да бұрынғы қазақ әндерінің бара бермейтін өрісі. Сөйте тұра, әннің әуен-сазы, әннің мінезі, домбыраға үндестігі мейлінше қазақы. Мұның өзі, Абай ең алдымен халқының аса құнарлы әншілік дәстүріне арқа сүйей отырып, жаңа сапалы биікке көтеріле білді деген ойды орнықтыра түседі.

Осы тұста Абайдың шыққан ортасына, айналасына зер салмай болмайды. Әйгілі Біржан салдың алдын көруі, оның арқалы өнеріне тәнті болуы, Естаймен, Әсетпен дәмдес болуы, жүрдім-бардым қарайтын мысал емес. Өйткені Біржан сал сияқты ірі тұлға исі қазақтың ән өнерінің көшпелі академиясы, көшпелі консерваториясы ғой. Сол Біржан арқылы исі қазақтың ән өнері, ән мектебінің үлгілері Абай көкірегіне құйылғаны сөзсіз. Ал Абайдың көкірегі асыл мен жасықты ажырата алған. Сонсоң Абай төңірегінде болған Әлмағамбет, Уәйіс, Ағашаяқ-Берікбол, Мұқа, Біткенбай сияқтылар — шетінен өнердің кесек тұлғалары болған. Бірі әнші, бірі күйші, енді бірі скрипка-сырнайдың буынсыз білгірі, келесісі балуан-саятшы дегендей солардың қай-қайсысы да Абайдың шабытын жанып қана қоймаған, сол төңіректегі өнердің жаңа да жарқын үлгісін бастаушылар болған. Ал, Абай сол жаңа да жарқын өнер үлгісінің ұйтқысы, мәйегі, темірқазығы еді.

Енді Абайдың осы әншілік өнерін, жалпы рухани әлемін толықтырған екінші бір арна бар. Ол — ұлы орыс халқының мәдени талғамының қоғамдық-әлеуметтік ой-санасының сол кездегі көтерілген биігі еді. Көпшілікке

белгілі, Абай орысша сауатты болған. Бұған қоса төңкерісшіл пиғылдары үшін Семейге жер аударылған Михазлис, Долгополов, Леонтьев сияқты азаматтармен жақсы танысады. Солар арқылы Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов сияқты саңлақтардың бұқарашыл-революциялық ойларымен сусындаған. Берісі орыс әдебиеті мен өнерінің озық үлгілерімен, әрісі әлемдік өнердің, әлемдік ақыл-ойдың үздік жаңалықтарымен танысқан. Мұның әсер-ықпалы Абай творчествосында сайрап жатыр. Әрине, мұнан Абайдың әншілік өнері де шет қалуға тиіс емес.

Осынау орыс жұртынан тартылған құнарлы рухани арнаның әсер-ықпалы арқасында Абай ең алдымен өзіне, сонсоң айнала-төңірегіне, ақыр аяғында мынау мәңгілік дүние-тіршіліктің ырғағына ой көзімен, сын көзімен қарай алатын биікке көтерілді. Ал қашанда қоғамның сан тарау құбылыстарына ой көзімен қарай алғандар, жақсыға сүйініп, жаманға күйініп қана қоймаған ғой. Олар қашанда жақсыны молайту үшін, жаманды азайту үшін күресіп өткен.

Міне, Абай да, енді төңірегіндегі жақсы-жаманға куәгер болып қана қоймай, әрекетке, күреске шығады. Бұл жолда Абай таңдаған басты қару өлеңі еді, әні еді, өнері еді. Абайдың әншілік, композиторлық творчествосындағы қоғамдық, әлеуметтік үнінің мейлінше айқын көрініс тапқан еңселі биігі „Сегіз аяқ“ әні.

Әдетте ән атаулы ел ішіне ауызша тарайды. Бұл, әсіресе, Абай заманы үшін бұлжымас қасиет. Ал әр әнші-орындаушының өз үні, өз шеберлігі, өзіндік қабілет-қарымы болатыны тағы да аян. Бұл жағдайды сөз жоқ. Абай әндері де бастан кешті. Алдағы уақытта да солай бола бермек. Яғни, әннің бағы орындаушыға байланысты, ән тек орындаушы арқылы өмірін ұзарта алады деген сөз. Абай әндерін бірнеше толқын ұрпақ орындады. Соның қай-қайсысы да Абай әндерінің барша болмысын шегіне жеткізе аштым деп айта алмас еді. Осындайда Абай әндері ғана емес, жалпы қазақ әндерінің бағына біткен адам ретінде Жүсіпбек Елебеков еске түседі. Жүсіпбек ұлы әнші, әншіліктің Абайы. Ол Абай әндерін айтушы ғана емес, Абайдың ойын, арманын, сезімін жеткізуші. Мұхтар Әуезов Абай образын сөз маржанымен сомдаса, Жүсіпбек Абай образын ән-әуен маржанымен сомдаған.

Жалпы музыка атаулының, оның ішінде ән мен күйдің де шын өмір жолы орындаушысынан басталады. Айтушысы жоқ әннің, айтылмайтын әннің өлгені. Ал, Абай

әндерін бүкіл ел, исі қазақ айтады. Абай өнерінің халық жүрегімен тіл табысқыш қасиетінің бұл да бір айғағы болса керек. Тіл табысқыш болатыны — Абай ән тілінде де сол халықтық қайнардан нәр алып, халқының әншілік дәстүріне арқа сүйеді дейтіміз де сондықтан. Әркім Абай әндерінен өзіне сырлас, мұңдас табады. Абай әндерімен исі қазақтың тіл табыса кететіні де сондықтан.

Алайда мынаны ұмытпау керек. Қашан да композитор мен тыңдаушы жұртшылық арасына дәнекер болатын зерделі орындаушылар, әншілер бар. Халықтың әнді сүйіп, ән мен тіл табысып кетуі де алдымен кәнігі орындаушыға, зерделі әншіге байланысты. Мәселен, Абай әндерінің біздегі шебер орындаушылары ретінде жаңағы айтқан Жүсіпбекті, Қали Байжановты, Қуан Лекеровты, Манарбек Ержановты, Ермек Серкебаевты, Бибігүл Төлегенованы, Ришад Абдуллинді, Байғали Досымжановты, Қаукен Кенжетаевты, Мәдениет Ешекеевті, Жәнібек Кәрменовты, Қайрат Байбосыновты, басқа да біраз әншілерді атаған жөн.

Жалпы әнші-орындаушылар сөз болғанда мына жайды да сөз ету артық емес. Абай әндері ел ішіне ауызша тарағанымен, көзі тірісінде өз бақылауымен нотаға түспеген.

Абай әндерінің ең алғаш нотаға түсуі — 1919-23 жылдар. Сол жылдары этнограф А. Э. Бимбоэс „Сегіз аяқ“, „Татьянаның хаты“ атты әндерін нотаға түсіреді де, 1926 жылы Ленинградтан шыққан „Музыкалық этнография“ деген жинаққа енгізеді. Мұнан кейін 1934—1959 жылдар аралығында Абай әндерін нотаға түсіруде А. Б. Затаевич, А. К. Жұбанов, Л. А. Хамиди, Б. Г. Ерзакович, Е. Г. Брусиловский сияқты музыка зерттеушілері мен композиторлар еңбек сіңірді. Ал, Абай әндерін сол нотаға түсірушілерге айтып берушілердің ішінде Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Әміре Қашаубаев, Қуан Лекеров, Садық Қасиманов сияқты белгілі адамдардың болғаны да сүйсінерлік мысал.

Осы тұста Абай әндерін жаздыруда зор еңбек сіңірген адам ретінде Абайдың немересі Мәкен апайдың еңбегі айырықша екенін айтқан жөн. Бұл кісі бізге Абай әндерін түп нұсқа шығарушыдан естіп жеткізумен құнды. 1939 жылы Мәкеннің айтуында Абайдың 16 әні нотаға түсті.

Бүгінгі таңад Абайдың жиырмаға жуық әні белгілі. Егер варианттарымен қосып есептесе отыздан астам болады. Демек, әр орындаушы өзінің шеберлік шалымына қарай әртүрлі нақыста айтқан ғой. Бұл да назар аударуға

тұратын мәні бар жағдай. Асылдың сынығы сияқты оны айналып өтуге болмайды.

Абай әндерінің варианттарына ден қойған адам скрипка ықпалын оңай аңғаруына болады. Абай төңірегінде скрипка, мондалина, сырнай сияқты аспаптарда шебер ойнайтын буынсыз күйшілер болған. Соның бірі жауырыны жер иіскемеген Мұқа балуан Абайдың „Көзімнің қарасы“ әнін скрипкада келісті тартады екен. Жалпы Абай ауылына скрипканы алғаш әкелуші Құнанбайдың Айғыздан туған баласы Халиолла дейді. Халиолла Омбыдағы кадет корпусында оқыған. Шоқан Уәлихановпен жақын достықта болған. Кадет корпусын бітірген соң Павлов кавалериясында оқыған, үлкен зерделі азамат болып шыққан. Басқасын былай қойғанда ол скрипкада Глинканың, Чайковскийдің, Огинскийдің, Моцарттың шығармаларын майын тамызып орындайтын болған. Халиолланың бұл өнерін Абай да қатты қолдап, кейінгі жастардың үйреніп, дамытуын қадағалап отырған.

Сірә, Абай әндерінің варианттары сөз болғанда домбырамен бірге скрипканың да ықпалы болғанын ескеріп, бір себепті содан іздеген жөн.

Абай әндеріне қатысты сөз қозғағанда оның аударма өлеңдерге шығарған әндеріне назар аудармай кету мүмкін емес. Бұл ретте екі жағдай есте болу керек. Бірі, орыс поэзиясының, орыс тіліне аударылған әлемдік поэзияның Абайға еткен әсері. Абайдың жаңа түр, жаңа әуен табуы, жаңаша ойлау биігіне көтерілуі деген мәселенің бір ұшығы осында жатыр. Екіншісі, Абай сол жаңалықтарды қазақ оқырманы, қазақ тыңдаушысы жатсынбайтындай етіп жеткізе білуі деген мәселе. Абайдың ұлылығын танытар бір мәнді қыры осы. Шынында да дәстүрі, салты, талғамы мүлдем бөтен Татьянаны қазақ жұртының еш жатсынбай, мұң-зарын ортақтастырып ала қоюы, әрине, Абай дарынының арқасы. Тіптен, „Татьянаның әні“ Абайдың көзі тірісінде-ақ жалпақ қазақ даласында „Тәтіштің әні“ болып тарап үлгерген. Сол әнге тебіренген Әсет ақын „Тәтіш“ атты поэма жазған. Осы „Тәтіш“—Татьянаның әніне қатысты 1974 жылы жүз үш жасында қайтыс болған Қатпаның бәйбішесі Мақып әжей мынадай бір әңгіме айтатын еді.

— „Тәтіш“ әнін ауылдың қыз-келіншегі, бозбалалары алтыбақанда, қой күзеткенде, той-жиында жиі айтатын. Келіншек болып түскен күнім еді. Жастар айтсын әнді деп қолқалап болмаған соң Абай-ақкемнің „Тәтіш“ әнін айттым. Түнгі дауыс қыдырымпаз ғой, әнді Абай-ақкем де

естіпті. Ертеңінде Ағапам — Әйгерімді солай атаушы едік, сол Ағапам — Қатпа екеумізді үйге шақырды. Шақыртқан Абай-ақкем екен. Қысылып әрең бардым. Есіктен ұяла кіріп, тізе бүгіп сәлем бердім де, Ағапамның ығына отырдым. Байқағаным, төр алдында басында зерлеп тоқыған кестелі тақиясы бар, кең маңдайлы, дөңгелек жүзді, шағындап жіберген буырыл сақал-мұрты бар, ірі денелі Ақкем құс жастыққа шынтақтап жатыр екен. Қатпаның сәлемін алып, түрегеліп отырды. Сонсоң „Құсың құтты болсын, қарағым, ұзағынан сүйіндірсін“ деп тілек білдірді.

Кешікпей дәм келді. Дәм ішіп болған соң Ағапам маған бұрылып: „Ақкең түндегі өзің айтқан “Тәтіштің” әнін тыңдағысы келеді, соны айтып берші, қалқам,“— деп қызындай еркелетіп өтініш етті. Не істерімді білмедім, Ұялып барам. Қатпа мен Мағаш айтып бер деп сыбырлайды.

Содан „Тәтіштің әнін“ жүрексіне отырып бастап кеттім, орта тұсына келгенде Ағапам қосылды. Байқаймын Ақкемнің үлкен ой тұнған, өткір, нұрлы көзі жасаурап, толқып, іштей қосылып отырғандай болды. Ән аяқталғанда Ақкем жылы жымыып, Пөшкен (Пушкинді айтады) жайында қызық сөйлеп кетті. Содан былай Ақкем үйіне қонақ келсе Ағапам екеумізге осы әнді айтқызатын болды. Біз „Тәтіш әнінің“ үш түрін айтушы едік,“— деп еске алатын Мақып әжей.

Татьянаның жүрек мұңын әннен білгісі келген жан тек осы әнді тыңдау керек. Бұл да Абайдың кесек дарынына, танығыштығына, жеткізгіштігіне жарқын айғақ.

Абайдың аударма өлеңдерінің ішінде „Қараңғы түнде тау қалғып“ әні айрықша сәтті шыққан ән.

Абай аударма өлеңдерге ән шығарып қана қоймаған. Көшпелі қазақ жұртын Гетеше, Лермонтовша, Пушкинше ойлатып, соларша тебірентіп, адамға, қоғамға, табиғатқа соларша қаратуды нысана еткен. Әнді сол асыл ойды жүзеге асыру үшін шығарған. Бұл, әрине, құдірет мақсат қой.

Бүгінгі ән өнеріне Абай салған дәстүрдің әрі мен нәрі жоғалмай жетіп, үзілмей жалғасып, толысып, байып, болашаққа шеру тартқандай. Бұған Абай әндерінің бүгінгі операларда, симфонияларда, көп дауысты хор өнерінде кеңінен пайдаланылып, өріс ұзартып бара жатқаны айғақ. Абай өлеңдеріне ән жазған композиторлар да баршылық. Олар да Абайдың ән-нақышын пір тұтып, Абайдың музыкалық тілін ілгері дамыта білгенін көңілге зор қанағат етеміз. Мәселен, Сыдық Мұхаметжановтың „Жарқ етпес

қара көңілім неғылсада", Нұрғиса Тілендиевтің „Жасымда ғылым бар деп ескермедім“, Илья Жақановтың „Ем таба алмай“ әнін, Әбілахат Есбаевтың „Өзгеге көңілім тоярысың“ әнін қалайша Абайдың әсер ықпалы емес деп, Абайдың мектебі емес деп айтарсың. Жоқ олай айта алмаймыз, өйткені бұл көзге көрініп, құлаққа естіліп тұрған текті өнеге.

107. МҰХИТ ӘНДЕРІ,

„Кім білер, кімдер болар мейрі қанар,
Рухым сөнген менің қайта жанар.
Еңіреп Мұхит бабам өтіпті-ау деп,
Кейінгі ұрпақтарым есіне алар.“

Қазақ даласының әр қиырынан шарықтай көтерілген осынау асқақ үн, халық жүрегінде қоңыраудай күмбірлеп, халықтың, рухани өмір тіршілігімен біте қайнасып кеткелі қашан... Даланың ең асыл қасиеттерін ән тілімен бүтінгі өмірімізге жеткізген Мұхит Мералыұлының дарынына сөз жоқ бас иеміз. Мұхит әндерінің бітім-болмысынан сахараның мол пішімі, ондағы өмір сүрген елдің арман-мұңы, тағдыр талайы көлбеңдеп, көз алдыға келгендей болады. Сөз жоқ, халықтың тағдырын, сол халықтың өзі туғызған Мұхит секілді ұлы перзенттері жырласа керек. Қашанда бұқара халықтың ойын сол бұқара халықтың өз ішінен шыққан қол бастаған батыр, сөз ұстаған шешен, от тілді орақ ауызды ақын-жыраулар, жезтаңдай әншілер жеткізген. Мұхит та өз заманының болмыс-шындығын жырлаған әнші-ақын.

Мұхиттың өнерін жіктеп, өміріне көз салғанда әнші-ақынның өскен ортасына, өмір сүрген кезеңіне сол кездегі әлеуметтік жағдайға соқпай кете алмаймыз. Қазақ даласында әлеуметтік сананың сергектігі мен әрекетшілдігі жөнінен Атырау айырықша назар аудартады. XVIII ғасырдың 80-жылдарында отаршылдыққа қарсы әрі шешен, әрі ақын Сырым Датұлы бастаған халық қозғалысы, XIX ғасырдағы Исатай-Махамбет бастаған халық көтерілісі елдің тыныс-тіршілігіне, рухани таным-түсінігіне елеулі ықпал етті. Ресей патшалығының өкілдері көтерілісті басқанмен, халық жүрегінде туындаған азаттық сезімінің, асқақ арманының қанатын қия алмады. Мұхит тап осы тұста қазіргі Орал облысы, Қаратөбе ауданы, Жақсыбай өзенінің бойындағы Ақбақай деген жерде дүниеге келген еді. Ес біліп қолына домбыра ұстасымен-ақ, арғысы Тамадан шыққан Жиенбай, Алшыннан шыққан Үмбетай жыраулардың. Исатай-Махамбет

көтерілісіне араласқан, атақты Біржан мен Ақанның ұстазы Сегізсерінің әндерінен, Махамбет жырларынан сусындайды. Құдіретті Құрманғазының, Боғда мен Абыл-Қошқардың, Тазбала мен Сәулебайдың күйлерін үйренеді. Өзі де соларға еліктеп ән-күй шығарады. Дүниеге сергек те серпінді ән маржандары келеді...

Мұхиттың ерекше ұстаз тұтқан адамы Құрманғазының шәкірті, асқан әнші, әрі күйші Кетеден шыққан, атақты Ешнияз сал деседі. Ал Ешнияз Сегізсеріге де шәкірт болған. Ешнияз сал арқылы Мұхит Құрманғазы мен Дәулеткерейдің алдын көрген. Сейтек, Қазанғап, Түркеш, Соқыр Есжан, Мәмендермен де араласқан. Өйткені Мұхит секілді ұлы дарын олардың атын естіп, ат ізін салмауы мүмкін емес. Бұл жағдай оның әндерінің құрылысынан да сезіліп тұрады.

Мұхит дүниеге келгенде Құрманғазы 18-те, Дәулеткерей 21-де екен. Ал Қостанай, Орск (Жаманқала), Орынбор, Тобыл (Тобольск), Троицк, Ақтөбе, Көкшетау, Арал, тіпті берісі Қазалыға дейін келген Мұхиттың, іргедегі Құрманғазы мен Дәулеткерейге бармауы мүмкін емес. Омбыда — Біржанмен, Тобылда (Тобольск) — Жаяу Мұсамен кезіккен деген ел арасында сөз бар. Әрине, бұл зерттеуді керек ететін жай, Әйтсе де „халық айтса қалып айтпайды“ деген, ескі көз аға ұрпақтан жеткен естелік әңгіменің бір парасы осы.

Мұхит өзі дүниеге келген ән мен күйдің алтын бесігі Атырау бойында қлыптасқан өнер дәстүрінен сусындаған жан. Мұхитпен қатар шыққан замандастары төкпе айтыс ақындары: Беріштен — Мұрат Мөңке ұлы; Алшыннан — Қадырбай, Әзілкеш; Жетіру — Табыннан — Ерсейіл, Сайәділ, Әбубәкір; Қаратамырдан — Оңғар жырау, Қожахмет; Атақты „Исатай-Махамбет“ дастанын жазған Филыман Шөреков. Тіпті, сол теңдігі жоқ заманда ештеңеден қаймықпай суырылып шығып өнер шашқан күйші-қыздар: атақты Дина Нұрпейісова, Айданақыз; ақындар; Қыз Бапас, Айсұлу, Табия, Рысты, Ділдә секілді жүйріктер. Бұдан біз Мұхит туған киелі топырақтың құнарын, ұлы әнші-ақын сусындаған кәусар бұлақтың көзін көреміз.

Мұхит әндерінің құрылысы өте күрделі. Қайырым ырғақтары үзілмейтін көп дыбыстан тұрады. Шарықтау шегімен төменге түсер сағақ үн аралығында қабаттасып алуан түрлі иірімдер жатады. Әннің ажары да сол иірімінде. Оралымы шапшаң, жүрісі ширақ. Ән мазмұнына

қарай ойдың, сезімнің жүйе-жүйесімен сабақтасып келетін өрнек, кестесі айқын көрінеді.

Бір ғажабы сол кездегі қазақ даласында өмір сүрген әнші-композиторлар бірін-бірі біліп, естіп жүреді, тіпті бір-бірінен үйреніп тағлым алса да, Мұхит творчестволық шешімге келгенде мүлдем басқаша, өзгеше бетбұрыс жасайды. Арқада — Біржан мен Ақан салған әншілік дәстүр, Жетісуда — Кенен салған әншілік дәстүр, Атырауда Мұхит салған әншілік дәстүр жеке-жеке мектеп болып халықтың ән өнерін мейлінше байыта түседі. Мінез-өrneгі де әр түрлі. Біржан мен Ақанда ой мен сезім басым болса, Кененде сыршылдық, табиғилық бар. Ал Мұхитта ой мен сезімді қатар өрбіткен оптимизм басым.

Мұхит әндерінде жалаң ой, жылауық сезім күйі жоқ. Адамның рух күші, күрескерлік тағылымы белең алып жатады. Әуендік ырғағының жұмсақ саздылығына қоса мінезіндегі өршілдік иірімдер, ширығулар оқшау көрінеді. Бұл — Құрманғазы күйлерінде ғана кезігетін дара тәсіл. Бұл — пенде баласының қолынан келер музыкалық дыбыстық мүмкіндікті шегіне жеткізе, толық пайдалану деген сөз. Сондықтан да болар А. В. Затаевичтің Мұхитты „Қазақтың “Бояны” деуі. „Үлкен айдай” „Кіші айдай”, „Ақ иіс”, „Қарақаншық” „Паңкөйлек”, „Зәуреш”, „Ақсойқан”, „Айнамкөз” „Дүние-ай” „Алуаш” сияқты Мұхит әндері халық рухын бұрын із түспеген сезім биігіне көтерген құдіретті туындылар.

Мұхит секілді ұлы әнші, композитордың өнеріне арқау болған оқиғаларға да немқұрайды қарауға болмайды. Осының өзі жеке бір зерттеуді керек ететін жай секілді. Бұдан біз әнші, композитор Мұхиттың емес, ақын Мұхиттың ерекшелігін ажыратып алар едік. Сөз жоқ Мұхит ірі ақын. Ән текстеріндегі кесектік Мұхиттың ақындық құдіретін де даралап тұрады. Бір-біріне ұқсамайтын асқақ әндердің мінез-бітіміне сай көркем поэзияның да үлгісін Мұхит жасай білген. Мысалы, „Зәуреш” әнін қараңыз. Мұхит творчествосында құрылысы жағынан, әрі музыкалық бай мазмұнымен оқшау тұратын ән. Мұның өзін, „кішігірім Реквием” деген Ахмет Жұбанов, Біржанның „Теміртас”, Ақанның „Құлагер”, Әсеттің „Көкшетау”, Абайдың „Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?” секілді әндерімен қатар тұрған дүние.

Уа, Зәуреш, сенің үшін елден келдім,
Баяғы өзің көрген жерден келдім.

Сен неге мен келгенде тебіренбейсің,
Иіскеп бір сүйейін деген едім.

Қайыңның жазда көрдім жапырағын,
Құланның тауда көрдім шоқырағын,
Сен қалған отыз ұлдан едің, Зәуреш,
Бір уыс бұйырмады топырағың...

Отыз ұлдан кейін жалғыз Зәурештен айырылған Медет қарт болып күңіреніп отырған Мұхиттың айтпақ ойы мүлдем бөлек. Зәуреш тағдыры сол кездегі ісі қазақтың жан кешті ауыр тағдыры. Мұң зары. Даланың тағдыр талайына төнген қасірет. Мұхит соны Зәуреш арқылы берген. Ел ішін жайлаған қоғамдық-әлеуметтік індетті әшкерелеген. Алдағы өмірден бір жақсылық күтеді. „Үмітім ақталмаса артыңнан мен де барамын“ дейді. Міне біз бұдан Мұхит творчествосындағы әлеуметтік көз қарасы қаншама биікте жатқанын көреміз.

„Зәуреш“ әнінде Арқа әндерінің сарын сазы бар. Музыканың ішкі сыртқы үндестігі мазмұн мен ойдың бірлігі, оқиғаны белгілі бір дыбыс мөлшерінде баяндау тәсілі соны аңғартады. Сол сияқты „Көк айдай“ әнінде де арғысы Орта Азия, бергісі Тәжік, Қарақалпақ халықтары музыкаларының элементтері сезіледі. Ал, „Паңкөйлекте“ орыстың халық әндерінің ықпал әсері жоқ емес. Демек, Мұхиттың дүние танымы мейлінше кең ауқымды болған. Ісі қазақ халқының ән-күй дәстүрін жетік білген. Сонымен қоса көршілес елдердің де тарихы мен өнерінен хабардар екенін аңғарамыз.

Өзге ұлттардың әдет-ғұрпын, өнерін жатсынбай өз бойына сіңіру арқылы өз халқының өмір-тіршілігімен дәнекерлей білу үлкен саналылықтың белгісі. Мұхит сезімі діни құрсаудан, саяси кіріптарлықтан ада. Даланың ерке самалындай азатшыл әндері талмай самғайды.

Сол кездің өзінде Мұхит орыстың халық әндерін домбыра мен сырнайға қосып айтады екен. Тіпті інілері Жүсіп, Ақылман, Сақыпкерей төртеуі қосылып орыстың „Невозвратное время“ деген вальсін тартқанда орыс-қазақ болып таңырқасқан деседі.

Өмірді терең болжай білген Мұхит тіршілікте өнерді бәрінен жоғары қояды. Сондықтан да болар өзі ақсүйек, атақты Қаратайдың шөбересі, дәулетті Мералының ұлы бола тұрып өмірдің парқын байлықтан, барлықтан іздемей, барша саналы өмірін өнерге бағыштайды. Әйгілі „Айдай“ әнінде:

„Мұхитта мал дегенде жалғыз сиыр,
Болады баспағымен төртеу биыл.
Мұхиттың шаруаменен жұмысы жоқ,
Күнде той жүрген жері күнде жиын,—

десе, „Ақсойқан” әнінде:

„Халыққа салмақ түсті Мешін — Тауық,
Жігітке атқа мінген болды қауып.
Оралдан ән оздырған Мұхит ағаң,
Үйінен іше алмай жүр көже тауып... — дейді.

Қайсар әнші-ақын сол қиындықтың бәріне мойымайды. Өмірдің парқы мен нарқын өлмес өнерден іздейді. Шарықтап „Паңкөйлекті” шығарады.

„Кім білер, кімдер болар мейрі қанар,
Рухым сөнген менің қайта жанар.
Еңіреп Мұхит бабам өтіпті-ау деп,
Кейінгі ұрпақтарым есіне алар, — дейді.

Өмірдің мәнін, өнердің рухани күшін терең түсінген адам ғана осылай десе керек.

Мұхит әндерінің ішіндегі бір шоқтығы биік ән „Айнамкөз”. Бұл Біржанның „Ләйлім-шырақ”, Балуан Шолақтың „Ғалия”, Естайдың „Қорлан”, Жаяу Мұсаның „Гауһар қыз” әндері секілді адам баласына лайық ең бір сұлу сезімді жырлаған ән. „Айнамкөзде” адам сезімінің шарасыздығы білінбейді, дәрменсіздігі жоқ. Орынсыз жылап-сықтайтын мұң-зардан ада. Махаббаттың рухани күшін асқақ жырлайды.

„Есіме сен түскенде беу қарағым,
Қайнайды зығырданым қай-қайдағы...”

дейді. Бір ғана келіп-кетер дүние-тіршілікте тәлкек болған тағдырдың хал-күйін айта келіп, жан сезімін, жүрек қалауын сол заманның қанды қолы жетпейтін биікке көтеріп әкетеді.

Басқа халық композиторларында Мұхитқа тән асқақ диапазон сирек кездеседі. Бұл шындық. Қай әнін алсаң да құрылысы жағынан шектеуі жоқ, әуен тасқыны шырқап көтеріліп, сатылап түсіп құйылып жатады. Ал мұндай әндерді шығару үшін, оны орындау үшін көкірек қанаты бар сұрапыл әнші болу керек. Мұхиттың композиторлығын, ақындығын былай қойғанда қандай әнші болғандығын осыдан-ақ жазбай тануға болады. „Дүние-ай” әнін тыңдап отырғанда шын дүниенің шегіне шыққандай боласың. Құрманғазының „Сарыарқа” күйі секілді төгіліп

жатқан мол дыбыс. Ой тербеп санаңды арбайтын сиқырлы саз.

Мұхит артына отыздан аса ән мен күй қалдырды. Осынау мол мұраның бүгінгі өркен жайған музыкалық мәдениетімізде алар орны ерекше. Е. Брусиловский „Жалбыр“ операсында Қадишаның аузына „Алуаш“ әнін, „Қыз Жібек“ операсында Төлегеннің аузына „Үлкен Айдайды“, Жібектің ариясы етіп „Дүние-ай“ әндерін енгізеді. „Ер Тарғында“ акт арасындағы музыкалық антракт есебінде „Үлкен Айдайды“ пайдаланады. Б. Ерзакович шекті аспаптарға арнап жазған квартетінде „Айнамақоз“ әнін тақырып етті. „Зәурешті“ Л. Шаргородский мен С. Шабельский „Симфониясында“ екінші бөлімінің негізгі өзегі етіп алды. Радио мен көгілдір экранда, концерттік сахналарда шырқалған Мұхит әндері халқымыздың рухани игілігіне қызмет етіп келеді.

Мұхит әндерін бізге жеткізушілердің бірі болған — сол Мұхиттың қасына еріп, тағлым алған шәкірті Шыңтас Қаратаев еді. Сондай-ақ 1933-34 жылдары Мұхит әндерін алғаш радиоға жаздырған Лұқпан Мұхитовты ілтипатпен атар едік. Тәмті Ибракімова, Нағима Әбіловалардың айтуында Мұхиттың көптеген әндері нотаға түсті. Бұл адамдардың қызметін өнер сүйетін қауым ешқашанда ұмытпайды.

Ал халқымыздың ардақты әншісі Ғарифолла Құрманғалиевты Мұхиттың өмірімен өнерін сөз еткенде, бөле-жарып қарауға болмайды. Ғарифолла — Мұхит салған әншілік мектептің алтын діңгегі. Сол алтын діңгектен тараған жаңа, жас ұрпақ Мұхит әнінің жалғасы болып болашаққа шеру тартып барады.

108. ҚАЗАҚ РЕНЕССАНСЫ. Не нәрсені дәл парықтай білудің адам үшін де, қоғам үшін де, тарих үшін де мән-мағынасы алабөтен қымбат. Әсіресе, тарихи, кезеңдердің төл сипатын, рухани құбылыстардың парқын және белгілі тұлғалардың тарихтағы алар орнын, қадыр-қасиетін тап басып, дәл бағалау арқылы ең алдымен жер басып жүрген тірілер өздерінің талғам-танымын шыңдайды. Керісінше, тарихи кезеңдердің төл сипаты дәл сараланбаса, рухани құбылыстардың парқы дәл анықталмаса, сондай-ақ белгілі тұлғалар жаңсақ бағаланса немесе әсіре дәріптелсе, онда да ең алдымен тағыда сол жер басып жүрген тірілердің асыл мен жасықты, оң мен терісті ақиқат пен өтірікті парықтау қабілетіне (ценностная ори-

ентация) нұқсан келеді. Мұның зардабы ұлттық өредегі талғам-танымды шарпуы да бек мүмкін.

Егер біз этностың белгілі бір тарихи кезеңдегі мәдени-рухани өресін анықтау үшін бұрынғы методологиялық сұрлеуге түсіп, қоғам дамуының формациялық „заңдылықтарына“ жүгінетін болсақ, немесе өндіріс тәсілдерін мәдениеттің анықтаушы етіп қарастыратын болсақ, ондай жол, әсіресе көшпелілер қоғамын тануда алдын-ала қателікке бастайды. Мұны тарихтың тағылымы талай мәрте дәлелдеген. Этнос тағдырындағы саяси-әлеуметтік өмір мен мәдени-рухани өмірдің арасында ұдайы сәйкестік бола бермеген. Байырғы гректердің құлдық қоғамы ширығып тұрған кезеңде классикалық өнері дүрілдеді, Еуропада орта ғасырлық діни мистиканың қанды шеңгелінде Ренессанс шешек атты, Германия жерін Наполеон солдаттарының табаны таптаған кезде классикалық философиясы мен өнері шарықтады, крепостниктік (құлдық) Ресей XIX ғасырдағы әдебиеті мен өнеріне „алтын ғасыр“ деп айдар тақты. Қоғам өміріндегі бұл сияқты саяси-әлеуметтік ахуал мен мәдени-рухани ахуалдың кереғарлығын кезінде ұлы Гегель „Тарихтың тәлкегі“ деп атады.

Осынау „тарихтың тәлкегіне“ қарамастан дүниежүзілік таным үрдісінде мәдени-рухани жаңғырулардың бәрін Ренессанс деп атайтын дәстүр орныққан. Әдетте, жалпы Еуропалық Ренессанс XIV—XVII ғасырлар арасында өтті деп мойындалғанымен, сол ұлы жаңғыру шарпыған елдердің әр қайсысы өз ішінде өзіндік ерекшеліктермен, өзіндік кезең-мерзімімен көрініп отырған. Дәлірек айтқанда әрбір ұлт өзінің этникалық төлтума (самобыт-ный) болмысымен шабыт тұғырына көтерілген. Еуропалық Ренессанстың тұсауын кескен Италия гуманистік дүниетанымды ту еткенімен, мейір қандыра нәр алған қайнары антикалық мәдениет болды. Адам болмысындағы ұлылықты сұлулық пен үндестіктің тоғысынан іздеген француздар Тәңірдің өзіне тұрақ болғандай ғимараттар тұрғызды (Ласко, Делорм т. б.). Ал, Германиядағы Ренессанс ең алдымен адамдардың діни санасына реформация жасаудан басталды.

Сиректеу зерттеліп, сараңдау сөз болғанымен Шығыс Ренессансының да өз заңдылықтарымен көрініс тапқаны тарихи ақиқат. Бұл тұрғыда, алғашқы жаңғыру қадамы Қытайда басталып (VIII—XV), конфуцилік дүниетанымды гуманистік филология ығыстыра бастаған (Н. И. Конрад). Дәл осы кезеңде (VIII—XII) араб Ренессансына мұрындық

болған классикалық әдебиеті де бұлтартпас айғақ ретінде көлденең тартылады (И. М. Фильштинский). Ал, IX—XII ғасырлардағы Иран мен Орта Азиядағы поэзияның, фило-софияның және ғылымның жетістіктері Ренессанстың әлемдік аядағы кезеңдік өрлеуі ретінде мойындалады (И. С. Брагинский).

Әлемдік дамуға ықпал еткен кесек жаңғыруларды былай қойғанда, орта ғасырдан бергі кезеңдерде Еуразияда ірге бекітіп үлгерген ұсақ мемлекеттердің де өз ішінде, өз рухани тағдырында жүзеге асқан Ренессанстық жаңғырулар сол елдер тарихының мерей-мәртебесі ретінде ғұмырнамасына айналған. Мәселен, XII—XIII ғасырлардағы грузин әдебиеті мен педагогикалық ойлары сол елің төл тарихында грузин Ренессансы ретінде оқытылады (И. Джавахишвили). Ал, Армян Ренессансы грек-римнің классикалық мұрасымен кіндіктес құбылыс ретінде, жалпы еуропалық Ренессанстың аясында қарастырылады. (В. К. Чалоян).

Қысқасы, белгілі бір этностың мәдени-рухани ғұмырнамасына ден қойғанда, міндетті түрде сол этносты жер бетінде дара феномен етіп орнықтырған тарихи себептерді ғана емес, тарихи кезеңдерді де тап басып, дәл тану қажет. Себебі, өнері де, өмір салты да өзге ұлтқа ұқсамайтын, төлтума қасиеті қалыптасқан ұлттың жер бетінде болуының өзі-ақ Ренессанстық құбылыс ретінде мойындалуға тиіс.

Міне, осынау ойлардың орамын жинақтап келгенде, қазақ халқы үшін Ренессанстық кезең XIX ғасырдың орта тұсы болды деген тұжырымға тоқтаймыз. Қалай және қандай тарихи себептердің нәтижесінде қазақ халқының мәдени-рухани Ренессансы XIX ғасырдың жуан ортасында жүзеге асты деген заңды сұрақ туады.

Тарихтан белгілі, соңғы үш мың жыл аясында байтақ Еуразияны айтқанына көндіріп, айдауына жүргізген көшпелілер өркениеті орта ғасырдың соңын ала қожырай бастады. Алтын Ордадан кейінгі ұсақ хандықтар этностенудің (этнизация) инкубациялық жөргегінен шығып үлгергенше Ресей мен Қытай (арғы жақтағыларын айтпағанда) отты қаруды игеріп алды. Жауды санап соғысуды өзіне ар санайтын көшпелілердің ержүрек батырларын шибұт самогоншы тапаншамен тырс еткізіп атып тастайтын заман туды. Жеңілген көшпелілер емес еді, жеңілген система болатын. Көшпелілер тарих сахнасына ат үстінде шығып, сол аттан түспеген қалыптарында тарихпен қоштасты.

Еуразия көшпелілерінің жақсылы-жаманды барша

қасиетін тал бойына сіңіріп, кіндік жұртты қоныс еткен ең соңғы тұяқ — қазақ халқы. XVIII ғасырдың алғашқы ширегінен бастап қазақ халқы Ресей империясының бұғауында үш ғасырлық бодандық ғұмыр кешті. Бұл бодандықты өз ішіндегі саяси әлеуметтік процестердің жүзеге асуына байланысты үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең — 1731—1822 жылдар аралығы. Яғни, 1731 жылы Әбілқайыр хан Ресейге бодан болу жөнінде ант берсе, 1822 жылы М. Сперанскийдің „Сібір қазақтары туралы Устав“ деп аталатын жарлығы шығып, осы жарлықтан кейін қазақ даласында хандық билік жойылды. Халық бәсіз, орталық өкіметсіз, панасыз, қасіретке толы ғұмырын бастады. Бұл, бірінші кезеңді протекторат кезеңі дейді. Яғни, империялық Ресей қазақ даласын сырттай орап иемденгенімен, ішкі саяси институттарға, ішкі басқару құрылымдарына, әсіресе көшпелі өмір салтына айтарлықтай өзгерістер енгізіп үлгері қойған жоқ. Протекторат саясатын бейнелеп айтар болсақ, бесігін улы жылан орап алған нәресте қазақтың қаннен-қаперсіз жатқан қалпын елестетуге болады.

Екінші кезең — 1822—1868 жылдар аралығы. Бұл кезеңде аға сұлтандық билік орнап, елдің саяси-әлеуметтік құрылымына патшалық Ресей толық бақылау жасау мүмкіндігіне ие болды. Ат үстінде қомпиып жүрген аға сұлтандардың тізгіні Ресей әкімдерінің қолында болды.

Үшінші кезең — 1868 жылдан 1991 жылға дейін созылды. Көшпелі қазақ халқының ғасырлар бойы этникалық тұтастығына кепіл болып келген, өмір салтын төлтума даралықта қалыптастырған және шаруашылық-мәдени сүлесіне ұйтқы болған ру аралық горизонтальды құрылымын 1868 жылғы „Жаңа заң“ біржола күйретіп, оның орынына иерархиялық сатылы бағыныштылықты орнатты. Нәтижесінде ел іші бір-бірімен бәсеке-бақас ұсақ-ұсақ әкімшілік-территориялық жікке бөлініп, бұрынғы қарға тамырлы этникалық пәтуа-бірліктің шырқы бұзылды. Сөйтіп үш мың жыл аясында көшпелілер үшін өмір сүрудің үлгісі болып келген қандастық демократия тарихтың еншісіне айналып, оның орынын түпкі тегі Еуропа топырағында басталған индивидуалистік өмір салт басты. Бұдан былай жеке әкімшілік-шаруашылық ұжымдар ғана емес, әрбір жеке адам бірін-бірі жатсынып, бірімен-бірі бәсекелесіп, жоғарыдағы ұлықтарға жағыну арқылы пендеші мақсатқа жетуді өмір сүрудің тәсіліне айналдыратын болды. Қазақ қоғамының бұл сияқты саяси-әлеуметтік құры-

лымы социалистік система кезінде де еш өзгеріссіз сақталып қалды.

Қазақ халқы бастан кешкен үш ғасырлық отаршылдық кезеңде системалардың алмасуына қарамастан, мемлекеттік төңкерістердің жүзеге асқанына қарамастан, саяси-идеологиялық көзқарастардың өзгеруіне қарамастан Ресейде бір ғана жағдай өзгеріссіз қалып отырды. Ол отар болып отырған бұратана халықтарға деген Ресейдің репрессиялық пиғылы мен әрекеті болатын.

Міне, отаршылдықтың осы сияқты нәубетін бастан кешкеніне қарамастан, XIX ғасырда қазақ халқының мәдени-рухани әлемінде Ренессанстық сілкіністің болғаны тарихи факт. Сөз жоқ, бұл кезеңде де Гегель айтатын „тарихтың тәлкегі“ қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік өмір мен мәдени-рухани өмірдің арасындағы кереғарлықта көрініс тапты. Ресей отаршылдығының алғашқы протекторат кезеңі қазақ даласында аттай бір ғасырға (1731—1822) созылғаны белгілі. Осынау бір ғасыр аясында қазақ халқы бұрынғыдай Ұрымы мен Қырымы бар, Қызылбасы мен Қытайы бар, Манғолы мен Манжұры бар, әйтеуір қаптаған сыртқы дұшпанға алаңдауын қойған болатын. Мұның бәріне Ресей империясы сырттай айбар болды да, қазақ қоғамы өзінің ғасырлар бойы шегіне жете шыңдалған көшпелі өмір салтымен алаңсыз қауышты. Бұл кезеңде ру аралық пәтуа-бірліктер, оларды реттеп отыратын салт-дәстүр институттары, дәстүрлі моральдық-этикалық қалыптарға сүйенген билік жүйелері, әсіресе аз күш жұмсау арқылы мейлінше мол өнім алатын ырғақты көшпелі өмір-салт шыңдалған үстіне шыңдалып, қазақ халқының этникалық арман-аңсары (идеал) бұрын-соңды болып көрмеген тұтастыққа жетіп еді. Ең ғажабы протектораттық құрсау сырттан келетін қауып-қатерге „қорған“ болып, қазақтардың алаңсыз өмір сүруіне жағдай жасап қана қойған жоқ, қазақ қоғамының өз ішінде де агрессивтік иммунитеттің сөнугіне себепші болды. „Ердің құны екі ауыз сөзбен шешілетін“ кісілік қоғамдық қалыпқа (норма) айнала бастады. Ел ішіндегі әлеуметтік-экономикалық толысу мен дәстүрлі қарым-қатынастың үйлесім табуы өзінен-өзі мәдени-рухани үрдісті қоғамдық мүдде деңгейіне көтерді. Былайша айтқанда, қоғамдық қатынастар кісілікті салт-дәстүрлер арқылы реттеліп, адамдардың өмір салты эңер деңгейіне көтерілді.

Осынау, қазақ қоғамындағы бір ғасырға созылған мәдени-рухани инкубациялық кезеңнің әбден толысқан „толғағы“ XIX ғасырдың алғашқы ширегіне дөп келді.

Күйшілік өнерден Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Қазанғап, Ықылас сияқты құдіреттердің қалың шоғыры дүр ете қалды. Ән өнерінде Біржан сал, Ақан сері, Мұхит сияқты біртуарлар лебізі қазақ даласының бесік жырына айналды. Ғылым саласында Шоқан, Ыбырай, Салық сияқты сұңғылалар әлемдік озық ойлардың биігінен көрінді. Ал, поэзияда Махамбет, Абай, Дулат, Мұрат, Албан Асан, Шортанбай, Жамбыл сияқты жезтаңдайлардың аузынан шыққан сөзді иісі қазақтың баласы Құран мен Таураттың сөзіндей жатқа айтатын болды. Дәл осынау ұлы сілкініс кезеңінде қазақтың қол өнері мен сәулет өнері де ғасырлар тұңғығынан бастау алған ұлы дәстүрін түлете жаңғыртты. Көшпелілер қолөнерінің шырқау шыңы болып табылатын алтын үздікті киіз үйлер Еуропа музейлерінің төрінен орын алып, жат жұрттық патшаларға сыйға тартыла бастады. Сарыарқаның сары белдері мен Үстірттің құба жондарында баяғы скиф, сақ заманындағы молалық ғимараттар жаңғыра бой көтеріп, скифтердің даналық өрнегі (звериный стиль) салынған сынтастар, бал-бал тастар қазақ даласын музейге айналдырып жіберді. Қорқыттан кейін аттай мың жыл бойы тілін тістегендей үнсіз қалған қасиетті қара қобызға да дәл осы кезеңде тіл бітіп, бар дауысымен өмір күйін төге бастады. Биік өнердің байырғы сүлелері қайта жаңғырып, сал-серілік халықтық салт-дәстүрдің құрамдас бөлігіне айналды. Осының бәрі қазақ халқының азатшыл рухын көтеріп, Сырым, Исатай, Махамбет, Кенесары, Наурызбай сияқты елім деп еңіреп туған ерлерді дүниеге әкелді.

Айтары жоқ, ғажайып құбылыс! Қазақ халқының тарихи тағдырындағы осынау ұлы сілкініс бас-аяғы 60-70 жылдың ішінде, ХІХ ғасырдың аясында өтті. Жай өткен жоқ, қазақ халқының болмысына өзіндік дара қасиет дарытып, мәдени-рухани төлтумалығын біржолата орнықтырып кетті. Қазақ Ренессансының ұлы тұлғалары туындатқан рухани қазыналар ешқандай әсіре бұлдаусыз жалпы адамзаттық игілік болып табылады.

Ал, Абай болатын болса, қазақ Ренессансы кезеңінде дүрілдеп шыққан ұлылардың бірегейі. Бұл тұрғыдан келгенде Еуропа Ренессансының Данте мен Джоттодан басталып, Байронмен аяқталатыны сияқты, қазақ Ренессансы да Құрманғазыдан басталып, Абаймен тұйықталғандай. Бұл жай ғана әсіре теңеу емес, терең зерттеп тануды қажет ететін тарихи ақиқат. Мұндай тарихи ақиқатты неғұрлым терең таныған сайын, соғұрлым тарихи тұлғалардың болмыс-бітімі жан-жақты ашылып қана

қоймайды, ең бастысы ұлт мәдениетінің тарихи парқы танылып, тек-тамыры тұлғалана түседі. Сонда, бүгінгі және болашақ ұрпақты XIX ғасырда Құрманғазы мен Абайдың дүниеге келуі таң қалдырмайды. XIX ғасырдағы қазақ халқының мәдени-рухани тегеуріні Құрманғазы мен Абай сияқты құдіреттерді дүниеге әкелмей қоймайтынына ден қоятын болады...

Құрманғазы — қазақ Ренессансының алғашқы іңгәсі, жез қанат қарлығашы. Оның құдірет күйлері қазақ даласындағы протекторат кезеңімен үндес шығып, ел ішіндегі жаңғыра түлеген көшпелі өмір салт стихиясымен біте қайнасып дүниеге келді. Патшалық Ресейдің отаршыл тұзағы алыстан орап жатқан кезеңдегі аз ғана тарихи толас кезеңі көшпелі қазақтың әлеуметтік-тарихи рухын мейлінше асқақтатып үлгерді. Құрманғазының барша дарын-тағдыры халық болмысымен шендесіп, аз аяда шығындап үлгерген өршіл рухы отаршылдықтың кейінгі зардабымен бітіспес күреске шықты. Бұл ретте, Құрманғазының күрескерлігі өлетін мал, тозатын дүние үшін емес, шын мәнінде заманалық құбылыстармен шарпысу арқылы көрініс тапты. Көшпелі қазақ қоғамының жаңғыра сілкінген тарихи толғағы Құрманғазының ұлы сүре күйлерін дүниеге әкелді. Құрманғазыдан бастау алған ұлы сілкініс байтақ қазақ даласын түртіп оятқандай, көшпелі-қазақ өзінің дәурен күйін бар дауысымен шырқай салды.

Қазақ Ренессансының құзар шыңы — Абай.

Абай өз айналасындағы адамдарға, өзі өмір сүрген қоғамға, өзі ғұмыр кешкен заманға сын көзімен қарап, кемшіліктерін тап басып көрсете білді деп келетін бір пара ой сілемі бар. Мұндай ойдың жосығына Абай туралы сөз қозғағандардың соқпай өткені кемде-кем. Рас, бұл сияқты ой-тұжырым (концепция) басы ашық ақиқат болғандықтан ешқандай күдік-күмән тудырмайды. Өйткені, Абайдың сыншылдық зердесін танытатын бұлтартпас айғақты оның өлеңдері мен қара сөздерінің кез келген орамынан кезіктіруге болады.

Гәп басқада. Абай көрген, Абай сынаған еріншектік, бекер мал шашқыш дарақылық, жалқаулық, күншілдік, өтірік-өсекке әуестік, мақтаншақтық, жағымпаздық, жікшілдік т. б. сияқты сорақылықтар қазақ сүйегіне біткен биогенетикалық қасиет пе, жоқ әлде қоғам мен заман болмысынан жұғысты болған нәубет пе?! Міне, тарихи шындық үшін де, ғылыми ақиқат үшін де, әсіресе Абайдың сыни зердесін шыншыл қалпында тану үшін де айрықша мәні бар мәселе осы болса керек. Себебі, Абай-

дың сыни зердесін сөз еткенде әрісі „қу заманға“ топырақ шашып, берісі „жабайы қазақты“ күстаналап, сонан соң Абайды заманынан да, қоғамынан да, ұлтынан да асып туған дана еді деп қайыра салу оңайдың оңайы. Алайда, мәселенің түйіні, Абай сынап отырған жағымсыз құбылыстардың тарихи-әлеуметтік сыр-себебін тап басып саралай білуде болса керек. Әрі-беріден соң, Абайдың „кемшілікті“ көруі, жеткізе сынауы бүгінгі оқырманды таң қалдырмауға тиіс. Мәселенің мәні, сол „кемшіліктердің“ тарихи-әлеуметтік сыр-себебін Абай танып білді ме? Білсе, қай деңгейде танып білді. Және ол білгенін қаншалықты ашық айта алды деген ойдың өрісін абайтанудың жаңа кезеңіне көтеретін мезгіл жеткен сияқты.

Сөз жоқ, мұндай методологиялық зерде басшылыққа алынбаса, онда өзінен-өзі Абай болмысындағы ақиқат қасиеттер жаңсақ жорылатын болады. Егер, әлгі „кемшіліктер“ қазақ бойындағы сүйекке сіңген биогенетикалық қасиеті болса, онда қазақ халқының тарих сахнасына ұлт болып шығуы былай тұрсын, оның түпкі тегі алғашқы қауымдық қоғамның „құрсағында“ жатып-ақ тарихтың түсігіне айналар еді.

Кез-келген халықтың тарих сахнасына шығуы — экосистемаға бейімделген біртектес өмір салттың ғана нәтижесі емес, сонымен бірге этникалық арман-аңсардың (идеал) да біртұтастығына айғақ, Олай болса Абай сынының тезіне түскен еріншектік, дарақылық, жалқаулық, күншілдік, өтірікшілік, өсекшілік, мақтаншақтық, жағымпаздық, жікшілдік сияқты сорақылықтар қазақ халқының бойындағы туа біткен биогенетикалық қасиет емес, сол Абай өмір сүрген қоғамдағы саяси-әлеуметтік қатынастардың нәтижесі екеніне ден қою қажет. Сонда, қазақ бойынан Абай көрген „кемшіліктерді“ себеп ретінде емес, сол замандағы саяси-әлеуметтік қатынастардың салдары ретінде қарастыруға жол ашылады. Түптеп келгенде, мұндай методологиялық зерде осы уақытқа дейінгі империялық идеологияның мәжбүрлеуімен айтылып келген жасанды ой-тұжырымдардың құрсауын бұзып, Абай зары мен қасіретінің де ақиқат шындығын тануға дес береді. Ол ғана емес, одан да гөрі мәндісі — Абайдың сыншылдық зердесін парықтау барысында оны өз ұлтына қарсы қойып, ревизияшыл нигилист деңгейіне дейін көтеріп жүрген әсіре мадақтың тамырына балта шабылды да, Абай өз ұлтының мәдени-рухани өресіне айғақ ұлы тұлғалардың бірі ретінде танылады. Яғни, Абайдың ұлылығы неғұрлым өзі өсіп-өнген ортаның,

өзі қалыптасқан қоғамның нәтижесі ретінде танылса, соғұрлым Абайды дүниеге әкелген қазақ ұлтының тарихи аядағы мәдени-рухани өресі асқақтай түседі. Бұл — әйтеуір ұлттың рухы асқақтаса болды деген бопса сөз емес, бұл — Абайдың рухани тегін тектеудің объективті сұранысы. Абай ерекше жаралған қасиеттің иесі ретінде Тәңірдің қалауымен көктен түсе қалған жоқ, ол ең алдымен өзі ғұмыр кешкен тарихи-әлеуметтік және мәдени-рухани ортаның перзенті. Абай өзіне дейінгі сан ғасырлар аясында қаттала шындалған көркемдік-эстетикалық және моральды-этикалық ұлы дәстүрдің тұнығын сіміріп өскен бұла дарын. Абай шөлге біткен шынар емес, рухани қыртысы шүйгін құнарлы топырақтан нәр алған бәйтерек. Сондықтан да, Абай даналығы, ақындығы, ойшылдығы сөз болғанда, оны этностың рухани ахуалынан (духовное состояние этноса) әсте бөліп алып қарастыруға болмайды.

Халықтың мәдени-рухани өміріндегі Абай сияқты біртуар ірі тұлғаларды сол халықтың бүкіл тарихи-әлеуметтік болмысымен шендестіру барысында феномен екенін мойындау және сол мойындағаныңды философиялық таным аспектісінде көрсете білу, түптеп келгенде, тұтас халықтың мәдени-рухани өресі мен ойлау қарымын таныту деген сөз. Жүз жерден мәдениет ауыс-түйістігі болғанымен, мың жерден жаттың ықпалы баурағанымен, төл топырағындағы тағдырлас ұрпақтардың өмір тәжірибесі мен талғам-түйсігінде шындалып орнықпаған ұғым, сүйінтіп-ұйытпаған ой-таным әсте сол халықтың рухани игілігі бола алмайды. Мәдени-рухани қазыналарымыздың ішіндегі Абай қару еткен тіл, сөз өнеріміз мұндай жағдайда, әсіресе шамшыл. Абай туындатқан өлмес мұраның поэтикалық тегеуріні де, сол мұраның тіліндегі мағыналық сонылық та ол өзін қаншалықты деңгейде „жұмбақ адам“ санағанымен, өзінің замандастарына түсініксіз емес еді. „Өлең шіркін, өсекші — жұртқа жар“ — деген сөз ақын мен тыңдаушы арасындағы сезім өресінің ортақтығын аңғартады. Абайдың ой-сезімі ең алдымен өз халқының, өзі ғұмыр кешкен қоғамның мәдени-рухани ахуалына (состояние) айғақ ретінде қабылдануы керек. Абайдың „жаны қор болып“ қиналатыны — айтқан сөзін жұрт түсінбегендіктен емес, оның биік парасатты ой-тұжырымына ерген, соған лайық өмір салт құрған немесе солай етуге мүмкіндік-мүршасы бар ел-жұртының болмауында еді. Одан да нақтылап айтар болсақ, Абай көксеген арман-аңсар сол Абайдың өзі беттесіп отырған отаршыл системаның антиподы болатын Абайдың діңкесін құртып,

дәрменін тауысқан нәубет те сол еді. Бұл — сол кездегі бодандықтың бұғауында булыққан басқа да көптеген елдер сияқты, қазақ халқының да басындағы тарихи трагедия болатын. Егер сол трагедияның қоғамдық өмірде көрініс тапқан мың сан сорақы салдарын „қазақтың сүйегінде бар биогенетикалық қасиет еді“ дейтін болсақ, онда мұнан өткен көрсоқыр санасыздық болмасқа керек. Абайдың Ренессанстық өредегі ұлылығы сол, ол өзі ғұмыр кешкен қоғамдағы қабындап тұрған қақтығыс-қайшылықтарды қаны сорғалаған қалпында шегіне жеткен шыншылдықпен көрсетіп берді.

Ел тарихындағы Ренессанстық құбылыстың екпіні оңайлықпен басыла қоймайды. Мәдени-рухани жаңғырудың екпіні ғасырларға ұласып, тіптен системалар мен идеологиялық ағымдардың өзін көктей өтіп жатады. ХІХ ғасырдағы қазақ Ренессансының әсер-ықпалын біз күні бүгінге дейін рухани өміріміздің барлық саласынан айқын аңғарамыз. Осы ретте мынандай жағдайға айрықша мән беріп тоқтала кетуге болады. Тек қана Құрманғазы мен Абай емес, біз басқа да ұлы тұлғаларымызға ұлттың мәдени-рухани өресінің нәтижесі ретінде қарауға машықтанбай-ақ келеміз. Дәлірек айтсақ, қазақ халқының мәдени-рухани болмысы өзінің философиялық-эстетикалық парқын бажайлайтын зерттеуге зәру-ақ. Тарихтан жақсы білеміз, хат танымайтын Әміре Қашаубаев 1925 жылы Парижде өткен әлемдік этноконцертте екінші орын алып, күміс жұлде иемденді. Арнайы музыкалық білім алмаған Күләш Байсейітова небәрі 24 жасында СССР Халық артисі атағына ие болды. Хат танымайтын Дина Нұрпейіс келіні 1939 жылы 77 жасында халық аспаптарын тартатын өнерпаздардың Москвада өткен Бүкілодақтық байқауында бірінші орынды жеңіп алды. Ал, 1944 жылы 83 жасындағы Дина Орта Азия республикаларының Ташкентте өткен онкүндігінде тағы да жұлде алды. Арнайы музыкалық білім алып үлгермеген Роза Рымбаева 1977 жылы Болгарияда өткен әншілер конкурсында „Алтын Орфей“ бас жұлдесін жеңіп алды. Бар-жоғы Спасскидегі орыс-қазақ мектебінің екі-ақ класын бітірген Ғабиден Мұстафин қазақ әдебиетінің ғана емес, иісі СССР халықтары әдебиетінің қабырғалы қаламгері болды. Шала ғана сауаттары бар Қалибек Қуанышбаев, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Сәбира Майқанова сияқты актерлеріміз қазақ сахна өнерінің классиктері ретінде өзіндік мектептерін қалыптастырып кетті. Осы актерлердің күшімен ірге көтергеніне небәрі он жыл ғана

болған Қазақ театры 1936 жылы Москвада онкүндігін өткізгенде әйгілі Алексей Толстой былай дейді: „Менің көз алдымда әрі театр, әрі театрдан да құдіретті дүние тұрғандай. Көңілімнің көкжиегі кеңейіп барады. Көкірегім сенімге, сезімге, таңданысқа толы. Сирек кездесетін саф өнердің маржаны құшағына алған.

Актерлердің өрнекті қимылын, өрелі лебізін, тіл жетпес сұлу ырғақты мәнерін ғасырлар тұңғиығы қалыптастырған ерлік дерсіз. Табынасың, таңдана­сың. Олардың түсініксіз тілі түсінікті бола бастайды. Мұнда аяулы арудай тартымдылық бар, мұнда жастық жалын мен қылаусыз сенім бар, мұнда Еуропа қалалары әлдеқашан шашып-төгіп жоғалтып алған, жайсаң жаңдарға сағыныш болған сом алтындай жасампаз да жарқын жігерге толы өнер бар. Еріксіз мынаңдай ойға қаласың: егер осынау ұжымдық өнерді батысқа, тіпті болмаса Парижде өтетін бүкіл әлемдік көрмеге апарып көрсетсе — қазақ өнері керней үніндей жар салып, алапатымен арбап алар еді-ау!”

Ойды түйіндеу үшін осы мысалдар жеткілікті. Бұл не ғажап! Егер осынау қайран қалдырарлық рухани құбылыстарды сол жеке адамдардың қарақан бастарының ғана қасиеттері ретінде қабылдасақ, онда объективті шын­дықтың бір ғана қырын танығандық болар еді. Мұндай рухани құбылыстар ең алдымен халықтың мәдени-рухани өресі ретінде қабылдануы керек. Жаңағы мысалдардың бәрі де жеке адамдардың ғана қабілет-қарымының айғағы емес, ең алдымен ұлттың мәдени деңгейін, рухани өресін танытады. Ал, ондай мәдени деңгейдің, рухани өренің тегін тектесең, сөз жоқ, ел өміріндегі Ренессанстық ұлы құбылыстарға барып тірелесің.

VI тарау. БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ

109. ОТАРШЫЛДЫҚ ЭТНОГРАФИЯСЫ. Түркі әлемінің ата жұртында қалыптасқан қазақ халқы, үш ғасыр бойы Ресей империясының жан түршіктірер отар­шылығын бастан кешіп, ХХ ғасырдың соңғы жылдарында ғана азаттық алды. Бүгінгі жер басып жүрген қазақтардың өмірбаяны тек қана отаршылықтан көрген қорлықтан тұрады. Бұл ретте қазақ халқы жаңды куәгер ретінде отаршылықтың не екенін айту арқылы адамзат баласын ең бір қасіретті қателіктен сақтандыра алады.

Соңғы үш ғасырда системалардың алмасуына

қарамастан, мемлекеттік төңкерістердің жүзеге асқанына қарамастан және идеялық-саяси көзқарастардың өзгеруіне қарамастан Ресейде бір ғана жағдай өзгеріссіз қалып отырды. Ол — бодандықтағы бұратана халықтарға деген Ресейдің репрессиялық пиғылы мен әрекеті болатын.

Ресей империясының бодандығында болған 200-ден астам ұлттар мен ұлыстардың бірі ретінде қазақ халқының отаршылық кезінде бастан кешкен қасіретін былайша көктей шолып өтуге болады.

1. Үш мың жыл аясында Еуразияның апайтөс даласында көшпелі өмір салт құрып, ғажайып төлтума мәдениет қалыптастырған қазақ халқы, отаршылық кезінде жойқын рухани экспансияны бастан кешті. Нәтижесінде рухани ассимиляцияға түсіп, төлтума мәдениетін көмескіледі. Ұлттың төлтума (самобытный) мәдениетін жою қай кезде де метрополияның ең негізгі саяси-идеологиялық мақсаты болып отырған. Бұл мақсатты жүзеге асырудың тетіктері Ресей империясында тәжірибеден ғылымға ұласып еді;

2. Алтай таулары мен Тоң (Дон) өзенінің арасындағы Ұлы далада өмір салт қалыптастырып, мемлекет құрып хандық орнатқан қазақ жерінің жартысына жуығы Ресейдің қол астында қалды. Бұл ретте әйгілі Жәнібек ханның шешесі Тұлланың есімімен өз кезінде қазіргі Тула қаласының аталғанын еске алуға болады. Немесе қазақтың Тәңірі тектес ақын-жыраулары бес ғасыр бойы қанатты жырларына қосқан қасиетті Еділ (Волга) өзенінен бүгінгі қазақтардың бір ұрттам су іше алмайтынын мысал етуге болады. Ресей қоластындағы Хажытархан (Астрахань), Сарытау (Саратов), Селебе (Челябииск), Қорған (Курган), Төмен (Тюмень), Баранауыл (Барнаул), Үстікүт (Усть-Кут), Ащылы (Ачинск), Байкөл (Байкал), Енесай (Енисей), Аңғар (Ангара) т. б. сияқты елді мекендер мен жер-су атаулары күні бүгінге дейін таза түркілік-қазақтық мән-мағынасында айтылады.

3. Қазақ халқының мыңдаған жылдар аясында экосистемамен кіндіктес қалыптасқан өмір салты, шаруашылық-мәдени сүлесі 1926—1930 жылдар аралығында шұғыл түрде зорлықпен өзгертілді. Нәтижесінде 1931—1932 жылдары 7 миллион қазақтың 4 миллионы қырылып қалды. 1.5 миллионы шет елдерге қашуға мәжбүр болды. Егер осынау нәубет болмағанда қазақ халқы өзінің табиғи өсімімен XX ғасыр соңында 30 миллион болып отырар еді. Қазір дүние жүзіндегі қазақтардың

саны 10 миллиондай. Демек, Ресей империясы 20 миллиондай қазақтың құныкері болды деп шамалауға негіз бар. Қазақ даласындағы бұл вакуумды негізінен славян жұрты толтырып отырды. Нәтижесінде, қазақ халқы өз отанында саны орыстардан аз болған кезеңді бастан кешті;

4. Қазақ халқының мемлекеттігі зорлықпен құлатылып, хандық өкімет жойылған 1822 жылдан бастап қазақтың ел үшін еңсе көтерген ең дарынды ұл-қыздарының бірде-бір империялық саясаттың жазасынан тыс қалған емес. Олардың басым көпшілігі мемлекеттік төңкерістерге, системалық алмасуларға және идеялық-саяси бағыттың өзгеруіне қарамастан тұрақты түрде аяусыз жойылып отырды;

5. Ресей империясының үздіксіз жүргізген репрессиялық саясатының ауыртпалығынан біртұтас қазақ халқының перзенттері қазір дүние жүзінің 32 мемлекетін паналап, тілі мен ділі әр түрлі мемлекеттер құрамында ғұмыр кешуге мәжбүр болып отыр. XX ғасыр соңында қазақ диаспорасының саны 4 миллионнан астам болды;

6. Табиғат байлығын қорқаулықпен тонаудың салдарынан, экосистемаға бейімделген дәстүрлі шаруашылық жүйесіне ғылыми негізсіз өзгерістер енгізгендіктен және шөлейт аймаққа зорлықпен ығыстырылған қазақтардың ортасына 1949—1989 жылдар аралығында 500-дей атом және сүтегі бомбасын сынағандықтан қазақ даласы экологиялық сүргінге (катаклизм) ұшырады. Мұның өзі ұрпақтың тұқым қорына (генофонд) әсер етіп, ұлтты аздыра бастады. Отаршылдықтың адамдарды рухани тоқыратуы және организмді қолайсыз экологияның зақымдауы қазақ жастарының ішімдікке құмарлығын оятты;

7. Қазақстандағы өнеркәсіптік, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымының 70 проценттен астамы Ресейге кіріптар. Әлеуметтік экономикалық құрылымның бұлай болуын отаршылдықтың табиғаты қажет еткендіктен десе қателік болар еді. Демек, мұның себебін орыс халқының өзінен басқаға сенбейтін биопсихологиялық табиғатына телуге тура келеді;

8. Ресей экспансиясы бел ала бастаған XVII ғасырдан бастап 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына дейінгі аралықта қазақ халқы отаршылдыққа қарсы 300-ге жуық ұлт азаттық көтерілісті бастан кешті. Алайда дүлей күш қазақ халқының азаттықты көксеген рухын ұдайы қанға түншықтырып отырды...

Міне, қазақ халқы қазіргі азаттығына осындай

нәубеттерді бастан өткеру арқылы қол жеткізді. Азаттық жолында халық қансырап бақты, бірақ қаза болған жоқ, есеңгіреп бақты, бірақ есінен адасқан жоқ.

„О, құдіреті күшті Көк Тәңірі, азаттығымызды Ұзағынан сүйіндіре гөр!“ деп тілейді бүгінгі жер басып жүрген қазақтар.

Осынау ұлы тілекті енді таным мен әрекетке ұштастыру керек. Отаршылдықтың тақсіретін тартқан жүздеген ұлттар мен ұлыстар сияқты, қазақ халқы да ең ауыр кезеңді социализм тұсында бастан өткерді. Бұл орайда, адамзат баласының Ұзына тарихындағы ең үлкен, ең ауыр қылмыс ХХ ғасырда КСРО (СССР) деп аталатын ұлы империяның аясында жүзеге асты деп тұжырым жасауға болады. Ол бір ұрпақтың көз алдында өткен екі бірдей дүние жүзілік соғыстың миллиондаған құрбандары да емес. Ол — миллиондаған адамды бас бостандығынан айырған лагерлердің архипелагы да емес. Ол — технократтық жабайылық тудырған экологиялық сүргін де емес. Ол — соғыссыз-ақ, идеологиялық жалдаптықпен 4 миллион қазақты қырып салған геноцидтік саясат та емес. Ол — тұтас ұлттардың қазақ даласына жер аударылуы да емес немесе тың игеру науқанын желеу етіп, 3 миллион славянның Қазақстанға басып кіруі де емес. Ол — керек десеңіз, қырық жыл бойы (1949—1988) қазақ даласында, бейбіт халықтың ортасында сынақ үшін жарылған 500-ге тарта атом бомбасы да емес...

Ол қылмысты былай деп тұжырымдауға болады: адамзат баласының тарихындағы ең үлкен қылмыс — социалистік системаның тоталитарлық өктемдікпен 200-ден астам ұлтты мидай араластырып жіберуі болды. Нәтижесінде жүзге тарта ұлттар мен ұлыстар (народность) мүлде жойылып кетті. Яғни, ғасырлар бойы қалыптасқан жүзге тарта төлтума мәдениет мәңгілік жоқ болып, жұмыр жердің мәдени-рухани болмысы солғын тартты. Мұндай ауқымдағы қасіретті адамзат баласы мұнан бұрын бастан кешкен емес. Осынау жойқын да жосықсыз қасіреттің орынында мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан төлтума мәдениеттерді әбден таптап, өздері химералық күйге жеткен 300 миллион тобыр қалды; басқа ұлт өкілімен некелескен 60 миллион ұлтсыз дүбара қалды, абақтының тұрақты тұрғындарының саны 20 миллион адамға жетті...

Осы орайда, социалистік системаның бір ғана „пайдасын“ айтпай кетуге болмайды. Ол — социалистік системаның тарих сахнасында болуы арқылы адамзат баласы

бұдан былай қандай қателікті қайталамау керек екенін мықтап есінде ұстайтын болды.

Иә, империя құлады. Зұлымдықтың ұзақ өмір сүрмейтінін ақ бас тарих бұл жолы да қапысыз тағылым етті. Өзге ұлттар сияқты қазақ халқы үшін де отаршылдықтан құтылу мейлінше қиын болды. Отаршылдықтың зардабынан арылудың одан да қиын екеніне көз жетіп отыр. Бұл жолда қазақ халқы өз жүрегімен өзі күресуі қажет. Сөйтіп жараланған жанын жазуы керек, тұманданған санасын сейілтуді керек. Отаршылдықтың дерті ұлт бойына батпандап сіңген, енді мысқалдап шығады. Яғни қазақ халқының ең өзекті әрекеттері рухани сауығуға, өз болмысын парықтауға бағытталғаны абзал. Мұны тура мағынасында да, бейнелі мағынасында да „рухани жаңғыру“ немесе „рухани реставрация“ деп атауға болады.

110. ОТАРШЫЛДЫҚТЫ ЖЕР ЖАТСЫНАДЫ.

Қоршаған орта, экосистема, атамекен туралы кез келген байсалды ойдың түйіні өзінен-өзі адам және табиғат, қоғам және табиғат, ұлт және табиғат деп келетін іргелі (фундаментальный) проблемалармен ұштасады.

Дүние жаралғалы табиғат-ана тіршілік атаулыға бейімделіп көрген емес, керісінше тіршілік атаулы табиғатқа бейімделу арқылы ғана ғұмырын ұзартып келеді. Демек, экосистеманың болмысын танып, оның бітім-қасиетімен санаса білген қоғамның болашағы зор. Бұл — бір айтарға қарапайым көрінгенмен, түптеп келгенде, өмірдің өзіндей мейлінше күрделі, мейлінше көп салалы проблема. Сол күрделі де көп салалы проблеманың бір саласы — этнос және экосистема, яғни, ұлт және табиғат туралы таным-түсінік.

Табиғат туралы адам баласы өзінің ұзына тарихында екі түрлі таным-түсінік жетегінде болып келеді. Бірі — қырық миллион жыл бойы тіршілік атаулы өзін табиғаттан бөліп қарамаған таным-түсінік. Бұл таным-түсінік бойынша табиғатта артық ештеңе жоқ, табиғат аясындағының бәрі де үйлесім-үндестікте. Екіншісі — XIX ғасырда Америкада туындай бастаған таным-түсінік. Бұл таным-түсінік бойынша табиғаттың бермесін тартып алып, „пайдасызын“ жойып жіберіп отыру керек (У. О. Дуглас. Трехсотлетняя война. М., 1975, 33-бет). Осынау екі түрлі таным-түсінік күні бүгінге дейін адамзаттың әрекет-тіршілігіне бағдаршы болып келеді.

Табиғаттың бермесін тартып алу, „пайдасызын“ жойып

жіберу, табиғатты қалауына көндіру және сол арқылы тұрғылықты (абориген) халық болмысын өзгерту үрдісі, әдетте, отаршылдықты өмір сүрудің тәсілі еткен халықтардың барша әрекет-болмысынан айқын көрініп келе жатыр. Ресей империясының қол астында өткен үш ғасырлық бодандық қазақ даласын қансырата жаралап кетті. Жер азды, өсімдік селдіреді, жан-жануар сиреді. Байтақ алап-аймақтар шөл-шөлейт қана емес, сейілмес ұға бөгіп, мүлде пайдалануға жарамайтын бетбақ далаға айналды. Нәтижесінде қазақ халқының тарихи-әлеуметтік, мәдени-рухани және биопсихологиялық болмысы табиғи даму үрдісінен жаңылып, ұлт болашағына деген алаңдаушылық сезімін туындатып отыр.

Рас, экологиялық проблемалардың алаңдатуы қазір ғана емес, Табиғат өзінің аясындағы адамдардың мінез-піғылына, әрекет-ыңдынына орай лайықты „сыбаға“ ұсынып отырады. Бұл — табиғаттың бұлжымас заңы, айнымас мінезі. Бұл заңды аттап, бұл мінезге қарсы келгендер тарихтың ұзына бойында талай рет экологиялық сүргінмен (катаклизм) беттескен: Еуразия зілдерін (мамонт) жойып жіберген кромоньон адамдары болатын. Бабылдың (Вавилон) миллион адамдық тұрғыны тым қомағайлық танытып, төңірегіндегі жердің тұзын шығарып жіберген соң, ақырында өздері салтанатты үйлерін тастай қашып, түріле көшуге мәжбүр болды. Пелопоннес төңірегіндегі жасыл желек алап үй ешкілерінің құрбанына айналды, ал Хун-хэ (Сарыөзен) жағасындағы ну орманды отап, егіс алқабына айналдырамыз деген қытайлардың тәтті арманын құм басып қалды (Л. Н. Гумилев. Этногенез и биосфера земли. М., 1979.).

Осы сияқты табиғат танабының тарылуы ақ бас тарихтың айғағы бойынша ұдайы бір мемлекеттің екінші мемлекетке өктемдік жүргізуімен, ұдайы адамдардың көп мөлшерде бір жерден екінші жерге миграция жасауымен қат-қабат келіп отырады. Әдетте, өзге табиғи ортаның адамдары жаңа орта табиғатымен „тіл табыса алмайды“. Өзге өңірден келген адамдардың бойындағы өмір тәжірибесі жаңа орта табиғатының „сұранысына“ сай келмейді. Мәселен, Солтүстік Африкадағы Атлас тауының етегіндегі алқаптарды Рим отаршыларының аяусыз жыртуы арқылы шөлге айландыруы, Сахараның солтүстігін француз жауынгерлері мінген атының жайылымына айналдыру арқылы тоздыруы, Ресей отаршыларының Қазақ даласының қуаң өңірлерін егіс алқабына айналды-

ру арқылы эрозияға ұрындыруы сияқты толып жатқан мысалдар еске түседі...

Кез келген табиғи ортаның өзгеріске ұшырауы ең алдымен жаңа әлеуметтік-этникалық психологияның, дәлірек айтқанда, сырттан келген өктем күштің үстемдік құруымен тікелей байланысты екеніне тарих куә. Кез келген этнос — барша болмысымен (биологиялық, психологиялық, антропологиялық, өмір салттық т. б.) белгілі бір табиғи ортаның нәтижесі. Сол табиғи ортаға екінші бір табиғи бөлек ортаның нәтижесі болып табылатын этнос басып кіреді. Иә, тек қана зорлықпен басып кіреді. Мұндай зорлықтың басты себептері: қомағайлық, жеңіл олжаға қызығушылық, өзгенің есебінен олжалы болу т. б.

Әр текті этностың араласқа түсуі, сөз жоқ, мың сан кереғар таным-түсінікті өзара шарпыстырады. Оның ауырлық-тауқыметін қара халық тартады. Ондай ауыртпашылықтан құтылудың жолы екеу-ақ. Бірі — әрбір этнос өзінің кіндік тартып қалыптасқан атамекеніне қайтуы керек. Жергілікті этнос үшін де, сырттан келген этнос үшін де бірден-бір дұрыс жол осы болғанмен, жүзеге асуы екіталай қиын шаруа. Екіншісі — тығырықтан шығудың басқа жолын іздеу, бұл жолдағы ізденістің кез келгені өзінен-өзі қате жол болып шығады. Себебі барша болмыс-жаратылысы бөтен этностың мүлде басқа ортадан үндестік табуы мүмкін емес. Әйгілі этнолог Дж. Дрэпердің сөзімен айтқанда: „Ұлттың сүлесін әлдекім біржолата белгілеп берген деп ойлаудың мүлде қисыны жоқ, ал, оның қалпының тұрақты болып көрінетін себебі, өзін қоршаған ортаға, өзіне ықпал ететін ортаға әлдеқашан бейімделіп болғандығының нәтижесі. Жағдайды өзгертсең-ақ болды, сол сәттен бастап сүле де өзгере бастайды“. Демек, басқа табиғи ортаға қоныс аударған этнос өзінің табиғи болмысын өзгерту арқылы ғана сол ортаны жерсіне алады. Өйткені табиғат адамға ешқашан бейімделмейді, адам ғана табиғатқа бейімделе алады. Сөйте тұра, ешбір этнос, әсіресе, басқыншы этнос ешуақытта өз еркімен табиғи болмысын өзгертуге көнбейді. Демек, өз атамекенінен басқа табиғи ортаға басып кірген өктем этностың қарсыласы өзінен-өзі сол табиғи орта болып шығады. Бұл орайда, сол табиғи ортаның байырғы тұрғындары табиғаттың бір бөлшегі ретінде өктем этносқа қарсы тұрады. Мұндай текетіресте өктем этнос сол келген ортасына амалсыз бейімделуі керек немесе сол келген ортасын өзінің өмір салтына бейімдеп өзгертуі керек. Бұл орайда,

табиғаттың адам қалауына бейімделмейтінін ескерсек, сыртқы басқыншы күштің табиғи ортаны өз қалауы бойынша өзгертуі деген сөз өзінен-өзі сол табиғи ортаны жоюы болып шығады. Мұндайда, табиғаттың төл перзенті ретінде сол жердің байырғы тұрғындары да не бірге жойылады немесе өктем этностың мәжбүрлеуіне орай өз болмысын өзгертеді. Жойылу процесі бірнеше үлгіде өтеді: тікелей қан төгіп, қарсыласу арқылы жойылу; тарихи бітім-болмысы бөлек шаруашылық-мәдени сүлесіне зорлықпен көну арқылы жойылу; жат идеалға мойын ұсыну арқылы бірте-бірте ассимиляцияға түсу, т. б. Жойылудың бірте-бірте ассимиляцияға түсу үлгісі үшінші-төртінші ұрпақ үшін мейлінше қасіретті болады. Себебі, бірінші-екінші ұрпақ болашақта не боларын білмейді. Білген күнде өзгеріс енгізуге дәрменсіз, өктемдік жүргізуші дүлей күшті сілкіп тастай алмайды. Сонсоң амал жоқ, өз бойындағы өткен өмірден қалған, өткен өмір қалыптастырған идеалдың жұқанасын алданыш етеді. Ал, үшінші-төртінші ұрпақ болса, олардың өткені — жұмбақ, болашағы — үмітсіз халде күй кешеді. Міне, қасіреттің көкесі осы.

Қасірет шеккен этноспен бірге табиғат та солып, күйрейді. Себебі кез келген этнос белгілі бір экосистеманың, яғни геобиоценоздың нәтижесі. Бұл заңдылық өктем этносқа да барқадар таптырмайды. Себебі, өктем этностың өз қалауынша, өз көңілінің ұнатуынша өзгертемін, „жаңғыртып-жасартамын“ дегені — шын мәнінде күйрету болып шығады. Бұл — өктем ұлттың ілгері басқан қадамының кейін кетуі деген сөз. Мұнан әрі өктем этнос өзі басып кірген табиғи ортадағы бұрыннан қалыптасқан таным-түсінікпен, парасат нормаларымен беттесіп, оларды жатсына бастайды. Этносаралық қырбайлық-қақтығыстар осы кезде басталады. Ең сұмдығы, мұндай шақта өктем ұлт үшін тыйым, ұят-аят, кісілік, қасиет-кие деген ұғымдардың құны болмайды. Олар әкесін атып, шешесін аттап жүре береді.

Қашанда зорлық атаулы өзіне қарсыластар қалыптастыратын болғандықтан, жергілікті зәбір көруші этнос та қарсыласу барысында, өктем этностың ең жаман қасиеттерін игеріп алады. Кейде жамандықты асырып та жібереді. Осынау этникалық идеялар шарпысқан алашабыр ортада рухани мәдениет тұрақсыз, құбылғыш қалып танытады. Мұндай ортада жабыны — тұлпар, жапалақты — сұңқар деп бағалай салу бек мүмкін. Себебі мұндай тобырлар психикасы этникалық дәстүрден нәр алмайды,

қара басының аңсарымен шектеліп, таза экзистенция жетегінде болады. Мұндай адамдарды субъективті сенім иектеп даңкеуде, өзіншіл, дүбара, бетбақ-демагог қалыптағұмыр кешеді. Яғни, этностар қойыртпағы — химералық этносты қалыптастырады да, идеялық жалаңаштыққа алып келеді. Ол да ештеңе емес, ұлттардың қойыртпағы бара-бара антисистемаға ұласады. Оның да өз көсемі, өз шешені, өз білгіші болады. Бұлардың бәрінде бір ғана сенім — өмірді тәрік етушілік сенімі болады. Себебі олар жан жұбанышын табиғи ортадан таппайды, тек қана өз жүрегінің эгоистік қалауынан табады...

Міне, этнос пен экосистемаға қатысты осынау күрделі процестер әдетте бір адам ғұмырымен шектелетін уақыт аясында аңғарыла бермейді. Этнос пен экосистема арасындағы өзара байланыс нәтижесі ғасырлар аясында белгі береді. Жеке адамға қарағанда этностың „ғұмыры“ әлдеқайда ұзақ. Бірақ саналы адам этностың бір мүшесі ретінде өзінің бүгінін ғана емес, этностың алыс болашағы туралы да ойланып отыруға міндетті.

Адам баласы жерден бауыр көтергелі ұдайы этникалық аралас-құраластықты бастан кешіп келеді. Соның бәрінде де табиғат ұдайы этностарды сұрыптап, адамдарды барша болмысымен ұдайы дегеніне көндіріп, ұдайы өз заңдылықтары бойынша қалыптастыруда

Түптеп келгенде, ұлт тағдырына қатысты ең өзекті мәселелердің оң шешімі табиғаттың айнымас заңдылықтарын қапысыз қаперде ұстау арқылы шешілуге тиіс.

111. БАҚЫТТЫ БОЛАШАҚ ҮШІН. Соңғы бірер ғасырдың аясында Еуразиядағы тарихи жағыдай біртұтас қазақ халқын ірі-ірі бірнеше бөлікке бөліп, әр түрлі мемлекеттердің құрамында өмір сүруге мәжбүр етіп отыр. Олар: Қазақстан, Қытай, Монголия, Ресей, Өзбекстан және Еуропа елдеріндегі қазақтар. Бұл елдердегі өмір салт пен мәдени-рухани үрдістің әр тектілігі қазақтарды бір-бірінен күн өткен сайын алшақтатып, бір-бірінен күн өткен сайын жат етіп барады.

Осы орайда жер бетіндегі қазақтарды ұлт ретінде сақтап қалатын және дербес ел болуын орнықтыра түсетін бір ғана кепілдік бар. Ол — дүние жүзі қазақтарының ата мекені Қазақстанға бас қосуы.

Рас, бұл қазіргі жағдайда бірден шешіле қоятын шаруа емес. Алайда, Қазақстан үкіметінің де, қазақ диаспорасы-

ның да әрі тактикалық, әрі стратегиялық негізгі мақсаты бас біріктіру болу керек.

Бас біріктірудің қолдан келген, мүмкін болған жағдайын Қазақстан үкіметі жасап жатыр. Осы орайда шет елдердегі қазақтардың міндетсуінен гөрі көмектесуі, алдамшы дәулетті қызықтаудан гөрі бас қосу жолындағы іскер белсенділігі қажет. Ол үшін елге оралғысы келген шет ел қазақтары жеке-жеке жол іздемей, жұдырықтай жұмылып ақылы мен дәулетін бір арнаға тоғыстырып, халық, аралық және мемлекетаралық адам хұқымен санаса отырып, тегеурінді қимыл көрсетуі қажет-ақ. Бұлай болмаса арты өкінішке айналады, бүгінгі тырбанып жүрген дәулеті ертең жатқа бұйырады, бүгінгі үміт артқан ұрпағы ертең жат болады.

Қазақ халқының бас қосуы үшін қазір ең бір қолайлы сәт. Себебі, қазақтардың бір-бірінен ажырағанына көп болған жоқ. Ұрпақ жадында тарихи-мәдени тұтастығының ізі суый қойған жоқ. Дәл қазір бас қосуға қызу кіріспесе, келесі ұрпақтардың бас қосу ынтасы бәсеңдей береді. Бұл да тарихта әлденеше рет дәлелденген ақиқат.

Әр мемлекеттің құрамында өмір салты мен дүние танымын қалыптастырған қазақ диаспорасы Қазақстанның қазіргі болмысын, белгілі дәрежеде жатсынуы заңды. Бұл орайда, Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени даму болашағының айқын мақсаты саралануы керек. Өкінішке орай, әрірше барлық сала бойынша шет елдік атаулыға жалаң еліктеп, жалаң таңырқаудан әріге бара алмаушылық айқын байқалады. Мұның сыртында, шет елдік алпауыттар Қазақстанның нарықтық қатынастарға деген ынтасын пайдаланып, қазірдің өзінде мәдени-рухани, моральдық-этикалық және діни-идеологиялық экспансия жасай бастағаны аңғарылып отыр. Кез келген ұлттың, кез келген қоғамның тарихи-әлеуметтік дамуында айнымас заңдылық болады. Ол — сол ұлттың, сол қоғамның нақтылы тарихи-әлеуметтік, мәдени-рухани болмысымен санаса отырып жол табу заңдылығы. Мүлде өмір салты бөлек, экосистемасы басқа, талғам-танымы мен салт-дәстүрі бөтен елдің болмысына жалаң еліктеу кез келген ұлтты қасіретке ұрындырады. Басқасы басқа-ау, зорлықпен таңылған социалистік өмір салттың қазақ халқын қандай қасіретке ұрындырғанын естен шығаруға болмайды. Сондықтан бар болғаны геосаяси ортаны ғана жасай алған Ресейдің де, ұлтсыз экономикалық тұтастықтағы Американың да, әрбір субъектінің қарақан басын ғана

күйттеуге алып келетін Еуропа елдерінің де, орта ғасырлық діни мистиканы мәдени-рухани болмысына негіз еткен Араб елдерінің де даму үрдісі қазақ халқының азаттық жолындағы дамуына шікірә бола алмайды. Кез келген ел өзінің тарихи тағдырына орай қалыптасқан, өзіне ғана тән құндылықтар жүйесіне негізделген өмір сүру стилін қалыптастырса ғана бақытты бола алады. Мұның жарқын үлгісін Жапон елі көрсете алып отыр.

Осы орайда, кейбір саясаткерлердің мәдениет пен өркениетті шатастырып алатынын, ұлттық пен адамзаттықтың ара жігін ажырата бермейтінін, ұлттық төлтумалықты белгілейтін экономикалық үрдіс пен ұлт таңдамайтын технократтық прогрестің арасында елеулі айырмашылықтың болатынын елей қоймайтынын айрықша атап өткен жөн. Түптеп келгенде, қазақ халқының болашағы қоғам дамуының осынау іргелі жағдайларын терең бажайлап, дұрыс жол табуына тікелей байланысты. Әзірше бұл орайда білікті де тегеурінді тұжырымдаманың төбесі көрінбей отыр. Қазақ диаспорасының Қазақстанға шоғырлануы және олардың сәтті жерсініп кетуі осы мәселелердің дұрыс шешімін табуына тікелей байланысты.

Қазір қазақ диаспорасының арасында ауыл шаруашылығы мен өндірістің, ғылым мен техниканың, мәдениет пен өнердің алуан саласы бойынша бүгінгі талғам-талапқа сай мамандар қалыптасқан. Қазақстан мұндай мүмкіндікке тарихи игілік ретінде қарап, елді гүлденіп-көркейтетін бір сәтті қисын ретінде мән беруі керек.

Республикада салынатын үйлерден белгілі мөлшерде шет елдерден көшіп келетін қазақтар үшін мекен-жай бөлініп отыруы қажет. Шет елдегі қазақ мамандарының қабілет-білігін кәдеге жаратудың бір тетігі осы.

Ал, ауыл шаруашылығын кәсіп еткен қазақтарға мүмкіндігінше оңаша бөлімшелер, шаруашылықтар құрып берудің ерекше мәні бар. Біріншіден, шет елдегі қазақтар тез жерсініп кетуіне жақсы. Екіншіден, дәстүрлі мәдени болмыстың қайта түлеуіне мұндай ортаның игі ықпал ететіні сөзсіз. Онсыз да жалтақтап келген ағайынды шашыратып жіберсек, олар Қазақстандағы әлі де болса колониялық системаның зардабы сейілмеген қалыбынан қиындық көруі мүмкін.

Шет елдегі қазақтар, әсіресе Қытай мен Монғолиядағы қазақтар соңғы бірер ғасыр аясында айтарлықтай материалдық және рухани мәдениет жасап

үлгерді. Елдің тарихи-әлеуметтік шежіресі болып табылатын газет-журналдар толассыз шығып тұрады. Өнердің әр саласы бойынша көркем мұралар дүниеге келді. Әсіресе, дәстүрлі қол өнері тоқтаусыз дамып, алуан түрлі төлтума мүліктер жасалды. Мұның бәрін қазақ халқының ұлттық игілігі деп қарап, сабақты жібіне дейін сыртта қалдырмаудың мәні зор. Қазақ тарихы мен мәдениетінің қыруар мұралары Москва, Санкт-Петербург, Қазан, Уфа, Орынбор, Омбы, Ташкент, Үрімші, Өлгий сияқты қалаларда қалып бара жатыр. Басқасын былай қойғанда шекара сыртында сүйегі қалып бара жатқан Әл-Фараби, Төле би, Қасым хан, Қазтуған жырау, Құрманғазы, Сырым, Мұстафа Шоқай, Ғұбайдұлла Жәңгір, Әсет ақын, Әлия Молдағұлқызы, Қожеке, күйші, Бейсембі күйші, Әлшекей күйші, Дәуітбай күйші, Оспан батыр сияқты толып жатқан әйгілі тұлғаларымызды еліне алып келіп, қайта жерлеу мәселесі ұлы көштің алдында жасалатын киелі шараларымыз болуға тиісті.

Шекара сыртында қалып бара жатқан ұлттық игіліктер санатына қазақтың төрт түлік малы да жатады. Себебі, қазақы малдың тұқымы көшпелі қазақтардың ғасырлар бойғы селекциялық тәжірибесі мен даналығының нәтижесі. Қазақтың қуаң даласында ғасырлар сынынан өткен осынау түліктердің тұқымы ғана бұл даладағы нағыз берекенің көзі бола алады. Қазақстанның қазіргі түліктері шегіне жете азғындап бітті. Мұның өзі елдің экономикасына ғана елеулі зардабын тигізіп отырған жоқ, сонымен бірге сол малдың сүмесін азық еткен адамдардың денсаулығына да кері әсер етіп отыр.

Сондықтан Қытай мен Монголиядағы қазақтардың меншік малының Қазақстанға жетуі және жеткен малға болашақ мал тұқымын жаңғыртудың негізі ретінде қарау мәселесі мемлекеттік істердің бірі болуға тиіс.

Көшпелі өмір салт қазақ халқының өзгеден ерекше артықшылығы да немесе кемшілігі де емес. Көшпелілік қазақ халқын қалыптастырған экосистеманың қажеттілігі. Ал, зорлап отырықшы ету, біртұтас елді жіліктеп әкімшілік бөлікке бөлу, сөйтіп, елді сатылы бағыныштылық шеңберінде бұғаулап ұстау тоталитарлы-отарлық система үшін мейлінше тиімді болғаны белгілі. Осынау зорлықпен жүзеге асқан саяси-экономикалық құрылым ең алдымен мал шаруашылығына, сол арқылы қазақ халқына жойдасыз зардап шектірді. Әлі де азапты өмірден көз аштырмай келеді.

Сондықтан елдің тұрмысын түзеп, биологиялық саулығын сақтау үшін мал шаруашылығын көшпелі өмір ырғағына қайта бейімдеу керек. Отар-отар қойға, үйір-үйір жылқыға, табын-табын сиырға, келе-келе түйеге қысы-жазы бір қыстаудың төңірегін шыйырлату ұлт тағдыры мен ұлт экономикасы үшін қастандықпен тең. Бұл әсте ескі өмір салтты көксеу емес. Бұл экосистеманың қажеттілігі және аз шығын жұмсау арқылы мол өнім алудың бірден-бір кепілі... Байтақ даланың мүмкіндігін ұрымтал пайдаланып, жыл құсымен бірге өз аяғымен мәңгілік көктемді қуалаған төрт түлік малдың соңына ілесіп жүріп қана өнімін жинап алу тегін игілік. Бұған қазіргі техникалық-коммуникациялық мүмкіндік демеу болғанда, көшпелі өмірдің қаншалықты жеңілдікке түсетіні айтпаса да түсінікті. Содан да болар дүние жүзінде малдан ең жоғары өнім алатын Австралия, Моңғолия, Швеция малшылары күні бүгінге дейін көшпелі өмір салтты қолайлы көреді.

Демек, Қытай мен Моңғолиядан келген малшы ағайындарға мүмкіндік беріп, жағдай жасаса, мал шаруашылығы саласындағы көшпелі өмір салтты қалпына келтіруде үлкен біліктілік таныта алар еді.

Көшпелі мал шаруашылығы тек қана экономикалық-биологиялық жаңғыра түлеуге кепіл болып қоймайды, ең бастысы ұлттық болмыстың, дәстүрлі мәдениеттің берік негізі де болар еді.

Қазір еліміздің дәулеті республикамызды торлаған банктер мен корпорациялардың иелігіне көшуде. Бұл орындардың тізгінін жергілікті ұлт өкілдерінен гөрі басқа ұлт өкілдерінің көбірек ұстауы қазақ халқын қатты алаңдатып отыр. Мұның өзі қазіргідей өтпелі кезеңде қорruptionланған мафияға ұласуы оп-оңай. Бетін аулақ етсін, ондай жағдайға тап болса, қазақ халқының ендігі ғұмыры құлдыққа шіріп, рухани азғындап, бірер ұрпақ алмасқанда құрып бітпей ме? Бұл, бал ашып білген сәуегейлік емес, ақ бас тарихтың ауыз күйдірген ащы тәжірибесінен белгілі гәп. Өзге ұлт өкілдерінің финанс олигархиясын орнатуы Қазақстан сияқты ұлттық республикаға қазылған көрмен тең.

Міне, осындай жағдайда шет елдердегі банк ұстаушы, шаруашылық жүргізуші ағайындардың күш біріктіріп, Қазақстан үкіметімен тікелей байланысқа шығуы ауадай қажет. Тағы да тарихқа жүгінуге тура келеді, екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі кезеңде Түркияны теспей сорған жөйттердің финанс олигархиясын ығыстыруда түріктердің

шағын кәсіпкерлерінің жұмыла қимылдауы негізгі күш болған.

Ең соңында, қазақ халқы ел болып ес жинап, жұрт болып бас біріктіру үшін, айтылған проблемалардың баршасын реттеп отыратын Орталық болуы керек. Оны комимет деп атай ма, қоғам деп атай ма, мәселе онда емес... Қалайда Қазақстан үкіметінің елді көгертіп-көктету жолындағы арқа сүйер мекемелерінің бірі болғаны жөн.

Қазақ халқының болашағына қатысты бірінші кезекте мән беретін міндет ұлттың басын біріктіру. Бұл мәселе ойдағыдай шешімін таппаса, қазақ халқының бақытты болашағына қатысты еткен еңбек пен төккен тердің бәрі зая. Себебі, ұлттың эпицентрі болып табылатын Қазақстандағы этно-әлеуметтік, этно-демографиялық және этно-саяси жағдайдың күрделенгені сонша, қазақ халқы қазіргі қалпында өз жерінде еш уақытта этно-доминант бола алмайды. Қазір Қазақстандағы қазақтар ғана емес, Ресейдегі, Өзбекстандағы, Қытайдағы, Монғолиядағы және Түркиядағы қазақтар да дербес ұлт болуға қажет алғышарттардың бәрінде де (тілі, дәстүрі, саяси-әлеуметтік еркі, жері, өнері, оқуы т. б.) рецессивті қасиетімен танылып отыр. Яғни, төлғума қасиеті бар дербес ұлт болып қалатын мүмкіндік жоқ деген сөз. Демек, жеке-жеке жұтылудан аман қалудың жалғыз жолы — бас біріктіру. Мұның инициаторы алдымен Қазақстан және оның үкіметі болуы керек.

Қазақ халқының халық ретінде жұмыла кірісетін, қажет болса, жанған отқа түсіп, жанын құрбан етер ең ұлы ісі ұлттың тұтастығын сақтау болуға тиіс. Ұлттың басы бірікпесе, болашақ ұрпақтың ұзаққа созылған азапты өмірі ақыр аяғында жұтылып, құрумен тынады.

Қазақ халқының бас біріктіруі — ұлт тағдырының стратегиялық мүддесі. Мұндай тарихи істі бүгінгі ұрпақ қана жүзеге асыра алады. Ал, игілігін болашақ ұрпақ көреді. Бүгінгі күннің түйінді проблемаларын мың жерден сәтті шешкенмен, ұлттың басы қосылмаса қайырлы нәтиже болмайды. Дәл қазір ұлттық консолидацияға тарихи қолайлы кезең. Егер дәл қазір қазақтар бас қосып, өз жерінде бел алып, ұлттық дербестігін халықаралық аяда орнықтырып үлгермесе, күні ертең-ақ сыртқы өктем күштің күрзисі тек қана Қазақстанның үстіне үйірілетін болады.

Ұлттың тұтастануы сөз болғанда территориялық талап-

тілектер қоюдың қажеті жоқ. Қазіргі қолда бар ата мекенге бас біріктіру негізгі мұрат болу керек.

112. ЕЛДІҢ МӘЙЕГІ — АУЫЛ. Тарихи тағдырдың жазуымен халқымыз қоғамдық жүйелер алмасу кезеңін бастан кешуде. Бұл — сыны көп, жауапкершілігі жойдасыз өлара шақ. Қазіргі қадамымыз қандай болса, халқымыздың болашақ тағдыры да сондай болмақ. Мұндайда біздің қай-қайсымызды да бүгінгі күннің өтпелі проблемаларынан да бұрын алдағы алыс болашақты көздеген әрекеттірлігіміздің дұрыс-бұрыстығы көбірек алаңдатуы әбден түсінікті болса керек.

Қазіргі бастан кешіп отырған әлеуметтік сілкіністердің өзіндік заңдылығы бар. Алайда, біз осынау системалық өзгерісті халқымыздың төлтума болмысымен үйлестіре алып отырмыз ба? Дәлірек айтсақ, жер бетіндегі әр бір этнос сияқты, қазақ халқын да халық ретінде қалыптастырған экосистемамен бүгінгі таңдағы әлеуметтік-экономикалық бағдарымыз жан-жақты жарасым таба ала ма? Одан да нақтылай түссек, нарықтық экономикаға ұлттық мүддені жығып беріп отырған жоқпыз ба? Ұлттық мүддені көздей отырып, нарықтық экономиканы төл топырағымыздың талабына орай жерсіндіруіміз мүмкін бе? Ұлттық қадір-қасиетіміздің ұйытқысы ауыл екені — ойлай білетіндердің бәріне аян, олай болса, бүгінгі нарықтық экономикаға бет бұрған әрекетіміз ауыл шаруашылығының табиғи ортамен кіндіктес тағдырын ескере алып отыр ма? Жоқ әлде, тарихи-табиғи қалпымызды қаперге ілместен, нарықтық экономикаға сырттай еліктеу үстіндеміз бе?

Сөз жоқ, мұндай сұрақтар төңірегіндегі ойдың жосығы өзінен-өзі адам және табиғат, қоғам және табиғат, ұлт және табиғат деп келетін іргелі проблемалармен беттестіреді.

Дүние жаралғалы табиғат-ана тіршілік атаулыға бейімделіп көрген емес. Керісінше, тіршілік атаулы табиғатқа бейімделу арқылы ғана ғұмырын ұзартып келеді. Бұл — аксиома. Яғни, кез келген мемлекет гүлденіп-көркею үшін өзінің маңдайына біткен экосистемасымен мықтап санасуы керек. ХІХ ғасырда Америкада туындай бастаған табиғаттың бермесін тартып алып, „пайдасызын“ жойып жіберіп отыру керек дейтін таным-түсінікті болашақтан үміті бар мемлекеттердің бәрі де тәрк етуде. Яғни, шын мәніндегі базистік болмысқа тұғыр болатын нарықтық экономика ең алдымен этнос және экосистема деген мәселені қаперде ұстауы қажет. Өкініштісі сол,

мәселенің бұл қыры біздің әлеуметтік-экономикалық ұмтылыстарымызда қанағаттанарлық деңгейде басшылыққа алынбай отыр. Бізде, әсіресе, ауыл шаруашылығына қатысты, соның ішінде мал шаруашылығына қатысты нарықтық экономкаға бет бұрған саясатымыз табиғи қоршаған ортаның болмыс бітімімен санаса алмай, халық тағдырын қатал табиғаттың тәлкегіне тастаған сияқты.

Қазақ даласы, негізінен, аридті аймаққа жататыны белгілі. Жазы ыстық, қысы суық, жері қуаң. Осынау далада соңғы үш мың жылда, XX ғасырға тұяқ іліктіргенге дейін бір ғана шаруашылық-мәдени сүлесі (типі) үстемдік құрды. Ол — көшпелі мал шаруашылығы. Қатал табиғат аясында малдың тісіне еріп күн көрген ата-бабамыз тек қана қауымдасу арқылы берекелі тірлік құрып келді. Бұл артықшылығы да немесе кемшілігі де емес, экосистемамен санасқан қажеттілік болатын. „Ауыл болсаң, қауым бол“, „Көппен көрген ұлы той“, „Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді“ деп келетін ой-тұжырымдар өмір сүрудің формуласы сияқты. Түптеп келгенде, бұл даладағы рулық жүйенің өзінде де этникалық сипатан гөрі, әлеуметтік қажеттілік басым еді. Өйткені, қатал табиғат аясында қолдаса қауымдасып күн көрмесе, берекелі тірлік құру мүмкін болмайтын. Мұны жақсы түсінген ата-бабамыз, Л. Н. Гумилевтің сөзімен айтқанда, мал шаруашылығын әрі қарай шыңдауға болмайтын биікке көтеріп еді. Тек қана шаруашылығын шыңдап қоймай, сол экосистемамен үндес салт-дәстүрін қалыптастырып, ұлттық менталитетін орнықтырып, мәдени рухани әлемін де шыңдай білген. Егер, қазір біздің бойымызда іліп алар қазақтық қадір-қасиет бар болса, оның негізі сөз жоқ, сол қауымдасқан өмір салт аясында қалыптасқан құндылықтар...

Қазір де сол дала... Қазір де сол табиғат... Бірақ, сол дала мен табиғаттың аясында қауымдасып қана береке табуға болатын айнымас заңдылықтың шырқы бұзыла бастағанын шырқырап тұрып айтпасқа болмайтын сияқты. Қазіргі ауыл тұрғындары „балапан басына, тұрымтай тұсына“ дегендей, әлеуметтік ауыртпалықпен жеке-жеке беттесуде. Нарықтық экономиканы экосистемаға бейімдеп, халықты ұжымдасқан еңбекке жұмылдыра алмай отырмыз. Бірлі-жарым атқа мінген қолы ұзындар жекешелендіру науқаны басталғанда тегін дәулетті қамтып қалды да, өздерінше шаруашылығын жүргізіп кеткен сияқты болып көрінуде. Ал халықтың басым бөлігі оншақты тұяқ малының сүмесін талғажау етіп күн көруде.

Қазақ халқын ұжымдасып күн көру мүмкіндігінен кеңестік жүйе де айырган жоқ еді. Түптеп келгенде, ұжымдық шаруашылық дегеніміз экосистеманың талабына сай болатын. Халықтың рулық құрылымы аздап бұзылғанымен, колхоздастыру барысында ұжымдық-қауымдық қалыбы сақталып қалды...Нәтижесінде, халық дәулетін жаппай тәркілеген (конфискациялаған) солақай саясаттың салдарынан болған ашаршылық қырғынынан кейін де ел еңсесін тез түзеп ала қойып еді.

Алпысыншы жылдардан бастап кеңестік шаруашылық жүйесі бел ала бастады. Сол кезден бастап халық төрт түлік малдың өнімін өздері ұқсатуды саябырсытып, еңбекақыға (ақшаға) иек сүйеп алды. Сөйтіп, тоқсаныншы жылдардың бас кезіне қарай сиырда неше емшек болатынын білмейтін ұрпақ қалыптасып үлгерді.

Енді бүгін, нарықтық экономикаға бет бұрудың жөні осы екен деп, ауыл шаруашылығының ұжымдық негізін бұзған кезде, төрт түлік малды сатуды ғана білетін тобыр қаптап шыға келді. „Ауруын жасырған өледі“ дейді халық даналығы. Ауыл шаруашылығында нарықтық экономиканы экосистемамен шеңдестіріп жүргізе алмағандығымыздан небір ұядай қыстаулар қаңырап бос қалды. Елді мекендердегі өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдардың бәрі жаппай күйреді. Бұрынғы мал шаруашылығымен айналысатындар жұмысы бар жерлерден де бұрын, мектебі мен емханасы бар орталықтарға қарай лықсып көшуде. Сөйтіп, қазақ ұлтының мәйегі болып келген ауылдардың шырқы бұзылуда.

Сөз жоқ, бұл сияқты экономикалық ахуалдың салдары таяу болашақта-ақ қазақ халқының ұлттық болмысына кері әсерін тигізеді.

Нарықтық жағдайда дүниеге келген ұрпақтың алды қазір алтыға толды. Қазақтың басым көпшілігі ауылдық жерде тұрады. Демек, ауыл тұрғындарын ұлттық қадірқасиетінен айырмай, жаңа заман көшіне ілестіре білу мемлекеттік жауапкершілікке қоса, мемлекеттік іскерлікті де талап етеді. Өкініштісі, ауыл тұрғындары қазір тұлдыр жетімнің күнін көруде. Құдайға дауысы жетпейді, үкіметке сөзі өтпейді.

Мұндайда „не істеу керек?“ дейтін сұрақ туады.

Қалай болғанда да, нарықтық әрекетке икемі жоқ, дәстүрді шаруашылықты жүргізіп кетуге мүмкіндігі жоқ халыққа „қайтер екен“ дегендей сыңаймен қарап отыруға болмайды. Әр ауданнан ресми топ құрып, халықты 15—20 шаңырақтан болса да топтастырып, әрекет-тірліктерін

белгілеп, міндетті түрде бастауыш мектептерін ашып, мемлекет тарапынан босатылып жатқан қаржының дұрыс бөлінуін қадағалап т. б. шұғыл түрде қамқорлық көрсетілуі керек.

Осындайда еске түседі, П. А. Столыпиннің аграрлық реформасы ғасыр басында тұралған Ресей империясын дүр сілкіндіріп, орыс деревнясының әлеуметтік өмірін жаңғыртуға мұрындық болып еді. Шаруаларға жер еншілетіп, хуторларды қалыптастырғаны белгілі. Сол хуторлар күні бүгінге дейін орыс болмысының өзегі болып келеді.

113. БОЛАШАҚ БҮГІННЕН БАСТАЛАДЫ. Болашақтағы қазақтың қандай болуы бүгінгі жер басып жүрген қазақтарға байланысты!

Әрине, болашақ туралы қиялға ерік беруге де, қиялды әр түрлі қисындармен әдіптеуге де болады. Бірақ оның бірде-бірі болашақ өмірдің қандай болатынына кепіл бола алмайды. Алдағы өмірдің қандай болуы бүгінгі жер басып жүрген адамдардың әрекет-талабына тікелей байланысты десе, бұл — біршама шындыққа табан тірегендік болып шығады. Бұл орайда, жеке адамдардың талпыныстарынан бастап, мемлекеттік деңгейдегі қимыл-әрекеттің баршасы, түптеп келгенде, болашақтың алғышарттары болмақ. Ал, үш ғасырға созылған репрессияшыл-отаршыл системадан кейін қол жеткен азаттық кезең қазақ халқының бүгінгі ғана емес, болашақ тағдыр-талайы үшін де тарихи сын кезеңі. Қазақ халқы ұлт болып тарих сахнасына шыққалы қандай бір қан-қасап қиындықты бастан кешсе де, ұлттың болашақ тағдырына қатысты дәл қазіргідей тарихи жауапкершілігі мол заманмен беттесіп көрген емес. Мұндай сын сағатта этникалық сергектік, этностың белсенділігі шешуші рөл атқаратыны аян. Өкінішке орай, үш ғасырға созылған репрессияшыл-отарлық система қазақ халқының этникалық болмысын мейлінше „жансыздандырып“ кетті. Бұл — көз көріп, көңіл тіксініп отырған ащы шындық. Мұндайда, қоғамдық психологиялық қалыптасқан үрдістің (тенденция) уақыт пен кеңістік аясындағы екпіні басылғанша халықтың тағдыр-тізгіні басшы қызметтегілердің қолында қала береді. Ұзақ уақытқа созылған репрессияшыл-отарлық система барысында басшы қызметкерлердің тек қана жоғарыдан берілер бұйрықты мүлтіксіз орындайтын психологиясы қалыптасқан. Нәтижесінде ел тағдырының тізгінін ұстағандардың болмысында

жаңғыртушылық қасиеттен гөрі орындаушылық қасиет басым, жасампаздықтан гөрі жалтақтық қасиет мол болуы заңды. Қоғам өміріндегі саяси сауатсыздықтың, экономикалық орашолақтықтың, ситуациялық пысықайлықтың, протекцияшыл алаяқтықтың, трайболистік надандықтың, ең соңында әрбір пенде бойында қара басын ғана күйттеген хаюандық түйсіктің бел алуы, түптеп келгенде, жаңағы айтқан жаңғыртқыш-жасампаз психологияның жалпы этникалық сапаға айнала алмауынан болады.

Қазақ халқы осынау тарихи „дерттен“ қаншалықты арылып, жасампаздық жолына түсе алса, сонашлықты деңгейде ғана болашағы қалыптасады.

Бүгінгі таңда кез келген ұлттың, кез келген мемлекеттің тағдыры жалпы адамзаттық даму үрдістерімен тікелей байланысты. Ал, жалпы адамзаттық даму үрдісіне қатысты бір ақиқаттың басы ашық. Ол — ХХІ ғасырда халықаралық өзекті істер негізінен ұлттық мемлекеттер мүддесінен туындайтын болады. Ұлттық мемлекеттер шыңдалуының орта ғасырдан басталған үрдісі ХХ ғасырдың соңында өзінің апогейіне жетті. Яғни, жалпы адамзаттық дамудың технократтық, экономикалық және мәдени-рухани ілкімді кірігулері (интеграция) ұлттық төлтумалыққа қауып төндіріп, ұлттық мемлекеттердің қорғаныс сезім-әрекетін оята бастады. Бұл орайда, Францияның тілге қатысты, Жапонияның оқу жүйесіне қатысты, Германияның этникалық тұтастануға қатысты, Англияның салт-дәстүр тазалығына қатысты, Қытайдың экономиканы экоэтникалық ерекшелікке бейімдеуіне қатысты мемлекеттік деңгейде жүргізген шараларына ден қоюға болады. Демек, алдағы даму үрдісінде елдердің, халықтардың, мемлекеттердің ерекшелігін саяси немесе экономикалық система белгілемейді, ең алдымен сол елдің мәдени-өркеніетті төлтумалығы белгілейді. Өмір ағымында кедейдің бай болуы, байдың кедей болуы, коммунисттің демократ болуы, шовинисттің интернационалист болуы бек мүмкін. Бірақ еш уақытта қазақ орыс болмайды, ағылшын қытай болмайды, со сияқты армянның әзірбайжан болуы да мүмкін емес. Әрбір басы жұмыр пенде ата-анасының ғана перзенті емес, сонымен бірге этностың да бір мүшесі. Осы орайда, француздардың солтүстік африкалықтарды ұнатпауында, немістердің түріктерді ұнатпауында, американдықтардың қытайларды ұнатпауында, сондай-ақ Еуразия халықтарының орыстарды ұнатпауында

ең алдымен этникалық қорғаныс түйсігі себепші екенін атап өткен жөн.


Адамзаттық дамудағы мұндай үрдіс этномәдени тектестік принциптері бойынша өзінен өзі магаэтникалық тұтастануды дүниеге әкеледі. Оның нышаны қазірдің өзінде айқын. Мәселен, Батыс Еуропа, Латын Америкасы, Араб елдері, Малайзия елдері, Түркі әлемі сияқты магаэтникалық тұтастану нышаны өмір шындығына айналып отыр.

Осы орайда, қазақ сияқты жаңадан азаттық алған елдің саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани, діни-сенімдік бағдарын саралап алудың стратегиялық мәні бар. Әзірше, қазақ халқының бұл өрістегі бағыт-бағдары батыстық (еуропалық) өркениетке көбірек бет бұруда. Рас, батыстық өркениеттің әсерін әлемнің барлық елдерінен көруге болады. Соған қарап батыстық өркениетті әмбебап (универсальный) деп ойлайтын үшқары талғам бар. Алайда батыстық өркениеттің әлемге жайылған әсерін асылдың үстіне тұрған тозаңмен теңеуге болар еді. Шын мәнінде, батыстық өркениет ту еткен либералшылдық, конституцияшылдық, адам хұқы, демократия, нарық бостандығы, дін мен мемлекеттің дербестенуі, жеке адамның өз басын ғана күйттеуі дегендерді, түптеп келгенде, тәңірілік, исламдық, конфуциялық, синтосистік, буддалық тәрбие алған орта түсіне бермейді. Себебі, батыстық өркениет өмір салтқа айналған сайын адамдар азаттықтан гөрі кіріптарлықты, еркіндіктен гөрі бағыныштылықты көбірек бастан кешеді. Солай болып та отыр. Батыстың өмір салты заңмен (мәжбүрлеумен) реттелсе, Шығыстың өмір салты салт-дәстүрімен реттеледі, Мұның өзі экономикалық гүлденіп-көркею мен технократтық өктемдіктің мәдени-рухани айғақ бола алмайтынын аңғартады. Содан да болар, көз жетер жердегі тарих тағылымында Батыс кеуде керген сайын Шығыс тіксіне түседі. Социологиялық зерттеу барысында әлем халықтарының 100 қасиеті салғастырылған. Солардың ішінде Батыс елдері үшін ең қымбат деген қасиеттер әлемнің өзге бөлігіндегі елдер талғамында ең төменгі статусқа ие болыпты. Мысалдың айтарынан аңғартары мол.

Осынау шулы дүние (шулықан дүние дей жаздадық) ағымында қазақ халқы жел соққан құрақтай жапырыла бермей, алдағы ғұмырда өзіндік даралығын сақтап қаларлық бағдарды бүгін белгілеуі тарихи қажеттілік. Бұл орайда өзінің болашағына жауапкершілікпен қарай алатын

кез келген этнос ең алдымен саяси идеологиялық және мәдени-рухани тетіктерге айырықша мән берулері керек. Отаршылдық кезінде әлеуметтік жағынан туралаған елді шет елдің саяси-идеологиялық, мәдени-рухани экспансиясы бар-жоғы төрт-бес жыл есеңгірете „бомбыласа“ болды, оңдай нәубетке тап болған халық өзінің этникалық даралығын мүлде жоғалтып, тексіз тобырға айналады. Ұлттық сапасын жоғалтып, этникалық даралығынан айырылған елдің бақытты болашағы үшін күресу дегеніміз, өзінен өзі көлеңкемен күрескендей, елекке су құйғандай тірлік болып шығады. Демек, мемлекеттік деңгейдегі әрекет-талпыныстардың кез келгені ең алдымен елдіктің, халықтықтың, ұлттықтың сойылын соғып отыруы керек. Қандай саяси-әлеуметтік сатыда болса да әрбір халық өзінің төлтума даралығын сақтай білсе, этникалық субъект ретінде жалпы адамзаттық санатта бола алады. Ал, әлеуметтік жағдайын мың жерден көркейткенімен өзінің төлтума даралығын сақтай алмаса, оңдай халық ұлт санатында жоқ тобырлардың геосаяси бірлестігі болып есептеледі. Бұл ақиқат жалпы этникалық сананың күмәнсіз сеніміне айналуы қажет.

Осы жолда тұтас этностың да және оның әрбір мүшесінің де көрегендігі, іскерлігі, табандылығы ұлт мүддесіне қызмет ететін тетіктерді тап баса білу қабілеті қандай болса, болашақтағы қасиет-болмысы да сондай болады.



МАЗМҰНЫ

Сонарлау 3

ҰЗАҚ СОНАР

I. тарау. Өткеннің бәрі — өмірбаян

| | |
|----------------------------|----|
| 1. Тарихқа көзқарас | 6 |
| 2. Шолу | 14 |
| 3. Сақ дәулеті | 26 |
| 4. Ғұн ұлысы | 26 |
| 5. Түркі қағанаты | 27 |
| 6. Ұйғыр қағанаты | 28 |
| 7. Хазар қағанаты | 28 |
| 8. Ауар қағанаты | 29 |
| 9. Бұлғар қағанаты | 30 |
| 10. Қарахан қағанаты | 30 |
| 11. Ғазнауи сұлтандығы | 31 |
| 12. Салжұқ сұлтандығы | 31 |
| 13. Хорезмшахтар мемлекеті | 32 |
| 14. Керей-найман одағы | 33 |
| 15. Моғол әулеті | 39 |
| 16. Алтын Орда | 41 |
| 17. Ұлы Темір ұлысы | 42 |
| 18. Қазақ хандығы | 44 |

II. тарау. Көшпелілер әлемі

| | |
|------------------------------|----|
| 19. Терминдерді саралау | 63 |
| 20. Этнос | 63 |
| 21. Мәдениет | 64 |
| 22. Фольклор | 70 |
| 23. Этнография | 73 |
| 24. Ең биік баспалдақ | 77 |
| 25. Мысал үшін | 81 |
| 26. Үш жүздік құрылым | 84 |
| 27. Далалық ауызша тарихнама | 94 |

ҚАН СОНАР

III. тарау. Ұлы дала

| | |
|------------------|-----|
| 28. Далалық өңір | 110 |
| 29. Жердің тілі | 116 |
| 30. Сарыарқа | 120 |

| | |
|--|-----|
| 31. Ұлытау | 123 |
| 32. Жауыртау... жоқ, Теміртау | 132 |
| 33. Қызылкеніш сарайы: ақиқат пен аңыз | 135 |
| 34. Тізе бүккен | 146 |
| 35. Шажағай | 147 |
| 36. Нұрлы Нұра | 148 |
| 37. Бетбақдала | 156 |
| 38. Спелеология — үңгіртану | 160 |
| 39. Қыдыра қарағанда | 164 |
| 40. Тесіктас | 170 |
| 41. Шатыр | 172 |
| 42. Алып үңгірлер | 172 |
| 43. Жасанды үңгірлер | 174 |
| 44. Шежіре табиғат | 175 |

IV. тарау. Халықнама

| | |
|--------------------------------------|-----|
| 45. Сабақтастық | 178 |
| 46. Бөлінбеген енші | 181 |
| 47. Сыбаға | 182 |
| 48. Құрғақ сүт | 185 |
| 49. Қызыл ірімшік | 186 |
| 50. Тасқорық | 188 |
| 51. Уызқағанақ | 189 |
| 52. Шашу | 189 |
| 53. Ерулік | 191 |
| 54. Шашыратқы | 191 |
| 55. Асар | 192 |
| 56. Сірге жияр | 192 |
| 57. Серне | 192 |
| 58. Ұйқыашар | 193 |
| 59. Тоқымқағар | 193 |
| 60. Бастаңғы | 193 |
| 61. Табиғатпен тілдес | 194 |
| 62. Уақыт пен кеңістік | 195 |
| 63. Он екі айдың отаны | 202 |
| 64. Уақыт межесі | 206 |
| 65. Мақал-мәтелдер | 209 |
| 66. Дәстүрлі астрономиялық атаулар | 214 |
| 67. Геродот естіген жұмбақ | 216 |
| 68. Қарға — тәңірдің елшісі | 218 |
| 69. Ұлыстың ұлы күні | 225 |
| 70. Ауа райы туралы халық болжамдары | 237 |
| 71. Тыйым-табу | 241 |
| 72. Ел аузынан | 250 |
| 73. Қазақтың дәстүрлі тиымдары | 251 |
| 74. Ырым | 264 |
| 75. Мал қайтсе көбейеді | 265 |
| 76. Диқан ата болжамы | 266 |

| | |
|--------------------------------|-----|
| 77. Ел қайда көшеді | 266 |
| 78. Ұлы сөзде ұяттық жоқ | 267 |
| 79. Қазақтың дәстүрлі ырымдары | 271 |
| 80. Кәсіп | 275 |
| 81. Шеберлік | 276 |
| 82. Итсигектің уы | 278 |
| 83. Ер-тұрман | 281 |
| 84. Келі мен келсап | 283 |
| 85. Бұлқыншақ | 285 |
| 86. Малма | 286 |
| 87. Тарамыс | 287 |
| 88. Талқы | 287 |
| 89. Тулақ | 288 |
| 90. Тұяқ тақа | 289 |
| 91. Шарық | 289 |
| 92. Көзілдірік | 290 |
| 93. Қой жүні | 291 |
| 94. Ен-таңба | 293 |
| 95. Жылқы күзеу | 293 |
| 96. Сәйгүлік | 294 |
| 97. Саят | 302 |

КЕЛТЕ СОНАР

V. тарау. Сұлулық туралы сыр

| | |
|--------------------------|-----|
| 98. Даналық өрнегі | 315 |
| 99. Кіші әлем | 330 |
| 100. Ахмет Иасауи кешені | 342 |
| 101. Алаша хан мазары | 345 |
| 102. Жошы хан мазары | 358 |
| 103. Домбауыл дыңы | 373 |
| 104. Әншілік дәстүр | 375 |
| 105. Кенен әндері | 403 |
| 106. Абай әндері | 414 |
| 107. Мұхит әндері | 423 |
| 108. Қазақ ренессансы | 428 |

VI. тарау. Болашақ бүгіннен басталады.

| | |
|----------------------------------|-----|
| 109. Отаршылдық этнографиясы | 438 |
| 110. Отаршылдықты жер жатсынады | 442 |
| 111. Бақытты болашақ үшін | 446 |
| 112. Елдің мәйегі ауыл | 452 |
| 113. Болашақ бүгіннен басталады. | 455 |

УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ
СЕИДИМБЕК АКСЕЛЕУ
МИР КАЗАХОВ

На казахском языке

Редакторлары **М. Әкімханов, М. Кенжебай**
Суретшісі **Б. Машрапов**
Көркемдеуші редакторы **А. Тәменов**
Техникалық редакторлары **Ф. Овчинникова, Ф. Илизова**

ИБ № 333

Теруге 29.01.97 жіберілді. Басуға 17.11.97 қол қойылды. Пішім 84×108¹/₃₂. Кәріп түрі „Балтика“. Жоғары басылыс. Баспаханалық № 1 қағаз. Шартты баспа табағы 24,36. Есептік баспа табағы 26,08. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 250. Бағасы келісімді.

«Санат» Мемлекеттік баспасы, 480012, Алматы қаласы, А. Байтұрсынұлы көшесі 65 „а“

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің республикалық «Кітап» өндірістік бірлестігі, 480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

1997 жылы мемлекеттік „Санат“ баспасынан мынадай кітаптар жарық көрді:

1. М. Әуезов. АБАЙТАНУ ДӘРІСТЕРІНІҢ ДЕРЕК КӨЗДЕРІ. Кітапта абайтанудың негізін салу жолындағы Әуезовтің мол мұрасы оқырман қауымға жүйеленіп берілген.

Кітап студенттерге, әдебиетшілерге көпшілік оқырман қауымға арналған. Қазақ тілінде. Көлемі 24 б. т.

2. М. Әуезов. ӘДЕБИЕТ ТУРАЛЫ. О ЛИТЕРАТУРЕ. Қазақ және орыс тілдерінде.

Бұл оқу құралында заманымыздың заңғар қаламгері М. Әуезовтің әдебиет мәселелері туралы әр жылдары қазақ тілінде жазған әдеби сын және ғылыми еңбектері орыс, қазақ тілдерінде жинақталып берілген. Көлемі 20 б. т.

3. М. Әуезов. АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ ОЙЛЫ ЖАСҚА. Жазушыны абайтану саласындағы ғұмыр бойғы ізденістерінен туған Абай өмірбаянының төрт түрлі нұсқасы осы еңбекте жүйеленіп ұсынылған.

Кітап студенттер мен оқытушыларға, мұғалімдерге, көпшілік оқырман қауымға арналған. Көлемі 25 б. т.

4. „Санат“ баспасынан биыл жоғарыда аталған кітаптармен бірге көрнекті ғалым, филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы ҒА корреспондент-мүшесі Р. Нұрғалидың „Әуезов және алаш“ аталатын кітабы де жарық көрді. Бұл кітапта Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Ж. Шанин сынды қазақ зиялыларының қоғамдық қызметі мен қаламгерлігі, сондай-ақ қазақ әдебиетін азаттық, егемендік биігінен танып білудің соны бағыттары баяндалған.

Оқу құралы студенттерге, ұстаздарға, жалпы оқырман қауымға арналған. Көлемі 24 б. т.

5. М. Жолдасбеков. „ЕЛ ТАҒДЫРЫ — ЕР ТАҒДЫРЫ“.

Мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы Мырзатай Жолдасбековтың бұл кітабына Иран Ислам Республикасында алғаш Төтенше және Өкілетті елші болып қызмет атқарған жылдарда еліміздің сыртқы саясатынан мол мағлұмат беретін, парсы халқының тарихы, мәдениеті, дәстүрінен танымдық деректерге қанықтыратын ой-толғаныстары әртүрлі жоғары деңгейдегі жиындар мен мәжілістерде сөйлеген сөздері топтастырылған.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған. Көлемі 40 б. т.

* * *

„Санат“ мемлекеттік баспасы

Республикадағы жоғары және орта арнаулы оқу орындары үшін қазақша, орысша, сондай-ақ әлем халықтарының тілдерінде оқулықтар, оқу құралдарын, әдістемелік, анықтамалық және танымдық әдебиеттер шығарады.

Баспа құрылған жылдан бері 300-ден астам кітап басып шығарды. „Санат“ баспасы жанынан „Оқулық“ кітап дүкені жұмыс істейді.

Мекен-жайымыз, Алматы қаласы, 480012, А. Байтұрсынұлы көшесі, 65 „А“. (Қабанбай батыр көшесімен қиылысы).

Телефондарымыз: 67-64-96, 67-20-27.